



ШЕРИАЗДАҢ ЕЛЕУКЕНОВ
МАҒЖАН





ШЕРИАЗДАН ЕЛЕУКЕНОВ

МАҒЖАН

Өмірі мен шығармагерлігі



Алматы, «САНАТ», 1995

ББК 83.3Қаз я73
Е 45

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Елеуенов Ш.

Е 45 Мағжан (Өмірі мен шығармагерлігі). Оқу құралы.— Алматы, «Санат», 1995.— 384 бет.
ISBN 5-7090-0250—X

Филология ғылымының докторы, профессор Шериаздан Елеуенов бұл кітабында қазақтың аса көрнекті ұлттық ақыны Мағжан Жұмабаевтың суреткерлік, азаматтық, қайраткерлік келбетін, парасатты рухани бейнесін, сұлу жан дүниесін, аяулы тағдырын қалың оқырман қауымға танытуды мақсат еткен. Автор Мағжан өмірі мен шығармагерлік жолын терең зерттеп, көпшілік назарынан әлі де қалтарыстау жатқан жәдігерлік деректерді молынан пайдаланған. Бірінші бөлімде ақынның өмірбаяны, тіршілігіндегі қайғылы көріністер сөз болса, екінші бөлімде Мағжан туындылары жанр ерекшеліктеріне қарай баяндалған.

Кітап жоғары оқу орны студенттері үшін оқу құралы ретінде ұсынылады. Сондай-ақ кітаптың сөз өнерін бүгінгі заман кезімен зерттеп жүрген ғалымдар, жалпы әдебиет сүйер әлеумет үшін де пайдасы үлкен.

Е 4603010000—021
416(05)—95

ББК 83. 3Қаз я73

ISBN 5—7090—0250—

© Елеуенов Шериаздан, 1995

БІРІНШІ БӨЛІМ

**ӨМІР
ӨТКЕЛДЕРІ**

АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИКТЕГЕН СЕҢГІР

(Алғы сөз орнына)

Әдебиетіміздің үлкен тұлғасы, Абай шыңына ықтаса орналасқан сеңгірі, сыршыл өлең сөздің бәйге бермес шабандозы Мағжан Жұмабаев ұзақ жылдардан соң алды кең, тынысы еркін, адамгершілігі мол бетбұрыс заманының есігін айқара ашып, ортамызға қайта оралды.

Өзін қатты сағынған елі аяулы перзентін жатырқамай қарсы алды. Қазақ әдебиетінің боз үйіне ол сәлем беріп кіріп келгенде, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай, шексіз қуанышқа баттық. Сонда мардымсып жүрген әлдебіреулердің селк ете түскендері, қызарып-бозарғандары да болды. Солардың сойылын соғып, жыртысын жыртып жүрген жандайшап: «Байқас бол, ұлтшылдығын ұмытпа!» деп сұқ саусағын шошайтып, сақтандырғысы келді. Бірақ одан ештеңе өнген жоқ. Мағжанға ығысып, төргі орындардың бірін босатуға тура келді. Өйткені Мағжанмен бірге поэзиямыздың тұтас бір өлкесі көшіп келген жоқ па?

Мағжан Абайға арнаған бір өлеңінде ұлы ақын туралы: «Сендей жанды» дүние қолын жайып енді күтпес» деп жазған. Өйткені бір сөзі «мың жыл жүрсе дәмі кетпес» ақын кемде-кем. Мағжан Жұмабаев туралы Абай жөнінде айтылған осы пікірді жаңғыртса, артық емес.

Алдыңғы толқын Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сықылды Мағжанға да жағылмаған қара май, шашылмаған лас сөз қалған жоқ. Ол талай әділетсіз сындарды естіді. Соның бәрі оның елім, жұртым деген ақық жүрегіне, халқының жігер-қайратын шыңдаймын, ішін жаңалаймын деп арпалысқан арманына шіркеу бола алмайды.

Оның бергенінен берері әлі көп еді. Мәуе төккен же-

міс ағашын жайқалып тұрған шағында үсік шалды. Ақын дер шағының шабытты кезеңін айдауда, қуғын-сүргінде өткізді. Ақыры қаза тапты. Туған әдебиеті бақшасын баптасуға мүмкіндігін сарқа алмай арманда кетті. Оған енді амал бар ма? Осы күйінде де алтын қазынамызбен жылап көріскендейміз. Мағжанның ұста дүкенінде өшпес жиһаз жасалды. Ол әдебиетіміздің көркіне көрік қосып, молайтқан эстетикалық дәулетіміз, рухани байлығымыз. Алыстаған сайын биіктеген сеңгірімізге бұл күндері мақтана, сүйіне, сүйсіне қараймыз.

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Кен дала, көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан.

Мағжан. «Айға».

1893 жылы, қазақша жылан жылы, маусым кіріп, табиғат шіркін шырайына еніп, қыздай құлпырған бір күні Арғынның Атығай деген танабынан тарайтын Өтеміс руының әлуетті кісісі Жұмабай қажы шекпенін желбегей жамылып, сыртқа шықты. Сонау Сібірден құлайтын ит тұмсығы өтпес қалың орман бұл өңірде жүре жайылған қотан-қотан, топ-топ, үйір-үйір малдай ыдырай береді. Сондай бір аққайынды қотанға артқа тірей қоныстанған ауыл әлі шырт ұйқыда. Тек бір ғана үй ояу. Есігінен анда-санда жаулықтары ағарандап, әйелдер абыр-сабыр кіріп-шығып жүр. Бұл — қажының ортаншы баласы Бекеннің үйі. Пайғамбар жасынан асып, алпыстың бесеуін еңсерген қарт жүзінде бірденеге алаңдау бар. Әлсін-әлі отау жаққа көз қиығын тастап қояды. Гүлсім келіні кеше кешқұрымнан толғақ үстінде-тін. Босанар мезгілі жеткен сияқты еді. Осы бір ой ма-надан түртпектеп, мазасыздандырып көмейге тақайды да, бері шықпайды. Қарт көмейіндегіні енді шығармаққа ниеттеніп, ыңырана беріп еді, сол сәтте жаңағы айттайын дегенін баса-көктеп «бәсе!» деген сөздің лезде лып етіп аузынан қалай шыққанын өзі де аңғармай қалды. Отаудан шар еткен дауыс естілді. Артынан інгәға басты. Ингәлаған дауыс қоюлау. «Ер бала! Шүкір, тәубе!». Бекеннен көрген бұл төртінші немересі. Қарт ернін

жыбырлатып, бетін сипады. Жылан жылғы маусымның жиырма бесінші жұлдызын жадында сақтау үшін ішінен үш рет қайталады. Ауыл молдасы азан шақырып, жаңа туған нәрестеге Әбілмағжан деп ат қойды.

Жұмабай әулеті ол кезде ата қонысы Сасықкөлде отырған. Ырымшыл қазақ кейде тіл-көзден аулақ болсын деп, қимас қымбатына қалай болса солай ат қоя салады. Әйтпесе бұл көл — мап-майда мөлдір сулы, мал-жанға жәйлі, жаз шыға айналасына ақбоз үйлер қаздай тізіліп қонатын ырысты айдын. Мағжан туғанда бұл аймақ Ақмола губерниясы, Қызылжар уезі, Сарыайғыр болысы аталатын. Содан Бейнетқор ауданына айналды. Қазір — Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Мағжан совхозы. Ақын ауылы әлі «Молодежный» атын өзгерткен жоқ. Қызылжардан жүз елу шақырым жерде.

Мағжанның арғы аталары Шонай, Өтеген, Өтеміс болып келеді. Одан әрі Атығай, Арғын. Осы тектерінен азды-көпті мәлімет қалғаны Шонай. Шонай — жуастығымен, аңғалдығымен ел ішінде мәтелге айналып кеткен кісі. Қашанда Шоқат деген еті тірі ағасына иек сүйейді екен. Құрбы-құрдастары қағытпаға салатын әдетімен:

— Ау, Шонай, сен қашан қатын алмақсың?— десе.

— Ә! Шоқат ағам әкеп береді ғой...— деп ағынан жарылады екен жарықтық.

Сондай әкеден Жұмабай (1827—1899) өзгеше туады. Ат жалын тартып міне саудаға араласып, байи бастайды.

Жұмабайдың Бекеннен өзге Баймағамбет (Батай), Нұрмағамбет (Телпекбай) деген ұлдары болған. Баймағамбет ағып тұрған өлеңші екен. Өмірден ерте аттаныпты. Қалыңдығы Тайғұл дегеннің қызы екен. Сол қалыңдығын төркінінен әкеле жатқан жолда қатты сырқаттанып, үйіне жете төсек тартады. Содан тұрмай, екі ай шамасында жан тапсырады. Өлерін сезіп, әйеліне жоқтауын өзі жазып қалдырыпты.

Бекен де қара жаяу емес, жастығын серілікпен өткізген. Бозбала шағында шаруаға мойын бұрмай, ойынсауық қызықты көп қуды. Жанынан өлең шығарды. Тостағандай көзінен от шашыраған қапсағай денелі, қошқар тұмсық Бекенмен кей той-томалақта жүрегі дауалап айтысқа түсуге жан табылмай қалып жүрген. Жұмабайдай әкесі еті тірлігінің арқасында иелікке тиген шағын шаруасын шалқытып жіберсе, бай атанса, сол дәулеттің арқасында қажыға барып қайтса, Бекен

де өжет, өте пысық еді. Ол әке ізімен сауда жасайтын. Қоянды базарына жиі қатынайтын. Сол ұзын жолда ыңылдап өлең шығарады екен.

Калыбек алабөтен үш камыс көл,
Жолында Қояндының көп көрдім шөл.
Ат айдап, арба майлап жатқанымда,
Елдегі ойлай ма екен қыз бұраң бел?

Бекен ата дәулетін асырды. Отыздың бел ортасында елге билік айтуға қолы жетті, болыстыққа сайланды. Бақыт құсы ғайыптан қона қалған жоқ. Бекеннің күш алғандығы сондай, болыстықты Қызылжар миллионері Қуанышевпен тай-таласта жеңіп шықты.

Мағжан анасы Гүлсім — Қызылжарда тұратын керей Әшірбек¹ деген саудагердің қызы. Мағжан бойындағы серілік, ақындық қасиеттер әкеден болса, жүрегінің жұмсақтығы, нәзіктігі, жолдас, достыққа қалтқысыздығы, жұртқа қайырымдылығы осы шешесінен деседі. Бекен бертінде Гүлсімнің үстіне Қалима деген тоқал алған. Қалимаға қыз кезінде Бекен ғашық болған екен. Басқа біреуге айттырылып, қосыла алмаған. Осыған қатты қайғырған Бекен алғашқы махаббатын ұмыта алмаса керек. Күндердің күні Қалиманың (Есімі Бәтiш те болуы мүмкін. Мұны анықтай түсу керек.— Ш, Е.) күйеуі өледі. Мұны естіген Бекен ғашығының жасамыстығына қарамай, үйіне алып келеді. Онысымен қоймай: «Бұл менің қымбатты адамым!» деп отырады екен. Оған келіндері кейде күліп, кейде атасын сөгіп ренжісе, Гүлсім кәдуілгідей ара түсетін. «Қарияға ұнаса қайтесiңдер, тиіспендер!» деп өтінетін.

Бекен Гүлсімнен жеті ұл, екі қыз көрген. Олар — Аба-мүсілім (Әпшаға), Күлэндәм, Қаһарман, Мағжан (Әбілмағжан, Жәжекем), Мұхаметжан (Әтәтә), Сәлімжан (Сәлтәй), Күлбәрәм, Қалижан және кенжелері Сабыржан. Балаларының бәріне хат танытқан, оқытқан.

Сәлтәй, Мұхаметжандар өлең сөзге таласы болмаса да, реті келгенде кәдуілгі ақындарша тіл безеуге шебер болған. 1930 жылы Сәлтәй Бутырка түрмесінде жатқан Мағжаннан хат алып, Мәскеуге аттанады. Қасына Зылиха жеңгесін ертеді. Бұлар алдымен осы қалада тұратын Әлихан Бөкейхановтың үйін тауып алады. Қуғын-

¹ Әшірбектің ағасы Құрманбайдан Мағжанның болашақ әйелі Зылиха туады.

сүргінді көп көріп, сақтыққа үйренген Әлекең гүрілдеген жуан дауысымен Сәлтәйге:

— Сен шынайы Қызылжардан келсең, бір бәйіт айтып бер,— дейді. Сонда Сәлтәй мүдірмей табанда мына өленді айтыпты:

Айдалада өскен сіз бір бәйтерек,
Қоныпты бұтағыңа бір көбелек.
Қонғанда бұтағыңа сынып кетсең,
Бәйтерек болғандығың кімге керек?!

Көзінен жас ыршып кеткен Әлекең құшағын жая беріпті.

Мұхаметжан айтыпты дейтін шумақтар да ұрпақтарының есінде. Сәуле, Зәуреш деген қыздар жақын ағайын саналатын Мұхаметжанның үйінде тұрып, оқу оқып жүреді. Жастың аты — жас. Қыздар қыдырмаға салына бастайды. Осыған тосқауыл жасағысы келді ме, қыздар үйде жоқта дәптерлерінің сыртына мынадай жазу қалдырыпты:

Зәуреш пенен Сәуле,
Емес өмір бос әуре.
Байқасандар, балалар,
Бәрінен оқу — әулие.

Оқуды бәрінен әулие санайтын қандай әдемі, өнегелі ұя еді осы әулет. Не керек, ұйтқыған дауыл астан-кестенін шығарды. Бір Мағжан ғана емес, Аба-мүсілім, Мұхаметжан, Қаһарман, Сәлтәй тозақ отына түсті. Момын, балажан, ер балалардың насыбайын жиі сұрап, жиі «әтпішу!» деп түшкіретіні үшін «Әпшаға» атанған Аба-мүсілім Ежов зынданынан қайтып шықпады. Хабар-шарсыз кетті. Бойы екі метр бес сантиметр алып, Қаһарман десе Қаһарман, қашып жүрген жерінен қапыда ұсталып, атылды. Бұл — 1937 жылдың тамыз айында болған сұмдық оқиға. Осы айдың ішінде ұсталып, сотталып та үлгірген. Атылар алдында баласы Ғадылшамен жолығуға бес минут рұқсат алады. Сонда жылап тұрған баласына айтқаны: «Жәжекемнің туысысың» дейді. «Басқа айыбым жоқ» деген. Аз уақыт өткен соң қайыра барған Ғадылшаға түрме жендеттері: «Әкең жер аударылды» дейді. Адресін сұраған балаға: «Адресін бере алмаймыз. Өйткені сот үкімі бойынша хат жазу, хат алу құқынан он жылға айырылған» дейді. Он жыл да өтеді. «Әкем тірі» деп көңіліне медет тұтып

жүретін Ғадылша кешегі Ұлы Отан соғысынан қан кешіп оралады. Сонда да әкеден еш белгі жоқ. Кейін КГБ архивіне рұқсат алғанда білді: Қаһарман, бейшара әкесі, сол 1937 жылдың тамыз айында атып өлтіріліпті.

Балаларға «тәй-тәйді» көп айтуды жақсы көретіні үшін «Әтәтә» атанған Мұхаметжан және циркте ойнап, балуандық өнер көрсеткен күш иесі Сәлтәй сталиндік лагерьден еліне құр сұлделері қалғанда, Хрущевтің «жылымық» заманында ерең оралады.

Басынан бағы тайған Бекен «алашорданың әкесі» деп кәмпескеленеді. Малын түгел сыпырып алады. Басқа мүлкінен жұрдай етіледі. Енді не істеуге керек? Бекен қашуға ұйғарады. Жан-жаққа бас сауғалайды. Мұхаметжан іргедегі Омбыға қашады. Орыс ішіне сіңіп кетуді ойлайды.

Сәлтәй әкесін алып Қырғызстанға тартады. «Тартады» деу оңай. Бір түн ішінде қашқан оларда қандай жан болды дейсің. Әйтеуір өлместің қаразы. Көк жағалы ұзын етек милиционер көрсе, мүнкір-нәңкірден жаман қорқады. Өлдім-талдым дегенде, ол кезде Фрунзе аталатын Пішпекке жетеді. Құдай оңғарғанда, Бекеннің екі бірдей баласы — Қалижан мен Сабыржан сол Фрунзе қаласында оқуда болатын. Кейін Қалижан ревизорлық қызметте істейді. Мансап жағынан өз мамандығы бойынша әжептәуір көтерілгені — Сабыржан. Ол Қырғыз республикасының жылқы шаруашылығы жөніндегі бас зоотехнигі қызметіне дейін жоғарылады. Оқудағы балаларын көріп, мауқын басқан Бекен ақсақал біраздан соң бөтен елді жерсінбеді. Әрі ауырып қалады. 1932 ашаршылық жылы үлкен бейнетпен еліне келеді. Алып қайтқан Тоқабай деген жамағайыны. Қарт аш елдің ішімен жүрем деп әбден титықтайды. Қызылжарда Аба-мүсілімнің баласы Махмұт темір жолда жұмыс істейтін. Әйелі Фәридә — ет комбинатында жұмысшы. Осы кісілердің қолында Бекен ақсақал сол 1932 жылы азғантай ауырып, бұл дүниемен қоштасады. Үрім-жұрағатының тоз-тозы шыққан Гүлсім соғыс жылдары дүние салады (1944).

Туған шешесі Гүлсімді Мағжан «Анама», «Ана» деген өлеңдерінде сипаттайды. Ренжу, кеюді білмейтін, бар сөзі «Жан балам!» дейтін сөзден ғана тұратын нұрлы жан. Сол үшін ақын перзентінің «Жаным анам — жібек тілді ақ көңіл» деген жыр айнасына түскен.

Мағжан бала кезінде ұшып-қонып бір жерде отыра

алмайтын тас қайнаттың нағыз өзі болған. Қасында отыратын кісі табылмай қалса, шешесі кереуеттің аяғына байлап кетеді екен. Естияр шағында күрт өзгереді. Ойға батып, тұнжырап жүретінді шығарады. Шелек әкел деп үлкендердің бірі жұмсаса, елек әкеледі екен. Айтылған сөзге көңіл бөлмейді. Балалармен ойнап кетуді ерте қойған. Жеке тұрып қалады. Сол үшін апасы Күләндәм Мағжанды «Марғау» атандырып жіберіпті. Күләндәмнің қызы Күлзипа қазір Қызылжарда тұрады. Жасы сексенде. Бұл әңгіме сол кісінің аузынан шыққан.

Ал Сасықкөлде Мағжан өзгеріп сала берді. Мөлдіріне ұзақ қарап, көл жағасындағы ақ маржан тастарды уыстап алып, иіскеп, көзін жұмып, рақаттанып тұрғаны. (Бұл әдетін үлкейген шағында да қоймаған). Табиғаттың өз тілі бар дегенге сенетін. Соны білуді, үйренуді армандады. Қаршадайынан әдетте үлкендерге тән мінез ерте бітті, білімге, оқуға құмарлығы оянды. Оның молда алдын көруі Лев Толстой әңгімесіндегі жасы жетпесе де, оқуға ынталылығы, зеректігі арқасында мектепте ағаларымен оқуды бірге оқыған кішкентай Филиппокты еске түсіреді.

Алтыға қарай бастаған Мағжан ауылдың дүмше молдасы Кәрімнің сабағына бас сұғып жүреді екен. Кәрім қағазға үлкен етіп араб әрпін түсіріп, оны айырық жасаған таяқ басына қыстырып, балаларды содан оқытып үйретеді екен. Бір күні қызық оқиға болады. Молда бір араб әрпінің сөз аяғында қалай жазылатынын көрсет десе, шәкірт бала мадқапыда жауабын шатастырып алыпты. Сонда кішкентай Мағжан «Мен айтайын ба?» деп молдадан рұқсат сұрайды. Осы мұрынбоқ не біледі дейсің дегендей, селкос: «айтып көр!»— дейді. Жауабын мүдірмей дұрыс берген Мағжанға қайран қалған молда бұл оқиғаны атасы Жұмабайға жеткізеді. Сонда Жұмекен: «Осы немерем менің атымды дүниеге әйгілі ете ме деп дәметем. Оқыт. Оқысын» деп батасын беріпті.

Сөйткен кішкентай Мағжанға оқу оңайға түскен жоқ. Сабақтың өзі емес, сабақты жүргізу тәртібі. Шамадан тыс қаталдығымен құртақандай баланы шошытып жіберсе керек: Мағжан тіпті есейген шағында да «сабак», «молда» деген сөздерді естігенде денемізге суық су құйып жібергендей тітіркенетін едік деп, қой-

майды екен. Осы сезімі енді өзі педагог болғанда мынадай сөздерге құйылыпты:

«Таң атқаннан күн батқанша, көк шыбық сынғанша сабайды. Баланың көзі кітаптан кішкене бұрылып кетсе, салып жібереді. Жап-жас ойын баласы бір нәрсеге езу тартып күлсе, салып жібереді. Қарғыс тигір көк шыбықтың сорлы баланың арқасына шып-шып тимейтін шағы бар ма еді?! Көк шыбық тиген сайын қайқаңдап, жас жүрегіміз елжіреп, көзіміз ыстық жасқа толып, зәреміз кетіп, әлбісін-ә, әлбісін-ай деп талайымыз отыр-мап па едік?! Молда атын көтерген хайуан бар күшімен құлағымыздан тартқанда, тістеніп тұрып тілімізді тартқанда, талайымыздың құлындаған даусымыз құраққа шықпайтын ба еді?»¹

Сонда да шәкірт Мағжан оқуын үзбеді. Білімге құмарлық үрейден үстем түсті.

Қалайда Мағжан ауыл молдасынан қара танып шығады. Бекен ауылында әжептәуір мектеп салынған-тын. Соған білімдірек молда іздестіре жүріп, Данияр деген қажының ауылында мұғалімдік етіп жүрген Ахия Аханов деген кісіге жолығып, ауылына шақырып алып келеді. Бекен Ахияның шығыс тілдеріне жүйріктігіне қызықса, Ахияны тәуір жалақы мен Бекен салдырған мектеп үйі қызықтырады. Ол кезде мұсылман мектептерінде оқу мерзімі екі жылдан бес жылға дейін созылатын. Мағжан алты жастан бастап оқыды дегеннің өзінде (кейбір жерлестері төрт жастан оқыды дейді), оның ауыл мектебінде оқуы 1905—1906 жылдары тәмамдалған.

МЕДРЕСЕ ЖЫЛДАРЫ

Мұсылман мектептерінің жайы белгілі. Бала әріпті білгенімен, араб сөздерін айтуға тілі жаттыққанымен, яғни «тілін сындырғанымен», оқып отырғанының мәнісіне түсініп жетпейді. Қазақтардың «қара таниды» деген сөзі де, сірә, содан қалған болуға керек. Ауыл мектептерін бітіргендердің көбі артынан жаттағандарын тез ұмытып кететіні содан. Өйткен соң сауатсыздар кө-

¹ Мағжан Жұмабаев. «Педагогика. «Баланы тәрбие қылу жолдары»/. Екінші басылуы. Ташкент. 1923 жыл. Түркістан баспасөз махкамасы. 87-бет.

беймегенде қайтеді. Әйтпесе XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың әр ауылында молда болған. Шоқан Уәлихановтың солай деп жазғанын білеміз.

Намысқой Бекен бір жағы ауқатты адамдардың балаларын медресеге беруді жиілеткенін ескеріп, бір жағы баласының талабын қимай, Қызылжарға бет түзеді. Онда жадид молда Қасен Панамарұлының медресесіне оқуға түсірді. Мағжан Стамбул университетін бітірген имам Мұхаметжан Бегішовтің медресесінде де оқыған. Медресенің біздің ұғымымызбен шартты түрде бастауыш (Ибтидия), орталау (Рошдия), орта (Икдадия) түрлерінің әрқайсысында үш-төрт жылдан оқуға міндетті екен. Сонда Мағжан мұсылмандық жоғары мектеп — Ғалияға түскенге дейін он жыл уақытын сарп етуге тиісті болған. Бірақ зерек шәкірт бұл қашықтықты әрі кеткенде 6 жыл көлемінде өтіп шыққанға ұқсайды. Олай деуге дәлел — медресе Ғалияда Мағжан 1911—1912 жылдары оқыған. (Бұл мәліметті біз Мағжанның абақтыда жатып тергеушіге берген түсініктемесінен алдық).

Ескі медреседе араб тілі мен мұсылман құқы (шариат) оқытылатын. Парсы, түрік тілдері үйретілетін. Сонсоңғысы — арифметиканың төрт амалы... Оқу программасында тарих, жаратылыстану пәндері атымен жоқ-ты. Шығыс елдерінің соңғы үш ғасыр бойы Еуропадан әлдеқайда артта қалуының бір себебі оқу жүйесінен ғылымның аласталуында еді. Мұсылман оқу жүйесінен өңшең көк езу қарилер шығатын. Ғылым артта қалған соң, экономикаң да, мәдениетің де артта қалып сорламағанда қайтушы еді?!

Мағжанның бақытына қарай, ол медресеге түскенде мұсылман әлемінде игі өзгерістер жасала бастады. Медресе «усули жадид» — төте оқу үлгісі бойынша химия, физика, математика, география т. б. жаратылыс тану пәндерінен жүйелі білім беруге көшті. Ал медресе Ғалияда орыс тілі мен әдебиетінің оқытылуы жастардың болашағына жаңа өріс ашқанын дәлелдеп жатудың қажеті аз шығар.

Медресе Ғалияның қабырғасында оқи жүре Мағжан Жұмабаев тапқан үлкен олжа — ол әдеби ортаға енді. Әдеби процестің бүге-шігесіне қаныға бастады. Мұнда ол тамаша дос-пікірлестер тапты. Бір Ғалымжан Ибрагимовпен танысудың өзі неге тұрады. «Зәки шәкірттің медреседен кетуі» деген әңгімесімен жұрт көзіне түскен Ғалымжан Ибрагимов өзінен алты жас кіші Мағжан

Жұмабаевтың ақындық зор болашағына татар әдебиетінде алғаш қол қойғандардың бірі. Ол Мағжанның тұңғыш өлеңдер жинағы «Шолпанның» (1912) жарық көруіне қолғабыс етті. Өзінің «Қазақ қызы» (1924) романына эпиграф етіп Мағжанның «Айға» өлеңінен шумақ алуы бір жағынан жас ақынға көрсетілген ізет ишарасы еді.

Оқуға зерек адамның білсем, молықсам дейтін талабы үдемесе, кемімейді. Ыстық күні шөлдеген адам сусынға қанбайтыны сияқты, оқуға деген құмарын Мағжан өмір бойы баса алған жоқ. Бір ғажабы, қаланың оқуына ынтық болғанмен, өзіне қырғиқабақ еді. Шикізат өндейтін зауыттары көп Қызылжар сол кезде-ақ түтінін бұрқыратып, иіс-қонысымен қолқаны аттырып, жүрек айнытуы аз кезікпейтін. Жарты мыңнан аса сауда орындары да далаға әлдебір оғаш мінез әкеле бастаған. У-шуы, ың-жыңы бас айналдыратын қалаға сахара перзенті бойын үйрете алмай-ақ қойды. Қаланың тас бауыр мінезі, сатқындығы, әйел екеш әйелдерінің бетінен мөрі кетуі тіптен жирендіретін. Бүгін біздер экология дейтін проблема сол кезде-ақ ақын басын ауырта бастаған. Ақыры жүрек сарынына айналып, «Айда атыңды, Сәрсембай» атты өлең туғызды. Сәрсембай — Мағжанның әкесі Бекеннің атқосшысы. 1910 жылғы мамыр айында Мағжан жоғарыда айтылған Мұхаметжан Бегімов медресесін тамамдады. Содан алдын ала хабарланған Бекен Мағжанды алып қайтуға көлік жіберген. Қасында Бекмұхамет Серкебаев (болашақ халық артисі Ермек Серкебаевтың әкесі), медресе бітірген екі жас ауылға асыға аттанады. Сол Бекен ақсақалдың айтуында, Қызылжардан шыға жол бойы үндемей тұнжырап келе жатқан Мағжан, ауылдағы үйіне түсе салысымен қой сойылып, табақ тартылғанша осы өлеңді жазып, жиналған жамағайынға оқып берген екен.

Қала, дала тақырыбы содан бері Мағжан қаламына талай рет ілікті. Ақын адамзат ертеңінде елден бұрын жүреді. Болашақ қауіпті жұрттан бұрын сезінеді. Бірақ көптің құлағы ауырлау ма, жүре тындайды...

Сонымен, ауыл мен Қызылжар оқуын Мағжан тауысты. Алдында жол сайрап жатты. Оң мен солға карауға үйренді. Үлкен олжасының бірі — тіл. Жаңа тіл үйренгенің — жаңа дүние ашқанын. Ауылда үш жыл бойы Ахия Аханов Мағжанға арабшаны білдірсе, Қызылжар медресесінде бұл тілге зерек шәкірт жетіге түсті. Татар

тіліне төселеу арқылы не қилы мәдениетке қол созды. Өзі ер түрік дейтін халық тарихымен танысты.

Бұл кезең жөнінде анықтай түсетін нәрселер әлі көп екендігін құлаққағыс етуді жөн деп білем. Мағжан 1929 жылы 14 шілдеде берген жауабында 1909 жылға дейін ауылда әкемнің төңірегінен ұзағаным жоқ, ауыл молдасынан сабақ оқыдым дейді. Ал 1938 жылы бұл мәлімет басқаша беріледі. 1908 жылға дейін ауылда және Петропавловскіде оқыдым дейді. Өңге құжат әзірше қолға ілікпей тұр. Оның керектігі — даталар бір-бірімен үйлеспейді. Мағжан 1929 жылғы 14 шілдеде «1910 жылы Петропавловскіде, 1911—1912 жылдары Уфада оқыдым әрі семинарияға оқуға түсу үшін орыс тілінен даярландым» дейді. Сонда Қызылжарда бір ғана жыл оқыған болып шығады. Осыны ескере отырып, жоғарыда біз Мағжанды бір кісідей білетін шәкірті Сәбит Мұқановтың деректеріне сүйенуді жөн деп таптық.

ҚАНАТЫН ҚОМДАП ҰШУҒА

Медресе Ғалияға мол даярлықпен келген Мағжан ендігі білімді орыстан іздеу керек екенін түсінді. Әрі «абыз», «халфе», «мүдәріс» атануға зауқы соқпады. Есіл-дертін өлең баурап алды. 1909 жылы Абай Құнанбаевтың өлеңдер жинағы жарық көрді. Бұрын да үзіп-жұлып оқып жүрген ақын өлеңдері көктемгі далаға төгілген күн нұрындай әсер етті. Дәп сол жылы Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы!» жарық көріп, қазақ ұлттық санасын және бір саты көтеріп тастады.

Бұлардың Абайдан бастап қай-қайсысы да орыс мектебін басқыш етпесен, көркемдік биікке көтеріле алмайтының айдан айқын деседі. 1910 жылы судьяға аудармашы қызметін істеу үшін Қызылжарға кайтып оралғанда «Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығар» дегендей, Мағжанның алдынан Міржақып шықпасы бар ма. Патша әкімдерінің тепкісінен болса да, әйтеуір осы кісіні жолықтырғаны болашақ зор ақын тағдырына айтарлықтай әсер етті. Жиырманың бесеуіне енді көтерілген Жақан қазақ қауымына сол кезде-ақ белгілі бедел. Ресми түрде қарағанда судьяға тілмаш қызметінде істеп жүрсе де, шын қызметі — ел қамы екенін жұрт мойындай бастаған. Міржақып пен Мағ-

жан араларындағы сегіз жаспен есептеспей-ақ, тонның ішкі бауындай жарасты. Ол аға, бұл іні бола кетті. Бас кезде Міржақып орыс тіліне үйрететін мұғалімі болса, бара-бара жас қыранды баулитын құсбегіне айналды. Ел тарихы мен нақты өмір барысын іштей байланыста қарап қорытуға төселтті. Содан исі алаш алдындағы міндеттерді миына сіңірді.

Мағжанның әдебиет табалдырығын тұңғыш аттағаны осы кез шамасы. Сұлулық әлеміне әркім әр түрлі жолмен келеді. Ромен Ролланның жазушылық жолы Лев Толстойға хат жазып, жауап алуынан басталған деседі. Пушкиннің дуэльде қаза табуы Лермонтовтың қайғы-ызадан жаралған поэзиясының көзін ашады. Мағжан өлеңінің тиегі қалай ағытылғанын Сәбит Мұқанов қызғылықты әңгімелейді. Сәбеннің айтуында, Мағжан ақындығын қозғауға екі түрлі себеп болған. Біріншісі — елдегі бір ғашықтық хикаясы. Оны Сәбең былайша баяндайды.

Жұмабай қарт алпыс сегіз жасында жас иістеніп дегендей тоқал алса керек. Сол тоқалдан Ғазиза деген қыз туады. Өте бауырмал, мінезге бай және үріп ауызға салғандай сұлу апайы болашақ ақынның жүрегіне хор қызы бейнесін орнатады. «Қыз — өмір гүлі» — деген нақылды сол апайының айрықша көркемдігінен ұғады.

Ғазизаның ғашықтары көп еді. Солардың бірі болып, Ғали деген саудагер жігіт қырындайды екен. Ғали — бұл әулетке етене жақын жігіт, Жұмабай ақсақалдың өзінің туған балдызы. Бәйбішесінің інісі болып келеді. Сондығынан ба, әлде басқа себептен бе Ғалидың Ғазизаға қырындауын Жұмабай әулеті жақтырмайды. Жұмабай 1899 жылы, жаңа ғасырға бір жыл жетпей дүниеден өткен. Ендігі билік малжанды Бекеннің қолында-тын. Ғазизаның тағдырын сол шешті. Қалыңмалының көптігіне қызығып, қарындасын Қызылжардың Есентай деген байына тоқалдыққа беріп жібереді. Ғашығынан айрылған Ғали, шын қиналса, соқыр көзден жас шығардының керін келтіріп, өлең шығарады. Өлеңі татар тіліндегі «Уақыт» деген газеттің «Әдебиет қапшығы» бөлімінен жарық көреді. Міне, осы атышулы оқиға — апасының көзінің жасын көл қылып шалға тоқалдыққа кете баруы, Ғалидың төбе-құйқаны шымырлататын зарлы өлеңі сезімтал, әсершіл Мағжанды қатты тебіrentсе керек. Ішіне сыймай бұрқаған сезімі қағазға өзінен-өзі жыр болып төгіледі.

Екінші себеп, ол — ақынның ақынға әсері. Сәбең: «Мағжанның ақындығын қозғауға екінші себеп — Міржақып болуы керек» деген жорамал айтады¹:

Муза қонса, табиғат сыйы. Абай, Ахметтердің ықпалы өз алдына әңгіме. Осының бәрін ескергенде, бұл, әрине, дұрыс жорамал. Міржақып — жазушы, ойшыл, қоғамдық қайраткер, жан-жақты адам. Оның Мағжанға ықпалы да жан-жақты. 1911 жылы Міржақып Семейде ұсталып абақтыға қамалғанда «Жауға түскен жанға», «М. Д.-ға хат», «Тұтқын», ал Жақан Семей түрмесінде бір жарым жыл сарғайып жатып, ақыры тордан босанды деген хабар алғанда «зор қуанышқа» бөленіп, «М. Д. абақтыдан шыққанда» деген өлеңдер жазуы жас ақынның ағаға махаббатын паш етуімен бірге, оның насихатын да қанына сіңіргенін көрсетеді. Сондағы «Көбейсін елде қайратты ер» деген тілекті жас автор өзіне де арнап айтқан.

«ШОЛПАН»

Шолпан — үміт жұлдызы. Өзінің тұңғыш өлеңдер жинағына не деп тақырып қою керек екенін ойластырғанда оның есіне Жүсіп Баласағұнның «Қутадғу білігіндегі» осы бір сөздер түспеді ме екен? Қандай тауып айтылған десеңізші. Таң сібірлей атып келе жатқанда көк шатырының шығыс жақ кенересінде жарқыраған жұлдыз жас ақын жүрегіне талай тәтті арман ұялатқан. Ия, алдында сен бұрын сезіп білмеген қуаныштар күтіп тұр деп жүрегіңді өректітетін Шолпан жұлдызға табынбасаң, сүйінбесең, жастық дәуренді басымнан өткердім деп әсте айтпағаның жөн.

Мағжан «Шолпан» жинағынан, сірәде, ақындық даңқтан дәмеленгеннен гөрі, елінің, жерінің болашағынан бір жақсылық үміт күтті ме екен деп ойлайсың. Он тоғыз жасар уыз жігіттің ойнақы бозбалалық тақырыпқа елітпей, бірден қазақ мұңын мұңдауы — таңғажайып құбылыс. «Шолпанға» енгізілген өлеңдердің бір жолы да қағаз бетіне түспесе де, ондағы мені айт, мені айт деп тұрған өкініш, қиналыс сезімдері ақынды жастайы-

¹ *Мүқанұлы Сәби* «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті». I бөлім. Халықаралық байшылық дәуірі/. «Қазақстан» баспасы, 1932 жыл, 209-бет.

нан толғандырғанына көзін жетеді. Әкесінің байлығына, төрт бөлмелі ағаштан қиған үйінің буына піспегені байқалады. Мұны өлеңдер жинағына кірген өлеңдерінің өзі-ақ айтып тұр: «Шын сорлы», «Сорлы қазақ», «Зарлы сұлу», «Құр қалыппын», «Мен сорлы», «Алданған сұлу» т. т. Бейне бір шын сорлылардың күйін өзі кешкендей. Жер қапаста олар емес, өзі тұрғандай жазады. Жазғанын оқығанда енді, оқырман, сенің тынысың тарылып кетеді.

«Желдің ызынын, дауыл, боранның адасқан аңдай ұлығанын естігің келсе, сорлы қазақтың қысқы үйіне кір,— дейді Мағжан.— Шым қабырғадан, төбедегі сирек салынған сырғауылдың арасынан сорғалаған су. Жер еденсіз. Босағада қатар-қатар малдың төлі. Иіс, қоныс, түтін».

Ел әсерлерін қалада естіп, білгені тереңдете түсті. Неше түрлі сұрақ көңілін шанышқылайды. Дәл қазақ бүйтіп неліктен сорлайды? Не себепті бұдан құтылу жолын іздестірмейді? Мұның жауабын іздеп таба алмады деуге келмейді. Патша отаршылары Қазақ даласының дәл желкесінде, Жайықтан Ертіске дейін тоғыз казак-орыс полкын қылышын жалаңаштатып ұстап отырғанын, бұлардың басқа шоғыры Жетісуға дейін бойлап енгенін, соған сүйеніп, 1889 жылы Александр III патша «бұдан былай Ақмола далалары шаруалардың ерікті қоныс аударуларына ашық» деген жоғары мәртебелі жарлық шашқанын, қазақ енді атамекенінен айырыла басталғанын жастардың құлағына құймады дейсіз бе? «Туған жерім — Сасықкөл» атты табиғат сұлулығын жырлайтын өлең соңғы шумағында кенет жайма-шуақ қалпынан бұлттана қалып:

Білмеймін, не боларың, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің,
Итиіп қара шекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің,—

деуі, әрине, аузындағы асынан жырылып, азапқа түскен қазағының жүрегіндегі шемең болып қатқан сырын күрсіне білдіруі.

АҚ БАТАҢДЫ БЕР, ӘКЕ!

«Шолпан» тез тарап, қазақ поэзиясы аспанындағы жаңа жұлдызға жұртшылық таңырқай қарасты. Мағжан Жұмабаев деген есім қазақ жүрегінен қадірлі орын алды. Қоғамдық пікірдің кешірмейтін бір нәрсесі бар. Ол — оның сүйіктісінің кім екенін білмей қалу. Жас ақын бірден сондай сүйіктілердің санатына қосылды. Көңілі қаншама бірлегенмен, Мағжан асып-тасымады. Тұңғыш жинағы өзі көтерілуге тиісті биік басқыштың алғашқы сатысы ғой. Қайтып оны түсінбесін. Жақанмен әңгімелескенде түйгендері: нағыз көркемсөз ұлтынан асып, күллі адамзатты сұлулық ләззәтіне бөлейтіндей өреге көтерілуі тиіс. Ондай өнерге жетілу үшін талант қалай шыңдалуы керек екенін екі анасының ғана емес, Батыс пен Шығыс мәдениетінің бірдей Телқоңыры болған Абай өсиет етіп қалдырып кетпеді ме...

Үйіне оқуын аяқтар-аяқтамаста қайтқанда да осы ой билеген. Енді «Ғалиядан» алған орысша білімнің ауызда дәмі ғана қалды. Бұл тілді қайтсе де үйренуге тиісті. Омбы мұғалімдер семинариясына түсуге ансары ауды.

Ендігі мәселе: «Осы оқыған оқуың жетер, — деп, қыңқылдап жүрген әкені көндіру. Өзінікі дегені болмаса, иілмейтін жан. Бір айтып қалды — қайту жоқ. «— Әй, көнсе жарады, көнбейді-ау», — деп жүрген Мағжанның күдігі расқа шықты. Әкенің ақ батасын алу — шешілмес түйінге айналды.

Бекен ақсақалдікі — түтетіп отырған түтінінің қамын жегендік. Өзге балалары бір төбе де, Мағжаны бір төбе. Әке орнын басып, осы төңіректің сөзін ендігі ұстайтын кісі — көзі қарақты Мағжан. Бұл заман білімдіні, орысқа хат түсіре білетінді қалап отыр. Ендеше үмітін осы баласына артпағанда кімге артпақ? Орысшаға жетігем дегенде ақындық жолына түскісі бар. Ал мұның елтең-селтеңнен өзге әкелер пайдасы кәнеки? Бекен бір кезде ақындық құрып көрді емес пе? Не тапты? Ақыры бәрібір шаруаға жегілді. Қанша қырыс мінез десе де, ол әкесінің дегеніне көніп еді. Мыну аяғын бауырына алып мөңкиді. Ендеше білгенін істер. Бірақ айтпады демесін, көк тиын қаржы бермейді.

Осындай байламға тоқтаған Бекен, бір нәрсені ғана есепке алмады. Мәселе Мағжанның тілазарлығында емес-ті. Ақынды билейтін жүрегі. Не істесе, соның ісі.

Жүрек әмірі бұйрықтан күшті. Әкесі бұған түсініп жетпеді делік. Бірақ шөміштен қысамыны несі? Туған баласын сонда аямағаны ғой?— дегенді ойлағанда, әкесінің жайын түсінетін Мағжан, дәп осы жерде шорт кеседі. Олай екен, құдайдың жазғанын көреді. Нар тәуекел! Ішінде іркіп жүрген ызалы өкпесін Мағжан 1920 жылы «Жан сөзі» өлеңінде сыртқа шығарады:

«Ата-анаңнан без!»— дедің, безбедім бе?
Қаңғырып, талай жалғыз кезбедім бе?
Басыма талай қара күндер туды,
Ата-ана, туысқанды іздедім бе?—

дейді. Бұл бір жағы Омбыда күнкөріс қаражатсыз тақыр қалған күндерін еске алғаны.

ОМБЫДА

Ақмола губерниясының орталығы — Омбы отаршылар қамалы есептелсе де, көп қазақ зиялыларының көзін ашқан қала. Қазақтың біртуар ғалымы Шоқан Уәлихановты баулып өсірді дегеннің өзі неге тұрады. Мағжан Шоқанды көрмесе де, оның досы Григорий Потанинді көрді. Қазақ ақыны «Потанин қорынан» стипендия алып тұрған¹. Оқуды өте жақсы оқыған қаражатсыз студентке жылына бес жүз сом стипендия тағайындаған даңқты шығыстанушы енді біздің ұрпағымыздың алғауына жолығып, жатқан жерінде бір аунап түссе дейсін.

Омбы мұғалімдер семинариясының үйі күні бүгінге дейін көзге оттай басылады. Орта тұсы қос қабат, қалған бөлегі жалғыз қабат, қызыл кірпіштен қаланған осы ғимаратта кейін Қазақ АССР Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақов оқыды. Тағдыр семинарияда Мағжанды Сәкен Сейфуллинмен жолықтырды. Қазақ әдебиетінің екі полюсындай болған осы ақындардың жолдары екі айырылса да, тағдырлары ежовшылар түрмесінде шешілді. Жендеттер олардың Омбыда бірге өткізген күндерін, 1914 жылы екеуінің белсене қатысуымен ұйымдастырылған мәдени-ағартушылық сипаттағы «Бірлік» ұйымын естеріне салды. Ұйым қасында «Балапан» атты қолжазба журнал шы-

¹ Мағжан Жұмабаев. «Свеча в ураганной ночи». г. Петропавловск. 1993, с. 5.

ғып тұрды. Сол балаң журналға редактор болдың деп те жазғырды Мағжанды.

«Бірлік» концерт қойып, жастардың шығармаларын талқылады. Күлкі шақырса да, оған саяси айып тағылды. Ұйымның бағыты тым күңгірт екені «Балапан қанат қақты» деген мақаладан да байқалады. Мағжан мұны 1922 жылы Қазан қаласында шыққан жинағына енгізгенде, «Балапан» журналына арналып қара сөзбен жазылған өлең деп ескертіпті. Қазір жазылса «мөлтек сыр» дер ме еді. Шағын арнаудай. Тұла бойы тұнған романтика. Балапанның қанаты қатпаған. Бірақ суық өлкеде тұрғысы жоқ. Жылы жер іздейді.

«Балапан қанат қақты...

Ойы — жан дәрмен жылы жаққа жетпек, егіз Есіл-Нұраның тәтті суларын ішіп, Аралдың ыстық құмын құшпақшы. Терең Балқаштың мөлдіріне шомылмақшы. Алтайдың етегінде «уһ» деп демін алып, Марқакөлдің қаймағына жүзбекші»¹,— деп толғайды Мағжан.

Жылы жері, бақсақ, Қазақстаны екен. Отанына деген асып-төгілген махаббат қара сөзді өлеңге айналдырып жіберген.

«Бірлік» ұйымында Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағы талқыланғанда Мағжан:

— Сәкен өз өлеңінде оқуға шақырады. Оқу керек. Дұрыс. Бірақ бұл өлеңге тақырып бола ала ма?— деді².

Бұл сұрақ біреу-міреуді мұқатайын дегендіктен қойылмаған. Әрі-беріден соң Мағжан сауалды өзіне де қойып отыр. «Шолпан» жинағында «Малды аяма оқу-білім жолына» деп оның өзі де жазды. Сұрақтан поэзия табиғаты туралы жас талаптың ізденісі аңғарылады. Көркем ой саяси я ағартушылық сананың шылауына айналуы керек пе? Әлде өзінше ой толғауы тиіс пе? Саясаттың шайнап бергенін өлеңге ұйқастырған ақын өз жүрегін сөйлете ала ма? Міне, мәселе қайда жатыр.

Әрине, бұдан Сәкен мен Мағжан «Бірлік» ұйымында-ақ идеялық бітіспес тартысқа түскен деген мағына тумасқа керек. Сәкенді Бальмонттың өлеңін оқудан бас тартты, «Сұңқар туралы жырды» оқығысы келді деу, Мағжанды қазақтың көшпенді күйінде қалуын жақтады деу бояуды тым қоюлатып жібергендік. Мағжан семина-

¹ Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989, 59-бет.

² Какишев Т. «Сәкен Сейфуллин». М. 1972, с. 54

рияда оқып жүріп, Пушкин, Лермонтов, Фет, Блоктарды, — орыс поэзиясындағы барлық ағым ақындарын бас алмай оқыды. Горький шығармаларын да назардан тыс қалдырған жоқ. Пролетар жазушысын жек көрсе, «Сұңқар туралы жырды» аудармайды ғой. Бұл жерде шындық Мағжан жағында. Бір ағымның жазушыларын алға шығарып, басқаларын түрмеге салудан, қырып-жоюдан, біреулерінің шығармаларын көкке көтеріп, екіншілерінікін спецхранға тығудан әдебиет көгермейтіні белгілі. Сол сияқты Сәкен мен Мағжан арасындағы белгілі жәйттарды бірін көтеріп, бірін тұқыртып жазуға пайдаланудан сақтануымыз керек. Мағжанда «Шолпан» жинағының шығуына байланысты менмендік күшейді, ол «орынсыз омыраулауды» шығарды, «бойын биіктете» түскісі келді деушілік жалпы бұл ақынның мінезіне үйлесе қоймайтындықтан, ауыр айып, қиянат.

Сәкен мен Мағжан арасындағы реніш әу баста бір қызға таласудан туды деген сөз бар. Гүлнәр Дулатованың, Таутан Арыстанбековтың естеліктеріне сүйене отырып, мынадай суретті көзге елестетуге болады.

1914 жылдың көктемі. Мағжан мен Сәкен, екі бірдей сал жігіт әрі ақындық қуып, әрі орыстың Сібір университеті атанған беделді семинариясында оқып, көңілдері бірлеп жүрген жастар ойын-сауыққа да құмар. Сол құмарлықтан шығудың тағы бір сәті түсіп, Омбының сұлу қыз-келіншектері мен көркем жігіттері Ертістің арғы бетіне орналасқан Кулумзино бекетінің мейрамханасына ағылып келіп жатыр. Қызылды-жасылды киінген жұрттың екі көзі анау бір, «Оян, қазақ!» деп жар салып, «Қазақ» газетінде елін айбынды мақалаларымен, жалынды сөзімен баурап жүрген, жас та болса бас саналатын дембелше, қияқ мұртты жігітте. Осы өңірде мұғалімдік қызмет атқарған еді, бұл жолы — күйеу. Міржақып Дулатов деген есімін білмейтін маңайда қазақ жоқ секілді. Қасында жұтынып, үлде мен бұлдеге бөленген қалыңдығы тұр. Міржақыптан он жас кіші деседі. Қыз тым еркін де кетпей, тым әйеншектеніп көзін төмен салып қысылып-қымтырылмай тұруына қарағанда, мен осал шаңырақтан емеспін, Омбы емханасының бас дәрігері Баймұрат Досымбеков атағына лайық қалыңдықпын дейтіндей. Әкесі еркелетіп біраз уақыт еркек балаша киіндірген, сондықтан әйел не еркек балалар оқитын мектепке бере алмай, апасы Сара екеуін үйіне оқытушы жалдап оқытқан, екі тілге бірдей судай деседі.

Азан шақырып қойған есімі де ғажап — Ғайнижамал. Қысқашасы — Гая.

Міржақыптың қасынан бір елі ұзамай, сәл жымыған қалпы Мағжан жүр. Неге өйтетіні, өзімситіні түсінікті. Мағжанға орыс тілінен дәріс беріп, мұғалімдер семинариясына түсуіне қатты қолғабыс еткен осы Міржақып. Ұстаз бен шәкірт әрі пікірлес дос. Жас ақынның ұстазына еркелегені ме, әредікте Жақанды қалжыңға шақырып қояды.

— Жақа, ұстаз бен шәкірт атандық. Дос, жолдастығымызды бұған тағы қосыңыз. Ендігі қалып тұрғаны — бажа болу.

— Е, несі бар бас тырнассақ... Бірақ, жігітім, қапы қалып жүрме. Претенденттердің біреуі қағып кетіп жүрмесін. Әне, көрдің бе, мана өзің таныстырған Сәкеніңнің сен айтқан балдызым Гуляның қасында ойқастап жүргенін...

Гуля (Гүлшаһра) — Ғайнижамалдың туған сіңлісі, Омбының бетке шығар гимназиясында оқып жүр. Әлде өзінің табиғи ашықтығы ма, әлде орыс мектебінде оқитындығы ма, — еті тірі, өжет боп өсіп келеді. «Бірліктің» мәдени жұмысына белсене қатысты. «Біржан — Сара» айтысын ойын ғып қойғанда Сара рөлін ойнайды. Домбыра тартып, ән салатындығымен тағы қызықтырады. Мағжан мен Сәкен сияқты жігіт сұлтандарының көз салуына қарағанда, Гуляның сұлулығы да өзгеше болса керек.

Міне, осы хикая кейде жөнсіз бұрмаланады. Мағжанды Гуля менсінбеді, Гуляның көңілі Сәкенге ауды деген жорамал айтылады. Солай-ақ болсын дейік. Бірақ осы бір хикаяны Мағжанның бетіне салық қылудың, ақынды «бойына сенді» деп табалаудың қажеті қанша? «Қызға кім қызықпайды, қымызды кім ішпейді? — демей ме атам қазақ. Әйтпесе қыздың Мағжанға да, Сәкенге де емес, Ахметсафа деген жігітке шыққанын қалай ұмытамыз. Сол кезде Гуля он төртте ғана, гимназияны әлі бітірген жоқ. Ал көп ұзамай, 1916 жылы Сәкен қала қызы емес, дала қызына ғашық болады. Оны Сәкеннің сол жылы жаз, қыс бойы жазған «...ға», «Толқын», «Арқа сұлуына», «Сәулем» деген өлеңдерінен аңғарамыз. «Арқада тағы өскен сұлу сәулем, // Көңілімді жадыратшы келіп тағы!» дейді.

Сәкен мен Мағжан арасындағы кикілжің творчестволық бәсекеден басталып, саясатқа араласуларынан өр-

шіп кетті десек, бірсәрі. Айтысты алдымен қоздырған Сәкеннің мына бір өлеңі. Жазылған кезі Арқа қызына ғашық болған 1916 жылы.

Қазаққа, татарға,
«Таң болып атарға»,
«Тр-тр» ұштым, тырыстым
Кіруге қатарға.
Жақанды жақтадым,
Ахаңды мақтадым,
Жүсіптен жасырып
Сөз алдым асырып,
Абайдан абайлап,
Тоқайдан тоқайлап,
Сөз алдым білдіртпей,
Көп ойлап, «шоң» ойлап.
Онымды ақтадым,
Өздерін мақтадым.
Жай қарап жатпадым,
Сөзімді сатпадым,
Қітапша бастырдым.
Жан-жаққа шаштырдым.
«Алашқа» алыста
Таяуда танысқа.
Біреуді мақтасам,
Біреуді жақтасам,
Мені де мақтамақ.

Мағжан түркі тілдеріне, оның бірі — татар тіліне жетік. Жетіктігі сондай, Ғалымжан Ибрагимовтың өтінуі бойынша бір татар ақынымен айтысқан. («Қазақ әдебиеті» газеті. 21.01. 1994 жыл. «К чертовой матери» деген мақаланы қараңыз). Татаршаға жүйріктігін айып еткен қарсыласына Мағжан «Заманымыздың ақыны» деген өлеңмен жауап қайтарады. Бұл өлеңді де толық келтірейік.

«Терезеге қараймын,
Қарындашты жалаймын.
Келтірем деп өлшеуге
Сөздерді іштен санаймын.
Басқаға мойын бұрмаймын,
Бітірмей жазып, тұрмаймын.
Не керек, жұрт сезбейді,
Ақырын Феттен ұрлаймын».

Бұған Сәкен «Мұндайды жазбаушы ем» деген өлеңмен іле жауап қайырады. Бара-бара араздықтың отына таптық өшпенділік дейтін май құяды. Тартыс революциядан соң шиеленісе түседі. Сәкен «Ендігі ақынның сандырағы» (1921) өлеңінде Мағжанның «От» деген символистік өлеңін әжуалап сынайды.

Блок, Бальмонт жастығының астында,
Ақ орамал күңгірттенді басында.
«Дай компресс, сал, компресс!»
Састы доктор қасында.—

деп аяқтайды өлеңін Сәкен.

«Әдеби айтысқа шақырсаң қарсылығым жоқ. Сенің де еліктегендерің белгілі ғой» дегендей, Мағжан есесін жібермей эпиграмма жазады.

Фуллин, Сәкен,—
Кекең, кекең футурист.
Бала — ақымақ,
Қожа, ташмай басын кес.

Сәкен Омбы мұғалімдер семинариясын 1916 жылдың 10 мамырында бітіріп, бастауыш мектеп оқытушысы мамандығын алды. Бұл кезде Мағжан семинарияның ақырғы курсына жүрді. Оқуды тауысқанша, уақыт мың өзгерді.

Өзі қызық. Кеңес империясының іргесі шайқалуы 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан көтерілісінен басталды. Патшалық империя 1916 жылғы қазақ даласындағы көтерілістен соң көп ұзамай өрем қапты. Көтеріліс дүрбелеңі Мағжан жүрегін жанамай өткен жоқ. Өзінше үн қосты. Соңғы жылдары тапқан бір тәсілі — жанын толқытқан оқиға символын тауып алады. Халық мұңын майданға жіберілген жарын сағынып, орамалға кесте төгіп отырған әйел сезімін бейнелеу арқылы жеткізіп, «Орамал» атты өлең жазды. Жаһан соғысын ел басына төнген «қара бұлтқа» балады. Ал дүниені дүр сілкіндірген Ресейдегі революция ақын көзіне күміс қанат періште болып елестеді.

АҚПАН МЕН ҚАЗАН ДАУЫЛЫ. АЛАШ АЗАМАТЫ

Бір сөзімді есіне ал:
Мен толқынға жау болсам,
Жеті жыл бұрын осыдан,
Төңкерістің таңында,
Алты алашқа әйгілеп
Не бостандық, не құлдық,
Не езілу, не теңдік,
Не патшалық, не кеңес —
«Екіден бір» дер ме едім,

Мағжан. «Толғау».

Нөсерлетіп, дауылдатып, екпіндетіп 1917 жыл келді. Тарихта 1917 жылғы Ақпан мен Қазан төңкерістері деген атпен қалған бұл дауыл екі дүркін қайталап соғып, ұлан-байтақ алып империя — Ресейдің астын-үстіне келтірді. Бір осы елмен шектелген жоқ. Дүниені дүр сілкіндірді. Мұндайда көңіліне алаң кірмейтін, дағдарысқа ұшырамайтын жан болмайды. Енді қайттік? — деп сасқан үйрек артымен сүнгитіннің керін келтіретіндер аз кездеспейді. Абыройға қарай, қазақ зиялылары өйтпеген. Әліптің артын бағып, тасада бұғып қалмаған. Ақ түтек алапатта аспан көгіне шыққан. Елі, жері үшін зіл батпан жауапкершілікті мойнымен көтеріп алған. Әсіресе «Қазақ» газеті атой салды. Қазақ қауымын бас қосып кеңесу мақсатында құрылтайға шақырды. Орыстардың өздері қырық пышақ болып қырылыса бастағанда, әбден езіліп-жаншылған қазақ сорлы қайтпек? Елдің бас көтеретін азаматтарын осы мәселе қатты аландатты. Қазақтың жағдайы шынында да қиын еді.

Патшалық құлап, орыс демократиясы үкімет басына келсе де, империялық сана құрғыр бұрынғы бұратана ұлттарға ерік беру мәселесіне келгенде кібіртіктей берді. Ақ патша тақтан түссе жағдайымыз жеңілейеді деп дәметкен бодан халықтардың тәтті қиялы аздан соң желге ұшты. Орта Азия мен Қазақстанда ауа райы оншалық өзгермеді. Уақытша үкімет Түркістан генерал-губернаторы Куропаткинді орнында қалдырған. Отаршылдар жергілікті халықтың кеңірдегінен шеңгелін босатқан жоқ. Қазақтар «Тоқал ешкі мүйіз сұраса, құлағынан айырыладының» кебін киді. Бұрын тартып алған жерлерін қайтарып аламын деп жүргенде, қазақтарды жана қоныстарынан ығыстыра бастады. Келімсектерге

қосымша екі миллион десятина жер бөліп беру керек деген әңгіме шықты.

Көтеріліске қатысқан қазақтарға істемегенді істеген талай жауыздар жазасыз құтылды. Тіпті патшаның өзі айуандығы үшін жауапқа тартқан қайсыбір жендеттер түрмеден босанып шықты. Бұл кезде ақ казактар мүлде жүгенсіз кетіп, құтырып алды. Мәселен. Торғай уезінің әскери бастығы Загайнов деген Торғай қаласында тұратын барлық қазақтарды, бала-шағасына шейін, мектептердегі оқушыларды мұғалімдерімен қоса, түрмеге апарып тыққан. Сонсоң казак-орыстарын жауып жіберіп, үйлерін суыртпақ жібіне дейін қалдырмай тонатқан. Загайнов қазақтарды камерадан шығарттырмай, үлкен дәреттерін алғанда етіктерінің ішіне отыруға мәжбүр еткен. Екі қабат әйелдер абақты қапасында босанған.

Сөйтіп, Уақытша үкіметіңнен қайыр болмады. Мұстафа Шоқаев жазғандай, «Орыс революцияшыл демократтары іс жүзінде сынақтан өте алмады. Олар патшалық заманында орыстан өзге халықтардың өкілдерін жатырқамағанмен, билікке қолы жеткен кезде оларды шеттетіп, маңайына жолатпай қойды»¹.

Міне, осындай жағдайда елім-жұртым деген азамат не істеуге тиіс еді? Жас Мағжан бұл кезде жақсы танысып үлгерген Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов ағаларының аузына қарағаны сөзсіз. Олар да қарап жатқан жоқ-ты. Ел ішінде дабыр-дұбыр әңгіме. 1917 жылғы сәуірдің 2—8 аралығында Орынборда, сол айдың 19-ында Орал қаласында алаш азаматтары өкілдерінің съездері өткен. Ресейдегі ақпан төңкерісінен соң жедел түрде, араға бірер ай салар-салмас уақытта жиналған съездерге үш жүзден жеті жүзге дейін делегаттар жиналып, қазақ өміріне тікелей қатысты құжаттар қабылдады. Бұл оқиғалар, «Е, біз де ел екеміз ғой, елдігімізді ұмыттырмайтын азаматтарымыз бар екен ғой»,— дегізіп, қазақ атаулыны бір серпілтіп тастады.

Әрине, мұның өзі бұған дейін істелген талай-талай жұмыстардың жемісі еді. Жаңалық хабарға бір қазақтай құлағы түрік жүретін Мағжан сонау 1913 жылдары-ақ Троицк қаласында тұратын адвокат Жанша Сейдалин өкімет орындарынан қазақ құрылтайын өткізуге

¹ Мұстафа Шоқайұлы. 1917 жыл естеліктерінен үзінділер. «Қазақстан коммунисті» журналы. 1991, № 5, 40-бет.

рұқсат сұрап жүр, бұл істе заң қызметкері Бакытжан Қаратаевтан қолдау тапқан деп естіген. Ал «Айқап» журналының 1913 жылғы шілде айында шыққан он үшінші санында Орынбор қаласында өткізілмекші құрылтайдың күн тәртібі де белгіленбеп пе еді? Айтпақшы, «Қазақ» газетінде Жанша Әл-Мұхаммет Сұлтан Сейдалининнің құрылтайды қалай өткізу керектігін айтып пікір жазғанын, Петербург жаққа барып ұлы жиналыс хақында келісіп келу керек деп мәселе көтергенін білуші еді ғой.

Құрылтай шақыруды қолдаған қазақ зиялыларынан Троицк қалалық ауруханасының дәрігері Әбубәкір Бірмұхаметұлы Алдияров¹, Торғай уезінен өз ұстазы Міржақып Дулатов, Қостанай облысының Шұбар болысынан Мұхаметжан Сералиндер. Ең соңғы лепес сонау Минскіден келді. 1916 жылы окоп жұмысына шақырылған қазақ жігіттері Қарқаралыға телеграмма жіберіпті. Онда рулық дау-дамайды доғарып, елдікті ойласалық, құрылтай жиналысына лайықты жігіттерді сайлайық делініпті. Өзімізді-өзіміз билейміз деп, қазақ зиялылары съездер өткізді. Ақмола комитетінен Торғай облыстық съезіне қатысуға Мағжан жіберілді. Съезд президиумы төрағасы болып ел ағаларының бірі Ахмет Байтұрсынов сайланды. Сабазың аз-кем уақытта бәрін қалай ұйыстырып үлгірген десеңізші. Әлбетте, Жақаң қолғабыс еткен шығар. Шақыруын қабылдап келген қонақтардан да съездің салмағы әжептәуір аңғарылады. Бұл съезге Қазан, Үпі, Орынбор, Ақтөбе мұсылман комитеттерінен өкілдер қатысқан. Орынбор татарларының атынан съезді «Уақыт» газетінің редакторы Ф. Қаримов құттықтады.

Мағжанның әсіресе құттықтау сөз айтуға сұранған Торғай губернаторы Эверсманды съезден түріп шыққанына айызы қанды. Бұл орысқа қарсылық емес, отаршылдыққа қарсылық. Әйтпесе съездің жұмысына басынан аяғына дейін қатысып отырған орыстар баршылық. Олар — Орынбор, Ақтөбе азаматтық комитет өкілдері есебінде шақырылған Соловьев, С. Алюков, Г Николаев деген орыстар. Сонсоң, съезден тек орыс емес, қазақтар да қуылды. Жергілікті жандарм агенттерінің жансызда-

¹ Қазақтың тұңғыш дәрігерлерінің бірі Әбубәкір Алдияров 1918 жылғы 15—17 қазан күндері Қостанай уезінің төтенше қазақ съезін ашып, онда Алаш автономиясы туралы баяндама жасаған. Алаш-орданың уездік комитеті мен сотының жұмысын басқарысқан.

ры, Орынбор қаласының дін пәні мұғалімі Әбдірахман Мәчиев, Торғай облыстық басқармасының тілмәші Мұхамедияр Тұнғатшиндер Жақаңның ұсынысы бойынша съезден аласталды. Тұнғатшин оның үстіне паракор екен.

Съезд Ресейдің намысын жыртып, соғысты аяғына дейін жеткізу жөнінде қарар қабылдады. Империалистік соғысты жақтаушылық қате ұйғарым десек те, жалпы съезд шешімдерін қалай бұрмаласаң да, ұлтшылдыққа жатқыза алмайсың.

Съезде қазақ тұрмысының сан-саласын қамтитын табаны күректей он төрт мәселе қаралды. Ауылдық, болыстық, уездік және облыстық азаматтық комитеттерін сайлау тәртібі белгіленді. Мағжанды тағы бір елең еткізген хабар: таяу уақытта жалпықазақтық съезд өткізілетін болғандығы. Съезге әзірлік жұмысын жүргізетін Торғай бюросы құрамында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов есімдерін кезіктірді.

Орал қаласында өткен съезде облыстық қазақ комитетін сайлап, оған жиырма шақты адам енген. Бәрі шетінен зиялылар: Томск округтік соты прокурорының орынбасары Жанша Досмұхамбетов, дәрігерлер Халел Досмұхамбетов пен Бижан Жанқадамов т. т. Оралдықтар Мәскеуде ұлт өкілдері қатысқан Бүкілресейлік съезд өткізуді ұсынған.

1917 жылғы сәуір айының аяқ шенінде Міржақып Омбы шаһарында Мағжанды бұйра шашынан сипап, мандайынан иіскеді. 25 сәуір күні Ақмола облыстық алаш съезі ашылды. Міржақып оған «Қазақ» газетінің өкілі ретінде қатысты. Бар жайды Мағжанға тәптіштеп түсіндіріп айтып берген. Мұндағы съездің бұған дейінгілерінен айырмасы көп емес екені Міржақып әңгімесімен салыстырғанда аңғарылады. Әйтеуір қазаққа бір жақсылық кездесе деген үміт қой. Ақталар-ақталмасы неғайбіл. Дегенмен басты төмен сала бермеуге керек. Үмітсіз шайтан деген, кім біледі. Өз жайынды дұшпанның әрі-беріден соң сенімен қалай бас изескенінен де аңғарасың. Байқаған кісіге мына Ақмола съезі де біраз нәрсе-ні іштей түйсінуге септік етеді. Орыстың осы өлкедегі шенеунік төрелері кекжиген бастарын иіңкірей ме қалай? Бұрынғыдай «инородец» деп кекірелемей, «қазақ азаматтары» деген сөзге тілінің ұшымен айтса да, машықтана бастапты. Омбы әскери округының командшасы генерал-майор Григорьев съезге деген ілтифатын

білдіру үшін барын киіп, бақанын қолына алып дегендей, әскери парад формасын киіп, бар темір-терсегін тағынып, сықиып отыр.

Бұл кездері болашағынан зор үміт күткен акын қатарында ауызға ілігіп жүрген Мағжан құрмет-қошеметке сонша зәру болмаса да, съезд тарапынан өзіне көрсетілген сенімге дән риза. Ол Ақмола облыстық қазақ комитеті мүшелігіне сайланды. Жәй орын алу үшін сайланған жоқ, нақтылы участок алды. Оған халыққа білім беру жүйесін жасау ісі тапсырылды. Осы арада айтпай кетуге болмайтын нәрсе,— халық ағарту ісі Мағжанның ақындығымен қатар өмірінің мәніне айналды. Кейін Алашорда жайына қалса да, ол бұл саладағы жауапкершілігін ешқашан нығынан түсірген жоқ. Бала оқытты, мұғалімдер курстарында сабақ берді, оқулықтар жазды...

Съезге Сәкен де қатысты. Ақмола уездік алаш комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды. Сол қызметін атқару үстінде алаштың болыстық комитеттерін сайлау үшін ауылға аттанды.

Сөйтіп, тәжірибе жинақтала берді. Оның Орынборда Жалпықазақтық съезді ойдағыдай даярлауға пайдасы тиді. 1917 жылғы шілденің 21—28 жұлдыздарында өткен бүкіл қазақтық съезд шын мәнінде де барша қазақтың басы қосылғандай әсер қалдырды. Қарап отырсаң, оған Қазақстанның шартарабының бәрінен өкілдер сайланыпты. Съезд өткен ғимаратта Ақмола, Семей, Торғай, Жетісу, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан келген қазақтар ықылым заманда үш жүздің жақсылары бас қосып, Күлтөбенің басында күнде жиын құратындағыдай, шұрқырасты да қалды. Съездің қандай бағыт алатынын оның президиумынан-ақ байқауға болатын еді. Оған сайланғандар осы соңғы он шақты жылда есімдері ел құлағына сіңісті қазақ демократияшыл ұлтжандылары еді: Халел Досмұхамбетов (президиум төрағасы), Ахмет Байтұрсынов пен Әл-Мұхамет Көтібаров (орынбасарлары), Міржақып Дулатов пен Асылбек Сейітов (хатшылары).

Мағжан бұл съезге қатыспаса да, оның қалай өткенін ұзынқұлақтан естіді, «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 31 шілдедегі санынан оқып білді.

Съездің күн тәртібіне қойылған мәселелердің бұл қалайы жоқ. Ең әуелі делегаттар Ресейде қандай мемлекет болуға тиісті деген мәселенің басын ашып алды. Бұл мәселе жөнінде қабылданған қарар біздің зиялылары-

мыз сол кездегі ең прогресшіл қайраткерлер болғанына тамаша айғақ. Атап айтқанда, олар Ресей демократиялық парламенттік республика болуы тиіс деген. Қазақстан сол федерацияға автономия дәрежесінде енсін дегенге қол қойған. Демек, Алаштың буржуазияшыл ұлтшылдары деп жетпіс жыл бойы біздің қарғап-сілеп келген ағаларымыз кеуделерін интернационалистерміз деп ұрғылайтындардан еш кем соқпаған. Ресей шаңырағының астында бірге жүріп, автономия құрамыз, орыстардан іргемізді аулаққа салмаймыз деді. Соған қарамастан, өздерінің қалай ұлтшыл атанғандарын Мағжан жарық дүниеден өткенше түсінбей кетті.

Ал шындығына жүгінсең, федерация деген Ресей жағдайында тек жіберіп тарту ғой. Бәрібір билік орыстардың қолында қалады. Өйткені олар көп, көптігін істемей тұрмайды. Федерация жағдайында саны аз ұлттар қандай мәселеден болсын кемдік көретінін КСРО-ның тарихы дәлелдемеді ме? КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросында үнемі орыс ұлтының өкілдері үстемдік етіп келгенін құдайдан да, адамнан да жасыра алмайсың.

Мұның неге әкеліп соққаны белгілі. Қазақ өз елінде азшылықта қалды. Патшаның ғасыр бойы істей алмағанын мен бес-алты жылда істедім деп Н. С. Хрущевтің не себепті бөскенін бәріміз білеміз. Баяғыда ашқарақтанып жерге тоймау. Қазақстанды шикізат қоймасы етіп ұстау саясатынан да шовинизмнің құлағы қалқиып көрініп тұрмады ма?

Алашорда басшылары сол кезде бірінен соң бірін ауыстырып жатқан Ресей басшыларынан автономия сұрап ала алмады. Бұл мәселе үкімет басына В. И. Ленин келгеннен кейін ғана оң шешімін тапты.

Қазақ съезі елдің басқа да көкейтесті мәселелерін алға тартты. Жердің жайы анау, көлденең көк аттылар тартып алып жатқан. Халық милициясы, ағарту ісі, сот, дін, әйел — бәр-бәрі толғағы жеткен мәселелер. Демократтармыз деп даурығатын орыс төрелері тым күрса соларды шешіп алуға мүмкіндік берсе ғой.

Съезд сырың белгілі дегендей, орыс демократтарын шошытып алмау үшін жер мәселесін әділ шешуді Ресейде өткізілмек Құрылтай съезінің үлесіне қалдырды. Қазақ съезі жер жөнінде тек бір мәселені ғана нақтылы шешті. Қазақ жерінен оның байырғы тұрғындарын айыру саясатына тыйым салу талабы қойылды.

Халық ағарту мәселесі қызу талқыланды. Бұл жөнінде қабылданған шешімді өзін педагогпын деп есептейтін Мағжан айрықша ыждағатпен зерттеді. Съезд жалпыға бірдей сауаттану мәселесін дереу шешу керек деп міндет қойған. Яғни сауатсыз бір де қазақ болмасын дегені. Бұған Мағжан білек сыбанып қатыспаққа ойлады. Кейін советтік Қазақстанда өткізілген сауатсыздықты жою науқанына Мағжан зиялылардың алды болып қатысқаны мәлім.

Революциядан бұрын көп қазақ оқығандарын бір дерт шалды. (Дәл бүгінгімізге ұқсас). Қолына қалам ұстаса, қазақша жазу деген кәперіне кірмейді. Не орысша, не татарша гулетеді. Сөйтіп, қазақ тілі тұрмыстық тіл шеңберінде қалып қойып, әдеби тілден көрінеу қалып бара жатты. Бұл кесірлі құбылысты қалайша тоқтатпақ керек? Айналайын ағаларымыз мұның да ақылын тапқан. Олар алғашқы екі класты балалар міндетті түрде ана тілінде өтуі керек деген тоқтамға келеді. (Өттегене, ағалардың бұл ақылын біз қазақ тіліне мәртебе берілгенде пайдалана алмадық.)

Енді бір сәт ақын съездің әйел мәселесі жөніндегі шімдеріне назар салды.

Қайғыға салды кім сені,
Тыныштық жүзін көрместей,
Өмір бойы бітпестей,
Зарың мәңгі сөнбестей?

«Зарлы сұлу».

Мағжан қаламынан мұндай жолдар көп тасқындады. Енді қарап отырса, қазақ әйелінің басына төнген қара бұлт сейілетіндей. Сейілмегенде ше? Съезд қалыңмал жойылсын депті. Кімге тұрмысқа шығуын әйелдің өз еркі билейді. Молда неке қиғанда күйеу мен қалыңдықтың екеуінің де келісімін алуға міндетті. Әмеңгерлікке тыйым салынады. Екі әйел алу үшін бәйбішенің рұқсаты керек. Егер ол ризашылығын бермей, айырылысам десе, еркі. Бірақ басқа ерге шыққанша бұрынғы күйеуі оны асырап тұруға тиіс. Қазақ жеті атаға дейін қыз алып, қыз беріспейді. Бұл дәстүр мықтап сақталуы тиіс.

Мағжанның көңілінен шыққан съездің тағы бір шешімі — аштыққа ұшыраған ағайындарға көмектесу шараларын қарастырғандығы. Бауырмалдық, ізгілік деп, міне, осыны айтады. Ауызбірлік жоқ бізде деп бәріміз қақсаймыз. Ауызбірлік бір-бірімізге қол ұшын беруден басталмай ма?

Съезде қазақтың өз саяси партиясын құру мәселесі қаралды. Құрылмақшы партияның бағдарламасын жасау Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне тапсырылды. Алайда бұл істің орындалуы сиырқұймышақтана бастады. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 5 қазандағы редакциялық мақаласында Шураи-Ислами комитетіндегі қазақтар жиналып алқа-қотан құра алмағанын, енді бұл істі бүкіл қазақтық I съезд ұйғарымы рухында жедел қолға алмайынша болмайтынын, арқаны кеңге салуды қазақ елінің тағдыры шешілгелі тұрған қазіргі уақыт көтермейтінін жазды. Редакция партия бағдарламасын жасауға байланысты маңызды ұсыныс енгізді. Болашақ партияға «Алаш» ныспын беріп, арғы ата-бабамыздың қалай аталғанын есте ұстасақ депті.

«Қазақ» газеті 1917 жылғы 21 қарашадағы санында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаровтар қол қойған «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасын жариялады. Он параграфтан тұратын бұл бағдарлама (программа) бісмілләсін» Ресей демократиялық федеративтік республика болуға керек деген I қазақ съезі шешімін қайталаудан бастайды. Болашақ республиканы Құрылтай жиналысы, президент, мемлекеттік дума басқару көзделеді. Мемлекеттік дума — заң шығаратын орын. Ол президент пен министрлер кеңесін бақылау құқымен пайдаланады. Ресейдің барлық азаматтары шыққан тегіне, діни сеніміне, жынысына қарамай сайлау құқына бірдей ие. Депутаттарды сайлау тікелей, тең негізде және жасырын дауыс беру жолымен жүргізіледі.

Қазақ автономиясы Ресей федерациясына басқа халықтармен тең негізде енеді. Партия халық игілігі үшін қызмет етеді. Кедейлерді партия өз жолдастары деп біледі, обырларды дұшпаным деп есептейді.

Ресей федерациясында сөз, баспасөз, одақтасу бостандығы жарияланады. Жеке адамның ісіне қол сұғуға жол жоқ. Біреудің хатын иесінің рұқсатынсыз оқу жазаланады. Ешкім сотсыз тұтқындалып, айыпталмайды. Дін мемлекеттен ажырайды. Қазақтардың өз мүфтиі болуы тиіс. Халыққа қорған әскер жасақталуы тиіс. Әскери міндетін азамат өз жерінде өтеуі ләзім. Салық алу тұрғынның табысына байланысты. Бай көбірек, кедей азырақ төлейді. Балаларды оқыту жөнінде жоғарыда айтылғанды қайталай келе, бағдарлама мектептің автономиялығын қамтамасыз ету талабын қояды. Үкімет

мектептің ішкі ісіне араласпауы тиіс. Барлық мұғалімдер мен профессорлар қызметке сайлау жолымен тағайындалады.

I қазақ съезінде жер мәселесі айрықша талқыланды. Құрылтай жиналысы бұратаналарға әділеттілікпен қарап, жерін қайтарып беруі міндет. Олардың мүддесі толық ескерілгенше, талаптары заңды түрде қанағаттандырылғанша, қоныс аударушы келімсектерге жер бөлінбейді. Жер сатуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Жер байлығы — орман, өзен-су мемлекет меншігіне жатады.

Мінеки, бағдарламаның ұзын-ырғасы осындай. Одан қандай қорытынды туады? Ойласатын мәселе. Тарих үдесінен, осы заман тұрғысынан «Алаш» бағдарламасында ақыл жарыстырып толғайтын әңгіме жетерлік.

Біріншіден, Алаш партиясына деген бұған дейінгі көзқарасты қайта қарайтын мезгіл жетті. Алаш партиясы Ресей Кадет партиясының Қазақстандағы тобы ретінде 1905 жылы пайда болды дейтін бұған дейінгі үстем тұжырым күмән туғызады. 1917 жылы қараша айында ғана бағдарламасының жобасын жариялаған партия, бірде-бір съезін өткізіп үлгірмеген партия,— ол қалай тумай жатып «контрреволюцияшыл буржуазияшыл ұлтшыл партияға» айналмақ?

Екіншіден, жоғарыдағы ұлтшылдықтың иісі де сезілмейтін, Россияға қайтсем жағамын деп тұрған бағдарламаның қашан, қай съезде қабылданғаны әлі жете анықталмаған мәселе. Оны анықтайтын кім? Әрине, тарихшылар.

Үшіншіден, Алаш съездерінің құжаттарын мұқият зерттеу қажет. Оларды тарихтың күресіне тасталған керексіз көң-қоқыр десек, қателесеміз. Бүгінгі күндер республикалық газеттердің беттерінде әскер жасындағы қазақ балалары борышын өз жерінде атқарсын деген ұсыныс жиі-жиі көтерілсе, әйел, дін, тіл мәселелері күн құрғатпай талқыланып жатса, қазақ жерін сатуға болмайды деп Қазақстан мемлекеті Жоғарғы Кеңесі сессиясында пікірлер айтылып жатса, мұның өзі аяғы жерге тимеген мәселелеріміз бастан асатынын көрсетеді. Ендеше, өзім білемдікке салынбай, ағалар мәслихатына ден қоятын мезгіл жетті.

Осындай мәселелердің бәріне қанық Мағжан, 1917 жылдың желтоқсанында Орынбор қаласына сапар шекті. Ол мұнда зор үмітпен келді. Саяси жағдайға толық қанып алғысы келді. Кейіндер тергеушіге берген жауа-

бында ол осы кездегі көңіл күйін былай деп баяндапты: «В октябрьские дни я был недоумевающим зрителем». Расында да, Ресейде өтіп жатқан шым-шытырық оқиғалардан адамның басы айналатын еді. Партия дегендердің көптігі сондай, аяқ сүрінеді. Бір-бірінен айырып ала алмайсың мадқапыда. Ахаң айтқандай, «лайсаң заман» туды. Заң жоқ. Қорғалайтын пана жоқ. Бірігіп қам қылмаса, жағдай қиын. Елге пана боларлық әрекет жасау керек. Ол үшін ұлттық мемлекет құру жөніндегі мақсатты жүзеге асыру қажет. Қай уақытта? Қалай? Міне, мұны кезекті съезд шешуі тиіс. Мағжанның Орынборға келуінің мәнісі — осы маңызды іске ат салысу.

II жалпықазақтық съезд 1917 жылғы желтоқсанның бесінен он үшінә дейін өтті. Мұнда Мағжан қазақтың талай әйдік азаматтарын кезіктірді. Омар Қарашевпен, Абайдың бел баласы Тұрағұлмен танысты.

Бұл съездің өткендегі біріншісінен өзгешелігі «Алаш-орда Ұлт кеңесін» құрды. Сөйтіп, «Қазақ» газетінің (1917 ж., 14 қараша) мына «лайсаң заманда» өзімізді қорғайтын күш керек, «Сол күшті реттеп жұмсайтын кеңес орындар керек. Барша қазақ бірігіп, әуелі «Ұлт Кеңесі» деген орын жасау керек. Өйткені күнде өзгеретін құбылмалы уақытта үнемі бас қосып съезд шақырып отыра алмайсың, — деген ұсынысы құдай ондап, іске асуға айналды. Ұлт Кеңесі жиырма бес мүшеден құралып, одан он орын қазақ ішінде тұратын орыс және басқа ұлт өкілдері үшін қалдырылды.

Тез арада Конституция жобасы қаралып бекітілуі тиіс деген қаулы және қабылданды. Халық Кеңесіне бұл бағытта шұғыл шаралар қолдану жүктелді.

Съезд қызу айтыс үстінде өтті. Ішінара келіспей қалушылық орын тепті. Әсіресе Алаш автономиясын жариялау тәртібін қарау барысында съезге қатысушылар біраз жерге барып қалысты. Біршама облыс өкілдері автономияны дереу жариялайық десе, өзге облыс өкілдері бұл мәселеде асығыстық жасамау керек деп отырып алды. Ұлт Кеңесі алдымен милициясын құрып алсын, Түркістан автономиясындағы қазақ қауымымен ақыл қоссын, басқа ұлт өкілдерінің де келісімін алу қажет. Сол жұмыстарды атқарып шығайық. Автономия жариялау қашпас деді. Қарсы жақ көнбеді. Өйте берсеңдер Түркістан автономиясына қосыламыз деп қиғылық салды.

Мағжан кенет бұрқ ете түскен тайталасқа қатты на-

заланды. Әйтеуір дес бергенде съезд делегаттары бір мәмлеге келді. Ұлт Кеңесі яки Алашорда бір ай мерзім ішінде Түркістан өлкесінде тұратын қазақтардың Алаш автономиясына қосылатын, қосылмайтындығын анықтауға міндеттелді. Олар көнбеген жағдайда қазақтың басқа облыстары атынан автономия жарияланады, ал келісім берген күнде Алаш автономиясы құрылғаны дереу ресми хабарланады.

Ұлт Кеңесінің мүшелігіне Халел Досмұхамбетов, Ахмет Бірімжанов, Халел Ғаббасов, Мұстафа Шоқаев, Әлихан Бөкейханов, Жанша Досмұхамбетов, Әлімхан Ермеков, Мұхаметжан Тынышбаев т. б. жиыны он бес адам сайланды. Осы мөлшерде олардың кандидаттары аталды.

Ұлт Кеңесі бастығы қызметіне балама негізде үш адам дауысқа түсті (Ә. Бөкейханов, Б. Құлманов, А. Тұрлыбаев). Көпшілік дауыспен Ұлт Кеңесі яки Алашорда төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланды.

Съезден Мағжан үлкен жүк артып қайтты. Халыққа білім беру туралы Міржақып Дулатов жасаған баяндама бойынша нақтылы шаралар белгіленді. Ең қиыны — қазақ тілінде оқулықтар әзірлеу. Бұл істі жатпай-тұрмай қолға алатын арнаулы комиссия құрылды. Комиссия құрамына Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Мағжан Жұмабаев, Телжан Шонанов енгізілді.

Сөйтіп, тегі, тарихы, мәдениеті, тілі бір, қазақтары басым Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарынан, Ферғана, Самарқандтың қазақ уездерінен Закаспий облысының Амудария бөлімінен, Алтай губерниясының көршілес қазақ болыстарынан тұратын территориялық-ұлттық автономия жарияланбақ. Оған «Алаш» аты берілмек... Қуаныш үстінде Мағжан Көкшетау уездік қазақ съезін өткізіп келді.

Бірінші қазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына ұсынылған кандидаттар (жиыны 43 адам) өткен сайлауларда толық өткені Алаш қозғалысының елде беделінің күшті екендігін аңғартты. Сол сайланғандардың жуан ортасында елдің сүйікті ақыны Мағжан Жұмабаев та жүр еді.

Амал не, қуаныш ұзаққа бармады. Қырсыққанда қымыран іридінің кері келді. Алаш автономиясын ресми түрде жариялау үміті көтерілген сағымдай жеткізбеді. Алашорда үкіметі өзі құрылғаннан кейінгі Ресей билігі-

нен дәмелі үкіметтерден өзін ресми тануды өтінді. Бірақ бұлардың қай-қайсысы да теріс айналды. Алашорданы Сібір автономиясы министрлер советі мойындамады. Ал 1918 жылы қыркүйекте құрылған Н. Авксентьевтің Бүкілресейлік уақытша үкіметі дейтін «Алашорда үкіметі қызметін тоқтатты» деген қаулы шығарып үлгерді.

Қылышынан қан тамып, Колчак шықты. Ұлт Кеңесінің басшылары енді осы бір орыс адмиралынан дәме етті. Қазақтың әкімшілік-шаруашылық құрылымын үйлестіру жөніндегі Колчактың тіке нұсқауымен ұйымдастырылған комиссияда Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханов баяндама жасады. Баяндамасының соңын мынадай мәлімдемемен аяқтады: «...Біз мұнда бауырларыңыз есебінде келдік. Қырғыз (қазақ.— Ш. Е.) халқының ойында ешбір бөлектенейін деген пиғыл жоқ. Ол Россиядан іргесін аулақ салғысы келмейді. Біз — батысшылдармыз. Халықты мәдениетке баулу әрекетінде біз Шығысқа, Монғолияға қарап телмірмейміз. Біздің есіл-дертіміз Батыста. Мәдениетті біз сол жақтан, Россия арқылы, орыстардың көмегімен алмақшымыз»¹

Адмирал Колчак жіби қоймады. Тек қазақтардан әскер сұрай берді. Зеңбірек жемтігін талап етті. Қазақ автономия ала ма, алмай ма,— оны Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы шешсін деп алдарқатты.

Бұл кезде Мағжанның жайы да мәз емес-ті. Ол алғаш рет абақты дәмін татып шықты. Түрмеде алты айдай бозарды. Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты дегендей, Мағжанның сорына Омбыда өздерін социалистерміз деп жариялаған Үш жүз атты партия пайда болды. Мемлекет орнының құқығын өз бетімен иемденіп алған осы партияның Орталық Комитетсымағы ақын Мағжан Жұмабаев бостандықты сүймейтіндігі үшін ұсталып қамалсын деп қаулы етеді. Сөйтіп, оқулық жазу үстінде жүрген ақын абақтыға түсті. Бұрын тұтқындағы Жақаңа жаны ашып өлең жазса, енді өз мұңын шағып жырлады. «Ғазизаға», «Жан жарымды бір сүйейін түсімде» т. б. өлеңдер қапаста туған еді. Жас жан торға түскен торғайдай шырылдайды. Елін сағынады. Көзіне мөлтілдеп жас келеді. Арқаның мөлдір бұлағынан қайта сусындармын ба деп армандайды. Балғын жан сол күйі қайғыдан өксіп сөнер ме еді, қайтер еді,

¹ *Алаш-Орда. Сборник документов. Составитель И. Мартыненко. Кзыл-Орда. 1929, с. 116, 117.*

егер ел намысы қайрамаса. Өзінді де, жастарды да жаны, дейді бір ойы. Сары уайымға берілме. Ой тереңіне сүңгу керек-ақ шығар. Бірақ жастар үшін қазір ой толғағынан туған күмәнді қағида қажетсіз. Жастардың ұлт ар-намысын қоздыр, құлдыққа, бұғауға деген өшпенділігін туғыз. Олар елім, жерім дегенде кеудесінен ашы айғай шығатындай етіп жаз. Ол имандай ұйыған сыр мынадай өлең жолдарына ұласты:

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін.

«Сағындым».

Бұл ғажайып өлеңді білмей өскенімізге қапаланамыз. Тек жұбаныш ететінің: ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеп өсіруге Мағжан уақытын дәл тауып оралды ма дейсің.

Қаңтардың аяғында қамалған Мағжан мамырды тауыса бір-ақ босанды. Түрменің темір есігі ашылған күні қаладан кеткенше асықты. Мамық көліне ұшты. Жайнап, жайрап жатқан дала шалғынына аунады. Ауылда жүріп, «Бірлік» қоғамы және Сәкеннің Ақмолада жүріп ұйымдастырған «Жас қазақ» ұйымы бірге қосылып, жалпықазақтық жастар съезін өткізгенін естіді.

Жастар съезі «Біз совет өкіметін қолдаймыз, тек ол бізге қысым жасамаса» деген сынайда қарар қабылдады. Жастар ұйымы бұдан былай «Жас азамат» аталатын болды. Осы есімді газет шығару ұйғарылды. Редакторлығына Қошке Кемеңгеров бекітілді. Мағжан «Жас азамат» газетіне «Ғазизаға» т. б. бірталай өлеңдерін бастырды. Күз түсе өзі де қалаға бет алды. Ауылда қашанғы жатады. Жаз айында қазақ тілінде мұғалімдер курсы ашылады деп естіген. Бір жағы өзінің педагог мамандығын ескеріп, 1918 жылдың күз айында Омбыға қайтып оралды. Курсқа педагогика, тарих, қазақ әдебиеті мен тілі, дін пәндерінің мұғалімі болып орналасты. Басында курсанттар жатақ үймен, стипендиямен қамтамасыз етіледі деп еді, жеме-жемге келгенде қаржы оқитын үйді ұстауға және мұғалімдердің жалақысын төлеуге ғана жетті.

Дәл осы 1918-дің күзінде Омбыға арып-шаршаған, азын-аулақ қаражаты мен құжаттарын вокзалда ұрлатып сорлаған бір мүсәпір қазақ баласы келді. Қаладағы

жамағайындарының бірін тауып алып, сол арқылы курс үйін тапты. Бала жігітті бұл күндерде белгілі ақын Мағжан Жұмабаевтың өзі қабылдап отыр. Ауыл баласына бәрі таңсық. Мына бір қалаша мұздай киінген жас ақынды көргенде ол аузын ашып, көзін жұмды. Есіне «Сұлу қыз, әсем жігіт бәрі сонда» дейтін қазақ өлеңі түсті. Үлкендеу қой көзі нұр шашып аймалап тұрғандай. Құдай бір берсе, үйіп төгеді-ау. Анау мөлдір қара бұйра шашы, желбезегі кеңдеу келісті қыр мұрыны — бәрі жиылып келіп ешкімде жоқ әр береді. Көркем жігіттің келбетінен ішкі нұры төгіліп, мен ақынмын дегізіп тұр.

Ертіп келген кісі жүдеу, шоқпыт киінген бала жігітті Жаманшұбардағы Сибан руынан Мұқан деген кісінің баласы. Аты Сәбит. Әкесін ертеректе жұтып қойған, жетім деп таныстырды. Өлең шығарады, шығарғандары әжептәуір деп мақтағанда, манадан үнсіз тыңдап отырған Мағжан сәл жымыып: «Ә, солай ма?» деді. Жата-жастана ақындығының қандай мөлшерде екенін көрерміз дегені ғой. Әрі бай, әрі тірі тұрған әке тұсында оқимын деп, тұрмыстың қатулы жақтарының ащы дәмін татып қалған Мағжанның жетім-жәутіктерге қатты жаны ашитын, оларға қолынан келгенше көмектесуге тырысатын. Ақын қаражатсыз Сәбитке қора-қопсы тазартатын, ауыл адамы үшін түк те емес, бірақ тамағын асырайтын жұмыс тауып беруі үстіне, ерекше қамқорлығына алды.

Сәбит бұл жолы Мағжаннан бір жыл бойы тағлым алды. Оқып, білім алып қана қойған жоқ. Курста өткен сабақтарын былай қойғанда, онымен бір пәтерде тұрды. Тарихтан көзін ашып, ой көкжиегін кеңейтіп, Египет, Грек, Рим сияқты цивилизация негіздері қаланған мемлекеттердің адамзат мәдениеті іргетасын қалаудағы рөліне көз жіберді. Бұл сабақтардың қазақша конспектілерін жазғанда Сәбит Мағжанның хатшысы сияқты болып алды: кешкі уақыттарда Сәбитті өз бөлмесіне шақырып алады да, диванға қисайып жатып, орысша кітаптағы тексті оған қазақша диктовать етеді¹.

Бір жыл бойы Сәбит мұғалімнің қасында ғана емес, ақынның (және қандай ақынның!) қасында эстетикалық

¹ Мұқанов С. «Өмір мектептері». Екінші кітап. Алматы, 1955. 93-бет.

көзқарасын қалыптастырады. Мағжан шәкіртіне өзінің жарияланбаған өлеңдеріне дейін оқытты. Сәбиттің өз өлеңдерін сынады. Осы тұста айтысып қалатын кездері болған. Мүмкін бұл айтыстың сипаты дәл «Өмір мектептерінде» баяндалғандай, ауыл молдасынан қара танып қана үлгерген ауыл баласының ұстазына таптық күрес ережелерінен дәріс оқуына ұқсамауы да. Сәбең кітабындағы ағымдағы саясат салқыны тиген жерлерін елеусіз қалдырып, әңгіменің төркініне үңілсең, жас талаптың жазушылық мәдениет уызына Мағжандай ірі талант иесінің өзінен қанғанына көз жеткізесің. Ұстазы Сәбитке тіпті баспа жүзін әлі көре қоймаған туындыларына дейін оқытуының өзі қаншаға тұрады. Кез келген ақын өйте бермейді. Басылмаған шығармасын құпияда ұстауға тырысады. Мағжан Абайдың: «Ұстаздық еткен жалықпас, //үйретуден балаға» деген өлең жолдарын жиі еске алады екен. Дәрігерлер Гиппократ антын қалай сақтаса, Мағжан да Абай сөзін солай сақтайтын. Осы себепті де ол өзінің «Педагогика» сияқты тамаша еңбегін «Ұстаздық еткен жалықпас» пен аяқтайды. Сәбитке жарияланбаған өлеңдеріне дейін сеніп тапсыруы ұстаздың шәкіртке деген адал көңілін білдіреді.

Мағжан мұғалімдер курсына сабақ бере бастаған күз әлетінде Омбыдағы саяси ауа райы тағы да күрт өзгерді. Бұл жолы енді Қолчак төңкеріс жасап, өзін Ресейдің жоғарғы билеушісі деп жариялады. Қолчак Алашорданы үкімет есебінде танудан бас тартты. Ешқандай автономия бермейміз, сен оны желкеңнің шұңқырындай көре алмайсың деді. Ол ол ма. 1918 жылы 4 қарашада Алашорда үкіметі жойылды деген жарлық шығарды. Қолчактың самодержавиелік, қан сасыған саясаты Мағжанды әуел бастан-ақ жирендірген. «От него несло монархией» деп жазды ол кейіндер, 1938 жылы абақтыда жатып жазған түсінігінде. Мағжан «Бостандық» өлеңін сол Қолчак ұсқынды диктаторларды шенеуге арнады. Бостандық — қасиетті құс. Ол зорлық-зомбылықты көтермейді. Қандай диктатураға да ол шыдай алмайды. Ғарышқа қайта ұшып кетеді. Ал Бостандықтан айрылғаның, бақыт-берекеңнен айрылғаның. Өлеңді оқығанда осындай қорытындыға келесің. Келесің де, ақынның әулиелігіне, сәуегейлігіне қайран қаласың.

Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар,
Тілегің болды — қуан, күл.

Бостандық — ізгі періште
Кетпекке ұшып ғарышқа
Ақ канатын комдап тұр,—

деп кектенді Мағжан. Кектеніп қана қойған жоқ. Қауіп ойлады. Ақынның жай адамнан айырмашылығы — ол сезімтал келеді ғой. Кеңес халқына төніп келе жатқан қайғы-қасіретті ол қалай сезген десеңізші. Колчак диктатордың орнына дәл сондай қанқұйлы диктаторлар келіп, Бостандық көзден бір-бір ұшып, оның салдары қандай болғанын тәптіштеп жатпасақ та жұртқа белгілі ғой...

«Дәл осы тұста Шығысқа бет бұрдық,— дейді Мағжан 1938 жылы 6 қаңтар күні жазған бір түсінігінде.— 1919 жылы қыс түсе Бөкейхановпен ақылдастық. Колчак үкіметі қасындағы жапон консулымен байланыс орнаттық. Оған Россия баспасөзінің сол кездегі жайы жөнінде мағлұмат бердік».

Өзгесін білмеймін, «жапонмен байланысына» күмәндімін. Ежов тергеушісі тұтқынға ойына не келсе, соны істеткен ғой. Солай жазасың деп бұйырса, амалың не... Ал 1919 жылдың қысында Колчак үкіметінің күлі көкке ұшқанын ескерсек, күмәніміз зорая түседі.

Дегенмен Мағжан өлендерінде Шығыстан үміттену мотивтері пайда бола бастағаны рас. Батыс, яғни Ресейден қайыр жоқ. Елге Бостандық күні енді Шығыстан келетін сияқты. Әрине, «жапон жансызы» болғандықтан емес. Алаш азаматтары сол тұста Шығыста лаулай бастаған ұлт-азаттық қозғалысының жалыны шарпи ма деп дәме тұтты. Шығыс — жер жүзі революциясының мықты резервіне айналғанын Владимир Ленин де айтқан болатын.

Тоқ етері, ақ гвардияшылардан да, орыс демократтарынан да біржола көңілі қалған Алашорданың қайсыбір жетекшілері наразы ойға шомды, бұрынғы райларынан қайтып, жаңа жол іздеп шарқ ұрды. Мағжан колчакшыларды Ібіліс әмірін жүргізген шірік жүрек сасықтарға теңесе, Ахмет Байтұрсынов орыс демократтары дейтіндерге саяси сенімсіздік білдірді. Колчак құламастан алты-жеті ай бұрын, 1919 жылдың наурызында майдан шебінен жасырын өтіп, қызыл комиссар Әліби Жангелдинмен жолығып, Совет өкіметі жағына шықты. Өйткені коммунистердің ұлт мәселесіне барынша көңіл бөліп, қазақтарға көкसेген автономиясын беруге іс жүзінде кіріскендері байқалды.

Былай деп ойлауға артық емес: егер Алаш құжаттарына қол қойып жүрген үш басшы: Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Ғаббасовтар, батыс алаштарының жетекшілері Жанша және Халел Досмұхамбетовтер Ахаңның тілін алса, 1919 жылдың басында Советтерге қарсылығын тоқтатса, алаш азаматтарының қаны азырақ төгілер ме еді, қайтер еді. Жалғыз Байтұрсынов емес, сол кездегі ел ақсақалы Шәкәрім қажының сақтандырғаны және бар. Шәкәрім Құдайбердиев: «Орыс әзір тына алмас», «Болмас па екен тайталас» деп 1917 жылдың өзінде-ақ азамат соғысы туып кетуінен қауіптенеді. Сондықтан ол орыс ақ пен қызыл боп тірескенде қазақтың бейтарап қалуын жақтаған.

Бола берсе таласы,
Екі нардың арасы,
Шыбындай ғой шамасы.
Өлмей ме қазақ алдалап,—

деп байқас жүруге шақырады. Амал не, қарттың сөзі естір құлаққа жетпеді.

Мынадай фактіні қалай бағаласақ керек? Алашорда съездерін ұйымдастыруда мұрындық болған бірден-бір күш — «Қазақ» газеті, оның басшылары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов болды десек, тек шындықты айтқанмыз. Солай бола тұрса да, екеуінің есімін Алашорда Ұлт кеңесінің құрамынан көрмейміз? Неге?

Осы арада Мұхтар Әуезовтің бір наразылық пікірі еске оралады. Алашорданың кей белсендісі қозғалысқа мидай араласып жүрген ақын-жазушыларға сенімсіздік білдірмесе де, жоғарыдан төмен қарайтын мінез көрсеткен. Оларды «өлеңшілер» деп мысқылдайтынды шығарған.

Ахаң енді өзімен бірге барша Алаштың Совет жағына шығуына күш салды. Совет өкметі кек сақтамаймыз, еркімен берілсе бізге қарсы соғысқан қазақтарға тимейміз, кешірім жасаймыз деп уәде беріп отыр. Енді қасарыса бермей, бағытымызды өзгертелік деп Ахаң батыс алашордашылармен келіссөз жүргізді. Өз жиналыстарында Жанша Досмұхамбетов, тағы басқалары Ахаңның ұсынысын жөн көрді. Тіпті сөзден іске көшкен батыс алаш жасағы Қызылқоға түбінде ақ казактарды ойсырата жеңді, генерал Акутинді штабымен қолға түсірді, жүздеген жауды тұтқындады, қару-жарақтарын тартып алды.

Мағжан 1920 жылғы 5 наурызда Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің мәжілісі болғанын, онда Алашорда батыс бөлімінің жойылуы туралы шешім қабылданғанын естіді. Мәжіліске комитет председателі Пестковский, қазақтардан Әйтиев, Әлібеков, Арғыншиев, Бегімовтер қатысқан. Алашорда әскерін татар полкына қосыпты. Ал Алаштың көрнекті басшыларын Москва, орталық басқа да губернияларға қоныстандыруды ұйғарған (елімен байланысын үзу үшін). Мағжанның сол жылы жер аударылғандардан таныстары Жанша мен Халел Досмұхамбетовтер еді. Бұлармен араға екі-үш жыл салып, Ташкенде кезігетінін ол білмейтін.

Бұл өзгерістің бәріне Мағжан басында қуанып қалып еді, не керек, қуанышы ұзаққа созылмады. Совет өкіметі орындарында кекшіл пиғылдағылар басым екені сезілді. Қып-қызыл белсенділер қазақтың өзінің ішінен де танаурап шыға келді. Шаш ал десе, бас алатындар Мағжанға алғашқы таяқтарын сілтеп те үлгерді.

Қызылжарда 1920 жылы мұғалімдердің советтік курсы ұйымдастырылды. Оған әдебиет пен педагогика курсынан сабақ беруге Мағжан Жұмабаев шақырылды. Бірақ көп ұзамай «Ертегі» поэмасын оқығаны үшін Кенесары мен Сыздықты дәріптедің деп Мағжанды оқытушылықтан босатады.

Ақын көңілі құлазып сала берді. Кеудесіне шер толды. Сол 1920 жылы Мағжан жиырма жетіге шықты. Ақын жүрегі бір сұмдықтың келе жатқанын сезіп, көзіне жапан түзде қалған моласы елестеді. Шерлі көңілден «Жан сөзі» өлені туды. Жүрек әмірін істеген ақын енді қайран: «Айға шапқаны» теріске шығып отыр. Енді «ессіз жүрегін» айыптауға мәжбүр. Жан даусы шықпағанда қайтеді?!

Енді қарап отырсақ, заулап тұрған отқа түсірген жүрегі Мағжанды еш алдамаған. Елін-жұртын сүйген жүрек әмәнда алданбақ емес. Түбінде солай болатынын ақынның өзі де сезген. Сондықтан өзіне-өзі:

«Қажымай Айға шапқан арыстан ед,
Сабаз-ай, сол жолда мерт болды!»— дер ме?—

деген сұрақ қояды. Бұл сұраққа біз ақын сөзін қайталап жауап беретініміз хақ.

Сонымен бірге ақынның ендігі «күнім қараң» дегені де шындыққа айналды. Сәбит Мұқанов өзінің баспасөз-

де жариялаған бірінші еңбегін — «Түсімде» атты фельетонын («Еңбекші қазақ» газеті, 1922 жылғы 22 ақпан.) «Жұмабаевтың байшылдық сырын символикалық түрде әшкерелеуге» арнайды.

Бұдан біраз уақыт өткен соң Сәбең Қызылжардағы Совпартмектебіне оқуға түседі. Бір әдебиет кешінде Мағжан өлеңін оқуға келеді. Мұны сол кезде бағы жанып тұрған большевик Угардың көзі шалып қалады. Угар ақынды сахнаға шақырып алып, жұрттың көзінше ұрсып ақырады. Ол ақыруын Сәбит Мұқанов «Өмір мектептерінде» орыс тілінде айтылған күйінде келтіреді:

«— Ты, алашордынский последыш, перестань морочить голову советских людей, со своими бредово-контрреволюционными стихотворениями!.. Неужели ты не понимаешь, что твоя песня спета?..»

Осының алдында ғана Угар Жәнібеков милиционерлерімен келіп, есіктердің бәріне қарулы күзет қойғызған. Әмірлі дауыстар естілген. Сөйтіп, әдеби кеште таптық принциптің үстемдік алуы қамтамасыз етілген.

Мағжан жанын қояр жер таппады. Қайда барса да қаңқу сөз соңынан еріп қалмайды. «Тап жауысың» деген бір пәле талақтай жабысып, айырылар емес. Бұл жөнінде тағы сол «Өмір мектептерінен» мынадай жолдарды оқып, жаның қасым болады:

«Бізге халық алдында Мағжанның және өзге алашордашылардың халыққа жау екендігін әшкерелеуге тура келді. Осы мақсатпен біз 1924 жылдың басында Орынборда Мағжанға әдеби сот жасадық».

Сотта қорғаушы ссебінде тағайындалған Рабфак оқушысы Жәкен Сәрсенбинді залда отырғандар айғайлап сөйлетпей қояды.

Айыптаушы рөлін атқарған Сәбит Мұқановтың ұсынысы бойынша сот қаулы етеді:

«1. Жұмабаев қазақ халқының, онымен қатар, қазақ халқына қамқор болып отырған Совет өкіметінің қас жауы деп танылсын.

2. Оның барлық шығармалары оқылудан алыну өкіметтен сұралсын.

3. Бұдан былай советтік баспасөз бетінен Жұмабаевтың шығармаларына орын берілмесін»¹

Осыдан айналдырған бес жыл көлемінде уақыт өткен

¹ Мұқанов С. «Өмір мектептері». Екінші кітап. Алматы, 1955. 511-бет.

соң жазушының жазушыға шығарған үкімі мүлтіксіз орындалды.

Жә, енді өзін қаралағандарға Мағжанның жауабы қандай? Біреуге айтылуға тиісті сөзің аузыңнан шықпай қалса, көп уақыт күпті боп, өзіңе-өзің риза болмай, ренжіп жүресің ғой. «Өмір мектебінде» Мағжан — үндемес қаһарман. «Ұсқынды кара-сұр кескінмен сүзіле қараған Угарға Мағжан төмен қарап, жауап қатпады»¹ Мағжанды сынағандар ғана сөйлейді. Ал қараланушының, айыпталушының тарапынан ешбір сөз естілмейді. Тіпті қорғаушы есебінде тағайындалған Сәрсенбиннің өзіне «сотта» сөз бермейді. Қарсы сөйлегенді басқа-көзге ұру, үнін шығармау — сол кездегі идеологиялық күрестің ең өзін ақтаған әдісі еді.

Шынында да, газеттер маңына жолатпаса, сөйлейтін мінбесі жоқ болса, Мағжан айтайын дегенін ішке бүкпегенде қайтеді? Дегенмен бауыздалған мал да тұяқ серіппей өлмейді. Мағжан дұшпандарының атын атап айтысқа түспегенмен, оларға жауап беруге тырысты. Оның «Жолдасқа», «Толғау» өлеңдерін, «Алқа» үйірмесіне арналып жазылған «Табалдырық» атты бағдарламасын оқыған адам Мағжанның айтыскерлік, полемистік мінезінің қандайлық екендігін аңғаруға тиіс.

1922 жылы Қазанда «Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері» атты кітап шықты. Соған енгізілген «Жолдасқа» деген өлеңнен мынандай жолдарды оқимыз:

Эй, эй жолдас жас жігіт,
Қику салған лепірген,
Кетті ме әлде жын соғып?
Аузың мұнша көпірген!

Құдықтан ішіп, жас жігіт,
Оған сірә түкірме.
Кетер сені сел соғып,
Басыл, жаным, көпірме.

Бір француз білгірі айтқан екен: «Бывают эпохи, когда общественное мнение — самое скверное из всех мнений» деп. Мұның қазақшасы «Көп ит бір жақ, көк ит бір жаққа» саяды. Ақын жоғарыдағы қос шумақта дұшпандарының тамақ жыртқан лепірме айқайына, шексіз өшпенділігіне қарсы сермейді сын семсерін. Өзіне тым сенімді екенсің, соңшама бұлқан-талқан болып ашу ша-

¹ Сонда, 168-бет.

қыруың қалай? Әлде түбін шикі ме? Дұшпандарының кісілігі, ар-инабаты, құлықтылығы да айтуға тұрмайды. «Жақсылық етпесен, жауың қайдан шығадының» керін келтіріп отыр. Бұл — қарсыластарының портреті.

«Жолдасқа» атты өлеңі сегіз шумақтан тұрады. Ұзақ-тау өлең. Басқа шумақтарында ақын дұшпандарымен идеялық күреске шығады. Айтыс философиялық сипат алады. Өзінің қарсыластары секілді «Аттан, эне кетті жау!» деп айқайға баспайды. Өкіметке «жоғалт көзін!» деп арыз түсірмейді. Философиялық жолдар Мағжан дұшпандарының дүниетанымын сынап, олардың жоғарыда суреттелген бет-әлпетін толықтыра түседі.

Дуниенің діңгегі,
Қарын дейсің, жалғыз-ақ,
Күнді көрмей көктегі
Болма, жаным, жапалақ.

Бұл жолдар дәрекі, социалогизмнің иесін меңзеп тұрған жоқ па? Кіндік тұсыңа телміру, бас көтермеу — адамдық кейіптен айырылу деген сөз. Жан-жағыңа қарайламай, қызыл өңештің ғана қамын ойласаң ғұмыры жарық көрмейтін жапалақтан ондай адамның несі артық? Болмыс пен сананың ара қатысын «бәрін тұрмыс билейдіге» саю қате.

Мағжан пікіріне қосылмасқа амалың қалмайды. Болмыс («бытие») пен тұрмыс («быт») ұғымдарын шатастыру тұрпайылық тұйығына әкеп тірейтіні сөзсіз. Осы тұрғыдан ақынның: «Идеал жоқ, тәңірі де жоқ» дейсіндер. Енді не бар? Доңыз ба? деген пікіріне ден қоймай тұра алмайсың. Шынында да, арманы, мұраты жоқ кісі несі кісі? Ал енді өлеңнің атеизмге қарсы айтылған тұсына келсек, мұны баяғыдай қылмыс деп бағаламауға керек. Құдайын ұмытпау — бұл медреседе тәрбиеленген ақынның жеке басының ісі. Мағжан тек өз жол сорабын мезгейді. Сені нокталап, соңымнан ерсең де ересің, ермесен де ересің деп отырған жоқ.

«Жолдасқа» өлеңінің ендігі бір жолдары социология саласына қатысты. Мағжан елін тап-тапқа бөліп атыстыруға өзінің қарсы екенін жасырмайды. «Тапсыз бүтін бір елмін» дейді. Әрине, бұдан Мағжан бай мен кедейді айырмады деген ұғым тумайды. Ілкі «Шолпан» жинағынан бастап, «Тоқсанның тобына» дейінгі шығармаларын шын зейін қойып оқыған адам Мағжанның қазақ қауымы әлеуметтік дертін бір кісідей-ақ білгеніне иланады.

Қоғамның әлеуметтік жіктерін жіліктей алғанына еш күмән келтірмейді. Мағжан не айтқысы келген «Тапсыз бүтін бір елмін» дегенде? Міне, осыған жауап іздеуіміз керек. Мағжанның мақсаты айқын. Ел бүтіндігін, бірлігін сақтау. Онсыз да езіліп-жаншылған бодан халқын бай, кедей қылып бір-біріне айдап салып қырқыстырмау, өзгенің мүлкіне көз алартқызып ниетін бұзбау. Мағжан үшін жеке тап мүддесінен ұлт мүддесі қымбат. Ол не көрсем де халқыммен бірге көрсем дейді. «Толғауында» «Мен еліме басшы емен, // Мен еліме қосшымын. // Күлкісін гүлге бөлейтін. // Жыласа бірге жылайтын», — дейді ақтарыла.

Мағжан өлеңдерінен біз «халық жауы», «қыр», «күлін көкке ұшыр» деген адамды адамға жауықтыратын сөздерді ұшыратпаймыз. Оның жиреніп, ытырынып айта-тын сөздері «доңыз» бен «қоңыз». «Үндеме, сазайын өзі тартады дейтіні де бар. Соңғысын мен қазақы мінезден туындайды дер едім. Қазақ ішінде адамды өлімге қию ғасырлар бойы ұмытылмайтын сирек оқиға. Біреуді өлтірген кісіні өлім жазасына кесу әбден мүмкін. Сонымен бірге кісі өлімі үшін құн төлеуге де рұқсат. «Қалқаман — Мамыр» поэмасында Шәкәрім сондай бір трагедияны суреттегенде Қалқаманның руластарын тастап, батысты бетке алып қашуын үлкен айыпқа санайды. Өйткені есіл ерді ел-жұрты өлімге қиған еді.

Тіпті тап күресінің қақаған заңы бойынша да Мағжанды «халық жауы» деп айыптап, ақын жанын оққа байлайтындай негіз жоқ болатын. Мағжан ешкімнің обалына қалған жоқ. Алаш жасағында қызмет атқармаған. (Атқарғандарға Совет өкіметі кешірім жасағанын жоғарыда айтып өттік.) Қайда жүрсе де халық ағарту ісіне қызмет етті. Қайталаса сөкеттігі жоқ: ол әлдебіреуді жазала, жанын жәннәмға жібер дегенен. «Жолдасқа» өлеңінде ол тіпті дұшпанын «жаным» деп, оған ізгілік пен жауыздықтың оқуын оқып, «жолдастың» адамдық өреге көтерілуінен күдер үзбейді.

Мағжанға тағылған көп айыптың бірі — оның ғашықтық тақырыбына қалам тербеуі. Қисынын тауып, өңін айналдырып дегендей, мұны да Мағжанды жаңа заманға жат кісі етудің құралына айналдырады. Ондай жалақорларға: махаббат тақырыбына тыйым салсаң, дүние жүзінде неше ақын бар, бәрін де айыпта немесе қолыңнан келсе поэзияны мүлде жап деушілер табыла қоймады.

Жастықтың аты жастық. Ол опалаң-топалаң заманға қарай ма? Мағжан ақын жүрегі де жастықтың мастығына елтіді, махаббат отының майына еріді.

1918 жыл. Ғазизбайдың үйі. Бұл үй иелерінің мандайға басқан жалғыз қызы бар екенін жоғарыда айтылған әңгімеден білеміз. Әйелдер гимназиясының жетінші класында оқитын, екі бұрымы тоқпақтай, жайнаған көзі ескі сарғайған суреттен көрсең де күні бүгінге дейін жаның жадырататын сұлу. Осынау үйдің көркі ғана емес, күллі Қызылжар көркі. Сондықтан болуға керек, оған Қызылжардың мандайалды екі бірдей жігіті ғашық. Бірі — Мағжан да, екіншісі — шынжыр балақ, шұбар төс тұқымы, Омбы ауыл шаруашылық институтының студенті Асфендияр Әмір-темір ұлы Шорманов. Көрікті, ақылды, сәнді киінетін жігіт. Заманының серісі, ерке тотайы. Сол үшін Мағжан оны «граф» деп атап кеткен. (Асфендияр мен Ғазизаның суреттері «Ана тілі» газетінің 1991 жылғы 17 қаңтар күнгі санында жарияланды. Жариялаушы Шота Уәлиханов).

Қыз Асфендиярды сүйген. Көруге көз керек жігіт. Европаша киінген киімі қандай жарасымды. Мүдіріссіз, жатық, кішіпейіл сөзі, не айтса да жүрегімен айтатын үні құлаққа қандай жағымды. Қияқ мұрты, отты көзі, ойлы жүзі қандай арудың да көзін магнитше тартып әкетеді. Мағжан граф деп ат қойған. Десе дегендей. Бойына лайық бар мәнері сөйтейін деген ойдан емес, тәрбиеден. Әдетіне айналып кеткен. Мағжан графқа қай жағынан да есесін жібермейді. Ал аузынан шыққан сөзін естуге құлақ керек. Дүние жүзі ақындарының бар өлеңін миына бір жолын қалдырмай түсіріп алған ба дерсің. Қыз байғұстың торғайдай жауаңдаған жүрегін лезде арбап алатын сиқыры бар. Бірақ Мағжан ағасы, туысы. Сол сезімі басып кетеді. Ақын ағасының да «Ғазизаға» өлеңіне қарағанда, ғашықтықтан үзіліп кетейін деп тұрғаны байқалмайды. «Ғазизажан, қарашығым, бауырым» деген жолдан-ақ «адамда — бөле, малда — бота тату» деген мәтел еске түседі. Ағасын сорлатып түрмеге қамап қойғанда Ғазизаның егіліп жылағаны рас. Бірақ ол жылауда қазақ қызына тән бауырмалдық сезім көбірек, басымырақ.

Мағжанның махаббат жайлы өлеңдерінен жастық буы, сүйіспендік ләззаты жалын атады. Тағы біреуінен шынайы махаббаттың мөлдір сезімдеріне қанығасын. «Н-ға» атты ұзақ өлең төрт кісінің тағдырынан ақпар

береді. Біреуінен Мағжанның жастық шағынан әдемі елес көз алдыға келеді. Ол «Алтын мүйіз» ресторанында «Н-жанмен» махаббат отын маздатып отыр. «Н» осы Қызылжардың Қуанышев деген байының бойжеткені Жәмила деседі. Кім болғанда да, өлең кейіпкері — екі жас. Көңілдері хош. Бойжеткенді бауырына қысып сүйіп отырған Мағжанның ойына сол кездегі ел ішіне кең тарап кеткен оқиға түседі. Осы сәтте махаббат өлеңі сатиралық реңк алады. Оқиғаның кейіпкері — өзімізге таныс бәз-баяғы граф. Ақын құрбысын жеңіл әзілмен қағытады. Көз алдымызға сүйгенін (бұл жолы Әминә деген қыз) күте-күте «мұртына күректей мұз қатқан» графты алып келеді.

Өлеңнің былайғы барысынан тағы бір қымбатты ағамыз жайында құнды дерек алып серпілеміз. Графтың сарыла күткен қызы басынан бұлыңғыр оқиғаларды көп өткізген. Бұл қыз сонау Семейден ат арытып келген Мұхтар Әуезовке де белгілі болса керек. Жеңіл жүрісті қыз енді өлең кейіпкерінен, проза кейіпкеріне айналады. Мұханның 1925 жылы жазылған «Кінәмшіл бойжеткені» осы қыз. Жас жазушының әңгімесінде біреуге кінә қою үшін алдымен өзің адал бол деген ой айтылады. Соловьев деген балуанмен ашыналығы қалаға жайылып кеткен қыздың бөтен қаладан келген жазушыға көңілі кетеді. Ал Мағжан талай ел қонып, жайлап көшкен жерден графтың не іздеп жүргеніне таң.

Асфендияр мен оның жігітшілігі хақында қалжың-әзілде құрбыластықтан басқа да негіз бар. Мағжанның алғашқы әйелі Зейнеп Шоқан Уәлихановтың інісі Жұқып төренің қызы Қадияшадан туған. Ал Шормановтар ежелден хан тұқымымен ілік-шатыс. Шоқанның шешесі Шорман әулетінен. Шормандарға құдандалы жұрттан қыз алған Мағжан Асфендиярға зілсіз қалжың айтса, әрине, сыйымды.

Зейнептен Мағжан Граждан атты ұл көрген. Тағдырдың жазуымен ақын үшін қымбат осы екі жан бірінің артынан бірі опат болды.

Зейнебі баладан дүние салды. Артынша тұла бойы тұңғышы шетінеді. Бұл шамамен 1917—1919 жылдардың арасы. Мағжанның «Жан жарымды бір сүйейін түсімде» деген өлеңі 1918 жылы түрмеде отырғанда жазылған. Семьясын көруге зарығып сағынғаны бейнеленеді.

Өмір нені ұмыттырмайды? Оның үстіне аумалы-төкпелі заманға тап болды. Әлдебір шым-шытырық, қым-

қуыт оқиғалар шаңы астында Зейнеп қайғысы бірте-бірте басылды, ұмытылды.

1920 жылы Омбыдағы мұғалімдер курсы Қызылжарға ауыстырылды. Курске басшылық ету Мағжанға тапсырылды. Әрі үйреншікті пәндері бойынша сабақ береді. Міне, осы кезде Мағжан жүрегін үлкен сезім билейді. Курста математикадан сабақ беретін Гүлсім деген әйелге ғашық болады.

Бұл махаббаттың тарихы кәдуілгі құйынды елестетеді. Далада — тақ-тақ жол үстінде оқыстан ұйтқып соғып, оқыстан тыйылатын табиғат құбылысы тәңірінің қаһарындай ма дерсің. Сол құйынға тап қылмасын. Тап қылған жанды бір тітіркендіруін тітіркендіріп жібереді. Құйынға ұшыраған қайсыбіреу шошынып, бет-аузы қисайып кеткен оқиғалар кезіккен. Ал сезім құйынға айналса ше? Мағжан мен Гүлсімнің бұл өмірде кездесуі ары кеткенде бір жыл көлеміндегі уақыттан аспайды. Екеуі күрт сүйісіп, күрт айырылысқан. Сезімдері жаңағы құйындай ұйытқыған. Гүлсімнің бай күйеуі Мағжан мен әйелі арасын біліп қалып, үйін көшіріп әкеткен.

Гүлсім жаннан өткен сұлулығы үстіне тәкаппар, қол жетпейтін аспандағы ай сияқты әсер етеді екен. Шалқыған байдың еркетотай әйелі бола тұра, сонау Петербуртта педагогикалық институтты бітірген. Өзі жанды көзіне ілмейді. Міне, сол тәкаппар ару жүрегіне өлең жол табады. Бар-жоғы екі шумақ. «Гүлсім ханымға» деп аталады. Бұл өлең авторы ғашығын айға, күнге, не бір асыл тасқа теңейтін жыршыға ұқсамайды. Сұлудың сұлулығын өз жүрегіне еткен әсері арқылы жеткізеді. Соған лайық жан естімеген соны сөздер табады.

Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?

Реті келген соң айта кетейік, Гүлсімге арналған өлең Мағжанды «Ол әйелдің теңдігін керек қылған жоқ, қойнын керек қылды» деп сынайтын Сәбит Мұқановқа да қатты ұнаған болуға керек. Олай деуге себеп — кейін тұтас бір романын Сәбең «Ботакөз» атады. Сол «бота көз, сиқырлы сөз» Гүлсім ақын жүрегінің ең бір түкпіріндегі асыл сезімдерді тұтатып, өзіне ғана емес, әдебиетке қандай асыл жолдар сыйлатты.

Жоғарыда біз бұл махаббаттың тарихы бар дедік. Ол

Мағжанның нәсер жауындай құйған керемет өлеңдерінде бұрын кездеспеген қуатпен асыл құпия сезімдерін жарыққа шығарған. Бұл тарих Мағжанның қатыгез ауыр тағдырындағы өмірден татқан аз да болса, саз сыйы. Шын бақыт ләззетін өзі ғана қанып ішкен жоқ, соның қандай болатынын «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», «Күміс нұрлы ай» т. б. өлеңдерін жазып, кейінгі ұрпағын да байытты, адам жанының небір тылсым рақат сәттерін сөйлетіп, рухани әлемімізді жаңа бір өреге көтерді.

Сөйтіп, шырқау биігіне көтерілген отты сезім бірте-бірте сөнді. Сұм өмір қаталдығын істеп, екі жасты аяусыз айырып жіберді. Үйреншікті ортасын тастап, Мағжанның етегінен ұстауға Гүлсімнің батылы жетпеді. Әндеткен жүрегін өзі тұншықтырды. Өлең табиғатын нәзік сезінетін білімді жан ақын құшағына құлап түскенмен, күйкі тұрмыс құрсауынан босана алмады. Айырылысар шақта Мағжанына ақырғы арызын өлеңмен айтты:

Жүрәкләр тәңірісі отлы!
Көзіңнің шағласын меннен
Көшір өзге бір алгүлгә,
Сикырлы йылдызым, тездан!¹

Кәнеки, бұдан соң Гүлсімді ақын емес деңізші. Дей алмайсыз. Бір ауыз өлеңге қаншама сыр сыйып кеткен. Сұлу әйел ақынды жүрек тәңірісіне теңеген. Соның алдында тізесін бүгіп жалынады. Мені арбап алдың. Құшағыңнан сытылып шығу маған қиын. Неде болса өзің құтқар. Жанып-күйіп барам. Тағдыр бізге қосылуға жазбапты. Мен сені сүйемін. Өмір бойы бір сен деп өтпекпін. Тек өзің жаққан отты өзің сөндірі!—деп тұрған жоқ па?

Гүлсімнің жүзінен төгілген жұмақ нұры, аузындағы мұнды жыры ақын жүрегін қак айырады. Сүйгенінің жұртында қалғанға жүрегі құрғыр сыздап шыдатпайды. «Махаббат не?» өлеңінде ол:

Махаббат — бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой бұл жүрек,
Тамшылап одан қан ағар,—

деп күрсінеді. Махаббаттың тәтті уын жүрек сіміреді, сіміреді де көзден жас боп төгіледі, дейді. Ақынның сол

¹ Жұмабаев Мағжан. Шығармалары. Алматы. 1989, 464-бет.

кезде қандай күй кешкенін «Бота көзім, өлтіріп кет қолыңнан!» деген бір-ақ жол айтып тұрған жоқ па? Сол күндерде жазылған «Күзді күні», «Болса гүлсіз» сияқты шерге толы өлеңдер өксігін баса алмаған жүректен туған.

Мағжан жастық дәуренмен қоштасты. Гүлсіммен бірге бар қызығы кеткендей күй кешті. Құлазыған көңіліне бір орыс символисінің өлеңі орала береді. Өлең орысшадан өзінен-өзі тәржімаланып, қазақ тілінде сарнай ма қалай?.. «Мені де, өлім, әлдиле... Әлдиле, өлім, әлдиле» деген желдей ызындаған сарын мазаны алып бітті. Ақыры ақ қағазға түсірмеске амалы қалмады.

ШАЛҚЫҒАН ШАБЫТТЫ ШАҚ

Жайнаған жаз көреді адам алдын,
Өткен күн — көңілсіз күз, желді, салқын,
Қуаныш, қайғыменен қатар жүрмек,
Болмайды толық минут жүзі жарқын.

Мағжан. «Өмір».

«В начале 1921 года я переехал в Петропавловск как редактор областной газеты...»

Ежов зынданында отырып, тергеушінің иек қағуымен сүйкей салған бұл жолдардың үзік жерінде қалып қойғаны тұтқынның өзін-өзі көрсетуі: Совет өкіметіне қарсы күрестім, түркі халықтарын Жапон басшылығымен (жапон бір түріктердің Меке-Мединесінде) біріктіру үшін үгіт-насихат жүргіздім деген сияқты жаттанды жала. Ал күмәнсіз шындық — Мағжан Жұмабаевтың Ақмола өңірі Қазақстан құрамында қалуына байланысты өзі редакторы болып істейтін «Бостандық туы» газеті редакциясының Қызылжарға көшірілуі, Мағжанның осы қалаға келуі.

Айырылысқан махаббаттың мәжнүндікке ұласуы шарт емес. Гүлсіммен бірге өткізген соңғы түн күтпеген жұбаныш әкелді. Мағжан өзін бейне сүлеме аурудан тұрғандай сезінді. «Тірілдім» деген өлеңі сол мезетте жазылған. Кейіннен айтылған бір жорамал бойынша, өлеңнің «алашты тірілту» мақсатымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

1921 жылы Қызылжарға келгенде Мағжан енді қалған аз-маз ашық күндерінің, одан соңғы азап жылдарының айнымас серігін кезіктірді. Ол «жан жолдасыңмын, өл-

сен бірге өлемін!» деп маңдайынан сипап жұбатқан Зылихасы еді.

...1988 жылғы тамыздың он екісі. Алматының оңтүстік-батыс жағы. Астананың сол жақтағы ең шеткі үйлерінің бірі. Атап айтқанда: 9-ықшамаудан, 25-үй, 65-бөлме. Осы бір ені үш аттам, ұзындығы одан сәл көбірек тар бөлмеде Мағжанның бәйбішесі Зылиха апай, немересі Ұлжанмен бірге тұратынын естігем. Енді сол пәтердің есігін қағып тұрмын. Басында тықылдатып едім, жауап болмады. Жан жоқ сияқты. Апырай, жолыға алмас па екенбіз?— деп кобалжи бастадым. Ол кезде Қазақ ССР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры кезім. Әрі Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытовтардың творчествосын қайта қарап бағалау жөніндегі Комиссия председателінің орынбасарымын. Қайта құру заманының жақсылығын тез пайдаланып қалғымыз келеді. Кім біледі, «көн қатса, қалыбына түседі» дегендей, дүдәмәліміз зор. Бір кезде көрші Қытай Халық Республикасында «Пусть цветут сто цветов» деп даурықтырып, артынан шын сеніп қалғандардың жайын тапты емес пе. Өз елімізде де ұқсас оқиға болды. Хрущев әкелген жылымық біраздан соң қатқыл аязға айналды. Сол себепті асығыспыз. Зерттеуімізді қалайда жедел аяқтап, қорытындысын Комиссияға, соңынан Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетіне табыс ету үшін ақ тер, көк тер боп, күн-түн демей еңбектенудеміз.

Осы ойдың жетегінде тұрып, есікті тым дүрсілдетіп жіберсем керек, қарсы есіктен орыстың бір сары қарын тартқан әйелі шықты. Ұрсып тастай ма екен деп қипақтап қалып едік, тілеуің бергір, сабырлы кісі екен, мәнжайды сұрады. Біз келген шаруамызды айттық (қасымда фотограф бар болатын).

— Қарт шешейді білем. Немересі жоқта кейде барып шайын қойып берем. Қазір, бір минут,— деп тысқа жөнелді.

Біз бұған таңырқап ере шықтық. Сөйтсек, бірінші қабатта тұратын Зылиха апайдың терезесін қағу керек екен. Терезесін қағып еді, ар жағынан үлкен кісінің өзі келді. «Ашыңыз есікті!» дегендей белгі берді. Сөйтіп есігін ашқызды. Құлағының ауырлығынан Зылиха апай есікті тарсылдатқанды естімепті.

Зылиха апай — бүйрек бет, алақан көз, бойын әлі тік ұстайтын кісі. Дауысымды қаттырақ шығарып, өзімізді

таныстырып өттім. Келген шаруамды айттым. Мағжанды түбегейлі ақтау жұмысының барысын қысқаша баяндап бердім. Бәрін бір сөзін қалдырмай естіді, түсінді. Тек қойған сұрағы:

— 1960 жылы Мағжан ақталған. Енді тек шығармаларын жарыққа шығаруға рұқсат берсе...— деді.

— Апай! Айтқаныңыз дұрыс. Бірақ Махаң екі дүркін сотталды ғой. Сіз айтқан ақталуы — 1937 жылғы тағылған айыптан ақталуы. Енді 1929 жылғы айыпты қайта қарауды өтініп, Қазақ КСР Прокуроры Ғалым Елемесов жолдасқа хат жолдадым,— дедім.— Өлендерінің де еліне, халқына еш зияны тимейді, пайдасынан басқа. Соны да дәлелдеуге тиістіміз.

Зылиха апай көңілі құлазығандай:

— Тағы біразға созылады десеші. Төрімнен көрім жақын. Мағжанымның ақталғанын көре алмай кетемін бе деп қорқамын,— деді.

Мен қазір заман өзгергенін, құдай қосса осы жылдың аяғына дейін ақынның ақталғанын еститінін айтып едім, иланғандай болды. Басын изеп, айтқаның келсін деп, іштей күбірлеп, бетін сипады.

Зылиха апай сөзін татаршылап құрып жібереді. Әкесі Құрманбай, шешесі Жәмилә — екеуі де қазақ. Тегі, татар мектебінде оқығаны тілінің ерекшелігіне әсер етсе керек. Әйел адамның жасын сұрамайды. Мен сұрауға батылым жетпей отыр еді, Зылиха апайдың өзі айтты.

— Жылым — жылқы. Мағжаннан бір жас кішімін,— деді.

Үйге келген соң жыл қайырып көріп едім, тоқсанның төртеу-бесеуінде екен.

Зылиха апайдан Мағжан туралы әңгіме айтып беруді бір мен ғана сұрамаған болуым керек. Мүдірмеді. Салып алған соқпағы бар тәрізді. Сонымен тарта берді. Менің өзіме мәлім өмірбаянын баян етті. Сөзін бөлгем жоқ. Ара-арасынан мен білмейтін мағлұмат табылар деп. Расында, солай болып шықты. Менің білмейтіндерім, әрине, әлі көп. Мәселен, әкесі Бекеннің Мағжанды Омбыға жібермей молда еткісі келгендігі.

Омбыдағы мұғалімдер семинариясында Мағжан үздік оқиды. Қаражатсыз киналып жүргенде, бір орыс байы бес жүз сом стипендия тағайындап, соны азық қылады.

— Семинарияны отличной бітірә,— деді Зылиха апай мақтанышпен.

Зылиха апай кереуетінің үстінде отыр. Мен осы аядай бөлмедегі орындыққа қонжығамын. Кереует аласа. Әрі темір торлы. Отырғанда шұңқырына үйелеп қаласың. Апай тым төменірек отыр. Мен оған жоғарыдан төмен карағандай бір түрлі ыңғайсызданамын. Бірақ амал жоқ. Бәрі үй тарлығының кесірі. Әйтеуір әңгімемізге бөгет жасамаса жарар. Табиғи ширатылған әңгімеден шындық көбірек өрбиді. Зылиха апайдың не айтқанын ғана емес, қалай айтқанын да қадағалаймын. Менің бір ризашылықпен байқағаным, Зылиха апайдың мінезінде ашынғандық, ызаға қайнау белгісінің жоқтығы. Ол кісінің көрген ит қорлығын ешкімнің басына бермесін. Басқасын былай қойғанда, Мағжанның туысымын деп жүретін кейбіреулер қария намысына тиетін неше түрлі өсек-аяң жүргізеді, ақ шашты басына талай пәле-жаланы үйіп төгеді. Сонда да ол өзін орнықты, сабырлы ұстайды. Қайтеді оларды? Білгендері сол болса... Мағжаны ақталсын. Көңілінің шуағын, бар жылылығын ол Мағжанына арнайды.

— Бейшара ақ жарқын кісі еді. Бөтенге жаманшылығы жоқ,— деп қояды Зылиха апай сөз арасында.

Ол лебізінің өзі қымбат. Жүзді иектеген ақ шашты анадан махаббат жайын қалай батылың барып сұрайсың? Тіпті білгің келсе, Зылиха апайға арнаған өлеңдері бар. Соған үңіл. Немересі Ұлжанға айтқан сырлары бар шығар. Айтпақшы, Ұлжаннан естіген бір жәйтті оқушы назарына ұсына кетсек, артықтығы жоқ. Карелия орманында айдауда жүрген Мағжанды іздеп барған бір жолы Зылиха апай көп бейнет көрсе керек. Орман ішінде адасып, қияқты шөпке аяғын тілгілетіп, лагерьді өлдім-талдым дегенде эзер тапқан. Зылиханың өрт сөндіргендей түрін көрген Мағжан жылап жіберіпті. Қазақта кездеспейтін мінез көрсетіп, Зылиханың қан-қан балтырын құшыпты...

— Қарағым-ай, мен үшін не көрмедің сен!— деп, көзінің жасын тыя алмағанда Зылиханың өзі айналып-толғанып эзер қойғызыпты.

Зылиха апай Мағжан екеуінің тату тұрмыс құрғандығын басқа ретпен келтіріп отыр.

— «Сен» деп, жаманшылық сөзге келгеніміз жоқ,— деді ол. Сөйтті де орамалымен көзін сүртті. Жас шықпаған көзінің айналасы кенет қызара қалды.

— Мағжанға жаман сөз келтірмедім. Елу жыл Мағжанның қатыны атандым. Мағжанға жаман сөз келмесін

дедім. Бағзы біреулер: «Байға шығып кет»,— деп жаны ашығансыды. Ондай ұятсыздыққа бармадым. Кішкентайымнан бірге өскен Мағжанды қалай қиып біреуге айырбастамақпын?

— Келін боп түскен жерім — Сасықкөл. Мағжанмен 1922 жылы қосылдық,— деді ол тағы да арғы тарихтарына оралып.

Бұдан арғы әңгіме Мағжанның көзіп көрген немере інісі Ғадылша Қаһарманұлының «Сүйген сұлу» атты естелігіне («Жұлдыз» журналы. 1991, № 2) ұқсайды. Мағжанның Зылиха апайға арнаған өлеңдері біздің топшылауымызша төрт өлеңнен тұрады: «Сенсің, досым, жібек мінез, жібегім», «Ғ...Ға», «З-ға», «Сүйгенім анық» туындылары. Ғадекең өз естелігінде бұларды бұлтарғысыз құжат есебінде санайды. Өзінің Мағжан — Зылиха хикаясын солардағы жолдармен бекітіп отырады.

Мағжанның Зылихаға арналды деген өлеңдерінің кейбірінде әжептәуір ақындық қоспа бар. Мәселен, «З-ға» өлеңінде жас күннен бірге ойнап күлген, артынан жас өспірімдердің достығы алғашқы махаббатқа айналады. Өстіп жүргенде балаң жігіт оқуға аттанады. Шет жерде жүргенде қыз көңілден ұмыт болады. Шет жері — Үпі я Омбы. Сол қалаларға Мағжанның оқуға аттануы. Қыз күте-күте қайғыдан сарғайып, ақыры жарық дүниемен қош айтысады. Ақын Зылихасының башқұрт саудагері Мұхамедияров Хасанға ұзатылуын «өлдіге» санауы лирикалық кейіпкердің көңіл күйінің құлазуын жеткізу үшін өзінше бір тәсіл сияқты. Бұл өлеңдерге тән нәрсе — Зылихаға деген айнымас махаббат. Жырақта жүріп сүйгенін ұмытқанына ақын өзін кінәлі санайды.

Зылиха мен Мағжан алғаш рет 1905—1906 жылдары шамасында Қызылжар медресесінде кездескен сияқты. Бір жағынан бұлардың туыстығы бар. Мағжанның анасы Гүлсім Әшірбекқызы Құрманбаймен бауырлас. Зылиха күйеуі Хасанға Мағжанды «апайдың баласы» деп таныстырады.

Алғашқы махаббатты Мағжан балалық махаббат деп атайды. Бұл сезім ұялшақ, әрі тілге олақ. Тек әлдене күш алып ұшқан көңілдерді бір-біріне ынтықтырып тұрады. Оңаша жолығысқанда қыздың бетінен өпкеніңнің өзі дәреже. Мағжанның «З-ға» атты өлеңі сезімде өмірге құштарлық рухын ойнататын туынды.

Жүрсек те жұрт көзінде жай таныстай,
Жақын бір тілдеспей-ақ, хат алыспай.

Көзге көз түскенінде қызарысып,
Бір ауыз сөз айтуға бата алыспай,—

деп жырлайды пәк сезімді бала күндерін ақын.

Әр адам өмірінде алғашқы махаббат сезімі әр түрлі реңк алады. Бірінде ұмытылады. Нағыз үлкен махаббатын басқа біреуден жолықтырады. Кейбіреулерінің балаң сезімі оты сөне жаздап барып, қайта тұтанады. Мағжан мен Зылиха махаббаты арасына соңғысы тән.

Қыз бала — ел көркі. Он бестан он алтыға шыққан қыз — гүл жарған бәйшешек. Кімнің де көзін өзіне тартпай тұрмайды. Зылиха да сол жасында құлпырып, көздің жауын алды. Қызылжар қазағына дейін татар әніне ғашық. Осындағы жастардың салты: кешқұрым жиналып ән шырқайды. Жесір шешесінің рұқсатымен (Құрманбай XX ғасырдың табалдырығын аттар-аттамаста дүние салған) олардың жуан ортасында Зылиха жүреді. Ғанипа атты көршінің қызы бар. Гармонды тартқанда ішпеген кісіні еліртіп, делебесін қоздырып жібереді. Зылиха гармон тартуды үйрет деп Ғанипаға қолқа салады. Ой, деген, ол да бір дәурен. «Ғалиябануды» қалай шырқатушы еді сол кештерде.

Аяғындағы итеген,
Былғары икән ұлтаны.
Сине сөйми, кемне сөйім,
Халил бәғрәм, сылуым иркәм,
Син бит ирнең султаны,—

деген тұстарына келгенде Зылиха жүрегін ұстайды. Өйткені осы тұсты шырқағанда бұйра шаш Мағжан еске түседі. «Жігіт сұлтаны» десе дегендей. Жүрегің шөлдеп тұратын сөздерді Мағжаннан басқадан естіп көрмеген.

Зылиха он беске шыққанда толысып өсті. Бойы сырықтай болмағанмен, сұңғақ, талдырмаш. Мағжаннан бойы сәл пәстеу, ал оның көрші тұратын ұстазы Міржақыптан биіктеу. Міржақып Мағжанға орыс тілінен сабақ береді. Сымбатты жігіт. Ақын. Өлеңдер жинағы шыққан деп естиді. Сол кісі жуықта Ғанипаның інісінен хат салып, суретін беріп жіберіпті. Зылиха ішек-сілесі қатып күлді де, хатты фотосымен қайырып жіберді. «Мұның не? Одан артық қандай жігіт таппақсың?»— деген Ғанипаға Зылиха дәнеңе демеді. Тек күліп, оң қолымен иық тұсын көрсетті. Ғанипа ишараны түсінді. Міржақыптың бойы тапалдау болатын.

Зылиха жолдас қызына жүрегім бос емес деп шешілген жоқ. Не деп шешіледі, егер жігіт сұлтаны Мағжан

әлі шешуші сөзін айтпаса. Үпіге оқуға аттанарында: «Мені күтемісің?» деді. Бұл күтуін күтті, бірақ ол хабарсыз кетті.

Осымен алғашқы махаббат жібі үзілуге таянды. Оқуын аяқтай алмай жүр дейін десе, үйіне оралыпты. Хабар-ошарсыз. Зылиха он тоғызға шықты. Ол кездің түсінігінде бұл енді кәрі қызға айналып барады. «Сарымсақтың сабағы сары деймін, жиырмаға шыққан қыз кәрі деймін». Қазақ ішінде осындай өлең айтылады. Сондықтан башқұрт саудагері Хасан айттырып келгенде шешесі Жәмиләнің бір көрмеген кісіге әрі мосқал тартқан адамға шығасың деуіне қарсылық көрсете алмады. Тағдырына мойынсұнды. Бір жағы «жігіт сұлтанына» өкпесі қара қазандай болды ма екен, кім білсін?

Бір қызығы — алғашқы махаббат жібі бұдан кейін шиыршықталып есіле берді, бірақ үзілмеді. Жүректері бір-біріне қарсы таңбалы магниттей тартыла ма, қалай. Мағжан қыз мінезді, ұяндау. Оның есесіне тәуекелі зор. Ақынның әміршісі — жүрегі. Жүрегінің дегенінен асып кете алмайды. Сол үшін талай от басты. Бірақ қайтеді, құдай жазған мінезі. Жүрегі меззегенінен бұрыс кетпейді. Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқи жүре, ауылына бара жатқан жолда жүрегі «Зылихаға қалай соқпай кетесің?» деп зарланды да тұрды.

Зылиха жігіт сұлтанын аулаға кіргеннен-ақ таныды. Үстіндегі киген киімі семинарист формасы. Жамылғы шапан, жасыл түсті фуражка бұрынғы Мағжанды өзгертіп жіберсе де, жүрегі су ете түскеннен-ақ кімнің келгенін сезе қойды. Форма қандай жарасады өзіне. Зылиха іштей опынса да, сырын білдірген жоқ. Келген қонағын жатсынбай қарсы алды. Шай ішілді. Ыдыс-аяғын жинап, кіріп-шығып жүргенде Зылиха Мағжанға көз қиығын тастап қояды. Екеуі де үнсіз. Бір уақта Мағжан орнынан тұрып, терезеге қарады, содан есігі ашық қалған ұйықтайтын бөлмеге көз тастады. Зылиха ернін тістеді. Мағжан қайтуға жинала бастады.

Өстіп бұлар үздік-создық кездесіп тұрды. Бірде Зылиханың Омбыға жолы түсті. Мағжанды көрді. Әминә Қунашевамен танысқан-ды. Сонымен бірге жүргенде жолығып қалды. Қызылжарда іркіп қалған, ішін тесе жаздап жүрген сұрағын Мағжан осы жолы қойды. Сұрағының астарында сүйген жүрегінің назы да бар екенін абайлау қиын емес-ті.

— Тегі, мәселе бұрын шешіліп қойған ғой, хатыма жауап болмады?

Лайымда әйел жұрты сөзден ұстата ма? Бар кінәні шешесіне аударса салды. Бір жағынан шындығы да сол. О заманда әйел баланың ата-ана еркінен шығып кетуі мүлде сирек кездесетін оқиға. Қазақ әйелінің қайғы-қасіреті ортақ. Малға сатылып жүре береді. Зылиханың сөзі дәлелді. Мағжанның өзінен де бар.

Тағы бір ұшырасу Мағжанның «Сенсің, досым, жібек мінез, жібегім» атты өлеңінде жыр жолдарына құйылыпты:

Есінде ме? Бір жыл... күздің күні еді,
Күзді күннің салқыншалау түні еді,
Жарын тастап, түнде мені бақшаға
Көру үшін іздеп келген кім еді?

Мұны қайталап, қара сөзбен әңгімелеудің қажеті шамалы. Паркте оңаша кездескен екі жас жүректерінің сыр-ын айтыспаса, басқа қандай әңгімелері болуға мүмкін?

Арада біраз жыл өтті. Жәй өтпепті, Мағжан мен Зылиханың тағдырларына өзгеріс енгізіпті. Екеуі бірдей құдай қосқан жарларынан айырылыпты. Бұл — 1919 жыл. Зылиха — Ақмолада. Күйеуі Хасан сонда көшіп барған соң біраз уақыттан кейін қайтыс болды. Жылын берді. Зуылдап уақыт өтіп жатыр. Мағжан сол екі ортада Гүлсіммен кездесіп қалды. Жас жігіттің басына нелер келіп, нелер кетпейді. Гүлсім — тұрмыстағы әйел. Арты неге соғар екен? Зылиха қызғанады. Бірақ не шара...

Тесік моншақ жерде жатпайды. Жас жесірге көз тастаушылар табылды. Солардың бірі — Жанайдар Сәдуақасов. Қызылжан Совет атқару комитетінің төрағасы болып айдарынан жел есіп тұрған кезі. Ол қазақшылық жолымен шешесінің аузын алды. Дәл осы кезде Мағжан Жәмилә деген қызға үйленбекші деген хабар дүңк ете түсті.

Мына заман бас білмейтін тағы жылқы сияқты. Қайда сүйреп апарары белгісіз. Мағжан өзінің былайғы өмір жолының қиындығын уайымдайды. Сол қиын жолда жасымай, ауыр жүгін бірге көтерісетін, ыстық-суығына шыдасатын өмірлік жар керек. Жәмиләнің сыры бұған бимәлім. Ал Зылиха екеуінің ой-сезімдері бір жерден шығатынын талай рет байқады. Мұның өзі ерлі-зайыпты тұрмыстың қалыптасып кетуінің басты шарты деседі ғой... Мағжанға «жасыма!» дейтінін қайтерсің. Әйел жі-

гері ерге қайрақ. Мұндай жанға қалайша табынбассын?

Қарындасы Жамалдың ұзатылған тойында бір есте қаларлықтай оқиға болды. Тойға кешігіңкіреп келсе, мұнда айттырып жүрген Жәмилә да, соңғы кезде көңілі құлай кетіп жүрген Зылиха да отыр екен. Қай құдайдың итермелегенін білмейді, әйтеуір Зылиханың қасынан орын таңдап, иықтасып отырды да алды. Мұны көрген қалыңдығы Жәмилә көзіне жас толып, тойдан кетіп қалды.

Сол тойдан қол ұстасқан күйі шығып, Мағжан мен Зылиха Қызылжардан қоныс аударды.

«Қоныс аударды» деп айтуға ғана жеңіл. Екеуінің үйленуінің өзі бір хикая. Жанайдарға қызын бергісі келетін шешесі Зылиханың Мағжанға шығуына қарсы. Енді не істемек керек? Қызылжарда қазақ қыздары мен келіншектерінің басын қосып, оларды қоғамдық істерге қатыстыратын, саяси көзін ашатын, ойын-сауық қоюға тартатын «Қиргизклуб» деген ұйым істейтін. Зылиха осы клубқа мүше. Ол кезде жұрт оқу десе, ішкен асын жерге қояды. Ата-ана балаларын қайтсе оқуға берудің амалын қарастырады. Осының пайдасы Мағжан мен Зылихаға да тиеді. Зылихаға Орынбордан оқуға шақыру қағаз келді. Оқуға барамын деген соң шешесі рұқсатын берді. Мағжан бұрынырақ Челябинге жүріп кеткен. Со жерде қонақ үйінде он бес күндей күтіп жатады. Артынан алтын-күміс әшекейлерін сатып, қаражат жинап алған Зылиха жетеді. Бұл жерге Мәскеуге оқуға бара жатқан заң қызметкері, бір жағы күйеу бала Тәуфиқ Бердіғожин жеткізіп салады.

Бердіғожин — Мағжанның жиен қарындасы Жамалдың күйеуі. Жамал тірі, Алматыда тұрады. Әлі күнге ақын ағасынан көрген жақсылығын алғай отырып әңгімелейді. Жақсылығы — Тәуфиқ пен Жамалдың қосылуына тіке қатысы бар.

Жамал — Жақия деген кісінің қызы. Ол Мағжандарға жезде болып келеді. Өйткені Жұмабайдың қызының қызына үйленген. Жұмабайдың Қойлық деген бәйбішесі, Мәрзейнеп деген тоқалы, яки екі әйелі болған. Жамал сол Мәрзейнептің Ғалия деген қызынан туған. Жамалдың сіңлісі Сәфья — белгілі жазушы Хамза Есенжановтың жұбайы, 1992 жылы күзде дүние салды.

Қызға кім қырындамайды дегендей, Жамалды Мәулиұлы Зәкәрия деген жігіт айттырады. Жақия көніп қалады. Ал қызы Жамал болса, ол Зәкәрияны ұнатпайды.

Мұны сезіп қалған жігіт жағы қызды алып қашпаққа ыңғайланады. Бірақ совет заңынан қорқады. Ақылдаспаққа тергеуші Тәуфихтен кеңес сұрай келеді. Тәуфих, әрине, өзі көңілі кетіп жүрген Жамалға бұл әңгімені дереу жеткізеді. «Сақтан!» дейді.

Осы сөзді естіген Жамал жүгіріп Мағжанға келеді. Абыржыған қарындасына Мағжан: «Қорықпа! Еркінмен кімді сүйесің соған бар», — деп кеңес береді. Әңгіме Тәуфих жағына ауғанда Мағжан қарындасына кесімді ақыл береді. «Тәуфих — есті жастың бірі. Сүйсең, жолдастыққа әбден жарайды», — дейді.

Ағасы көңіліндегі сөзін дөп басты. Жамал үшін жанын беруге даяр. Алғаш бір тойда (Қашағанов Оспанбай дегеннің) танысқанда-ақ, бұған құлай берілді. «Сен үшін жаралдым» дегенді іштей айтысатын тәрізді. Тойда «көрші» ойынында қатар отырып қалыпты. Тәуфихтың Жамалды ұнатып қалғанын сезген құрбылары оны сынамаққа кіріседі. Сұрағандарға көршісін бермесе, жігіт айып тартады. Міне, осы кезде қу жігіттердің не жазасына да Тәуфих шыдап береді. Бұл қайсарлық қыздың жүрегін еріте түседі... Екеуі де «Кирклуб» мүшесі. Концерт қойысады. Концертте Мағжан жазып берген өлеңдерден Жамал декламация оқиды. Ойын-сауық кешінен жиналған тиын-тебен балалар үйіне жіберіледі. Шақыру қағазын алған кісі «ақысына» 25 сом төлейді екен.

Жамал мен Тәуфих «Ақтас» атты сауат ашу мектебінде де жиі жолығысады. Мұнда Жамалмен бірге атақты әнші Ермек Серкебаевтың шешесі Зылиха да оқитын. Бұларға Тәуфих орыс тілінен сабақ береді. Аралары одан сайын бекиді.

Жамал апай әңгімешіл. Мағжанның Гүлсімге жазған хаттарын тасығанын жыр ғып айтады. Мағжан мен Гүлсім Жақия деген кісінің үйінде кездесіп жүрген. Гүлсім Қызылжардың Большая садовая көшесінде тұрған. Мағжанмен айырылысқан соң Қазанға көшкен.

Сонымен, Мағжан Челябинден Зылихасын тосып алып, Орынборлатып, ақыры Ташкеннен бір-ақ шығады. Қатыгез тағдыры екі-үш жылдай алдарқатты. Сол сол-ақ екен, шабыты ағытылған бөген суындай тасыды. Бұдан соң — Мәскеуге оқуға аттану. Әрі қарай белгілі. Ерлізайыпты екеуі тікенек жолсызбен жалаң аяқ жүрді. Қайтеді, бұйырмыс солай да. Зылиха жұбайына қабақ шытпаған. Мағжан оған өмірі оңай болмайтынын ескерткенін. Бұған жары тиісті жауабын қайтарған. Жауабының

әдемілігі сонша, ақын өлеңіне сұраныпты. «Сенің таба-
ныңа кірген шөгір, маңдайыма қадалсын» деген анты
айна-қатесіз өлең жолдарына қаланды.

«Мәңгілікке, міне, қолым беремін,
Тағдыр оғын көтермекке көнемін.
Қайғыланба, атса атар алтын таң,
Жан жолдасым, өлсең бірге өлемін!»

Бұл жолдар «...Ға» өлеңінде осылай тырнақшаға алынған. «Саған жаным құрбан» деп уәде берген Зылиха сертінде тұрды. Ол декабристер әйелдерінің ерлігін он орап алатындай ерлік жасады. Сонау ит өлген жер Карелияға ол тентіреп он төрт рет барды. Декабристердің графиня, княгиня әйелдерін жергілікті жерлердің жандаралдарындай қарсылап алған оны ешкім болған жоқ. Зылихаға күш-қуат берген жұдырықтай жүрегіндегі зайыбына деген зор махаббаты, жауапты борышы еді.

Қайран Зылиха апай! Асылдың көзі екеніңіз рас. Осы хикаяның бәрін шерткенде сіз Қырымның курортына барып қайтқандай бір рақаттанып қалдыңыз. Оны мен сіздің ақ жарқын жүзіңізден, көңілді әңгімеңізден түсіндім. Соның бір үзігі тағы еске оралады.

— Мағжан Бутыркадан соң Карелияға жіберілді. Атуға кесіп еді, құдай иіп он жылға айдалды. Бақыт деген шексіз нәрсе көрінеді ғой. Оған да қуандық. Тірі қалды деп. Маған «кел!» деп хат жазды. Лагерьде бір ай бірге тұрдық. Қайткенмен сол кез отыз жетіден кейінгі кезден жақсы еді. Мағжанмен бірге Фетисов деген Ленинградтың профессоры срөгін өтеуде екен. Сол иманды болғыр Ленинградтағы үйінің адресін берді. Сонда тұрып жаттым бір уақ.

— Күнкөріс жайы қиын болды ғой?

— Е, қарағым-ай, не күнкөріс дейсің. Театрда осветитель болып істедім. Біреулердің кір-қоңын жудым. Мағжан үшін не істемеді дейсің, Мағжанға алты жылда он төрт рет бардым дедім ғой. Бір барғанымда қолыма бір хат ұстатты. Сөйтті де былай деді:

— Мәскеуде кезінде ала алмай қалған азын-аулақ гонорарым бар, соны алуға тырыс. Конвертте расписка бар. Хатты Горькийге табыс ет. Мәскеуге барсаң, оңай табасың. Дүние жүзі білетін жазушы.

Бұдан әрі Зылиха апай ұлы жазушымен жолыққанын әңгімелейді. Сөзге келмей қабылдағанын айрықша сүйсініп айтты.

— Горький тамаша адам екен. Қалың мұртын сипап

қойып, тапсырылған хатты байыптап оқып шықты. Анда-санда басын шайқап қояды. Маған шәй әкелтті. Бір шыны аяқ шәй іштім. Үлкен кісінің алдында шәй сораптап отыруға ұялдым. Горький телефон шалып, біреумен едәуір сөйлесті. «О» дыбысын жуан дауыспен созып, анықтап айтады екен. Мағжан хатының мән-жәйін біреуге түсіндіріп жатыр. «Қазақ оқушыларына — «Сұңқар жырын» аударып беріпті. Орыс жазушыларының ішіндегі ең білімпаз, мәдениеттіміз дейтін Брюсовтың шәкірті. Сол құрған Жоғары әдеби-көркем институтты бітіріпті. Келістік қой, Екатерина Павловна!—деп жаныма кіретін сөздер айтты жарықтық.

Сонсоң менің қолыма конверт ұстатты. Сыртында Кузнецкая, 24 деп жазылыпты. Ар жағын өзің білесің. Мағжан босанды. 1936 жылдың 2 маусымында. Қуанышымызда шек жоқ. Бірақ, не керек, бізге көп қуану жазбаған. 1937 жылдың бітер күні ұстап кеткенде көңіліме қобалжу кірді. Өкіндім. Мүмкін Карелия орманында жүрсе жаны қалар ма еді? Бірақ күні бүгінге дейін өлдіге қимаймын, қарағым. Құй сен, құй сенбе.

Зылиха апайдың айтуында, бақыттың дәмін Мағжан екеуі де татқан. Ол Ташкенде тұрған кез. 1922 жылдан бастап, 1923 жылдың күзіне дейін. Зылиха апай «үш жылдай тұрдық Ташкенде» деген. Онда бұл шаһарға 1921 жылдың аяқ шенінде келулері. Бұл мәселе әлі анықтауды қажет етеді.

Мағжанды Ташкенге шақыртқан Нәзір Төреқұлов. Бұлар келгеннен соң, біраздан кейін Мәскеуге қызметі ауысыпты. Мұндағы зиялы қауым қазақ ақынына құшағын айқара ашты. Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің органы — «Ақ жол» газетінде «Түркістан» атты көлемді өлеңін жариялады. Осындағы «Шолпан» журналының 4—5 және 6—7—8 сандарында жарияланған «Батыр Баян» поэмасы Мағжан Жұмабаевтың даңқын аспанға шығарды. Көп туындысы «Сана» журналында жарық көрді. «Ақан сері» атты көлемді мақаласы, бір топ өлеңдері жарияланды.

Ташкенде Мағжан өзінің сол кездегі сирек мамандықтың иесі екенін естен шығарған жоқ. Мұғалімдер семинариясын тегін бітірмегендігін дәлелдеді. Жолшыбай Орынбор қаласында бастырған «Педагогика» кітабын біраз өңдеп, мұнда қайта шығарды. Қазақ балаларына арнап, «Бастауыш мектепте ана тілі» кітабын жазды. «Терме» жинағында (1925) «Балаларға базарлық» топ-

тамасын сыйлады. Топтамаға ақынның «Аққала», «Сылдырмақ», тағы басқа өлеңдері енгізілді.

Ташкенде жас отбасының тұрмыстары оңала бастады. Жаңа алған келіншегі алтын-күміс сырға, білезік, басқа әшекей тағынып, құлпыра түседі. Қолы ашық Мағжан тапқан-таянғандарын ағайын, дос-жарандарынан аямаған.

Мағжан бұл өңірден ескі достарын тапты. Олармен бірге суретке түсті. Бір фотосуретте ортада Жанша мен Халел Досмұхамбетовтар, үшінші қатарда қолын бүйіріне таянып Мұхтар Әуезов тұр. 1921 жылғы тамызда «Қазақтардың Ленинге хатында» бір өкпе айтылған-тын. Совет өкіметі шынайы халық өкіметі болса, басшылыққа неге кілең орыстарды жібереді? Неліктен елдің жай-жапсарын, мұң-мүддесін білетін қазақ зиялылары орталыққа әкетілді? Осы қойылған сұрақ әсер етті ме, кім біледі, алаштың көрнекті азаматтары дәл сол кезде Ташкенде шоғырланғаны хақ. Мағжан Қазақ-қырғыз білім комиссиясына мүшелікке сайланды. Мұхтар екеуі мәдени-ағарту бағытындағы «Талап» қоғамын құрды.

Ақын жаңа достарды да іздеп тапты. Ш. Уәлиханов, Г. Н. Потанин, В. В. Радлов тәрізді қазақ рухани қорын жинауға ат салысқан ғалым Әбубәкір Диваевпен жүздесті. Башқұрт, татар, қазақ тілдерінде алмасып сөйлесіп, екеуі бір-біріне үйір болып алды. Ғылым тірнектеп еңбектенуден туады. Диваев ақсақал тіпті қазақ балаларының ерте замандағы ойындарына дейін қағазға түсіріп отырған. Ыждағаттылық, ұқыптылық деп міне, осыны айтады. Осындай ғалымға қолғабыс етіп көмектесуді Мағжан өзіне борыш тұтты. Ә. Диваевтың «Тарту» атты (1923) фольклорлық жинағын құрастырып шығаруға ат салысты, «Тартуға»,—деп ескертеді Мағжан кітапқа жазған кіріспе сөзінде,—таза мектеп балаларының оқу кітабы деп қарау керек...»

1923 жылы Мағжан Жұмабаевтың үшінші және ақырғы өлеңдер жинағы жарық көрді. Әдебиетіміз үлкен олжаға батты. «Жақсы сөз — жарым ырыс» деген. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген және бір сөз бар. Мағжан тұңғыш рет баспа жүзінде өз творчествосы туралы толымды да жүйелі пікір есітті. Және сыншылары қандай: қазақ әдебиетінің бетке шығарлары мен жарқын үміті — Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов... Мағжан кітабына кіріспені Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы

Сұлтанбек Қожанов жазды. 1923 жылы күзде Мағжанның Мәскеу қаласындағы Жоғары әдеби-көркем институтқа оқуға түсуі сол кездегі Түркістан партия және мемлекет қайраткерлерінің, жалпы жұртшылығының ақынға деген зор ілтифатын көрсетсе керек.

Біздің қолымызға Мағжанның өз қолымен толтырылған «Личный листок студента» атты құжат түсті. Листокпен танысқанда оны толтырған кісінің орыс тіліне жетіктігі және мөлдіретіп түсірген жазуының әдемілігі бірден көзге түседі. Қойылған сұрақтарға ол дәлмедәл, тұжырымды жауап қайтарып отырған.

«Жоғары оқу орнына түсерден бұрын қандай оқу орнын бітірдің?» деген сұраққа «мұғалімдер семинариясы» деп көрсетілген. «Ол қай жерде орналасқан?» дегенге «Омск» деп жауап қайтарылады. «Бітірдің бе сол оқу орнын?» деп сұраса, «ия» дейді. «Бұл жоғары оқу орнына сізді кім жіберді?» дейтін тұсқа Мағжан: «Түркістан Халық ағарту комиссариаты мен Түркістан Орталық Атқару Комитеті» деп толтырған. Мамандығын — мұғалім және газет редакторы деп көрсеткен. Ата-анасының кәсібін сұрағанда оның түрлерін листоктың өзі атайды. «Хлебопашество», «Рабочий», «Ремесленник», «Служащий» — сов и др», «Школьный работник» т. т. Мұның бірі де әкесінің кәсібіне ұқсамайтындықтан, Мағжан өз тарапынан «Скотоводство» деген сөз қосады.

Семья жағдайына байланыстысына Мағжан: «Женат. На иждивении находится жена» деп жауап береді. Мәскеуге Зылихасын өзімен бірге ерте келген-тін. Одан кейінгі жауаптары — «партияда жоқпын», «бұратана елдің баласы ретінде армияда қызмет етуге шақырылмадым» болып келеді. Сондай-ақ, 1918 жылдан ағарту қызметкерлері кәсіподағының мүшесі екенін, мүшелік билетінің нөмері 63414 екенін көрсеткен. Стипендия алама? деген тұсқа аламын, жауапты қызметкердің ставкасы 16-разряд бойынша депті. Қазіргі тұрағы: «уг. Каланчевской и Домишковой ул. д.25/27, кв. 2—3» деп көрсетілген. Анкета толтырылған күн 12 желтоқсан, 1923 жыл. Бұл Мағжанның I курсқа түскен кезі. Оқу орнының толық аты бланканың бас жағында көрсетілген: «Высший Литературно-Художественный институт». Кейін бұл жоғары оқу орнын ұйымдастырып ашқан, оның 1924 жылы қайтыс болғанға дейінгі ректоры В. Я. Брюсов есімімен атайды. Қазақша толық аты: В. Я. Брюсов атындағы Жоғары Әдеби-көркем институты.

Тағы бір қолға түскен құжат — ақынның өз қолымен жазылған «Декларация». Бұл хабарламаның жазылу мерзімі көрсетілмегенімен, 1925 жылы толтырылғаны анық. Өйткені Мағжан II курс студентімін депті. Мұндағы көңіл аударатын нәрсе — оның Қазақстан республикасынан 20 сом көлемінде стипендия алып тұратындығы. Осыны растайтын құжатың? — деген тұсқа куәлік қағаз тіркеліпті. Куәлікке Бүкілодақтық Атқару Комитеті жанындағы Қырғыз (қазақ.— Ш. Е.) Советтік Социалистік Республикасының өкілі Мырзағалиев пен хатшысы Қайбалдин қол қояды. Куәлік 1925 жылғы 28 наурызда жазылған. Қазақстан өкілдігінің орналасқан жайы «Ул. Воровского, Трубниковский переулок, д. 10» делінген.

Ақынның пәтері өзгеріпті. Бұл жолы тұрағы Новая лесная көшесі, № 44, 5 бөлме деп көрсетіледі.

Студентке күнкөріс керек. Қалада әйелінмен стипендияға тұру қиынға соғатыны түсінікті. Пәтер ақы, тамақ, киім-кешек шығындарын өтеуге қосымша көз қажет. Сәтіне қарай, бұл жылдары Мәскеу қаласында Құншығыс кіндік баспасы істеді. Баспа бастығы Нәзір Төреқұлов саяси жағынан Мағжанға қырын қарағанымен, шөміштен қысқан жоқ. Жазғандарын қолын қақпай шығарып тұрды. Мағжанның Мәскеуде басылып шыққан тәржіме кітаптарының тізімі мына төмендегідей:

Ленин. «Париж коммунасы». Аударушы Жұмабайұлы Мағжан. М., 1925; Максим Горький. «Сұңқар жыры». Аударушы Жұмабаев Мағжан. М., 1924. Вс. Иванов. «Төрт әңгіме». Аударған Мағжан. М., 1927.

Қып-қызыл белсенділер осы аудармалардың өзін тәржіма иесінің бетіне шіркеу еткісі келді. Біреулері кенесті алдарқатқысы келеді, оған біз алдана қояр ма екенбіз деді. Тағы біреулері: әшейін құлқыны үшін, әйтпесе Совет өкіметіне қайбір емшегі езіліп бара жатыр дейсің деді... Шын мәнінде, Мағжан жаңа заманның бет алысын түсініп білгісі келгенін жорта елемеді.

Мәскеуде Мағжанның төл туындыларынан жарияланғандарының бірі — тамаша иллюстрациямен шыққан поэма. Бұл кітапша «Мағжан. «Жүсіпхан.» Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы. Мәскеу. 1928 жыл» деп аталады.

Қайсыбір жазушы саяси даңғаза науқандарға мұндай араласып, өзіне қосымша бедел іздеп өнмені өшеді. Сөй-

тіп жүріп құдай берген талантын екінші орынға ысырғанын сезбей қалады. Ысырмаған күнде қаламын саясат құрбандығына шалады. Ақыры, қызыл кеңірдектердің көлеңкесіне айналады. Мағжан өйтпеуі былай тұрсын, мұндай көк езулердің маңайына жоламайтын. Бірақ бұдан ол, тіпті қазірде бағзы біреулер күңкілдеп жүргендей, өмір ағысынан қағажу қалды деген ұғым тумауы керек. Жазушының қоғамдық-саяси қызметі оның әлдебір митингі мінбесінен қаншама рет айқайға басқанымен өлшенбеуі ләзім. Суреткер өмірге қалам қуатымен араласады.

Саяси науқан демекші, Мағжан Совет өкіметінің қазақ ауылында жүргізген аса маңызды шараларын жүзеге асыруға білек сыбанып кірісті. Мұғалімдік курстарда сабақ беріп қана қойған жоқ. Олар үшін әдістемелік құралдар шығарды. Оқулықтар жазды. «Педагогика» кітабының екінші тақырыбы «Баланы тәрбие қылу жолдары» деп аталған. Осының өзінен-ақ ақынның қазақ халқы болашағын қамтамасыз ету жолдарын көп ойланғаны көрініп тұрған жоқ па?

Мағжан «Педагогика» кітабын мұғалімдер курстарында оқыған дәрістерден құраған. Табиғат шіркін көңілі түсіп кетсе, бір кісінің басына талай тамаша қасиеттерді үйіп-төге береді ғой. Мағжан үлкен ғалым еді. Ұстаздық етуден жалықпайтын педагогтігі және бар. Мұғалімдік қызметін ол үлкен мақтаныш тұтқан. Қазақстанның революциядан кейінгі «азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, кадрлі орын мұғалімдердікі» деп санаған.

Кітап негізгі он бес бөлімнен тұрады. Онда дене тәрбиесі мен рухани тәрбиенің (Мағжан «жан тәрбиесі» дейді) мәселелері жан-жақты және терең қамтылады. Еңбектің ғылыми сындарлы жүйемен, ойы мен сөзі бос шығындалмай, үнемді, ұтымды жазылғаны сонша, оны республикамыздағы баспа ісінің балаң кезінде шыққан деген ой қаперіңе де келмейді. Мағжан кітабының Орынборда шыққан нұсқасына М. Жолдыбаев деген әдебиетші, аудармашы кіріспе сөз жазған. Міне, сол кіріспе мақаласында М. Жолдыбаев «қазаққа «Педагогика» кітабы «Інжілдей», Мағжан азамат Иса пайғамбардай болды» деген. Бұл пікірде үлкен мән бар. «Педагогика» кітабының қатардағы оқулықтан иығы асыңқы. Қайткенде қазақ жас өспірімі осы заманғы ци-

вильзацияның өресіне көтерілмек? Мағжанның қазақ баласына бесікке бөленулі шағынан бастап, әр қадамына көз салуы, қайтсе адам, азамат болады деп толғануы, оған деген асып-төгілген мейірбандылығы — осы сұраққа жауап ізденуден туған.

Кітапты ақын жазғандықтан, ол педагогика пәні шарасына сыймауға тиісті еді, солай болған да. Кітаптан кейде тіпті оқулық емес, көркем шығарма я публицистикалық шешен сөз оқып отырғандай әсер аласың. Бірақ мұның өзі ғылыми жүйеден ауытқу арқылы емес, мәселені барынша терең талдап шешу, кітап қағидаларын қазақ өмірінің іші-тысымен қабыстыра түсіндіру арқылы қамтамасыз етілген. Даналық ескірмейді, көнермейді. Бейне алтындай қайда апарып көмсең де, бір күні тот баспаған қалпында жарқ етіп шығады. Мағжаннан кейінгі ұрпақ біздердің көп сөздеріміз көнеріп үлгерді. Мағжан туралы бұлай айта алмайсың. «Ұлтқа тілінен басқа қымбат нәрсе болмасқа тиісті», — деп жазады ол «Педагогика» оқулығында. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанда біздің жеріне жеткізіп айта алмай жүрген пікірімізді ұштап, аузымызға сөз салып тұрған жоқ па? Кәні, осыны кім өтірік я асыра айтқандық дей алады?

1925 жылдың аяқ шенінде Қазақстанда сауатсыздықты жою науқаны жаңа серпін алды. Хат танымайтын бірде-бір коммунист, комсомол, кәсіподақ, қосшы мүшесі болмасын! — деп күнделікті баспасөз үсті-үстіне дабыл ұрғылайды. «Бәріңіз де сауатсыздықты жою қоғамына көмекке келіңіздер!» деген ұран ақын жүрегін әсем күйдей тербетті.

Мағжанның есебі бойынша, қазақ халқы сан жағынан революцияға дейінгі дәуірден едәуір кеміп кетті. 1926 жылы Қазақстанның барлық халқы 6 миллион 670 мың 400 адам. Мұның 4 миллиондайы қазақ. Тым құрса, осы төрт миллионың аман тұрса деп ойлайды. Ол үшін не істеуге керек? Не істеу керектегі аз айтылып келе жатқан жоқ. Халқы оңды-солын айыратындай сана дәрежесіне жетуі тиіс. Мұның алғы шарты — сауат ашу. Қазір қазақ халқының әр жүз адамының (осы мәліметтердің бәрі оқулықта келтірілген) тоқсан алтысы хат танымайды. Соның бәріне қара танытуға керек. Осындай үлкен міндет қойылғанда елім-жұртым деген көзі ашық азамат бос қарап жата ала ма?

Ақын алдымен өз нысанасын белгілеп алды. Сонау «Шолпан» жинағында «Қарағым, оқу оқы, босқа жүр-

ме» деп жар салғаны есіне түсті. Ендеше, бүкіл елі сауатын ашайын деп жатқанда ол қалайша үлкен істен сырт қалмақ? Бұған Мағжан секілді ыспар педагог араласпағанда, кім араласпақ? Ол Құншығыс кіндік басы басшыларына барып, ұсыныс енгізді. Оқулықсыз ешқандай сауат аша алмайсың. Үлкендерге арнап оқулық жазуға керек. Осы аса жауапты істі мойныма алып, жазуға отырсам, қарсы болмайсыздар ма?— деді. Баспа басшылары бұл ұсынысты қуана қарсы алды.

Мағжан алдымен кітаптың құрылымын, жоспарын ойластырды. Оқулық қандай болуға керек? Әуелі әріпті таныстыру жолымен одан сөз, сөйлем құруға үйретуден бастау керектігі түсінікті. Бұл жөнінде бұрынғы «Әліп-пелердің» тастап кеткен ізі сайрап жатыр. Бірақ та үлкен кісілерге арналған оқулықтың өз ерекшелігі болуға тиіс қой. Кітаптың мұқабасына «Сауатты бол!» деген ұран іспетті тақырып қойылмақшы. Сонда қара танумен сауатсыздық шын мәнінде жойыла ма? Хат таныту жолында үлкендердің саяси, тіпті тұрмыс саласындағы кей мәселеден мәдениетсіздігін жоюды ойластырса... Бүгінгі қазақ жаңа заман керуеніне ілесіп, ілгерілеуі үшін не білуі жөн? Осы сұрақтарға татымды жауап табылса, жұрттың білуге құмарлығы, ынтасы артады. Демек, халқы хат таниды, негізгі мақсат орындалады деген сөз.

Оқулық негізгі үш тараудан тұратын болды. Әріп тану, сөз құрау — бірінші тарау. Екіншісі — саяси білім негіздерін таныстыру. Үшінші тарауы тұрмыс, шаруашылық саласынан бүгінгі заман деңгейін шолып өтуге арналса... Қала берді, протокол, өтініш жазу, почтамен ақша жіберу тәртібін үйрету артық емес. Қазақ шаруасы сондай ұсақ-түйекке дейін білуге зәру. Қысқасы, қара дүрсін десең де, жан-жақты білім беретін кішігірім әмбебапқа ұқсас, миға тез тоқып алатын құрал жасалуы қажет.

Мағжан кітапты бастап кетті. Әріп танытқанда қазақтың өз өміріне тән түсініктерге жүгінді. Сонымен бірге ағартушылық мақсаттарды да ұмыт қалдырған жоқ. Сөз құраудың өзінде: барлық халық хат танып, сауатты болса, саналы болар, бұқара халық оқып өнерленсе, тұрмысы түзеледі деген сияқты пікірлерді оқушы құлағына алдымен құюды жөн көрді.

Мағжан саясат сөздерін халықтың мақал, мәтелдерімен тұздықтап отыруды ұмытпады. Ежіктеп оқи бастаған кісіге өзі талай естіген нақыл: «Арпа, бидай ас екен,

алтын, күміс тас екен» немесе «Қонақ келсе ет пісер, ет піспесе бет пісер» деген тәрізді туғаннан таныс сөздер етене жақын екендігін ескерді.

Бұдан әрі автор республикадағы сауаттылықтың жайы, халық ағарту жүйесіндегі қазақ, орыс мектептерінің және олардағы оқушылардың саны туралы мағлұматтар бере отырып, жаңа үкіметтің декретінен үзінді келтіреді: республиканың 8 бен 50 жас аралығындағы оқып, жаза білмейтін барлық адамы хат танып, жазу үйренуге міндетті.

Бұл тарауды Мағжан қазақ алфавитін толық игерумен аяқтап, бұған дейін басталған бірсыпыра әңгіменің өрісін кеңейте түспек. Саяси мәдениет дегеніміз не? Ол неден басталады? Өзің тұрып, өмір сүріп отырған елдің қоғамдық-саяси құрылысын қанық білуден. Мемлекеттік өкімет орындарының төменнен жоғарыға дейінгі сатылары, партия, кәсіподақ, комсомол, пионер, кооператив, қосшы ұйымдарына дейін түгел түсіндірілуі тиіс. Шаруашылықтың түрлі саласын әңгімелегенде дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін айтуға керек. Қазақ — мал баққан ел. Мал күтімін біледі. Солай бола тұрса да, бұл саладан сапа жағынан артта қалып отырғаны көзге ұрады. Мәселен, қазақы сиыр жылына 30—50 шелектен артық сүт бермейді. Ал Дания елі әр сиырдан жылына 200—400 шелек сүт сауады. Осы сияқты басқа түліктердің әрқайсысының сапа көрсеткіштерін келтіру керек. Қазақтың бір бөлегі егіншілікпен шұғылданады. Оларға да әр дақылды жаңа агрономиялық тәсілдер тұрғысынан түсінікті етіп жеткізсе...

Қазақ тұрмысының қайта қарайтын мәселелері бастан асады. Ауылға медицина келгенше, бірқатар ауруларды емдеу хақында білгір дәрігердің кеңесін берген мақұл. Тазалық пен денсаулық, әйелдің босануы т. б. тақырыпта да дәрігерлік кеңес өте-мөте қажет.

Қазір халық арасында Абай мен Ахметтің сөзі өтімді. Қай қазақ болсын олардың кеңесін ұйып тыңдайды. Ретті жерінде осы ұлы адамдардың ойлы сөздеріне оқушы назарын аударса.

Осындай жоспар сызған Мағжан жұмысын ауырлатып алды. Дегенмен елінің ғасырлық сауатсыздығын, қараңғылығын жоямын деген идея оған қанат байлағандай. Уақытпен санаспай, шаршап-шалдықтым демей, ол күндіз-түні сарғая еңбектеніп, ойындағысын түгелімен жүзеге асырды. Оқулық қолжазбасын баспа белгілеп

берген мерзімге үлгеріп табыс етті. Сөйтіп, 1926 жылы Мәскеудегі «Кеңес одағындағы кіндік баспасынан» 20 мың дана тиражбен «Сауатты бол!» оқулығы жарық көрді.

Мағжан оқулығы Қазақстанға кең тарады. Әшейінде бір өлеңі баспа жүзін көрсе, бас салып етегінен жармаса түсетіндер бұл жолы үн шығармады. Мағжан түрмеге камалатын 1929 жылға дейін оқулығы төрт рет, бұған дейін қазақта болып көрмеген тиражбен басылды. Соңғы рет «Сауатты бол!» оқулығы 1929 жылы «түзетіліп, төртінші басылуы» деген ескертумен шықты. Редакторы: Тоқтабайұлы Кәрім.

Мағжан оқулыққа жаңа тарау енгізді. Қазақтың жаңа графикасы енгізілуіне байланысты кітаптың аты латын және араб тілдерінде қайталанды. Оқулықтың соңғы бөліміне латын әрпімен жазылған Қожанасыр әңгімелері, мақал, мәтелдер берілді, жаңа графиканың оқылуы араб жазуымен түсіндірілді, методикалық нұсқау берілді.

Оқулықтың титул бетінде ең жоғары жағынан ірі әріппен «Главполитпросвет. Всероссийская чрезвычайная комиссия по ликвидации неграмотности» деген сөздер жазылды. Оның астынан араб және латын әріптерімен автордың аты-жөні «Жұмабайұлы Мағжан» деп көрсетілді. Лениннің суреті, қазақ тұрмысына байланысты суреттер (жылқы, атты қазақ, қозысын емізіп тұрған саулық қой, ауыл маңында жайылып жүрген үйірлі жылқы, тымақ киген қазақ) штрихпен орындалған. Қазақ көзіне жаңалық құбылыстан ұшып келе жатқан аэроплан «әуе кемесі» деген атпен берілген. Газет оқып отырған тымақты қазақ та ауыл үшін жаңалық.

Төртінші басылымда өлеңдер оқулық тақырыптарына орайлас іріктелгенін көреміз. Мәселен, «Май мейрамы — еңбекшілер мейрамы» деген мақала мен Ленин портреті арасында орақ-балғалы ту ұстап келе жатқан халықпен бірге, Жүсіпбек Аймауытов аударған «Интернационал» гимні «Еңбекшілер ұраны» деген атпен берілді. Қалыңмалды жою жөніндегі қаулы, неке қию тәртібі т. б. әйелдерге қатысты материалдар тұсында сол кездегі белгілі ақын Шолпан Иманбайқызының «Жолаушы мен әйел» атты үлкен өлеңі басылыпты. Қазақ совет ақындарынан Мағжанға Бейімбет Майлин поэзиясы қатты ұнаған тәрізді. Би-ағаның «Әйт, шу, ала атым», «Жаңбыр күні», «Ертеңгі ұран», «Егінші», «Ке-

нес тобына» өлеңдері шынында да оқулықта қозғалған еңбек, ауыл тақырыптарына орайлас. Өз өлеңінен Мағжан «Қарындасты» жариялаған. М. Жұмабаевтың 1989 жылы шыққан жинағында «Қызметтегі қарындас» деген атпен берілген бұл өлеңде қазақ әйелі тағдырындағы жаңа өмір әкелген қуанышты жаңалықтар жырланады.

Алғашқы оқулық нұсқасында Ленин қайтыс болғанда сөйлеген Бухарин сөзінен үзінді келтірілген еді. Мұнда Бухаринді кездестірмейміз. Ол Мағжанды бір сөзінде әдейі бұрмалап, техникалық прогрестің жауы етіп көрсеткен болатын. Оның үстіне бұл кезде Бухариннің жұлдызы да қуқыл тарта бастағаны мәлім. Сталин жөнінде оқулықта бір ауыз сөз жоқ. Тағы бір көңіл аударатын жәйт — партияның сол кездегі рөлі дұрыс көрсетілген. «Жұмыскер табының саяси күресінде Коммунист партиясы жолбасшылық қылады» деп жазылған.

Басқа салалардағы секілді, ақпарат мәдениеті деген де болады. Шет елдің газеттері егер бір жаңалық туралы хабар беретін болса, айталық, университет ашылғанын жазса, міндетті түрде бұл саладағы жалпы хал-ахуалдан мағлұмат келтіреді, яғни елде бұрын қанша жоғары оқу орны болғанын айтады. Біз бұған таңырқап: «Міне, баспа мәдениеті қайда!» дейміз. Енді қарасақ, қазақ баспасөзінде мұндай мәдениеттің үлгісін өз ағаларымыздан үйренуіміз керектігіне көз жеткіземіз. Мағжан оқулықта қай мәселе жайында жазса да, диаграмма, нақтылы көрсеткіштерсіз аяқ баспайды. Партия жөнінде әңгіме болса, Қазақстанда қанша коммунист, олардан қазағы қанша т. т. анық көрсетіледі. Осы сияқты мәліметтерді басқа да қоғамдық ұйымдар бойынша кезіктіреміз. Мектеп саны, малдың әр түлігі қанша — бәрін алақанға қондырып береді. Қазақстан малының өсіп-өнуі деген диаграммадан біз 1926 жылы республикада мал саны 1917 жылмен салыстырғанда сегіз миллион бас кемігенін байқаймыз. (Бұл диаграммаға Қарақалпақ, Сырдария, Жетісу көрсеткіштері енгізілмегені ескертілген.)

Оқулықтағы кей мақалаларға автор белгілегенде Мағжанның кімге іш тартқанын аңғару қиын емес. Мысалы, Смағұл Сәдуақасұлы, Нығмет Нұрмақұлы мақалалары маңызды тақырыптарды қозғайды. Әйел мәселесі жайлы бір мақала авторы — Сара Есқызы. Смағұл Сәдуақасұлы «Кооператив» мақаласында қазақ елінің

шикізат өндіруі оның отаршылдық халін бекіте түскенін қарапайым шаруаға түсінікті тілде баяндайды. Смағұл ағаның мына бір қынжыла айтқан сөздері қазір де маңызын жойған жоқ сияқты:

«Қазақтың көбі мал бағады. Егін егіп күн көретіндер де бар. Қазақстан байлығының көбі малда. Малдың сүтін қазақ ас қылады. Терісін киім қылады. Бірақ осының бәрін оқсатып істеп отырған жоқ. Қазақ шикі терісін саудагерге бір теңгеге сатса, сол терісін саудагерден былғарыдай он теңгеге қайта сатып алады. Қазақ қойының жүнін саудагерге бес теңгеге берсе, сол жүнді мата (кездеме) болып тоқылғанда жүз теңгеге алады. Қазақтың көретіні ылғи залал. Барлық дүние саудагерлердің қалтасында қалады».

Бұл жолдарды оқығанда еріксіз Қазақстанның соңғы жылдардағы халі еске түседі. Смағұл Сәдуақасов жазғаннан бері Қазақстанның шикізаттық база есебіндегі рөлі артпаса, кемімеген деген қорытындыға келесің.

Мағжан оқулығы өзіне жүктелген тарихи міндетті абыроймен атқарғанын бүгін ұстазға деген алғыс сезіммен атауымыз керек. «Сауатты бол!» ұраны кезінде ойдағыдай орындалды. Қазақ халқы кейінгі жылдардың ауыр сынына төтеп берсе, еліміздің басқа халықтарымен терезесі тең болып, «қазақ» атын сыйлайтын, қадір тұтатын өреге көтерілсе, бұған халқын сауатты етіп, жарыққа шығуына бағалы үлес қосқан Мағжанға көп-көп қарыздар екенімізді әрқашан жадымызда ұстауға тиістіміз.

Мағжан Мәскеу қаласында үлкен мағыналы өмір сүрді. Оқу оқу, жаңа өмір процестеріне үңіліп, дүниетанымына өзгерістер енгізу, көп нәрсені қайта қарау замана үніне үн қосуға жетектеді. Жаңа шығармалар тудырумен бірге педагогикалық қызметінен мұнда да қол үзген жоқ. Астанадағы Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университеті оны қазақ тілі мен әдебиет пәнінен лекция оқуға шақырды. Қалай бас тартпақ? Жастардың бүгінгі бағыт-бағдарының қандай екенін білу міндет. Жастар алдындағы ұстаздық парызын өтеуі керек. Брюсов институтында оқитын шетінен білімдар, зор ғұламалардың айтқандарын жеткізіп айтып бере алса, соның өзі қаншалық.

Міне, университет аудиториясында бидай өнді аққуба, бұйра қара шашты жас жігіт анда-санда тамағын

кенеп қойып, лекцияны бірден бастап кетті. Қазақ студенттері онсыз да жақсы көретін ақынның дәрісін ұйып тындайды. Қолында бір жапырақ қағазы жоқ. Сөйте тұра, судыратып қағаз оқып тұрғандай сөйлейді. Айтайын деген ойын кестелеуге мүдіріп, сөз іздеп уақыт оздырмайды. Студенттер өлең оқығанына тіптен құштар. Қай ақын өлеңі болсын — орысы ма, қазағы ма, татары ма, бәрібір жатқа соғады. Және өленді оқу мәнерін айтсаңшы. Артистен бір кем соқпайды. Тындаған адам бір жасап қалады.

Курс старостасы — аласа бойлы, дембелше келген шүңірек көз қазақ жігіті. Кейін өзінің сүйікті ақыны әрі лекторы туралы естелік жазатын Бейсенбай Кенжебаев. Ол қазақ әдебиеті тарихын сонау көне заманнан бастау керек десе, сол үшін ондаған жылдар бойы күрессе, бұл жас кезіндегі сүйікті ұстазының айтқандарына кәміл сенгендік еді. Жас кезде жадың қандай қағып алғыш. Мағжанның лекциялары оған зерттеушіліктің ұшықиырсыз кең өрісін сілтеді.

«Адам — жаңашыл: жаңа үстіне жаңа тілейді, жаңадан жаңаға құмар келеді: адам — әсемшіл: әсемнен әсем, сұлудан сұлу таңдайды»¹, — дейді екен Мағжан.

Адамзат көшінің бір орынды сарыжұрт қылмай үнемі ілгерілеуге, өзгеруге ұмтылған қасиетін қандай дөп басқан қазақ ақыны. Әттең, талай білікті ойлары өзімен бірге кетті-ау! Бұған да шүкіршілік: Бейсекең сияқты көреген ақсақалдарымыз асыл ойдың сынықтарын болса да, келесі ұрпақтарға мұра ғып қалдырып кеткендеріне.

Бейсекең 1925 жылы тамыз айында «Еңбекші қазақ» газетіне өзінің «Абай» атты көлемді мақаласы басылғанын, оның жазылуына тікелей Мағжанның әсері болғанын, тіпті құрылымын оқытушысының айтқан жобасымен жасағанын, «Абай ақын ба? Қандай ақын? Кімнің ақыны? Нені жырлады? Қалай жырлады?» деген сұрақтар қойып, оған өзінше жауап бергенін шын жүректен шыққан алғыс сезіммен еске түсіреді.

Профессор Бейсенбай Кенжебаев Қазақ мемлекеттік университетінде сабақ бере жүре, Мағжан есімін студент қауымға ретін тауып таныстыруды өзіне міндет санағаны енді белгілі бола бастады. Мағжан өлеңдерінен, поэмаларынан үзінділер оқып, жиырмасыншы жылдар-

¹ «Лениншіл жас» газеті. 1989 жыл, 4 қаңтар. «Ұстаз».

дың бас кезіндегі өмір сүрген ақын-жазушылардың творчествосынан диплом жұмыстарын жаздыртып, қалайда қазақтың жас өспірім буынының Мағжан өлеңінен ауыздануын қарастырған. Бейсекең өзінің шәкірттерінің бірі, жазушы Нөгербек Мағзұмовқа бір күні өзара сырласқанда лириканың пайғамбары Мағжан Жұмабаев еді ғой деп күрсіне әңгімелей отырып, «Білем анық жанға жайлы май сұлу» деп басталатын өлеңін рақаттанып оқып береді. Мұны естіген Нөгербек жұлып алғандай:

— Мақсұтбек Майшекиннің «Бәрінен де сен сұлуына» ұқсайды, айнымайды ғой сонан!— деп таңырқапты.

Бейсекең тағы күрсініп, қолын сермейді.

— Е, олай-бұлай дерің бар ма?! Мақсұтбек Мағжанға еліктеп жазған ғой.

Нөгербекпен бір әңгімесінде Бейсекең дүниеде не көп, кітап көп, бірақ соны тауып алып, оқи білу керек дейді де, тағы да Мағжанды еске алады. «Мағжан көп оқитын еді, талмай ізденетін. Бірде Мәскеуде дәріс алып жүргенімізде «оқырлық, тұшынарлық қолыма ештеңе түспей жүр» деп қынжылғаны бар»¹

Мағжанның жастардан тапқан достары бірі қасында қалып, бірі сытылып кетіп жатты. Кей сақтық ойлағандары үнсіз қарасын өшіреді. Қайсыбіреуі таптық саясатты ұстанам деп өзіне тап беруді шығарды. Қырсық шалғанда, кей інісін қатыгез тағдыры жұлып әкетеді. Уақыт өткен сайын «жалғыз қалдым бақының моласындайға» ұшырап барады. Бернияз Күлеев қандай ізгі жан еді. Ол жиырмасыншы жылдардың басында Қазақстан үкіметінің Қазан қаласындағы баспа істері жөніндегі төтенше өкілі болып істейтін. Бернияз шын жақсы көрген кісісінен ештеңені аянбайтын. Мағжанды сүйікті ұстазына санайтын ол «Мағжан Жұмабаев өлеңдері» атты жинақты бастыртуда ерекше қайрат көрсетті. Кітап бастыруға «қаражатты шеттен алдыртуға» дейін қолғабыс етті. Жинақ кіріспесінде бұл жөнінде егжей-тегжейлі айтылған.

Не керек, туған бауырындай көріп жүрген, болашағынан зор үміт күттіретін осы ақын інісі аяқ астынан қанға батты. Бұл — кезінде қыруар елдің жағасын ұстатқызған оқиға. Жас ақын Зейнеп Ахметова деген татар қызын сүйеді. Қыз да Берниязды жанындай жақсы көре-

¹ «Ленин туы» газеті. 1989 жылғы 25 шілде. «Самаладай сұлу жырды сиқырлап...»

ді. Бірақ екі жастың махаббаты сәтсіздікке ұшырайды. Қыз әкесі бұлардың қосылуына рұқсатын бермейді. Екі жас бір-бірінен айырылғанша, өліп тынуды артық көреді. Ауыр қаза жанына батқан Мағжан «Берниязға» деп аталатын өлең жазды. Әрі жас досының, әрі нәзік сезімді сыршыл ақынның өліміне қатты қайғырған күй кешті.

Бернияз — Абайға, Мағжанға көп еліктеген ақын. Тақырып туыстастығын былай қойғанда, «у жайылды қаныма», «өмір уы бойға таралған», «өз өміріме өзім тәңірі» деген жолдардан-ақ жас ақынның поэзия ауылының қай шаңырағының астында жиі қоныстайтындығын аңғару қиын емес. Яғни сұм замандарынан у ішкен тек Абай мен Мағжан ғана болмағаны...

Өзіңнің ізінді басып, сөзіңді сөйлейтін інілеріңнің қасында жүргені — арбаңның зырлағаны. Сен — алдыңғы доңғалақ. Інілерің — артқысы. Сөйтіп, өмір жолында көңіл тоқ, зырлай бер. Әттең, сол жолдың ой-шұңқыры көп. Бір күні арбаңды шоңқитып та кетуі. Бірге тумаса да туған інісіндей көретін Бернияз қыршынынан қиылғанда Мағжан дәл өстіп арбасының бір доңғалағы күпшегінен үзіліп, шоңқиғанын сезінді. Көп уақыт опынып, «қап!» деп ернін тістелеп, ауыр күрсініп, өзіне-өзі келе алмай жүрді. Сол ішкі әсер сыртқа теуіп, Бернияздың өліміне бағышталған өлең, мақала туғызды.

«Біраз өлеңдері басылған соң-ақ, оқушы оған жалт беріп қарап қалған еді,— деп еске алды ұстазы шәкіртін.— Екпін зор еді. Оның екпіндерінде әдебиетіміздің ескі екпініне төңкерістің әсерімен жаңа күш қосылған сықылды...

А деп бұл қалам ұстап шыққанда оянған үмітіміз бір-жола бекіп еді. Бернияздың әдебиетіміздің берік бір бағанасы болуына сеніп едік»¹.

Мағжан басқа шәкірттерін ойлады. Олардың арасында, құдайға шүкір, әдебиеттің жүгін болашақта арқалай алатындар бар. Мына Бейсенбай әдеби сынға бейім. Сырт жуас көрінгенмен, ішкі дінгегі емен. Анау Өтебай Тұрманжанов. Сырлы өлеңнің сырын ұққан сирек жас талап. Олардың көрер күні қандай болмақ?

Мағжан жастарды болашағым деп сүйді. Ұстаздық құрып, бар білгенін олардың ойына, жүрегіне сіңіруге ұмтылды. Кейін шәкірттерінен жағасына жармасқанда-

¹ «Ақ жол» газеті. 1923 жылғы 23 ақпан.

ры болса, оларды бір құдайға тапсырды. Бірақ жастардың бәрі бірдей ұстазын сатып кеткен жоқ. Бейсенбай Кенжебаев айқай-ұйқай науқандарға қосылмады. Заманы теріс қарады дегенді желеу етіп, Мағжаннан сырт айналмады. Өтебай ресми сынның Абайша, Мағжанша жазады дегеніне селт етпегені былай тұрсын, қайта бұған іштей қуанды. Сыршыл өлеңін үдете түсті. Бұл бағытта еркін адымдай берсе, көңілі жүйрік, көз аясы кен жас талап әлде қай деңгейден шығатын еді. Бірақ 1937—1938 жылдары қазақ зиялыларына тиген сталиндік індеттен қашып құтыла алмады. Енді қанат қаққан жас бұлбұл темір торға түсті. XX съезден кейінгі аз күн жылымықта ақын айдауда жүргенде жазылған «Иткөйлек» өлеңін табыстап, ел-жұртын бір сілкітті. Кішкентай ғана елеусіз дерлік оқиға: лагерьде жүргенде елден сәлемдеме келеді. Жәшік ішін ашып жібергенде елдің дәм-тұзымен қатар, бір құртақандай көйлек шығады. Сөйтсе, баласының «иткөйлегі» екен. Міне, осы шағын детальдан зор мәнді өлең туады:

«Мынау саған балаң шешкен иткөйлек»!
— Дөпті ырым ғып тәбәрік ет, көзің сұрт.
Жапырақ гүл, жас иіс бұл иткөйлек,
Көп нәрсені көзіме айтып тұр сөйлеп.
Бала иісі балбыратып жанымды,
Жылап алдым жұрттан көзді күркейлеп...

Әсіресе өлеңнің осы бір үзіндісі тіпті әсерлі еді. Көпшіліктің бірі болып мен де оқығанда көзімді шылап алғаным бар. Енді ойлайсың: «көзін күркейлеп «Мағжандар да аз жыламаған шығар...» Ердің ері, егеудің сынығы Өтебай Тұрманжанов ақын ұстазының да тілінің ұшындағысын айтып, сауабын алды ма дерсің.

Мағжан қазақ әдебиетінен аулақтатылғанымен, Мағжаннан қазақ әдебиеті аулақтаған жоқ. Сәбит Мұқанов «Қазақ вальсі» өлеңінде негізгі сарынды Мағжанның «Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап» өлеңі үлгісіне салды. Кешегі өрт соғыс ішінде Әбу Сәрсенбаев Мағжан «Орамалының» жаңа бір нұсқасындай «Ақша бұлтын» туғызды. М. Майшекин ұлы ақынның «Сен сұлуын» шамалы өзгерістермен әнге бейімдеді.

Мағжан дәстүрі қаншалықты бай екендігі осы азынаулақ мысалдардан бедерлі көрінеді. Адамды олай ойламай, былай ойлады деп айыптап, өз ұясынан, бауыр еті баласынан айырған, бостандық қанатын жұлып алған қатыгез, безбүйрек заманды сілейте сынауды қазақ

әдебиетінде Мағжаннан бұрын бастаған ақын жоқ. Туған табиғатты жырлауды елінің салтанатына жарастыра жырлауға да Мағжан өзінің қуатты талантымен үн қосты. Майданда жүрген ер жігіттің елге сағынышын махаббат лирикасына бөлеген Мағжан кешегі соғыста елімен бірге Отанын жаудан қорғады. Махаббат лирикасын Абай көтерген биіктен асырмаса, төмен түсірмеген де Мағжан.

Сөйтіп, Мағжан жыры авторынан бөлек жасап, қанатын жая берді. Енді ақын есімі күстәләнбайтын шақ тұғанда шәкірттерінің қатары көбейе түсетінінде сөз бар ма. Тәуелсіз елінің ашық аспаны астында Мағжан жұлдызы жарқырап тұруы қазақ үшін қандай мерей, қандай мәртебе...

МАҒЖАННЫҢ АЛҒАШҚЫ СОТТАЛУЫ

Қадірменді оқушы!

Осы жолдардың авторы кезінде Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармагерлік мұрасын зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясы председателінің орынбасары болды. Шәкәрім ақталған соң өрекіпген жүрек орнына түсіп, көңіл бірлеп дегендейін жұмыс тіпті қызды. «Ақтаңдақ» атанған басқа ағаларымыздың халқына қайта оралу қамына білек сыбана кірісіп кеттік. Шәкәрім жөніндегі комиссия кеңейтіле ме, әлде жаңа комиссия құрыла ма,— бұл мәселе шешімін тапқанша, комиссия председателі Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдинмен, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдарымен ойласа отырып, ендігі жол — Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытовтардікі деп ұйғарып, тиісті материал жинай беруге келістік.

Материал болғанда, алдымен бейкүнә күстәләнған жазушылардың кітаптарын, басқа да шығармаларын іздестіріп табу міндеті тұрды. Асыл ағаларымыздың есімдерін халық жадынан шығарып тастау бағытында айтарлықтай жұмыс істелген-ақ екен. Олардың шығармаларының көбі республика кітап қоймаларында үштікүйлі жоқ боп шықты. Тіпті жабық қордың өзінен де аласталған екен. Енді не істеу керек? Жалғыз үміт — Ленинград. Соның қоймаларына жоғымызды іздеу үшін

филология ғылымының кандидаттары Сәрсенбі Дәуітов пен Мұхаметрахым Жармұхаметов, ғылыми қызметкер Махсұт Шафиғов жолдастар аттандырылды. Олар ісін бітіріп қайтып оралғанша, біз де құр алақан отырғанымыз жоқ. Аяқ астынан Мағжан творчествосының қазіргі алфавитке түсірілген толық нұсқасы табылды. Нұсқаның иесі сотталып кетем деп қорықпай, Мағжан өлендерін талай жыл тірнектеп жинап, машинкаға бастырып, тіпті түптеткен де. Осындай ерлік жасап жүрген, жүрегінің түгі бар кім десеңіз, бұл — Зәкәрия Ілиясов деген әдебиетші азамат. Комиссия жұмысында негізінен осы Зәкәрия нұсқасын пайдаланды. Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» кітабы жазушы, филология ғылымының докторы Әди Шәріповтің «ұры» қалтасының бірінен табылды. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романының автордың өз қолымен жазған түпнұсқасы Мұхтар Әуезов музейінен шықты т. т. Филология ғылымының кандидаты Әмина Бафина қолға түскен кітаптарды араб графикасынан бүгінгі графикаға жедел аударып отырды.

Сол уақта жаңа комиссия құрамы да бекітіліп, енді ашық жұмыс істеуге кірістік.

Бізді көп қинаған нәрсе — Мағжанның өмірбаянына байланысты иек сүйерлік материалдың жұтандығы болды. Бұл жөнінде Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) атты кітабынан өзге мардымды ештеңе кездеспеді. Қызылжар, Омбы қалаларына жіберілген институт ғылыми қызметкері Марат Әбсеметов архив қоймаларынан М. Жұмабаевқа байланысты қағаздардың жылан жалағандай жоқ етілгеніне көзі жеткен соң, туған-туысқандарының естеліктерін алып келді. Алматыдағы Мағжанның ол кезде көзі тірі зайыбы Зылиха апайдан, немересі Ұлжаннан құнды мағлұматтар алдық.

Алайда Мағжан өмірінің қадау-қадау тұстары, қай жылы не істеді, қызметі жөніндегі қолда бар материалды растайтын құжат, Мағжанның өз қолымен түсірген өмірбаяны сияқтылар керек еді. Комиссия онысыз жұмысын тәмәмдай алмақ емес. Енді не істеу керек? Сонда ойға КГБ түсті. Бұл жөніндегі әңгіменің өзі бір хикая. Әйтеуір өлдім-талдым дегенде «Мағжан ісі» қолға ілікті. Сөйтіп, М. Жұмабаевтың өмір жолына байланысты комиссия қорытындысы ақынның өз қолымен жазған жауап, түсініктемелерге сүйеніп жазылды.

Әрине, қолдағы материалдың сүбелі бөлегі бұған дейін баспа жүзін көрген шығармаларда пайдаланылған жоқ. Оның да себебі бар. Бар күш-жігер, әрекет Мағжанды ақтап алуға бағындырылды. Асығыстық та орын алды. Қайта құрудың шапағаты ағаларымызға тезірек тиюі сәтін барынша тездетуге асықтық.

Жасыратыны жоқ, бір бүйірде түйткіл де тұрды. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 1988 жылғы маусымда Қазақ КСР Прокуроры Ғалым Бәжімұлы Елемісовке М. Жұмабаевтың 1929, 1937 жылдары сотталуының дұрыс-бұрыстығын тексеріп беруді өтініп хат жазған болатын. Осындай қатынас қағаз А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов жөнінде де түсірілді. Түйткілдің мәнісі — біз асыққанмен, заң орны асыға ма? XX съезден кейін де бұл іс талай көтеріліп, талай басылып тасталды ғой. Тіпті 1960 жылы ақталдыға саналып жүрген Мағжан Жұмабаевтың ісі де әлі шөре-шөреде болып шықты. Түркістан әскери округының Әскери трибуналы Қазақстан тексеру органдарының қарсылығына қарамастан, 1937 жылғы Мағжан Жұмабаевқа тағылған айыпты заңсыз деп тапты. Бірақ ақынның елге қайтып оралу жолында тағы бір дөңбектей бөгет жатты. Ол — ОГПУ-дің 1929 жылы Мағжанды соттаған қаулысы, жаман атағы жер жарған 58-статьяның жүрек қалтырататын тармақтары. Мұның үстіне 1960 жылы Қазақстан Жазушылар ұйымы комиссиясының М. Жұмабаевқа берген «теріс батасы» және бар.

Обалы не керек? Біз «ақтаңдақтар» творчествосын талдауды аяқтай бергенде, заң орындары да істі бір жағына шығарды. 1988 жылы қазан айының 19-ы күні Қазақ КСР Жоғарғы Сотында А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, — жиыны 14 адамның ісін қайта қарап бұзып, ақтау жөнінде Қазақ КСР Прокуроры Ғ. Б. Елемісов наразылық хат (протест) түсірді.

Бұл іс Қазақ КСР Жоғарғы Сотының 1988 жылғы қараша айының 4-жұлдызы күні қаралды. Сөйтіп, 1930 жылы 4 сәуірде ОГПУ коллегиясының қаулысы бойынша жазаланған 14 боздақ — Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов бас болып, түгел ақталды. Сондай-ақ, А. Байтұрсынов жөнінде 1937 жылғы 25 қарашада УНКВД Алматы облыстық үштігі (тройка) қабылдаған қаулы дербес қаралып, ол да заңсыз деп табылды.

Шүкіршілік, қазір асыл мұра, халық қолында. Оқы,

ойлан, зердеге түй. Әдебиеттану ғылымына да жаңа өріс ашылды. Қазақ әдебиеті тарихы бетбұрыс белесінен мүлде қайта жазылуы тиіс. Көлемі зор, жауапты әрі құрметті міндет.

Мысалы, осы мақалада сөз етілгелі отырған Мағжан ақынның өмірі мен творчестволық жолын алсақ, оны толық таныдық деп айту әлі ерте. Қазақ әдебиетінде Мағжан мұрасындай күрделі мұра кемде-кем. Сондықтан ақын шығармашылығының әр кезеңін, әрқайсысын өз алдына, сол кездегі әлеуметтік-саяси жағдайға әдеби процестің ерекшеліктеріне қарай мұқият зерттеу қажет.

Осындай бір күрделі кезең Мағжанның алғашқы сотталуына байланысты. Әңгіме басына іс түскен кісінің қасіретін тәптіштеумен де тұйықталмақ емес. Сотталған адам азамат үстіне ақын да. Және қандай ақын еді ол! Мағжан жиырмасыншы жылдардың екінші жартысына таман туған әдебиетін жаңа әдеби-эстетикалық бағытқа бастады. Қызыл империя сол бағытты сотқа тартты.

* * *

«В те годы (27—28) я испытывал значительный разлад в своем внутреннем мире в смысле переоценки бывших ценностей, и я сделал серьезную попытку влиться в советскую струю, выступил с рядом исповедческих вещей. Но к моему несчастью был отвергнут тогдашними погододелателями в казахской литературе...»

Мағжан Жұмабаевтың 1938 жыл тергеушіге өз қолынан жазып берген жауабынан.

Тергеушіге жауап... Бұрын маған бейтаныс жанр. Мағжан ісі қолыма тигенде, өзімнен-өзім қысылып, құлағым шыңылдап, жүрегім тарсылдап, терлеп кеттім. Аз отырып есімді жинап, сарғайған қағаз беттеріне үңілдім. Мынау Мағжанның өз жазуы. Көк сиямен сөздерін моншақтай тізіп тастапты. Сия сауытқа батырған қаламұш «құмырсқа бел» емес екенін көріп отырмын. Әріптердің бір жері жуандап, бір жері жіңішкеріп түсуіне қарағанда, талай жыл мектепте пайдаланған № 98 қаламұш болуға керек. Жазуы абақтыда, үңірейген мылтық аузында отырып жазған жазуға ұқсамайды. Сабыр суын сепкен, мәдениетті, байыпты баяндау. Ақын «жапон шпионы» екенін мойындайды, астыртын ұйымға кісі

тарттым дейді. Адамның өз қолымен өзіне ғайбат сөз жаздыртқан қаһарлы күштің ызбары саған да жетіп, жүрегінді қарып өтеді.

Енді бірде көңілінді басқа сезім билейді. Жанын ашығаннан, мүсіркегеннен басым сезім. Ақын жігерін абақты қаншама жесе де, көкірегіндегі бұғаулы жолбарыс бұлқынып қояды. Мұндайда өзіне жала жабушы пәлекорларды «әдебиеттің ауа райын жасаушылар» деп қағытып өтеді. Одан әріге бармайды. Басынан бағы тайғандығын мұң етіп шағады.

Құрметті оқушы! Эпиграф етіп алынған ақын сөздеріне тағы бір көз жүгіртіп өтіп, әділін айтыңызшы. Тіпті қапаста емес, еркіндікте жүріп, жазу столында отырып жазды дейік. Соның өзінде де көбіміз дәл сондай етіп мөлдіретіп жаза алмас едік. Сөз тастасы, парасаты, аз сөзбен көп мағына жеткізе білетіндігі қай орыс жазушысынан кем. Валерий Брюсов — орыстың ең мәдениетті жазушысы аталған. Сол Брюсовтың қазақ ақынын Пушкинге не себепті теңегенін енді түсінгендей боласың.

Эпиграфта келтірілген сөздердің біз үшін тағы бір мәні бар. Мағжан өз шығармагерлігінің үшінші кезеңін сипаттап отыр. Бұдан артық айта алмайсың. Мәскеу институтында оқи жүре, сондағы орыс, қазақ зиялыларымен ақылдаса келе, 1924 жылдан бұрын «асыл көріп жүргенінің бірсыпырасына қайта баға бермек болғаны» рас. «Советтік толқынмен араласқым келді» дейді. Осы ниетіне кімдердің көлденең тұрғанын еске алады. Бәрі рас...

Жиырмасыншы жылдардың бас кезіндегі Мағжан халі Махамбет өлеңге қосқан қызғыш құсқа ұқсайды. Әлдебір тепкін оны Қазақстанынан күштеп айыруға кірісті. 1922 жылы ол Ташкенттен бір-ақ шығады. Одан байыз таптырмаған соң 1923 жылы күзде Мәскеуді сағалайды. Байшыл, ұлтшыл деген жаман атаққа ілігіп, жанын қоярға жер таппады. 1920 жылы Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы құрылу сәті үстінде Алашордаға қарсы жаңа жорық жарияланды. Қазақстаннан кетіп қалса да, Мағжанның құлағын шулата берді. 1924 жылдың аяқ шенінде қазақтың сол кездегі ығайы мен сығайы Мәскеуде арнайы жиналыс ашып, Мағжанның Ташкенде жарық көрген кітабын зиянды жинақ деп тапты, ақынға қызыл баспасөзден бұдан былай орын берілмесін деп ұйғарылды. Бұл мәселеге кеңірек тоқталмас бұрын айтылуға тиісті нәрсе, Қа-

зақстанда аз-кем уақыт ұлтшылдарға қысым бәсеңсігендей болды. С. Сейфуллин «Қызыл Қазақстан» журналында жариялаған «Менің қателерім туралы» мақаласында (1929, № 6) жазғандай, 1925 жылдың бас кезінде Қазақстанда жағдай бұрынғысынан біраз өзгерді.

Сәкен мақаласының бас шенінде 1917 жылы өзінің Уақытша үкіметпен және Алашордамен тартысқанын еске алады. 1920 жылы Орынбор қаласында «І жалпы қазақ съезінде Алашорда бастықтарының съезге қатысуына қарсы тартысқан жікте» болғанын айтады. Шынында да съезге Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов секілді ұлтжандылар делегат болып байланған-тын. Сәкендер бұларды съезден кетіру жөнінде ұсыныс жасайды, бірақ азшылықта қалып, ұсыныстары өтпейді. Тіпті Байтұрсынов Оқу комиссары қызметіне сайланады. Мұнымен тартыс толастамайды, асқына береді. Ақыры 1922 жылы, қазақтардың үшінші жалпы съезінде ғана оңшыл я ұлтшыл дегендерін қызмет орындарынан аластауға қол жетеді. Екі жылдан соң Сәкеннің өзі де үлкен іс басынан кетеді.

«1925 жылы Совнаркомнан кеттім,— деп жазады Сәкен 1924 жылы үкімет басынан ауысқанын еске алып,— Қазақстанға Сырдария, Жетісу облыстары қосылып, өлкелік партия комитетіне Қожанұлы хатшы болып, Ысмағұл Сәдуақасұлы бюрода екіншісі бірі болғаннан кейін (Оқу комиссары және «Еңбекші қазақтың» редакторы болды ғой), маған да, бұрынғы мен секілденіп байшыл, ұлтшылдыққа қарсы арпалысып келгендерге де Қазақстанда қызмет істеу қиын боларын сездім. Қызылордада болған V съезд ұлтшылдардың мерекеге бөккен кезі болып көрінді. Съезд ашылған театр үйіне көтерілген тулардың ішінде алаш ұраны жазылған Алашорданың жасыл туы қоса көтерілген болып шықты, тіпті «Ақмешітті» Қызылорда атандырғанның өзін алашқа ниеттілер өздерінше жорып, өздерінше сүйсінді. Съездің ертеңінде партияда жоқ біреу екі құлағы езуінде қуанған түрмен маған «әйтеуір аяқтап келгенде біздің көздегеніміз болды... съезде желбіреп ұлт жалауы көтерілді. Астанаға біздің тілімізге туралап «орда» деген ат қойылды, оған «қызыл» деген сөздің келіп-кетері жоқ...»

Расында да, Мағжандар біраз тыныстады. 1927 жылдарға дейін қазақ баспасөзінде Мағжан шығармалары ара-тұра жарық көріп тұрды. Дегенмен, «қуырдақтың әкесін түйе сойғанда көрерсің» дейді ғой. Сол сияқты

Мағжан, Міржақып, Ахмет көретін қоқайлар таяп қалып еді. Сол қатер, негізінен, қазақ елінің басына түсер нәубет сол 1925 жылдың өзінде-ақ сезілді.

Баспасөздің аңысын аңду Қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен бастап қолға алынғаны мәлім. 1925 жылдары газет, журналдарға үкімет тарапынан ғана емес, партия органдары тарапынан да бақылау күшейді. Цензураның бұл түрі барлық баспа құралдарына партиялық принципті енгізу деп аталды. Ұлттар тілінде шығатын баспасөз партиялық назардан тыс қалмағанын мына құжаттардан аңғарамыз. 1925 жылы наурыздың екісінде РК(б)П Орталық Комитетінің «Қырғыз (біре айдан соң «қазақ деп атала бастады.— Ш. Е.) баспасөзінің жағдайы және оны жетілдіру шаралары туралы» қаулы қабылдайды. Қаулының тақырыбы қатулы қабақ танытпағанымен, бар ызғарын ішіне жинаған еді. «Қайсыбір мерзімді басылымдардың («Ақ жол», «Сана», «Тілші») саяси бағытын анықтауда ұлтшыл, партияда жоқ интеллигенцияның ықпалы бар»— деп сұқ саусағын шошайтып сақтандырғандай болады қаулы. Бұдан бір ай өте, сәуірдің жетісінде Қазақстанға тағы бір айбар тастаған хат жетті. Бұл жолы РК(б)П Орталық Комитетінің баспасөз бөлімі «...Ақ жол» қазіргі кезеңде бүкіл Киргизиядағы ең ұстамсыз газет» деп тағы да ескертеді.

Бір айналдырғанды шыр айналдыратыны рас. Енді Сәкен Сейфуллиннің жоғарыда аталған мақаласына қайтып оралайық. Онда Сәкен: «V съезден соң Мәскеуге III съезге бардым,— деп жалғайды Мәскеу сапарындағы көрген-білгендерін.— Съезден соң Қазақстандағы жағдайлардан, өз жайымнан Сталин, Қуйбышев, Молотов жолдастарға арыз бердім. Сталин жолдаспен ауызша сөйлестім, сөйлескенде барлық мән-жәйды айттым. Үлкен орындардан түсірілгендердің оқуға сұранатын әдеті бар ғой. Бұл ретпен мен де комакадемияға оқуға кіргізіңіз дедім. Мен осы сөздерді айтқан соң Сталин жолдас: «Комакадемияға орналастыру оп-оңай, бірақ Қазақстан халі өзін айтқандай болса, сіздердің Қазақстаннан қашуларыңыз керек емес. Қайта қатты белсеніп істеулеріңіз керек, менің маслихатым осы»,— деді.

Әрине, жолдас Сталиннің тілін алдым. Берген ақылы мені әжептәуір көтеріп, әлдендіріп тастады.

КСРО Советтерінің III съезі 1925 жылы мамыр айының 13—20 күндері өтеді. Демек, Сәкен Сталиннің қабылдауында сол қазір мамыр аталып жүрген май айы-

ның жиырмаларында болады. Енді бармақты бүгін санаңыз. Үш айдың қарасында Сталин Қазақстандағы жағдайды түзету үшін бірсыпыра шара қолданады. Осы жерде сол шараның немен тынғанына аялдау қажет.

Бірінші шара. 1925 жылдың 29 мамыр күні Кремльден Қиркрайком мүшелерінің атына Сталин қол қойған хат жіберілді. «Я имел возможность на днях ознакомиться с журналом «Ақ жол» — деп бастайды хатын Сталин. «Ақ жол» журнал емес газет, араб графикасында қазақ тілінде шығатын. Біреу таныстырды десе сенер едің. Бірақ «таныстым» дейді. Қиыстырып соқпаса дүр бола ма... Көсем газет бетінде төзгісіз сын материалдары шығатынын сөге келіп, «Дереу шара қолданылсын» деп жазады. Қолын шекесіне қойып, «құп боладыға!» машықтана бастаған жергілікті большевиктер 10 маусым күні-ақ «Ақ жол» газетін жауып үлгіреді. Осымен тынса жарар еді ғой. Жок, көсем алыстағыны көруі тиіс. Қазақстанда ұлт зиялылары үшін көсем хатының соңғы бөлімі тіптен қауіпті еді. Енді айдаһардай ысқырған сол жолдарды түгел келтірейік.

«Я целиком за привлечение беспартийных интеллигентов к советской работе, — деп бастайды хатының бұл бөлегін Сталин өзінің әділетшіл боп аярси қалатын мінезіне бағып. — Нарокмзем, СНХ, кооперация и прочие хозяйственные органы должны всемерно использовать этих людей, исподволь советизируя их. Я также за то, чтобы беспартийные интеллигенты были привлечены к делу насаждения киргизской культуры. Составление учебников на киргизском языке — главное поприще, на котором должны быть использованы эти люди в области культуры».

Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов сияқты бірқатар партияда жок зиялылар қазақ балалары үшін мектеп оқу құралдарын жасап бергені рас. Бірақ бұл ұзаққа созылған жок. Өйткені хаттың мәні «бірақ» деп басталатын екінші бөлімінде еді. Сталин «бірақ» десе болды, алдыңғы айтқанын мүлде жокқа шығаратын. Бұл хатта да солай. «Но я, — дейді Сталин, — решительно против того, чтобы беспартийные интеллигенты были допущены к делу борьбы на политическом и идеологическом фронте. Я против того, чтобы беспартийные интеллигенты занимались политическим воспитанием киргизской молодежи. Не для того мы брали власть, чтобы политическое и идеологи-

ческое воспитание молодежи предоставить буржуазным беспартийным интеллигентам. Этот фронт должен быть оставлен целиком и без остатка за коммунистами».

Екінші шара осы айтылғандарды іске асыруды көздейді. Хаттың астарындағыны — буржуазиялық интеллигенцияны аластау керек екендігін жергілікті басшылар түсіне ме? Оларға сенім жоқ. Ендеше орталықтан айтқаныңды екі етпейтін дәрежешіл, мансапқор біреуді жіберу керек. Айтылды, болды. Сол 1925 жылғы қыркүйекте Қазақстанға ұлық етіп қазақтар Қужақ атап кеткен Голощекин жіберілді. «Ақбоз ат анау тұрған алдың қайдан?» дегендейін, Голощекин өзі бас болып Екатеринбургтағы Ипатьев үйінің жертөлесінде атқызған Николай II патшаның бес вагоннан тұратын іші-сырты әлем-жәлем поезынан Қызылорда станциясында қалың топ нөкерімен шіреніп түсіп жатты. Желке жүнін күдірейте келуінен-ақ, «танымасаң, танып қой. Ақ патшадан көрген тепкің тепкің бе? Көресінді мен көрсетермін. Көзіңе көк шыбын үймелетермін!» дегендей еді.

Амал не, аңғал қазақ айылын жимады. Көптеген қазақ зиялылары жастықтығын, мемлекеттік тәжірибесі жұтандығын істеді. Айтысты, қырқысты. «Ұлтшылдыққа» қарсы күресті үдете түсті. «Қиіктің қасынуына мылтықтың басуы» дәл түсіп, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» 1927 жылы кітап болып шықты. Автор кітаптың кіріспесінде атап өткендей: «Мақсұт: 1916—17, 18—19-жылдардағы тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің, революцияның, Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген уақиғаларынан баспа жүзінде із қалдыру... Азын-аулақ қазақтан шыққан ұлы өзгеріске қатынасқандардың ұстазы — Ресей большевик партиясы, революцияның жалпы жауларына қарсы шығысқанда күрескен дұспанының бірі «алаш» еді... мен бұл кітаптың көп жерлері тарихи мағлұмат болуға жарар деп білемін» (1927 жыл, 3-бет).

Қазақ ұлтшылдарын «әшкерелейтін» өтірікті-шынды материалдан Голощекин тарыққан жоқ.

Ақыры немен тынғаны белгілі.

* * *

1926 жылы жазға салым Мағжан Мәскеуден оқуын бітіріп оралғанда, ел іші алабөтен беймаза хал кешкен жағдайда еді. Ел іші басып кеткен саяси науқан. Апыл-

құпыл жүргізіледі, бірінші аяқталмай жатып, екіншісінің басы қылтыяды. Солардың халқына пайдалы-зияндылығын айырам деп Мағжан әлек. Ол енді Кеңеске үзілді-кесілді қарсы емес. Әйтпесе «Қызыл жалау» өлеңін тудыра алмас еді ғой. Соңынан «Тоқсанның тобы», «Толғау» жазылды. Жаңа өкімет бұқара жағында болса, Мағжан да сол жерден табылмақ.

Мағжан ізденістерін қазақ зиялылары әр түрлі қабылдады. Бұрынғы ұлтжанды достары тым солақай кетіп барасың дегенді айтты. Шәймерден Тоқжігітов «бұрынғы Мағжан мен тоқсандағы Мағжанның айырмасы жер мен көктей» деп жазды. Әбдірахман Байділдин «Тоқсанға» берген бағаң дұрыс емес,— деп Шәймерденді сынады. Әбдірахманды Тоғжанұлы Ғаббас сойып салды. Мағжан әлі де өзін ақтағысы келеді. Өткендегі жамандығын жақсылағысы келеді. Еңбекшілерге жақындаймын деп еңбекшілерді алдамақшы болды. Бірер өлеңмен бәрін жуып-шайғысы келеді» деп жазды Ғаббас Тоғжанов «Әдебиет және сын мәселелері» деген кітабында (Бастырған «Еңбекші қазақ». Қызылорда. 1929. 163-бет).

Сол 1927 жылдан кейін біз қазақ баспасөзі жүзінен Мағжан өлеңдерін ұшырата алмадық. Сында тұрпайы социологизм берік орнығып, «әне жау, міне жау» деп аттан салып, бақырып-шақырып жатты. Мағжанның «қазақ әдебиетінде ауа райын туғызушылар» деп отырғаны Байділдин мен Тоғжановтар еді. «Меня буквально парализовала поднятая этой кучкой в печатти кампания...» деп жазды Мағжан тексерушіге жауабында.

Ақынды түсінген адам шамалы еді.

Мағжан өлеңі тамырының соғысы ел жағдайына қарай құбылатынын осы жолы да байқау қиын емес-ті. 1925 жылы 15—19 сәуірде республика Советтерінің V съезі отаршылдық сананың тағы бір жолсыздығын жойды, қазаққа өзінің тарихи атын қайтып берді. Бұдан былай Қырғыз АССР-ы Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы болып аталатын болды. Той тойға ұласып, Сырдария, Жетісу өңірі Қазақстанның қайта туып, қазақтың басы тұнғыш рет бірікті. Бұған елімен бірге ақын да қуанышқа бөленді. Мағжан өлеңіндегі жаңа ырғақ жақсылыққа дәмелі көңілден туғаны сөзсіз.

Осындай қуаныштың үстінде жайма-шуақ жаз өтті. Қабағын түйіп, қара бұлттанып күз жетті. Бұл жолы

табиғат ауа райымен бірге елдің саяси ауа райы да өзгеріп, қабара бастады. РКП(б) Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшылығына сол 1925 жылы қыркүйекте келген Голощекин теке сақалын шошандатып сөйлеген әр сөзінде Қазақстанның тұнығын шайқағысы келетін ниетін жасырмады. Айналып келіп салатын әлеулайы: қазақ ауылын Октябрь дауылы сырт айналып өткен, шарапатын тигізбеген, тіпті коммунистерінің өзі нағыз коммунист емес. Ендеше Қазақстанда «кіші Октябрь» төңкерісін жасау керек деп, білегін сыбанып, қасапшыдай жалаң-жалаң етті. (Сабазың өзін Қазақстанды жарылқайтын «кіші Ленин» келді деп ойласын деді ме екен?). Голощекиннің бүйтіп ежендеуі тегін емес-ті. Әккі қу «кіші Октябрь» идеясын Сталиннің өзіне «жә» дегізіп алған-тын. Осы жайында Мәскеуге Голощекин түсірген сала құлаш баянхатқа (запискаға) Сталин өзінің шегелеп, шегендеп тастайтын стилінде мақұлдаған тәртіп соқты:

«Тов. Голощекин! Я думаю, что политика, намеченная в настоящей записке, является в основном единственно правильной политикой» («Советская степь» газеті, 1927, 20 қараша).

Бұл «бірден-бір дұрыс саясаттын» арты Қазақстанды қандай апатқа душар еткені қазір жұрттың бәріне аян. Сталин мен Голощекин дәл қазаққа не себепті кәрін төккенін тарих әлі аша жатар. Бір анық нәрсе,— қазақты қырғынға ұшыратар алдында олар құрбанын басқа-көзге ұрып алды, «кіші Октябрдің» неге апарып соғатынын сезген қазақ зиялыларын қыспаққа алды. Идеологиялық қысымның сан қилы айла-әрекеті жасалды, таптық күрес айқайының дүрмегімен ұлт жазушыларын «ескі» және «жаңа» жазушыларға жіктеді. Отырықшыландыру, байларды кәмпескелеу, совет мекемелерін тазалау науқандары шынында да елдің астан-кестенін шығарды.

Сонда да қазақтар айылын жия қойған жоқ. Кейін «Голощекин геноциді» аталған қырғынның ауылды торып жүргенін дер кезінде аңғармады. Жуан жұдырықты сүйгіш феодалдық мінез бойынша қазақтың билік басында отырғандары Голощекинді бірден әулиесітіп жіберді. Мәселен, ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитетінің аштық жылынан кейін 1933 жылғы шілденің 10—16-сы аралығында өткен VI пленумында республика басшыларының бірі Құрамысовтың: «Алдымен Голощекин жол-

дасты қателеспейтін, жанылыспайтын кемеңгер адам деп білдім, кейде жеке мәселелерде терістік бадырайып тұрғанда бюроның өзге мүшелері секілді өз көзқарасымды мықтап ұстап, соған тиянақты болуға жарай алмадым»¹. — деуі бодандық сананың айқын көрінісі.

Құрамысовтар өздері ғана бүгежектеп, ұлықтың аркадан қаққанына мәз болып жүрсе бірсәрі ғой. Дәл осы жандайшап топ қазақ арасынан бірен-саран бас көтергендерді басып тастап отырды. Қарсы пікір айтқан коммунистерді алаш зиялыларымен қосақтап қойып ұрды.

1926 жылы қараша айында Қазақстан өлкелік партия комитетінің III пленумы болды. Сол пленумда «кіші Октябрь» авторын сынаған Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Жалау Мыңбаевтарға ұлтшылдық айыбы тағылды. Ал бұлардың бар жазығы — елді жарға жығып алмаймыз ба деп қауіп ойлау еді. «Мен, — деді Смағұл Сәдуақасов, — шаруа мәселесіндегі біздің ұранымыз, сара жолымыз... азамат соғысын ашу емес, азаматтық тыныштықта деп білемін. Өйтпесек шаруашылығымызды күйретіп алуымыз ғажап емес» («Советская степь» газеті, 1927 жыл, 22 қараша). С. Смағұлов республика өз шаруашылығын өзі басқаруын жақтады. Ол орталықты «шет аймақтарды тек шикізат көзіне айналдыруға тырысқан патша өкіметінің саясатын» іс жүзінде жалғастырып отырғаны, мұндай әділетсіздікті жою жөніндегі РКП(б) XII съезінің шешімін орындамағаны үшін қатты сынға алды.

Шындықты көзге шұқып айту, әрине, партбюрократияға ұнаған жоқ. Сол жылдардың әдеті бойынша малға таңба басқандай, адамдарға да таңба басыла бастады. Голощекинмен келіспегеннің бәрінің фамилияларына «шыл», «шіл» деген қалжуыр байланды. Голощекин бұл жолы да өзінің жаттанды тезисін қайталады, V партия конференциясына дейін, яғни өзі өлтіруге қатысқан Николай II патшаның вагонына мініп келгенге дейін Қазақстан партия ұйымын большевиктік ұйым деп санауға болмайтын еді деп біраз көпіріп алды да, тағы бір пәленің басын қылтитты. «Коммунистердің қазақ жағы... зиянды ұлтшылдық топтарға — мендешевшілдік, рискүловшылдық, қожановшылдық, сәдуақасовшылдық топтарына» бөлінген деп гөйтті («Қызыл Қазақстан» журналы, 1928 жыл, № 11—12, 112-бет).

¹ «Қазақстан коммунисті» журналы, 1990 жыл, № 8, 44-бет.

Сөйтiп, Голощекин күйе жақпаған қазақ зиялылары қалмады десе болады. Асыра сiлтеуге келгенде алдына жан салмайтын ол әдебиет саласының да ойран-боткасын шығарды. Көркем әдебиеттi «баспа насихатының ең таңдаулы түрi» («Резолюции V Всесоюзной конференции», 44-бет) деп өзiнше теория ойлап шығарды. Мұнысы жазушыларға, өнер қайраткерлерiне саясатымның шылауы боласындар дегенi едi.

Голощекин сырттан бiр жаман ат естiсе, дереу қазақтарға жапсыруға асығатын. 1921—1922 жылдары Парижде «Смена веков» журналы шығып тұрды. Журнал социализмнiң құлайтыны сөзсiз, бiрақ құлап тынғанша жұмыс iстесейiк деген қисын шығарды. Париж қайда, Алматы қайда? Дегенмен өлкелiк партия ұйымының Бүкiлқазақстандық VI конференциясында (1927 жылғы қараша) сменовеховшылардың кiнәсiн де қазақ зиялыларына мiн ғып тақты.

«Ескi интеллигенцияның арасында сменовеховшыларды еске түсiретiн қозғалыс бар,— дедi Голощекин.— Сендер Жұмабаевтың «90» жөнiндегi әйгiлi өлеңiн бiлетiн шығарсындар, ол өзi 90 жағында болғандықтан, 90 туралы жазады, ал көпшiлiк бұл сан шынайы екен деп алданып қалады.

Олар 100 деп едi, жеңiлiп қалды, ендi 90 деп күнiренуде, бiзге жақсы iстерiмен келсе, бiз олардың арқасынан қағамыз, алайда 90-ды басқалардың қолдамауы қажет екенiн аңғарту үшiн бiз арқасын сипап қана қоймай, бiр мезгiл соққыға да жығып аламыз» («Советская степь» газетi, 1927 жыл, 21 қараша).

Бұл сөздерден ұғатының — сол кездегi заңсыздықтың шегi жоқтығы. Голощекин секiлдi жарты патшалар жергiлiктi жерде «халықтар көсемiнен» кем керiкпеген. «Соққыға жығам» деп қымс етсең таяғын ала жүгiретiн әдетiн еш жасырғысы жоқ. Ал «көпшiлiк алданып қалады» деп өзiн ақылдыға санап, басқа жұртты мiлау көретiнiн қайтерсiң. Мұндайлар басқа халықтың аяулысын қайтсiн.

Мағжанды темiр жолға қарсы деп, Бухаринге жамандатып жүрген де осы Голощекин бе деп ойлайсың. Өйткенi Қызылорда қаласында өткен партия активi жиналысында Филипп Исаевич Мағжанның «Шойын жол» өлеңi туралы мынадай пiкiр айтыпты:

«Мен бұған дейiн қазақтардың арасында Түркiстан-Сiбiр темiр жолына қарсылар бар дегенге сенбей келiп

едім. Міне, енді өлеңді оқып, ондайлардың бар екеніне анық көз жеткіздім», бұл олардың буржуазияшыл «теріс түсінігі шырмауынан шыға алмай отыруларынан деп есептеймін» («Алматы ақшамы» газеті, 1990 жыл, 17 тамыз).

Әрине, Мағжанның «Шойын жолын» Филипп Исаевич атанған Шая теріс оқыды. Мағжан алысты болжайтынын, парасаты нелер голощекиндерді орап алатынын ол осы өлеңі арқылы тағы да көз жеткізеді. Техникалық прогрестің адамзатқа тигізер пайдасы да, залалы да бар. Ақын соңғысына көбірек ден қойып ескертеді. Сөйтіп, экология мәселесін дүниежүзілік әдебиетте біріншілердің қатарында көтереді. Мысалы, қазір БАМ-ды сынаушыларды, не Сібір өзенін Аралға бұруға қарсыларды біз буржуазияшыл «ескі түсінік» шырмауынан шыға алмай отыр деп саяси түрде айыптамаймыз ғой. Мағжан темір жол тигізетін зардаптардың алдын алу керектігіне назар салып отырғанын білімі шала-шарпы Голощекин байғұс қалай көз жеткізе алсын.

Голощекин айқайы ақыры Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтарға қара індет болып жабысты. Олар шетінен ұстала бастады.

Бұл — жалпы қорытынды. Жалпы нәрсе нақтыланбайынша шындыққа көз жеткізу қиын. Мәселе Голощекинде ғана емес, сондай қызыл көзге қазақ ішінің бір шамасының «сусап» отырғандығында да еді. Әйтпегенде, мына фактілерді немен түсіндіреміз? Мағжанға қарсы саяси науқан 1924 жылы басталып, 1925 жыл бойы үнемі жүргізілгенін, сөйтіп 1925 жылы күзде келген Голощекинге даяр материал беріле қойғанын кездейсоқтыққа жатқыза аласың ба?

Шындығына жүгінсек, Голощекиннің аузына сөз салған өз ағайындарымыз. Оны несін жасырамыз? Бойы биіктеп кеткенді қалайда етектен тартып түсіруге барын салатын айналасының қызғаныш оты ақынды аз күйдірді ме? Ол аздай, ақынның талайына сталиндік қатыгез заман тап болды. Тап күресін жалаулату елі ішін қырық пышақ етті. Бай мен кедей ғана қырқысып қойған жоқ. Жалпы жұрт мінезі бұзылды. Жау да жау, жау емес те жау болды. Ел ішін қатыгездік пен үрей алды.

«Буржуазиялық ұлтшыл интеллигенция» дейтінге қарсы бұл жолғы жорық Мәскеудегі елеусіз сияқты көрінетін оқиғадан басталды. Мағжан В. Я. Брюсов баста-

ған Әдеби-көркем институтында оқи жүре, астанадағы Күншығыс еңбекшілері университетінде сабақ беретін. Міне, осы университет қасынан құрылған «Жерлестік» атты қазақ жастары ұйымының аяқ астынан жиналысы шақырылды. Жиналыс 1924 жылғы жиырма төртінші қараша күніне белгіленеді. Айтылған күні университеттің бір аудиториясына алпысқа тарта адам жиналады. Не боп қалды десе,— Мағжан Жұмабаевтың бұдан бір жыл бұрын Ташкенде шыққан өлеңдер жинағын талқылау керек екен.

Енді біраз ой жүгіртіп көрелік. «Жерлестіктің» шұғыл жинала қалуы және мұндай құрамда қазақтың сол кездегі бетке шығарлары боп бас қосуы көңілге сұрақ ұялатады. Бұлардың сонау Мәскеуде оқуын оқып, қызметін істеп тып-тыныш жүрген Мағжанда не шаруасы бар? Сол жиналысқа қатысқан Бейсенбай Кенжебаевтың естелігі бойынша («Лениншіл жас» газеті, 1989, 4 қаңтар) жиналысқа «Атап айтқанда, сол кездегі СССР халықтары орталық баспасөзінің директоры Нәзір Төрөқұлов, Орталық комсомол комитетінің бюро мүшесі, Жастардың коммунистік интернационалы атқару комитетінің бөлім бастығы Ғани Мұратбаев, басқа оқу орындарынан Ғаббас Тоғжанов, Садықбек Сапарбеков, Жәкел Сәрсенбин, тағы тағылар қатысты». Осылардан студент Сәрсенбиннен басқалары Мағжанға дүрсе қоя берді. Және баяндамашыны қараңыз — Нәзір Төрөқұлов әрі белді қызметкер, әрі Сәкен мен Мағжанға бірдей тап беріп, қатал тезге салып жүрген ұртоқпақ сыншы.

Нәзір Сәкеннің «Асау тұлпар» жинағының бірыңғай кемістіктерін термелеп, «бас жарып, көз шығаратын» сынның «үлгісін» көрсетті. «Жаңа әліпби неге керек?» (Мәскеу, 1924) деген кітапшасында «Сәкен... партияның тұтқан жолынан хабарсыз надандығынан «Азияны» жырлайды. Мағжан болса, феодализм қараңғылығы көзін басып, соқырлығынан «Алтайға» жылайды. Бірақ тарих, тұрмыс бұл екеуін де жөнге салады, түспесе езіп басып кетеді...» деп соғатын. Міне, сол Нәзір ақынды салған жерден қаралай жөнелді. Әдеби талдаудан гөрі прокурор айыптауына көбірек ұқсайтын жиналыс қарары да жіліктеп, тармақ-тармаққа жүйеленуіне қарағанда, жиналыс алдын ала даярланған.

Кеңес елінде жазылмаған заң бойынша қай жерде, қандай жиналыс болсын тиісті партия органының шешімсіз бірде-бір жиналыс өткізілмейтін. Осындай жора-

малды жас зерттеуші Амантай Шәріпов те «Сұлтанбек Қожанұлы — әдебиетші» деген кітабында («Ер — Дәулет». Қазақстан. Алматы, 1994, 44-бет) айтады. «Жерлестік» ұйымының жиналысы өтерден бес күн бұрын,— деп жазады ол,— 1924 жылғы қарашаның 19-ында РҚ(б)П ОК-нің баспасөз бөлімінде кеңес болып, онда «Ақ жол» газетінің жұмысындағы кемшіліктер көрсетілген-ді. Біздің пікірімізше, сол іркес-тіркес екі бас қосудың арасында белгілі бір дәрежеде байланыс бар. Болмауы мүмкін емес те».

Осы тұста бір есте болатын нәрсе,— Бейсекең естелігінде баяндаманы оқушы жас ақынымыз Өтебай Тұрманжанов жасады дегені кейінірек «Еңбекші қазақ» газетінде (1925 жылғы, 14 қаңтар) жарияланған есепке сәйкес келмейді. Қайсысы дұрыс дегенге келгенде, мен газетте дұрыс көрсетілген болуы керек дер едім. Оған екі түрлі себеп бар. Біріншіден, жас ақын Өтебай Тұрманжанов Мағжанды пір тұтқан. Өтекеңнің кейін репрессияға ұшырауы да Мағжан поэзиясын жанындай жақсы көргеніне байланысты. Ондай жас өзінің сүйікті ақынын әшкерелейтін бағытта баяндама жасауы мүмкін бе? Және партияның орталық Комитеті ондай жауапты баяндаманы сыннан өтпеген жас жігітке қалай сеніп тапсырмақ? Бұл мәселені Орталық Комитеттің Баспасөз бөліміндегілер талқыласа, әрине, көз алдарында жүрген басшы қызметкер коммунистке назарлары түспек. Екіншіден, «Еңбекші қазақ» — жәй газет емес, партиялық орган. Партия бақылауымен ұйымдастырылып отырған мұндай материалда баяндамашының фамилиясын шатастырып алуы тіпті мүмкін емес.

Сонымен, жиналыстың ақын поэзиясын әділ талдау үшін шақырылмағаны, көріне пәле іздеуге жиналғаны бірден сезілді. Жиналыстың объективтілігіне, әділеттілігіне күмән туғызатын тағы бір жәйт — оған сол кезде Мәскеуде тұратын және жиналыс өткізіліп жатқан университетте оқытушы болып істейтін Мағжан ақынның қатыстырылмауы. Әлде ақынды көзбе-көз сынауға батылдықтары жетпеді ме, не ол сөйлесе, ойдағы мақсаттарына жете алмай қаламыз деп қауіптенді ме,— кім білсін. Бұл жөнінде жиналыс туралы берілген есепте дәнеңе айтылмапты.

Талай жұрттың табанында өскен қазақ байғұс саясат дегенді жөнді түсінуші ме еді. Саясатқа салғырт екендігін, аңқаулығын осы жолы да танытты. Алаш зия-

лыларын кеңес жұмысына пайдалануды жақтайтын Смағұл Садуақасов өзі қол қойып жүрген «Еңбекші қазақ» газетінде жаңағы «Мағжан кітабы туралы» есептен бастап жыл бойы Мағжанды жаныштайтын мақалалар жариялады.

Нәзір Төреқұлов Мағжан жинағы туралы баяндамасында аузына түскенді соға берген. Газет редакциясы айызы қанғандай, соның бәрін талғаусыз баса берген. Нәзір баяндамасында «Мағжан ақын, бірақ қазақ ақыны емес (?!), қазақтың тұрмысынан айырылған ақын» дейді. Мақала авторлары Уәли Орынбайұлы мен Ілияс Қабылұлы бұл күлді көмеш тұжырымды сол күйінде көшіре салған.

Баяндама қайшылыққа толы. Нәзір біресе: «Саясатпен әдебиетті араластыруға болмайды... Мағжан өлеңдері көбінесе осы пікірге сүйеніп басылған. Бұл қате» дейді. Яғни Жұмабаев поэзиясының саясаттан тысқары қатете санайды. Біресе жаңағы айтқанын теріске шығарып: «Мағжанның өлеңі де, өзі де байлар әдебиетіне байланысқан, кеңес үкіметіне қарсы... саяси жолы теріс» деп кінәлайды.

Мағжанның жинағында «коммунист партиясы» деген сөз ауызға алынбайды. Алайда баяндамашы Мағжанға «Коммунист партиясын қоңыз қылып көрсетті» деп жала жабудан шімірікпейді. Жиналыста шығып сөйлеген жиырма шақты адамның бірде-біреуі баяндаманың сояудай көрініп тұрған сорақылықтарын көрсе де көрмегендей, ләм-мимсіз «қылғытқан». Жиналыста бір ғана дауыс елден ерек шықты. Жәкен Сәрсенов деген студент «Мағжанның пайдалысын алып, пайдасызын алып тастау керек» деп ұсыныс жасады. Өрепкіген әділет үніне құлақ асқан жан болмады. «Қорытынды сөзінде баяндамашы Жәкен сөзінің қате екенін көрсетті» делініпті есеп мақалада.

Өрескел жиналыстың қарары да — өрескел. Ерікті қоғамның байламынан гөрі ресми мекеме бұйрығына ұқсайды. «Жерлестік» Мағжан ақын өлеңдері «бұдан былай... газет-журнал бетіне тексерусіз басылмасын» деген үзілді-кесілді үкім шығарады. Қарар қаһарын жая түсіп, өзге жұрттың, жеке коммунистердің апшысын қуырады. «Қазақ еңбекшілеріне коммунистер партиясының бағытымен жөн сілтеп түзу басшылық етеді дейтін бірсыпыра коммунист жолдастар (Мағжан кітабының басылуына, таралуына себепші болған жолдастар кіреді)»

жауапқа тартылсын дейді. Бұл сол кездегі Қазақстан өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы Сұлтанбек Қожановтың адресіне айтылған сын еді. Мұны түсінген Қожанов көп ұзатпай «Еңбекші қазақ» газетінде (1925 жылғы, 31 қаңтар) «Менің жауабым» деген мақала жариялады. Ол «пәлен қисық, мен түзу, анау жаман, мен жақсы деп... қатарға кіріп кеткен саудагерлерді» яки Мәскеуге жақсы атты көрінем деп жарамсақтанған мансапқорларды астарлап сынайды. Бірақ сынында дәйектілік, табандылық көрсете алмады. «Мағжан жөнінен менен қателік кеткен. Бастырғанымнан да, менің сол кітапқа саясаттан тысқары қылып баға беріп, сөз басы жазып бергенім үлкен қате» деп өкініш білдіріп, жоқ кінәсін мойнына алуға мәжбүр болады.

1923 жылы қазақ әдебиеті тарихында керемет олжаға батты. Ташкен қаласында Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағы жарық көрді. Жинақтың шығуына сол кезде ірі қызметте жүрген Сұлтанбек Қожанов білек сыбанып көмектесті. Онымен қанағаттанбай, жинаққа «Мағжан өлеңдері туралы бір-екі ауыз сөз» деген кіріспе жазды. Шағын мақаланың ойы қандай кең. «Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін, марксизм дүние тануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына көбірек көз салу керек, тарих мәнісіне жете түсіну керек» деп жазады Сұлтанбек. Әдебиет саяси конъюнктурадан аулақ жүрсін дейді ол. Біздің талай жылдар терлеп-тепшіп жүріп түсінген ақиқатты қайран аға сол кезде-ақ жете білген ғой. Немесе қазіргі әдебиеттану ғылымына жол сілтерлік мына сөздерін оқиық. «Әдебиеті жаңа аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақындардың қызметі зор екені анық. Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады».

Қазақтың кемеңгер ұлттық ақынының бірде-бір өлеңдер жинағын туған өлкесінде, Қазақстанда ақыры шығартпай қойған қызыл белсенділердің қысымымен Сұлтанбек Мағжанға, сол арқылы қазақ әдебиеті мен мәдениетіне жасаған өшпес жақсылығын қате деп талай рет мойнына бұршақ сап мойындады. Онысын уақыт кешірді. Күнәсі істеген ісінің қасында түк емес. Мағжанды Ташкенге шақыртып, ақын келген соң сол қаланы Пушкин

киннің «Болдино күзі» сияқты шабыт қайнарына айналдырған кім еді? Бұл сұраққа жауап іздегенде ең алдымен тілімізге үйірілетіні — Сұлтанбек Қожановтың ардақты есімі. Ол жағдай туғызбаса, Мағжанның ақындық тәжіндегі гауһар тас — «Батыр Баян» поэмасы жазылар ма еді, жазылмас па еді, кім біледі? Мемлекет қайраткері және «Ақ жол» газетінің редакторы төңірегіне Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамбетов, Хайретдин Болғанбаев, Мырзағазы Есболов сынды талант иелерін жинап, сол боздақтарға аз күн азаттық ауасын жұтқызғанының өзі қаншалық.

Мағжан өлеңінің бағын ашқан сол бір шұғылалы шақ енді көрген түстей жоғала берді. «Жерлестік» жаласы Мағжанға ауыр тиді. Профессор Бейсенбай Кенжебаев сол жиналыс жайында Мағжанмен екеуара болған әңгімені былай аяқтапты.

Мағжан: «Сонымен не дейді? Маған не істе дейді?— деп таңырқап ойланды. Біле тұрса да, мен оған жиналыс қаулысын хабарлап сөйледім:

— Сізді үлкен-үлкен қателері бар ұлтшыл ақын, оның шығармалары бізге жат, зиянды деп тапты ғой,— дедім.

— Рас, қате деген болған, өткен, оны қазір өзім де білемін. Ал «Иілген мойынды қылыш кеспес» деген бар емес пе?— деді».

Бұл диалогтан ақынның қатты қиналыста жүргенін аңғарамыз. Қайда барса да, не істесе де алдынан ызғар соғады. Ол пілген сайын, өздерін Совет өкіметінің кенже баласындай ұстайтындар шалқая береді. Соны түсінбейді, сонан шошынады.

Қиын сәтте Мағжанға қол ұшын беруге тырысқан атақты жазушы Жүсіпбек Аймауытов болды. Нәзір Төрекұловтың «Жерлестік» жиналысында жасаған баяндамасын ашық сынамаसा да, шын мәнінде, соған қарсы шығып, Ташкенттегі қазақ студенттеріне баяндама жасап берді. Бұл баяндама «Лениншіл жас» журналында (1925, № 5) жарияланды.

Уақыт ескірткен кей тұстарына қарамастан, Жүсекеңнің әдебиет жөнінде жазған жомарт ойлы, күні бүгінге дейін маңызын еш жоғалтпаған мақалаларын зор ықыласпен оқисың. «Мағжан ақындығы» туралы мақаласы бүгінгі оқыған жұрттың бәрінің таңдайын қақтырды емес пе. Жүсіпбек аға жас әдебиетіміздің тамырын балгердей басып, алдағы міндеттерін айқын сызып беріп

отырды. «Көркем әдебиетті саралау» атты мақаласында («Ақ жол» газеті, 1920 жыл, 17 сәуір) Жүсекең айқай сөз, жалаң үгіт төңкерістің алғашқы екпінінде жарасты еді, енді «Төңкеріс сабасына түскен заманда, алғашқы айқаймен жүре беру келіспейтін кінәрат нәрсе» деп жазды. Жүсекеңнің осы мақаласында «Келгенде февраль өтіп марттың айы//Білінді сол мезгілде жаздың айы» деген балдыр-батпақ өлеңсымақты «жарапазан» атауы кейін қанатты сөзге айналып кетті.

Мағжанды мақтау қазақ әдебиеті мен мәдениетінен жау тапқыштарға, әрине, ұнамады. Ғаббас Тоғжанов Аймауытовқа дүрсе қоя берді. «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «Көркем әдебиет туралы маркшілдер не дейді? Жүсіпбек не дейді?», тағы басқа мақалаларында («Еңбекші қазақ» газеті, 22 қазан, 19 желтоқсан т. б. 1925 жыл). Аймауытов сөз жүзінде адамдардың қоғамдық қызметінің таптық мәнін мойындамайды, ал нақтылы адамға келгенде, мәселен, Жұмабаевқа келгенде ол принциптен бас тартады, деді. Аймауытов Жұмабаевты белгілі бір таптың өкілі етіп көрсетпейді, «көшпенді ауылдың ұлттық ақыны» деп дәріптейді. Шынында, ол байшыл, ұлтшыл ақын,— деді. Бұл қисын Ғ. Тоғжановтың М. Жұмабаев творчествосы туралы жазған барлық шығармаларына тән.

Ғаббас Тоғжанов өзінің «Жүсіпбек сыны. Мағжан ақындығы туралы» (1925), «Әдебиет және сын мәселелері» (1929) атты кітаптарында Мағжан — жау дегеннен басқа жарытып ештеңе айтпайды. Тіпті «Мағжанның жақсысынан безбейміз» деген мақаласында да ақынның байшыл, ұлтшылдығын сан қайталап, мезі етеді.

Мен бұл арада дәрекі социологизм шығармасын қазір тіске салуға жұмсақ екен деп сынағалы отырған жоқпын. Сол Тоғжанов, Байділдиндерден өріс алған қазақ әдеби сын стиліндегі озбырлық, қасақана жала жабушылық, өзін өкіметтің оң көзі етіп көрсетіп, басқаларды «әне кетті жау, міне кетті жау» ғып даттайтын, елуінші жылдардың орта беліне дейін созылып келген суық, тасбауыр мінезді айтқым келеді.

Осы мінез, біріншіден, сынды шыншылдықтан тайдырды. Әдебиет әлеміне оның адамгершілік табиғатына жат пәле іздегіштік әдеттерін енгізді. Кітабының «Мағжан февраль төңкерісінен кейін» атты тарауында Ғаббас Тоғжанов Мағжанға тағатын ауыр кінәсына дәлел

ретінде мынадай «фактілер» келтіреді. Мағжан Чехословак лаңы мен Колчак Сібірде Совет өкіметін құлатқан кезде «Мен жастарға сенемін», «Бостандық», «Тілегім», «Мешіт әм абақты», «Төбет», «Жауынгердің жыры» деген өлеңдерін жазды»¹, «Қазақ жастары ұлт жасы болам десе жауға аттансын. Жауыз большевиктерден елді аман алып қалу жолында болсын» деп жастарға жар салды»² дегендей пікір таратты.

Зерттеушінің ғылыми ыждағаттылығы қандайлығы бұл өлеңдерде «большевик», «совет» деген сөздер немесе солардың мәнін беретін ұғымдар жоқ екенінен байқалады. «Мен жастарға сенемін», «Жауынгер жыры» өлеңін, мысалға, қазір де айтсаң еш сөкеттігі жоқ. Тек «Алаш» деген сөзден жерінбесек болды.

«Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!»

Мұнда алаш сөзін ұлттық мағынада, қазақ деген арғы тегінде түсінсек керек. Алты алаш екенімізден, өз атымыздан өзіміз қашанғы жеріне береміз? Өздерін Саха еліміз деп атайтын якуттар «ұлтшылдығынан» өйтпейтін шығар...

Сондай-ақ, 1918 жылы жазылған «Бостандық» өлеңін қалай аударып-төңкеріп, үлкейткіш микроскоп шынымен қарасаң да, одан Советке қарсы сөз таба алмайсың. Ал «Төбет» өлеңінің Октябрь революциясына қарсы жазылмағанына бұл шығарманың 1915 жылы «Қазақ» газетінің 140-санында жарияланғаны дәлел. «Тілегім» өлеңі де сыншының фактімен санасқысы келмейтініне айғақ. Өйткені бұл өлеңді тіпті біз Мағжанның 1912 жылы Қазанда шыққан «Шолпан» жинағынан кезіктіреміз. «Мешіт әм абақты» өлеңі адамгершілік, атеистік тақырыпты қозғайды.

Солақай сын, екіншіден, әдеби талдауды үкім шығару деп түсінеді. Сәкен Сейфуллин айтпақшы, «сынау дегенді ұру», «сойып, салу» деп түсінді, өздерінің саяз шолақ пікірлерін «жұртқа заң қыла сөйлеу» деп білді³.

Сөйтіп сен тұр, мен атайын ымырасыздығы советке

¹ Тоғжанұлы Фаббас. Жүсіпбектің сыны. Мағжанның ақындығы туралы. Москва, 1926 жыл, 4, 6-беттер.

² Сонда, 47-бет.

³ Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезі. КҚӘБ, 1934, 119-бет.

жақын келген ақынға қол созу орнына, оны кеудеден кері итерді.

Үшіншіден, дөрекі сын өресі тым тар еді. Ол Мағжан поэзиясының қазақ тақырыбы кемерінен асып төгіліп жатқандығын ескермеді. Мағжан ақын қазақ поэзиясын дүние жүзі әдебиетінің деңгейіне шығарғанын ұмытпауға тиістіміз. Оның батыс пен шығыс арақатысын толғауы қазір де қызықтыратын тақырып. М. Жұмабаев творчествосы тап принципін тар құрсауында ұстауға ырық бермейтіні күллі адамзат проблемаларына ойысуынан.

Мағжан поэзиясының құлашы кең. Ақын назарына ғарыш та іліккен. Ол өзін адамзат тарихының перзентіне балайды. Сол тұрғыдан жер шарына көз тастайды, жақсысына сүйініп, жаманына күйінеді.

Балам, енді білдің ғой, ол — абақты,

Ашуменен түйіп тұр, ол — қабақты.

«Қиялды ұстап жаптым!»— деп бос

малданған

Ақымақ деп болмай ма адамзатты!—

десе, Мағжан тек біздегі концлагерьді ғана шенемеген болар. Адам құқығы, ой еріктілігі қобдиға салып қоятын нәрсе емес. Ол үнемі баста жүреді. Таптық принциптің бөтен ойға өшпенділігі шындық кілтін табуға апаратын жол емес.

Біз кезінде таптық көз аясына бар құбылыс сыя бермейтінін ескермедік. Ғаббас Тоғжанов «Мағжанның әйелге көзқарасынан» да таптық белгі іздеп әуре-сарсаңға түсті. Ақынның бүкіл махаббат лирикасын бұла өскен мырзаның «еркелігіне» сайды. Сыншының таптық принципті тұрпайылағаны соншалық, тіпті оның әр нәрсеге нақтылы тарихи көзқарас тұрғыдан қарау керек деген талабын аяқ асты етті. Ол тіпті ақынның «Тоқсанның тобы», «Толғау» атты советтік дәуірге іш тартып жазған өлеңдерін де істен алғысыз қылды. Мағжанның бұрын жүздің ақыны едім, ұлт ақыны едім, ол кезде де «мұңдымен мұңдасқан едім, толқыннан қалмап едім», сондықтан мынау тоқсан, еңбекші бұқара жат емес, халық үшін жазуымды күшейтемін деген сөзінен Тоғжанов әлдебір жалғандық іздеді.

Тоғжановқа салсаң бүкіл әдеби мұраны пролетарлық тұрғыдан қайта жазып шығу керек екен. «Мағжанның түзелем деп алғашқы жазған, артынан жазғандарын да түзетсе, шынын айтса онда Мағжанға «салауат» дер

едік»¹.— деп тарихты қайта жазуға шақырды, қисынсыз талап қойды.

Абай, Ахмет, Мағжандар қазақ халқы үшін үлкен қор еді. Олардың атын өшіруге тырысудан жаңа қоғам ұтқан жоқ, ұтылды.

Мағжан мұрасының өзі де үлкен мәдени қор. Оның өлеңінің әр жолы салмақты көрінетіні астарында бүкіл рухани қор тарихы жатыр. Батыс-Шығыс мәдениетінің, әдебиетінің Мағжан поэзиясында тоғысатынын дәлелдеп жатудың қажеті аз. Өлеңдерінің тақырыбын оқып шықсаң да көзің жетеді.

«Күнбатысты қараңғылық қаптаған» деп басталатын «Пайғамбар» өлеңін алыңыз. Мұндағы «түн баласы» деген сөзді Тоғжанов советке телиді. Ал шынында «Пайғамбар» нақтылы саяси қазыққа байлайтын өлең бе еді? Батыс пен Шығысты қарама-қарсы қою Мағжаннан басталып, Мағжанмен аяқталмағаны белгілі. Неге десеңіз, бұл Мағжан үнемі нәр алған орыс философиясының ең бір жанды жері десе болады. Шығыстың сәулесі Батыс түнін, буржуазиялық дүниенің қараңғылығын нұрландырады деген атақты анархист М. Бакунин екені мәлім. Қ. Леонтьев: орыс коммунизмі батыс буржуазиясы күліп көкке ұшырады деген. Ресей мен Европа тажалы панмонголизмнен келеді деген В. Соловьев ше?

— Шығыс оянып келеді. Бұл — социалистік революцияның мықты резерві.

Мұны айтушы — Ленин. Дүние жүзі философтарының осы секілді пікірлерін ескермей, Мағжанның:

Күншығыстан таң келеді, мен келем,
Көк күңіренеді, мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған
Жер жүзіне нұр беремін, Күн беремі!—

деуін талдауға кірісу қиянат.

Бірақ ол кезде ақынның обалына қалармыз деген жан сирек кездесті. Тұрпайы социологизм сыны мағжандардың көзін жою жөнінде алдын ала ойластырылған жүйелі саясат диірменіне су құйып отырды.

Голощекин мен оның шашбауын көтерушілер алдымен «байшыларды, ұлтшыларды» баспасөз орындары-

¹ Тоғжанұлы Габбас. Әдебиет және сын мәселелері. Бастырған «Еңбекші қазақ». «Қызылорда. 1924 жыл. 163-бет.

нан түріп шықты. Сонсоң олардың төңірегінде теріс қоғамдық пікір туғызды. Мағжан өлеңдерінің әр жерінен жұлмалап, бір ғана тап — байдың мүддесін көздейді, Кенесарыны мадақтайды, түрікшілдікті уағыздайды, құдайды насихаттайды деген сияқты пәле-жаланы жіпке тізе берді. Ал мәселенің өзегі назардан тыс қалды. Бай-шыл, ұлтшыл, пролетар әдебиеттері болса, ұлт әдебиеті дегеніміз не? Бұл мәселелерге жауап қайтарылмады.

Мағжанды «ұлт ақыны» деп алғаш дұрыс түсінген әдебиетші — Жүсіпбек Аймауытов. Тек Жүсекеннің «Мағжан кедейдің ақыны емес» деген сөздерін анықтай түсу керек етеді. Өйткені Мағжанды ұлт ақыны деп танысақ, ұлт ұғымына халықтың бар топ, таптары, оның ішінде кедейлер де енеді. Интеллигенция — ұлттың құрамды бөлегі. Ұлт ұғымы бір елдің ел-жұртын тұтас қамтитындықтан, халық ұғымынан кеңірек екені белгілі.

Мағжанның жас кезіне байланыстырып «ұлтшылдық» деген сөзді аталған мақаласында Жүсекең де қолданады. Ақынның өзі де 1929 жылы 14 шілде күні түрмеде тергеушіге берген жауабында: «Мен өз наным бойынша 1911 жылдан Москва қаласына келгенге дейін ұлтшыл болдым», — дейді.

«Ұлтшыл» деген сөзге ол уақытта қылмыс деп қарамайтын. Елін сүйетін азамат деп түсінген. Бірақ бұл ұғым «байшыл», «жат», «жау» ұғымдарымен теңестірілгенде Мағжан шабытының Пегасы, қанатты тұлпары шідер салғандай мінуге жарамай қалды. Сәбит Мұқанов 1934 жылы 2 қарашада Соловецк лагеріндегі Мағжанға хат жазғанда ақынның осы жайына тоқталып, мынадай өкініш білдіреді:

«Шындығында Сіз 1928 жылы (жылы қате көрсетілген.— Ш. Е.) екі өлеңіңізде «Тоқсан тобы» және «Толғауды» совет идеологиясына қарай негізгі сюжетін дұрыс түсінгенімен, дер кезінде оның жақсы қасиеттерін бағалауда кемшіліктер жібергенімді мойындаймын. Сондықтан ба, әлде басқа себептермен бе, Сіз бұл тақырыпқа қайтып оралмадыңыз...» («Қазақ әдебиеті» газеті, 1990, 15 наурыз).

Сәбең бұл арада өзінің 1927 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында (№ 22—23) жазылған «Көркем әдебиет» туралы мақаласын еске алып отыр. Мұнда ол ақын поэзиясындағы жаңа сарынды ескермей, социализм тақырыбына Мағжанның тілі келмейді. «Мағжанның тілі келетін тақырыбы — байларды, хандар мен бек-

терді мадақтау, күні өтіп, өліп бара жатқан өмірді мадақтау»¹. — деген.

Сәбең мойындап отырған кемшілік Мағжанға оңай соққан жоқ. «Байшыл», «ұлтшыл» деген сөздер басар жер, барар тауың енді жоқ дегенмен бірдей еді.

Түсінікті жәйт. Атаман Анненковтың ажал вагонынан шыққан, талай қоқайды көрген Сәкен Сейфуллиннің өзі 1925 жылы біраз қыспаққа ұшырағанда «Уақытша «қызыл» тақырыпқа жазудан» тыйылғанын мойындайды. («Менің қателерім туралы». «Қызыл Қазақстан» журналы. 1929 жыл, № 6, 33-бет). Ал Мағжан жайы бұдан әлдеқайда сорақы еді ғой.

«Толғау» (1927) өлеңінде Мағжан Алашқа тек ел деген сөзі үшін ергендігін, ешкімнің атқосшысы емес екендігін, елі жыласа бірге жылағанын, революция толқынына ешқашан жаулық етпегенін, төңкеріс таңында қайта «не бостандық, не құлдық» деп жырлағанын, жар салғанын ақтарыла, ағынан жарыла айтады. Мағжанның ақындық қуаты аз сөзге көп мағына сыйғызуынан да көрінеді. Айналасы сексен жолға жетер-жетпес «Толғауға» ол өзінің бүкіл өмірін сыйғызып жіберген. Бәрі — шындық. Ол әрдайым «айдарлысы құл болып, тұлымдысы тұл болған» халқының қасынан табылды. Жер-суынан айрылып, мүлде құрып бара жатқан елімен бірге еңіреді. Мағжанның ақын ретінде сахнадан кетуін аңсағандар оның ойын әдейі бұрмалап, жоқ, бұл еңбекші халықтың бүгін «тойын тойлап топырлай шапқанына» күңіреніп отыр деп соқты. «Тек ел деген сөзі үшін//Ергенде ердім ұранға» деген сөздеріне жабысып, «Әлихан, Ахметтерге ердің» деп кінәлады.

Жеке адамның, дара жанның дауысы «тап» деген айқайдың астында көміліп қала берді. Тап диктатурасын, түптеп келгенде, Сталиннің билеп-төстеуін күшейткен сайын бас бостандығы аяққа басыла берді. Оның дәмінің қандай болатынын Мағжан ғана емес, Мағжанға жала жабушылар да бірге «айызы қанғанша» татты.

Өзінің аяқ-қолын матап тастаған кампанияны айтқанда, Мағжан Байділдин мен Тоқжігітовті бөліп атайды.

Мұндағы Байділдин Әбдірахман 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Көркем әдебиет туралы» мақала жариялап, сол кездегі дөрекі социологизм жаттандыла-

¹ «Өсу жолдарымыз». 53-бет.

рын қайталады. Байділдин — «Әдеби энциклопедиядағы» (Коммунистік әдебиет баспасы, 1930, 202—203-беттер.) «Жұмабаев Мағжан» мақаласының авторы. Шағын хабарламада Мағжанға таппаған айыбы жоқ. Тіпті «Тоқсанның тобы» поэмасын да революцияға жапқан жала, байлар мен буржуазияны қорғау мақсатында жазылған деп тапты. Сөйтіп, ол «бұрынғы Мағжан мен «тоқсандағы» Мағжанның айырмасы жер мен көктей» деп ертерек айтқан пікірінен тайып шықты. Ә. Байділдин кезінде Алашорда үкіметінің бастығы Әлихан Бөкейхановтың адъютанты болған. Мағжанның «Толғау» өлеңінде «Ел бастаған ағаға//Атутан болып ермедім» дегендегі адъютант осы Байділдин.

Шәймерден Тоқжігітовтің 1927 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының үшінші-төртінші сандарында (біріктірілген) «Әдебиет мәселелері» (айтыс ретінде) деген мақаласын Мағжанның оқығаны даусыз. Әділін айту керек, Шәймерден бағзы біреулердей шокпарын онды-солды сілтей бермеген. «Біреулер қолдағы барды өртеп жіберу керек деп соғады. Бұл бір езулік, бұл тым солақайлық» деп қызба белсенділікке тоқтау қояды. Міржақып, Мағжандарды «жолымызға, негізімізге қарсы» ұлтшыл деп бағаласа да, олардан қаламға ұсталықты, тіл шеберлігінен үлгі алуға шақырады. Ол кездің күйіп тұрған жағдайында Мағжан ақынға ара-тұра жылы сөз есту де пайда еді. Ал ақынның Тоқжігітовке қатты сөз айтуына келсек, мұны ойласу қажет. НКВД үшін Мағжанның жақсылағаны жаман, жамандағаны жақсы көрінуі әбден ықтимал. Мұны Мағжан сезбеді дейсіз бе? Әбден сезінуі мүмкін.

Осыған бір дәлел Мағжанның Әлкей Марғұлан жайында «көрсетулері». 1937 жылы ұсталғанда ақын жалпы өзінің өткен жолын шолып түсініктеме жазады. Ал кейін тергеушінің әмірімен (әрине, таяқ астында) жаңағы түсініктемеге қосымшалар жазған. Сондай қосымшаның бірінде Мағжан әйелі Зылиханы Ленинградқа шақыртып алғанын, ол қамауда отырған кезде Ленинградта не Ленинград маңында тұрғанын айта келіп, оған өзінің «досы әрі поклоннигі» Әлкей Марғұланов (Марғұлан демеген — Ш. Е.) келіп жүргенін, бірақ жас жігіт «шизофрениямен ауырып, психологиялық ауруханаға түскенін» жазады.

Мен бұрын қайран қалушы едім: 1937—1938 жылдары ондаған, жүздеген мың адамдар халық жауы ретінде

ұсталды. Солардың бәрін салпаңқұлақтар (сексоттар) көрсетуі мүмкін бе?— дегендей. Мағжан ісін қарап отырғанда НКВД-ның тағы бір оңай әдіс тауып алғанына көзім жетті. Ұсталған адамның досы, жолдасы, туысы, жәй таныстары, кездейсоқ кездесулері болмай тұрмайтыны хақ. Міне, солардан арнайы тізім жасалып, олардың қайда, не істеп жүргені анықталады екен. Арғы жағы белгілі: күдікті деп табылған адамға досые жасауға «негіз» бар... Мағжан жауабында (1937 жылғы) көрсетілген кісілердің тізімін жасағанда тергеуші, Марғұлан аты-жөнінің тұсына «өлді» деген белгі соғыпты. Ал Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әлкей Марғұлан ұзақ жас жасағанын, репрессияға ұшырамағанын біз жақсы білеміз. Демек, Мағжан қолайы келгенде, өз достарын түрмеде отырып та қорғауға тырысқан.

Мағжан өз тұсындағы қазақ әдебиетінде ауа райын жасаушылар («Погододелатели») туралы жазғанда екі есімді ғана атайды. Олар туралы оқушыға түсінік берген болдық (Ә. Байділдин мен Ш. Тоқжігітов хақында). Басқалары «т. б.-ның» ішінде кеткен. Олар кім дегенде, ҚазАПП дер едік.

ҚазАПП Мағжан үшін нағыз кәзәп болды. ҚазАПП 1925 жылы маусым айында атақты ВААП-тың Қазақстандағы бөлімшесі ретінде құрылды.

Әуел бастан-ақ ҚазАПП әдебиетті таптық принцип бойынша жіліктеп, боршалап тастады. ҚазАПП ұйымдастыру бюросы революцияға дейінгі бүкіл қазақ әдебиетін негізінен байшыл әдебиет деп жариялады. Атап айтқанда былай делінді: «Қазақта ХІХ ғасырдың аяғына дейін басым келген феодал әдебиетін, ХХ ғасырдың басында туған байшыл әдебиет тықсыра бастады. Революция кезіне жақындағанда байлар әдебиеті марқайып өсіп қалды. Сонымен бірге осы өскен байлар әдебиетіне қарсы бағыт та туа бастаған еді» («Әсу жолдарымыз», 133-бет.).

ҚазАПП белсенділері көркем әдебиет рухани өмірдің айрықша саласы екенін ескергісі келмеді.

ҚазАПП жікшілдері ескі мұраны аяқ асты етті, әдебиет маңына тек «Ахаң мен Жақандарды» ғана емес, жолбикелердің өзін байлардың сойылын соғады деп жолатқысы келмеді.

Сөйтіп, жаңа, пролетар әдебиетінің үстемдігін (гегемониясын) жасау саясаты көріне бұрмаланды. Жас

әдебиетке творчестволық, ұйымдық көмек көрсетілсе бірсәрі. Пролетар әдебиетіне жол ашуды ҚазАПП белсенділері жанры жағынан толысып, енді-енді күш алып келе жатқан қазақ жазба әдебиетін «ұлтшыл» және «енбекшіл» деп екіге жарып тастау керек деп түсінді. Осының нәтижесінде, Сәкен Сейфуллин жазғандай, «Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов т. б. сияқты «Алаш-орданың» көрнекті жазушылары газеттер мен журналдардағы басшылық қызметтерден босады» («Кедей айнасы», 1929, № 1, 64-65-беттер).

1929 жылы желтоқсанда Қазақ өлкелік партия комитетінің V пленумы өткізілді. Ол қазақ пролетар әдебиетін өркендету және оның ұлттық көркем әдебиетке басшылығын нығайту міндетін қойды. Бұл кезде «әлі күнге дейін үстем болып келген байшылдық әдебиет»¹ өкілдері ұсталып, көздері жылтырап түрмеде отырған. ҚазАПП одан бетер ашқарақтанды. Байшылдық пікірін астарлап өткізуге тырыскандар болған (Жүсіпбек Аймауытов т. б.), олардың көзі жоғалтылған жоқ деп байбалам салды. Сөйтіп, елге пәлені өздері шақырып алды, арты неге әкеліп соғады, сартылдаған бишіктің бір ұшығы өз көздеріне тиер деген кәперлеріне келмеді.

Әдебиетке қарабайыр түсінікпен келген белсенділер рухани әлемнің бұл саласын тым оңайлатып, өнер құбылыстарын бірыңғай тап күресі заңдылықтарына бағындырды. Соның салдарынан олар пролетарлық әдебиетті қазақ әдебиеті тарихына қарама-қарсы қойды, одан бөліп алды десек артық емес. Өйткені 1950 жылдардың орта беліне таман әдеби мұраның басым бөлегі мансұқталды.

ҚазАПП-тың орталықтағы тірегі РАПП-тан үйренген тағы бір ақылы әдебиетті демьяндандыру еді. Мұның мәнісі — Демьян Бедныйдың «уақыттан кейін» (Ленин) қалатын поэзиясындағы үгітшілік сарынға бой ұру деген сөз болатын. ҚазАПП әдебиетті жалаң ұранға итермеледі. «Көркем әдебиеттің қазіргі міндеті — үкімет пен партияға көмек болып, іспен қатар үгіт те жүргізу, кедей, жалшы, жұмыскерлердің мұқтажын табу» («Өсу жолдарымыз», 46—47-беттер).

Демьяндандырудың қазақша баламасы әдебиетті

¹ Қараңыз: «Резолюции и постановления V пленума Казкрайкома ВКП(б). Алма-Ата. 1929, 82-бет.

қалмақтандандыру болып шықты. Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қазақ еңбекшілеріне» деген өлеңіндегі:

Тілегі бір, мұны бір
Шет елдегі бауырың,
Астында өткен өмірі
Ағылшын қара тауының
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Бір күн тойса, бір күн аш...

сияқты «ағылшын жұмыскерлеріне жәрдем бер деген ұранмен» жазылған жолдар Мағжан сияқты «ұлтшылдардың» күллі творчествосынан «әлдеқайда дәнді» деп табылды. Неміс жұмысшыларының аштықтан бұралған халін «Берлин көшесінде» атты ұзақ өлеңінде Асқар Тоқмағамбетов те жазды. Бірақ шын аштыққа ұшырап, халқының жартысынан айырылған қазақ шындығын бұлар жаза алмады.

Топырақ нәрінен айырылып, сабағынан кесіп алып, су құйған құмыраға қойылған гүлдей, үгіт өлең саясат ұранын қайталаймын деп, көрінеу сола бастады. «Агитки Бедного Демьяна» деп Сергей Есенин кекеткендей, қан-сөлінен айырылған үгіт өлеңнің қазақ лирикасын қандай бейшара халге жеткізгенін Ілияс Жансүгіров 1934 жылы 12—18 маусымда өткен қазақ совет жазушыларының бірінші съезінде қатты сынға алды: «ҚазАПП-тың қатасы іс жүзінде түзетілмеді»¹. «Адамды көрмей, ауылдан қашып, тек «трактор», «аэроплан», «бесжылдық» деп... жауыр поэманы көбейтіп алдық»², «Өлеңге жан бітіретін лирика жоқ», «Өлең жеңіл жазылып, арзан құнды болып барады, тек аяғы ұйқасқан газеттің мақаласы, жаңа жарапазан, бата — поэма»³.

Қазақтың тағы да бір үлкен ақыны Әбділдә Тәжібаев сол келеңсіз жайды еске алып, былай дейді:

«Жасыратыны жоқ, поэзиядағы зиянды ағымдарға қарсы қызу күрестің артық сілтеу, арандаған жақтары да болды. Символизм мен формализмді әшкерелеуді, оларға соққы беруді — лирика атаулыға соққы беру, — деп түсінген мезгілді де тарих ұмытпайды.»⁴

¹ Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезі. ҚКОЕ, 1931, 11-бет.

² Сонда, 12-бет.

³ Сонда, 14-бет.

⁴ Ә. Тәжібаев. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. Алматы, 1981, 15—16-беттер.

Бірақ ол кезде теориялық мәселелердің егжей-тегжейіне үніліп жатқан кім бар? Түпкі мақсат орындалғандай. Мағжанға, тағы басқаларына қарсы қоғамдық пікір жасалғандай. Бұлардың байшыл, ұлтшылдығы «дәлелденгендей». Ендігі жетпей тұрғаны — нақтылы әрекеттері. Яғни астыртын ұйымдары. Соларды тапса, халық көзінде толық сұмырай болып шығады. Жұрттың көзінде мағжандар ұлтшылдық пікірін іске асырған деген түсінік туады.

Айтылды — істелді. 1929 жылдың басында «астыртын ұйымдар» әшкерелене бастады.

1928 жылғы 28 желтоқсанда Қызылорда қаласында тұратын Міржақып Дулатов ұсталды. Келесі жылы Жүсіпбек, Ахмет, Мағжандар тұтқындалды.

Жүсіпбек Аймауытов РСФСР қылмыс кодексінің (1921 жылғы редакциясы) қатарынан 58-7, 58-11, 59-3 статьялары бойынша айыпталды: Совет өкіметін құлатуға әрекет жасаған, басмашылар қозғалысына қатысқан, Голощекин Шаяға қастандық әрекет жасауға әзірлік жасаған, контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшесі болған, деген айыптар тағылды.

«Обвинение мне предъявили. Виновным себя не признаю.

Аймауытов». (Қолы).

Мен заң қызметкері емеспін. Сонда да НКВД қызметкерлерінің олақ жұмысы көзге ұрып тұрады. Айдаладағы бір фактілерді әкеп Аймауытовқа еш қисынсыз жапсыра берген. 1929 жылы НКВД практикасына ұрып-соғып қайткенде мойындату кең енгізіле қоймаған болуға керек. Ал соттың «Өзімді кінәлімін деп есептеймін» деген Аймауытов қолына назар аудармағаны, дегенмен 1937 жылдың ызғарлы лебі бетке ұра бастағанына айғақ.

Басында Жүсекенді Мағжан ұйымдастыруға талпынған «Алқа» әдеби үйірмесін байланыстырғысы келген. Бірақ бұдан түсер түсім соншама мол болмайтынға ұқсайды. Енді не істеу керек?

Ахмет Байтұрсынов пен Жүсіпбек Аймауытовтың сорына — 1928 жылы бұрынғы «үш жүз» партиясының мүшесі Дінмұхамед Әділов өзінің ағасы Байсейіт екеуі Сарысу аудандық милициясының бастығы Әбубәкіров (Әубәкіров?) деген кісіні өлтіреді. Бұлар 1928 жылғы 17 желтоқсанда тұтқынға алынады. Біраздан кейін осы

іс өзгере бастайды. Дінмұхаметтің кісі өлтіргені «ұмыт» қалады да, іс кенеттен орасан зор саяси қылмысқа айнала бастайды. Әйтеуір су түбіне кеттімге ұшыраған Әділов, сыбайластар қатарына Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов сияқты даңқты адамдарды қосып алу тергеушіге жағатынын білген. Сөйткенің дұрыс деп құлағына сыбырлауы ғажап емес.

Сонымен Әділов Ахаңмен бірлесіп, Башқұртстанның бұрынғы басшыларының бірі, шет елге қашып кеткен Валидовтың хатын оқыған болып шығады. Ахаң жауабында Валидовпен 1919 жылы Мәскеуде кездескенін жасырмайды, бірақ кейін еш хабарласпағанын, хат алып, хат беріспегенін, Әділовпен ешқандай хат оқыспағанын айтады.

Бір жағы ойлайсың: ал Валидовтың хатын оқыса несі бар?— деп. Алайда ол кезде әйтеуір бір таныстығың болса бітті ғой — халық жауының жансызы болып шыға келетінің. Жүсіпбек те сондай пәлеге ұшыраған. Әділовпен аз-маз таныстығы бар екен. Бұл жөнінде Жүсекең мынадай куәлік қалдырған. «Мен Әділов Дінмұхаметпен 1921 жылы халық комиссарының орынбасары болып жүрген кезімде таныстым. Оның дәл сол кезде қайда жұмыс істегені есімде жоқ, бірақ ҚазЦИК-тің мүшесі болатын... Менің Әділов жөніндегі әсерім — ол маған алаяқтау көрінді. Жалқау, тұрақсыз, жұмысқа икемі шамалы. Соңынан ол туралы естігенім: ұяты жоқ деген сөз. Жолдас, таныстарынан қарыз ақша алып, қайтармайды екен. 1925 жылы оны Ташкенде кездестірдім. Менің 10 сомымды алып қайтармады».

Ал Саенко деген тергеуші Жүсекеңді осы Әділов шайкасына қосқан. Реті келген соң айта кетейік, бұл Саенконың өзі де жатқан бір хикая. Жаза қалсаң, жағымсыз қаһарманның дәйі шығар ма еді дейсің. Істейтін қызметі — ТП ОГПУ-дың Шығыс бөлімінің ҚССР жөніндегі бастығының көмекшісі екен. ТП дегеннің не екенін сұрастырып көріп едім, анықталмады. Саенконың аты-жөні еш қағазда көрсетілмеген. Менің топшылауымда, бұл Велимир Хлебниковтың «Чеканың үйі» атты атақты поэмасындағы («Новый мир» журналы, № 10, 1988 жыл) дүйім жұртты қалтыратқан чекист Саенко болуға керек. Журнал ескертпесінде аты-жөні толық айтылған: С. А. Саенко. Поэмадағы «Есімімен Саенко — ол қаланың даңқы шыққан» дейтін қала — кәдуілгі Харьков. Хлебников қала халқының үрейін алған Чека-

ның үйін де сипаттайды. Кейіпкер Саенко акын суреттеуінде мұңкір-нәңкірден кем емес. «Бар алма атаулыдан екі көзді алманы жаным сүйеді» деген кісі жегіштік сөздері оқыған кісіні қалтыратып жібереді.

Ал Аймауытов ісін жүргізген Саенконың Хлебников поэмасының кейіпкерінен түк айырмасы жоқ. Қазыналық битарап, суық, немқұрайды сөздермен 1929 жылғы 12 маусымда Аймауытов жөнінде қаулы шығарған. Ар жағы немен аяқталғаны белгілі.

Қара тілеулер ақыры көксегендеріне жетті. 1929 жылғы 6 шілде күні Мағжан Қызылжардағы үйінде ұсталды. Ұстала салысымен ол Алматыға жөнелтілді. Онымен бірге ОГПУ-дың Петропавлдағы бөлімі мынадай құжатты қоса жіберді:

№ 6333 2 ПП ОГПУ по КССР ВО г. Алма-Ата
1929 жылғы июль.

Үстіміздегі жылғы 6 шілдеде тұтқынға алынған белгілі ұлтшыл қазақ ақыны Жұмабаев Мағжанды сіздерге жіберіп отырмыз. Пәтерінде тінту кезінде оның ішінара өмірбаяны жазылған жалпы дәптерден өзге ештеңе табылмады...

Байтасов Абдолла Петропавловск қаласы шеңберіне көзге түспеді.

Қосымша: жалпы дәптер.

ОГПУ округтік бөлімі бастығының

орынбасары

В/О өкілінің көмекшісі

В. Никеров.

Губайдуллин.

Алматыда ОГПУ Шығыс бөлімі бастығының орынбасары Саенко алақанына түкіріп отыр екен, қасқаң Логачев, Альшанский деген көмекшілерімен бірге алты-жеті күннің ішінде (алғашқы жауап 14-шілдеде алынады) айыптау қаулысын да алып үлгіреді. Бұл құжатқа сенсең, талай жыл Мәскеуде, Қызылжарда жүрген Мағжан кенет Сырдария округі Сарысу ауданында әрекет жасаған делінетін ағайынды Әділовтер бандасымен астыртын байланыста болып шыға келген. Демек, жиырмасыншы жылдары-ақ чекистерің өтірікті шындай, ақсақты тындай етуге төселіп алғандай.

Бұл өрескелдікті Мәскеу біраз түзеген, қырып-жонған болады. Істі Бутырка абақтысында ОГПУ Шығыс бөлімінің бастығы Павловтың өзі тікелей жүргізеді. Оның тапқан «жаңалығы — Мағжанды «Алқа» атты ас-

тыртын ұлтшыл ұйым құрдың деп айыптаған. Сөйтіп, әдеби үйірме ұйым болып шыға келген.

Мағжан кейін 1938 жылы берген жауабында «Алқаның» алдына қойған мақсатын былай деп түсіндіреді:

«Организация литературного кружка «Алка» (Ожерелье) была задумана мною, кажется, в 1925 г. в Москве. В программе я пытался обосновать... необходимость этапа исторического романтизма, т. е. восхваление феодально-рыцарского прошлого своего народа».

Мағжан. Тексеру кезінде берілген түсініктемеден.

Бұл жолдар Мағжан 1937 жылы қайта ұсталған уақытта жазылған. Әлде таяқтың күші ме, әлде өз түсінігі солай ма,— ақын тарихи романтизмді ұлтшылдық кезен деп түсіндіреді. Ал М. Жұмабаевтың өз шығармашылығына қарай бағаласақ, үйірме бағдарламасы қазақ әдебиетінде ұлт азаттығы тақырыбын өрістетуді көздейді. Өткен батырлық кезенді мадақтау бүгінгіге де сәулесін түсіруі тиіс. Өйткені халық аңсары ауған тақырыпқа әдебиет енжар қарай алмақ емес.

Жнырмасыншы жылдары Кеңес Одағында әдеби үйірмеден көп нәрсе жоқ болатын: «Леф, Серапиновы братья, кузница, акмеисты, т. т. Ленинградта қалжың үшін ұйымдасқан «Космос академиясы» деген үйірме болған. Оның мүшелерінің бірі қазіргі академик Д. С. Лихачев хатқа «космос академиясының академигі» деп қол қойған. Сол үшін Соловкиде төрт жыл отырып қайтқан. Жас жігіттердің ойыны сөйтіп насырға шапқан. Өйткені дәл сол кезде Ленинград «зиянкестерінен» 300 адамды іріктеп ату туралы бұйрық түседі. Болашақ академик бір кездейсоқ жағдаймен ғана атылмай қалады.

Сол сияқты, «Алка» болмаса, тағы бір нәрсе ойлап табуға болатын еді.

Қадірменді оқушы! Сіз аңғарған боларсыз, Мағжанның алғашқы сотталуына байланысты материалдарды біз көбінесе ақынның 1938 жылы өз қолымен жазған жауабынан алып отырмыз. Өйткені енді анықталып отырғандай, 1929 жылы Жұмабаевтан жауап бір-ақ рет алынған. Бұл 1929 жылдың 14 шілде күні екен. Осы жө-

нінде машинкаға басылған жауап протоколының көшірмесі сақталған. Протоколда өмірбаяндық мағлұматтармен қатар, Мағжан Жұмабаевқа тағылған негізгі кінә — «Алқа» үйірмесіне байланысты түсініктемелер берілген. Тергеушінің қағазға түсіргендерінен анықталатыны төмендегілер.

Мәскеу Мағжанның көркемдік бағытына, жалпы дүниетанымына едәуір өзгеріс енгізеді. Қазақ ақыны Плехановтың, Луначарскийдің еңбектерімен танысады. Өзінің жаңадан білген-түйгені бойынша ол бағдарламалық мақала жазады. Оны шартты түрде «Алқа» деген болашақ үйірменің бағыт-бағдарына санайды.

«Алқа» бағдарламасына онымен танысқан студенттер Сәрсенбин Жәкен мен Аманғали Сегізбаевтар біраз өзгерістер енгізеді. Бұл жұмыс біткен соң көшірмелерін Семейге — Мұхтар Әуезовке, Ташкентке Жүсіпбек Аймауытовқа жібереді. Бағдарламамен Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейханов та танысқан.

Осы арада Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы бетбұрысты дәлелдейтін, айқындай түсетін бір тетік бар. Ол «Алқаның» ойластырылуы мен ақын поэзиясы арасындағы ара қатыс. Мағжан «Тоқсанның тобы» өлеңінің тууын «Алқа» үйірмесінің платформасын жұртшылыққа кең насихаттау мақсатымен түсіндіреді. «Толғау» мен «Тоқсанның тобын» өзінің төңкеріспен тап жөніндегі көзқарасындағы түбірлі өзгерістерді баяндау үшін жазғанын айтады.

Бұл түсініктемелерге еш шүбә келтіре алмайсың. Бір ғана шүбә келтіретін тұс — Әуезовке тиісті хабарлағаны. Әуезов «Алқа» бағдарламасын ұнатпады. Солай деген хат алдым», — депті Мағжан тергеушіге жауабында. Мұның дүдәмөл жері сол — Мұхтар Әуезов абақтыда отырып, 1931 жылы 20 қыркүйекте берген жауабында «Алқа» жөнінде жүргенде Жұмабаевтан хат алғанын, онда ешқандай құпия, жасырын ештеңенің жоқтығын, бұл платформаны алысымен оны РКП(б) Семей губерниялық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы Тоқжігітовке таныстырғанын, бұдан соң Жұмабаевқа хат жазып, принципті түрде «Алқа» бағытын мақұлдайтынын, бұл үйірмені әдебиетшілердің ресми ұйым ретінде ұйыстыру үшін қазақ жазушыларының кеңесін өткізу керек екенін жаздым дейді.

Қайсысы дұрыс? Меніңше, Мағжан «Алқаның» Әуезовке кесірі тие ме, деп қауіптенген болуға керек.

Ал Мұхтар ұсынған кеңес өтпегені белгілі. «Алқа» үйірме ретінде ұйымдасқан жоқ. «Алқаны» ұйымдастыру жөнінде тек біраз сөз болғанын, іс жүзінде ондай үйірме дүниеге келмегенін Мағжан өз жауабында атап көрсетеді.

Мұны Жүсіпбек Аймауытов та растаған. Жүсекең 1924 жылдың аяғында Ташкент қаласына қызметке ауысады. Оқытушы болып істейді әрі «Ақ жол» газетінің әдеби бөлімі меңгерушісінің қызметін атқарады. Осы газетке әдеби қосымша «Сәуле» журналын редакциялайды. 1925 жылдың басында каникул уақытын пайдаланып, Орынборға сапар шегеді. Сонда Мәскеу қаласында оқып жүрген Сәрсенбин деген студент арқылы «Алқа» үйірмесінің платформасымен танысады. Жұмабаевқа хат жазып, «Алқа» бағдарламасының кей тармақтарымен, қағидаларымен келіспейтіндігін білдіреді. Жүсекең де үйірменің құрылмағанын қуаттайды.

Сәрсенбин Жәкен жоғарыда айтылған Мәскеудегі «Жерлестік» жиналысында Мағжанды алпыс адамның ішінде жалғыз қолдаған жігіт. Қазақстан өлкелік партия комитетінің шақыртуы бойынша 1925 жылдың қаңтар айында туған республикаға келген. Жүсекеңмен сол шақта кездескен болуға керек.

Жәкен жиналыс аяқталысымен, Түркістан республикасы өкілдігінің бұрынғы үйінде тұратын Мағжанға жолығады. Талқылаудың қалай өткенін баян етеді. Мағжан мұны «Алқа» үйірмесінің әдеби платформасымен таныстырады. Ақын бұл теориялық ізденістерін «Табалдырық» деп атаған. Мағжан үйінде жақын інілері қонақта екен, сол екеуі платформаны көшіріп, әлденеше данаға жеткізеді. Дәлін айтсақ, 17 дана етіп жасайды, бір данасын өзінде қалдырады. Жүсекеңнің қолына тигені солардың біреуі.

Мағжан Жұмабаев қаламынан туған «Табалдырық» әлі қолға толық түсе қойған жоқ. Орыс тіліне шалашарпы аударылған кейбір үзінділеріне қарағанда, бұл ақынның — 1924 жылғы шығармашылығының жаңа кезеңінде өз бетін айқындаған идеялық-эстетикалық өлшемі.

«Табалдырықтың» құрылымына келсек, ол кіріспеден, «Революция және бүгінге дейінгі әдебиетіміз», «Революция және бүгінгі күн әдебиеті», «Марксизм және әде-

биет. Не жазуға керек?» деген бөлімдерден, «Алқаға кір!» деген қысқа үндеуден тұрады. Мағжан еңбегін «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр» деп бастайды. Автор әсіресе еліктеуден сақтандырады. Екінші сорт әдебиет біреудің тапқанын қайта күйсесек, құрығанымыз дейді.

«Табалдырықтан» оның авторын ұстап алып, 10 жыл Соловкии концлагеріне айдайтындай еш саяси кінәрат таппайсыз. Керісінше, М. Жұмабаев ортақ бағыттағы әр әдебиет өз арнасымен жылжуы тиіс, деп саяси ұстамды пікір қозғады. Сонда да ұлтшыл атанды. Мағжан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбектермен әдебиеттің тұтас бір өлкесі құрдымға жіберілді.

ҚазАПП жазушыларының күшімен «Жыл құсы» альманағы (1927), «Ақындар шашуы» (1927), «Ленин» (1928), «Жарыс» (1930) жинақтары жарық көрді, «Жаңа әдебиет» журналы шыға бастады. Сонда да «ескі әдебиет» ықпалы әлі күшті деп зарлаушылар табылды.

Ал Мағжандар нағыз кемел шақтарында лагерь азабын кешті. Ақын жүрегі елінде қалды. Лагерьдегі Мағжан басқа Мағжан еді.

Зылиха апай Соловкидегі Мағжанға барған кездің бірінде ақынға: жазғаның бар ма, алып кетейін,— депті. Мағжан басын шайқапты. Бетінен қан қашып, бір түрлі құлазып кеткенін көргенде Зылиха тілін тістей қояды. Қайтып сұрамайды. 1918 жылдың бірінші жартысында бес ай шамасы «Үш жүз» партиясының түрмесінде отырғанда өлең жазып еді. Бұл жолы өйтпеді.

«Находясь в лагерях Соловецких и Свирских в течение семи лет у меня примерно с 1931 года постепенно появилось полное безразличие к своему прошлому...»

Мағжан жауабынан.

Мағжан Жұмабаев ақталғаннан кейін іле жарық көрген «Мағжан Жұмабаев. Шығармалары» кітабында (Алматы, 1989) 1929 жылы Мағжандармен бірге ұсталып, бірақ көп ұзамай бостандыққа шыққан кісіден беріп жіберген ақын өлеңі жарияланды. Бұл өлең жауабындағы күйге толық сай келеді.

Жігер, шіркін, желінді
Болат жеген кайрақтай.
Мешеу болды жүйрік ой
Кететін орғып айдаптай.

Қолды қардан оқ үзді
Ордаға байрақ байлатпай.
Өлер өмір, сөз қалар
Молаға қойған сайғақтай.

«Қайраттың желінуі» Мағжанды ОГПУ-дың Петропавл округтік бөлімі 1929 жылғы 6 шілдеде тұтқындаған соң басталған жоқ, әрине. Кінәсіз кінәлі боп Мағжан көп жылдар жүрді. Қызылжардан Ташкенге, Ташкеннен Мәскеуге көшіп-қонып жүруінің себебі көбінесе сол қоныс аударушының өзіне байланысты емес-ті. Қайда барса да Мағжанның құлағынан «тап жауы», «ұлтшыл» деген шу кеткен жоқ, қайта өрістей түсті. «Әй, қызғыш құс, қызғыш құс, //Сені көлден айырған лашын құстың екпіні, //Мені елден айырған//хан Жәңгірдің тепкіні» дейтіннің кері келді. Жоғарыда айтылғандай, қызыл белсенділер Мағжанды Мәскеудің өзінен түріп шықты. Қайтып Қызылжарды саялағанмен, мұнда да көрген күні күн емес еді.

«Қазақ әдебиеті» газетінде Ғадылша Қаһармановтың басылған мақаласын (1992 жылғы 30 қазандағы саны) оқып отырсаңыз, ақын соңынан жарық алып түскендер қырағылығын күшейткенін аңғарасыз. Мәскеуден оралған соң Мағжан Қызылжар мұғалімдер техникумында сабақ беріп жүрген. Саптыаяққа ас құйып, сабына қарауыл қойған қызыл жағалылардың оқты көзін ақын үнемі желке тұсынан сезініп жүретін. Сонда бір фактіні аталған техникумның оқушысы Зағипа Сәдуақасқызы Тналина жырдай ғып айтады. Зағипа, ол кезде жасы он алтыларда, Мағжанға сырттай ғашық екен. Сырттай аһылап-уілеуді Платон махаббаты десе, бұл сол махаббаттың түрі болатын. Қыз орта бойлы, дембелше, аққұба, қою бұйра шашты, әдемі киініп жүретін ақынның келер-кетер жолын аңдып, көз суарып дегендей, сыртынан сығалап тұрады екен. Қалай жақынырақ таныссам деп армандап жүрген жас қыз ойламаған жерден қиялына жете жаздайды. Зағипа өнерпаз қыз болса керек, концертте шырқаған әні Мағжанға ұнап қалады. Ақын қызды үйіне шақыртады. Өзімен бірге оқитын жолдас қызды ертіп, Мағжан үйінің табалдырығын жүрегі алып ұшып аттайды. Бірақ, не керек, ынтыққан кісісі жоқ. Отырып жайғасқан соң байқаса, төргі бөлмедегі шар айнадан төсекте ұйықтаған болып, көзін жұмып жатқан Мағжанды көреді. Бұған танданған әрі ренжіген Зағипаның түрін көріп, Зылиха апай:

— Мағжан ағана сенің кешегі айтқан өлендерің қаты ұнаған екен, соны тындағысы келеді, әнінді айта бер шай келгенше,— деп қолқалайды.— Мағжанның жатқанына көңіл аударма, оның құлағы сенде,— дейді.

Ән шырқалып, шай ішіліп, қыздар рұқсат алып техникумына қайтса, комсомол комитеті бюро мәжілісін тағайындап отыр екен. «Алашордашыл Мағжан Жұмабаевтың үйіне барып, өлең айттың» деп, талқыға салмасын ба кеп.

«Егерде,— деп еске алады Зағипа,— Мағжанмен сөйлескен болсақ, мүмкін одан да үлкен жала жабылған болар ма еді? Мағжанның неге төсектен бас көтермей, көзін ашпастан жатқанын енді ғана түсіндік. Мені сақтаудың айласы екен».

Әйтеуір бостандықта жүр дегенің болмаса, мұның түрмеден несі артық еді? Отырсаң — опак, тұрсаң — сопак. Аяғыңды қия бастырмайды. Жұртпен сөйлесуден қалды. Оның үстіне, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығып жатқан шуылдақ газет, журнал... Мұндай заманға ақын іші қалай жылысын? Ақыры сол қамалған күйі қамап әкеп Бутыркадан бір-ақ шығарды. Өз бастарын арашалаймын деп, қазақтың игі жақсыларын жарға итермелеген Дінмұхамет Әділов, Әбдірахман Байділдиндермен бір қапаста отырды. Ату жазасының он жылдық түрмеге ауыстырылуына тәубе етіп, Қарелия орманындағы концлагерьде өлместің күйін кешті. Жәй жатпай, өзі бір кезде әңгімелерін аударған Горькийге хат жазды. Горькийдің атынан ақынды тұтқыннан босатуға сұрап жазған Екатерина Павловна Пешкованың хаты бойынша СССР Орталық Атқару комитеті аз-маз кеңшілік жасағансыды. Президиумның 1934 жылғы 14 мамырдағы қаулысына сәйкес Мағжан Жұмабаевтың тұтқын жазасын өтеу мерзімі жеті жылға дейін қысқартылды. Сөйтіп, Свирь еңбек-түзеу лагерінен Мағжан 1936 жылдың 2 маусымында босанды. Сталиндік жендеттердің бұл кеңшілігі тышқанмен ойнаған мысықтың жымысқылығын еске түсіретін еді.

МАҒЖАННЫҢ АҚЫРҒЫ СОТТАЛУЫ

«ДЕЛО № 3881» ҚАНДАЙ СЫР ШАШАДЫ!

1937 жылы Мағжан Жұмабаевтың үстінен қозғалған істің рет санына қарағанда Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінің Қауіпсіздік басқармасы «халық жауларын» торға түсіру жөнінен жоғарыдағы төрелер қанағаттанатындай қыруар жұмыс атқарып тастады. НКВД сияқты мекемеде еш нәрсе жүйесіз істелмейді. Мағжан үстінен жүргізіліп, басталған істің нөмірі «Дело № 3881» деп аталса, мұның да белгілі деректілік сипаты бар. Мағжан 1937 жылдың желтоқсанында ұсталды. Желтоқсан — жыл аяғы. Басқа саладағы сияқты, Ежов қасапшылығының да қорытындысын шығаратын кез келген. Ал Қазақстан астанасындағы зиялылардан Мағжанмен қосқанда 3881 адамның үстінен іс қозғалса, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты бұдан бұрынырақ ұсталған жазушылардың өзі бірталай шоғырға айналса, нәтиже қандай болуға керек? Жаңа бас көтеріп келе жатқан ұлт зиялыларының қазақ қауымындағы көзге ілінер-ілінбес жұқалтаң қыртысын жоюда республика НКВД-сі айтарлықтай жұмыс істемеген деп айтуға аузың бара ма?

Бұл кез қанқұйлы науқанның ең бір танаурап, бой бермей қызып алған шағы ма дерсін. Ол жәйт тәртібі қатаң НКВД мекемелерінің іс қағаздарынан әбігерлік, асығыстық, шалағайлық жиі ұшырасатындығынан да көрінеді. Адам қанының су құрлы сұрауы болмаған заман ғой. Менмендік, адам тағдырына немқұрайды қараушылық ежовшыл жендеттердің әр басқан қадамдарынан сезіледі. Істі біліп жүргізушілік қабілеті жағынан да, ар-инабат әділеттіліктен де бұлар жұрдай.

Осы себептерден бе — Мағжан ісіндегі мен мұндалап тұрған заңсыздықтарды айыру үшін заң қызметкері болудың қажеті жоқ.

Мағжанды, сайып келгенде, өмірдің өзі ақтады. Халқына мұрасы қайтарылды. Сонда да Мағжан ісіне тағы да үңілеміз. Ондағы мақсатымыз — тарих сабақтарын пысықтауды ғана көздемейді. Ақын өмірбаянына, шығармашылығына байланысты біз үшін әлі көмескі, мәлімсіз жәйттер жетерлік. Бұған жер-жердегі архив атаулының бәрінен Мағжан жайындағы ақпар, мағлұматтар із-тозымен жоғалып кеткенін қоссаңыз, жоғарыдағы 3881 нөмірлі істің мағжантану ғылымымен шұғылданып

жүргендер үшін қаншалықты маңызды екені өзінен-өзі айқындалады.

Сонымен, «Дело № 3881» аталатын папка қандай сыр ашады екен?

Оқушыға түсінікті болуы үшін тіркелген қағаздарды рет-ретімен қарау қажет сияқты.

Біреуді қамауға алып тергеу үшін алдымен «справка», яки анықтама қағаз жазылады екен. Мағжанға байланысты анықтамада оның қай мекеме, кімнің атағына арналып жазылғаны айтылмаған. Асығып, аптығу кезінде ондай нәрселер жиі кездеседі — қағаздың жазылу рәсімін кім сақтап отырады дейсін. Жаңағы анықтамаға соғылған бұрыштамаға қарағанда бұл құжат Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссарының орынбасары майор А. Володзьконың қолына тиген.

А. Володзьконың «А. В.» деп иректей салған қолын кейінгі қағаздардан анықтап алдық. Ал енді оның қандай тәртіп соққанын ілгеріге қалдыра тұрып, жаңағы анықтаманың мазмұнына көшелік.

Анықтама 1937 жылдың 26 желтоқсанында, Мағжанды пәтерінен ұстауға келуден төрт күн бұрын жазылыпты. Жазғандар НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының үшінші бөлімі (Николай I патшаның III—отделениясына еліктеген бе?) бастығының көмекшісі, мемлекеттік қауіпсіздігінің аға лейтенанты Марсельский, сол орында істейтін лейтенант Латыпов. Аты-жөндері жазылмаған.

Анықтаманың жазылу мәнеріне, ондағы ақпарлардың шындыққа еш жанаспайтындығына қарағанда, Марсельский мен Латыповтардың қазақ мәдениеті мен әдебиетінен еш хабарсыз екені бірден көзге түседі. Әшейін тисе қарғаға, тимесе арбаға деп сілтей берген сабаздарың.

Әу дегенде М. Жұмабаев 1917 жылы «Бірлік» деген контрреволюциялық ұйымның мүшесі болған делінеді. Мұның шындыққа қандай жанасымы бар? «Бірлік» атты қазақ оқушы жастарының Омбыдағы қоғамы 1917 жылға дейін ұйымдастырылғаны, оның «Балапан» атты журналының редакторы Мағжан Жұмабаев болғаны мәлім. Қазан төңкерісінен бұрын құрылып, тарап кеткен ұйым қалайша Кенес өкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйым болмақшы?

Тергеушілердің одан әрі жазғандары тіпті сорақы. Мағжанды «В 1922 г. был завербован Байтурсуновым»

депті. Бұл сөздерді орысша келтіріп отырған себебіміз, «забербован» деген сөзге бола. Оның қазақ тілінде тіке баламасы жоқ тәрізді. Мәнісі — Байтұрсынов Мағжанды астыртын бір ұйымға тартқан дегенге саяды. Марсельский мен Латыпов үшін шындық қажет болса, сонау XX ғасырдың басынан бері Ахаңмен жыға таныс, ол редакциялаған «Қазақ» газетіне белсене қатысып жүрген автор Мағжанды Байтұрсынов неліктен дәл 1922 жылы қармайды?— деген сұрақ қояр еді ғой. Тергеушілердің Байтұрсынов есімін еске алуы шындық үшін емес, жала жабу үшін, өз құрбанын жексұрын етіп көрсету үшін қажет болған. Өйткені осының алдында ғана, анықтама жазылардан 18 күн бұрын, 1937 жылдың 8 желтоқсанында Байтұрсынов Ахмет НКВД түрмесінде о дүниеге аттандырылған болатын. Ол кездегі ұғым бойынша халық жауының қасына жолап кеткеннің бәрі жау. Ал Мағжан атылып кеткен халық жауының әлдебір жасырын ұйымына қатысса, құбыжық болып көрінбегенде қайтеді?

Бұдан әрі қарай тергеушілер анықтамасында Мағжанның алғашқы сотталуы еске алынады. 1929 жылы контрреволюциялық ісі әшкереленіп, 10 жыл концлагерьде отыруға кесілгені айтылады. Бір тойда екі жар жоқ демекші, дені дұрыс мемлекеттерде бір қылмысы үшін ешкімді екі рет соттап жазаламайды. «Алқа» үйірмесін ұйымдастырдың деп нақақтан сотталған Мағжанға енді қандай айып тағылмақ? Бірдеңесін ойлап табады ғой. Бірақ тоталитарлық сталиндік жүйеге ақынның пәк қаны не үшін қажет болды деген сұрақ өзінен-өзі туындайды.

Бұл сұраққа жауап қайтару қиын емес: сол кездегі социализм алға басқан сайын тап күресі асқына береді дейтін теориясымақты еске алсақ та болады. Лазарь Каганович айтпақшы, сталиндік жендеттер халық жаулары дейтіндерді қатпар-қатпарымен («слоями») он мыңдап, жүз мыңдап жойып отырған. Сол жүйемен бұрынғы помещик, офицерлерді, казактар мен ақ армияда қызмет еткендерді, троцкистік және басқа да оппозицияға қатысқандарды, алашорда секілді «ұлтшылдарды» кулак, бай деген желеумен миллиондаған шаруаларды бірінің артынан бірін сыпырып-сыпырып айдаған да отырған. Мағжандарды сол дүрмектің біріне іліктірген.

Айтары жоқ, тергеушілер білгендерін істеген. Өтіріктің өзін де қиыстырып соғушы еді. Ал бұлардың көз жұм-

байға салынып, белінен баса берген. Әйтпесе дені дұрыс адам Жұмабаев айдаудан келе салысымен білек сыбанып, контрреволюциялық жұмыс жүргізді, деп баттатып жазар ма еді. Фактісі пе? — дейсіз ғой. Оларға фактінің қажеті қаншалық? Айтты — болды. Жазды — күйе жақты. Кетіріп көр. «Байтал түгіл бас қайғы», айдаудан жаңа босанып, қызмет таппай тентіреп сандалған сорлы ақын қай жерде жүріп астыртын ұйым ұйымдастырмақ?

«Бояушы бояушы деген сайын...»-ның кебін кимеуді ойлады ма, Марсельский мен Латыпов айыптауының тұрғызған бұл күмәнді қабырғасына құлап қалмас үшін тіреу қояды. Үйреншікті, талай істе өзін ақтаған әдістеріне көшеді. Тұтқынға алынған бірқыдыру ұлтшылдардың жауаптарында Жұмабаев Қазақстандағы контрреволюциялық антисоветтік ұйымның белсенді мүшесі ретінде аталады, деп манағы тұманын қоюлата түседі. Сөйтіп, талай мүскіннің балтырына бұрау салып, жанын мұрнының ұшына келтірген тергеулерде «анықталған фактілер» — Мағжанды тұтқындауға «бұлжымас» негіз болған.

Баскесер майор Володзьконың күтіп отырғаны да сол. Әлде өзі анықтаманы солай жазып беріңдер деді ме екен, кім білсін. Әйтеуір ол тергеушілерінің анықтамасының сол жақ шекесіне «Арест. А. В. 28. XII» деп тәртіп соққан.

Енді мекеменің рәсімі бойынша жаңағы тәртіп берілген құжат негізінде тексерушілер тарапынан қаулы қабылданады екен. Бұл қаулы «Постановление об избрании меры пресечения и предъявления обвинения» деген күні бұрын даяр сұрақтары бар формаға басылатын көрінеді. Соны толтырғанда шешім бұйрық райында жазылған: Жұмабаев Мағжан РСФСР кодексінің 58-6, 58-11 баптары бойынша айыпкер ретінде жауапқа тартылсын, тергеу мен соттан құтылып кетпеуінің шарасы ретінде НКВД-ның ішкі тексеру түрмесіне қамалсын. Бұл құжатта екі адамның қолы тұр: үшінші бөлімнің оперуполномоченныйы Қабылбаев Ш. мен өзіміз білетін жоғарыда аты аталған Марсельскийдікі. Мағжан қамауға алынсын деген қаулыға сол жақ шекесінен тағы да Володзько қол қойған.

Бұл жолы фамилиясын толық жазыпты. Естуім бойынша адамды тұтқындауға тергеушілердің қаулысы жеткіліксіз. Бұған қосымша прокуратураның рұқсаты керек. Байқаймын, бұл рәсім орындалыпты, бірақ қалай

орындалған? Міне, 1937 жылдың заңға қалай болса солай қарайтын мінезі, стилі осы жерде аңғарылады.

Қаулының оң жақ шекесіне қойылған прокурор фамилиясын айыру қиын: «Қор» деп барып, аяқ жағын иректете салған. Оның есесіне мөріндегі жазулар тайға таңба басқандай. Орыс және қазақ тілінде дөңгелете көк сиялы әріптерден мынадай сөйлемдер түзілген: «Военная прокуратура Погран. и Внутр. охраны КССР», «ҚССР Шекара ішкі күзет әскери прокуратурасы» деп, тек Қазақстанның өз прокуратура орындары жоқтай, бұлардың әскери прокуратураға неліктен жүгінген жері ғана түсініксіз.

Прокуратура — заңның бұлжытпай орындалуын қадағалайтын орын. Әскери прокуратура болса, бұл істе темірдей тәртіпке шақыратын сияқты. Алайда замана стилінен әскери прокурорың да озып кете алмапты. Жаңағы әскери прокурор, заң капитаны «Қор...» деген кісі ұялмай-қызармай рұқсат берген тәртібін (санкциясын) 1938 жылдың желтоқсанында бір-ақ соққап көрінеді. Яки ол НКВД анықтамасы жазылған соң, бір жылдан кейін қол қойып отыр. Бұл кезде Мағжан Жұмабаевтың атылып кеткеніне тоғыз ай толған.

Осы фактінің өзі-ақ «халық жауларының» қылмысты істері дейтіндер қалай жүргізілгеніне көз жеткізеді. Жаланың дәлелденбеуі өз алдына. Бұларда тіпті іс жүргізудің көп шарттары мүлде орындалмайды екен. Менің Қазақ КСР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында директор боп істеп жүрген кезім. Институт атынан Ахмет Байтұрсыновтың ісін қайта қарау жөнінде Қазақ КСР прокуратурасына қағаз жазғаным есімде. Қағаздың бір данасы архивімде сақтаулы. Сол өтініш қаралғанда мен қайран қалғанмын. Алашорда көсемдерінің бірі, қазақ халқының жауы деп, бізге «бөки!» деп баланы шошытқандай шошытатын Ахаңның өзінің ісі «үп» еткен желге шыдамай, лезде құлап, талқаны шықты.

Неге десеңіз, Ахмет Байтұрсынов сотталғанда қылмысты-процессуалды кодекстің сол кезде күшінде тұрған бірде-бір ережесі сақталмаған. Оны қамағанда айыбы не екені де дәлелденбеген. Қылмысты деп табылғаны жайында іс қозғалмаса да, тергеуге түскен. Тергеуді аяқтаған соң айыпкер деп табылған адам өзін қаралаған іспен таныстырылуы міндетті екен. Мұны істемеген. Ахаңды қорғаушы адвокат алу құқығынан айырған. Үкім

тай шығарылған. Және үкім шығарушылар — заң орындары емес, атақты «тройка». Осының бәрі 1988 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмысты істер жөніндегі коллегиясында баяндалғанда, көрген коллегия мүшелері: «Апырай, заңды да осыншалықты қорлайды екен-ау!» десіп, жағаларын ұстады.

Сонымен, Мағжан ұсталатын болды. 1937 жылдың 27 желтоқсанында № 1445 ордері жазылды. Ордерге Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссары қол қойды. Фамилиясын айыра алмадым, «Ж» дыбысын анықтап жазыпты да, ар жағын өгіз сикететіп жіберіпті. Ордерге қол қойған секретары да «С» әрпінен бастап, бастығынша иректеткен. Мағжанды тұтқындау, үйіне тінту жүргізу майор Дмитриенко мен сержант Ш. Қабылбаевқа тапсырылады.

Бұдан кейін Мағжан жайында жасалған құжат — «тінту протоколы». Оған қол қойған Дмитриенко ғана. Зылиха апайдың айтуында Мағжанды тұтқындауға екі жігіт келген. Көк сия қарындашымен жазылған протоколға әлдебір себеппен біреуінің қол қойып үлгермеуі мүмкін. Жоғарыда айтылды ғой, қасаптың қарқыны күшті болғандығы.

Мағжанның осы соңғы ұсталуына байланысты Зылиха апайдың өз аузынан жазып алынған әңгімені журнал-лист А. Тасымбеков былай деп баяндайды:

«Мағжан ұсталатын күні кешкісін:

— Зылиха, көп болды пельмен жемегелі, пельмен жасашы,— деп ойланып отырды да,— енді менде несі бар, ұстамайтын шығар, табылса қара жұмыс болса да істеп күн көреміз...— дегені. Мен болсам Қызылжардан бекер келдік деп өкінемін. Бір бәлені сездім-ау...

Бұл Мағжанның өзін-өзі жұбатқаны екен ғой. Соңғы кезде дөңбекшіп ұйықтай алмай шығатын. Енді қайта түрмеге түссе кездесетін күн жоқ екенін Қызылжарда түсінгенмен, Алматыға келгенімізге қатты өкіндім. Тамақ та алдымызға келді, үйге екі жігіт кіріп келді:

— Мағжан Жұмабаев, сіз тұтқындалдыңыз,— деді де ең құрымаса алдындағы асыпан дәм татқызбай дектетіп ала жөнелді...»¹

Зылиха апайдың Мағжаннан естіген соңғы сөздері: «Қош, Зылиха, қош!» деген сөздер. Тегінде, Зылиха

¹ «Лениншіл жас» газеті, «Азапты сапарлар», 10 қаңтар, 1989 жыл.

апай Мағжанның соңғы қоштасуын бірсыпыра адамға әңгімелеген болуға керек. Мен ол кісімен кездескенде бұл арасын сұрап үлгермедім. Башқұрт жазушысы Сайфи Құдашта әңгіме басқаша шертіледі. Мағжан өзінің жазықсыз екенін, Совет өкіметі ақ-қарасын айырып алатынын ескерткен, ал егер олай-пұлай боп кетсе, қасқырды жеген күшігі деп білерсің¹ деген. Алайда Дмитриенколар «дедектетіп» ала жөнелсе, бұл сөздер айтылып үлгірмеуі де. Тегінде, Сайфи Құдаш Мағжанның жұбайына ұсталардан бұрынырақ айтқан сөздерін келтіріп отырған болуға керек.

«Тінту протоколында» Мағжан ұсталған үйдің адресі бар. Лесная көшесі, 89-үй. Бұл көше Алматының терістік батысындағы осы күнгі ипподромның қасын ала орналасқан. Ұстап ақеткен үйін көрейін деп сол жаққа бардым. Автобуспен бірер сағатта әрең жеттім. Бірақ үйдің орнын таба алмадым. Тағы да іздеу керек.

Менің бұл арада айтайын деп отырғаным, сорлы ақынның сергелденге ұшырауы. Жазуға мүмкіндік жасайтындай күнкөріс таппай, әр жерде қуғынға ұшыраған ақын не көрмеді дейсіз. «Әне ұстайды, міне ұстайдымен» жүрек құрғыр ол суылдайды. Ол бейшара неге сезілдемесін. Кеңестің оң көзіміз деп жүрген Ілияс Жансүгіров 1937 жылғы 13 тамызда, Сәкен Сейфуллин 24 қыркүйекте, Бейімбет Майлин 6 қазанда тұтқындалды. Өтерін өтеді дейтін шығар десе, Ахан қайта ұсталды деп естиді. Жүйкесі әбден жұқарған Мағжан шыдамы таусылып, уксус эссенциясын ішіп жатқан жерден Зылиха құтқарды жылап-сықтап. «Черт догадал меня с умом и талантом родиться в России!» деп Пушкин айтқандай, о қор болған қайран асыл ағалар деп іштей егілесін.

Ордерде НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасына алып келу үшін конфискацияланған немесе реквизиция жасалған мүлік деген тұста: «Мағжан Жұмабаев атына жазылған ЛД № 347296 паспорты» деп көрсетілген. Сонда Мағжан пәтерінде тінтетін де ештененің болмағаны ғой.

Мағжанды түрмеге әкелген бойда сол 1937 жылғы желтоқсанның 30 күні «Тұтқын анкетасы» толтырылды.

Майор Дмитриенко қолымен толтырылған «Тұтқын анкетасында» Мағжанның өмірбаянын нақтылай түсетін мағлұматтар бар. Мәселен, қызмет орны деген сұрақ-

¹«Дружба народов» журналы, 1988, № 12, 166-бет.

қа «без определенных занятий» деген сөздер жазылған. Белгілі жұмыс орны жоқ дейді.

Мағжан Алматыға 1937 жылғы 25 наурыз күні келген¹. Сонда ол тұтқындалған айы — желтоқсанға дейінгі жеті-сегіз ай шамасы еш қызметке орналаспаған ба? Бұл сұраққа әзірше берер жауап мынадай: дәл қамалар қарсаңында ол бос жүруі мүмкін. «Парижская коммуна» деген колхозда медпунктте істеді деген әлі толық растала қоймаған мағлұмат бар. Ал оның алдында Сәбит Мұқанов қызмет тауып беріп көмектескен сияқты. Бірақ істеген жерлерінен (мәселен, Қазақ Орталық мемлекеттік музейінен) түріп тастап отырғанға ұқсайды.

«Тұтқын анкетасының» басқа да сұрақтарына Мағжанның жауаптары оның өмірбаянына байланысты құнды материал берудің үстіне, біраз ойларға жетелейді. Мен өзім мынадай байлам жасауға бармын: жиырма-сыншы жылдардағы үсті-үстіне көрген қуғыны, одан кейін Соловецк концлагеріндегі жеті жыл көрген қорлығы ақын жігерін жеп жіберсе де, мүлде құрта алмаған. Мағжанның өмір үшін күресі, жұмсаған қайраты қазақтың «жыланды он кесен де кесірткедей қауқары бар» деген нақылын еске салады. «Білімің» деген анкета сұрағына ол Москва қаласында Әдеби-көркем институтты бітірдім деп жауап береді. Әсіресе анкетаның «мамандығы» деген сұрағы тұсында тұрған «жазушы», «медфельдшер» деген сөздер қатты сүйсіндіреді. Соңғы алған мамандығы үлкен бір ерлікке бара-бар. Тамұқтың ішінде жүріп, тағы бір мамандық игерсем деген қиялдың өзі кім-көрінгеннің басына келе бермейді ғой. Ал сондай қиялды тамұқ от-жалынында жүзеге асыру тіпті мүмкін емес нәрсе сияқты көрінеді.

Ақын медфельдшер мамандығын алсам деген ойға қалай келген? Былай деп ойлауға да болады. Мағжан кесімді жылын өтеген соң болашақ күнкөрісін жоспарламады дейсіз бе? Идеология жүйесін қызғыштай қорыған сталинистер жазу-сызу жағына жолатпаса не істеуге керек? Мүмкін Антон Чеховтың өнегесі пайдаға асар, Медицина сияқты халқыңа аз да болса септігің тиетін салаға барсаң, мүмкін-қадарынша өлеңінді ұмытпасаң, аумалы-төкпелі заман емес пе, бір жөні табылар...

Мағжанның ойына алғанын жүзеге асыруға көлде-

¹ Зылиха апайдың 1959 жылы 15 маусымда Н. С. Хрущевке жазған хатына сәйкес.

нең бір жағдай да себепші болады. Зылиха апайдың айтуында, ол алғашында концлагерьде мұғалім қызметін атқарады. Сөйтіп жүргенде қасына Ленинградтан айдалып келген Иван Иванович Фетисов деген орыс зиялысы қосылады. Өзі бір ғажап адам болса керек. Мағжанға лагерьден шыққанда күнің не болады, одан да керек тастың ауырлығы жоқ, медфельдшер мамандығын игер, өзім қолғабыс етем деп, Мағжанды қайрай түсуі мүмкін. Ал Зылиха апай болса, Ленинградқа келіп-кетіп жүргенде әрдайым құшақ жая қарсы алатын осы Фетисов үйіне (Васильевский остров, 20 линия, № 15-үй, 10-пәтер) түседі екен. Сол отбасы арқылы Мағжанға медицина техникумының бағдарламасына сәйкес тиісті оқулықтар мен оқу құралдарын жеткізіп тұрған. Мағжан түрмеден босағанда емтихан тапсыруға көмектесіп, фельдшер деген куәлік алуына қолғабыс етеді.

Өстіп тағы бір шаруаның басын қайырған соң Мағжан мен Зылиха апай Вязьма, Сызрань және Челябинск арқылы сол 1936 жылы жазда Қызылжарға, еліне аман-есен жетеді.

Амал не? Қуғын-сүргіннен енді құтылдым ба, бұрын көремін бе, көрмеймін бе деп сағынып жүрген еліне көңілді оралған Мағжанның біраз күннен соң қабағы келіспей, бұрынғысындай қайта түйілді. Әрі-беріден соң нан табудың өзі қиынға соқты. Қызмет іздеп анда барса аннан, мында барса мұннан дегендей тобықтан қақты. Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Елбаев Халил айдаудан арып келген ақынды басында 20 күндік мұғалімдер курсына оқытушы етіп тағайындады. Білімді ақын аз күнгі қызметіне құлшына кірісті. Сабазың мүдірген жоқ. Айтулы педагог екеніне жұртты бірден мойындатты. Бұл жөнінде жазушы Жайық Бектұров жергілікті мұғалімнің әңгімесі арқылы тамаша бір штрихті көзге елестетеді.

«Мағжан 1936 жылы Қызылжарда бір топ мұғалімдерге сабақ берді,— дейді Көкшетау жағының Байғонов дейтін оқытушысы,— Күн ыстық. Курста көбіне орыс мұғалімдері болды. Ыстықта қалғып-шұлғып отырамыз. Ал Мағжан келіп лекция оқығанда, жұрттың бәрі сергіп кетеді. Мағжанды білмейтін орыс жолдастар: «Бұл кісі кім, қайдан келген?» деп оның лекциясына таңырқап отырады, өйткені Мағжан Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың нелер поэмаларын жатқа айтады. Ірі шығармалардан үзінді келтірерде әуелі ішінен дыбысын

шығарар-шығармас етіп белгілі шығарманың бас жағын күбірленкіреп еске түсіріп алады да, керекті ұзақ-ұзақ үзінділерді нәшіне келтіріп, жатқа айта жөнеледі. Нелер білімді орыс мұғалімдері бастарын шайқап, сабақтан таңырқап шығады. Мағжанның лекциясынан ешкім қалмайды».

Қызылжар қаласында тұратын қарт педагог зейнеткер Нетесованың естелігі бойынша Мағжан 1936 жылдың бірінші жартысында сол қаладағы А. С. Пушкин атындағы № 7 орталау мектептің 6—7-кластарына орыс тілі мен әдебиеттен сабақ берген.

— Алғаш рет Мағжан Бекенович класқа кіргенде баламыз ғой күмәнданғанымыз рас,— дейді Нетесова.— Бірақ алғашқы сағаттарда-ақ сабақты тиісті дәрежеде өткізе алар ма екен деген күмәніміз әп-сәтте сейіліп үлгірді. Аздан соң жаңа мұғалімімізді жақсы көріп кеттік. Білімінің ұшан-теңіз молдығы және тілге ұсталығы соншалық, ол кісі сөйлеп отырғанда, тіпті ең тентек деген балалар тырс етпейтін. Пушкиннің «Ескерткішін» нәшіне келтіріп жақсы оқыдың деп мақтағанын әлі күнге ұмытпаймын. Қоңырау соғылысымен, балалар мұғаліміміздің қасына жетіп барамыз. Қоршап алған бізді көріп мұғалімнің жүзі өзгеріп сала береді, әшейінде мұңды көзі жылушырап, жүзінде шәкірттерін өзіне тартып алатын бір әдемі күлкі пайда болады. Өзі жөнінде ештеңе айтпайтын. Талай жалынып сұрағанда әңгіменің бетін басқаға бұрып жіберетін. Мектептен жартыжылдықты аяқтамай кетіп қалды. Сұрастырсақ, Алматыға ақын ретінде шақырып алып кетіпті. Ешбір өлеңін оқымасак та, ол кісінің ақын екендігіне шүбә келтіргеніміз жоқ. Бізге аз күн сабақ берсе де, әдебиетке деген құштарлығымызды оятып кеткендіктен, сол ұстазымызды талай жылдар өтсе де ұмытар емеспіз¹

Бізге Мағжанның аз күн болса да еліне келіп, аунап-қунап рақаттанғанына куә әрбір әңгіме-кеңес қымбат. Сондықтан Мағжанды Жәжекем дейтін оның немере інісі, Бурабай поселкесінде тұратын Ғадылша Қаһармановтың ақынмен жолыққан күндердің елесін көз алдына келтіретін естелігінен тағы да мына бір үзіндіні келтіре кетелік.

«1936 жылы Қызылжарда педтехникумда мұғалімдердің мамандығын арттыру курсына сабақ беріп жүр-

¹ «Свеча в ураганной ночи», с. 18.

ген кезінде,— деп жазады Ғадылша ақсақал,— Жәжекемді екінші рет көру сәті түсті. Бұл кісілер Зылиха жеңгей екеуі Дзержинский көшесіндегі екі қабатты ағаш үйдің үстіндегі қабатында бір бөлмелі пәтерде тұрды. Сенбі, жексенбі күндері немере туысым Мүтөш екеуміз Жәжекем үйіне барып қонаға жатып қайтатынбыз. Бұл кезде екеуміз де он бір, он екі жасар баламыз. Бірақ Жәжекем бізге әсте бала деп қарамайтын, төредей сыйлап, өзі қызметтен шаршап келсе де, бізге әңгіме-ертегі айтушы еді. Қашан көзің ұйқыға кеткенше жалықпайтын, шыдамды және бауыр жанын нәзік түсінетін адам еді. Кейбір демалыс күндері Жәжекем, Зылиха жеңгей үшеуміз қаладан 10 километр жердегі «Мешан» ағашына арбаға ат жегіп барып қайтатынбыз. Ағаштың көленкесінде бізден бұрын барып, аттарын доғарып, алқа-қотан болып отыратын көп азаматтар Жәжекемді күтіп отыратындай көрінуші еді. Әйтеуір біз бұл жерге жақындағанда барлығы бізге қарай лап қойып, Жәжекем мен жеңгемді лезде қоршап алатын. Олардың ортасында қатар түзеп отыратын Жәжекем мен Зылиха жеңгей қос аққу сияқты әсер қалдырушы еді»¹

Мағжан іспетті арқалы ақындар өз тағдырын жүрегімен сезіп, сәуегейлік жасай біледі. Оған әдебиет тарихынан мысалдар көп. Мағжан жиырма жеті жасқа толартолмасында 1920 жылы «Жан сөзі» атты өлең жазады. Міне, осы өлеңінде ол өзінің ұзақ жасамайтынын болжайды. Өткен жолына көз сала отырып, дәм-тұзының ерте таусылатынын сезгендей, ғұмырын елу жасқа да жеткізбей кем өлшейді.

«Отыз, қырық... Қартаям, сөнем, өлем...
Еліме есебімді не деп берем?»—

дейді.

Соловецк мен Свирь лагерьлерінен оралғанда ол қырықтың үшеуінде, Өлерін сезген қайсыбір сұңғыла өз туған жеріне бір соқпай кетпейді екен. Сол рәсім бойынша ма, әлде «Жан сөзіндегі» өзі кескен уақыты таяғанын сезді ме, әйтеуір Мағжан 1936 жылы Сасықкөліне ғана емес, сонау Омбыдағы нағашы жұртына, Саға, Ебейті деген жерлерге барып қайтады. Ғадылша ақсақал бұл әңгімені былай жалғастырады:

¹ «Жібек арқау жыр өрген дарын еді». Целиноград облыстық «Комунизм нұры» газеті, 1990 жыл, 20 ақпан.

«Мағжан солай Саға ауылында қонақта жүргенде Баймұхан деген ел азаматының әйелі босанып ұл туса керек. Оған әкесі Мағжан деп ат қойыпты. Сол кішкене адасына Мағжан өлең арнаған. Ел аузындағы кей жолдары ақын стиліне келе бермесе, мынаның көп жолдары Мағжан қалам сілтесіне ұқсайды.

«Мағжан» депті Бәкең баласын,
Қарашығым, бүлдіршін бөбек адасым.
Сұрамайсың да: «қайдан келдің,
қайда барасың?»
Ойдан шықтым, ойға тағы барамын.

Тотыққандай болды қаламым,
Қолға көптен ұстамай, оқасы жоқ.
Тотыққандық ашылар,
Қаламымнан тағы сөзім шашылар...»

Тотыққан қаламын қайта ұштауды ойластырып жүргенде, 1936 жылдың қыркүйек айында Қызылжарға Сәбит Мұқанов келе қалады. Ол Мағжанды әдейі іздеп тауып алып, шүйіркелесе сөйлеседі, жылы-жылы сөздер айтып, Алматыға қызметке шақырады. Қызылжарда орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беріп жүрген Мағжан бұрынғы шәкіртінің ұсынысына кет әрі болмаса да, бірден қолқ ете түскен жоқ. Елден кетсе, саяси қауымның ортасына түссе, тағы да қып-қызыл дау-дамайдың ортасында талапайға қалам ба деп өрекпиді, әсіресе әйелі Зылиха алғаш қалай ұсталғанын еске алып, астана жаққа басқысы келмей зыр-зыр етеді. Сәбит ұсынысына осы себептермен бірден елп ете түскен жоқ. Бірақ ел іші қай оңып тұр? Ала-құла. Бірі шақырып қонақ қылып, бар жылы-жұмсағын аузына тосса, әлдебіреуі қызыл көз салпаңқұлақтың нақ өзі. Қалқайып жүргеніңді көре алмай, Алматыға домалақ қағаз сырғытады. Оған жергілікті қаратаяқтардың көзі алайып шыға келеді. 1937 жылдың қаңтары басталмай жатып Мағжанды мұғалімдігінен босатамыз деген сөз шықты. Сонан соң біраз басылып еді, артынша қайта қозып, Мағжан қызметтен қуылды. Бұл қиянаттың себебін сұраған ақынға қалалық оқу ісі менгерушісінің жауабы келте қайырылды: «Жалпы саяси себептерге байланысты».

Не істеу керек? Мұныңды кімге шағасың? Кім тыңдайды сөзіңді? Желтоқсанда А. Толстойдың «І Петр», Некрасовтың «Декабристерін» аударуға қазақ әдеби баспа орнымен шартқа отырып еді, ол жәйт сиырқұйым-

шақтанып барады. Мағжан осының бәрін ескеріп, өтсе сөзі өтетін бір-ақ адам — Сәбитке хат жазды. Өзінің өте қиын халде жүргенін, әсіресе жұмыссыздығы жанына қатты бататынын жасырған жоқ. Сәбитке жазылған сол хат былай аяқталыпты:

«Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өз қалам күшіммен көрсетсем деген тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын. «Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, сізді де бірденеге міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз.

Бұл хатты қыдырып келген туыстарым жақтан «Степняктан» жазып отырмын. Төрт-бес күннен соң қайтамын.

*Құрметпен Мағжан,
20 февраль, 1937 жыл»¹,*

Мағжанның Алматыға кетуге асығуы енді түсінікті. Халі ініне су құйған саршұнақтан жаман. Туыстарын аралап күн көріп жүр. Жолға қаражат табудың өзі... Қайтеді, басқа салған соң көнеді. Сәбитке де оңай тимейтінін іші сезіп, кешірім өтінеді. Жағдай мәжбүр еткенін ескертеді. Осы сергелдең халдерін Зылиха апай былай деп сипаттайды:

«Тағы да қуғын басталды. Мағжан болса, Алматыға кетуге асықты. Ал мен болсам сезіктемем. Мен Алматыға бармаймын деп қарсыластым. Мағжан болса «қанша айтқанмен астана ғой, бір жағдайы болар, кетейік Алматыға», деп өтінеді. Түйіншектерімізді жинап, Алматыға поезға билет алдық. Құдай-ай, мұнда келсек «халық жауы» деген жала жанданып, бықсыған оттай түтінденіп тұр екен. 1937 жылдың жазында Сәкенді, Илиясты, Бейімбетті ұстағанын естідік. І Алматыдан бір ұйғырдың үйін жалдап алғамыз (Лесная, 89 болуға керек.— Ш. Е.). Үйді ретке келтіреміз деп мен ауырып, ауруханаға түсіп қалдым. Мағжан әр жерге барып жұмыс іздейді. Бәрібір алдынан айдалып келген деген бәле кесе-көлденең шығады. Өзі де жүдеп кеткен. Пәтер иесіне кіріптар болып қалдық»².

¹ «Қазақ әдебиеті» газеті. 15 маусым, 1990 жыл. Қ. Раевтың «Сәбит пен Мағжан» мақаласынан.

² «Лениншіл жас» газеті. 10 қаңтар, 1989 жыл. Зылиха апайдың «Азапты сапарлар» атты әңгімесі. Жазып алған А. Тасымбеков.

Құрметті оқушы, енді өз қабырғамызбен кеңесейік. Ғылым-білімге жаңа-жаңа көзін ашып келе жатқан бұрынғы көшпенді қазақ былай тұрсын, тіпті озық мәдениетті елдер санатына жататын орыс елінде де Ұлы Отан соғысы қарсаңында дәл осы секілді білімді азаматтар қайда болса, сонда шашылып жатқан жоқ еді ғой. Мағжан — жоғары білімді интеллектуал. Үлкен ақын. Әрі дәрігер. Осындай маманға, адам жаны мен тәнінің балгеріне орын таппаған жүйеге не дерсің? Мен кейде «Абай» операсындағы Абайдың «Сұм заман, сыбағама сені берді» деген қайғылы-қасіретті ариясын тыңдағанымда одан Мағжанның зары да естіле ме деп құлақ түрем. Ұлы ақынның аузына бұл сөздерді Мағжанның мұндасы Мұхтар аға тегіннен-тегін салмаған да болар деп ойға кетем.

Мағжан Жұмабаев ісіндегі қай құжатты алма, өстіп әлдебір қайғылы сезімге жолықтырады. Не бас шайқайсың, не ызаланасың, не көзіңе жас үйіріледі...

Сонымен, 1937 жылғы желтоқсанның 30 күні НКВД Мағжан Жұмабаевқа бір жарым жылдай таза ауа жұтқызып алып, қапасына қайта тықты. Майор Дмитриенко анкета толтыртқан соң, мемлекет қауіпсіздігінің кіші лейтенанты Нұржанов дәл сол күні ақыннан алғашқы жауап алып, протокол жазады. Мұның да сұрағы жүрек қариды. Мағжаннан туған-туысқандарын сұрады. Амал қанша, ол аға-інілерін атап шыққан: Абу-мүсілім, Қанарман («Қармаси» деп түсірілген), Мұхамеджан, Сәлімжан, Ғалижан («Қалижан» деп жазылған) және Сабыржан. Тұтқын ақын туыстарын қалай арашаласам деп жан ұшырған болуға керек: «олардың қайда тұратынынан хабарым жоқ, өйткені бір-бірімізбен араласпаймыз» деген.

Қанқұмар әміршіл-әкімдік жүйенің сырына қанық біреу болса, ол Мағжан екенін біз оның «Жүсіп хан» поэмасынан білеміз. Әйтеуір қанаушы таптан екенсің деп, жазықты-жазықсызды бірдей «басын түймедей» қырықтырған» аттасы Жүсіп хандай Иосиф Виссарионовичтің жайына қанықтығы даусыз. Мағжан Қазақ Орталық музейінде істегенде бұған тағы да көз жеткізген болуға керек. Осы музейде істеп, кейін 1966 жылы «Хранитель древностей» деген роман жазған жерлесіміз жазушы Ю. Домбровский осы мекеме директорының аузымен 1937 жылы Алматыдағы қан сасыған кезді бүге-шігесіз, бар шындығымен суреттеп береді.

Сталиннің капиталистік қоршау туралы іліміне сүйеніп отырып, директор сол кездегі адамдарды «тезектей сыпырудың» (Мағжан) тұтас «теориясын» жайып салады. Капиталистік лагерьге жылыстағысы келген қашқын шықса, оның өзін ғана құртып қоймаймыз, дейді. Әйелін қамап, дос-жарандарын бірдей тырнақтың астына салған бит сияқты бырт еткіземіз дейді. Қандаланың ұясын жойғанда бүкіл айналасын күйдіріп, күл ететінін өзіне белгілі, деп соғады.

— Сонда қалай адамды істемеген қылмысы үшін қылмысты етіп жазалау керек пе?— деген сұраққа директор:

— Біз революция игілігі үшін де құрбандыққа барамыз. Біреудің портретін жұлып тастаған екен, демек жау болғаны. Тағы да бір астыртын жауды әшкерелеп, орнынан жұлып тастаған. Сен ондай пасық сұрақтарыңды қой. Тіліңе ие бол. Әйтпесе ақылды басыңмен бірге жұлып алады. Қандай уақыт туғанын түсіну керек,— дейді.

Жазушы романында жас нәрестенің қанына тоймайтын ертегінің жалмауызы Молохты еске алады. Молохқа «Құрбандық шалу бірсәрі, бірақ онымен мемлекет нығая ма?»— деген сұрақ қояды. Кеңес мемлекетін жаулардан қорғаймын деген желеумен дұшпанын түп-тамырымен құртамын деп, жүкті әйелдердің ішін жарғызатын ассириялық Навуходоносордың, Дарий мен Кирдің қанқұйлы жыртқыштық дәстүрін жаңғыртқан Сталиннің жетектері не себепті туыстарын хаттап жатқанын ақын түсінбеді дейсіз бе? «Еш қатысым жоқ»,— деп өз туыстарынан өзі безіп жатқаны да сол ғой. Ақын жүрегі жаманатты расында да дәл сезді. Абу-мүсілім, Қаһарман НКВД құрығына бірден ілініп, із-түзсіз жоғалды. Мұхамеджан мен Сәлтей он жыл айдауда болып, елге құр сұлделері оралды. Сөйтіп, олар Ю. Домбровскийдің романында жазылғандай, қылмысты жасамай тұрып қылмысты болды...

Кіші лейтенант Нұржанов тағы да бір сұрақты төтесінен қояды. «Сіз Қазақстанда әрекет еткен антисоветтік ұйымның мүшесі ретінде тұтқынға алындыңыз, бұл ұйымның тапсырмасымен контрреволюциялық белсенді жұмыс жүргіздіңіз. Осыны мойындайсыз ба?»

Бұған Мағжан не демек? Қай жерде жүріп, ол ұйым құрады? Тегі, ақынды бас салып, бірден таяққа жықпаған болуға керек. Сондықтан оның жауабы қысқа, тұжырымды:

«Бұл жөнінде өзімді кінәлімін деп мойындай алмаймын». Қолы «Дж.» «Жауап алған — Нұржанов».

Қазақ «Үш күннен соң көрге де үйренесің» дейді. Мағжанның бұл көрген бірінші құқайы емес. Сонда да кезінде абақтыға жабылған Мәди аһ ұрғандай:

Абақты қатар-қатар болады екен,
Ішіне жақсы, жаман толады екен,
Ішіне абақтының кіріп барсаң,
Көңілің су сепкендей болады екен,—

демекші, жалын атқан ақын жүрегі торға түскенін сезіп қалай бұлқынбасын. Мәди «аңшының қармағына» іліндім десе, Мағжан ежовшылардың қанды шеңгеліне түсті. Бір секірдім — құтылдым, екінші секірдім — құтылдым, үшіншіде — тұтылдым демекші, Мағжанның бұл жолы алдан үміті болды ма, болмады ма,— кім білсін?

Әйтеуір төңкерістен соң абақтыға үшінші рет қамалуы. Сонда алғаш Қызылжар түрмесінде жазған «Сарғайдым» өлеңін еске алсақ, бейкүнә жанның қандай күй кешкенін аңғару қиын емес.

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,
Қалың ой — қара жылан жүректі еміп.
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп.

Ол 1938 жылдың, өмірінің ақырғы жылының табалдырығын осылай торығумен аттады. Мүмкін «Сарғайдым» өлеңінің соңғы шумағы көңіліне көбірек оралды ма, кім білсін?

Жасаған! Тез алатын ажал жоқ па?
Қинама, тез өлейін, ұшыр оққа.
Шыжылдап дене, шырқырап жан берейін,
Жалыны көкке шыққан түсір отқа.

Бірақ құдай тағала пендесінің бұл арызын бұл жолы өтесе де, бірден бере қойған жоқ. Әуелі Сталин тамұғына салып, жанын шырқыратты. Ақын қорлық көріп жаны мұрнының ұшына келсе де, шыдап бақты. Оны қаңтардың 6-жұлдызына дейін «жапон шпионымын» деп арыз жазуға көндіргенге дейін, ақынның қандай қорлық көргенін шамамен көзге елестетуге болады. Лубянка, Бутыркалардағы азаптаудан Алматының Дзержинский көшесіндегі НКВД үйінің зындандарындағы азаптау кем соқпаған.

Осы жайларды бір кездескенімде Хамза Есенжановтан сұрастырғанымда, ол кісі орысшалап: «Они отнимают у тебя прежде всего человеческое достоинство»,— деген еді. «Мұны қалай түсінеміз?»— деп қайыра сұрақ қойғанымда, қазақшалап:

— Түсінетін түгі де жоқ,— деді ол өзінің сабырлы, салқын жүзін өзгертпей,— ініңдей жап-жас қазақ жігіттері боқтап-иянаттап келіп, құйрықтан теуіп кеп жібереді. Бұл адамды сойылдағаннан әрмен жасытады. Өр кеудең желі кеткен қуықтай басылып, жүнжіп кетесін.

Жап-жас қазақ жігіттері Сәкен Сейфуллиннің мұртын талдап жұлған...

Олар Мағжан көзіне көк шыбын үймелетпеді деп айта аласыз ба? Әйтпесе болмағанды болды деп өзін-өзі аспаққа асқандай қағаз жазбас еді ғой. Ежовшылар дегеніне 4-5 күн ішінде жеткен.

1920 жылы ұсталғанда Мағжан «Алқа» ұйымын ұйымдастырды деп сотталса, «Қуырдақтың әкесін түйе сойғанда көрерсің» дегендей, бұл жолы ол сонау Қиыр Шығыстағы Жапонияның ыспар «шпионы» болып шыға келді. 1938 жылдың 6 қаңтарында сол шпиондығын растап, Қазақ ҚСР Ішкі істер халық комиссариатының атына «мәлімдеме» жасайды. Мұны Мағжан өз қолтаңбасымен жазғандықтан, толық келтірейік:

«Народному Комиссариату Внутренних Дел КССР
Заключенного
Джумабаева Магжана
6.I.38.

ЗАЯВЛЕНИЕ

Желая искупить свою вину перед Советской властью, чистосердечно заявляю, что предъявленные мне обвинения в том, что я, Джумабаев, занимался на протяжении нескольких лет шпионской деятельностью в пользу одного из иностранных государств — подтверждаю. Шпионажем в пользу Японии, я, Джумабаев, начал заниматься с 1919 г. и продолжал эту работу до 1929 г. т. е. по день моего ареста и отправки в лагерь. По отбытию таковых и возвращения в Казахстан в 1936 г. я возобновил свою шпионскую работу в пользу названного государства...»

Талай рет іріп-шіріген империализм ордасы деп жазған Америка Құрама Штаттарында айыпкердің өзін-өзі қаралауына тыйым салынады. Өйтсе бұл заңды өрескел

бұзғандық болып саналады. Қылмысты деп есептелетін кісі жасаған қылмысын мойындаған күнде де, тергеу орны оның шын мәнінде жазықты екенін сот алдында толық дәлелдеп беруге тиіс. Ал Мағжанға жаздырған өтініш не дейді? Оның шпион болғаны дәлелденбегені былай тұрсын, шын мәнінде ақынға мені табанда атып тастаңдар деп өтініш жаздыртып отырған жоқ па? Адамның өзіне-өзі үкім шығартуы үшін заңсыздықтың, озбырлықтың қандай шегіне жетуі керек екенін тілмен жеткізіп айту тіпті де мүмкін емес.

Кейін 1959—1960 жылдары Түркістан Әскери округының әскери прокуроры жыл бойы жан-жақтан, қауіпсіздік органдарынан, түрлі архивтерден, бір шеті Омбыдан Қиыр Шығысқа дейін Жұмабаевтың, басқа да қазақ зиялыларының жапондармен байланысы болды ма деп сұрау салды. М. Жұмабаев ісін қампитып тұрған екі томның дені сол сұрауға қайтарылған жауаптар: жоқ, бізде ондай мәліметтер табылмады дейді, қайтарылған жауап иелері бірауыздан. Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архиві, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарының Омбы, Қиыр Шығыстың не түрлі архив қоймалары ақынға иненің жасауындай кінә тағатын факті таба алмайды. Міне, солардың бірі өз қалыбында:

«Госархив Омской области сообщает, что сведений о принадлежности к органам японской разведки Букейханова Алихана, Джумабаева Магжана и других, перечисленных в запросе, в архиве не имеется.

Начальник Госархива Омской
области

Маркова.

Начальник отдела

Попова».

Мен бұл құжатты «Жау кеткен соң қылышыңды боққа шап» деген мағынада келтіріп отырғаным жоқ. Болар іс болды — бояуы сіңді. Айтайын дегенім, — Мағжан сияқты ұлы адамдар тағдырының қандай бір надан жетесіздердің қолында болғандығы. Егер тексеруші органдардың арасынан тарих білетін біреуі табылса, Колчактың Алашорданы үкімет ретінде танымай, маңына жолатпағаны белгілі емес пе еді. Колчак үкіметінің қасына жолай алмай жүргенде оның жапон сыбайласын қалай тауып сөйлеспек? Сөйлесе қалған күнде оған не демек? Соғысқа дейінгі кино сайын біз, сол кездің пионер бала-

лары, міндетті түрде шпион көріп, соларды әшкерелегенше, есіміз шығып отырушы еді. Ол көргендеріміз НКВД ойлап тапқан шпион туралы аңыздардың қасында жіп есе алмай қалады екен.

1937—1938 жылы сотталған қазақ зиялыларының қай-қайсысы болсын «жапон жансызы» болып шыға келетін. Бұл да жұрттың зәресін алу үшін тапқан әдіс.

Мағжан жауаптарының басым бөлегі машинкаға басылған. Әр бетінің етегіне «МЖ» деп қол қойдыртып отырған. Бірақ қолы тұрғанмен өзі жазбаған. Өйтпегені протокол стилінен көрініп тұр, өңшең қиқы-жойқы, қасқырдың мойындай сірескен жаттанды сөйлемдер. Марсельский мен Дмитриенко шылғи өтіріктерін шатып-бұтып қиыстырған болған. «Мағжан мойындайтынын мойындады, енді бұларға не керек?»— дейсіз ғой. Керегі — жаңа құрбандық. Сол үшін жаңа есімдер табу керек. Тапқан соң Мағжанды ұстауға «дәлел» келтіргендей, «проходит по делу арестованного такой-то» деп «бұлтартпау», сөйтіп бұл айда не тоқсанда пәлен «халық жауын» табасың деген жоспарды мүлтіксіз орындап, қызметтен жаңа басқышқа көтерілу. Қысқасы, өздерінің таптауырын, үйреншікті соқпағы.

«Мағжанның алғашқы сотталуы» бөлімінде біз Марғұланды еске алғанбыз. Бұл жолы ғалым атын куә ретінде 1938 жылдың 15 қаңтарында жауап берген Зылиха апай да атайды. Майор Дмитриенконың жазып алған мағлұматтарына қарағанда, Зылиха апай 1894 жылы Қызылжар қаласында туады. Тұрағы сол — Лесная, 89. Білімі — татарша орташа. 1931 жылдан 1936 жылдың 23 қаңтарына дейін (бұған қарап, Мағжанның Соловецк концлагерінен босаған уақытын шамалауға болады) жаңа Петергофта өзінің бар жиған-тергенін ұрлатып алғанын, жығылғанға жұдырық боп, әбден мысы құрығанда Зылиха апайға Әлкей Марғұлан, өзі оқушы бола тұра, азық-түлікпен көмектескенін, 25 сом ақша қалдырғанын мәлімдейді.

Зылиха апай мен Мағанның сөзі бір жерден шыққан. Бұдан басқа Соловецкіде іздеп ешкім келмеді дейді екеуі де тергеуші сұрағына. Ал Марғұлан болса, ол қаты науқастанып, ауруханаға түскен, деп НКВД-ның одан күдерін үздірген.

Сәкен Сейфуллинге байланысты Мағжанның жауаптарында екеуінің 1918 жылы Омбының мұғалімдер семинариясында бірге оқығандығы, 1937 жылы Алматыда

жазушы Сәкен Сейфуллинмен екі рет кездескені, ал Сәбит Мұқанов жұмысқа орналастырғаны сөз болған. Енді осы айтылғанның төңірегінде біраз аялдағанымыз дұрыс.

Сәбит Мұқанов пен Мағжан Жұмабаевтың арасы оңай шешілетін түйін емес. Сәбең ақын ретінде Абаймен теңестіре жоғары бағалайтын Мағжанға идеологиялық қатан, бітіспес, көбіне социологиялық тұрпайы сын айта келе, оны қалай да жаңа жолға (өз түсінігіндегі) салуға және жұмыс тауып беру жағынан көмектесуге аянбаған. Қазақ әдебиеті туралы зерттеу кітабына тұтас тарау енгізуі, Соловкида жүрген Мағжанға хат жолдауы, лагерден келген соң онымен кездесіп, Алматыға шақыруы — бұл айтылғандарға нақтылы дәлел.

Мағжанның Алматыға келуіне Сәбит Мұқановтың оны Қызылжарда жүрген жерінен іздеп тауып алып сөйлесуі, Алматыдан 1936 жылдың 27 қазанында хат жазуы көптен-көп себепші болған. Сәбеңнің осы хатын сәл қысқартыңқырап оқып көрейік:

«...Сізбен жолығып сөйлескенде де мен айттым ғой: егер де өзіңіз шын ниетпен совет әдебиетіне қызмет етем десеңіз жазуыңызға ешкім бөгет болмайды деп. Сол сөзім әлі де сөз. Бұл пікірге басқа жолдастар да қарсы емес. Бұл хатта мен жалпы сөзді қоя тұрып, сіздің екі сұрағыңызға жауап берейін:

1. Жазушылар ұйымына совет әдебиетіне қаламымен еңбек сіңірген кісі алынады. Біз сіздің қаталдықтан қайттым деп жазған хатыңызға сенеміз. Бірақ көпшілік алдына дұрыс қаламыңыздан шыққан көркем сөзіңізді ұсынғанша, өлеңдеріңіз басылғанша, ұйымға мүше болуыңызды устав көтермейді. Бұл сөзге сіз ренжуге тиісті емессіз.

Устав — ұйымның тәртібі. Тәртіп — декларациядан істі жақсы көреді. Жазуыңызды бетке қақпаймыз. Совет платформасында отырып жазған сөзіңізді басамыз. Содан кейін ұйымға мүшелік мәселесі өзінен-өзі шешіледі.

2. Қызметіңіз, ұйымның сізге көмегі туралы. Алдымен Қызылжарда тұрсаңыз да, Алматыға келсеңіз де ықтияр өзіңізде болсын. Мұнда келем десеңіз сізді бетке қағатын кісі жоқ. Қайда жүрсеңіз де жазуға керекті жағдайды жасатуға болады. Бірақ бұл ретінде маған хабар беріңіз.

Қызылжарда сөйлескенде айттым ғой: жазуға белсене кірісу, совет әдебиетіне қызмет ету тетігі өзіңізде деп.

Егер де шын ниетпен совет әдебиетіне ат салыссаңыз сізді бетке қағатын, бұрын пәлен болып едің дейтін кісі болмайды. Пролетариаттың рақымы мол. Ол қорғай да біледі, жарылғай да біледі. Бірақ пролетариат сөз емес, істі жақсы көреді.

Сәбит».

Хатты көз жүгіртіп оқып шыққанда талай ойлар қамалайды. «Дүние кезек» деген осы-ау дейсін. Бұдан 17 жылдай бұрын, 1918 жылы қыс ішінде Омбыдан жатарға орын таба алмай жүрген, киімі жалба-жұлба бала жігіт өзі бір кез табынған атақты ақынға, танысы Ғазизбайдың үйінен қора тазалаушы болса да жұмыс орнын тауып беріп әрі өзі басқаратын екі жылдық педагогикалық курсқа орналастырып, сабақ оқытқан Мағжан Жұмабаевқа дәл осындай хат жазады, бір кезде шәкіртіне ұстазы кіріптар болады дегенге сену қиын. Бірақ нақ солай болған.

«Өмір мектебінің» екінші кітабындағы Мағжанға тағылған көп-көп саяси айыптарды жіпке тізе бермегенде, Сәбиттің дүниеге көзін ашуында, ақындық тұсауын кесуінде Мағжан үлкен рөл атқарған. Жалғыз бұл емес, Қызылжарда ұйымдастырылған советтік курста да Сәбит сол ұстазынан дәріс алған. Мемуарына әлдебіреулер жабысып жүрмесін дегені ме, Сәбең бірден өз саяси беті болғанын жазады. Тіпті саяси тақырыпта Мағжанмен кергілесіп те қалып жүреді. Мұның артық-кемі өз алдына десек, жалпы Жұмабаев ауылдан келген талапты жасты ырзығы кең өріске салған сияқты. Қаншама тістің арасынан сыздықтатып айтқанымен, шәкірт алған білімнің ауқымы сол кезге қарағанда биік өреде.

«Мағжанның оқытатындары: қазақ тілі, педагогика, тарих және дін сабағы,— деп жазады С. Мұқанов «Өмір мектебінің» екінші кітабында.— Соңғы сабақ намаз шарттарын үйренгеннен кейін, класта Мағжанға ұйып намаз оқумен аяқталып жүрді. Тарихтан оның оқытатыны — ескі дәуір. Ең алғаш біз Египеттің, одан кейін Гректің, одан кейін Римнің тарихын өттік».

Қазірде де «Дүние жүзі және отандық мәдениет тарихын» Сәбең жазған тәртіппен үйренеді. Жуықта мен «культурология» пәні бағдарламасының үлгісімен танысып едім, Мағжанның ежелгі дүние мәдениетін Египеттен бастауына, одан эллада мен латын мәдениетін үйретуіне Сәбең риза болуға тиіс деп ойладым. Тарих пәнін

жүйелі өткізудің жалпы таным үшін, тарихи және логикалық ілімді ұштастыра игеру үшін маңызы айрықша.

Мағжан сабағын жай оқып шығумен тынбаған. Кітаптың, әсіресе қазақ тілінде оқу құралының жоқтығын ескеріп, конспект жасап, оны оқушыларына (30 шақты адам) көшіртіп отырған. Ол жөнінде тағы да Сәбеңнің өзін тыңдайық.

«Бұл сабақтардың,— дейді С. Мұқанов,— қазақша конспектілерін жазғанда мен Мағжанның хатшысы сияқты боп алдым: кешкі уақыттарда ол мені өз комнатасына шақырып алады да, диванға қисайып жатып, орысша кітаптағы тексті маған қазақша диктовать етеді. Мен оның айтқандарын араб әріптерімен жазып отырамын және тез жазам. Оның оқушыларға «көшіріп алыңдар» деп беретін конспектісі осы,— мен жазғандар. Сол қыста мен диктовкамен екі-үш қалың кітапты жазып шыққан сияқтымын. Оның маған пайдасы да болды, мен тарих сабағын өте жақсы білетіндердің қатарында жүрдім».

Бұл айтылғанға Сәбеңнің өз өлеңдерін Мағжанға сынатып алғанын қоссақ, тіпті ұстазы шәкіртінің жалаң аяқ қалғанын көріп, бәтеңкесін аяғынан шешіп бергеніне дейін ескерсек, Мағжан мен Сәбит арасы кезінде аға мен інінің арасындай жақын болғанына көз жеткіземіз. Сәбеңнің осы оқудан кейінгі айналдырған 8—9 жыл ішінде үлкен жолға шығып, «Сұлушаш» поэмасын, «Адасқандар» романын тудыруы талант бапкерінің де осал болмағанын дәлелдесе керек.

Бұл жақсылықтарды қалай ұмытарсың? Сондықтан Сәбит Мұқанов алғашқы мұғалімін идеялық-саяси жағынан қаншама илеп, іске алғысыз етіп жатса да, киынқыстау кезеңде жадында ұстап жүрді, қалай да қол үшін беруге тырысты.

Сәбеңді де түсіну керек. Ұстазына ресми, қатулы тілде хат жазуына қарағанда сақтық ойлауды да ұмытпаған сияқты. Обалы не, Сәбең уәдесін орындауға тырысты. Қазақы рәсімдердің орындалуы, Мағжанды Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов үйлеріне дәмге шақыруы өз алдына. Сәбең алыстан келген ақын қонағын сол кездегі Қазақстанның басшысы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Леон Мирзоянға апарып жолықтырады. Бұл жөнінде Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Мұхамеджан Қаратаев мынадай куәлік етеді.

— Ленинград аспирантурасын тәмәмдап, Қазақстан

Жазушылар одағының секретары қызметінде істеп жүрген кезім. Одақтың председателі Сәбит Мұқанов екеуміз бір кабинетте отырамыз. Жаңылмасам, 1937 жылдың жаз айында. Бір күні кабинетте жалғыз едім, бір орта бойлы, жұпынылау киінген, өңі сынық кісі кірді. Амандасып болған соң, өзін таныстырды. «Мен Мағжан Жұмабаев боламын, шырағым. Сәбитті іздеп келіп едім...— деді».

Жүрегім лүп ете қалды. Көп өлеңін жатқа білетін, сүйсінсек те сүйгенімізді өзгеге білдірмей, сездірмей жүретін уақыт. Орнымнан ұшып тұрдым. «Сәбең жаңа ғана шығып кеткен. Осы маңайда жүрген шығар. Қазір» дегенше болған жоқ, Сәбеңнің өзі де кіріп келді. Амандық-саулықтан соң телефонның құлағына жармасты. Сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары Нұрпейісовке мән-жағдайды баяндап еді, ол: «Келе беріңдер, бірақ бұл мәселені шеше алмаймын, Мирзоянның өзіне кіріңдер»,— деді. Сәбең маған да жүр деп, үшеуміз Мирзоянның қабылдауына бардық. Қазақтар Мырзажан деп қадір тұтатын бұл басшымыз жақсы адам, кісілікті кісі еді ғой. Бірден:

— «Несі бар. Келе берсін. Жағдай жасаңдар. Әне, Әуезов сияқты. Театрда істейді. Сабақ береді. Жазуын да өндіріп жазып жүр».

Бұйырмағанға амал жоқ. Біраздан соң Мирзоянның өзі де Сталин кәріне ұшырады. Бірақ оған дейін Сәбең Қазақстанның сол кездегі басшыларымен келісе отырып, Мағжанды қызметке орналастыруға, қаражат жағынан көмектесуге әрекеттенгені анық. Тіпті оны Жазушылар одағына алуды да ойластырған. Бұл жөнінде Сәбең Мағжанға «Оппенгеймнің семьясы» атты романды аударуға алып бергені, аванс ақша бергізгені анықталады.

М. Жұмабаевқа көмектескісі келгенде Сәбең тек бір кездегі өзіне істелген жақсылықтың қарымын қайтаруды ғана ойламаған болуға керек. Ол Жазушылар одағының жетекшісі ретінде іс істеген. Мағжан Жұмабаев секілді үлкен ақындар советтік өлеңге мықтап қаруы тиетіні сөзсіз еді. Бұл — қоғамдық-саяси жағынан да ұтымды болар еді. Сәбеңнің екі көзі төрт болып жүдеп-жадан келе жатқан Мағжанды вокзалдан қарсы алып, оның «Мені әуелі Сәкеннің үйіне апар» деген өтініші бойынша Сейфуллинге жолықтыруы, өз үйіне апарып қонақ етуі, Әбділда Тәжібаев пен Қалмақан Әбдіқадыровка «Мағжанды сен екеуің қонаққа шақырыңдар,

басқаларына айтпаймын, қорқады», деуі,— қалай десен де С. Мұқановтың ниетінің түзулігін көрсетеді.

Қалмақанның үйінде Мағжанның болған-болмағаны мәлімсіз. Ал Әбекеңмен сөйлескенде, ол кісі Мағжанның үйінде дәм татуын жыр қылып айтты. Мағанмен Жазушылар одағының үйінде кездескен Әбділдә оны дастарқанына шақырады. «Айманкүл шешем қартайыңқырап қалды, бірақ бар мәзірін әзірлеп отыр, ертең түске күтеміз», дейді. Екеуі парк ішіндегі Кафедралық собор (Әбекең шіркеу дейді) қасында кездеспекке уәделеседі. Ертеңіне сол жерден Мағжанды күтіп алып, мекен-жайлары — Ленин көшесі, 28-үйге алып барады. Айманкүл шешей мейманының келетін жолына көз қырын салып тосып жүр екен, сыртқы басқыштан түсіп, ақынды қарсы алды. Басына әппақ шаңқандай жаулығын тартып, мейрамда киетін «дұшпан көз» көйлегін киіп апты. «Сені де көретін күн болады екен ғой, айналайын» деп ақын апасы ақын інісінің маңдайынан сүйді. Елжіреп тұрған ананың ақ ниетіне Мағжанның көңілі босап, көзіне жас алады.

Қой сойып, барын аузына тосып, жарқын қарсы алған үйде Мағжан рақаттанып, кең отырады. Төрт сағат шамасында әңгіме-дүкен құрады. «Үстінде китель, галифе шалбар, шашын тықыр алдырған Мағжан тіпті райком секретарына ұқсайды», дейді Әбекең. Мағжан әлі баспа жүзін кермеген он шақты өлеңін оқиды. «Қазағым-ай, көйлегіңнің жағасының иісін сағындым-ау» дейтін сөзі бар өлеңін Жамбылға арнаған.— Ұқыптылығымыз белгілі қазақпыз ғой, сол өлеңнен көз жазып қалдым,— деп өкінеді Әбекең.

Бірақ сол күні бәрінен көбірек сөйлеген Айманкүл апай болса керек. Мағжанның талай өлеңдерін, «Батыр Баянын» жатқа соғады. «Апырау, мына бір өлеңім өзімнің де есімде жоқ, сіз қалай ұмытпағансыз, женеше?»— деп таң қалады екен Мағжан.

— Қарағым Мағжанжан! Жақсы өлең өзінен-өзі жатында ұяламай ма. Жаманы керексіз заттай көңілге ұмыт. Мына Әбділдәнің бір де өлеңі есімде жоқ,— деп күледі баласын қағытып.

Айманкүл апай қазақ ақындарын Шығыс дәстүріне жете мән бермейтіні үшін сынайды. Шығыс шайырлары Алласына да, ғашығына да шын жүректен берілген. Ал сендер әйелге ғана емініп, біржақты кетесіңдер,— дейді.

Шығысты бір ақын білсе, Мағжандай білсін. Деген-

мен Айманкүлдің әсіресе парсы әдебиетіне жүйріктігіне Мағжан қайран қалып, жеңешесіне біраз мақтау сөздер айтады.

— Арақ іштіңіздер ме?— деп сұраймын Әбекеңнен.

— Ішкенде қандай. Ол кезде жартылық емес, одан екі-үш есе үлкен шөлмек болады. Соны ортаға қойдық. Және ішімдікті бүгінгідей стаканға я бокалға емес, кесеге шүпілдете құямыз. Мағжан тәп-тәуір ішеді екен. Бірақ жеделдетіп төпелемейді. Және қызып ішпейді. Даусын көтермей, дәуілдемей, бір қалыбынан айнымайды. Шешем Айманкүл бұрын маған «іш» деп айтпайтын. Осы жолы маған оқтын-оқтын әмір беріп, «құйсаңшы, өзің де қалмай іш, әйтпесе қонағымыз тартынып жүрер» деп отырды.

— Айтпақшы, Әбеке, Мұхтар Әуезовпен жолыққаны туралы ештеңе демеді ме? Бұл жөнінде бізде ақпар жоқ. Бұлар кездеспеуі мүмкін емес қой, жиырмасыншы жылдары Аймауытов, Мағжан, Мұхтарлармен пікірлес, мұндас болғанын білесіз.

— Мұхаңмен кездескенін айтты. Мұхаң Мағжанға: андушылар көп, бірге мәжіліс құра алмаспыз дегендей ишарат білдіреді. Істеген жақсылығы — Мағжанға ақша тапқанша талшық ете тұруға қаражат жағынан қарайласқан тәрізді.

Мінеки, 1937 жылы азын-аулақ бостандық сағаттарында Мағжанның басынан өткізген кейбір сәттері. Мен, әсіресе, Мағжан мен Сәбит арасындағы қатынастарға көбірек зер салғандай сияқтымын. Мәселе — біреуді ақтау, қаралауда емес. Тарих кері шегінбейді. Қанша түзеткің келсе де, түзете алмайсың. Бірақ бір нәрсе талассыз. Мағжан да, Сәбит те — халқына, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ардақты есімдер. Олардың бірін саздан шығарып, екіншісін сол сазға батыру түбімізге жеткен бір-бірімізге өшпенділігімізді тағы бір желеумен (бұрынғы таптық ымырасыздықтан басқа да айла табуға болар) қайта қоздырудан бөтен еш нәтиже бере қоймас.

Меніңше, Мағжан мен Сәбит арасындағы негізгі дәнекер ұстаз бен шәкірт аралығындағы дәнекерлік. Жалпы ұстаз бен шәкірт арасы — күрделі дүние. Оның күндер өткенде жаңа әр алатынын дәлелдейтін мысал көп. Ұстаз бұрынғыдай шәкіртінің өсуіне тілектес болғанымен, шәкірт жағы көп ретте құбыла бастайды. Адамдық қасиетіне жарай, өсіп-жетілген шәкірт әр түрлі кейіпке кіреді. Біреуі кеудемсоқ келеді де, ұстазын тез ұмытады,

тіпті оған теріс қарайтын мінез шығарады, «жақсылық етпесең, жауың қайдан шығады?» деген даналықты еске салады. Тағы біреуі «өзім болдым, өзім пістім» ауруына ұшырайды, оның ұстазына қастығы болмағанмен, достығы да шамалы. Үшінші шәкірт өзгермейді. Қаншама мәртебесі өсіп, зорайып кетсе де, ұстазының алдында бұрынғысындай именіп, ілтифатын қаза жібермейді. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген мәтел соларға қарап айтылған дерсің.

Мағжан мен Сәбит ара қатысына осылардың қайсысы тән? Бұл сұраққа жауап іздеген кісі Сәбеннің Мағжаннан өзге тағы да бір ұстазы болғанын есте ұстауы керек. Ол — Сәкен Сейфуллин. Талай идеялық айтыстарта Сәбен әрдайым Сәкен қасынан табылды. Мағжанға да аямай шоқпар сілтеді. Ұстазына қолдан келген көмегін көрсеткенін айтумен қатар, мұны ашық айтуымыз керек.

Ол кездегі қазақ зиялыларының қызылмыз дейтін бөлегі, сірә, Мағжандарды идеялық төмпештеу кейін ғасырға шауып кетеді деп ойламаған ба деген ой туады. С. Мұқанов «Есею жылдарында» (1964) жиырмасыншы жылдардағы қазақ қауымындағы идеялық тартыс өшпенділік сипат алмағанын дәлелдегісі бар.

«Ол кезде, — деп жазады Сәбен, — Тоғжановқа қарсы жазылған мақала, Тоғжановтың өзі редактор болып отырған «Еңбекші қазақ» газетіне басыла береді, ең көп дегенде — газет, сноска ретінде, өте қысқа түрде, бұл мақаланың несіне қосылып, несіне қосылмайтындығын ғана айтады және жиналыстарда, баспасөзде қатты айтысып қалғандар, бірінің үйіне бірі қонаққа барып, ойнап-күліп жүре береді, араздасу, кек сақтау болмайды... Бұл күрес бізге қызық сияқтанып, кейде — жыға, кейде — жығыла, кейде «итжығыс» түсе жүріп, арпалыстан шаршамаймыз».

Шындыққа жүгінсек, күрестің де күресі бар. Ғаббас Тоғжанов пен Сәкен Сейфуллин арасындағы айтыс қызық көрінгенімен, Мағжанға қарсы науқан әуел бастан ақ шиыршық атты. Ол жайында Мағжанның алғашқы сотталуы туралы тарауда толығырақ тоқталғанбыз. Қазақтың ұлт ақыны адам түсінгісіз өшпенділікке, ымырасыздыққа кезікті. Бірақ осының арты неге әкеп соқты? Міне, мәселе қайда жатыр. Тарих көзге шұқып тұрып ұқтырған сабақ сол, — Мағжанды жығып жібергендер өздері онымен қоса жығылды. Мағжанды 1924 жылдың

қысында Мәскеу қаласында қыспаққа алған Голошекин емес. Голошекин бұл кезде Қазақстанда жоқ. Мәскеудегі «Жерлестік» жиналысында Мағжанды жау деп, шығармаларын баспасын дегендер өз зиялыларымыз: Нәзір Төреқұлов, Ғаббас Тоғжанов, Ғани Мұратбаев, Садықбек Сапарбековтар...

...Осылардың арасында ертерек көз жұмған Ғани Мұратбаев қана 1937 жылдың қап сасыған науқанына ілінбей қалды. Басқалары өздері қойған өрттің астында өздері шарпылды.

Мағжанға тас лақтырғандардың жуан ортасында Тұрар Рысқұлов сынды ірі қайраткерлер де жүрді. 1926 жылдың 25 сәуірінде «Еңбекші қазақ» газетінің редакция ұжымында сөйлеген сөзінде ол Мағжан мен Жүсіпбек жолбике деп есептелсе де, оларға сенбеуге шақырды. «Біз оларды жақсы білеміз, сондықтан оларға тым көп нәрсені сеніп тапсыра бермеуіміз керек. Аймауытов процесінде пролетар соты алдында өзінің соңғы сөзін сөйлегенде кейбір коммунистердің сoralары ағып жылап отырғанын да білеміз», — деген.

Онсыз да рушылдық, жікшілдік талай ғасырдан құрттай кеулеген қазақ жерінде тап тартысын мейлінше қоздырамыз деген ұранмен жағылған от бара-бара ұлттық нәубетке айналды. Революцияның өз баласын өзі жейтін Сатурн ауруына ұшырайтыны да болады дейді. Міне, бұлар сол қырсыққа тап болды. Ұлтшыл атанғандарға қандай айып тағылса, Сәкен мен Тұрарға да дәп сондай айып тағылды. Тіпті бұл екеуі Ежов торына Мағжаннан бұрын түсті. Мағжаннан бұрын жапон жансызы атанды.

Бұл, әрине, табалау емес, ұлттық бірлікті қалай сақтау керек деген арнада ой қозғау.

* * *

...Сонымен Мағжан «жапон жансызы» екенін мойындады. Тек сол Жапонға Кеңес мемлекетінің қандай құпияларын жеткізгені белгісіз. Тергеушінің бұл жаққа барғысы жоқ. Соңғы жеті жыл бойы Соловки концлагерінде жүріп, артынан үздіксіз бақылаудың нәтижесінде еш жерде тұрақтап жұмыс істей алмай жүрген ақынға пәлен самолеттің тетігін саттым дегізгісі келе ме? Бірақ оның қажеті не? Мәскеуге Жапонмен астыртын жалғасқан ұлтшылдар бар десе, жетіп жатыр. Мағжанның сы-

байластарын тапса, бұдан бұрын ұсталғандардың мойындағанын Мағжанға растатып алса, тіпті құба-құп. Қыл бұрауын салып, өзі айтқан фамилияның бәрін де қайталата алатынына зәредей күмәнданбайды.

Осы тәсілмен тергеушілер қомақты материал жасағансыды, Ақпанның 10-күні жиырма сегіз бет, 20-күні сегіз бет протокол жасап, әр парағына «мж» деп қол қойғызды. Бұл протоколдардың негізінде айыптау қорытындысы жасалды. Мағжан Жұмабаевқа РСФСР қылмыс кодексінің 58-6 және 58-11 баптары бойынша айып тағылды. (58-дің қай оңып тұрған бабы бар дейсің: өңшең төбе-құйқанды шымырлатып, жүрек суылдататын сұмдықтар тізбеленеді. Мысалға Отанға опасыздық жасағаны үшін, антисоветтік қастандық әрекетке ұйымдасу үшін, террористік актілер ұйымдастырғаны үшін т. т. деп кете береді. 58-ге ілінсе, дүниемен қоштасатыныңызды сол кезде бала екен бала біз де білетінбіз). Сөйтіп, тергеушілер тоғыз грамм қорғасынын Мағжаннан да аямауға тұжырым етті. Іс бекіту үшін Мәскеуге жіберілді. Мағжанның жанын жәннәмға жіберуді бекітуді сұраған қағазға қол қойғандар сол бәз-баяғы Дмитриенко мен Марсельский екеуі, тұжырымды бекіткендер ҚССР Ішкі істер халық комиссарының орынбасары Володзько мен Қазақ КСР прокурорының көмекшісі... ирек-ирек. Володзько мен фамилиясын айыра алмайтын ирек салған прокурор көмекшісінің екеуі де жаңағы тәртібін 1938 жылғы ақпанның 21-інде соққан. Мағжанның бұдан соң бір ай толмай атылуына қарағанда, жоғары Мәскеу НКВД-сы да шапшаң жұмыс істеудің үлгісін көрсеткен...

Мені қайран қалдырған нәрсе (істі қарап болғанша үнемі сөйтесің) — Мағжанға сот құрылмаған. Ары іздеп, бері іздеп, «Дело 3881» папкасынан, басқа да құжаттардан ондай материал таба алмағаным анық. Ахаң тәрізді, Мағжанды да сыртынан соттаған секілді. Тергеушілер тұжырымын Мәскеуге жіберсе, ол жақтан бекіп келген болуға керек. Бекіген құжат та көрінбеді. Тек ақынның атылуы туралы акті ғана... Бірақ ол жайлы сөз етуден бұрын оқушыдан мына бір пікірге зейін қоюды өтінер едім.

Әңгіме өзіміздің жергілікті жарамсақтық, «Мәз болады болысың//Арқадан ұлық қаққанға» дегенге саятын мінезіміз хақында. Астанада жел тұрса, шет аймақта дауыл көтеріледі. Шаш ал десе, бас алатын асыра сілтеудің көкесін саяси артта қалған, бодандық санада

текiректеген жандайшаптар көрсетедi. Астанадағы төрелер өз нұсқауын орындаудағы асыра сiлтеушiлiкке көз жұма қарайды, шын мәнiнде жақсы көретiн тентегiне анда-санда «тәйт!» деп өтiрiк жекiрген болады. Мұның арты халық үшiн зауалға соғатынына мысал көп.

...1959 жылдың 15 маусымында және сол жылдың 7 тамызында Зылиха апай Н. С. Хрущевтiң атына бiрiнiң артынан бiрi екi хат жолдайды. Бұл хаттар тиiстi нұсқауымен Қазақ КСР прокуратурасына түседi де, одан Мағжан Жұмабаевтың жазалауына өздерiң себепшi едiңдер дегендей, Түркiстан Әскери округiне жiберiледi.

1959 жылдың 19 тамыз күнi Түркiстан Әскери округынан Қазақ КСР Министрлер Советi жанындағы Мемлекеттiк қауiпсiздiк комитетi төрағасының орынбасары Арыстанбековке Мағжан Жұмабаевтың iсi бойынша қағаздардың iшiнен НКВД комиссиясы шешiмi мен СССР прокуратурасының оны бекiткен жарлығының жоқ екенi айтылған. Мен өзiм де 3881 iстiң iшiнен бұл құжаттарды ақтарып-төңкерiп таба алмадым. Тек НКВД комиссиясы мен СССР прокурорының 1938 жылғы 11 ақпан күнгi комиссиясы (протоколы № 377) шешiмi бойынша Мағжан Жұмабаев «ВМН»-ге (Высшая мера наказания), яки ату жазасына кесiлдi деген анықтама бар.

Түркiстан Әскери округы прокуратурасының тағы бiр құжаты — жер-жерге сұрау салып, Әлихан Бөкейханов пен Мағжан Жұмабаевтың Жапониямен қандай байланысы болды екен, сұратыңыздар деген. Бұл жөнiнде жоғарыда айтылғанға қосарымыз — Мағжанға 1937 жылы тағылған негiзгi айып — «жапон жансызы» деген айып негiзсiз деп табылса да, яки жалғандығы толық дәлелденсе де, бiздiң республикалық чекистер (Арыстанбеков, Ловятин, Мұқаев) не iстеген дейсiздер ғой. Олар М. Жұмабаевтың шетелдiң тыншылығына қатысы болғаны расталмаса да, бұрынғы арпалысқан антисоветтiк жұмысын ескере отырып, оның үстiнен 1938 жылы қозғалған iстi бұзуды жөн деп санамаймыз деп безбүйректiк көрсетiп, Түркiстан Әскери округiне хат жазған. Мықты дәлелдiң бiрi — Қазақстан Жазушылар одағы комиссиясының Мағжанды буржуазияшыл-ұлтшыл шығармаларын оқу зиянын тигiзедi деген пiкiрi.

Тiлеулерiң бергiр Түркiстан Әскери округының прокуроры, заң генерал-майоры Пастревич, Әскери трибуналы председателi, заң генерал-майоры Приймак Қазақ-

станнан түскен сыбыр-жыбырға құлақ асқан жоқ. Олар Қазақстан КГБ-сіне қайта-қайта тексерткен материалға сүйеніп, Жұмабаевты жапон жансызы деген айыпқа байланысты қылмысы жоқ деп тапты. Сөйтіп, Мағжан Жұмабаевтың 1938 жылы сотталып, ату жазасына кесілуі барып тұрған заңсыздық деп бағаланды. Енді ақынның «Алқаға» байланысты «қылмысты» қаралуы тиіс еді. Ақыры бұл мәселе де әділетті шешім тауып, Мағжанның толық ақталғаны бәрімізге белгілі.

Осы арада мен және бір көргенімді айтпай кете алмаймын. Бұл да біздің отызыншы-елуінші жылдардағы республикалық орындардың шаш ал десе, бас алатын машығына байланысты.

Белгілі жәйт. Мұхтар Омарханұлы Әуезов Қазақстандағы ОГПУ «тройкасының» 1932 жылғы 20 сәуір күнгі қаулысы бойынша 3 жылға шартты түрде кесіледі. Мұхтар қазақ қауымының белгілі қайраткерлері Тынышбаев Мұхаметжан, Досмұхамбетов Халил, Досмұхамбетов Жаншалармен бірге барлығы жиырма кісі сотталған. Бұларға Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытовтарға тағылған айыптарды сол күйінде таңа салған. Шығыс Бұхарада басмашыларды басқарған, кейін арғы бетке өтіп кеткен Зәки Валидовпен байланысы бар контрреволюциялық ұйым құрған деген сияқты, ойдан шығарылған жалалар қайта таңылды. Бірақ... бір окпен екі қоянды атып жықпақ болған арам ниет бұл жолы күтпеген кедергіге кездеседі. Мәскеудегі ОГПУ 1932 жылғы 2 наурызда қылмысты іс тоқтатылсын, бұл іс бойынша айыпталғандар тұтқыннан босатылсын деген нұсқау түседі. Сонда Қазақстан ОГПУ-і айылын жимайды. Өтірігінің шығып қалғанына шімірікпестен, біздің белсенділер 1932 жылғы 4 және 20 сәуір күндері Мәскеуге, ОГПУ бастығының орынбасары Акуловтың атына хат жолдап, тұтқынға алынғандардың басым бөлегін (Мұхтар Әуезовтің түрмеден босану себебі ол «басым бөлекке» кірмеген болуға керек) Қазақстан шекарасынан қууға келісім беруді сұраған. Сондағы тапқан дәлелдері — сотталғандарды босатсаңдар, өлкеде ұлтшылдық элемент бел алып кетеді, өлке басшыларына, ОГПУ-ға қарсы толқын бас көтереді деген. Өздерінің «мундирлік» намысын, шекпені жағасының жыртылмауын адамдардың тағдырынан жоғары ұстаған. Сөйтіп, жаңағы «басым бөлекті» әр түрлі мерзімге соттап, Қазақстан жерінен аластауға Мәскеуге хат боратып, келісімін ал-

ған. Мұхандардың ісі тек 1958 жылы 28 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының қылмыс істері жөніндегі коллегиясының шешімімен ғана бұзылды. Қаракетінде қылмыс жасаған күнәсі болмағандықтан Мұхтар Әуезовтің, онымен бірге сотталған барлық жиырма шақты адамның бәрінің үстінен қозғалған іс тоқтатылды.

Өлгімені «әділдік жеңді» деген оптимистік әуенмен аяқтаса да болар еді. Бірақ Мағжанға байланысты мына бір жәйттерді айта кетпеске амал жоқ.

НКВД ең дәуірлеген шағының өзінде де, өлтіргендерін өлтірдік деп жариялай бермейтін. Көп жылдар бойы атқан адамдарын тек 10 жылға кесілген деп алдап келгені белгілі. М. Жұмабаев отбасына да оның атылғанын естіртпеген. Мағжан ақталды деген комиссия қаулысы шыққанда Зылиха апай қатты жылапты. Қуанғаннан деп ойлауға да болады. Бірақ Мағжанды тірі деп жүрген көңілінің шұғыл өзгеруі де оған қатты әсер еткен. Комиссия хабары оған естіртудей көрінген. Немересі Ұлжанға өксіп жылап отырып сұрақ қойыпты.

— Ау, Мағжанды неліктен 1938 жылғы 19 наурызда атылды дейді? Маған түсініксізі осы жері. Өзің білесің, Алматының күні сәуірде ыси бастайды. Жұрт қысқы киімдерін тастайды. Мағжанды (саған талай айтып едім ғой) қысты күні, желтоқсанның 30-ында ұстады. Қысқы киімімен кетті. Күн жыли бастаған соң, сәуірдің орта белінде НКВД-ға жаз киімдерін апарып, өз қолыммен тапсырып едім ғой. Олар қабылдап алды, жарайды кесіне тапсырайық деді.— Ал комиссияның қаулысына сенсең... Сенбеске амал не? Сонда мен шын мәнінде киім емес, кебін апарған екем ғой. Мағжаным мен киімін апарғанда бұл дүниеде жоқ екен ғой. Алданған екенмін, әй, сұм тағдырым-ай, деп өксігенде сол мезетте жан тапсырады екен деп жаман шошындым,— дейді Ұлжан.

Шынында да Зылиха апай әдейі таратылған лақапқа иланып жүрген. Мағжанды тұтқындауға келгендердің біреуі: «Ақынға тиіспейміз, тек Қазақстаннан өзге жерге жібереміз»,— депті-міс. Содан болуға керек, Мағжан Новосибирск маңында бір жерде жасырын тұрады, деген аңыздың тарауы. Осы сияқты аңыздардың әсері Орталық Комитет комиссиясының қаулысы жарияланғаннан кейін де кей газеттерден белгі беріп қалып жүрді. Рас болса жарайтын еді, бірақ ақиқат олай болмады ғой.

3881 нөмірлі істің ішінде бір жапырақ қағазда жазылған суық хабарды кім де болса арқасы мұздап, қаба-

ғы түйілмей оқи алмайды. НКВД Қауіпсіздік басқармасының кіші лейтенанты Гайковичтің қолымен үкімді жүзеге асыру актісінен мынадай үзінді келтірілген: 1938 жылғы 11 ақпан күнгі Мағжан Бекенович Жұмабаевты ату жөніндегі шешімі (протоколы № 377) 1938 жылғы 19 наурызда жүзеге асырылды («приведено в исполнение»).

Бұл қара қағазды Зылиха апайдың көрмегені, сүйген жары әлі де тірі деген сенім сәулесін жүрегінен мүлде өшірмегені бір есептен дұрыс та болды деп ойлайсың.

Тағы да бір ойың айтады: Зылиха апай жарының өлген күнін ертерек білсе, мүмкін, жең ұшынан жалғасып дегендей, Мағжанның мәйіті жатқан жерді шамалап бағдарлар ма еді, қайтер еді.

«Алматы ақшамы» газетінің 1990 жылғы 17, 18, 23 қазан күндеріндегі сандарында А. Тасымбековтың «Олар 19 еді...» деген көлемді мақаласы басылды. Мақалада 1938 жылғы 6—12 наурызда сотталып, атылған бір топ Қазақстан мемлекет қайраткерлерінің жатқан жері Алматы маңындағы Боралдай мен Өжет поселкелерінің аралығындағы жергілікті халық «Қандысай» атаған ұры сайда екені анықталды. Мен Мағжан денесі де осында көмілді ме деп жорамалдаймын. Оған дәлел, 19 жайсаңның сотталуы наурыздың бірінші жартысы болса, атылуы және қойылуы наурыздың екінші жартысы. 19 боздақтың атылуы жайында «Социалистическая Алма-Ата» газетінің 1938 жылғы 22 наурыз санында ресми хабар жарияланды. Мағжанның атылуы, жоғарыда айтылғандай, 1938 жылғы наурыз екенін білеміз. Араларында күн салған ба, салмады да, не бәрін бірге атты ма?— деген заңды сұрақ туады. Атылғандарды түнде машинамен көмуге алып келген шофер Айтжан мәйіт салынған қапшықтың саны 19 не 20 деген. Ендеше Мағжан мүрдесін де соларға қосуы әбден ықтимал.

Сөз соңында: Қандысайды бір ретке келтіретін кезең жеткен сияқты дейміз. Өзін мәдениеттіміз деп есептейтін мемлекеттер жазықсыз жазаға ұшырағандарға, олардың туған-туысқандарына өтем төлеу үшін мемлекет бюджетінен арнайы қаржы қарайтынын білеміз. Құн төлеу қазақтың ескі дәстүрінде де бар. Ендеше Сталин құрбандарына ескерткіш белгі сол Қандысайдан орын тапса қалай болар еді?— деген мәселе өзінен-өзі туындайды. Бұл — қазіргі ұрпақтың парыз-қарызы десек, ар-

тық айтқандық болмас. Осы тұрғыдан Мағжан «Жан сөзі» өлеңіндегі мына жолдар еске оралады:

Болмаса басыма да бармас па екен?
Атымды аузына да алмас па екен?
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған
Молама көз қырын да салмас па екен?

Аруақты ағаның сөзіне құлақ аспасақ, біздің кім болғанмыз?

ЕКІНШІ БӨЛІМ

**САҒЫНДЫРҒАН
СҰЛУ ЖЫР**

МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫН ЗЕРТТЕУ БАРЫСЫ

Мағжан Жұмабаевтың шығармагерлігі, ақындығы бұған дейін социалистік реализм шеңберінде әр түрлі бағаланып келді.

Тұрпайы социологизм тарапынан ақын өлеңдері түп-түгел мансұқ етілді. Жиырмасыншы жылдардың жетекші сыншыларының бірі Ғаббас Тоғжанов «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы» (Мәскеу, 1926 жыл), «Әдебиет және сын мәселелері» (Қызылорда, 1929 жыл) атты кітаптарында Мағжанға ұлтшыл, «қазақ ұлтын қорғау жолында болды» деп кінә тағып, ел-жұртын сүйшілікті саяси қылмыс бабына жатқызды. Жаңа, советтік дәуірдің жыршысы Сәбит Мұқанов ақындығы жағынан Мағжан Жұмабаевты Абаймен бір қатарға қойса да, солақай саяси науқаншылардың сойылын соқты. Бұл жөніндегі Сәбең көзқарасының жиынтығын «Мұқанұлы Сәбит. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім. (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі. 1932 жыл)» кітабынан оқимыз.

Бір жақсысы, заман бір орында тұра бермейді ғой. Өзгереді, түлейді, жаңарады. Сол заңдылық большевизмнің басына да түсті. Ақынды мәңгі құрдымға жібергендей болған әкімшіл-әміршіл жүйенің өзінің мойны астынан келді. Қазақ поэзиясы аспанында Мағжан жұлдызы қайта жарқырады. Елжіреген ел-жұрты сағындырған сұлу жырды қайта кеудесіне басты.

Әдебиеттану, сын өлкесінің зерттеушілері ойда жоқта ашылған таңғажайып поэзия айдынына құлаш ұрды. Мағжан шығармаларын идеялық-эстетикалық жағынан талдауға, оған ғылыми объективтік әділ бағасын беруге барын салды. Араға жетпіс алты жыл салып барып, ақынның өлеңдер жинағы шығарылып, халық қолына асыл қазынасы қайта тиді. Сол жиырмасыншы жылда-

ры Мағжан ақындығын терең танып, шын пейілден биік те лайықты бағасын берген маңдайалды қаламгер жазушылар Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтердің қабырғалы сыни ой-пікірлеріне сүйене отырып, қазақ әдебиеттану ғылымында мағжантану атты саланың іргетасы қалана бастады. Әрине, мағжантануға ақынға байланысты барлық еңбектер енгізілуі тиіс. Бұл арада мәселе Жүсекең мен Мұханның Мағжан туралы ой сілемдерінің қайта құрылыстан бергі дәуір пікірлерімен іштей орайластығы туралы болып отыр. Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжан ақындығы туралы» еңбегінің («Қазақ әдебиеті» газеті, 1989, 20 қаңтар), Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің «Абайдан соңғы ақындар» («Қазақ әдебиеті» газеті, 1989, 10 тамыз), Мұхтар Әуезовтің «Мағжанды сүйемін» («Қазақ әдебиеті» газеті, 1988, 23 желтоқсан) мақалаларын бүгінгі уақыттың сарабына салғанда, ұрда-жық еңбектердей емес, салмақты, дәлелді әсер қалдырады. Бұлардың Мағжан Жұмабаевтың өмірі және шығармагерлігі туралы әдебиеттің басын құрауға зор ықпалы тиіп отыр.

Мағжан толық ақталғаннан бері, ақын туралы ірілі-уақты бірсыпыра еңбектер жазылды. Бұл еңбектердің авторлары қатарында ақын-жазушылардан Әбділдә Тәжібаев (М. Жұмабаев «Шығармаларына» кіріспе 1989), Сайфи Құдаш («Қазақ әдебиеті» газеті, 1988, 23 желтоқсан), Мұзафар Әлімбаев («Ленин туы» газеті, 1991, 21—23 мамыр), Қадыр Мырзалиев («Қазақ әдебиеті» газеті, 1989, 28 сәуір), Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази («Қазақ әдебиеті» газеті, 1990, 13 сәуір) бар. Осы уақытта зерттеушілер Мүсілім Базарбаев («Қазақ әдебиеті» газеті, 1990, 13 сәуір), Рымғали Нұрғалиев («Қазақстан коммунисті» журналы, 1989, № 5), Рахманқұл Бердібаев («Ленин туы» газеті, 2, 5, қыркүйек), Тұрсынбек Кәкішев («Қазақ әдебиеті» газеті, 1990, наурыз), Қайым Мұхаметқанов («Семей таңы» газеті, 1989, 12 қаңтар), Серік Негімов («Қазақстан мұғалімі» журналы, 1989, 13 қаңтар) және осы жолдардың авторы (Жана жолдан. С новой строки) кітабы мен «Мағжан Жұмабаев» кітапшалары, 1989, 1990, 1991) т. б. ақын туралы баяндамалар жасады, мақалалар жазды.

Аталған әдебиетші, ғалымдар еңбектерінде мағжантану ғылымының қаңқасы негізінен түзілгендей. Негізінен дейтініміз — істелетін жұмыс әлі сан алуан. Өмірбаянына байланысты құжат тапшы. Мағжан өскен әдеби

ортаның көп тұстары күңгірт. Әдебиетіміздегі «ақтаңдақтар» жайлы айтыс сирек өткізіледі. Өз эстетикалық байлығымызды қорыту жағы жетіспейді. Оның үстіне қайта құрыла бастаған алғашқы жылдарда социалистік реализм әдісінің үстемдігі бұрынғысындай болмаса да, әлі сақталып келгендіктен, Мағжанға тағылып жүрген ауыр кінәлердің сүбелі бөлегі күшінде қалды.

Енді жағдай мүлде өзгерді. Сыншы, зерттеушілерден идеологиялық шідер алынды. «Алай десем қалай болар екен, жоқ аш-құлақтан тиыш құлақ, былай дейін» деп қипақтап, көкірегіндегі шынын шығара алмай, ойына келген сөзін қайта жұтып, ақыры Мәскеу түзіп берген қисындарды сағызша шайнайтын халден құтылды. Ендігі міндет — қазақтың өзінің тәуелсіз, объективті, ақиқатқа суарылған ғылымын жасауда болса керек. Бұл міндетті атқару, сөз жоқ, үлкен жауапкершілік жүктейді. Бір ғана ақтаңдақ проблемасын алып көріңіз. Көп ізденіп, көп зерттеуді қажет ететін іс. Азаттық алғанның жөні осы деп, атүсті пайымдаулардан, асығып-аптығудан сақтануымыз керек. Бір кезде шындық атаулының үстіне төгілген күл-көнді аршуды былай қойғанда, күресін астынан қазылып алынған материал барынша ыждағатты, ұқыпты тексеруді тілейді. Мәселен, Мағжанға байланысты материалдан біздің қолымыздағысы ақынның толық емес мұрасынан өзге, КГБ архиві ғана. Жоғарыда ол жайында айтылды. Өткен тарихымызды зиялы қауым тізе қоса отырып, қалпына келтіруіміз керек. Мұндайда пікір алысудың да маңызы зор. Осы ретте мен «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған бір мақаламды толық келтіруді жөн көремін.

КҮЗЕУ ДЕ, ТҮЗЕУ ДЕ ҚАЖЕТСІЗ

«Қазақ әдебиеті» газетінде соңғы уақытта «ақтаңдақ» аталып, енді ақталған қазақ зиялыларының, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің белді қайраткерлерінің мұрасын игеру, шығармаларын жариялағанда тексіне мұқият болу, сөздерін бұрмаламай, кесіп-жонбай қаз-қалпында жариялау жөнінде ащылы-тұщылы мақалалар төбе көрсетіп жүр. Бұған құба-құп демейтін жан табылмас. Текстану — бүгіндер әдебиеттану ғылымының үлкен саласы. Мысалға, орыс филологиясы өзінің өлеңтануын қандай мақтаныш етсе, бұл саладағы жетістікте-

рін сондай мақтаныш тұтады. Текстану бойынша талай-талай кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып жатады. Біздің ондайға әлі қолымыз жете қойған жоқ. Ал істелер іс көлемі ұшан-теңіз. Тіпті Адай тексінді өзі әлі түбегейлі анықталып бітпегенін айтса да жеткілікті. Таяуда М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану бөлімі филология ғылымының докторы М. Мырзахметовтың басқаруымен Мүрсейіт қолжазбаларын қайта тексеріп, ақынның туғанына жүз елу жыл толуы қарсаңында оның творчествосының ғылыми негізделген тексін жасауды жоспарға алғаны осы себептен.

Текстану жүйесін жетілдіре беру міндет. Мұның мәнісі— күзелген шумақ я жоғалған жол іздестіруде ғана емес. Әңгіме бұл істі ғылыми жоғары өреге көтеруде. Әсіресе мұндай істе қажетті ғылыми ыждағаттылық, дәлелділік керек. Қалайда субъективтік мінезге берілмей, айтайын деген пікірінді байыптылықпен негіздеуге не жетсін. Бізде осы жағы, амал қанша, көбінесе ақсап жатады. Соның бір дәлелі — «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген (11 қаңтар, 1991 жыл) Хамза Абдуллиннің «Несіне қауіптенеміз?» атты мақаласы.

Х. Абдуллин мақаласы екі ұшты әсер қалдырады. Әу дегенде, қандай пікір қозғайды екен деп дәмеленіп қаласың. Бірақ оқыған сайын көңіліне дүдәмәл кіріп, автордың тиіспейтін адамы қалмаған соң, әлдебіреулерден ала алмай жүрген есесі бар ма деген ой келеді. Ол өзін-өзі көтермелеп, басқа біреулерді тұқыртыңқырап, мен білем, өзгең біліп жарытпайсың дегенді үстемелей береді. Сөйте отырып, алған тақырыбынан шығып кеткенін байқамай қалады. Негізгі әңгімені доғара тұрып, Мағжанның ақталуы, ақын шығармаларындағы творчестволық әдіс мәселелеріне дейін кетеді. Оның үстіне ашу шақырып, күйдіріп-жандырып бітеді. Сонсоң көзінді бакырайтып қойып, оңды-сол, солды-оң деуден тайсалмайды. Шындықтың белін басып өте шығады.

Х. Абдуллин мақаласында көтерілген, М. Жұмабаевтың қалай ақталғандығы туралы мәселені алып көріңіз.

Соңғы жылдары әдебиеттануға жаңа тарау кірді. Аты — мағжантану. Оны зерттеуде ілкі қадам жасалды. Қиындық көп. Тіпті Мағжанның өмір жолы мен творчествосына материалдың өзін жинау оңайға соғып отырған жоқ. Тиісті құжат табыла бермейді. Республикадағы архивтердің қоймасы бұл жөнінен жылан жалағандай.

Осы жағдайды пайдаланып, кейбіреулер Мағжан төңірегінде әр түрлі лақап таратуға тырысады. Тағы да біреулер «Күріш арқылы күрмек су ішедінің» керін келтіріп, Мағжан арқасында өздерін қомпайтып көрсетуден именбейді. Үй артында кісі бар демейді. Мәселен, Х. Абдуллин мақаласында:

«Осыдан 29 жыл бұрын қазақ жырының дүлдүлі жайында (М. Жұмабаевты айтады.— Ш. Е.) Мәскеуге өтініш жазып, ақтау қағазын қолыма алған мен едім»,— деп төтесінен қойып қалады.

Ау, Хамзеке, сіз осыдан 29 жыл бұрын ақтау қағазын қолыма алған едім дейсіз. Мұныңыз ары кетсе, 1962 жыл ғой. Сонда бұл қай қағаз? Егер сіз ақтау қағазы деп, Түрікстан Әскери округы әскери трибуналы председателі, заң генерал-майоры Приймак жолдастың атынан: «Мағжан Бекенұлы Жұмабаев жөніндегі 1938 жылғы 11 ақпандағы үкім бұзылды, ақын ақталды», деп жазылған «справканы» айтып отырсаңыз, бұл құжат 1960 жылғы 13 шілдеде жазылды емес пе? Яғни ол қағаз сіз көрсеткен мезгілден аттай екі жыл бұрын жасалды. «Справкаға» сіздің еш қатысыңыз жоқ. Мағжан ісінің дәл сол жолы қайта қаралуына мұрындық болған басқа адам. Ол — Мағжанның құдай қосқан жұбайы Зылиха Жұмабаева.

Мұның өзі түсінікті де. Сол кездің жағдайында ақтау жайындағы арызды тек репрессияға ұшыраған кісінің туған-туысқандары ғана жазуға құқылы болатын. Сондықтан М. Жұмабаев ісінің 1960 жылы қайта қаралуына байланысты НКВД, прокуратура, сот материалдары арасында Зылиха апайдың 1959 жылғы шілде-желтоқсан аралығында Н. С. Хрущев атына жолдаған екі хатының жүруі табиғи нәрсе. Екеуінің де көшірмесі менің қолымда. Басқа хатты ұшыратпадым. Демек, Мәскеуге өтініш жазып, ақтау қағазын қолыма алған «мен едімді» Х. Абдуллин емес, Зылиха Жұмабаева айтуы тиіс.

Х. Абдуллиннің мақаласында ортамызға оралған алыптардың шығармаларын халыққа таныту, жариялау, насихаттау саласында істелген істі мансұқтау ниеті де қарсылық сезімін туғызбай қоймайды. Мақала авторының мына сөздеріне зер салып көріңізші:

1988 жылғы 28 желтоқсандағы «Қазақ әдебиеті» газетінің әдебиетіміздің үш алыбына арналған санының сегіз беті Мағжанға бағышталды. Қазақ қауымының қуанышы қойнына сыймай, сұлу сөздің пайғамбарын

ұңғыттана (?) оқи бастады. Оқи бастады да, үміті су сепкендей басылды...»

Бұл басылымда, кейін «Жазушы» баспасы 1989 жылы жарыққа шығарған «Мағжан Жұмабаев. Шығармалары» кітабында кемшілік жетерлік. Ақынның бірқыдыру өлеңі күзеліп шыққаны рас. Тексті бұрмалау да ұшырасады. Басқа да олқылықтар баршылық. Бұл үшін өз тарапымыздан жіберілген ағаттықтарды мойындай отырып, мынаны да ескеруіміз керек. Ойланып көрелікші, осыдан 60-70 жыл бұрын әдебиеттен, жалпы тарихымыздан аты өшірілген жандардың қолынан туған рухани дүниені оқушы қолына тигізбекке ниеттенген асығыс-аптығыста еш мінсіз қалпына келтіре қою оңай ма? Кітап баспаға әзірленіп жатқан кезде идеологиялық догматтардың шенгелінен әлі босана қоймағанымызды неге есепке алмаймыз? Меніңше, қарбалас үстінде кемшілік жіберілсе, айқай-шусыз, біреулерді кемітіп-мұқатпай-ақ түзетуіміз керек. Оқушы қауымды басқа басылымдардан таныстыруда жеделдік көрсеткен «Қазақ әдебиеті» редакциясы ұжымына ілтифатымызды білдіре кетсек те, еш артықтығы жоқ.

Абдуллиннің біраздан бері күресінге тасталған дәстүрді қайта қопарып, өз ой-сезімін бүкіл «қазақ қауымына» таңуға тырысатыны да оншама келісе бермейді. «Пәленбай қарармен» жігерленген совет халқы» деп, әр журналистің бүкіл ел атынан сөйлейтін бір кездегі машығына еліктегені ме, Х. Абдуллин «қазақ қауымының... үміті су сепкендей басылды» деп тұжыра сілтеп, барша ел-жұрттың атынан өкілдік алғандай сөйлейді.

Зылиха апайға Мағжанның жоғарыда аталған «Шығармаларын» апарып сыйлағанда, ол кісі кітапты төсіне басып, мұқабасын сүйіпті. Кемшілігі қаншама көзге ұрып тұрса да, не қазына-мүліктен қымбат Мағжан кітабы үйіміздің төрінен орын алып тұр. Қашан қолыңа алсаң да көзге ыстық көрінеді. Ендеше, кезінде барын салып, Мағжан кітабын «молниямен» шапшаң шығарған баспагерлер мен полиграфистерге жылы лебіз білдіре кетсек, бірдеңеміз кеміп қала ма?

Біраз уақыттан бері Қазақ КСР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қазақ совет әдебиеті бөлімі филология ғылымының докторы М. Базарбаевтың басшылығымен ақын шығармаларының жаңа, кеңейтілген басылымын әзірлеп жа-

тыр. Тапқан кемшілік болса, жаңа идеялар туса, сол бөлімге қолғабыс етейік дегім келер еді.

Сотталып кетем деп қорықпай, талай жылдардан бері Мағжан мұрасын тірнектеп жүріп жинаған Закария Ілиясовты Х. Абдуллин: «Араб әрпінен жазылған дүниелерді оқи алмайды» деп іліп кетеді. Одан институттың Абайтану бөліміндегі ғылыми қызметкерлерге тиіседі, көптеген ақын-жазушылардың мұрасын зерттеуге үлес қосып жүрген филология ғылымының кандидаты Сәрсенбі Дәуітовты «он сегіз үтір, үш сызықша» қалдырып қойдың деп жазғырады.

Х. Абдуллин мақаласында баспаның авторлық құқына қол сұққанын ширыға жазады. Ол Мағжан «Шығармаларындағы» «Өмірбаян» атты мақаланың авторы екен. Баспа редакторы онымен келіспей, біраз түзеулер енгізіп, автор ойын бұрмалаған көрінеді. Сөйте тұра, ол өзі Мағжан тексіне түзеу енгізеді. Мен өз басым сол Х. Абдуллин енгізген түзеулердің бірсыпырасына күмәндімін. Бір ғана мысал. Ол Есенғали Раушановты «Май келді» деген сөзді «май кірді» деп өзгерткен деп кінәлапты. Мен Мағжанның «Шолпан» (1912) және «Өлеңдер» (1923) жинағындағы «Жазғытұры» өлеңін тағы бір рет мұқият қарап шықтым. Есенғалидың өзгерткен ештеңесі жоқ. Түпнұсқада қалай болса, солай алған. Екі жинақтың екеуінде де:

Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
Жібектей көкорайлар жатқан жайрап,—

делінген. Мағжан Қазанда шыққан «Шолпан» жинағынан қате кетсе, осы екі жолда ойы бұрмаланса, оны Ташкенде шыққан «Өлеңдерінде» түзетпес пе еді? Өйтпеген. Бірақ осыған қарамастан, «Шығармаларда» Мағжан тексі өзгеріп шыға келген, яки Мағжанға мынадай түзеу енгізілген:

Май келді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
Жібектей көкорайлар жатқан жайнап,—

делінген. Шынында, Мағжанды түзету керек пе еді? Мемніңше, керегі жоқ. «Келді» деген сөзді «кірдінің» орнына қолданғанда текст не ұтады? Ақын қазақтың «жан кірді», «жылу кірді» деген сөз тіркесін еске ала отырып, «май кірді» деген жаңа контекст құрайды. Бұрыннан үйреншікті тіркесті қолданудан қашады. «Жайрап» деген сөз жайында да осыны айтар едік. Ақын ұйқасының

берекесін кетіріп, «жайнап» деген сөзді бірінен соң бірі келетін қатар екі жолдың соңында қайталап, Мағжанды түзейді. Сонда алып тасталған «жайрап» сөзінің жазығы неде? Қазақ «жайрау» сөзін әлдене зат шашылып жатқанда қолданады. «Жауын жайратты» деген тіркесте кезігеді. Сойылған малды көріп, буы бұрқырап жайрап жатыр екен деседі. Осы тіркестерге сүйеніп, Мағжан ақын творчестволық контекст түзген. Қиыннан қиыстыру дегеніміз осы. Көкорайдың жайнап жатқаны құлаққа үйреншікті, ал жайрап жатуы тауып кеткендік. Ақындық олжа. Меніңше, Мағжан «жібектей көкорайлар жатқан жайрап» дегенде, көкорай шалғынның шалғы ораққа түскен жайын суреттеген.

Қалай болғанда да, Мағжан тексіне түзету енгізудің, өзі қалаған қисынын бұзудың еш қажеті жоқ. Мағжан Жұмабаев — қазақтың жер басып жүрген қай ұрпағы алдында да өлеңінің қалай құйылғаны үшін өзі жауап бере алатын ақын.

Бір уақ Мағжанды «эпикалық ақын еді» деп айтты деп мені сынапты. Ау, Хамеке, сынайды екенсіз алдымен кінә артқалы отырған адамның сөзін бұрмаламай толық келтірмейсіз бе? «Социалистік Қазақстан» газетінде 1989 жылы 31 желтоқсанда менің «Сағындырған сұлу жыр» деген мақалам жарияланғаны рас. Ақын туралы алғашқы мақалалардың бірі болғандықтан, кемшілігі көп болуы. Бірақ сіз айтып отырғандай, Мағжан поэмалары «эпикалық поэмалар» деген сөз айтылмап еді ғой. Менің жазғаным мынау: «М. Жұмабаев — интимдік лириканың шебері. Бірақ сонымен бірге ол эпикалық құлашы кең ақын еді».

Мен мақаламда Мағжан поэмаларына жанрлық анықтама берген жоқпын. Әдейі істедім. Ақын поэзиясының жанрлық-стильдік ерекшеліктерін зерттеуге ол кезде уақыт тапшылық етті. Мақалада ақынның екі поэмасы сөз етілген. Бұл екеуі жайлы былай деппін: «Оқжетпестің қиясында» поэмасы жазылғанда хан Кене ұлт-азаттығы қозғалысы басшыларының бірі есептелетін «Батыр Баяндағы» Абылай — күшті характер».

Мағжан — эпикалық құлашы кең ақын десек, бұл өзге әңгіме. Мен бұл қорытындыны Мағжанның «Батыр Баян» іспетті поэмаларындағы жеке адам тағдырының ұлт тағдырымен жанасатындығын еске алып отырып жасадым. Әлі де сол көзқарастамын. Бұл арада ойды онан әрі жалғастыруға орын тар. Схемалық түрде Мағ-

жан поэзиясы, менің пікірімше, ағартушы реализм, сыншыл реализм, романтизм (символизм), реализм, жаңа заман әуеніне көшу сатыларын өткерген. Бұл жайында кеңірек жазармын деген ойдамын.

Х. Абдуллиннің жанр ерекшелігін белгілейтін мәнеріне таң қалдым. Оған сенсек, «...Мағжан өзінің поэмаларында бас кейіпкерінің өмірін бастан-аяқ суреттеп жатпайды, тек бір, екі-үш күндік, болмаса, екі-үш жұмалық қана сәтін дастанның өзегі етеді. Мұндай әдісті әдебиет теориясында «романтикалық дәстүр», ал осы дәстүрде жазылған поэманы — «романтикалық поэма» дейді». Өмірде не болмайды дегендей, о заманда бұл заман жанрды цифрмен анықтайтын әдебиет теориясы да болады екен...

Біз білетін әдебиет теориясы жанрды, жалпы жазушының творчестволық әдісін өмірді бейнелеу тәсіліне қарап анықтаушы еді. Мәселен, В. Белинский: «Романтический тип творчества прежде всего характеризуется тенденцией к пересозданию действительности» «по собственному идеалу» ...Этим он отличается от реализма, который при всей активности отношения писателя к действительности сохраняет конкретность, объективность в изображении жизненного процесса» — деген. Бұл қағиданың арифметикалық көзқараспен, жанр табиғатын кейіпкер өмірінің шығармада неше күн қамтылуын шотқа қағып, анықтаумен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Өзім білемдікке салынған Х. Абдуллин кезінде «Қазақ әдебиеті» газеті үшін бет әзірлеуге қатысқан Ұлжан Мүсілімоваға, Зылиха апайдың бауырына салып алған немересіне қиғаш келеді. «Гүлсім» өлеңінің үшінші шумағынан кейін әрбір шумақты екі жолдан, үш жолдан бөлшектеп тастаған» деп кінәлайды. Не себепті бөлшектеуге болмайтынын дәлелдеп жатпайды. Бар ақиқат билігі өз қолында.

Меніңше, Х. Абдуллин мақаласы Мағжан тексін желеу ете отырып, әлдебіреулерде кеткен кегін қайтармақ ниетте жазылған сияқты. Және бұлайша етуі оның бір бұл емес.

Хамеке, кешірерсіз, мен сіздің Мағжанды жан-тәні-нізбен сыйлайтыныңызға көзім жете бермейді. Кеудесі жақсылардың алтын сандық дейді ғой. Әр адамның ішкі сыры, қасиетті әлемі болады. Оған бөтен біреулердің қол сұғуына жол жоқ. Сондай бір әлем — махаббат сезімі. Өзіңіз білесіз, махаббат сезімін қорласа, сүйген жа-

рын мазақ етсе, ер жігіт атаулы намысын жібермейтінін. Ал сіз қайттіңіз? Мағжанның сүйген жары, жұбайы Зылиха апайдың намысына тиетін сөз жүгірттіңіз. Қорламасаңыз, Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде 1989 жылғы қаңтарда Зылиха апай туралы «Ол Мағжанға шыққан кезде «егде әйел» еді, Мағжанды «ұрлап» әкетті, ақынның бар бақытсыздығы осы оқиғадан басталды», деп жазар ма едіңіз? Оқушыға түсінікті болуы үшін мақалаңыздың Зылиха апайға қатысты тұсын толық келтірейік.

«...Бекен баласына Қызылжар қаласының ауқатты тұрғыны Қуанышпаевтың Жәмила атты қызын айттырады. Жәмила мен ақынды қосақтаған тамаша ыстық махаббат та сәтсіз аяқталды. Қыз бен Мағжанды ауылға апарып, той жасау үшін ауылға алты пар атпен келген ақынның туыстары сандарын соғып, сандалып, қаладағы құдаларының алдында үлкен ұятқа батты — үш күн, үш түн іздеп өзінің жездесі Жақияның үйінде тұратын Мағжанды бүкіл Қызылжар болып тіке көтеріліп іздеп, таба алмай қойды. Тек бірнеше күн өткен соң ғана Қызылжар қаласының атақты милиционері елуден асқан Хасан дейтін башқұрттың Зылиха деген жесір де егде әйелі Мағжанды «ұрлап» алып кеткендігі әлемгі әйгілі болды...

Міне, ұлы ақынның бір соққыдан бір соққыға ұшыраған бақытсыз болашағы, өстіп 1922 жылдың апрель айынан басталды...»

Мұндайды не дейміз? Осы сөздерді Мағжанға достық пиғылмен айтылды деуге бола ма? Ол кез Мағжанның отыздарды иектеп қалған кезі. Албырт шағы емес, ақылы әбден тоқтаған уақыты. Сондай адамды жас әйел қалай «ұрлап» әкетпек? Ал ақиқаты керек болса, Мағжан Зылиханы албырт, бозбала кезінен-ақ сүйген. Бұл жайында ақынның немере інісі Ғадылша Қаһарманов «Қазақ әдебиеті» газетінде (4 қаңтар, 1991 жыл) шыққан «Мағжанның махаббаты» атты естелігінде дәлелді әңгімелеп берді.

Бұлжымас ақиқат сол,— Мағжан мен Зылиханың кіршіксіз махаббаты күн сәулесі мол төгілген ашық күндерде ғана емес, бастарын қара бұлт торлаған ұзақ жылдар бойы нелер қиын сынақтан өткен, маздай түспесе еш суынбаған, әлемде сирек кездесетін махаббат. Сынау Соловкиға, қазақтарша итжеккенге Зылиха апай он төрт рет барып қайтты. Мәскеуде Горькийге жолы-

ғып, сүйген жарын босаттырып алды. Осы ерліктері үшін-ақ, Мағжанды қадір тұтатын жан Зылиха апай алдында тізе бүгіп, бас июге тиісті емес пе? Ал мұның орнына Х. Абдуллин Мағжанның басына түскен бар ауыртпалықты Зылиха жарынан көреді: Сталин заманын Зылиха апай ойлап тапқандай.

Алып ағаларымыздың ақталуын нешеме жыл сарғая күттік, олар қалдырған қазына халық игілігіне қашан айналады деп армандадық. Сол арман орындалғанда, ендігі жауапкершілік салмағы бүгінгі ұрпаққа түседі. Міндет — қайтарылған қазына-мүлікті шетінетпей түгел жинап алуда. Қателесті, өйтті-бүйтті деген сылтаумен ағалардың мұрасын күзеу-түзеуді қоятын мезгіл жеткен болуға керек.

* * *

Мағжан жөнінде бұрын-соңды жазылып жүрген мақала, зерттеу, эсселердің бірқыдыруы «Бес арыс» жинағында (1992) жарық көрді. Бұлардың ішінде Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» көлемді мақаласы, ақын шығармагерлігі жайлы М. Әуезов, Б. Қожанұлының пікірлері, Мағжан жайынан С. Құдаш, Б. Кенжебаев, Ғ Қаһарманов естеліктері т. б. бар.

Мағжан Жұмабаевтың шет елдерде шыққан шығармаларынан әзірше қолымызға түскені «Түркістандағы түрікшілік және халықшылық» атты кітапшаның екінші бөлімі (Истанбул, 1954). Мұнда жалпы Түркістан аймағы әдебиетіне қысқаша шолу жасалған. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай еңбектері атап өтіледі. Кітапшада Мағжанның атақты «Түркістан», «Күнбатыс» («Пайғамбар»), «Күншығыс», «Ақсақ темір сөзі», «Жауға түскен жанға», «Тұтқын» өлеңдері басылған.

* * *

Мағжан өмірбаянының біз үшін көп-көп бұлдыр тұстарын анықтауда ақынның немере інісі, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұзақ жылдар бойы оқу-ағарту саласында жемісті еңбек істеген Ғадылша Қаһарманов ақсақал айтарлықтай қару тигізуде. Соңғы жылдары Ғадекең балалық шағында өзінің Мағжанмен бірге болған қымбат сәттерін, туған-туысқандарының, жақын-жақпайларының, басқа да ақынмен кездескен, жолыққан кісілердің айтқандарынан әжептәуір материал құрастырып, өн-

діре жазып жүр. Бір ғана «Көкшетау» газетіне оның «Әр сөзі жадымызда қалғаны анық» (1989, қыркүйек, № 174), «Мағжан аруағына арналды» (1991, сәуір, № 74), «Ер тілегі көл-көсір» (1991, № 205), «Ақынды сүйген қыз» (1992, мамыр, № 81), «Мағадандағы Мағжанға ескерткіш» (1992, шілде, № 117), «Өнегесі мол өмір» (1992, қыркүйек, № 145) атты мақалалары жариялады.

Ғадекеннің «Ұлы өмірбаянда ұсақ-түйек болмайды» («Ана тілі», 1992, № 24), «Ақынның абыройы өссін десек» («Ленин туы», 1991, сәуір № 77), «Ақын аруағына адалдық» («Орталық Қазақстан, 1991, № 102) деген еңбектері енді-енді басы құрала бастаған мағжантануға байыпты шолу іспетті.

* * *

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтардың ісін қайта қарауды тапсырған комиссиясы төрағасының орынбасары кезім. Ол тұстағы тәртіпке сәйкес мұндай комиссия өз жұмысының қорытындысы бойынша тиісті материал түсіреді. Оны идеологиялық аппарат қарап тексереді де, Орталық Комитет бюросына ұсыныс енгізеді.

Комиссия жұмысы қиындықсыз өтті дей алмаймын. Басты қиындық аяулы ағаларымыздың заң жағынан да, идеологиялық жағынан да толық ақталуының тиімді жолдарын қарастыруда еді. «Тиімді» дейтінім — ол уақыт тоталитарлық жүйенің әлі толық күшінде тұрған уақыты. Материал әзірлегенде бұл жағдайды елемей мүлде мүмкін емес-ті.

Республика прокурорына М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты атынан істің мән-жайын айтып ресми қағаз түсіруім керек екен. Оны атқардық. Бірақ сот біз күткен шешім алған күннің өзінде материал әзірлеуші сотталып-атылып кеткен ақын-жазушылардың үстінен қозғалған істі өздері де егжей-тегжейлі тексеріп білуі тиіс еді. Бұл қажеттілік бірнеше жағдайдан туды. Мәселен, Мағжанның үстінен жүргізілген іс, сот үкімі 1960 жылы бұзылып, ақынның жазықсыз атылғанын куәләндіріп қағаз да берді. Бірақ Мағжан қараланған күйі қалып қойды. Ақын шығармалары бұрынғысынша «спецхран» дейтін кітап Гулагында кілттеулі жатты.

Мағжан ісімен, басқа да ағалардың ісімен танысу қажеттілігі Шәкәрімді ақтау жолындағы арпалыста алған сабағымызға байланысты болатын. Республика Қауіпсіздік комитеті барынша қарсыласып бақты. Жетпістің үстіне шығып кеткен Шәкәрімге бандиттерді басқарған деген отызыншы жылдардың қауесетін таңып бақты. Жеме-жемге келгенде, ҚГБ төрағасы генерал Мирошникке біз айтқан дәлел: Шәкәрім сотталды ма? Сотталған жоқ. Ендеше оған қандай бір айып тағуға қақыларыңыз жоқ. Бұл — заңға томпақ, — деп өжектеймін баяғы. Сотталмаған, үкім шықпаған іс бойынша адамға айып тағуға сол кезде түкірігі жерге түспей тұрған ҚГБ-нің де шамасы келмейді екен. Ақыры Мирошниктің аузына құм құйылып, Шәкәрім ақталды...

ҚГБ архивімен қалайда танысуға материал тапшылығы және итермеледі. Мәселен, күні бүгінге дейін Мағжан Жұмабаевтың өмірбаяны бойынша құжат жоқтың қасы. Облыстық, республикалық архивтерден асыл ағалар туралы еш мәлімет таба алмайсың. Тым құрса жауаптарын қарайын десең, ҚГБ маңына жолатар емес. Енді қайтпекпіз деп дағдарғанда, тілеуің бергір, республика Прокуроры Ғалым Елемісов ҚГБ-дан архивті алдыртып, сонымен прокуратура кеңсесінде танысқан соң барып, талай жайларға қанық болдық. Материал он шақты том екен. Солардың негізгілерін, ұрымтал тұстарын көшіріп, жинақтап дегендей, дәптеріме қотарып алдым. Басында бұларды сол күйінде, шағын түсініктемелермен жариялағым келді. Бір ойым өйтпеуге қосты. Ақыры осы соңғы ойға тоқталдым. Оған себеп — қандай құжат болсын ішінде өтірік-шыны аралас жүреді. Оны қайсыбіреулерге ұқсап бітеудей жұта берсең, ақиқаттан алшақтайтының сөзсіз. Ал ҚГБ архивіне жеті өлшеп, бір кесудің өзі аздық етпей ме?

Бұған өз басым анық көзім жетті. НКВД тергеушісі тек жендет қана емес, мифолог. «Өтірікті шындай, ақсақты тыңдай» етуге келгенде сабаздарың алдына жан салмайды екен. Қайбір қияли фантаст жазушылар оларға ілесе алмас деймін. Өздері бастарынан шығарға мифке «соавтор» етіп айыпкерлерін қосып отырған. Әрине, «Аюға намаз үйреткен таяқ» дейтін принцип бойынша. Сондықтан ҚГБ архивіндегі тергеушілер қолымен жазылған қағаздар тұрсын, айыпкерлердің жазып бергендеріне де сын көзбен қарауға тура келеді. Айталық, Мағжан «жапон шпионымын» деп әдемі жазуымен тө-

гілдіріп тастаған. Бірақ есі дұрыс адам бұл қағаздың қандай жағдайда туғанын түсінбес пе? Әлбетте, түсінеді.

Міне, сондықтан да КГБ архивінің материалын елеп-екшеп барып қана пайдалану ұйғарылды. Алайда уақыт оза, КГБ архивін жариялайтын күн туды. Оған жазушы Дүкенбай Досжановтың — «Абақты» («Қазақстан» баспасы, 1992 жыл) кітабы куә. Кітап шама-шарқынша түсініктемелер бере отырып, сөзді негізінен «сарғайған архивтің өзіне» береді. Ондай тәсіл бар. Әсіресе тарихшылар жиі колданады. Ал КГБ архивіне келсек, мұның мәнісі өзгеше. Кітапты оқып шыққанда, жаңағы тәсілдің артықшылығы да, кемшілігі де айрықша сезіледі. Артықшылығы — сенсация секілді бірден баурап әкетеді. Оның бер жағында зерттеушілерге септігін тигізуі. Кемшілігі — жоғарыда айтылғанға, яғни КГБ архивінің ерекшеліктеріне байланысты. Мифология мен шындықтың арасын айырып алу өткен-кеткеннің ұңғыл-шұңғылына өте-мөте қарақты тарихшылардың қолы дер едім. Д. Досжанов кітабы турасында да олар пікірін айтып, ортаға салса құба-құп. Өйткені кітапта келтірілген көп мағлұматтарға қосымша түсінік қажет. Кейбіреуі тіпті ай жарықта адастырып кететіндей. Мысалы, кітап авторының мына бір тұжырымыдарына көз жіберелік.

«Қазақтың көзі ашық оқығандары,— деп жазады Д. Досжанов,— ғасырдың басынан-ақ өз ұлтының мүлдем жойылып кетуін, басқа ірі ұлттардың жұтып қою қаупін алдын ала сезіп, өз алдына жеке мемлекет (?) болып отыруды көздеп түрлі шаралар іздей бастаған. Соның нәтижесінде 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда болған бүкілқазақ съезінде «Алаш партиясы» саяси жағынан ресми түрде құрылып (?), өзінше басшы кісілерін сайлады. Ал 1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен бүкілқазақтық 2-съезде қазақ елі өз алдына «Алашорда» автономиясы болып жарияланды (9). Басшылары — Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Омаров, М. Шоқаев, Х. Ғаббасов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Т. Тынышбаев, тағы басқалар (54—55-беттер)».

Мен осы бір ғана абзац ішіндегі дүдәмәл жерлерге сұрақ қойып отырдым. Оның мәнісі мынау.

Бірінші, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары қазақ елінің болашақта «өз алдына жеке мемлекет» болуын армандаса, армандаған шығар. Бірақ Қазақстан-

ның сол тұстағы нақтылы жағдайында, яғни 1917 жылы олар Ресей федерациясы құрамында қазақ автономиясын құруды көкседі. Ал мұндай автономия өз алдына дербес мемлекет бола алмайтыны түсінікті.

Екінші, 1917 жылы шілдеде Алаш партиясы құрылған жоқ. Тек сондай партия құру мәселесі ғана қаралып, съезде сол партияның бағдарламасын жасау Бүкіл-ресейлік мұсылмандар съезінде қатысатын қазақ делегаттарына тапсырылғанды, бірақ одан еш нәрсе өнбегенін, ақыры бағдарламаны Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов пен Елдес Омаров жазып, «Қазақ» газетінің 1917 жылғы қараша айындағы бір санында жарық көргенін жоғарыда айтқанбыз. Жалпы Алаш партиясының бірде-бір съезі өткен емес. Өз басым ондай материалды кезіктіре алмадым. Кезіктіргендер болса, жазсын. Әйтпесе 1929 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауаптарында Міржақып: «Алаш партиясының жарғысын бекіткен съезд болған емес» десе, Мағжан: «Алашты» саяси партия деп санаған емеспін. Тек қана «Алашорда үкіметі болды» деп турасын айтады. Жоғарыда тергеушіге айыпкер кейде шындықты айтпауға мүмкін не тергеушінің қысымымен жалған қол қою мүмкін десек те, ағалардың бұл жолғы көрсетулері шындыққа толық сай келеді.

Үшінші, 1917 жылғы 5-13 желтоқсандағы бүкілқазақтық 2-съезде Халық кеңесі яки Алашорда үкіметі сайланды. Бірақ оған Әлихан Бөкейханов бас болып енген он бес адам құрамында Ахаң мен Жақанның есімдері аталмаған. Олар оқулық комиссиясында сайланды. Сонсоң съезд алаш автономиясын жариялаған жоқ. Бұл мәселеде қызу айтыс болғаны мәлім. Автономиялы жариялау үшін Түркістан өлкесінде тұратын қазақтардың келісімін алу қажет деп шешілді.

Кітаптың Мағжанға байланысты тарауына келсек, мұнда осыған дейін жарияланған материалдардан өзгеше пәлендей жаңалық жоқ екендігін айтуымыз керек. Бұрынғы мақалаларда көрсетілген цитаталар қайталау, ол материалды өзі тапқандай етіп көрсету әрекеті де кездеспейді емес. Кейде автор үш ағаш арасында адасып жүреді. Мысалы, «Алқа» бағдарламасында Мағжан Жұмабаев «тарихты әлеумет емес, жеке адамдар, данышпандар туғызады, әуелі — рух, ой пікір жүруі керек, дене, зат (материя) — рух пен идеяның құлы» депті-мыс (231-бет). Мұндай пікір «Алқада» жоқ.

Бұл — бір. Екінші, «Ташкентте Жұмабаевтың әдебиеттік, танымдық көзқарастарына Жүсіпбек Аймауытовтың қарсы шығып, кереғар пікір» білдірді дегеніне жол болсын. «Алқа» бағдарламасына Жүсекеңнің сын ескертпе жасадым дейтіні рас тергеушіге жауабында. Бірақ ол ешқашан Мағжанға қарсы шықпаған. Ақынды қолдаса, Жүсекең қолдасын. Оған көз жеткізу үшін алысқа барудың қажеті жоқ. Жүсекеңнің «Мағжанның ақындығы туралы» Ташкенттегі қазақ студенттеріне жасаған баяндамасын, ақынға жазған хаттарын оқыса жеткілікті. Баяндамадағы «Дүниені рух билейді...» деп басталатын жолдар мақаланы қалай оқысаң да, Мағжанға арналмаған. Жүсекең ақын-жазушылар еңбектерін қайғылымы жолмен тексеру керектігін сөз ете келіп, идеализм жолын, Гегельдің жолын тұтына алмайтындығын, ақынды тексергенде материализм мұнарасынан қарайтындығын ескертеді. Бар-жоғы осы. «Тарихты әлеумет емес, жеке адамдар, данышпандар туғызады» деген сөздер қалайша Мағжанның аузына салынғанына таңым бар.

Дүкенбайдың: «Жұмабаев эстет ақын, таза сезімнің серісі» (123-бет дегені де ұшқары пікір. Эстет — әдемілікке табынушы ғана десек бірсәрі. Эстет деп өнердің сыртқы пішініне идеялық мазмұнын жығып беретінді де атайды ғой. Мағжан ешқашан өйтпеген. Ол — азаматтық, әлеуметтік өткір өлеңдерімен танылған ақын. «Өнер — өнер үшін» деген мінез көрсетпеген, мазмұн мен форманы тең ұстаған.

Дүкенбайдың Сәкен Сейфуллинді түзетуіне де келісу қиын. «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарында Сәкен: Омбыда Ақмола облысын билейтін «Алашорданың» облыстық үкіметі жиналды деген екен. Сәкен Сейфуллин тарихи оқиғаға өзінен бір табан жақын тұр-ау, ол кісі неге бұлай деген? — деп ойланбайды да. Дүкенбайдың пікірінше, облыстық съезд Омбыда емес, Қызылжарда өткен. «Алашорда облыстық үкіметі жасалды» деген де онып тұрған сөйлем емес, ол кезде алаш партиясының (?) Ақмола уезін басқаратын құрамы сайланған жоқ, кейіннен барып, 1917 жылғы желтоқсанда өткен алаш съезінде сайланғаны мәлім» деп жазғырады Дүкенбай Сәкенді.

Ау, Дүкенбай, Омбы не себепті «Қызылжар» болады? Ол кезде Ақмола губерниясының орталығы Омбы болса, съездің сонда өткізілуі түсінікті емес пе. (Алаш партия болып съезд өткізбегенін жоғарыда ескерткенбіз). Тағы

бір қисынсыз нәрсе мынау: Ақмола уезін басқаратын комитет неліктен жалпы қазақтық съезде сайлануға керек? Уездік комитет уезд жиынында, облыстық комитет облыстық съезде сайланбаушы ма еді?

Мағжантану — жас ғылым. Қателесіп кету оп-оңай. Аузымнан шыққанның бәрі ақиқат деп ешкім де айта алмас. Осы жол авторының да кемшіліктері көп. Дүкенбай бір-екі жерінде маған да түзетулер енгізген екен, әттегене, оған келісуге болмады. Сын көтере алмағандықтан емес. Дүкенбай асығып-үсікпей, байыптап оқыса, артық кеткен тұсын шамалар деп ойлаймын.

Осымен мағжантану әдебиетіне шолу аяқталады.

...Мағжан Жұмабаев сынды ақынмен алғашқылардың бірі болып «танысудың» өзі әркімнің үлесіне тие бермейтін бақыт әрі қызық сәт. Мен үшін сол сәт 1988 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында директор қызметінде істеп жүрген кезімде келді. Ақын туралы тұңғыш лебізім былай құралыпты:

«Сенерімді де, сенбесімді де білмей отырмын. Есімін көп жылдар бойы сыбырлап қана айтатын Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық мұрасын жиыстырамыз-ау, зерттейміз-ау деген ой қаперіме кіріп шықпайтын. Бұл алдағы бір тамылжыған таңғажайып ғасырдың үлесі сияқты көрінетін...»

Олай ойлайтыным — талай рет жүрек шайлықты. Өмірімнің гүл-гүл атқан өнімді белесін тағдыр маған баспа ісіне арнауға жазыпты. Бұл жұмыстың қиындығы өз алдына. Тіске жұмсақтығы ашындырады. Құлап жатқан істі тұрғызып жатқаныңды ешкім елемейді. Ал жаза бассаң арадай талайды. Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабын шығарамыз деп Мәскеудің қаһарына ұшырадық. Алматы гу-гу. Республика Баспа комитеті төрағасын, «Жазушы» баспасы директорын партиядан шығарып, қызметінен қуады, қаңғыртып жібереді деседі. Бұл өсек-аяң екі жыл бойы жүрді. Екі жыл бойы жанымызды қоярға жер таппадық. Ақыры Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Бюросының «О. Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабы туралы» 1976 жылғы 17 маусымдағы қаулысы бойынша Олжастан басқамыз бір-бір тоқпақ жеп, «жауапсыздық көрсетті» деген қалжуыр байланып, әуіріммен қалдық. Енді «уф!» дей бергенде, тағы бір пәлеге ұшырадық. Сол кезде идеология жетекшілігіне З. Камалиденов келе қалды да, Баспа комитеті

жазушыларға мол қаламақы төлеп қойыпты деп көңірсітті. «Мектеп» баспасының қызметкерлері кітап құрастырғаны үшін ақша алып қойыпты деп «Крокодилге» кейіпкер болдық. Фельетон авторы «Жазушыдан» жинағын шығарамын деп шығара алмай жүрген (көркемдік құны төмен деген рецензия алғандықтан). Соған біреулер өтірікті-шынды материал құрастырып берген. Бізден ұрлық іздеп, бір Мәскеудің өзінен алты рет ревизорлар бригадасы (өзіміздікін есептемегенде) келді, алтауында да ештеңе таба алмады. Бірақ күйе жағылғанның аты күйе жағылған. Қаржыдан қарымды ештеңе ілінбеген соң шығарған кітаптарымызды жаппай оқытып тексеру басталды. Осының бәрі қорланып келіп, Д. А. Қонаевтың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің республика Компартиясының XVI съезіне жасаған есепті баяндамасында былай деп тұжырымдалды:

«Елеуенов жолдас басқарған Қазақ КСР Баспа, полиграфия және сауда жөніндегі комитетінде... идеялық-көркемдік жаңсақтықтарға жол беріліп жүр. Қайсыбір авторлар «ғасырлардың терең қойнауларына» саяхат тартып, хандар мен байлардың өзара қарым-қатынастарына ой жүгіртуден, тіпті бұрынғы алашордашылардың өмірбаян деректерін жария етуден кет әрі емес.

«Жалын» баспасы «Қызыл су» деген повесть шығарыпты, онда шопан өмірі көңілсіз, шын мәнінде мағынасыз етіп көрсетіліп, осы құрметті кәсіптің атына қайдағы бір лағынет сөздер айтылды. Малшы кәсібінің әлеуметтік мәні жылдан-жылға арта түскен жағдайда мұның өзі, былайша айтқанда, мүлде түсініксіз позиция»¹.

Мұндай қуырдақтан алақанын уқалап Камалиденов қалсын ба. Қонаевтың айтқанын еселей түскенде, ол «Жалын» баспасының «Менің Қазақстаным» атты сериясын жастарды «алға емес, артқа «ғасырлар қойнауына», феодалдық-рушылдық қатынастардың бастауларына қарай тартады» деп соқты. Осының алдында ғана Камалиденов «Қазақ энциклопедиясынан» ұлтшылдық іздеп, әуре-сарсаңға түскен болатын.

Сол-ақ екен, басқа жұртты былай қойып, дос-жаранбыз деп жүргендердің өзі бізбен амандасуға байқас болды. Қызметтен тайып, депутаттықтан түсіріліп, уақытша институтқа жіберілдік. Келе Шәкәрімді ақтау жұмысына кіріскенде, «Бұған дауа жоқ, мына қызметіне бекітіл-

¹ «Социалистік Қазақстан» газеті. 1986, 7 ақпан.

месін» деген нұсқау түсті. Сөйтіп, бес жыл бойы директорлықты да, бөлім бастығы қызметін де «уақытша атқардық».

«Уақытша» жүрсек те ағаларымыздың ақталуына шама-шарқымыз келгенше азды-көпті үлес қосқанымызды мақтаныш етеміз. Комиссияға материал даярлап, сол боздақтардың елі үшін күйгеннен басқа жазығы жоқ екенін дәлелдедік. Өз басым әрқайсысы жөнінде мақала жаздым. Мағжан Жұмабаев туралы алғашқы мақала ресми ақталған материал «СҚ»-да жарияланған нөмірден соң «Сағындырған сұлу жыр» деген тақырыппен жарияланды.

Атынан көрініп тұрғандай, мен өзімше ел-жұртымыз ақынның алтын қазынасын соншалық зарығып, сағынып күткенін білдіргім келіп еді. Біз Мағжанмен әлі де танысудамыз. Абайдан кейінгі алыбымыздың жарқын, биік бейнесін жасау — дәл біздің ұрпағымыздың борышы. Жалпы әдебиетті сүйетін қауымның көптеп-көлемдеп атқаратын ісі.

* * *

Мағжан Жұмабаевтың шығармагерлік жолы негізінен үш кезеңнен тұрады. Біріншісі — Мағжанның өлең өлкесіне бет алғанынан бастап саналып, 1917 жылдың ақпанына дейінгі уақытты қамтиды. Екінші кезең — ақпан төңкерісінен 1924 жылға дейінгі уақытқа тіреледі. Үшіншісі — сол 1924 жылдан бастап, өмірінің ақырына дейін созылады.

Бұлайша жіктеуде арқа тірейтініміз белгілі ақиқаттар:

Бірінші, қандай көркем туынды болсын, нақтылы тарихи жағдайда жасалады. Елінің саяси-әлеуметтік ауа райы оған әсер етпей қоймайды.

Екінші, көркем туынды — әдеби процесс жемісі. Өзіне дейінгі көркем шығармалармен бой салыстырады. Өз заманының әдеби талаптарымен есептеседі. Сөйтіп барып сыбағалы жолын жүреді, өзіне тиісті сөзін айтады.

Мағжан басынан бір емес, үш төңкерісті (1905, 1917 жылдардағы ақпан, қазан) бірдей өткізгені, бұдан кейін азамат соғысы жылдары, жаңа экономикалық саясат (НЭП), тағы басқа дүрбелендерді кешкені, аумалы-төкпелі заманда өмір сүргені, — бұл оқиғалар көркемдік «пешінде» қорытылып, ақын поэзиясының бағыт-бағдарына мықтап әсер еткені мәлім.

Сондай-ақ, әдебиет өлкесіндегі әр қилы ағымдар — ағартушылық, сыни реализм, романтизм (символизм), социалистік реализм — Мағжандай білімді, парасатты ақынға қалайда ықпал етпей қойған жоқ.

Ақын шығармаларын кезең-кезеңге бөлуде көзге ұрып тұрған осы жағдаяттар ескерілді.

Әлбетте, сөз өнері — жанды құбылыс. Тірі организм іспетті. Жіліктеп шағам деп отырып, жанын кетіріп алмауға абай болуға керек. Анализ бен синтездің, талдау мен тұтастықтың диалектикалық бірлігі қамтамасыз етілсе, нұр үстіне нұр.

ЕЛІМЕН БІРГЕ ЕҢІРЕГЕН

Жылағанда жалпы жұрт,
Жылама, күл дегенге
Көне алмадым, көнбедім.

Мағжан. «Толғау».

Мағжан Жұмабаевтың қоғамдық-саяси көзқарасы қалыптаса бастаған кезде Ресей империясының отары Қазақстан мүшкіл хал шекті. Сахараға сауда-саттық капиталының бойлап енуіне, орыстың прогресшіл мәдениетінің там-тұмдап шашырай бастауына байланысты кей оң өзгерістерге қарамастан, күйкілі, күйінішті жайлар басым түсіп, еңсені езіп жіберді. Царизмнің нағыз қарақшылдықпен жүргізілген отаршылдық саясаты жергілікті халықты шұрайлы жерінен жұрдай етті. Әсіресе еңбекші бұқара әбден титықтады. Халық басына болашағы қараң күн туды.

Әрбір қысым қарсылыққа кездеспей тұрмайды. Қысым зорайған сайын қарсылық та күшеймек. Ұлттық көлемде жасалған қыспақ ұлттық сана-сезімнің оянып өсуіне түрткі. 1905 жылғы орыс буржуазиялық-демократиялық төңкерісі туғызған дауыл сахараға жеткенде, алдымен мұндағы оқығандардың санасын оятты. Олардың қатарынан азамат тұлғасын алға шығарды. Азамат дегеніміз — қоғамдық күрескер. Қазақ жағдайында қоғамдық күреске араласу ұлт-азаттығы жолындағы күреске араласу деген сөз еді. Қазақ оқығандарының сүбелі бөлегінің, бетке шығарының ұлтшыл атануының сыры осында жатыр. Ескерте кетуіміз керек, қазақ ұлтшылдары бұған дейін тұрпайы социалогия ұдайы қақсап келгендей, тіпті де өз халқының не басқа халықтардың

жауы емес-ті. Мәселен, буржуазияшыл-ұлтшыл деп айыпталып келген алашордашылар Ресей құрамында автономия алу үшін күресті. Ресеймен бір боламыз,— деп жар салды. Мұнда тұрған қандай жаулық бар? Ұлтын езгіден, отаршылдық қанаушылықтан азат ету үшін күрескен боздақтардың дәріптеген идеясы азаматтық, демократиялық, ұлт-азаттық сипаттағы идея болатын. Бұл идея сол кезде қазақтың философиялық ойы да, саяси өткір қаруы да, эстетикалық көңіл күйі де болған әдебиетінің көркемдік ізденулерінің негізгі әуеніне, мазмұнына айналды.

Айтылғанға дәлел жеткілікті. Біріншіден, 1909 жылы Абайдың өлеңдер жинағының шығуы, Ахмет Байтұрсынның «Қырық мысалының», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағының!» жариялануы қазақ ой-санасының қандай шырқау биікке көтерілгеніне айғақ. Екіншіден, бұл туындылардың идеялық-эстетикалық бағыты — нағыз гуманистік, демократияшыл бағыт. Еш басқа халыққа зияны, қастандығы жоқ, нағыз ұлтын сүйгіш әдебиет қалыптасып дамыды.

Мағжан әдебиет сахнасына шыққанда, міне, осындай озық дәстүрге жолықты. Жас талаптың өлеңге шындап кірісуі 1910 жылдан саналады (С. Мұқановтың айтуы бойынша). Бұл кезде Мағжан он жетіге қарайды.

Мұсылманша оқуды тауысып, орыс мәдениетін игеруге білек сыбанып кіріскен шағы. Бәрінен ақындыққа деген талабы асып жатыр. Абай, Ахмет, Міржақыптарға еліктейді. Бірақ әлдебір жастардай үлкен беделдің алдында арбалып қалмайды. Шабыт пырағын жарысқа салып көреді. Жүрексінбейді. Ағалар жыртып жүрген аңызға бұл да түренін салып бағады.

Жас ақын әдетте махаббат тақырыбын айналдырушы еді. Күйдім-жандымды көп сағалар еді. Бір таңғалатының — Мағжан өйтпеген. Оның 1912 жылы Орал қаласындағы «Қазақстан» газеті баспаханасында басылған «Үзік» атты жинаққа енгізілген «Қазақтың кешегі күйі» атты ұзақ өлеңі, «Шолпан» жинағындағы отыз бір өлеңі, 1917 жылға дейін «Қазақ» газетінде, «Айқап», «Абай» журналдарында т. б. баспа орындарында жарық көрген шығармалары бәрі дерлік ұлттық мәселелерді қамтиды.

Ұлттық тақырып өз тарапынан өнер-білімге ұмтылу, отаршылдыққа қарсылық, қазақ әйелінің тағдыры, табиғат, балалық шақ туралы тақырыпшаларға бөлінеді.

Бір ерекшелік — Мағжан Жұмабаев ақындық бағ-

дарламасын ту бастан-ақ шегелеп алғаны байқалады. Ол өлеңдерінде елінің, жерінің шындығын жазуға тырысқан. Ол шындықты жүрегінен өткізіп барып жырлаған. Ол бірден ұлтым деп, алашына сиынған. Өзгерсе, қазағының мүддесіне сәйкес өзгерген. Ұлты зар жыласа, ақын қан жылаған. Қазағының беті шырайланса, мұның өлеңі арайланған.

Сөзімізге дәлел есебінде Мағжан қаламының алғаш туындыларының бірі «Қазақтың кешегі күйі» өлеңін алайық.

Бұл өлеңнің тақырыбы атынан көрініп тұрғандай, қазақ елінің хал-ахуалына бағышталған. Қазақты қайтсе тығырықтан шығарамыз деген идея лирикалық кейіпкердің бар болмысын билеп алған. Соны соқпақ дегеннен шығады. Ақын өзінен бұрынғылардың тақырыбын қауғағанмен, мәселенің қойылысы жағынан өзінше сорап табады. Және кереметтігі — елінің өткен-кеткен тарихынан қорытқан ойының кеңдігі. Шын мәнінде, бұл қазақ тарихының бет-бедері түскен қазақ әдебиетіндегі тұңғыш өлең десе де сыяды. Кеністіктің уақытпен киюын келістіріп байланыстырады.

Еділ, Жайық, Сырдария,
Белгілі жұртқа ескі су.
Тәтті, дәмді, тармақты,
Ұзын Ертіс, Жетісу.
Осы төрт су арасы
Сарыарқа деген жер еді...

дейді де, осы жерді мекендейтін елдің тарихи тағдырларына көз жібереді. Бұрын бұл ел алаш еркін шауып ойнақтап, тілеген ризығын жеп жүрген жер еді, деп халқының сол кездегі тәуелсіз бақытты шағын еске алады. Ал бақытты адамның алды кең келеді. Еркін өмірдің тәттілігі бір басқа. Ол қазақтың қайырымды мінезін, ашық қабақ қонақжайлығын, турашылдықты, шындықты сүйгіштігін, тұрмысының қондылығын («Кедейде жоқ уайым») туғызған.

Тақырыптың тағы бір құнарлы тұсы — елдің ерлік тарихын, қаһармандығын паш ететіндігі. Жайдары халық ел шетіне жау тисе қара бұлттай түнерген. Өлеңнің бұл жерінде тарихи тұлғалар ұмсынып алға шығады. Әділ хан Абылай, Кенесары, Қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Қара палуан Жәнібек, бір сөзі мың ділдәлық кешегі Шөже, Орынбай,

Наурызбайлар — қазақ ұлтының қабырғалы ел болуына ат салысқандар.

Енді бір сәт тақырып оқыс бұрылады. Ақ сәулелі қуанышты күйді еңсені басқан мұңлы, шерлі күй ауыстырады. Кері қалаң тақырыптардың бірін-бірі ауыстыруы бір-ақ жолдан басталады. Бағанағы қазақтың шатшадыман, ерікті, ерлікке толық тарихы «Балду-балду бәрі өтірік бұл күнде».

Неге бұлай? Жас автор себеп-салдарды қазбалауға, реалистік бейнелеуге келгенде мүдіріңкіреп, кібіртенкіреп қалады. Ағартушылық тақырыпты айналсоқтап шыға алмай қалады. («Ит надандық желкенде//Шабайын деп аңдып тұр»). Өлеңнің соңы қызық. Мағжанның бүкіл шығармагерлік жолына тән қорытындымен аяқталады. Өлеңнің ұзына бойына қазақтың өткен еркіндік ғасыры мадақталғандықтан, тақырып басталған әуеніне қайта орала ма екен деп ойлайсың. Бірақ Мағжанның ақындық потенциалының, мүмкіндігінің молдығы осы жерден айқын көрінеді. Ақын ескі заманға қайта оралуды көксемейді. Ескіні көксейді деген дұшпандарыныңкі — бос сөз. Мағжан диалектика заңына толық үйлесімді пікір айтады: «Заман түлкі, тазы бол» дейді. Қазақты бұрынғы мимырт жүрісінен сақтандырады.

Меніңше, бұл тақырыптың бүгінгі күнмен үндестігі бар. Қайта құрылысымыз жеке меншікті қайта құруға ұласып жатқанда, әрине, ашық ауызданбай, жаюлы дастарқанына ие болуың керек. Мағжан тіпті өлеңнің аяғын нақтылы дидактикамен тәмәмдайды: «Базарлы дүкен құр енді» дейді. Осы күндері біз мұны «нарық экономикасына көшу» деп жүргеніміз жоқ па?!

Лирикалық кейіпкер. «Қазақтың кешегі күйі» өлеңінің лирикалық кейіпкері, қазақтың кешегі-бүгінгісін әңгімелеуші таптың емес, тұтас ұлттың ақыны екені көрініп тұр. Бірақ бұдан ақын қазақ қауымындағы таптық жіктерді көрмеді, білмеді деген мағына тумайды. Байы — бай, кедейі — кедей. Байы қанаушы ретінде көрінбейді. Ол — қайырымды бай. «Қабағы ашық бай-бәйбіше, // Керсендей үлкен аяқпен // ұстата саумал береді». Кедей бар, бірақ уайым-қайғысыз. Ағайын іші тату. Сондықтан бір тайын сұрамай-ақ ұстап мінеді. Лирикалық кейіпкерге елдің бірлігі, тұтастығы қымбат. Ұлт мүддесі таптық мүддеден жоғары. Ол тобырдың үстінен қарап та тұрған жоқ. Не көрсе, халқымен бірге көргісі бар. Елім

деп еңіреп туған жан. Сол халқымен тілдесіп, «зейін тиегін бұрайды», өткен тарихына баға береді.

Стилі. Мағжанның өзіне тән стилі, суреттеу мәнері әлі қалыптасып үлгермеген. Бұл өлеңнен ол бала кезден естіп сусындаған ақын-жыраулардың дауыс ырғағы естіледі (кешегі қазақ нояндарын мадақтау тәсілінен). Өлең тілінде шешендік, ділмәрлық, қалыптасқан фольклорлық тіркестерді қолдану басым. («Ақ найзаның ұшымен, // Ақ білектің күшімен» дегендей).

Енді бір жолдардан Абайдың стилі, суреткерлік мәнері бой көрсетеді. «Жазды күн шілде болғанданың» тағы бір нұсқасын оқып, айызың қанады. Арасында: «Қыз-келіншек үй тігер, Бұрала басып былқылдап. Ақ білегін сыбанып, Әзілдесіп сыңқылдап» деген жолға ұқсас жолдар ұшырасады. Мағжанда бұл жолдар былай өрнектеледі:

Шілдеде самал ескенде,
Жайлауға ауыл көшкенде,
Ат-айғырға мініп ап,
Қыз-бозбала жарысып,
Тізгінде әзілдескенде,
Тісі меруерт тізілген,
Белі кыпша үзілген,
Хор сықылды сол сұлу,
«Ха, ха, ха» деп күлгенде
Бұйық жатқан кең дала
Бейне бір жаны иеді.
Сылдырап аққан өзенге
Үй тігіп, дереу қонысып,
Бұрала басып былқылдап,
Әзілдесіп сыңқылдап,
Жас келіншек пен қыз бала
Кереге жайып, уық байлар.

Көріп отырғанымыздай, бұл жолдарда Абайдан цитата алу да, ұлы ақынға еліктеу де, сонымен қабат қалам жарыстыру да бар. Бұл — жанды сурет, лирикалық кейіпкер сезімінің бейнесі. «Жан пар келмес Наурызбай» деп өлеңнің жоғары жағында айтылған әсірелеу, қолпаштау стилі емес. Бір өлеңнің көлемінде фольклорлық ойлау көркемдік ойлауға көшеді.

Жанры жағынан «Қазақтың кешегі күйі» өлеңі — эпикалық сарында жазылған ұзақ өлең (107 жол). Жоғарыда айтып өткеніміздей, өлеңде қазақтың өткен дәуіріндегі тарихи оқиғалар жырланады. Лирикалық элемент те жоқ емес. Жүрегін тебіrentкен жаз суреттері — жалт еткен сезім материалынан өрбіген. Ол эпикалық әңгімелеу сарынына өзінше шырай береді.

Өлең тарихи оқиғаларды жіпке тізе бермейді. Олардың астарындағы құбылыс себептеріне үңілу жоқтың қасы. Айталық, қазақтарды еркіндік өмірден айырған кімдер?— бұл жағы өлеңде анық айтылмайды. Дегенмен өлең астарынан, «еркін еді» деген сияқты сөздерді өткен шақпен айту тәсілі арқылы елді бақытсыздыққа душар еткен отаршылдық екенін жазбай түсінесің. Автор қазақтың бодан болмысын қапалану сезімі арқылы жеткізеді.

Өлеңде әдіс жағынан ағартушылық реализмнің де, сыни реализмнің де табы аңғарылады.

Ақын соншама ұзақ өлеңде айтайын дегенін толық қанып айта алмағанын түсінген. Сондықтан қазақтың сол кездегі хал-ахуалына байланысты «Жатыр...», «Ләззәт қайда?», «Сорлы қазақ», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Туған жерім — Сасықкөл», «Қазағым», «Күз», «Есімде ...тек таң атсын» т. б. өлеңдер жазады.

Ақын ілгерілеген сайын өлеңдері мазмұн жағынан салмақтана түседі. «Жатыр...», «Қазағым» өлеңдері оқиғаны өткеннен бүгінгі шаққа аударады. Қазақ жайы басқа жұрт жайымен салыстырылады.

Бірте-бірте Мағжан лирикалық сарынға түседі. Өлеңдерінен ақын жүрегінің соғуы анық естіле бастайды. Енді ақын оқиғадан, сыртқы құбылыстардан гөрі ішкі сезіміне көбірек ден қояды. Поэзия өз міндетін осылай атқарғанда ғана мақсатына жететінін түсінеді. Мәселен, «Ләззәт қайда?» өлеңінде ішкі субъективтік сезім толқиды. Өз жәйін өзі тексере отырып, азаматтық әуенге көтеріледі.

Мағжан табиғат көріністерін суреттеудің өзінен қоғамдық мәні үлкен қорытындыларға келу шеберлігіне жетіседі. Өлең қандай тақырыптан басталса, сол тақырып көлемінде қалатын бұрынғы қазақ поэзиясы құрылымына шым-шымдап жаңалық енгізе бастайды. «Туған жерім — Сасықкөл» өлеңі атамекенге деген ыстық махаббат сезіміне баурайды. Ақынмен бірге сен де сол атын Сасық деп еркелетіп қойған көлдің рақатына шомыласың. Сөйте отырып, жас ақын өлеңнің әуеніне күрт өзгеріс енгізеді.

Білмеймін не боларын, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің,
Итиіп қарашекпен келіп қонса
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің,—

деп, көл айдынында рақат қайығында тербелген көтеріңкі көңіліңді су сепкендей басады. Өстіп ақын контраст бояумен, керікалаң әуенмен пейзаж лирикасын саяси лирикаға айналдырып жібереді. Елдігінен айырылған қазақ даласына қаптай енген қара шекпендердің енді жергілікті халықты жерінен айырып, жұрдай етіп тонап жатқандығын автор тәптіштеп айтпаса да, оқушы әрі қарай өзі таратып алып кетеді.

Бұл да поэзияға — тарихи өрісі кең көзқарас енгізудің әдемі бір әдісі деп түсінсек керек. Отаршылдық оңай алдыратын жау емес. Оны түп тамырына дейін қопарып әшкерелей беру қажет. Жер-суынан айырылу азабын жалғыз қазақ тартып отырған жоқ. «Орал тауы» өлеңінде отаршылдықтың адресі нақтылана түседі.

Қарашы төңірекке мойнын бұрып,
Алтай, Орал бойында тұрған түрік.
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...—

дейді. Мұндағы идея — бұрын айтылып келгендей пантюркизм, Түркиямен бір мемлекет құру идеясы емес. Езілген түркі халықтарының ынтымақтастығы идеясы. Әйтпесе жері де, елі де шалғай сонау Түркиямен қалайша бір мемлекет құрмақ? Шекара дегенің анау — алшак, бір-бірімен түйісіп те тұрған жоқ.

Лирикалық тебіреністер арқылы ақынның характеріне әсер ететін айнала қоршаған шындық дүние заңдылықтары бейнеленеді. Мағжан да сол заңдылықтарға жетіге береді. Ақын енді бар гәп қазақтың оқуы жетпей жатқандығында ғана емес екендігін түсінген. Ел бақыты үшін күресу, қажыр-қайрат жұмсау қажет екендігіне көз жеткізген. Сол көңіл күйіне тіл бітіруге тырысады. Оған дәлел — «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 9, 25 маусым күндеріндегі санында жарияланған «Дін үйреткенге», «Есімде... тек таң атсын» өлеңдері.

Ақын тағы да халқының өткен тарихына көз тастайды. Ел шетіне жау тигенде айнымас алдаспанды қолға алып, қажымайтын қанатты тұлпар мініп, жетпіс қабат жібекпен белді буып, мұздай темір құрсанып, жорыққа аттанған кезді еске алады. Бірақ кейін ойын-күлкіге алданып, көп нәрседен мақұрым қалдық. Енді бейғамдықты тастар уақыт жетті дейді. Мағжан аталған туындыларының аясына «Жаңа таңның желі есіп келді» деген ел үмітін де, «Сұр жылан өзі оятар, қатты шақсын» дей-

тін сабырлы, салмақты мінезін де, жауға «Жолбарыстай ұмтылармыз» дейтін жігер-қайратын да сыйғыза алған. Осы себепті де ол 1916 жылғы халық көтерілісін кейбір қазақ оқығандарынан өзгеше қабылдады. «Орамал» атты өлең тудырып, бұқара мұнын мұндады.

Бұқара демекші, Мағжан реалистік әдіс көлемінде әлеуметтік ой-сезім толғаныстарында жүргенде байларға іш тартты, байшыл, буржуазияшыл болды деген түбірінен қате пікірге тоқтала кетуіміз керек. Ақын шығармагерлігін шыққан тегіне қарай бағалау барып тұрған бұрмалаушылық, тұрпайы социологизм екенін кезінде маркстік-лениндік эстетиканың өзі әшкерелеген болатын. Алайда бұл қағида Мағжан Жұмабаев жөнінде қолданылмады. Не жазса да, бәрі байшылдық-ұлтшылдыққа жатқызыла берді. Мағжанның байлары қайырымды келетіні рас. Елін, жерін қорғау үшін жанын салған хандарды үлкен ілтифатпен жырлайды. Бірақ, түптеп келгенде, Мағжанның еңбекші елге көбірек жаны ашиды. Соған іш тартады.

Құн суық, қатты аяз, шыдар емес,
Қар-боран соққан желмен қылып егес.
Кедейлер үсіп-тоңып, дір қалтырар
Жылы үйде байлар жатар уайым жемес.

«Шын сорлы».

деп жалшы-жарлыны мүсіркейді.

Осы тұрғыдан Мағжан бірұдай өлеңдерінде әйел теңдігі тақырыбын қозғайды («Шын сорлы», «Жас келін», «Зарлы сұлу», «Тілегім», «Алданған сұлу», «Жарыма», «Орамал» т. б.). Қазақ әйелінің сорлы халі неліктен? Бұған ол өзінше жауап іздейді. Барлық мәселеге сияқты, бұған да жалпы ұлттық өреден қарайды.

1913 жылы «Айқап» журналының екінші санында (29 қаңтар) «Мұғалім: М. Ж.» деген атпен Мағжанның «Хатын алу, ерге шығу» деген мақаласы жарияланды. Жиырмаға енді шыға бастаған жас жігіт мақаласында бірқатар қоғамдық-саяси маңызды мәселелер көтереді. Ол сөзін халық аузында жүрген бір қара өлеңнен бастайды. Өлең: «Дүниеде қыздан сорлы бенде бар ма?// Пұлындай саудагердің тозғындаған» деп аяқталады екен. Осыны бағалауға ол Абайша келеді. Шын сөз — жүрек сөзі. «Бұл өлең халқымыздың басынан емес, жүрегінен шыққан өлең, яғни қыздың сорлы екенін ғақыл білмейді, жүрек біледі» деп бір түйіп тастайды. Мұндай

өлең басқа халықта жоқ, болуға тиісті емес деп және тұжырымдайды. Бұл ақиқатты дәлелдеп жатудың қажеті аз екенін ескертеді. Бұл кемшілікті «бітіру» («жою» демеген) үшін не керек? Автор қоғамдық жағдайды өзгерту туралы мәселе қозғамайды. Оның ойынша елде жағдай онсыз да өзгерген: «ой тіріліп, ұйқы кетіңкіреп, жаманнан жиреніп, жақсының иісі мұрынға кіре бастаған» кез. Ендеше ынтымақ керек. Бірақ мақалада ең асыл пікір — ақынның мына пікірі: «Қатынымыз күң болса, балаларымыз құл болады». Міне, жалпыға бірдей теңдік қажеттігін дәріптейтін осы ой әйел тақырыбына жазылған Мағжан өлеңдерінің алтын арқауы. Сол кездегі қазақ шындығын айнытпай суреттей келіп, Мағжан:

Мейірімді ием, таза, нәзік әйелді
Қара жүрек қазаққа неге жараттың?—

«Тілегім».

деп ызаланады.

Әрине, Мағжанның сол тұстағы поэзиясы кіл қам көңілден тұрмаған. Жастық шақ үшін өршілдік, ақ жарқын арайлы мінез тән. Ол сезімге Мағжан да сырт берген жоқ. Абай ағасымен қалам жарыстырғандай, жылдың төрт мезгіліне арнап өлең тудырды. Оптимистік, болашаққа сенімділік, өмірге, табиғат сұлулығына сүйіспеншілік рухында жазылған жас Мағжанның өлеңдері кейін Кеңес заманында туған өлеңдердің стилистикалық әуезіне әсер етті. «Жазғытұрым» өлеңінде ақын:

Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
Жібектей көкорайлар жатқан жайрап,
Сұлудай бұраңдаған бұтақтарда
Ән қосып, әр түрлі құс тұрған сайрап,—

деп шалқытады.

Енді мына әуенге құлақ тосыңыз:

Май туса, гүлдер шешек атса жазда,
Тоғайда — бұлбұл, көлде — аққу, қаз да
Сайраса, біз жастар да нақ солардай
Бақытқа бөленеміз сауық назға.

Бұл жолдар: «Шолпандағы» өлеңдердей өлеңді, осы күні «нашар» деп санайтын пролетариат жас жазушыларының қайсысы болса да құрастыруға шамасы келеді¹ деп Мағжанның шығармагерлігі алғашқы дәуірін қатты сынаған Сәбит Мұқановтікі екені мәлім.

¹ Мұқанұлы Сәбит. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, 217-бет.

Сәбеңнің бұл өлеңі композитор Ләтиф Хамидидің «Қазақ вальсіне» арналып жазылғаны мәлім. «Қазақ вальсі» 1940 жылы туды. Сонда жазушылық, ақындық дәуренінің дер шағында жүрген Сәбең өз ұстазы Мағжанның стилін ғана емес-ау, лексикасын да есте сақтап жүрген болады ғой. Жоғарыда келтірілген екі ақынның шумақтарының өзінен қаншама ұқсастықтарды табамыз. Мағжан «май кірді» деп қуанса, Сәбең «май туса» деп сол уақта жас атаулы сауық-сайран, бақытқа бөленетінін жазады. Жылдың бір мезгілі екі ақынға да бірдей әсер етеді. Мағжанда ән қосып әр түрлі құс сайрайды. Сәбит бұл суретті нақтылай түсіп: бұлбұл, аққу, қаз сайрайды болып шығады. Бұлбұлдың сайрауы әдемі. Бірақ аққу сұңқылдайтынын, қаз қаңқылдайтынын еске алсақ, Сәбең бұ тұстағы жарыста ұстазынан ұтылықырап қалған дейміз. Мағжанда гүлдер жайнап тұр. Сәбеңде жаңа шешек атқан. Мағынасы орайлас. Мағжанның жастары әрекет үстінде. Жылқы қамап, қыл күзетіп дегендей. Балалар етек түріп, зыр жүгіріп жүр. Бар жанжануар мәз екені алшаң басқанынан көрінеді. Сәбеңнің жастары жұлдыздардан да жарығырақ. Олар махаббатты жырлайды. Яғни мұнда да жалпы әуезділік, той тойлағандай көңілділік жағынан көп ұқсастықтар баршылық.

Демек, бұл мәселеде көп таласа берудің қажеті бола қояр ма екен? «Шолпандағы» өлеңдерге түр жағынан таңырқағандар Мағжанды қол жетпес ақын деген. Және біреулер күшті ақын анадан ақындық күшін қабат алып туады деген (Бұл да Сәбеңнің айтуы бойынша). Біздіңше, солай дегендердің сөзінің жаны бар сияқты... Сәбең талантының гүл-гүл жайнаған кезінде Мағжанды еске алса, оған тікелей еліктесе, бұдан артық жас Мағжан ақынға қандай баға керек?!

Мағжан шығармагерлігінің ерте басталған және өнімді дамыған саласы — балаларға арнап жазған өлеңдері, шығармалары.

Ол балажанды кісі болған. Мағжанның балаға деген мейірімділігі, періште дәуренді қимай қызықтауы ерте басталған. Бұл «Шолпан» жинағынан да аңғарылады. Өзін мейірбан аға сезінеді. «Балалық шақ» өлеңінің кімдікі екенін білмей, кімнің жазғанын сөз тастауына қарай топшыласаңыз, шығарманы көпті көрген жасамыс кісінің жазғаны шығар деп ойлауыңыз мүмкін. «Білімдінің сөзі — ем, // Мейірімі көп, өзі — кең!» — дейді

Мағжан педагог, ұстаз мақамына салып. «Қарағым» өлеңінің де жазылу мәнері осыған ұқсас. Жастықты таусылмас байлыққа санамау керек. Байлық екені рас. Бірақ қол қусырып, бос жүрсең, ата дәулетінді быт-шыт қылып тоздырғаның дейді.

Ал балалық шақ тақырыбына жазылған «Жоғалған алтын» өлеңі («Шолпан» жинағына енгізілген. Бірақ М. Жұмабаевтың 1989 жылғы шыққан жинағынан қалып қойыпты) жоғарыдағы дидактикалық әуенді қайталамайды. «Жоғалған алтында» балалық кездің ғанибет суреттерін жасау жолымен тәй-тәй басып келе жатқанынан ойын баласына дейінгі уақытының мінезі, бала психологиясы шебер берілген. Қазақ әдебиетінде мұндай сипатты шығарма бұрын ұшыраспаған.

Аяқ басып, қотанда жүгірген күн,
Шешенің емшегінен түңілген күн.
Тыпыр-тыпыр әрі-бері жарысқан боп,
Кім озды деп атаға жүгірген күн,—

деген сияқты. Балалық дәурен бал-бұл жанған күйінде көз алдына орнай қалады. Дегенмен оқи келе өлеңнің балалар оқуына емес, үлкендерге арналғаны анықталады. Мағжан тағы да контраст әдісіне көшеді. Тағы да қазақ поэзиясында сирек ұшырасатын, бейтаныс, қара жамылған үн тосыннан естіліп, төбе-құйқаны шымырлатады. Балалық шақпен қоштаса келе, ақын:

Жарқ еттің, көз ашқанда ғайып болдың,
Ашылмас қара тұман қаптады түн,—

деп іштей өртенген жайынан хабар береді. Осындай торығушылық, налушылық «Шолпан» жинағында жүрген «Сүйгеніме», 1915—1916 жылдары газеттерде басылған «Жарыма», «Зар» атты өлеңдерге барынша тән. Оқыған сайын сұрақ қамалайды: жүрегінді тас-төбене шығаратын осынау мұн-зар қайдан шыққан? Лирикалық кейіпкердің үміті қараптан-қарап неге үзіледі? Жок, әлде өмір қуаныш-қайғыдан бірдей тұрады, сондықтан лирика адамның ішкі жан құбылыстарын бар шындығымен түгел қамтысын дегені ме? Бұлай дейін десең, тепсе темір үзетін жас жігіттің көзінде жас, көкірегінде қаяу. «Өмірімде енді болмас жылы жазым» деуі не себепті? Әлде аркалы ақындарға тән сәуегейлік пе айтып отырғаны?

Орыстың ұлы ақыны Михаил Лермонтов қаза таба-

рынан көп уақыт бұрын өзінің Кавказ қырқаларының бірінде оқ тиіп, жан тапсырғалы жатқан күйін суреттеп өлең жазған. Сол секілді Мағжан:

Сәулесіз, Айсыз-Күнсіз қараңғыда
Өтермін аһ ұрумен шықпай үнім,—

деп енді бір он шақты жылдарда басталатын тағдыр тауқыметін тап басып жырлайды. Мағжан үнін шығартау науқаны Қазақстанда ақын тұтқындалуынан әлдеқашан бұрын басталып, ойдағыдай жүргізілгенін кімнен жасырамыз?

Бірақ осының бәрін Мағжан қайдан білді? Төңкерістен кейін болса бірсәрі. Одан әлдеқайда бұрын үнін шығармайтынын қалай сезген? Әнеки, бұл Мағжан поэзиясының жұмбақ тұстары.

Бір есептен, Мағжан шығармагерлігінің алғашқы кезеңіндегі екі полюс — керемет қуанышқа толы дүние, жалт-жұлт еткен әсем бояулар, күй ойнап, ән салған ғажайып дауыстар кернеген әлем («Жазғытұры»), бұған қарама-қарсы түсі қашып, солған қызыл гүл, «ал өлдік» деп әлсірей сыбырлаған бұтақ жапырақтары, зорға соққан жүрек («Зар») — осынау ақ пен қарадай кереғар жайлар ақынның дәл өз басының күйі емес, лирикалық кейіпкерінің әр типтілігі деп жорамалдаудың артықтығы жоқ.

Бұдан туатын ой — Мағжан поэзиясында эпос пен лирика, реализм мен романтизм бір-біріне кірігіп я бір-бірінен алшақтап, көркемдік процестің қайнай түсуін, дамуын қамтамасыз еткен деген ой. «Зар», «Сүйгеніме» өлеңдерін қамырығы көп, шерлі де уайымшыл элегия жанрына, романтизм жүйесіне жатқызу керек болар. Сол кездің өзінде-ақ айналасын шолғыш, оқығыш Мағжан романтизмнің бұлдыр үмітін, тұманды идеалын тіл жеткізіп айта алмайтын мистикалық әуеніне еліктеп үлгірген деу ләзім.

Мағжан Жұмабаев шығармагерлігі алғашқы кезеңін қорытындылағанда, қысқаша тұжырсаяқ, мынадай ойлар келеді.

Біріншіден, жас ақын эпикалық ұзақ өлеңге көп аялдамай, лирика ауылына қоныс аударады. Ар-инабат, құлықтылық апофтегмаға, әрі қысқа, әрі нұсқа түйінге құрылған өлеңдер ағартушы реализм әдісі айналасынан табылады. Яғни шығармалары бастапқы кезеңінің басымы әдісі десе болады.

Оқу, білімге шақыру қазақ поэзиясында Абай, Ыбырайдан басталған дәстүр. XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басы кезіндегі қазақ поэзиясында не көп, «Кел, балалар, оқылықты» мың сан түрлендіріп қайталаулар көп. Орыс поэзиясы бұл дәуірді сонау Михаил Ломоносов тұсында өткен. «О, вы, которых ожидает, // Отчество от недр своих, и видитъ таковых желает, // Каких зовет от стран чужих» дегенге орайлас бізде жазылған өлеңдердің ұшы-қиыры жоқ.

«Сөйт-бұйт» дейтін ұстаздық әуеннің қазақ поэзиясында ұзақ жылдар орнығуы оқырманның өресіне де байланысты ма дейміз. Және бұған қоса бір ескеретін маңызды жәйт бар. Ол ислам дінінің, құран стилінің тілімізге ықпалы. Құранға негізделген ережелер жинағы шарифатта тіпті дәретханаға қай аяғыңмен кіруге дейін тәптіштеліп жазылса, бұл прагматикаға төселуіміз он ғасырдан аса уақытқа созылады ғой. Тілге, ой жүйесіне мұндай нұсқалылық стилі қалай әсер етпесін?

Екінші, Мағжан поэзиясында ұлттық тақырып бір-ыңғай жәбір көрушілікке, шағынуға құрыла бермей, отаршылдыққа қарсы ашу-ызамен арқаулана бастайды. Күрес идеясы ауызға алынады. Мұның бәрі тоғыса келе, өзге сапалы эстетикалық категорияға жататын қаһармандық тақырыбына ұласады. «Дін үйреткенге», «Есімде... тек таң атсын» өлеңдерінде халқын ұлт-азаттығы жолындағы күреске баулиды, отаршылдыққа қарсы «жолбарыстай ұмтылуға» шақырды. Бұл өлеңдер реализмнің қарымды, пәрменді түрлерінің біріне айналды.

Үшінші сала Мағжан поэзиясының келесі сатысының бастамасы деп қарауға керек. Бұл жанр жағынан лирика болса, әдіс жағынан нағыз романтизмнің өзі еді.

Ақын көңіліндегі әлдебір қас қағым сәтті қағып алып өлең жолдарына бөлейді. Өлең материалы сырт оқиғаны шертуге құрылмай, ішкі дүние әлемінің психологиялық тылсым қойнауларын суреттеуге негізделеді. Кезінде Белинский айтқандай, орыс поэзиясына Жуковскиймен бірге ой мен тұман, қамығу, ұнжырға түсу сезімі, өлім мен табыт кірсе, Мағжан қазақ поэзиясына қалың дертті, қойынына сүйген жарындай алғыш — «мейірімді қара жерді», ызындаған желді, бейне өліктей даланы енгізе бастайды.

Ақын трагедиялық тағдырын ерте сезінді. Сезіне тұра, ой-сезім көкжиегі кең лирикалық тұлға бұл әуенге

бүтіндей беріле қойған жоқ. Ақын поэзиясының алғашқы жолдарының өзі ұлттық, азаматтық жігермен рухтанған. Ол өз күшін жастайынан сезінді. Өлең өлкесіне кірген бойда: «Мен келемін, мен келемін, мен келемін, // Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар», — деп мәлімдеді. Осылай жар салғанда сол пайғамбардың өзі болуды, тарихи істерді, харакетті аңсады. Аңсаған мұраты іске аса ма, аспай ма? Оның «мен жастарға сенемін» дегені, өзіне де сенгені еді. Сондықтан елі, алашы үшін ерлікке өзін жастайынан шыңдады, қажет болса, басын құрбандыққа шалуға әзірленді.

Шындық өмір көкейіндегі арманға жеткізбей қинады. Оған жас ақын жасыған жоқ. Өмір талаптарына қарай өзгеріп, есейе түсті. Шығармагерлігінің бірінші кезеңінде Мағжан поэзиясының лирикалық тұлғасы балаң көрінбейтіндігі сол себепті. Ол сегіз қырлы, бір сырлының нақ өзі болып қалыптаса бастаған. Лирикалық тұлға әлденеше типтес: ағартушы, демократ, күрескер дәрежесіне дейін өсіп жетіледі. Сонымен бірге бұл — бітімі дара тұлға. Айталық, ағартушылық идеяны бірте-бірте өзі «менінің» жүрегінен, жан драмасынан өткізу арқылы өрнектеуге төселді.

Қайсыбір ақын алғашқы өлеңдерінен безіп кетеді. Орыстың ұлы ақыны Некрасов алғашқы жинағын жинап алып өртеп жіберген. Бұл, әрине, Некрасовтың міні емес. Өзіне талап қойғыштығы. Ал Мағжан «Шолпан» жинағындағы өлеңдерін келесі жинақтарға енгізіп отырған. Өзіне талап қоя білмегендігінен емес. «Шолпан» үмітті ақтаған жинақ. Жинақтағы өлеңдер уақыт биігінен жеңілдік беретін өлеңдерге жатпайды. Лирикалық тұлға бізге қазір тіптен етене жақын бауырындай сезіледі. Біздің көңіліміздегіні тауып сөйлеп, жанымызды ерітеді, байытады.

Жас мемлекетіміз, қиналыста, арпалыста туып жатқан қоғамымыз бір ғана қайнардан — тәуелсіздік сезімінен қуат алып тұр. Міне, осы тұста біз Мағжан поэзиясының ұлтына деген мәңгілік махаббатымен кездестік...

ДАУЫЛДЫ ЖЫЛДАРЫ НЕМЕСЕ АЛЫНҒАН БИИК

«Жоқ іздеп тап!»— дедің сен, таппадым ба?
Сен: «Айға шап!»— дегенде, шаппадым ба?
Не керек! Бар бұйрығыңды орындадым,
Сұм жүрек, сол қызметімді ақтадың ба?

Мағжан. «Жан сөзі».

Ресей тарихындағы 1917 жыл бүгіндер қалай бағаланып жатса да, бір ерекшелігі даусыз. Дүниені астын-үстіне келтірген қос орыс төңкерісі, Ақпаны мен Қазаны барысында ұлан-байтақ елдің түкпір-түкпіріне дейін қалың еңбекші бұқара дауылды күнгі теңіз толқынындай көтерілді. Одан қиыр шет саналатын қазақ елі де сырт қалған жоқ. Бір жыл шамасы ғана бұрын, 1916 жылғы халық көтерілісінде бақайшағына дейін қаруланған патша отаршыларына құр сойылымен тап берген қазақтар еркіндікке еселенген жігермен ұмтылды. Бұл да өз алдына зор хикая. Ол хикаяны шертушілерден талай қызықты жайларды кезінде естігенбіз, оқығанбыз. Солардың бірі жазушы Ғаббас Тоғжанов «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы» кітабында (Мәскеу, 1926 жыл) әрдайым ұлтшылдарды ілмелеп, кекесіндеп отырса да, сол бір кездің қайталанбас тынысын әдемі жеткізген тұстары бар.

«Февраль таңы болды,— деп жазады Ғаббас Тоғжанов аталған кітабында,— Қазақ оқығандарының ұлтшылдық сезімі бұрынғыдан да күшейді. «Теңдік, Хұррият» деп ел мәре-сәре болды... Қазақ даласына сайлау шықты. Күнде жиылыс, күнде сайлау, күнде сөз. Бұрынғы пара беріп жүргізетін сайлау қалды. Парақор болыстар, байлар түсірілді. Парақор емес, «ұлт қамын» ойлайтын жақсы байлар сайланды» (Аталған кітап, 44-бет).

«Теңдік, бостандық» деп (Хұррият — парсы сөзі. Бостандық деген мағына береді) «Алаш» туының астына жиналғандардың жуан ортасында Мағжан да жүрді. Ғаббас Тоғжанов жоғарыдағы сөзін жалғап бұл туралы былай дейді: «Тілегені болып, Мағжан да қарық болды. Азаматтың бірі болып ұлт ісіне кірісті» (Сонда).

Уақыт дегенді қойсаңшы. Бір кезде ұлтшыл десе, қазағының қамында жүрді десе, оқыған кісіні қалтыратып, құлаққа кісі өлтіргендей болып естілетін, НКВД протоколы үшін жазылған сөздер бүгіндер мүлде керісінше естіледі. Мағжан құбыжық көрінбей, ердің ері көрінеді. Мағжанның ұлт тағдыры шешіліп жатқан тұс-

та: «Мен ақын едім, музаға берілем, істің немен тынарын бақылаймын»,— деп жатып алмай, ұлт ісіне тікелей араласуы, уезд-уезді аралап, сайлау өткізуі, қазақ комитеттеріне сайлануы — бәрі қылмыс емес, еліне сіңірген ақ тер, көк тер еңбегі екені рас та еді ғой.

Сыншының Мағжанды өлең жазуға қолы тимеді деп мұқатуында шындықтан қанша мысқал бар? «Ол белсеніп ұлт ісіне кіріскені сонша, 1917 жылы бір ғана «Жаралы жан» деген өлең жазыпты»,— дейді Ғ Тоғжанов. Бұның қаншалық рас-бұрыстығы бізге әзір бимәлім. Кей өлеңі «Тез барам», «Жаралы жанмен» тақырыптас, рухтас. Ал өлеңді шынында да тым аз жазса, белсенділігінен қолы тимей ғана аз жазбаған болар. Қай оқиға болсын, алды-артын бағдарлап алмай, әсерленбей, төтеден қойып кететін ақының Мағжан емес-ті. Ақынның бір ірі оқиға жайында жазғандарын байқап отырсаң, ол көп ойланып, толғанатынын, көкірегінде тоқығанына әлдебір бейне я символ таппай, өлең жазуға кіріспейтінін аңғару қиын емес.

Мағжан жаңа заманнан теріс айналған жоқ. Көрген-білгенінің бәрін шындық тезіне салды. Жүсіпбек Аймауытов 1924 жылы 16 мамырда Мағжанға жазған хатында: «Ең ғажабы өлеңнің өтірігі жоқ»,— дейді. Жүсекеңе ғажап көрінетіні — шындықты жазу. Мұны оқыған енді бізге қайран қалмасқа амал жоқ. Сол кездегі қазақ өлеңінде шындықты жазған бір кісі болса, оның өзі сенсация көрінсе, дүниенің өтірікке, жалғандыққа қаншама толып кеткенін мөлшерлеу қиын емес шығар...

Мағжанның ұлылығы — ол шындықтың көзін жазбай тапты. Қағазға бедерлеген сөзінің салмағын сорлы халқының пайдасын таразылайтын безбенмен өлшеді. «Жаралы жан» өлеңі осы айтқанға дәлел типтілік шығарма. Өлең қазақ халқының төңкеріс қарсаңындағы хал-жайын бейнелі түрде сараптайды. Қазақ — жаралы жан, Құба жолда қансырап жатыр. Бұл бейне ақын жүрегінде неліктен туғанын білгісі келетін кісі алысқа ұзамай-ақ 1916 жылға көз жіберсін. Көтеріліс қазақты бір есеңгіретуін есеңгіретіп жіберді. Жүздеген мың қазақ оққа ұшты, елдерін тастап қашты. Босқындар тізімін Ресейде бастаған ешкім де емес, қазақтар. Босқын болмағанда ше? Қазақтар бірден құрулы қақпанға түсті. Олар сойыл-шоқпарларын, найзасын кезеніп атқа қонғанда — орыс патшасы әскерлері және 1914 жылдың өзінде-ақ әбден жарактандырылып қойған орыс казактары мен

қоныс аударушы кулактар мұздай әзір тұр еді. Ахаң мен Жахандар «Қазақ» газетінде байқас болуға шақырғанда осыны сезіп білді ме екен?— деген де сұрақ туады. Амал не...

Онсыз да жер-суының көбінен дерлік айрылып үлгірген қазақтар Столыпин реформасынан кейін мүлде титықтады. 1916 жылғы көтеріліс отаршылардың отына май құйды. Қытайға қашқан қазақтардың жерлерін, үй-күйлерін келімсектер көзді ашып-жұмғанша басып алып отырды. Мұндай өлімші халдегі халық, әрине, шындықты сүйетін ақынның көзіне жаралы жанды елестетті. Ондай қансыраған, бұ дүниемен қош айтысуға ыңғайланған жанға:

Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан,—

көрінбегенде қайтеді? Кейін ақынды қасиетті даламызды кебінге, өлікке теңеді деп талай даурықтық. Енді бұл — жаралы жанның көзімен көрген бейне, ендеше шындық демеуге хақымыз жоқ.

Енді ең шешуші сұраққа келейік. «Жаралы жан» 1917 жылы жазылса, онда революция туралы айтылмауға мүмкін емес. Айтылғандай жағдайда лирикалық каһарманның революцияға қатысы қандай?

Бұл сұраққа жауап сол,— «Жаралы жанда» революция, бостандық деген сөздер кезіге қоймағанмен, әлдебір өзгерістің болғаны айқын білдірілген. Тіпті әлдебір емес, нақтылы істер жүзеге асқан. Азап тоқталады. Лирикалық кейіпкер «тілегім орындалды!» деп шексіз қуаныш үстінде. Сонымен бірге 1917 жылғы ақпан революциясы Мағжан үшін әлі шешімі табылмаған жұмбақ тәрізді. Бұған сенесің. Себебі ақпан революциясын қарсы ала отырып, оның былайғы барысына күмәнданушылар Ресейде ол кезде жалғыз Мағжан емес болатын.

Берді тәңірім тілегім,
Қуан енді, жүрегім!
Не періште, не ібіліс
Келеді ұшып — керегім.
Сауытты оң жақ қолыңа ал,
Сауытта ұрмақ суы бар!
Әйтеуір азап тоқталар,
Не тамұқтың уы бар.

Революцияға қуанасың. Бір өзгерістің жасалуында шек жоқ. Бірақ сол өзгеріс қазаққа қалай тиімді?

Осы тұста Мағжанның назары қазақ оқығандарына ауады. Оларды сын сағатта халқына жәрдем беруге шақырады. Жаралыға жан бітіретін ұрмақ суы солардың қолында сияқты. Мұның астарында сол кезде өріс алған алаш қозғалысына үндеу бар тәрізді. Ақын бар салмақты соларға салады.

Бұдан байқалатыны — ақын позициясы әлі бұлдыр. «Тез барам» өлеңінде де солай: лирикалық қаһарман тұлпарына мініп, қолына ту алып, қан майданға аттанбақшы. Бірақ ол кімнің туы, қай майданға аттанады? — бұл жағы ұшталмаған. Осы жерде Мағжанның түрмеде жатып тергеушіге: мен ол кезде сахнада не болып жатқанын түсінбеген көрермен сықылды едім, — дегені еске түседі.

Ендігі бір топ өлең «Жел», «Сағындым», «Түс» деген туындылар. Бұлар, Ғ. Тоғжановтың топшылауы бойынша, 1918 жылдың бірінші жартысында, Мағжан Үш жүз партиясы Орталық Комитетінің шешімі бойынша түрмеге қамалған кезінде жазылған шығармалар. Өлеңнің тақырып, мазмұны сыншы топшылауының дұрыстығын көрсетеді. Тек бұған мәні жағынан төркіндес «Тілегім», «Сарғайдым», «Қараңғылық қоюланып келеді», «Анама» өлеңдерін қосуға керек.

Түрмеде оптимистік өлең туындамайды. Дегенмен Мағжанның абақтыда жазған өлеңдерінде қазақ поэзиясына бұл кезеңдерде мықтап орныққан нақтылы адам тұлғасы толық сақталғанын айту қажет. Ол — рушылдық санадан көтеріліп, ұлттық сана өресіне жеткен, ойы өз ғасырының ой деңгейіне дейін өскен азамат, қоғам қайраткері. Мағжанның поэзиясындағы лирикалық кейіпкер не ақынның авторлық тұлғасы — «мені», міне, осы кейіпте көрінеді. Айталық, «Сағындым» өлеңінде қабырғасы қара тас үйге қамалған жанның ащы даусы ғана естілмейді. Өлеңнен «Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!» дейтін саяси тұтқынның, саналы күрескердің жігерлі үні құлаққа анық шалынады. Ол елі-жұрты үшін құрбандыққа баратын жанқиярлық ерлік рух танытады. «Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер» деп ілгеріге көз тастайды. Халыққа қарсы шоқпар көтерушілердің жазасы табылады, «сырың берме, сабыр қыл» деп өз ісінің әділдігіне берік сенім білдіреді.

Осындай қайтпас қайсар рух Мағжанның бұдан ке-

йін іле-шала, 1918 жылдың екінші жартысы мен 1919 жылдың үлесіне тиетін, елдегі орасан зор өзгерістерге байланысты жазылған өлеңдеріне де тән. Бұл уақытта жазылған өлеңдерге Ғ Тоғжанов Мағжанның «Мен жастарға сенемін», «Бостандық», «Тілегім», «Мешіт һәм абақты», «Төбет», «Жауынгер жыры» өлеңдерін жатқызады. «Тілегім» өлеңі осы тақырыпта екі дүркін жарияланған. Біріншісі — «Шолпан» жинағында жарық көрген. Әйел теңдігі мәселесіне арналған. Соңғысы, сірәде, абақтыда отырып жазылған болуға керек. Яғни 1918 жылдың бірінші жартысында. Олай деуге себеп — өлеңде абақтыда отырған кісінің көңіл күйі бейнеленеді. Тақырыбы емес, мазмұны жағынан қарағанда «Мешіт һәм абақты» Мағжан Жұмабаевтың түрмеден босанған, бірақ қапастың ауыр әсерінен әлі арылып үлгермеген кезін елестетсе керек. Өлеңде идеяны тасқа қамап ұстай алмайтының хақында ой айтылады. «Қиялды ұстап жаптым» деу ақымақтық дейді.

Мағжанда «Төбет» деген атпен де екі түрлі өлең жазылған. Біріншісі — жеңіл сықақ шығарма, он екі жолдан тұрады. Өлеңде адам мінезіндегі кей келеңсіздік түйреледі. Төбет итті алжыдың деп кінәләйтын бәйбіше ақыры өзі алжыған болып шығады.

Ал қырық сегіз жолдан тұратын ұзақ өлең «Төбет» — мысал шығарма.

Жабыны тұлпар қылам деп,
Қарғаны сұңқар қылам деп,
Талайдың ісі шала ғой,—

деп, теңгермешілік идеясына қарсы тұрады.

Осы шығарма және «Мен жастарға сенемін», «Жауынгер жыры» жөнінде — бұлар 1918—1919 жылдары жазылды деген Ғ Тоғжанов пікіріне қосылуға болады. Мазмұны сол кездегі жорық рухына сай. Ал елінің, жерінің намысы үшін тәуекелге бел байлап, жанын пида етуге даяр жастар қасиетін жырлау, мадақтау жағынан қарағанда, бұлар біздің уақытымызда да шырқатып айтуға тұрарлық шығармалар. «Мен сенемін жастарға.// Алаш атын аспанға// Шығарар олар бір таңда» десек, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы еске оралып, ақын сәуегейлігіне ден қоймасына лажың калмайды.

«Бостандық» өлеңі Мағжанның 1923 жылғы Ташкен жинағында «Сібірде 1918 жылы реакция дәуірінде жазылғаны» арнайы ескертілген. Басқа өлеңдерінің бірінің

де қай жылы шығарылғаны көрсетілмеген. Ташкен жинағына «Мағжан өлеңдері туралы бір-екі ауыз сөз» кіріспе жазған Сұлтанбек Қожанұлы: «Қай өлеңнің қай жылы һәм қай шарттарда жазылғандығын көрсете» алмауын баспа тарапынан түзей алмаған кемшілігіміз деп ескертеді. Ал енді «Бостандық» өлеңі қай жылы, қай жерде жазылғанын арнайы ескертуіне қарағанда, Мағжан бұған ерекше мән берген секілді. Ақынның мұнда айтайын дегені — мен Қазан революциясына қарсы емеспін, мен Қолчакқа қарсымын, өлеңді Қолчактан монархия иісі аңқыған соң жаздым дегені. Осыған қарамастан Мағжанның бір алуан сыншылары, солардың бірі Ғаббас Тоғжанов «Бостандық» өлеңін Қазан төңкерісіне «тіл тигізгендік» деп тұжырады. Осының қайсысы дұрыс? Біздіңше, шындық өлеңнің авторы жағында.

Біріншіден, өлеңнің жазылу мерзімін алыңыз. Ғ. Тоғжанов «Бостандықтың» Сібірде Қолчак қоқандай бастаған кезде, «қазақ ұлтшылдарына «автономия» дегенінді қоя тұр» (48-бет) деген уақытта, «ұлтшылдар қатты сасып», «февральдан айырылып қаламызға» ұшырағанда жазылғанын теріске шығармайды. Сөйдейді де өзіне-өзі қарсы шығып, Қазан төңкерісін «сасық», «сайтан» дейді деп көрінеу теріс қорытынды жасайды.

Екіншіден, өлеңде Ақпан я Қазан төңкерістері деген сөздер атымен жоқ. Әңгіме солардың нәтижесі — бостандық жайлы Бостандық мифологиялық бейнеде суреттелген. Дегенмен өлеңде шындық дүние келбеті көмескіленбеген. Не туралы сөз болып отырғаны айқын.

Кызыл қанға мас болып,
Жүрегі қара тас болып,
Айрылып естен адамзат

тұрған кезде көк есігі ашылып, жұмақтың ізгі елшісі, ғарыш нұрлы жүзі бар, кәусәр жібек сөзі бар, әдемі алмас қанатты Бостандық жерге ұшып келеді.

Бұл көркемсөз кестесін публицистика тіліне аударсақ, әңгіме 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейінгі ірі ірі оқиғалар туралы болып отыр. Дүние жүзін қан сасытып жіберген империалистік соғыс толалар емес. Уақытша үкімет халық үмітін ақтамады. Соғыс өртін басуы былай тұрсын, асқындырып лаулатып жіберді. Міне, осы уақытта социалистік революция жеңді. Бейбітшілік ұранын көтерді. Бұл жарқын сөзге қуанысып күліскен, әрине, өмірінде сәуле көрмей зар шегіп жүрген «Аш-жала-наш сорлылар» еді.

Алайда «қыбырлаған қоңыздар, қорсылдаған доңыздар» бір сәттен соң қайта бас көтерді. Бостандықты елемей, баяғысын бастады. Қасиетті қонақтың ақ қанатын кірлетті. Енді қоймасаңдар Бостандық қайта Ғарышқа ұшпаққа қанатын қомдап тұр,— деп аяқталады өлең. Осынау шақ және кейіндер Бостандық идеяларының қаншалықты өрескел бұрмаланып, аяқ асты етілгенін еске түсірсек, шығарманың мән-мағынасы зор екендігіне көз жеткіземіз.

«Бостандық» өлеңінде Мағжан бұл ұлы ұғымға нақты нені енгізетінін анықтап айтпайды. Бірақ бұған дейінгі 1917—1919 жылдары жазылған және 1924 жылға дейін жарық көрген басқа туындыларының (мәселен, «Жолдасқа» өлеңінің идеялық-эстетикалық мағынасына үнілсек), Мағжан шығармагерлігінің екінші кезеңінде бостандық жөніндегі түсінігі бойынша ұлттық шеңберден аса алмағанын көреміз. Ақынның бостандықты көксеуі — ұлтының бостандығын көксеуі. Кедей атаулыны байлардың қанауынан босату емес. «Жолдасқа» өлеңінде ақын «Бұзылмаған қордамын, // Бөле алмассың таптапқа, // Тапсыз бүтін бір елмін» деп қызу айтыс үстінде өзі «Шолпан» жинағында көрсеткен әлеуметтік жіктерден айырылып қалады. Мағжанның ойын түсінуге болады. Ол қазақтарды бай-кедейге бөліп, бір-бірімен қырқыстыру, тап күресін өршіту ұлт-азаттығы қозғалысына зиян келтіреді деп есептесе керек. Әйтпесе «Бостандық», тағы басқа өлеңдерінде ол «Аш-жалаңаш сорлыларды» естен шығарып отырған жоқ.

Әр ақынның өлеңін оқығанда тек тақырыбын, не айтқысы келгенін ғана емес, сол тақырыпты қалайша зерттегенін, сол үшін тандап алған әдісін қарастыруымыз керек. Тақырыбы ғана жаңа болып, әдісі көне шықса, ондай шығарманы оқып жарымайсың. Өйткені сағалайтыны бәз-баяғы сарыжұрт әңгіме, өрісінді кеңейтер жаңалығы жоқ.

«Бостандық» өлеңі тақырыбы және суреттеу әдісі жағынан қазақ поэзиясында бұрын-соңды кезікпеген құбылыс. Ақын өз уақытының өзгерістерін жіті қадағалайды. Адамзат болашағына бастайтын бір жақсылық жаңалықтың, әдеміліктің, ақ сәуленің сызатын көргендей болады. Ақын жүрегіне сол «жұмақ нұры» «кәусар жібек сөзі бар» алмас қанат періште бейнесінде орнайды. Мұның да өз сыры бар. Ақынның жырлайтыны өз жан

әлемі десек, бүгінгіден келешектің нышандарын көрген адамның өзі жаңа адам, жаңа жүрек.

«Бостандық» өлеңінде Мағжан жаңа өріске шықты. Әдісі символизмге ойысты. Тақырыбы бұрын-соңды қазақ поэзиясы жайламаған өріске шықты. Ол — Күншығыс, түрік тақырыптары еді.

МАҒЖАН ЖӘНЕ ТҮРКІ ТАҚЫРЫБЫ

Сәбит Мұқановтың мына сөздері рас сөз:

«Мағжан шынында түрікшіл емес. Оның түрікті «бауыр» кылуында, өз мақсатына сәйкес ойы бар. Біз жоғарыда Мағжан қазақтың ескі күнін көкसेгенде, баяғы хан дәуірін қайта орнатпақ емес, қазіргі қазақтың көзіне ескі, еркін өмірін елестетіп, басын көтертпек. Басын көтертіп алғаннан кейін бөлек республика құрмақ дедік. Мағжан «түрік» деген сөзді белгілі мақсат үшін ғана керек қылды. Түріктің ерлігін айта кеп, қазақты отаршыл үкіметке қарсы қайрап алғысы келді»¹

Мағжанға бейне бір кінә арқалату үшін жазылған бұл сөздер бұрын да екіұшты естілетін. (Сәбеңнің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабының ондаған жылдар бойы кітапханалардың құпия қорында құлыптаулы жатуының бір себебі сол да шығар). Қазір қайта тексергенде талас жоқ: отаршылдыққа қарсы шындайтын өлең...

Түрік тақырыбы Мағжан поэзиясында, Жүсіпбек Аймауытов пен Сәбит Мұқановтар айтқандай, ертерек, сонау «Ғалияда» оқып жүргенде басталған. «Шолпан» жинағына 1912 жылдың өзінде енгізілген «Орал тауы» өлеңіне қарағанда, бұған шәк келтіре алмайсың. Бұдан кейінгі уақытта қосылған өлеңдер: «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзіне», «Қазақ тілі», «Тез барам!», «Түркістан», «Тұранның бір бауында», «Орал» т. б.

Мағжан поэзиясында түрік тақырыбының тууына әлденеше себеп бар. Ең бастылары, жаңағы Сәбеңнің сөзімен айтқанда объективтік жағдайға байланысты: отаршылдыққа қарсылық, ұлттар бостандығы мен теңдігі үшін күрес. Мағжан «Түркістан» атты өлеңінде «Түркістан — ер түріктің бесігі» десе, бұл идея бас кезінде Кеңес өкіметі тарапынан қарсылыққа кездеспеген,

¹ XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 224-бет.

белгілі дәрежеде тіпті қолдау тапқан. Түркістан халықтары автономиясын құру қажеттігін 1918 жылғы 22 сәуірде Түркістан Советтерінің Ташкендегі V съезіне жіберген жеделхатында В. И. Лениннің өзі қолдады¹

Бұл кездерде Түркия халқы, елі шет ел интервенциясына қарсы жанқиярлық соғыс жүргізіп жатты. Түріктердің ұлт-азаттығы қозғалысын РСФСР, жас Кеңес өкіметі барынша қолдады, моральдық қана емес, материалдық көмек (алтындай 10 миллион сомнан астам) көрсетті. Қару-жарағымен бөлісті. Түрік ұлт-азаттығы қозғалысының көсемі Мұстафа Кемаль-пашаның атағы жер жарды. Ол кеңестік баспасөздің, қоғамдық пікірінің ең сүйкімді қаһармандарының біріне айналды. Қазақстанға келсек, мұнда бұрын да түріктерге іш тартатын дәстүр бар-ды. Сәбеңнің жазуында, түрікке іш тартатын аңыздар Қазақстанда отызыншы жылдардың басына дейін сақталып келген (XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 222-бет). Түрікке қазақ байларының ...ынтасы құлағаны сонша, — деп жазады ол, — балаларына Әнуәрбек, Талғатбек, Мұстафа, Кәмәл, Жамалбек, Сұңғатбек сықылды түрік патшаларының аттарын қойды. («Байлары» деген сол кездің жүндей сабаған сөзінің бірі ғой демесең, мұндай есімдердің басқа да қазақтарға қойылғаны белгілі.) Әнуәр пашаны ертедегі Бабағұмар секілді сиқыршы, айлакер, онда адамзатқа бітпеген күш бар деген аңыз тараған т. т.

Міне, осындай жағдайда түрік дегенге қазақ зиялыларының да бүйрегі бұрды. Мағжанның «Алыстағы бауырыма» өлеңінде «шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны» деген сөздер түріктер азаттығы жолында шайқасып жатқанда туған деу керек. Мағжан өлеңін түріктерге ата мирас алтын тақ Алтайға қайт — деген үндеумен аяқтайды. Әрине, мұны тура мағынасында түсінбеуге керек. Түп-тамыры бір түрік ағайынға ынтымақтастық сезімін білдіру десек, ақын ойын дұрыс түсінген болып шығамыз.

1920 жылы сәуірде түріктер басқыншыларды ойсырата жеңіп, Түркия республикасы тәуелсіздігі туралы декларациясын жариялады. Бұл жеңіс қазақты да қуантты, жігеріне жігер құйды. Жеңіс лебін Мағжанның «Түркістан» өлеңінен айқын аңғарасың. Өлең лириканың дифирамб үлгісінде жазылған. Түріктердің тари-

¹ Қараңыз. ПСС, т. 50, с. 63.

хы батырға, ерен ақынға толы. Олар кезінде дүниені тітіренткен. Түріктердің өзен-суы, тауларына дейін ғажап. Осы керемет өлкенің қаһармандық тарихын айналдырған жиырма бес шумақтың аясына сыйғызып жіберген ақынның шеберлігін, шеберлікке қоса ғұламалығын айтсаңызшы. Бүкіл тұран елі тарихын алақанға салғандай ғып әдемілеп айтып беріп отыр. Сол тарихына көкірегі мақтаныш пен мақсатқа толып, шаттанған ақын енді қазағына бұрылып:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасканда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

дейді. Бұл ежелгі түрік отаны — Алтайды еске алғандық қана емес. Көркем сөздің астарындағы ой — осы ерлікке, осы ақындыққа, осы шалқар байлыққа ендігі пенің бірі, сен, қазағым, деп өлеңнің жігерлі, екпінді, тасқынды бітімімен ұластыра отырып, рухтандырады.

Мағжан поэзиясының тақырыбы тарам-тарам өзендерді елестетсе, қазақ елінің тағдыры сол өзендер жамырай құятын айдын теңізді көз алдыға әкеледі. Түрік тақырыбы да осы ережеден ауытқымайды. «Орал тауынан» бастап, кейіндер жазылған «Оралға» дейін бәрі айналып келіп қазығын тапқан ат сықылды қазақ тағдырына тіреледі, соны күйттейді. Біресе бұл — ақыл іспетті: «Қосылып, батыр түрік балалары, // Таптапта, жолын кесіп, тізгінге орал» — «Орал тауы». Біресе қазақ атынан сөйлейтін лирикалық кейіпкер өзін-өзі қайрайды, белді бекем бууға ант-су ішеді: «Бір барпылдақ жалпылдаған төбеттен // Қорқар болсам, жұтсын мені кара жер!» — «Жер жүзіне». Тағы бірде өлең пафосы тілекке, үндеуге орайлас: «Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа // Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!» — «Қазақ тілі».

Осы циклдің қорытындысы секілді өлең бар. Ол — «Тез барам!» туындысы. Қорытынды деуге дәлел — бұл өлең жоғарыда сөз етілген идеяның бәрін бойына дарытқан кейіпкер атынан сөйлейді. Ол: «Тазартайын Сарыарқамның топырағын» деп жар салады. Бұның басқа лирикалық кейіпкерден өзгешелігі, ол — атқа қонып үлгірген қайраткер — нақтылы мақсаттың және нақтылы істің иесі.

Мағжан ақынды боркемік, жылауық, жасық санай-

тындарды мен түрік циклін оң көзімен дұрыстап оқымағандар санатына жатқызар едім.

Отызыншы жылдарға таман Кеңес Одағында түрік мәселесі тәрік етілді. Одан бұрынырақ Түркістан автономиясы ыдырады. Мұның тарихы империялық сананың аяр залымдығына құрық бойламайтындығын дәлелдейтін материал дер едім өз басым.

Түрікшілдікті мансұқтау Ресей көлемінде соншама елей қоярлық еместей фактіден басталды. 1920 жылдың 20 ақпанында Ташкент шаһарында Түркістан Коммунистік партиясының V өлкелік конференциясы ашылды. Конференцияда Түркістан Советі Атқару Комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұлов баяндама жасап, өлкенің ұлттық құрамына сәйкес партия ұйымының атын өзгертейік, сонда коммунист-мұсылмандардың революциялық процестегі рөлі күшейеді, ал өлке атын нақтылай түссек, нұр үстіне нұр — шетелдік Шығыс халықтарының Кеңес Одағына деген ілтифаты арта түседі, деді. Сөйдей келе оқыстан ұсыныс жасады: Түркістан Компартиясы бұдан былай түрік халықтарының Компартиясы, ал Түркістан — Түрік кеңестік Республикасы аталсын, деді.

Түрік халықтары бірігіп кетсе, мұның салдары қандай болмақ? Міне, бұл жерде Москва қатты ойланып қалды. Қызыл кеңірдек айтыс көбейді. Шымқай белсенділер әр түрлі лақап таратты, шовинистік пиғылдарды қоздырды. Біреулер азияттар орыстарды Түркістаннан шеттеткісі бар деп даурықты. Тағы бір желөкпелері сонау Қара теңіздің арғы жағындағы Түркияға Орта Азия мен Қазақстан қосылғалы жатыр екен деп дүрлікті. Ақыры іс насырға шауып, «пантюркизмге» жорық жариялаған науқан бас көтерді. Онсыз да үстінен таяқ түспей жүрген Мағжан «түрікшіл» деген атаққа тағы қалды.

Ақын жүрегіндегіні жазады, жанынан бос ештеңе ойлап таппайды. Мағжан түрікке «алтыстағы бауырым» деп үзілсе, басқа бір халықтарға жаулық сағынбаған. Езілген ұлттардың мүддесін жоқтаған.

Мағжан Жұмабаев әдебиетімізде тұңғыш рет жекедара өзі көтерген түрік тақырыбының халықаралық маңызы өте-мөте зор. Бүгіндер тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ елі Түркиямен тіл табысып жатса, осынау мәртебелі істе, абыройлы жолда Мағжан еңбегі ұмытылмауға тиіс. Бір кезде ақын түрік ағайындарымызға: «Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта, //Қайғыдан қан

жұтамыз...» десе, енді, шүкіршілік, жағдай күрт өзгерді. Ерікті елдер неліктен зарламақ? Қуанышымыз қойнымызға сыймайды десек, шындықтың үстінен шыққанымыз. Ендігі арман — о жақтағы, бұ жақтағы сол қуанышымыз ұзағынан болғай!— деп тілейсің. Тілейсің де, сол азаттық алған майрағай-тайрағай шат-шадыман шаққа жете алмай кеткен, бірақ сол үшін жан-тәнін пида еткен боздақтарды тағы да күрсіне еске аласың.

МАҒЖАН ЖӘНЕ КҮНШЫҒЫС

Опалаң-топалаң заманның беталысын халқының пайдасына пайдалану ол кездегі қазақ зиялыларын барынша қам көңіл етіп жүрген мәселе. Ресейдегі төңкеріс тасқыны бір жағы ұлы Қытай қорғанынан асып төгіліп, сонау Үнді қиырына жеткеніне, мұндағы халық бейне ертектегі алыптай ыңыранып қозғалып, буырқанып, бұрқана бастағанына олар, сөз жоқ, қуанды. Бар үмітіміз Батыста, Мәскеуде деп ант-су ішкеннен пәлендей ештеңе өнбеген соң, қазаққа орыс демократтары дейтіндерден қайыр жоқ екеніне көздері жеткеннен кейін оқығандарының ендігі назары Шығысқа аударылуы табиғи нәрсе. Мағжанның осы орайда есіне түскені өзі соңғы жылдары мұқият зер салып жүрген орыс символизмі өкілдерінің бірі Д. С. Мережковскийдің сонау ХІХ ғасырдың аяқ шенінде жазылған «Түн перзенттері» (1894) атты өлені.

Устремляя наши очи
Не бледнеющий Восток,
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли наш Пророк,—

депті Мережковский. Бұл шумақты Мағжан «Пайғамбар» атты өлеңіне эпиграф етіп алады. Мұндағы мақсат — шығарма тақырыбына сілтеме жасау ғана емес. Эпиграф Күншығыс идеясының әлемге кең тарағанына айғақ есебінде де келтірілсе керек. Айырмасы — пайғамбарлары әр басқа. Орыс ақыны Шығыстан Христосты, яки АЙСА пайғамбарды күтсе, Мағжан Күннен туған Гун келеді, деп жар салады. Гун,— деп арнайы ескертеді Мағжан,— түріктің арғы атасы. Ол Күн — батыстағы «қанды шуды» басуға келеді. «Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!» деп жар салады.

Жиырмасыншы жылдардың солақай сыншылары

Мағжанның «От», «Пайғамбар», «Күншығыс» өлеңдерінен ұзақ үзінділер келтіре отырып, ақын төңкерісті теріс суреттейді деген қорытынды шығарады. «Бостандық» өлеңінде Мағжанның төңкерісті алмас қанат періштеге теңегені, жағымды құбылыс етіп бағалағаны ескерусіз қалады.

«От», «Пайғамбар», «Күншығыс» өлеңдерінен тап басып: «мынау — қызыл», «мынау — ақ» деп таптық принципке сай жіктеген ұғымдарды кездестірмейсіз. «Төңкеріс», «революция» деген сөздер атымен жоқ. Жоқ нәрсені ақынға қалай таңғанына қайран қаласың. Ақын «түн баласы», «Күнбатысты қараңғылық қаптаған», «Қысық көзді Күншығыс» деген ұғымдарға қандай мағына сыйғызған? Бұл үшін оған арналған, бірін-бірі толықтырып тұратын өлеңдер циклімен түгел танысып шығуымыз керек. Әр сөзді суыртпақтап жеке тартпай, циклдің идеясын толығынан алғанда ғана қап-қара түн ішінде өңшең соқыр алдында «Ентелеген кәдімгі Иван есалан» деген символистік жұмбақ жолдардың байыбына барғандай боламыз.

Дүниежүзілік поэзияда Батыс пен Шығыс тақырыбы бұрыннан бар-ды (мысалы, Р. Киплинг поэзиясында). Д. Мережковский, В. Брюсов Батыс, Шығыс туралы идеяларды символистік поэзия пішінінде дәріптеді. Мағжан болса, негізінен өз жанының сырын ақтарғыш, не оқынға өз қатысын білдіріп отыратын ақындарға (Бальмонт, Блок) еліктеді. Жұрт көкейінде жүргенді кілтін тауып әдемі бейнелейтін Мережковскийге ақындық табиғаты тым жақын емес-ті. Бірақ Батыс пен Шығысқа байланысты өлеңдерінде Мағжанның сол Мережковскийге көбірек ден қойғанын байқаймыз.

Қазақ ақыны ел зиялылары қатеріндегісін паш етті. Бір өзгеріс керек екендігін жұрттың бәрі сезінді. Ол өзгеріс қайтсе жасалмақ? Отарлардың ауыр күйі қайткенде жеңілдемек? Сөз жоқ, империяның жайы табылса ғана. Сонда қазақ елінің де көзі ашылады. Ал империяның іргесін шайқалтатын күш қайсы? Символист ақындар жауабын тарихтан іздейді. Символды өткен күннен табады. Өткен көне дәуірлерде дүниенің астың-үстіне келтірген күштер болған. Атап айтқанда, гундер. IV ғасырда күллі Кавказ, Европа, Балқашыңды ұлы қозғалысқа келтірген (великое переселение народов) көшпелі түрік тілді гундердің Баламбер, одан соң Аттила бастаған жоңықтары дүниені қайта қалғыратар символық

бейнеге әбден лайық. Сондықтан ақындар творчествосында бұл бейне кеңінен пайдаланылған. Орыс ақыны Вяч. Иванов «Топчи их рай, Аттила» десе, тағы бір орыс символисі В. Брюсов: әлемге қара бұлттай төнген гундар, қайдасындар? Келіндер, қиратындар, талқандандар мына есуас дүниені, мен сендерді гимн шырқатып, құтықтап қарсы аламын, дейді («Грядущие гунны»).

Мағжан еліктегеннің жөні солай деп, орыс символисттерінің ізіне түсіп жорта бермейді. Өз соқпағын табады. «Отты Әтилла, Баламір» мен едім, кезінде Әлпіңе (Альпи), Балқаныңа Алтайдан аттанып барған едім, қараңғылықты жойған едім деп, түркі тілді аталарының ерлігін өзі немденді.

«Түн баласы» қазақ ақынының өлеңдерінде сұмдық күнәкәр бейне. Ол Мұсаның тілін кескен, Айсаның қанын ұрттап ішкен, Інжілді өртеп, Құранды табанға басқан жын. Ойлайтыны — қарын кептеу ғана. Содан кейінгісі «қанды шу» жасау. Жап, рух бар-ау деген кәпіріне кетпейді. Бұдан ауыр қылмыс жоқ. Сол үшін көрсоқыр түн баласы тиісті жазасын алуы тиіс. Қалайша? В. Брюсов «Грядущие гунны» өлеңінде қыр, жой, қират, кітаптарын өрте, сарайын ойранда, қасынан шатырынды тік, патша тағының орнына шөп өсір дейді. Ал Мағжанның жауабы бұдан өзгеше. Қазақ ақыны қырып-жою, талқандау идеясынан бой тартады, адамгершілік, мейірімділік туын желкілдетеді. «Күншығыс» өлеңінде Ібіліске ерген есерлердің:

Күл қылайық қаласын,
Күл қылайық баласын,—

деп бір кетеді де, заматында райдан қайтып, мүлде өзгеріп, кілт бұрылып:

Жоқ, жоқ! Ашу басалық!

деп өзін тоқтатады. Сөйдейді де өзінің ақ жарқын жүрегін айқара ашады, адамгершіліктің биік шыңынан табылады.

Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын,
Мейірім есігін ашалық.
Мұңдарларды адасқан,
Айрылып естен шатасқан
Күншығыстың жоқ... а
Салайық, шетсің демейік,
Аямайық, көмейік,
Күншығыстың нұрына...,—

дейді. Сондықтан басқа халықпен бірге, «түн баласы» да Мағжан өлеңдерінде Күннен, Гуннен туған пайғамбарды жас төгіп күтеді.

Көріп отырғанымыздай, Мағжанның Күншығыс циклінен «енбекшілер төңкерісіне берген сыйы осы» (Ғ. Тоғжанов) деп кекететіндей дәнене таба алмаймыз. Ал «сый» туралы әңгіме қозғалған екен, онда айтарымыз бұл цикл Мағжанның, қазақ ақынының барша адамзатқа тартқан сыйы дер едік. Ол таптық принциптің тар аясында қалып қоймай, күллі адамзат жайын ойлайды, түнін күн етуді, сөнген жанарына нұр құюды армандайды. Жойымпаздықты емес, жасампаздықты көксейді. Ақын өлеңін символистік мистикаға, әлдебір тылсым күштерді бейнелейтін пішінге бөлесе де, бұл жарқын идея Мағжан циклінде айдан анық, дәлме-дәл, нақтылы сипат алады.

Жүсіпбек Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласында оның не себепті күншығыстың — Азияның ақыны болып, Еуропамен, Батыспен «араздасатынын» түсіндіреді. «Оның терең негізі бар: мәселен күншығыс халықтарын алсақ, бәрі де Батыстың, Еуропаның жемі, азығы... Міне, шығыстың осы қалпын ақын да білген, ойлаған. «Күншығысты Батыстың капитал бұғауынан азат ету керек» деген Кеңес үкіметінің ұраны ақынның жүрегіне жылы тиеді де, енді ол шығыс жалауына жабысады»¹.

Жүсекең «түрікшіл», «шығысшыл», «ұлтшыл» деп айып тағылып жүрген Мағжанды Кеңес өкіметіне бір табан жақындатқысы келетіні сол кездің жағдайына бақсақ, түсінікті нәрсе. Әрине, Мағжан өлеңдерінің аясы әлдеқайда жоғары. Жүсекең осы кітаптың Мағжанға идеясымен арқауланған. Мұның өзі Шпенглердің «Еуропаның сөнугі» атты кітабында қозғалған пікірлерден әлдеқайда жоғары. Жүсекең осы кітаптың Мағжанға қатты әсер еткенін жаза келе, қазақ ақыны «Батыстың мәдениет құлайды, мәдениеті «пайғамбары» Күншығыстан шығуға керек» деген пікірге келді, деп түйеді.

Бұған өз тарапымыздан қосатынымыз — Мағжан Күнбатыс пен Күншығысты шендестіргенде бір ғана мақсат көздеген. Ол — жаһанды жаңарту, адамзаттың пейілін жаңалау, көркейту. Бұған ақынның «Жер жүзін топан басса екен» деген осы циклге енетін тағы бір өле-

¹ Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 410-бет.

ні куә. Мағжан «шығыс», «батыс» деуді қойып, өлеңінде жер жүзін тұтас қамтиды. Топан суы жер бетіне қаптап, улы көбігін шашып, жанды, жансыз жоқ болып, бір өзім қалсам не істер едім дегенде, ол тағы ізгілікті ойлайды. «Заулап тұрған отымнан//Жаратар ем жаңа адам» дейді. Жаңа адам — Мағжан жобасында қала-даланы гүл қылатын адам. Өзін, ұлтын ғана ойлап қоймайтын, күллі адамзаттың мүддесін көздейтін жан.

СИМВОЛИЗМНЕН — РЕАЛИЗМГЕ

Төңкерістен кейін Мағжан ақын әр қилы күй кешті. Аумалы-төкпелі заман зардаптары, жастық жалын дәуреннің сәтті-сәтсіз хикаялары нәзік, тез жараланғыш ақын жанына оңай тиген жоқ. Осы тұстарда, дәлірек айтқанда, 1920 жылдың орта белінде жазылған «Жан сөзі» өлеңі айтылғанға бұлжымас дәлел. Ақын өз тағдырының қаталдығына мойын сұнғандай. Жүрегі социализм атын жамылғы еткен тирания тамұғын сезгендей алабұртады. Енді ол сол үрейлі де үркек, қайғылы да қатал сезімдерді бар реңкімен тап басып бейнелейтіндей форма іздейді. Іздей жүріп жоғын романтизмнің жаңа өскен жас бұтағы символизмнен табады.

Өткен ғасырдың аяқ шенінде дүние жүзі және орыс әдебиетінде декаденттік ағым күшейді. Оның көрнекті өкілдері — Батыста Стефан Малларме, Эмиль Верхарн Морис Метерлинк, Ресейде Константин Бальмонт, Дмитрий Мережковский, Федор Соллогуб, жас Александр Блок өз туындыларындағы жаңалыққа символизм атын қойды. Символистер ақиқат ауылын реалды дүниеден іздеу адасқандық деп жар салды. Олардың пікірінше, көркем шығарма шындықтың құпия сырын ашуға тиісті. Нәзік, қас-қағымда жалт етіп өте шығатын сезімдерді қағып алып, сөз кестесіне түсіре алсан, біліктің ар жақ бетіндегі бейтаныс тылсым дүниеден хабар алуың: әне, нағыз шындығың сонда, — дейді. Тағы бір шарты — жаңа сезімнің символын таба білу.

Бұл жаңа ағым қазақ поэзиясы топырағына қолайлы ма? Қазақ өлеңі қорынан сол сезімдерге тіл бітіруге мүмкіндік табыла ма? Мағжан шығармагерлігі екінші дәуірінің өлеңдерінен біз осы сұраққа жауап іздеген ақындық әрекеттерді аңғарамыз.

Мағжанның символикалық сипатта жазылған туындыларын негізгі бес топқа бөлер едік.

Бірінші, қоғамдық күштерді белгілі символикада бейнелеп, сол арқылы оқушы көңілінде тиісті әсер қалдыру. Мәселен, алмас қанатты періште бейнесіндегі Бостандық, Азаткер Гун, Керітартпа Түн баласы т. т.

Екінші топқа нақтылы өмірден мистикалық, әпсін, сиқырлы дүниеге ауытқу жайларын жазатын өлеңдер жатады. Лирикалық кейіпкер одан бірде сескенсе, бірде жайнап тұрған табиғаттан жын-пері іздеп, солармен сұхбаттасқысы келеді, ақыры «өлсем екен тұншығып» деген тілекпен бітеді.

Үшіншілері осыған жалғас өлеңдер. Мұхтар Әуезов «Октябрь өркені» деген 1957 жылы жазған мақаласында: «Мағжан өзінің көптеген шығармаларында махаббат сыршылдығын жырлаған ақын» екендігін айтумен бірге, өлеңдеріндегі декаденттік сарынды да атап өтеді.

Мағжанның ең жанашыр достары да ертеректе оған күйректілікке салынбауға кеңес берген. Ақынға: «Сен — қазақ әдебиеті көгіндегі күнсің» дей келе, кемшілігінді көреміз: «сен қиналасың, күніренесің, күйінесің, жылайсың... Біз сенен кеудемізге рух пен қуат құйып, дертімізден айқытыратын, бақытқа бастайтын сөз күтеміз» деген Жүсіпбек Аймауытов пен Молдағали Жолдыбаев бір хатында («Егеменді Қазақстан», 1992 жыл, 22 наурыз).

Бірақ әңгімені осымен доғаруға болмайтын сияқты. Өйтсек, Мағжан Жұмабаев — күйрек, пессимист ақын деген қорытындыға келуіміз сөзсіз. Ал ақын шығармаларын түгел шолғанда, бұлай деуге аузың бармайды. Оған тағы бір қиянат жасап алуымыз әбден мүмкін.

Сонда шындығы қайсы? Шындығы сол, күйректілікке бой ұру — Мағжан шығармагерлігінің екінші кезеңіне ғана тән. Оның өзінде де — бірқатар өлеңдеріне ғана. Кезеңнің аяқ шеніндегі өлеңдерінде жарқын сезім басым дер едік. Сонсоң символистік өлеңді тура мағынасында түсіну, байыбына бармай баға беру қателікке ұрындырады.

К. Бальмонттың «Убаюкивай меня, смерть» деген өлеңіне еліктеп, қазақ ақыны ұзақ сары уайымға салынды.

Қажыдым енді, күш бітті,
Көңілсіз салқын күн бұлтты,
Жәл бұйығып тербелген,
Әлдекімнің өлгенін,
Оны қалай көмгенін,
Әңгіме ғып күңіренген.

Жел, күңіренбе жасың тый,
Өлім күйі — тәтті күй,
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Өз басым осы өлеңді оқығанда аспаққа асылайын деп тұрған, не зиратқа қарай ентелеп жүгіріп бара жатқан лирикалық кейіпкерді көзіме елестете алмаймын. Өлең автордың тағдырына қатысты десек, бұның да қисыны шамалы. Өзін өлімге әлдилеткісі келсе, Мағжан сол Карелия орманында қалудың айналасын табар еді ғой. Жалпы, өзін өлімге қиған символисті көрмейміз. Мағжан өлеңінен біз әбден қиналған, тағдыр теперішін көріп қажыған, қапаланған адамның жан әлемін сезінеміз. Ажалды еске алу бұл арада гротеск рөлін атқарып тұрған тәрізді.

Но лучше умереть во мраке без надежды,
Чем мучиться, любя и не любя,
Пусть вечный сон сомкнет навеки веки,
Убив мечты, страдание и Тебя!..—

дейді Александр Блок¹. Осы шумақ үшін Блокты ажалға сұранып тұр деуге бола ма? Нағыз ақын жүрегі дүниедегі не жақсылық, не жамандықтың бәрін магниттей өзіне тартып алады. Ол қуаныштан да, қайғыдан да жас төгуі, өліп кеткісі келуі мүмкін. Мағжан сөйткен. Заманының қайғы-қасіретін жүрегінен өткізген, дертіндей сезінген. Бірақ ол ешқашан болашақтан үмітін үзбеген.

Жас ақын, інісіндей көріп, жақындығына «жаны сенген» Бернияз Күлеев өзін-өзі өлтіргенде, оны өлімге қимаған Мағжан былай депті:

Өмір, өлім — мәңгі андысқан екі жау,
Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау.
Сол жыр таппай, садақ тартпай сабыр қып,
Қан майданда күңіренсең еді, сор бала-ау.

Жыласаң — жыла, күңіренсең — күңірен, бірақ өмірден безіну — ауыр күнә, — дейді Мағжан.

Төртінші. XX ғасырдың басында бұл дүние мен о дүниенің арасында бір байланыс бар екендігі еш күмәнсіз, біздің уақытымыз бен кеңістігіміздің заңдарынан тысқары, ойлау жүйесі бізден бөлек рухани тұлғалармен тілдесетін адамзат өкілдері болады дейтін әңгіме көте-

¹ Александр Блок. Собр. соч., в пяти томах. Т. I. Л. 1930. с. 60.

рілді. Осы әңгімеге ақындар да өзінше араласады, Символистер сол ғажайып жұмбақ та жат дүниеге өлең арқылы жанасу әбден мүмкін деп есептеген. Символистердің ізденістеріне қол қоятын Мағжан құпия дүние дейтінді «көрмекке» соншама мойнын соза бермегенмен, бұл бағытта белгілі талпыныс жасағаны хақ. Біраз өлеңдерінде ол «әлдеқайда жер шетінде дарияда» түбі толған тамаша тұңғыққа үніліп көреді («Берниязға»), көз алдына о дүниенің өкілін елестетеді («Александр Блок»). Ақын тағдыр талқысынан сыр тартады, өмір мен өлімнің тайталасынан философиялық түйін түйге ұмтылады.

Символизм ойды бейне арқылы өріп жеткізудің жана тәсілдерін алға тартты. Атап айтқанда, поэзия мен музыканың ауылын жақындастырды. Жүректің жан даусы енді дыбыс, сөз ырғағы арқылы да жеткізілетін болды. Жүсекең жоғарыда аталған мақаласында тауып айтқандай: «Мағжанның өлеңі дыбысымен, күйімен, ырғағымен қазақ даласын суреттейді» (417-бет). Мағжан сыңғырлаған өңшең үйлесімді өлең әуезділігімен жеткізген ақын.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиеді,
Күлпәрә талқан сол сыңғыр!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргеден жүреді
Сұлу қыз санадан солғыр.

Үзінді атақты «Шолпы» өлеңінен алынып отыр. Шолпының сыңғыры, ойнатқан күйі өзінді ғажайып әсем дүниеге көтеріп алып кетеді. Бұл «сайрайды бұлбұл бақшада» дегеннен әлдеқайда өтімді. Өйткені сезім жайлы әңгімелеу бір басқа да, сезімнің өзін сөйлету бір басқа. Нағыз бұлбұл сайраса, өмірге асық. Соған шат. Ал шолпы сылдыры сол өмір күйіне мас қыла ма, қалай? Күннің жібек сәулесінен тоқылған осы жыр астарында қандай сыр бәгулі? Өзегінді өртейтін неткен сиқыр?

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр!

Бұл сөздерге ән жазудың қажеті жоқ. Өзі ән. Дүниенің бәрі сыңғырлап, есінді алады. Көз алдыға әлдебір

шаруамен айналшықтап киіз үй маңында жүрген бойжеткен суреті келеді. Келгенде дыбыс арқылы. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың келісімі қандай! Мағжанның ұстазы Валерий Брюсов «Мой милый маг, моя Мария» деп құбылтса, қазақ ақыны сөз саптаудан ынтызар сезім туғызады.

«Шолпы» өлеңін Мағжан 1919 жылы жазған. Он жылдан соң әдебиеттен Мағжан үнін өшіргенде, шолпының да үні өшті. Кейінгі ұрпақ шолпы сыңғырынан ләззәт ала алмады. Зұлмат заман құлағын таскерен қылды. Осыны ескерді ме, сол шолпының үні қазақ құлағына қайта естілсін дегендей, Мұхтар Әуезов күміс тенгелі сылдырақ шолпыны сүйікті кейіпкері Тоғжанның, Абайдың тұңғыш махаббатының бұрымына тағып суреттеді.

Қазақ әдебиеті екі алыбының шығармагерлік жарысы қандай қызғылықты. Бірінен-бірі алма-кезек озып, ақыры мәреге үзеңгілес жетеді.

«Сылдырлаған шолпысы, әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді»,— делінген «Абай жолында». Бұл Тоғжанды құлай сүйген Абайдың рақат қуанышы десе болғандай. Жүреkte қуанышты ән боп шырқалған, бұл дүниеде жоқ саз, оның құлақ күйі — шолпы сылдыры...

Мағжан өлеңінде лүпілдеген сезім жігітке, лирикалық кейіпкерге ойда жоқ қарғыс сөзін айтқызады, ол қарғысы дүниенің бар рақатына көкірегін толтыртқан шолпы иесіне мың алғыс боп естіледі.

Романда да, өленде де шолпы хикаясы қыздың жігіт жүрегін ауыртып кетуімен аяқталады. Екеуі нүктені қояр жерін хас мергендікпен табады. Сөйтіп, тіл жеткізгісіз суретке қосымша әр береді.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы сурет былайша тәмәмдалады:

«Шолпы әуелі жиі сылдырлап, аздан соң баяулай бастап, тағы біраздан соң анда-санда бір ғана шылдыр ете түсіп ұзап барады. Абай өз жүрегінің аттай тулап соққан дүрсілін естіді. Шолпы үнін сол басып барады. Өзгеше ыстық қымбат шолпы ең соңғы рет бір шылдыр етті де, білінбей кетті. Түн тыныштығы ұрлап кеткендей, жұтып кетті».

Осыған енді Мағжан өлең жолдарын қосып оқиық.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Талдым, қалды сүлдер,

Сыбырға айналды сылдыр,
Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Мұхтар Әуезов романында шолпы Тоғжан бейнесін аша түсетін деталь. Мағжан Жұмабаевта — бейненің өзі. Проза музыкасы, әуезі ғашықтық отын тұтандыруға себеп. Поэзия музыкасы, әуезі сол ғашықтық сезімнің өзіндей естен тандырады. Мұхтар Әуезов шын махаббат сұлулықпен қоса қабат келетініне сурет құдіретімен иландырады. Мағжан Жұмабаев дыбыстардың, бунақ, буындардың жарасқан ырғағы арқылы жүрекке түскен махаббат шоғын жыр етеді. Сиқырлы саздың шалқи ойналып, бірте-бірте бәсеңдеп, талып естіліп, ақыры үзілуі салдарынан құр сұлдері қалған ғашық кейпін үркердей бес шумақтың таңғажайып күшімен жеткізеді.

* * *

Жоғарыда айтылғандардан қандай қорытынды туады? Басты қорытынды — символизм қазақ поэзиясына үлкен олжа салды деуге саяды. Символизм арқасында қазақ өлеңінің бұған дейін ашылмаған қырлары ашылды. Лирика жанрымыз жүрекке, сезімге бойлай түсті. «Бойлай түсті» деудің мәнісі бар. Адам сезімі түпсіз терең мұхиттай. Жатқан бір ұлан-ғайыр әлем. Жан жүректің қыр-сырын тілмен толық айтып жеткіздім дейтін қаламгер сірәде бола қоймас. Сезімнің күні бүгінге дейін тіл өрнегіне түскенін Айсбергтің, теңізде қалқып жүрген Мұзтаудың көзге көрінетін бөлегіне тенеуге болар еді, депті бір зерттеуші-ғалым. Олай дейтіні — Айсбергтің көрінетін бөлегінен көрінбейтін бөлегі әлденеше есе үлкен. Сезімнің талай мың құбылма күйлері әлі хатқа түсіп үлгермеген.

Абайдың өзі «Көңілдегі көрікті ой, ауыздан шыққанда өңі қашады» деп шағынса, мұның өзі сезім әлемінің хатталмаған қырларының шексіз екендігіне дәлел. Мағжан ақын сезімнің сол сөз етілмеген қырларына, таусыраған тыңына соқа салып, талай-талай бозбауыр шырларын аунатып түсірген.

Мағжан символистік өлеңдерінде жан даусының бұлдыр, жұмбақ тебіреністерін суреттеуге талпынды. Мұны және де мистикаға бөледі, символдық битабын күш бейнесінде көрсетпекке тырысты. Ақынның символистік өлеңдерінде логика шеттетіліп, үйреншікті түсініктер майып етілетінін байқау қиын емес. «Мені де, өлім, әлдиле» деген өлеңінде жалғыз жас қайың бұлқ-

сылқ билеп тұрып құлайды, бұл күйге лирикалық кейіпкердің жаны балқиды, өзін өлім әлдилеуін тілейді. Осындағы суреттердің, түсініктердің арасында қандай байланыс, қисын, логика бар? Өлең ишараттан, мегзеуден, ассоциациядан тұрады. Өлеңнің тақырыбын да пәлендей деп тап басып айту қиын. Мұндағы жел, қайын, кара орман, құм т. б. нақтылы, күнде қолмен ұстап, көзбен көріп жүрген заттар тәрізді көрінгенімен, шын мәнінде олай болмай шығады. Күнделікті дағдылы заттар өлеңде кенет өзгеріп, көңілінде әлдебір құпия сыр шертеді. Ол күйдің айтайын дегенін ұғынбаққа қаншама тырыссаң да, ойың неше саққа жүгіріп, нақтылы бір әсерді ұстап қала алмайды.

Сөйтіп, символистердің: біздің принципіміз — поэтикалық сөздерді бұған дейінгі мәнінен айыру дейтін ізденістеріне Мағжан да қол қояды. Ол жаңа ырғақ, соны сөз тіркестері, дыбыстарды, буындарды түрлі-түрлі әуенде қоңыраулату арқылы ескі поэтикалық дәстүрлеріміздің бірқыдыруының күлпәршасын шығарады.

Өлеңді дыбыстық жағынан үйлестіру — қазақ поэзиясына Мағжан әкелген жаңалық. Жүсіпбек Аймауытов: «Шолпы» өлеңін оқығанда, маңайыңның бәрі сылдырап кеткендей боласың, дейді. Неге? Неге десеніз, өлең жолдарының әр сөзінің, буынының дыбысын реттеп күшейту, әуезділігін арттыру нәтижесінде шолпыға сиқырлы күш бітіп, сылдырлап, былдырлап қоя береді. Немесе:

Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жылайдай жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп,—

дейді. «Толқын» атты осы өлеңдегі қай сөзді алмаңыз, қазақ жырында айтыла-айтыла жауыр болмағандары шамалы. Тенеуінде де пәлендей жаңалық кезіктірмейсіз. Абайдың аудармасын еске түсіреді. «Арыстанның жалындай бұйра толқын//Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып» дегендей. Сөйте тұра, «Толқын» өлеңін қазақ поэзиясындағы жаңа леп есебінде қабылдау керек. Өйтуге себеп — сөздерінің, буындарының, дыбыстарының бірбірімен үйлесімі әлдебір әсем үндестікке бастайтындығынан. Сол үндестік, әуезділік қуатымен ақын әлдене құпия сыр тарататындай.

Мағжан өлеңдеріндегі көп жаңалықтардың бірі — ақынның қазақ поэзиясына тың мифологиялық бейнелерді енгізуі. Қазақ ақындары орыс әріптестеріндей поэзияға антикалық, діни мифологиялық бейнелерді, ұғымдарды енгізумен көп әуестенбеген. XX ғасырдың бас кезінде қазақ елінде халық ағарту ісінің жәйі баршамызға белгілі. Қазақи түсінік өресін ескере келе, Абай тарихи даңқты тұлға Александр Македонскийдің өзін ол туралы хикая алдында тәптіштеп түсіндіреді. «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен» деп күмән келтіреді. Мағжан болса, ол Абайдан бергі уақытта қазақ қауымының біраз жетіліп қалғанын ескереді. Ол тарихи тұлғаларды топ-тобымен келтіреді («Түркістан», «Ескендірдің екі мүйізі», «Пайғамбар» т. т.). Бірлі-екісін болмаса, олар туралы түсінік беріп әуреленбейді.

Ерте күнде отты Күннен Гун туған,
Отты Гуннен от боп ойнап, мен туғам,—

дейді Мағжан. Өлеңде қазақ өлеңдерінде бұрын-соңды кездеспеген экзотикалық сипат бар. Гун — қазақ үшін бейтаныс тұлға. Күн мен түнді шендестіру арқылы ақын өлеңіне тағы бір, қазақ поэзиясында кезікпеген әуен қосады. Түнді Күннен туған пайғамбар Гун жеңбек. Жеңіске сенімділік өлеңге жігерлі, екпінді күш дарытады. «Мен келемін, мен пайғамбар — Күн ұлы» деген жолдармен екпіндете, қарқындата аяқталатын «Пайғамбар» өлеңін оқығанда, көзі жасты, сарыуайымшыл деп сыналып жүрген ақынымыз бізге мүлде басқаша кейіпте көрінеді. Көңілге өз тағдырын өз қолына алған таңғажайып қайрат иесі ұялайды.

Қорыта айтқанда, символизм, қазақ поэзиясына аз жаңалық әкелген жоқ. Мағжанның өз шығармагерлігі үшін де бұл ағымның көп пайдасы тиді.

Символизм — поэзияның бір бұтағы ғана. Ол социалистік реализм сияқты бүкіл әдебиетке үстемдік құруға, оны уысынан шығармай ұстауға неш дәмеленбеген. Сол секілді әр ақынның оған түгелдей берілуін талап етпеген. Символист бола жүре, реалистік бағытта өлең жазудан еш тартынбаған.

1923 жылы Мағжан лирикасының «мені» сәл-пәл өзгере бастайды. «Сырдағы алашқа», «Торанның бір бауында», «Алатау» өлеңдерінде ақын бұрынғы романтизміне беріліп, сыртқы дүниенің, қоғамдық құрылыстың өз идеал, мұраттарына сәйкессіздігін еске алып, бұл қыр-

сықты от қойып өртеуге, ерлік қимылға шақырса, 1923 жылы жарық көрген және бір өлеңі — «Қойшының әлеуләйі» — мүлде басқаша сыр шертеді. Соңғы өлең Мағжанның поэтикалық системасына жаңа сипатты толғаныс ене бастағанын дәлелдейді. Ақын бұл жолы психологиялық символизмнен ауысып, көркем бейненің құрылымына әлеуметтік сарындар енгізуге талаптанады.

«Қойшының әлеуләйінде» ақын өзін лирикалық қаһарманнан әдейі бөлектеп, қарапайым адамның жан даусына құлақ түреді. Қойшы боп сөйлеу тәсілі авторға енді ұлттың жеке әлеуметтік топтарына жақындауға, әсіресе халықпен, бұқарамен қоян-қолтық араласуға, айнала өзгерістерге қарапайым еңбекші көзімен қарап баға беруге жол ашады.

«Қойшының әлеуләйіндегі» қаһарман — әлеуметтік тип. Жеке басының мұңын шағып тұрса да, ол өзін бай атаулыға қарсы қойып сөйлейді. Оған өзінің қой соңында күнұзақ салпақтап жүргені, ал байдың түске дейін «былшық сары Сағиласымен» құшақтасуы, быр-быр ұйықтап жатқаны тіпті де ұнамайды. Яғни біреуі еңбеккер, біреуі тоғышар көрінеді. Солай бола тұрса да, көрген күндері еңбегіне қарай емес. Байдың жейтіні құйрықпен бауыр, ал қойшы бір кесе тұщы қатыққа зар. Өлеңде шағын драмалық оқиға қисынын тауып енген (Сағиланың қойшыға кет әрі емесі).

«Қойшының әлеуләйі», «Жыл мезгілдері» т. б. өлеңдерінде Мағжан уақыт жүгін өзінше арқалайды. Ағымдағы саясатқа көз жұмып еріп кетпесе де, қоғамдағы идеялық-психологиялық жағдаят әсерінен тыс алмайды. Жоғарыда айтылғандай, әлеумет істеріне өз көзқарасын айқындауға талпынады. Өлеңдеріне бүгін шолу жасағанда түйетініміз: Мағжан екі тап — бай мен кедейдің арасында теңсіздік барын мойындаған. Және кедейге іш тартатыны да анық байқалады. Одан жүрегіннің жылылығын аямайды. Бірақ бір көңіл аударатын нәрсе, — ол сталиндік газеттердің тіліне де ермейді, «тап күресін күшейтейік», «қанаушыларды қырып-жояйық» деген қызыл танау саяси науқан әуенін поэзияға енгізуден қашқақтайды.

Мұның мәнісі сол, — Мағжан жиырмасыншы жылдары қалыптаса бастаған кеңестік романтизм ағымынан тартынады. Осы утопиялық романтизмнің таптарды жойып, жұрттың бәрін теңестіреміз, бақытқа кенелдіретін коммунистік жұмақ орнатамыз деген уағызына күмән-дә-

на қарайды. Сондықтан реалистік өлең туғызу керек деген тоқтамға келеді. Барын бар, жоғын жоқ дейтін шындық жағын ұстанады. Сағым қуудан бас тартады.

МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ

Мағжан Жұмабаев поэзиясынан совет тұсында ғайбатталмаған, датталмаған, күйе жағылмаған өлеңді табу қиын. Қыл аяғы махаббат лирикасына дейін сын көріне ұшырады.

Ғаббасов Тоғжан «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы» (1926) жоғарыда аталған еңбегінде ақынның махаббат жайлы өлеңдерін оның «байшылдығын», «идеалшылдығын» дәлелдейтін айғаққа жатқызады. Сыншы мұны іздеп табуға қиналмайды да. Лирикадағы автор бейнесіне жабысады. Мағжан өлеңдерінде «мынау «күл», мынау «гүл» деп талғамайтын», «қыз арасында кәдірі бар» бұла өскен бай баласы көрініп тұрады» дейді. Яки ақынды даланың Дон Жуаны етіп көрсеткісі келеді (63-бет).

Мұқанов Сәбит «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) атты кітабында осы әңгімені одан әрі жалғастырады. «Саяси жолынан адасып, тән қызығын көруге салынған Мағжанға кім қызы болса ол болсын, аты қыз болса болды. «З...ға» өлеңіндегі «З» Зайра ма, Зоя ма, Зуһира ма, біз білмейміз. Біздің жалпы алғанда айтамынымыз Мағжан ұлтына қарап (?) емес, ажарына қарап, кім болса, соны періште көреді... Ол әйелдің тендігін керек қылған жоқ, «қойынын» керек қылды» (238-239-беттер).

«Қойын» демекші, дәл осы жолдар жазылған уақытта Сәбеңнің қаламынан «Адасқандар» романы (1931) туды. Бәтес пен Бүркіттің махаббатқа мас шағын Сәбең де келістіріп суреттеді. Сол үшін оған төсек хикаясына беріліп кеттің деп ешкім айып таққан жоқ. Кейіпкерлерінің интимдік жайларын, махаббатын, басқа да құпия сырларын оқушыға жайып салмаса, роман роман бола ма? Бұл — жаңа эпостың жанрлық сыны саналады.

Жарайды, Мағжанды әйтеуір жерлей беру керек болған шығар. Уақыттың әмірі солай еткізді делік. Ал Мағжанды дәл бүгінгі күндер сол «қойын» мәселесін жаңғыртып, кемсітпекке тырысушыларға не жорық? Өлеңді қадірлемесен, жәбірлеме демеуші ме еді?

Рас, Мағжанды ендігі кемсітушілер бұрынғыдай ақынға бас жоқ, көз жоқ тарпа бас салмайды. «Оқжетпесім», «сол заманғы лирикамыздың пірі» деп біраз көпшік лақтырып алады. Сонан соң Мағжанға айтылған тұрпайы сынды еске алады. Соның бәрі қисық емес шығар, «жел соқпай шөптің басы қимылдамайды» ғой деп мәймөңкелетеді. Ақыры Мағжанды жерлеушілердің сойылын соғады.

Қадыр Мырзалиев, ақын Мағжан ақталысымен, оның шығармагерлігі жайында баяндама жасады. Баяндамасын «Қазақ әдебиеті» газетінің 1989 жылғы 28 сәуірдегі санында жариялады. Міне, осы материалында Мағжанның махаббат лирикасына шүйлікті. Тіпті сонау көне замандағы Овидий өлеңдерін Мағжанды кінәлаудың құралы етті. Сондағы таққан кінәсі: «Екеуінде де ғашықтық сезімнен гөрі құмарлық сезімі басымдау секілді. Қалай қарасаңыз да эротика элементтерін көресіз» дейді.

Бұл аздай, Қадыр тағы бір үлкен беделімізге жүгінеді. Енді Мағжанға Абайды қарсы қояды. Сондағы ойлап тапқаны: Абай құмарлықты кейіпкерге айтқызған, өзі айтпаған. Дәлел ретінде Абайдан екі үзінді алынады.

Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.

Немесе,

Ғашықтық, құмарлықпен — ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол!

Осы өлеңдерді келтіре отырып, Қадыр мынадай қорытынды жасайды: «Байқайсыз ба, Абай құмарлық жағында емес, мөлдір махаббат жағында. Ал Мағжан Жұмабаев, сол заманғы лирикамыздың пірі, оқырман сезімінде ойнаңқырай (?) түсу үшін ғашықтық пен құмарлықты жарыстыра, дәлірек айтсақ, араластыра жырлаған».

Сонда дәлелі қандай? Мағжанның қай өлеңдері эротикаға бастайды екен? Қай өлеңдерінде ғашықтық пен нәпсіқұмарлықты араластыра жырлапты. Қадырдың сөзімен айтқанда, «ондай отты өлеңдер ақында бір емес, бірнешеу: «Сүй, жан сәулем», «Сен — сұлу», «Жұлдыз — жүзік, айды алқа ғып берейін», «Сүйгеніме», «Жан жарымды бір сүйейін түсімде», «Күміс нұрлы Ай», «Шолпы», «Сүйгенім анық», «Жас сұлуға», «Махаббат не?»

«Гүлсім ханымға», «Гүлсімге», «Айырылғанда», «Тірілдім», «Г...ге», тағысын тағы, тағысын тағы жалғаса береді».

Бұл жолдарды оқығанда осыны Қадыр сияқты ақынымыз айтып отыр дегенге сенгің келмейді. Мағжанның ең тандаулы деген өлеңдерін соншама додаға түсіріп, неге өйтеді?— деген сұрақ көкейіңнен кетпейді. Мағжан не жазыпты соншама? Қадырдың шығарған үкімі мынадай:

«Ақылдың алтын кісенімен тұсаулап ұстамаса, ерте ме, кеш пе, ойламаған жерден омақастырып кететін асау да арда сезімдердің бірі — осы махаббат сезімі. Парасаттың бақылауынан сәл шығыңқырап бара жатқан құлан сезім қай кезде де қауіпті. Адами ұлы махаббатты шегіне жеткізе жырлаймын деп отырып, бір сәттік қана өткінші, тіпті ұшқалақ (?) ләззәтті қызықтап кету лирика тағдырында жиі ұшырайды».

Ұзақ цитаталар келтіргенім үшін оқырманнан кешірім сұрай отырып, бұлай етудегі мақсатымды жасырғым келмейді. Көзі ашық, көкірегі ояу адам әңгіме төркінін өзі-ақ түсінер деген үмітпен Мағжанға тағылған жаңа айыптың қаз-қалпында келтірілгені содан. Мағжанның тау бұлағындай мөлдір, таза өлеңдерін ұшқалақ ләззәтқа, эротикаға жатқызуға ақын шығармаларымен таныс оқырманның, сөз жоқ, дау айтпасқа амалы қалмайды. Тіпті көп өлеңдерге тағылған кінәнің орынсыздығы сондай, сындарлы дау айтудың да қажеті шамалы. Өйткені бұлардың эротикамен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Солардың бірі — ақын Майшекиннің сәл өзгертуімен кеңес заманында ұзақ жылдар бойы әнге қосып айтылып жүрген атақты «Сен сұлу» өлеңі. Оқушының есіне түсіру үшін және туындыда эротиканың бар-жоғын оқушының өзі айыруы үшін өлең тексін толық келтірелік.

СЕН СҰЛУ

Білем анық жанға жайлы май сұлу,
Жарқ-жұрқ еткен майда нажағай сұлу.
Қызықты орман, көңілді еркін кең дала,
Күміс табақ көкте жүзген Ай сұлу.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,
Хош иісті түрлі-түрлі гүл сұлу.
Әдемі аспан — төбедегі көк шатыр,
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқ-сылқ күліп, сылдыр қаққан су сұлу,
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.

Бейне айнадай жарқыраған айдыннан
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

Шаңқай түсте өткір алтын Күн сұлу,
Жымындаған жұлдыздармен түн сұлу.
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!

Ал осы өлеңнің «парасаттың бақылауынан сәл шығыңқырап» кеткен жері қайсы? «Бақылау» демекші, жаны бақылауға түскен адам жүрегінен нағыз лирика — жан сөзі еркін төгіле ала ма? Өзі пәк, таза жүрек болса, оған сенімсіздік көрсетіп, парасатқа аңдытып қоюдың қажеті қанша?

«Сен сұлу» дүние жүзі поэзиясынан оқшау тұрған жоқ. «Сен сұлу» өлеңінен сонау Пушкин, Абайлардан тарайтын, биік адамгершілігімен баурайтын қымбат, асыл сезімді жолдардың жалғасын танимыз. Пушкин: «Я вас любил так искренно, так нежно, // Как дай вам бог любимой быть другим» деп ізгілік шыңына шықса, Абай: «Дүниеде сенен артық маған жар жоқ, // Саған жар менен артық табылса да» деп, иісі Шығыс топырағында бұған дейін әйел затына айтылмаған көзқарас танытты. Мағжан махаббат лирикасында ұстазынан алшақ кетпегені былай тұрсын, қайта Абай салған құнарлы арнаны кеңейте түскен. Дүниеде не сұлудан сүйгенін сұлу көру — махаббат сезімінің адамгершілігі мол ізгі жүректен туатындығын тану. Соның бәрі өмірге, сұлулыққа деген құштарлықпен ұласады.

Немесе жоғарыда тізімде келтірілген «Жұлдызды — жүзік, айды алқа ғып берейін» өлеңін алайық. Қанша қадалып оқысаң да одан әлдебір жеңілтектіктің, «асыра сілтеушіліктің» ізін таппайсың. Өлеңнен өз сүйгеніне аспандағы жұлдызға дейін әперуге даяр адамның, таза махаббат иесінің аңқылдаған ақ көңілі еседі. Оны айтасыз, Мағжан шығармасынан жоғарыда қауіпті аталған «құланың» сезімге берілмеу керектігі анық сезіледі. Мысалы:

Жырларыммен кестелейін орамал,
Бүлдіргендей, бөбектайым, бетің бал.
Балға талай шыбын қонуға ұмғылар,
Ұмтылғанда орамалмен қағып қал,—

дейді.

Сондай-ақ ақынның бозбала шағында жазылған «Сүйгеніме» өлеңінің тақырыбы — қасіретті махаббат. Сүйгені мойын бұрмаған жас жігіт бұ дүниемен қошта-

суға бел байлайды. («Сүйген жарым — мейірімді ол қара жер!») «Жан жарымды бір сүйейін түсімде» өлеңі абақтыда отырған сорлы жанның үйде қалған сүйген жарын сағынуын баяндайды. «Шолпы» өлеңі жоғарыда талданды. Биік махаббат сезімнің мөлдір тамшысы екендігі айтылды.

Қадырдың: «Абай құмарлық жағында емес, мөлдір махаббат жағында, ал Мағжан Жұмабаев ғашықтық пен құмарлықты жарыстыра жырлаған» деп, екі ұлы ақынды бір-біріне қарсы қойғысы келуімен де келісуге болмайды. Сыншының пікірінше, Абай эротикалық сөздерді өзі айтпай, кейіпкерге айтқызған, Мағжан өйтпеген сияқты. Бұл пікір де дау туғызады. Біріншіден, кездескен эротикалық репликаға «айыпты» автор емес, лирикалық кейіпкер десек, Абайдың:

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзін,—

деген әзілін немесе:

Қатыныңның ойнасын
Көрсен, білсең қоймасын,
Не ойларсың, өз басын?—

деген өз атынан жазылған жолдарын қайда жібереміз? Жәшікке салып, тығып қоямыз ба?

Екінші, жаңағыдай өлеңді өзі емес, лирикалық кейіпкерге айтқызды десек, онда Мағжанның «Хор сипатты қарындас» өлеңіндегі:

Хор сипатты қарындас,
Оттай сұлу ыстық жас,
Құшақта да қойныңды аш,—

деуі неге лирикалық кейіпкер емес? Яки, Қ. Мырзалиев өзі айтқандай, мұны «автордың өз ойы, өз позициясы деп түсінуге қандай дәлеліміз және қақымыз бар?!» Логика қайда?

Лирика жанрындағы автор идеясы, сезімі әр түрлі бейнеде тұлғаланады. Лирикалық кейіпкер автор «менін» айқындайтын көп форманың бірі ғана. Сондықтан бұл ұғымды алатын орнына қарай шақтап пайдалануға керек. Лирика жанрының белгілі зерттеушісі Д. Сквозников дұрыс айтады: «Понятие «лирический герой» возникло как напоминание о единстве личного и объективированного в лирическом произведении. Но с самого воз-

нижновения в критической практике и полемике оно было несколько односторонне направлено: стали пренебрегать неповторимо личным характером переживания поэта. И потому введение «лирического героя» ни к каким серьезным завоеваниям не привело». «Теория литературы. Основные проблемы в историческом освещении. Роды и жанры литературы. М. 1964. С. 179).

Бұдан туатын қорытынды: Абайдың шалқар сыршыл жүрегiнiң сан алуан тебiренiс-толқынысын бiлдiретiн көп-көп форманы бiр ғана «лирикалық кейiпкер» деген түсiнiктiң аясында қалдырмауға керек.

Ендi бiраз сөз «құмарлық» пен «нәпсiқұмарлық» ұғымдарын штастырмау жайында айтылуға тиiстi.

«Құлшыну мен тұншығу» деген тақырыбынан бастап дүдәмал мақаласында Қадыр iнiшек осы жолдар авторының: «Ақынның ғашықтық тақырыбына жазған осындай өлеңдерiн нәпсiқұмарлыққа жатқызғандар болды. Расында, солай ма едi? Абай тiптi қыз аузынан: «Салмағыннан жаншылып, // Қалсын құмар бiр қанып!» деген сөздердi айтқызған ғой. Бiр минуты мың жылға бергiсiз ләззәттi жырлау қашан тағылық көрiнiптi» деген сөздерiне жармасады.. Абайдың абыройын ортаға салды деген пiкiрге ойысады. Дәлел ретiнде Абайдың:

Ғашықтық, құмарлықпен — ол екi жол,
Құмарлық бiр нәпсi үшiн болады сол,—

деген жолдарын келтiредi.

Сыншы бұл тұста Абайдың «құмарлық» деген сөздi соңғы жолмен әдейi анықтай түскенiн аңғармаған. Өлеңдi анықтап оқыған кiсi Абайдың жалпы құмарлық сезiмге (страсть) қарсы емес, нәпсiқұмарлыққа (прелюбоденение) қарсы екенiн, құмарлық болғанда нәпсi үшiн құмарлыққа қарсы екенiн айыруы ләзiм. Сондықтан сыншының: «Байқайсыз ба, Абай құмарлық жағында емес, мөлдiр махаббат жағында» деген сөздерiн «Байқайсыз ба, Абай нәпсiқұмарлық жағында емес...» деп редакциялау қажет.

Құмарлық (страсть) мөлдiр махаббатқа қарсы қойылмайтын ұғым. Ол және жағымсыз құбылыспен сезiмдi (баққұмар, шенқұмар) ғана бейнелемейдi. Соңғы кездерде тiлiмiзге «кiтапқұмар қауым» деген сөз ендi. Бұл — табиғи нәрсе. Көркем әдебиетте құмарлықты бейнелеу зор орын алады. Құмарлық — характер жетекшiсi. Характердi қимылға бастайтын, зорлап жетелейтiн

мотор іспетті. Отелло характерін қызғаншақтығы. Құнанбай характерін баққұмарлығы, Қарабай характерін малқұмарлығы өрістететіні секілді, Мағжан ақын жан мен тән құмарлығын, адам өмірінің сол бір шынайы сезімдерін жұбын жаздырмай суреттеу өнерін көрсеткен.

Қадырдың сыншылық өнеріндегі сыңаржақтылық өзі эротикалық өлең деп атайтынның бәрін бірдей анайылыққа, әдепсіздікке жатқызуынан шаң береді. Қай тақырыпқа да жазылған өлеңнің «естісі» бар, «есері» бар. Эротикалық жолдары ұшырасатын өлеңнің бәрі бірдей нәпсіқұмарлыққа бастамайды. Әр өлеңде өз пафосы, сол өлеңді айтқызып жалынды ойы болады. Алдымен соны айырып алуға керек.

Қадыр махаббат сезімін «алтын кісенмен тұсау»¹ керек деген талабында сонау көне заман мен біздің заманымызды байланыстыратын Рим ақыны, сол кездегі Вергилий, Горацийлермен бірге үш алыптың (триумвират) бірі болған Публий Овидий Назонға (б. з. д. 17 жыл) шүйіледі.

...Ағыл-тегіл бұл күш тар төсекке керегі
...Алма төсін иіскеп, аймалағым келгенде
Қарауытып мына көз құштарлықтан өлгенде,—

деген сияқты өлеңдерін келтіре отырып, Қадыр Овидийдің әрекетін «оқ-дәрі қоймасына оқыс лақтырған оқпанға (?)»² теңейді. «Осы іспетті өртті өлеңдері үшін кезінде император Октавиан Август ақын Публий Овидийді амалсыз (?) жер аударуға мәжбүр болған»,— деп қуғынға түскен мүсәпір ақынды жерлей түседі.

Сөздің реті келген екен, айта кетейік, шын мәнінде Овидийдің Қара теңіз жағалауына (Румынияның Констанца қаласының маңайы) жер аударылу себебі жайында әр түрлі жорамал айтылады. Овидийдің тырнақалды шығармаларының әдепсіздігі айыпталды деген сөз көп лақаптың бірі ғана. Тағы бір зерттеушілер мынадай жорамал айтады. Император үйелменінде жұрттың жағасын ұстатқызған сұмдық оқиға болады да, Август ел назарын өз сарайынан бұрып әкету амалын ойластырады. Сонда атақты ақынды жер аудару керек деген шешімге келеді-міс. Тағы бір қауесет Овидий Августтың ту-

¹ Атты кісендеу мен атты тұсау екі бөлек тәсіл екенін білмей қойғанда.

² Оқпан — қуыс орын деген мағына береді. «Қамшымды ердің тықтым оқпанына» деуші еді.

ған қарындасымен ашына болған дейді. Қалайда тиранның ақынды жер аударғаны ақиқат. Өз ұстазы Л. Анней Сенекаға (философ) у ішіп өлуге әмір еткен Нерон император, басқа да қанішерлердің жауыздығын ақтайтын себеп іздеу қажет пе екен?

Ләззәт — жан мен тән құмарлығының ашылған гүлі іспетті. Адамның мейірін қандыратын, бақытына жар болатын айрықша қымбат сезім. Рухани ләззәт, жан ләззәті деген сөздер тегін айтылмайды. Бұлар — махаббат мөлдірлігінің басты шарты. Бірақ бірегейі де емес. Платон махаббаты деген ұғым бар. Сырттай ғашық болу. Рухани сүю. Солай бола тұрса да, оның шынайы махаббаттан ауылы алыс. Орта ғасырдың рыцарьларына еліктеген Дон-Кихот Дульцинеясына сырттай ғашық. Мұндай абстрақтылы, жалаңаш, тұл сезімді Сервантестің бір жағы мазақ етуі түсінікті мәселе. Керісінше, бірыңғай сезімталдыққа, нәпсіқұмарлыққа салыну, эротоманияға ұрыну рухани сырқаттылықтан туады. Ал нағыз ләззәттің жөні басқа.

Көркем әдебиетте секс, эротика тақырыбы жиі кездеседі. Ақын, жазушылардың шығармаларынан интимдік суреттерді аз кездестірмейсіз. Бірақ бұлар порнография емес. Ластыққа бастамайды, анайылықты дәріптемейді. Эротиканың көкесі — «Декамеронда». Алайда бұл шығарма дүние жүзі әдебиетінің ең бір ғажайып туындысы есептеледі. Неге? Өйткені Бокаччо новеллаларындағы нафос — анайылыққа сілекей ағызу емес, екіжүзді аярылықты (ханжество т. т.) әшкерелеу.

Немесе орыстың ұлы ақыны Н. А. Некрасовтың «Коробейники» өлеңін әнге қосып, радиодан күні бүгінге дейін айтып жатады. Екі жас кездескен түні көк бидай егісі жапырылып қалады. Соны ақын өлеңге қосады. «Көк бидай, сен бойыңды жаз, жастар құпиясын шашпа», дейді. Бірақ орыс поэзиясы бұл өлеңді «ұшқалақ» ләззәтты дәріптеді деп сыртқа теппейді. Өзінің асыл мүлкінің бірінен санайды. Мағжанда да осыған ұқсас өлең бар. «Күміс нұрлы ай» аталады.

Ыстық құшақ, отты сүйіс, балды тіл...

Бірдене деп күбірлейді жібек жел.

Бұл — жастық қой, жасыра гөр, жібегім,

Айтып қойсаң, амал қанша... өзің біл!—

дейді. Некрасовтың жаңағы өлеңіндей, бұл өлеңге ән жазып, айтып жүрсе еш сөкеттігі жоқ дер едім.

Мағжанның лирикасындағы интимдік өлеңдер, мәсе-

лен, «Сүйгенім анық», «Хор сипатты қарындас», «Ес кірген соң», «Жас сұлуға», «Махаббат не?» өлеңдері эстетикалық, этикалық талаптарға толық жауап береді. Анықтап, бажайлап оқыған кісіге әр туындысының өз мақсаты бар. «Ес кірген сонды» оқыңыз. Эротикалық жолдары үшін нәпсіқұмар өлеңге жатқыза алмайсың. Қайта мұнда сол кінәраттан жирену сезімі басым. «Сүйгенім анық» туындысы өмірдің тағы бір шындығын көз алдына алып келеді. Өлең көңілдегі әр жалт еткен сезімді махаббатқа баламауға шақырады. Көңіл кейде көбелек тәрізді. Алдауына ерсең күйіп кетесің отқа түскен көбелектей,— дейді «Жас сұлуға» өлеңі. Сондай ұшып-қонбаның бір түрі «Хор сипатты қарындаста» суреттелген.

Ақынның кей өлеңдерін оқыған соң, ұзақ ойланып түйсіну керек. «Махаббат не?» қысқа өлең болса да, өте күрделі дүние. Шығармада «махаббат — тәтті у» деген жол кездеседі. Мұны қалай түсінеміз? Махаббат — қайшылығы көп сезім дегісі келе ме екен? Тәтті у ішкен жүрек мас. Мастықтың дүниедегі у-шудан бөліп әкететін мінезі және бар. Оған қалай қарайсыз? Меніңше, бұл өлеңнен интимдік лириканың философиялық қыры болатындығына көз жеткіземіз.

Интимдік лирика — күрделі жанр. Жеңіл көрінетін сезім — ағын бетіне шыққан көбік. Нағыз сыры — тереңде. Сол бір терең құпия сырлар арқылы өмірдің ашылмаған қырлары, тылсым сырлары ашылады.

Мағжанның махаббат лирикасының шоқтығы — Гүлсім сұлуға арналған өлеңдер. Бұл циклдан екі жастың небір ғашықтық дастанға бергісіз махаббат тарихын зор тебіреніспен оқысың. Сезімге түскен ғашықтық шоғы от боп тұтанып, өрттей лапылдап, жалындап барып, күрт сөнеді.

Гүлсім сұлуға ғашық ақын аянып қалмаған. Сонау жиырмамыншы жылдардың басында туған өлеңдер. Оқысаңыз, тамыры сол кездегі күйінше солқылдайды. Еріксіз баурап әкетеді. Айнала дүние жаңарып, құлпырып сала береді. Бір адамға ғашықтығың бүкіл өмірге ғашықтыққа айналады. Кеудеңде бір әсем күй ойнайды. Аяғың жерге тие ме, тимей ме, белгісіз. Қанат біткендей көк жүзінде самғайсың ба, қалай? Міне, осының бәрі махаббат сезімінің шарапаты. Қос шумактан ғана тұратын «Гүлсім ханымға» өлеңінде осындай сезім бар. Тек нақтылы көңіл күйіне бөленген. Ғашық әлі сүйгенінің сүйетін-сүймейтінін білмейді. Жауабын естімеген. Бұл

өлең — сөз салу. Арнау. Тіпті арбау десе сыяды. Әуелі махаббатқа көз бастайды деген бар. Тегі, екі жастың әлденеше рет еріксіз қадалып, қарасып қалған сәттері болса керек. Сондағы іштей біліскенді енді ақын сыртқа шығарып, жария етеді. «Кей уақыт көзіңізге көзім түссе, // Ойнайды аласұрып неге жаным?!» — дейді. Бұл жолдарда инабаттылық, ізеттілік бар да, сонымен қабат алай-түлей ұйтқыған сезім, құмарлық ынтығу бар. «Адам тіліне аспандағы бұлт айналады». Ақынның қойған сұрағының өзі әйел байғұсты қалтыратып арбады ма, — кім білсін...

Өлең дараланған сезімімен, шынайылығымен тәпті етеді. Ақын ғашығының сипаты ерекше. Гүлсім — «бота көз, сиқырлы сөз» әйел екен. Мұны елестеткенде есіңе нағыз ботаның көзі дөңгелек қара көз, кірпігі ұзын, мөлдіреген әдемі болатыны оралады. Сиқыр сөз дейтіні — Гүлсім заманының зиялы адамы. Санкт-Петербург оқуын тауысқан. Мұндай адамның аузынан шыққан сөзді ұғудың өзіне де тиісті құлақ керек болса керек. Ақын әйелдің күлген күлкісінің өзін биік бағалаған. Соны жеткізем деп, символикалық машығына бағады. Ғарыштық көлемдегі теңеулерге жүгінеді. Сол теңеулер арқылы сұлу мінезін өрнектеп, паң тұлғасын көз алдыға алып келеді.

Бота көз сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім — Күн, көкте ақырын жүзе білед,
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

Ал «Гүлсімге» атты өлеңі тұтасымен символикалық рухта жазылған өлең. Мұндағы Гүлсім ғажайып жан бейнесінде суреттелген. Ол кәдуілгі пенделердей ет пен сүйектен жаралмаған. Жұмақтағы жібек желден, мәңгі жайнап тұрған гүлден жаралған. Ол — алмас қанат періште. Мекені — Ғарышта. Солай бола тұрса да, бір осалдығы бар. Тұрмыс тылсымына төтеп бере алмайды. Гүлсім: «мен бір жанмын өлген» деп шағынады. Гүлсім мен Мағжан арасын жақсы білетін оқырман бұл ишараны түсінеді. Гүлсім өзінің тұрмыс тұзағына ілінгенін айтады.

Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді.

Тартпа саздай тіршілік. Аяқ баспа. Бассаң, мейлі көктен түс, қайтып аяғыңды суыртқызбайды. Мағжан

сол кездегі шындық дүниенің кейпін символистік ишара түрінде осылай суреттеген.

Адам мен қоғамның ара қатысын лирика жүйесіне енгізудегі Мағжан ізденістерінің бұл сәтті жақтары. Сәтсіздіктері де аңғарылмайды емес. Ақын өзін «қиял құлы» есептейді. Онысы жөн. Бірақ сол қияли романтизмге тым беріліп кетпеген де жөн шығар. «Гүлсімге» өлеңіндегі салқынқандылық әйтпесе неден? Тұрмыс тылсымына сырт беру, оған тіпті жирене қарау, бос қиялға салыну көркем шығарманы өмір нышандарынан айырып, шырайын кетіретіні белгілі жәйт.

Циклдегі өзге өлеңдерде Гүлсім қиялдағы бейне көрінбейді. Ақын жүрегінің толқыныстары арқылы біз Гүлсімнің қымбат жан екендігін, әйел жұртының төресі екендігін сезіп білеміз. Енді ол «батқан күннің таңындай» көрінетін Гүлсіміне үздіге сырын ақтарады. «Сүй, жан сәулем» атты атақты өлеңін тудырады. Енді қиялға орын жоқ. Ғашық бар шынын айтады. Бір нәрсені бүгіп, жасырып қалса, сүймегені. «Сүй, жан сәулем» реалистік бояуы қанық шығарма. Тек шындық арқылы ол ғашығының жүрегіне жол табады. Ақын сүйгенінің сұлулығын тамсана тамашалайды. Бірақ бәрінен кереметі сүйгенінің жан сұлулығын суреттей білуі дер едік.

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Өзінің ішін ашқанда автор анайылыққа бармайды. Порносурет, нәпсіқұмар сайтандықты қызықтамайды. Бұл — жан даусы. Ғашық жанның ғашығына назы. Махаббатының сазы. Гүлсім сұлудай «мәңгі жайнап тұрған гүлді» сүйгендегі ләззәт, бақыт, рақат сезімге тіл бітіруі. Бірақ бәрін тәптіштеп жазып жатпайды. Дүниенің бар байлығына сенімен өткізген бір түннің өзі жетіп жатыр дегені-ақ бұл махаббаттың биік қасиетін келістіре сипаттайды.

«Мағжан культурасы зор ақын» (М. Әуезов). Ол ғашықтардың интимдік, құпия сырларын жайғанда оғаш сөздерге бармайды. Бұған дейін поэзия сөздігінде қолданылып келгеннен басы артық сөз қолданбайды. Ішінде айта-айта жауыр болғандары да жетерлік. Ал сол кәдуілгі қарабайыр сөздер нәзік жанның сұлулық көрігінен өткенде қандай жайнап сала береді десеңізші. Бір

керемет жүйе табылған соң бірінен-бірі өткен ғажайып үйлесімдер өрнектеледі.

Біржан салдың бірде соншалық келісімін тапқан өз әуезіне таңырқап, «Пау-пау, шіркін!» деп сүйінетіні бар. Сол сияқты, Мағжан асқан шабыт үстінде «жылы тәтті у тарады қаныма» деген ғажайып жолға рухтанып, соны әр түрлі вариацияға түсіріп, мың құбылтып дегендей, барынша ақтарыла, жан алып, жан бере жырлайды.

Қарабайыр сөздердің және бір құбылу сыры — ақын сол сөздердің семантикалық мән-мағынасын өзгертуге шебер. Мәселен, «у» зат есімі. У — адам жауының бірі. Демек, тек жиреніш туғызатын сөз. Міне, осы сөзге Мағжан соны мағына береді. Соның нәтижесінде у өлім құралынан өмір құралына айналады. Мехнат шеккізбейді. Оның орнына рақатқа бөлейді. Және бұрынғы улайтын қасиетінен де бір мысқал сактайтындай. Бұл нәтижеге ақын «жылы», «тәтті» деген екі анықтауышты қосу арқылы жетеді. У махаббат даруы — ләззәттің ес тандыратын елтушісіне айналады. Сондай-ақ «жел», «ұжмақ», «өмір», «өлім», періште» деген сөздер контекстке қарай сан құбылады, жаңа түсініктер, бейнелер жасайды.

«Сүй, жан сәулем» өлеңінде адам ғұмырында сирек кездесетін бақытты сезім сәтінің суреті бейнеленген. Бұдан кейінгі өлеңдер бұған түгелімен кереғар. Мағжан мен Гүлсім махаббаты бір жыл шамасында өрттей лаулап тұрып, кенет жалп етіп сөнеді. Кеше ғана күлімдеп тұрған күнді қара бұлт торлайды. Көңілі құлазыды деген жай сөз. Ақынның құр сұлдері қалады. «Айырылғанда» деген өлеңінде

Білдім: бүгін мені тастап кетесің,
Күміс көбік Ақ еділден өтесің.
Бота көзім, өлтіріп кет қолыңнан!
Тірі тастап кетіп мені нетесің?!

деген жолдар бар. Мұндайда сүйгеніңнің жұртында қалғаннан сұмдық жаза болар ма? Мағжанды күйрек ақын атандырған жырлар көбіне-көп осы кезде туған. «Күзді күні», «Алдамшы өмір», «...Альбомына», «Махаббат не?», «Болса гүлсіз...», «Ой», «Мені де, өлім, әлдиле» деген өлеңдер ақынның жеке басының трагедиясын зор қуатпен, шегіне дейін жеткізеді.

Гүлсім циклі Мағжан ақынның жан диалектикасын бейнелеуге ұсталығын дәлелдейді. Гүлсімге махаббаты туып, өсіп, дамып, өшіп барып, тағы бір жаңа сапаға ауысады. Соңғысына «Тірілдім» өлеңі айғақ. Ақын «екі

жаспен жанын жуып алып», өлгендей болған жерінен қайта тіріледі. Тірілткен тағы да сол махаббаты. Демек, ақынды басқа түскен қайғы езіп-жаншып тастамайды. Өлеңнен ақын шығармаларына тән жарқын сәуле сызаттанып қайта көріне бастайды.

Махаббат тақырыбы — Мағжан поэзиясының құнарлы арналарының бірі. Және ақын шығармагерлігінің ерекшеліктерін де танытады. Ол махаббатты адамның ең асыл сезімдерінің бірі ретінде суреттей келе, оның жан мен тәнге бірдей қасиетін айшықтауға ұмтылған. Екі жастың кездесуі, бірін-бірі ұнатуы, жанындай жақсы көруі, махаббат мастығы, желігі, суынуы, екі жүректің тағдыр бұйрығымен айырылысуы — мұның бәрі ғұмыр. Ғұмырдың ет жүрек пен жан жүрекке сыйлаған сыйы. Көрсеткен рақат ләззәты да, мейнат қорлығы да. Бірін шын ғашықтар шын жүректен шыққан алғыспен қабылдаса, екіншісіне жанқиярлық шыдамдылықпен төзеді. Екеуіне де олар дән риза. Махаббат тағдыры қалай аяқталса да, шын ғашықтар бұл сезімді қорламайды, қарғаймайды. Махаббат қайғысының өзі айдай жарқын сезім. Адамның қасиетін өсірмесе, өшірмейді.

Махаббат сезімі — «тәтті у». Яки қайшылығы көп сезім. Бірақ сүймеген жүрек — өлі жүрек. Өмірдің шын рақатын сезбеген жүрек. Ендеше, бұл сезімді тек алғау керек, дейді Мағжан поэзиясы.

* * *

Әбділә Тәжібаевтың «Қазақ лирикасы тарихынан» атты еңбегінде қазір жаңа көзқарас тұрғысынан жазылып жатқан қазақ әдебиеті тарихына жол бастарлық болмаса да, соның дұрыс бет алуына септігі тиерлік мынадай пікір қозғалған:

«Жасыратыны жоқ, поэзиядағы зиянды ағымдарға қарсы қызу күрестің артық сілтеуі, арандағыш жақтары да болды. Символизм мен формализмді әшкереелеуді, оларға соққы беруді — лирика атаулыға соққы беру деп түсінген мезгілімізді де тарих ұмытпайды. Ұлы революция тұсында ақынның азаматтық, партиялық міндеті дегенді бір жақты, жаңсақ ұғынғандықтан, талантты лирикашыл ақындардың өздері көп уақыт лирикадан қашықтағанын, адам сезімі мен оның нәзік түйсіктерін поэзия тақырыбы емес деген ұғымға сеніп, өз дарындарын өздері булықтырғанын жақсы білеміз.

Халыққа махаббат, жаратылыс туралы да советтік

жырлар керек екендігімен біз отызыншы жылдарға дейін санасқан жоқпыз»¹

Әрі ғалым, әрі ақын Әбділдә Тәжібаев Мағжанға кезінде таққан мінін кешірілмес күнә санап, шейіт кеткен боздақтардың рухы алдында кешірім сұрағанын біз жақсы білеміз. Енді сол түзетулермен оқығанда біз мынадай қорытындыға келеміз.

Біріншіден, символизм мен формализм дүние жүзі әдеби дамуының белгілі бір кезеңдегі сатысы. Өлең сөздің түр-пішінін жетілдіруде символизмнің атқарған игі ісі ерекше. Ендеше, қазақ әдебиетінде бұл ағымның бой көрсеткені зиянға емес, пайдаға шығады.

Екіншіден, «лирика екінші планға ысырылды, лирика пролетариат поэзиясында үстем орын ала алмайды...» деген ұран бойынша кеңестік поэзияның сүбелі бөлегі жалаң үгітке, саяси жаршыға айналғаны рас. Бірақ Әбекеннің «Қазақ лирикасы тарихынан» атты еңбегінде сөз етілгендей, бүтіндей емес, ішінара. Олай деуге толық негіз бар. Жиырмамыншы жылдары қазақ лирикасы жұтқа ұшырамағаны былай тұрсын, Мағжан поэзиясының арқасында жаңа сатыға көтерілген.

Әлбетте, қазақ әдебиеті тарихына бұл шындықты енгізу парызын өтей отырып, біз Мағжан поэзиясына Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Ілияс Жансүгіровтың поэзиясын бұрынғыдай тым қарама-қарсы қоюдан сақтануымыз керек. Қазіргі уақытта, коммунистік ертегілер бұдан былай халық құлағына енуден қалып бара жатқан жағдайда тарихи тәктіні бұзбауға, легендегі кір суды төгеміз деп жүріп ішіндегі шомылдырған нәрестені ұмытып кетпеуге тиістіміз. Сәкен бастаған кеңес жазушыларының тағдыры қазақ халқының тағдырымен тығыз байланысты. Сол себепті бұл ақын-жазушылардың шығармаларында қазақтың үміті, адасулары мен бос қиялдары (иллюзиялары) бар шындығымен бейнеленген. Мұның трагедияға, қайғы-қасіретке ұласқан тұстары аз емес: тарих өз заңымен, өз дегенімен жүреді, оны жақсартам деу бос әурешілдік. Ендеше, социалистік реализм жазушылары қосқан жақсылық жаңалық мансұқ етілмеуі тиіс.

Ол қандай жаңалық еді? Міне, біздің ендігі жұмысымыздың бір тармағы осында болуға керек. Сәкендер сөз

¹ *Әбділдә Тәжібаев. Бес томдық шығармалар жинағы. Төртінші том. Алматы, 1981, 15—16-бет.*

өнерін, көркем ойды, жалпы әлеуметтік-эстетикалық талдауды, шындық дүниені шынайы көрсету ісін жаңа сатыға көтерді. Кеңес дәуірінде Абайдың реалистік дәстүрлері айбынды азаматтық пафосқа ие болғанын да жоққа шығара алмайсың.

Мен айтар едім, шетқақпайға ұшыраған Мағжан да бұл жаңалықтарға құлағын түрмей өтпеген. Социалистік реализмнің түбегейлі жыршысына айналмаса да, ол атақты «Қызыл жалау» өлеңімен жаңа дәуірге үн қосып, саяси лирика жанрының әдемі үлгісін көрсетті. Жалаң ұрандарды ұйқастырмай, поэзияның бейнелі тілін төгілтті. Заман рухын екпінді, нөсерлете, жауындата құйылған жолдар арқылы суреттей отырып, Мағжан Жұмабаев бұл өлеңінде де өзінің ұлттық ақын екендігін дәлелдеді. Кеңестің таптық Қызыл жалауын «қазақ, сенікі» деп, шын мәнінде ұлттық байраққа айналдырды.

Мағжанның әсіресе махаббат лирикасын дамытудағы еңбегі ерекше. Ол адамның ең бір интимдік, құпия, тылсым сезімдерін, тілсіз түйсіктерін лирикасына мазмұн етті. Жан мен тән ләззатын жырға қосқанда оның порнографияға жататын жақтарына жоламай, бойынды балқытатын іңкәрін, сүйегіңе бу жіберетін ыстық құшағын, ерін-ерінге өпкендегі бал алуын, соның бәрінің қаныңа тарататын «тәтті уын», гүл шырынын сорған арадай алып, бұ жалғанның рақат кемесінде жүзудің не екенін көз алдымызға ойнатып, жайнатып, айнаға түсіргендей түсіріп берді.

Бұл ақиқаттар қазақ әдебиеті тарихы беттеріне алтын әріппен жазылуы парыз.

ПОЭМАЛАРЫ

ӘКЕЛ ҚОЛДЫ, ТОҚСАНЫМ!

Мағжан ақын қоғам дамуымен бірге ілгеріледі. Бір орында сіресіп отырып қалған жоқ. Уақыт әміріне, ел үніне құлақ тосты. Жаңа заман халқына не әкелді? Қазаққа қандай жақсылығы бар? Міне, осы сұрақтарға жауап іздегенде ол көңілге медеу тұтатын жайларды назарына іліктірмей қалған жоқ. Қазақ елінің елдік мүсінін көрсететін алғашқы медет — Қазақстанның автономияға жетуі. Патша ондай үміттен әбден айырған еді. Оның бер жағында Кеңес өкіметінің еңбекші бұқараға, «тоқсанға» қамқоршымын дегені расқа шыға бастаған-

дай көрінді. Жаңа өмір керуеніне халқы ергенде, ақыны қайда барады? Мағжан жаңа өмір көшіне «Қызыл жалау» өлеңін желбірете қосылды. 1924 жылы шығармашылығының жаңа үшінші кезеңіне ол осылайша көтерілді.

Бұл жаңа кезеңнің басты ерекшелігі — Мағжан өз басының қасірет-қайғысын күйттеуден тартына бастады. Оның есесіне айнала дүниеге, қазақ қоғамы тірлігіндегі жаңалықтарға қадала назар аудару күйін кешті. «Өзге жұрттан кем емеспіз, басқа елдермен терезесі тең елге айналамыз» дегенге елікті, сенді. Ақынның дүнитанымындағы, әсіресе саяси көзқарасындағы өзгешіліктерді «Қызыл жалау» өлеңі айқын көрсетіп берді. Өзгешіліктердің сипаты да қызғылықты. Пролетар ақыны Сәкен Сейфуллин сөзін еңбекшілерге арнай: «дүниенің кожасы өзің» десе, Мағжан сөзін тұтас қазаққа арнайды. Қызыл жалау Мағжан Жұмабаевтың түсінігінде қазақтың ұлттық туы іспетті. Оған өзінше «дәлел» келтіреді. Дәлелдерден ұғатынымыз — жалындай жалау тұрағы «Арбаңдаған Азия». «Жалындай жалау соныкі — Ендеше, қазақ, сенікі!», — деп түйеді. Соңғы үш сөз рефренге айналып, әр шумақ сайын қайталанып отырады.

Қызыл шок жалау діни сеніміне («Кім: «Тәңірім — от десе»), ерлік тарихына («Қан аңсап жүріп шаң жұтса»), талапайға түскен тағдырына («Кімнің ұлы құл болса»), езіліп-қаналуына («Кім таланған, кім кедей»), азаттық күресіне («Тепкі көрсе кім кемдік») қарай қолға алатын жалау. Көркем тілді публицистика тілімен сөйлетсек, қызыл жалау социалистік төңкерістің жалауынан гөрі ұлт-азаттығы қозғалысының жалауы болып шығады. Мұнда «кедей» деген сөз бар. Бірақ қазақ тұтасымен «кедей» емес қой. Өлеңнің идеялық мәні — талайдан езгі, тепкіде, кемдікте жүрген қазақ Қызыл жалауды өзімдікі деп қуана-қуана иемденеді, себебі төңкеріс тууы астында топтасқандардың мүддесі оның ұлттық мүддесіне толық сай.

«Өртенген жалау кімдікі?»
«Кім өртенген гүлдемей,
Кім таланған, кім кедей?
Өртенген жалау соныкі,—
Ендеше, қазақ, сенікі!»

деп, белгілі әлеуметтік тапты емес, бүкіл қазақты кедейге жатқызып отыр. Бұның алдындағы шумақтағы ұлы — құл, тұлымдысы — тұл да күллі қазақ атаулы. Демек,

бұл өлеңін жазғанда ақын негізінен таптық принципті емес, ұлттық принципті басшы принцип ретінде ұстанған.

«Қызыл жалаудың» тағы да бір ерекше, ірі қасиеті жүрегіне ұялайды. Ол — өлеңнің жаңа интонациясы, асқақ дабысы, тасқынды жігері. Бұл ретте ақын советтік поэзияның жетекші ақындары В. Маяковский, Хамза Хакимзаде Ниязи, Сәкен Сейфуллиндермен үндес. Соларша сөзін қалың бұқараға арнап, асқақ, дабылды үнмен шешен сөйлеуге бейім.

Сөйтіп, 1924 жылы 29 маусымда «Ақ жол» газетінің бетінде жарық көрген «Қызыл жалау» өлеңі ақын творчествосының үшінші, соңғы кезеңі десе де болатын (1924—1929) кезеңін бастайды дедік. Өз басым Мағжанның бұл кезеңнің символикасы есебінде қызыл жалауды, яки қызыл түсті алуын кездейсоқ нәрсе деп есептемес едім. Мұның себебі сан алуан. Біріншісі — ұлтжандылығы. Ұлтына азаттық әпергенге ол әрдайым жақ. Екіншісі — демократиялық төңкерісті жақтайтындығы. Ақын төңкерісті қарсылап, «Бостандық» өлеңін тегін жазбаған.

Бірақ Мағжанды шымқай қызылға бояй салу да дұрыс емес. Мағжан поэзиясының жаңа сапаға ауыса бастауы — күрделі процесс. Ақын бұрынғы өткен жолдарын тәрік еткен жоқ. Тіпті кейінгі, 1923 жылдары жазылған өлеңдерінің әрқилы сипат алуы ақынның өрісті, мағыналы ізденістеріне куә.

Ол бүгінгі жаңалыққа жіті қарауымен қабат, өткен күндердің ұңғыл-шұңғылын бағдарлады. «Жәй әшейін ойын ғой», «Сәрсенбайдың жыры» сондай ертерек оқиғаларды қозғайды. «Жәй әшейін...»дегі Керенский, Қолчак және қазағына қарсы шоқпар сілтеп жүрген «қызыл ерлер» — революция мен Азамат соғысы дәуіріндегі оқиғаларға қатысты кейіпкерлер. Ал «Сәрсенбайдың жырындағы»: бетегелі белден, күміс көлден айырылдым, ақтылы қойды бөрі алды, жылқыларды ұры алды деп сарнау тіпті ертеден, сонау Зарзаман ақындарынан қалған сарынға ұқсайды. Сонымен бірге ұқсамайтын тұстары да баршылық. Жаңағы ескі сарнау бір ғажабы қазақтың әлдебір құйтырқы, желдірме сөздерінің арасына қалай сыналып еніп кеткенін мадқапыда түсіну қиын. Жазбай түсіретінің:

Домбырам басы бал қурай,
Басына қонар бозторғай,
Қалампырлы насыбай.

Насыбайды атпасам,
Ауырар менің басым-ай!—

деп, жез таңдай әншіміз Ермек Серкебаевтың құтырта, күйқылжыта айтатын күлдіргі әнінің сөзін кім туғызғандығы. Мағжан өлеңдерінен анда-санда төбе көрсетіп қалатын Сәрсенбай типтік қазақы тұлға екендігі. Сәрсенбайды Бейімбеттің Мырқымбай есімді кейіпкерінің ағаларынан емес пе екен деген де ой келеді.

Мағжан өзі ұнататын символистік ғарыш бейнелерін әлсін-әлі есіне алып қояды. 1923 жылы жарық көрген. «Сырдағы алаш» өлеңіне ақын Күн мен Отты тағы тілге тиек етеді. Әрине, қазақ топырағына лайықтауды ұмытпайды. Отқа үйірлік қазаққа ежелден тән екенін ескертеді. Аталарымыз отқа май салған. Не пәлені отпен аластаған. Мағжан қазақтың бұл дәстүрін тегін еске алып отырған жоқ. Ол бұрын да, кейін де еліктегішсің дегенді аз естіген жоқ. Тіпті өзінің доспын деп жүргендері Мағжанның «Күнмін», «Отпын», «Пайғамбармын» деген символистік теңеулерін жатырқады, далада жалғыз өзі шабынған истерика деуге дейін барды. Осыған жауап бере келе, символистік от қазақ құлағына тосаң естілмейтінін дәлелдегісі келеді. Мұны дәлелдейді де. Жаңағы «Сырдағы алаш» өлеңінде халқына: жаның кірлеп барады, отпен аласта деген кеңес береді.

Осы мақсатта ақынның өзі қатты еңбектенді, жаңа тұрмыстың барысын жіті қадағалап отырды, жақсысына қуанса, жаманынан жиренді. Бұл талаптан туған өлеңдерге «Тірі бол», «Архимед пен біздің батыр» шығармалары жатады. Оларды оқыған кісі ақынның көрегендігіне, қазағына төнген қауіпті жұрттан бұрын сезінетін пайғамбарлығына сүйсінбей қалмайды.

«Тірі бол» кеңес пысықайларын түйрейтін памфлет. Шолақ белсенді «баспын», «жаспын» дегенді, әсіресе «қаспын» дегенді көп айтады. Тап шоқпарын онды-солды бас жоқ, көз жоқ демей тым сілтегіш. Өздері жан тындамас нағыз «көкесек». Атақ, мансап үшін не қылмыс, зұлымдыққа барады. Онымен қалайша күресуге керек? Мағжан жылпың белсендіге орышалап: «Әх, ты дурь!..» деп кейіді де:

Мен не дейін?
«Сен»— демейін,
«Ол» демейін,
Тірі бол!..—

деп күрт қайырады.

Социалистік реализм талаптары деңгейінен қарағанда, жағымсыз кейіпкерді сылап-сипайды деген кінә тағуға болар еді. Енді байқасаң, көрінген кеселмен большевиктік ымырасыз күрес жүргізе беруге болмайды екен. Мұндайдан Мағжан бойын аулаққа салады. Мұхаммед пайғамбардың он алтыншы хадисінде: «Егер біреу сізді ианаттаса немесе сізде жоқ айыптарды тағып, қорласа — сен сонда да оның өзінде бар айыпты бетіне басып кінәлама, сонда күнәсі оған, сауабы өзіне болады. Ешкімді ианаттама!» делінген. Мағжан өлеңінің тұжырымы осы мұсылмандық жолға саяды.

Кеңес бегінің бейнесі жасалған өлеңнің бірі «Архимед пен біздің батыр» аталады. Ол — оңай олжа тапқыш гөзелдің бірі. «Бөксе жағын бұлттып» тапанша салып жүреді. Батыр-бұтыр оқ атып, жұртқа ойран салумен әлек. Атақты антикалық ғұлама Архимед: күш — білімде десе, кеңесте бек олай ойламайды. Кеңеске бек: күш — білекте, дейді. Яғни Мағжан кейін «әміршіл-әкімшіл» жүйе аталатын большевиктік өкіметтің сары ауруының диагнозын дәл қойған. Бұл өкімет не нәрсені де күшке салды. Зорлық-зомбылық жасамаса, ішкен асы бойына жұқпады.

Мағжан «Архимедін» «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 22 қыркүйектегі сапында жариялапты. Яғни бұдан жетпіс жылдай бұрын біздің бүгінгі ашына жазып жүргенімізді жазыпты. Қанды қол сталинизмнің жаны неде екендігін тап басып айтыпты. Ендеше айрықша бітімді, ерекше желісті бұл өлең қазақ поэзиясында өзгеше асқақ ескерткіштейі бой түзеп тұрады.

Мағжан ақын Батыс пен Шығыстың дүниелік классикалық әдебиеті жаңалық, жетістіктерімен санасу үстіне, өз ұлттық дәстүрлерін үдетуді де естен шығармаған. Ұлттық жыр күллі адамзат мәдениетінің игілігіне айналады. Ондайлық дәрежеге жету үшін ұлттық жырда барша адамзаттың көкейтесті арман-тілегінің әлдебір ұшқындары соны бейне табуға тиіс. Асан қайғы сонау көне заманда жер үстіндегі тіршілік иесі атаулының бәр-бәрінің күнкөріс қамын уайымдады. Сұрқия күштердің символы саналатын жыланға дейін бұл алақан аясынан қарас қалған жоқ («аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер» дегендей). Ұлы Абай адамзатты ашқарақ тойымсыздықтан сақтандырды. Дүние жүзін жаулап алуға тырысқан Ескендір Зұлқарнайынның мысалында көзге тойымдық топырақтан екенін еске салды.

Осы секілді Мағжан ақын ойлары да ұлт шеңберінен асып, жалпы адамзат алдындағы міндеттерге ауық-ауық оралып отырды. Ол жалпыны реттеп алмай, жалқыға көшу береке бермейтінін ескерген. Мысалға, 1923 жылы жарық көрген «Еңбек — өлім жан қанатын қиятын» деген бір ұлттың ғана тар көлемінде сөз болып қалатын дүниеге жатпайды. Талай қалың ел-жұрт көлемінде бірге толғанысып, бірге ойласып талдауды қалайды.

Абай секілді Мағжанның барынша қадірлеп-қастерлейтіні — адам. Адам — табиғат падишасы. Бірақ ол өзінің бұл қасиетті рөлін атқаруға іс жүзінде жетісіп отыр ма? Міне, қазақ ақынын осы мәселе алаңдатады, толғантады. Мағжанның пікірінше, бүгінгі «Адамзаттың тәні түгіл жаны құл». Ол күнделікті күйбең еңбекпен қоңыз теріп кеткен. Қарны тойып қамписа болды, басқада шаруасы шамалы. Жалғыз нанымы — діннен безіп барады.

Мәңгі байрам, көктегі жұмақ ұмытылған,
«Забур», «Тәурәт», «Інжіл», «Құран» жыртылған.
Идеал үлкен, Айса, Мұса — келемеж,
Жалғыз ғана қарын қалған қампиған...

Көріп отырмыз, ақынның дүниетанымы, қиял құсы бір ұлттың тұрсын, бір діннің тар құрсауында тұсалып қалмаған. Жаңағы шығыс пен батыстың аралығынан шығып, адамзат көгіне шырқап көтерілген. Өлеңнің бұл қасиеті — кең құлашты өрісті оймен адам қоныс еткен жарық дүниенің ортақ проблемасын талдауға ұмтылуынан. Атап айтқанда, ақын еңбек жайлы жайдақ ұғымдарға шүйлігеді. Туына «Жаса, еңбек!» деген ұран жазған идеологияны келемеждейді. Бұл адамды адам еткен еңбек деген түсінікпен көзін ашқан біздердің көкейімізге оншама қона қоймайтын қағида. Бірақ «Еңбек — қарғыс, адамға ашу алладан, // Адамзатқа «еңбек қыл» деп қарғаған» дейтін Мағжан дәл осы шығармасында еңбекті қарғап отырса да, тоғышарлықты алғап отырмағаны айдан анық.

Өлең адамның адамдық өресін көтеруді көксейді. Күнкөрістен азаттық алып, рухани биікте самғау — адамзаттың ежелгі арманы. Мағжанша айтқанда, «Ит қарынды қорылдатып көметін» күн туса, адамзат мәңгі байрам дүниесіне кірмек. Реті келген соң айта кетейік, бұл тақырып Мағжанмен шектеліп қалған жоқ. Қазіргі қазақ әдебиетінде одан әрі жалғасын табуда. Советхан Ғаббасовтың «Кәусәр» романында (1986) бұл мәселе

фантастикалық пішінде талданып шешіледі. Роман кейіпкері — дана ғалым зерттеуі сол ит қарыннан тәуелсіз болуға арналады. Өсімдік жерден, ауадан қоректенеді, бірақ қалдық шығармайды. Жатындағы нәресте де сөйтеді. Тамақ ауа арқылы бойға біржола сіңіп отырса дейді. Сөйтіп, қалдықсыз тамақ өндіруді ойлайды. Советхан, бүгінгі біздің замандасымыз да, қиялдың ақ қанатына қонып алып, мәңгі мейрам дүниеге кіруді армандайды.

Мағжан поэзиясының тағы бір жаңашыл, қымбат қасиеттері «Шойын жол», «Айда атыңды, Сәрсенбай» өлеңдерінен танылады. Бұлар дүние жүзінің әдеби қорына соншалық көреген зор қасиетімен кіретін бұйымдар. Өйткені ауқымы кең проблемаларды қозғап, бір шеті дәл бүгіндер бүткіл адамзатты қатты алаң етіп отырған жәйттарға жанасады. Және таза ұлттық мәйекті өріс ете отырып, қазіргі глобалды, жер шары бойынша соншама маңызды істерге жігер береді. Аталған өлеңдер қазақтың өз сипатынан желі тартқанда, қала мен даланы салыстырудан туған сезімдерді сөйлетеді.

Адамның адамша өмір сүруі үшін қала жақсы ма, жоқ әлде дала жақсы ма? Ақын бұл сұраққа үзілді-кесілді сыпатта сыңаржақ жауап қатпайды. Қаланың елге әкелген жақсылықтарын («әттең ғана бұл оқу») мойындай келе, қаланың жәйсіз тұрмыс-салтын, тамақтан басқа тілегі жоқ доңыздығын, от, түтін демалысын, тұман, түн айналасын, ауыр, сасық иісін, тұрақсыз әйелдерін шенеп, істен алғысыз етеді. Бұдан соң лирикалық кейіпкер даланы есіне алады. Жібек желді, тәтті, кәусәр көлді, жан шырағы Сарыарқасын сағынып, қаладан тез шығуға, еліне тезірек жетуге асығады, Сәрсенбайды да «айда атыңды» деп асықтырады.

Қала мен дала проблемаларын Мағжан ертеден ойлағанға ұқсайды. Ұқсайды емес, расы сол. М. Жұмабаевтың «Айқап» журналында 1912 жылғы мамыр айында жарияланған мақаласын еске алсақ та жетеді. Болар бала... белгілі ғой. Он тоғыз жасар жап-жас жігіт өмірге диалектикалық көзқараспен қарайды. Қала мен даланың қайшылықтарын әдемі ашады. Мақала бір шумақ өлеңнен басталады.

Қырда өрік, жібек кілем, тау мен су бар,
Шулаған көңілге хош қаз бен қу бар.
Қалада жан азығы, шам-шырағы,
Белгісі адамдықтың білім табар.—

дейді. Даланың рақаты — жазы. Қалада сол сұлулықтың бірі табылмайды. Оның есесіне қала — білім ордасы. Бір жағы — ісмер. Қолынан келмейтіні жоқ. Қала адамға жан азығын береді. Даланың кемшілігі — «ойсыз. Ішіп-жеу, ойнап күлу, ұйықтаудан басқаны білмейді».

Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою мәселесімен адамзат ойшылдары ықылым заманнан бері шұғылданып келеді. Утопистік социализм мұны негізгі мақсаттарының бірінен санады. Қазақ зиялылары мәселенің экологиялық қырына көбірек көңіл бөлді. Әйгілі «Шойын жол» өлеңін алайық. 1924 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған бұл өлең біраздан кейін қатты сынға ұшырады. Мәскеуде Николай Бухарин, Қазақстанда қаратаяқ белсенділер өлең авторына дүрсе қоя берді. Ол кездегі ұяттан кешкен жүйе өтірікті шындай, ақсақты тыңдай етуге шеберлене бастаған. Саяси жала жауып, бір нәрсені домбықтырып, күйдіріп, жалауратып әкетуде алдына жан салмайтын.

1928 жылы ВЛКСМ-ның Бүкілодақтық VIII съезінде Н. Бухарин әккі саясатшылардың зымиян аяласы бойынша, біреудің айтпағанын айтты деген әдіс бойынша Мағжан өлеңі жөнінде өзі ойдан өтірік шығарып, соны әшкерелегенсіді. «Джумабаев темір жол далаға сифилиспен жезөкшелікті тасиды депті, ал осы жол көшпенділер арасында кең тараған сифилисті емдейтін медициналық ем-дом әкелмеуші ме еді?» — деп көлгірсіді.

«Шойын жолдың» біз білетін тексінде ауру, індет ханында бірде-бір сөз кезіктірмейсің. Өйткені ондай сөз жоқ. Өлеңнің негізгі пафосы ұлттық дәстүрді сақтау мәселесіне тіріледі. Даланың төсінде айқыш-ұйқыш салынып жатқан темір жол елдің ұйып отырған тұрмысына іріткі салмас па екен? — деген қауіп ойлайды. Лирикалық кейіпкер жол салынып жатқан жерге қатынаған кісіге сұрау салады. Шойын жол салынған ел үйреніп кетіп пе? Үйренгенде нетіпті?

Сұр кетіп қарттың жүзінен,
Сары қымыз көзінен
Бір-бір ұшып жүр ме екен?
«Қымызды жасық су ғой...» — деп,
Ендігі жас жеткіншек
Ащы су ішіп жүр ме екен?

Осының қай жері өтірік? Бәрі рас. Мағжанның тұспалы шындыққа шықты. Ащыны қанша сілтегенін мақ-

тан көретін әдет белең алды. Сыбырлағаныңды құдай естімей ме?— дегендей, қазір жыл аяғы наурыз тойында қымыз орнына «ақан» жүріп кететінін, маскүнем қазақтың аз кезікпейтінін, қайсыбір қазақ қатыны сиыр саууға ерініп, балаларына ақ бермей аздыратынын, оның есесіне күн ұзын «отырмақтан» шықпайтынын кімнен жасырамыз. Кінә шойын жолда емес, әрине. Кінә — өзімізден. Нәсілімізді, дәстүрімізді сақтаудағы бостығымыздан. Мағжан да темір жолға қарсы емес-ті. Ол темір жол бойымен ағылатын кесел-кінәраттардан, маскүнемдік пен нашақорлықтан шошынды. Ата-баба дәстүріне берік болуға шақырды.

Ақын жаңалықты жатсынған жоқ. Оны өмірдің өскелең өркендерін зерттемеді деу бәз-баяғы жаланың салқыны. Мағжанды іштей жаратпайтындардың жанынан шығарғаны. Оның торға түспеген күндерінің өзінде де басын бұлт торламаған күндері сирек. Сөйте жүре, ол Қазақстанның Шығысынан басқа барлық аймақтарын аралап үлгерді. Мақсұты — халық тұрмысының бет алысын бағдарлау. Ақын келер күннің еліне әкелер не жақсылығы бар деп дәметіп, әр жаңалыққа елеңдеп құлағын тосты, айналасына сергек қарап, ширақ жүрді. Замана ағысының қайсыбірінен сескенсе, ел кәдесіне жарайды-ау дегеніне жүрек жарды қуанды. Лықсып буырқанған сезімін ірікпей өлең кестесіне төкті. Көңіліне ұнамаған құбылысты жағымсыз кейіпкерден көрді. Көңіліне жаққандарын жағымды кейіпкерлердің жан күйлері арқылы қуаттады. Қазақ әйелінің еркіндік алған ілкі қадамына қандай еміркеніп еді ол. Өзі қолына қалам ұстағаннан қаузаған тақырыбы иіп берсе, өлең-жырды аңдатпағанда қайтушы еді.

Хабарыңды естіп осынау
Бұғау үзіп босанған,
Сүйгеніне қосылған,
Қуаныш сыймай қойнына,
Тарту қылып тойыңа,
Уыстап шашқан шашудай,
Ағаң өленді аңдатты,—

демесіне шарасы қайсы.

Көңілде ойлағаның орындалса, әзілің көбейеді. Мақтанып кеуде соғудан бұл әлдеқайда тиімді. Әйел теңдігін көп жырлаған Мағжан көріне көзге қоғамдық ірі күшке айнала бастаған қазақ қарындастарының қадамына гүл бітсінді айтып, қол соққаны рас. Мағжан көр-

гендері мен сезгендерін жаңаша қорытуға тырысты. Әр өлеңге өз кілтін іздестірді. Енді қайтеді? Көргенін көрген күйінде жазып, көшірмешілікке салынып, саяси қамшысына сенетін ақын емес-ті ол. Сол кездегі модылы үгіт өлеңнен Мағжан теріс айналды.

Мағжан ақын үшін ауыл қызының жасқаншақ, төменшік мінезінің өзгеруін суреттеуге бір ғана реалистік деталь, амандасқанда «шүкір» деудің орнына, асықпай «үш-ш-ш»-ті аузынан әзер деп шығаратын ұяңдығын жеткізуі жетіп жатыр еді. Әзілдесе, Мағжан қарындастың сол ұяң мінезін мысқылдай отырып, соған күрт өзгерген мінезін қарсы қояды. Мұндайда қыздың өзгерген тұлғасына қайран қалғанын жасырмайды. Жаңағы қарындастың «шүкірді» сенімді айтпақ түгіл, енді папкесіне «теңдік» ұранын толтырып, Орынбор, Мәскеулетіп, баяндама жасап жүргеніне таңырқап сүйсінеді.

Ауыл қызы бостандық тізгінін өз қолына алған. Ақын бұл мінезіне бәрекемді дегендей қол соғады. «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Ұлбосын» өлеңі (1925 жыл, 9 қараша) осындай. Әйел босанды деген хабар жетсе, қазакең: «ат ұстар» ма, «қырық жеті» ме? деп сұрайтыны мәлім. Ұлбосынның әкесі де қызы туғаннан «пұл болады» деп мұртын ширатып жүрген. Бір күні санын бір-ақ соғып қалды. Ақын қыз әкесінің, міне, осы күйін әжуә етеді. Ұлбосын пұлға айналмайды. Бір жігітпен қол ұстасып, қашып кетеді. Ақын осы оқиғаны сығымды, жинақы жеткізіп, жеңіл әзілмен көңілді суреттейді.

Бұрқырап отыр әкесі:

«Кұл болмаса, бұл болсын!..»

Мен не деймін, қалқам-ау:

«Жол босын,— деймін,— жол босын!»

Осы тақырыптың кеңейтілген түрі «Қарындастар» атты циклде («Әйел теңдігі» журналы, 1927 жыл, № 6) өрістетілген. Цикл төрт өлеңнен тұрады: 1) «Үйдегі ұяңсыз қарындас»; 2) «Бұлқынып бұғау үзген қарындас»; 3) «Оқудағы қарындас»; 4) «Жол шыққан қарындас». Циклдің дамыған характерге құрылғанын аталған тақырыпшалардан аңғару қиын емес. Өрлеу жолындағы дәуір стилін кейіпкер бейнесі арқылы жеткізу деп осыны айтады. Ауылдағы қарындастың бірте-бірте сатылап қайраткер дәрежесіне көтерілуін ақын иланымды психологиялық детальдармен жеткізе білген.

Сол сияқты, «Жердің жұмырлығы» атты бұдан бұры-

нырақ («Ақ жол» газеті, 1924 жыл, 18 наурыз) жарияланған өлең қазақ ауылындағы жаңалық әсерін кеңейте түседі. Автор әр жайтты бас-басына тәптіштеп баяндап жатпайды. Тағы да жеңіл әзілге бағып, кейіпкерінің қылығын тәлкек қылғандай. Курстан оқып келген Сапар деген жігіт жердің шар екендігін тақиясын дөнгелетіп түсіндіргісі бар. Соған қарамастан, оқырман ауылға білім бұлағы ілбіп жете бастағанына сенеді, сол әсер көңілін бірлетеді.

Жиырмасыншы жылдардағы ауыл жаңалықтарын көз алдына әкелетін суреттер Мағжанның сапарнама циклінен туған.

1924 жылдың жаз айларында Мағжан ақын Түркістан, Астрахан, Атырау аймақтарына сапар шеккен. Мәскеудегі оқудан қолы босаған, жазғы каникулға шыққан кезі болса керек. Сол сапардан алған әсерлерімен «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 15 мамыр, 25 шілде, 18 тамыз күнгі сандарында жарияланған «Ескі Түркістан», «Еділде», «Еділдің сағасында» өлеңдерін оқып таныса аламыз.

Ақынның көңілі тоқ демесек те, бірсыдырғы көтеріңкі. Сондықтан ба, ауыр ой үстінде жүре, әзіл-қалжыңын ара-тұра айта жүреді.

Аталған өлеңдерде реалистік мәнер басым. Ақынның суреткерлік өнері ұштала түскен. Күнделікті күйкі жайлардан, прозалық тұрмыстан поэзия алтынын қорытып шығару шебердің шеберінің қолынан келетін іс. Мағжан қазақтың қоңыр тұрмысынан есте қаларлық поэтикалық картиналар туғызады.

В. Белинский Пушкинді орыстың тұңғыш суреткер ақыны атаған. Сол Пушкиннің ұстазы Жуковскийді хас романтик, бірақ суреткер емес деген. Ұлы сыншының романтик пен суреткерді бөле жаруының өз сыры бар. Романтик ақын ішкі өмір құпиясын шертеді. Жуковский поэзиясы — құсаға айналған үміт пен арман жаңғырығы. Күрсінгенде, томырыққанда көкірегі қарс айырылатын поэзия. Суреткерлік қасиетті Белинский бөлекше атайды. Суреткерлік қасиетті өмір шындығымен тығыз байланыстырады. Біреуінің біреуінсіз күні жоқ. Белинскийше, суреткерлік дегеніміз — өмірдің бар саласында еркін жүзіп, қилы-қилы құбылыстарын әрқайсысының ерекшеліктеріне қарай поэтикалық түрде жеткізуге қабілеттілік. Ол Пушкинді көне грек құдайы Протейге теңейді. Протей біресе арыстан, біресе торғай, не түп ши,

не зәулім терекке, жанды-жансыздың бәріне айналып кете алады екен. Ақын да сөйте алады. Сонымен бірге өз даралығын бойына сақтап қалады, дейді. Пушкин тілі — сезімнің сұлу тілі емес, өнердің дәл өзі. Суреткер тіл. Пушкинге дейінгі поэзия әдемі сезімдер мен билік ойлардың шешен тілмен баяндалуы десек, кем өлшегендікке жатпайды. Баяндау ақиқат реңкін келтіретін опа, бояу ғана. Поэзия жүрегін соқтыра алмайды. Пушкин поэзиясы моральдық, басқа түрлі сыпаттағы идеяларды бейнелейтін дидактикалық поэзияны керексіз жүктей жолда қалдырып кеткен.

Пушкин мұзасын Белинский ақсүйек текті аруға теңейді. Ондай арудың сұлулығы мен сымбаттылығына көз тоймайды. Бұған жанының сұлулығын қосыңыз. Асыл қарапайымдылығы, жүрекке жылы тиетін үні, көрікті тілі, ішкі үйлесімнің сыртқа тепкен нұры арудың сиқырлы тұлғасына басынды игізіп, тізе бүктіреді. Нағыз поэзияның ішкі-сыртқы сұлулығы дәл сондай сиқырлы болсын, дейді ұлы сыншы.

Мағжан поэзиясы дамуының үшінші кезеңінде суреткерлік өнерінен айныған жоқ. Сол өнерін жаңа сапада дамытты. Енді ол айнала дүниеге, сырт дүние сырына көбірек үңілді. Ішкі әсерін қайталанбас суреттерге айналдырды. Өз ойларына жаңа бір тірек тапқандай сезінді.

Түркістанның ескі шаһары, Еділдің Асан қайғы салдырған Астраханы, Беріштің берекелі елі — әрқайсысы өз алдына таң дүние. Түркістанның ескі шаһар болатыны — мұнда ескінің мазары мен базарының қаймағы бұзылмаған. «Мазар сайын мың сопы//Саулатып тұрған ғазалын». Мешікте азанын аңыратып тұрған молдалар, Эр тұста қазанын бүлкілдетіп қайнатып жатқан базар. Соның бәрін ақын екі-үш штрихпен көз алдына әкеліп қондыра қояды. Ескі шаһардың адамдары қандай? Мұны «Арбакеш», «Әйел» деген бөлімдерден оқимыз.

Арбасын арбаңдатып, ыңылдап әлдебір ән айтқан арбакеш бейнесі қайбір поэзия кейіпкері болып жарытпақ? Ал Мағжан қаламынан ол жанды пендеге айналып шыға келеді. Мешіт көрсе мәлие қалады. Молдасы қарсы келсе, сәлемін сағыздай созады. Ал жанынан орыстың бүлкіл бөксе маржасы өте берсе, ыңылдауын күшейтеді. Бар-жоғы он бес, он алты жол. Соған бір типтік тұлға сыйып кеткен.

Осы циклдегі пәренжі киген әйелдің бейнесі қандай.

Ақын басқа ұлт өкілін өз ұлты адамынан кем сурет-
темейді.

Пәренжі үсте — бітеу қап.
Бетінде перде — шымбеті.
Шымбетінің астында
Гүл шырайлы шын беті
Желпіне алмай, жамылып,
Быршып тұрған тер беті.
Шаңырақ сырға құлақта,
Мөлт-мөлт еткен меруерті.
Зәмзәм құйған құтыдай
Домаланған келбеті.
Тарта беру тымпынып —
Көшеде оның міндеті.
«Нағузы билләһи әйелге
Мұтлақ харам ер беті».
Түркістанның тақсыры-ай,
Күдіреттен күшті-ау күдіреті!..

«Әйел»

Бұл әйел қазақ ұлтынан емес. Ал суреттелуі қапы-
сыз. Көзбен көріп, қолмен ұстатқандай. Мадқапыда кө-
шеден ұшыратып қалсаң, жазбай танитын сияқтысың.
Өзге ұлт өкілінің толыққанды, соқталы бейнесін жасау-
ға ақын қалай жетіскен? Әрине, өз ұлтының стихиясы-
мен, әдет-ғұрпымен салғастыру арқылы дер едік. Кең
сахарада атқа қонып ал, анау-мынау жігітке есесін жі-
бермейтін, ашық аспан астында еркін өскен қазақ әйелі-
нің көзімен қарағанда пәренжі тынысыңды тарылтып
жіберетін «бітеу қап». Әйел — керемет сұлу. Гүл шырай-
лы. Шебер қолдан шыққандай мүсініне қандай теңеу та-
былған. Бұл теңеу бір жағынан әйелдің қай тұстан еке-
ніне меңзеп тұрса, екінші жағынан сұлу сымбатын көзге
елестетеді. Шығыстың құтысының көз жауын алатын
көріктілігін, әдемілігін, нәзік түр-сипатын бәріміз біле-
міз. Оның үстіне бұл зәмзәм құйылған құты болса ше?

Бірақ шығыс сұлуы көңілінде аяушылық сезімін ту-
ғызады. Терден быршыған беті бір қысымның барлығына
дәлел. Әйелдің торға түскендей күйге түсуі — ол өзінше
жатқан бір пәлсәпә. Ислам дінінің бүгіндер фундамен-
тальді атанып жүрген қанатының әлуеттілігі. Содан
лирикалық кейіпкердің өзі де именгендей. «Түркістан-
ның тақсыры-ай, күдіреттен күшті-ау күдіреті» деп бас
шайқайды.

Бүгінгі заманымызбен үндестігі жағынан «Еділдің
сағасында» циклі жоғарыдағы өлеңдерден қалыспайды.
Ол қайтадан өзіміздің дертті проблемаларымызға мо-

йын бұрғызады. Циклдегі өлеңдердің ұзын саны бесеу. Солар бес дабыл болып құлағында тұрады. Қазақтың ана тілінен айырылып қалуы мүмкін бе?— деп біз енді-енді дауыс көтере бастасақ, Мағжан «аттанды» ерте салып, дабыл ұрғанын көреміз. Мағжанның қабырғасын қайыстыратын мәселе — ежелгі қазақ әдет-ғұрпына, көктеген егіннің арасынан қаптай шыққан арамшөптей орыстың естілерінің өздері де жаратпайтын нашар әдет-ғұрыптарының басып ене бастауы. Мұндағы қазақтың тартқаны най («күйектей кесет мойнында»), салынғаны арақ (бір топ қазақ жастары құрман тойының құрметіне сойылған қойдың етіне тойғанын місе тұтпай, селодағы Сергейдің тойына кетеді). Еділдің сағасындағы қазақ сөз сөйлесе орыстың «совсем, толькесін сабайды». Оталмаған арамшөптей, ұлттық егініміз кейін шөже басқа айналды. Ал Мағжан — ұлы азаматымыз — сол арамшөпті ерте отап тастауға «беліне қайыс буған» оқығандарды алдымен шақырған-тын. Эттең не керек, шерлі елінің құлағына Мағжан даусы жетпеді ғой.

Мағжан өзін алты алаштың ақыны сезінді. Тағдырлас бауыр халықтарға ет жүрегі елжіреп тұрды. Солардың бірі қырғыз ағайындарымыз хақында тұтас өлең циклін туғызды. «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 13 қыркүйектегі санында жарық көрген «Алатау» атты ұзақ өлең осы реңде жазылған шығарма. Ақын қырғызды алты алаштың қайсар перзенті атайды. Тарихын шолып, ер Манасының ерлігіне, «Манасты» айтып жорғалайтын жомоқшысына, оны көзіне жас алып тыңдайтын кәрі, жасына сүйінеді. Өлең тарихи толғау стилінде жазылған. Халық ақындары алқа-қотан жұртқа айтатын жыр мәнерінде уа, бәрекелде, ерім, жерім дегізетін әуенде тамсандырады. Айырмашылығы — бүгінгі күнге алып келуінде. Сол қырғыз бауырлардың ендігі халін сұрастырады, тілек айтады. Манасының моласына тәуәп қыл дейді. Сөйтіп, ауыз әдебиетіне тән аруаққа сиыну мотивін қозғайды. Қазақтың қайтсем ұлттық санасын оятам (национальное самосознание) деп мың ойланып-толғанатын Мағжан көбінесе елдің ерлік тарихына жүгінуші еді. Қырғыздардың ұлттық намысын қайрауға тырысуы — ежелгі мақсатына баққандығы.

«Алатау» дейтін тағы бір өлеңі «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы № 409 санында жарық көрген. Өзін еш қайталамайтын Мағжан бұл өлеңінде ұзақ сонар ерлік дастанын шертпейді. Бұлар — қысқа қайырылатын лирика-

лык өлеңдер. Шағын этюд-суретке ұқсайды. Қырғыздың жырлау мәнеріне еліктеп:

Жылытып жырмен мұздарын,
Күңрентіп таудың құздарын,
Қырғыздың ару қыздары
«Зекенбайды» ырлайды,—

деп көсілте, екпіндете жөнелтеді. Ендігі бір этюдінде («Таудың толғауы») Айшөректтей аяшың күң болып күйіп солмасын, шанашың бозаға толсын деген ыстық тілек айтады. «Үйдің ері» жырында танабынды тырналай бер, бозан шалап болып кетіпті дей келе, ел болу ойында болса, оқы деп кеңес береді.

«Қырғыз, қазаққа» аталған өлең («Ақ жол» газеті, 1924, № 445) әу деп басталғанынан екі бауырлас халықтың қарым-қатынас тарихын елестетіп өтеді. Одан соң «қойындасып» та, «сойылдасып» та келе жатқан туыс екі халықтан мынау «топан заман» не күтеді?— деген сұрақ қояды да, оған өзі әдемі жауап қайтарады. Елдіктің шарты — шұрқырасып табысуда дейді. Өлең идеясы «Қызыл жалау» өлеңі идеясын төңіректтейді. Бұрын соққы жеген, күйзелген елге балаулы бол, қызыл жалындай жалаулы бол деп бата береді.

Енді анықталып отырғанындай, Мағжан өлеңдері қырғыз құлағына шалынған. Қырғыз поэзиясына белгілі дәрежеде әсері тиген. Қырғыз лирикасын зерттеуші ғалым Осмон Ибраимов дәлелдеп бергендей, жиырма-сыншы жылдары, одан бұрынғы қырғыз ақындары Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсыновтардың поэзиясымен жақсы таныс болған, қазақ ақындарына түр жағынан еліктеп жазған. 1910—1920 жылдары тырнақалды өлеңдерін қазақ баспасөзінде (негізінен «Өріс» газетінде) жариялап тұрған қырғыз ақыны Қасым Тыныстанов поэзиясынан мұны айқын көруге болады. Мағжан сықылды, басқа да бір алуан қазақ ақындарындай, Қасым Тыныстанов өз жұртын, қырғыз елін Қызыл ту түбіне жичалып, алға басуға үндеген. Өзінің ілкі өлеңдер жинағында (1925) Қасым:

Салам бер атқан таңға, тур, эр алач,
Нуруна атқан таңның кир, ер алач!—

деп дауылдатқан ¹

¹ Осмон Ибраимов. История киргизской советской лирики. Бишкек. 1991, с. 27.

Осы арада айтылуға тиісті бір пікір бар. Қазір Қазақстанның байрағы өзгерді. Қызыл жалаудан бас тарттық. Ол өз заманымен тарихтан бел асты. Бірақ біз бәзбаяғы советтік мінезімізге басып, өткеннің бәрін аяққа басып тапамауға тиістіміз. Қызыл жалауды сынаудың жөні солай екен деп, ол туралы өлең жазған, басқа да шығарма тудырған ақын-жазушыларымызды мансұқтаудан сақтануға керек. Патшалық Ресей Қазақстанды отарлау аяқталған соң оның «ерікті қосылғанға» дейінгі әкімдік-территориялық картасын дар-дар айырып, тарихтан «қазақ» деген түсініктің өзін жоюға жанталасты. Қазақ аты қырғызға айналды. Қазақтарды жер-суынан айыру, қуғанын қуып, қалғанын орыстандыру ашықтан-ашық жүргізілді. Қалай десек те, Кеңес өкіметі тұсында империялық сана жасаған геноцидке, келімсектерді қаптатып, қазақты өз жерінде азшылықта қалдыру саясатының белсенді жүргізілуіне қарамастан, орыс шовинизмі біраз шегінуге мәжбүр болды. Қазақ елін бірнеше губернаторствоға бұтарлап алып, бөліп әкеткен генерал-губернаторстволар жойылды. Қазақ автономия алды, артынан одақтық республикаға айналды, экономикасы мен мәдениетін төңкеріске дейінгіден әлдеқайда көтерді. Мағжан, Қасымдар Қызыл жалауды қазақ, қырғыз сенікі дегенде осы фактілерді есепке алды.

Тағы бір ескеретін жәйт, Мағжанның Кеңес өкіметіне көзқарасы анағұрлым өзгергенімен, ол әмәнда ұлтының мүддесін ең бірінші орынға қойды. Осы тұрғыдан Мағжан Жұмабаевтың «Тоқсанның тобы», «Толғау» атты ұзақ өлеңдерін (кейде поэма деп те жүр) талдау ақын творчествосы үшінші кезеңінің қыр-сырын толық айқындауға мүмкіндік береді.

Кеңес өкіметі нығайған сайын Мағжанға сен байшылсын, еңбекші бұқараға жаусың деген жала күшейе түсті. Бірақ ол халқына қашан қарсы шығыпты? «Тапсыз, бүтін бір елмін» дегені рас. Байды бай, кедейді кедей деп, кедей-кепшікке іш тартқаны да рас. Ұлт ақыны болу халықтан безу ме екен? Қайта онымен біте қайнасу емес пе еді? Міне, осындай толғану үстінде ол «Тоқсанның тобы» поэмасын («Еңбекші қазақ» газеті, 1927 жылғы 19 тамыз) жазды.

«Тоқсан» деген сөздің мәнісі түсінікті. Жүздің тоқсаны — езілген көпшілік. Оған қарама-қарсы тұрған, қанаушы аталған тап — «он». «Тоқсан» мен «он» — «көп-

шілік иә азшылық» деген сөздерге балама ретінде алынған образ.

«Толғау» поэмасы Мағжан өзінің тоқсан хақындағы пікірін, ойларын тарата түседі. Тоқсанға келгенде, ол өз идеалын сатып келген жоқ. Қай кезде болсын, еңбекші бұқараға зәредей қиянат сөз айтпаған кісі. Бір кезде Алашордаға қатысса, бұл қозғалыс ұлтының, халқының отарлық зынданнан шығып, ел қатарына қосылуы үшін жанын салды.

Төңірекке көз салдым,
Елімді көрдім еңіреген.
Көкірегін күйік кернеген,
Енді ел демей болмады.
Тек ел деген сөз үшін
Ергенде ердім ұранға,
Болмаса аян досыма,
Досым түгіл қасыма,
Аты бар деп атшы боп,
Ел бастаған ағаға
Атутан боп ермедім.

«Толғау».

Басқаша айтқанда, ақын Алашорданың ел қамын көздеген істерін қолдадым, бірақ басшыларына жарамсақтанбадым, олар не бұйырса соны «құп болады!» деп шекесіне қолын сарт еткізіп, орындайтын адъютанты қызметін атқармадым деп отыр. Поэзияның, әдебиеттің, қалам иесінің ел, халық алдындағы рөліне қанық адамның сөзі.

Мағжан суырылып шыққан полемист, даукес, қызба айтыстың адамы көрінбесе де, сөзден ұтылған жан емес. Шымбайына батқанда бұға бермей, талай дұшпанына масқара шелегін кигізген. «Жолдасқа» өлеңінде дандайсыған опасыз шәкіртін сілейте дүрелейді. Эпиграммаларында талай дұшпандарының «жәйін тапқан». Жоғарыдағы «Атутан» деп отырғаны — Әбдірахман Байділдин. Мағжанға «буржуазияшыл-ұлтшыл» қалжуырын тағып, соқтыға беретін бұл сыншы кезінде Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхановтың адъютанты болды. Біраз уақыт өткен соң қызылға боянып, бұрынғы Алаш қозғалысындағы достарына тап берді. Оған Мағжанның қатты ренжігені мына эпиграммадан да байқалады:

Чик-чик,
Колокольчик.
Дин, дин, дин.

Сылдыр-сылдыр,
Былдыр-былдыр
Байдильдин.

«Толғауда» ақын төңкеріс және азамат соғысы жылдары өз басынан қандай күй кешкенін жасырмайды. Түрмеде отырып тергеушіге берген жауабында: мен сахада не ойың қойылып жатқанын түсінбеген көрермен болдым десе, бұл өлеңінде: «Жапанда жалғыз күңіреніп, // Мен ойыма ергемін» дейді. Өйтуі — «Тебіренген толқын бетінде, // Бұзықтар болды көргенім» себебінен. Сол бұзықтар әлегінен жұрт жылады. Колчактың бір өзі қаншама әлек әкелді. Елдің айдарлысын құл қылып, тұлымдысын тұл қылып жатқанда мен қалай бейтарап қалам, дейді. Бірақ сол бұзықтарға бола «Толқыннан // Ат тонымды ап безбедім. // Сұрадым тоқсан саулығын» деп еңбекші бұқараға іш тартқанын жазады. Жиырма-сыншы жылдары Кеңес өкіметін жақтауға ойысқанын мына жолдармен әйгілейді:

Жеті жыл бұрын осыдан,
Төңкерістің таңында.
Алты алашқа әйгілеп,
Не бостандық, не құлдық,
Не патшалық, не Кеңес
Екіден бір дер ме едім.

Мағжанды сол кезде сынаушылар: Жұмабаев қатесін мойындаған жоқ, тоқсанға адал көңілімен берілмеген, деп даурықты. Сонда ол қандай қатесін мойындауға тиісті еді? Бұрынғы жазғандарыңнан мүлде бас тарт дейді. Сонда елім, халқым, ұлтым деген өлеңдерін мансұқ ету керек пе? Дүниетанымның өзгеруі, басқа сапаға көшуі оңайлыққа түспейді. Бұл әскери адамның антын өзгертуінен де қиын. Адам іштей түлеуі тиіс. Түлегенде біреудің зорлық-зомбылығымен емес, өз еркіңмен.

Белгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің «Қатерлі өткел» романында (1967) Бүркіт ақын Мағжанның басынан өткергеніндей халде жүреді. Ақыры бұрынғы бетінен таяды. Оның «көзін ашқан» кім дейсіз ғой? Ежовшыл көк жағалы начальник. Соның қысымы. Ілсекең шын жағдайды жазды. Талай ақын-жазушы коммунистік идеологиялық тезге салынды.

Мағжан әдеби кейіпкер Бүркіттің көрген қысымынан әлденеше есе артық қысым көрсе де, көзжұмбайға салынған жоқ. Мағжанды жаңалыққа жетелеген өмірдің өзі. Революция — еңбекші халықтың мейрамы. «Тоқсан-

ды көрдім тойдағы» дейтіні содан. Не көрсе де халқымен бірге көріп, тойын бірге тойласқысы келді. Мағжан ұлт мүддесін бірінші орынға қойды. Бұл ниеті империялық санамен уланған большевиктік идеология құратын саясатқа сай келе бермеді. «Адассам ел деп адастым» дейтіні сондықтан. Ол мұндымен мұндасу қажеттігін ешқашан естен шығармаған.

«Тоқсанның тобында» Мағжан Құмдықөл басына жиналған қалың жұртты ақжарқын кеңес құрғызып қояды да, осы форманы пайдаланып, өз тұсындағы қазақ қауымының әлеуметтік портретін жасайды. Яғни кейін социалистік реализмнің жан-жүрегі атанған әлеуметтік талдауды қолданады. Бұл талдаудың ерекшелігі — партиялық, таптық принциптерді қатаң ұстанбауында. Мұндағы таптық принцип қанаушыларды даттаумен, қаналушыларды мақтаумен шектеледі. Қанаушылардың қанын төгуге, олармен бітіспес күреске шақырмайды.

Ақын алдымен Құмдықөл кеңесіне кімдердің, қандай тап өкілдерінің қатыспай, дәлірек айтқанда, қатыстырылмай отырғанына тоқталады. Және олардың әрқайсысына типтік сыпаттама береді, сол арқылы өзінің біраз өзгеріс тапқан көзқарасынан хабар береді. Енді ақын аузынан уыз төгілген байларды мадақтамайды. Құмдықөл басында енді парақор патшалық әкім жоқ, «обыр орыстың» жебірі, қарғылы болыс, би, ауылнай, шабарман, сұрқия пысық, өгіз көзді молда көрінбейді. Бұларға автордың берер бағасы мына сөздерден ашық та қатты естіледі: «Еңбексіз жейтін ит те жоқ, //Бейнетсіз жейтін бит те жоқ».

Бұл арамтамақтарға еңбегімен күнелткен ел қарамақарсы қойылады. Және олар жалпылама көрсетілмей, жік-жігімен сараланған. Еңбекші, кедей арасының өзі тұрмыс жағынан әр сатыда. Кем-кетік, кәріп-кәсір, жаман-жәутік атанған аш-жалаңаш отар елде көбейе түскен. Тағы бір тобы — жалшы сорлылар. Қисе киімге, ішсе тамаққа жарымайтын малшылардың қабағы қатулы. Ақын олардың көбісінің құл есебінде ұсталатынын көріп, қабырғасы қайысады. Қатқан тонды қойшы, етеккеңі жағал-жағал сауыншы, «бағасы байтал» және басқа әйелдер — шерлі ауылың осы. Халқым деп төменгі зор қалың қабат ел осыларды айту керек екенін, сол кедей-кепшік тоқсанға келген жақсылық қазақтың басым бөлегінің еншісіне тиген жақсылық екенін түсінген Мағ-

жан: «Сонау оннан мен аулақ, // Мен тоқсанмен біргемін» деп бар шын көңілімен жар салады.

Талдаудың дәлме-дәлдігі, айқындылығы Мағжан Жұмабаевтың өзі өскен қоғамның өмірін терең білетіндігін паш етуімен қатар, Мәскеуде уақытын бос өткізбегендігін, көп оқып, көп тоқығандығын, Лениннің шығармаларын, басқа да қыруар саяси әдебиетті, советтік авторлардың кітаптарын, пролетар жазушысы Максим Горькийдің шығармаларын аударғанда сын көзбен қарап, қорытқандығын көрсетеді.

Жаңағы әзірде ескертіп өткеніміздей, жаңа заман, жаңа дүниеге жарамсыздарды бүгін әшкерелеп, көзін жоғалту керек, ертеңге қалдырсаң кешігесің деп, большевиктік дегбірсіздікке салынбайды. Мағжан жаңа өкіметтің дегенінің бәріне бас шұлғи берді десек, мұнымыз шындыққа жатпас еді. Оның ендігі көзқарасы: жалпы Кеңес бағытын ұстанайық, бірақ қазақ өз соқпағын тапсын дегенге саяды. Ара-тұра Кеңестің ұр да жық белсенділеріне қарсы өлең жазуы, ал 1928—29 жылдары кеңестік баспасөзден шетқақпай қалуы, сол кездерде курстарда сабақ беріп жүргенде: мен Кеңеске қарсы емеспін, мен шындықты көксеймін дейтіні,— осының бәрі ақынның қаншама жанасайын десе де өзінен сырт айналып, маңына жуытқысы келмейтін өкіметке көп мәселеден дүрләрәз жүргендігін дәлелдесе керек.

Бұл жөнінде Ғаббас Тоғжанов «Әдебиет және сын мәселелері» атты кітабында (Қызылорда, 1929 жыл) бұрын «үсті-үстіне жазатын Мағжан «Тоқсанға» келді. Сонымен ақындықты тоқтатты. Ендігі «Тоқсанды» жырлап жазғандары болса газет, журналдарға шықса керек еді. Ондайын біз көргеніміз жоқ. Естігеніміз де жоқ. Біздің қолымызға «Тоқсаннан» кейін келіп түскен жалғыз «Толғау» дейді де, соңғы поэмасын істен алғысыз етеді.

Мұндай жағдайда шығып көр баспа бетіне...

Сөйтіп, Мағжанды абақтыға қаматпай тұрып-ақ, қазақтың қып-қызыл белсенділері ұлы ақынның аузына құлып салып үлгерді. Ал өзі үшін жазып жүрген қалың дәптері қолды болғанын Зылиха апай осы жолдардың авторына күрсіне әңгімелеген болатын.

Мағжанның: «Құдай-ау, албастының ойнағындай // Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?!» дейтіні содан (Қойлыбайдың қобызы», 1923).

Әдебиеттегі саясат туғызған мифология өлең сөзге деген поэзиялық сезімді топастандырды. Өлеңнен ақын

жүрегінің тебіреністерінен гөрі барабанның дүрсiлiн, мылтықтың тарсылын, трактор тырылын естiгiмiз келгенiн жасырмайық. Мағжанды түсiнбей беталды балағаттау, поэзияны ағымдағы саясат шылауына айналдыру дәп сол кездердiң дертi. Соның өзiнде де Мағжанды халық жүрегiнен өшiре алған жоқ. Әбдiлдә Тәжiбаевтың Мағжан поэзиясын барынша сөккен, даттаған (бiз жоғарыда үзiндi келтiрген) еңбегiнде мынадай «шағым» айтылады.

«...Мағжанды байшыл, ұлтшыл сыншылар көпке дейiн қазақ лирикасының ең сұлу үлгiсi деп Абайдан асыра мақтап келген. Тiптi әдебиетшi коммунистердiң iшiнде Мағжан поэзиясының мазмұнын сынай отырып, оның түр, шеберлiк жақтарын әлпештеушiлер болған (Тоғжанов жолдас, тағы басқалар); «Мағжан деген тамаша лирик бопты ғой, махаббатты, табиғатты ұшқыр жырлапты ғой» деп жаңа жаза бастаған жас ақындардың өзiмiзден талай сұрағанын бiлемiз»¹

Демек, саналы жастарымызды ерiксiз үйiрiп әкетердей құдiрет Мағжан поэзиясында болмаған емес, болған. «Мағжанмен бiрге бiздiң балғын сезiмдi бар дауыспен дәрiптеген, барлық құмарлық жалынымен жырлаған жастық әуенiмiз қайта тiрiлдi»²— деп жазады бүгiндер Әбекең.

ҚАМАЛҒАН ҚАЗАҒЫНА ЖОЛ ТАППАҚҚА»...

Қазақ әдебиетiне Мағжанның сiңiрген зор еңбегi: ол «поэмалар жазудың желiсiн қаққан адамның бiреуi болды» деп жазады Сәбит Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиетi» кiтабының қорытынды бөлiмiнде (283-бет).

Поэма дегенде Сәбең әдеби поэмаларды айтады. Бұлардың фольклорлық, романдық эпостардан айырмашылығы баяғының күйiн күйлеумен шектелмейдi. Тiптi өткендi жырлап отырса да, бүгiнгi заман толғағын толғайды, қоғамның, ұлттың дiлгер проблемаларына меңзейдi. Сол себептi көркемдiк бейнелеу құралдары өзгередi. Кейiпкер тұлғасы тұманданбай, көз алдында тұра қалады. Ол жер басып жүрген адам болып шығады. Саған iштей де, сырттай да таныс-бейтаныс. Бұл проза

¹ *Әбдiлдә Тәжiбаев*. Бес томдық шығармалар жинағы. Төртiншi том. Алматы, 1981, 66-бет.

² *Мағжан Жұмабаев*. Шығармалары. Алматы. 1980. 4-бет.

емес, бірақ өлендегі повесть, роман жанрлары іспетті. Өзіне тән сюжет бойынша оқиғаны баяндау я суреттеу барысында сол оқиғаның мән-мағынасын лирикалық қарман әсері, сезім, ой толқындары арқылы ашады.

Мағжан, Сұлтанмахмұттардын поэма желісін қаққан себебі, кейбір өлең тақырыптары шағын форма аясына сыймады. Олар өмір сүрген кез — қазақ қоғамының сана-сезімі ояна бастаған шағы. Ұлт адамы жеке-дара тұлғаға айналды. Оның ішін ашу үшін лириканы төгілту керек. Қоғамдық істерін көрсетуге эпостық құлаш қажет. Ал лирика мен эпостың құймасын әр түрлі арасалмақта жасайтын поэзиялық жанр поэма аталады.

Әдеби поэмалардың қазақ үлгісін Абай мен Шәкәрім жасады. Абай жалпы адамзаттық проблемаларды толғайтын философиялық поэмалар туғызды. Шәкәрім ғашықтық лирикалық поэмаларға публицистикалық әр беріп, патриархалды-рулық қоғамға тарихи кесімді үкім шығарды. Мағжан поэмаларының негізгі өзегі — ұлт-азаттығы тақырыбы.

Мағжан творчестволық қысқа ғұмырында айналдырған он бес, он алты жыл ішінде «Ертегі», «Қорқыт», «Оқжетпестің қиясында», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертегі», «Қанышбай қыссасы», «Толғау», «Тоқсанның тобы» сияқты поэмалар туғызды. Міне, осылардың қай-қайсысы да, аңыз-ертегіге негізделгені де, бүгінгі заман материалына сүйенетіні де қазақ ұлты тағдырын толғайды.

Ақын поэмаларының тырнақалдысы — «Ертегі». Бұл шығарма мөлшері жиырмасыншы жылдардың бас кезінде «Бостандық» газетінде басылған. Одан Алматы облыстық «Тілші» газеті көшіріп басқан (1922, № 2). Қазіргі қолдағысы осы нұсқа (қараңыз: М. Жұмабаев. «Тандамалы». «Ғылым» баспасы, 1992 жыл, 267-бет).

Поэма эпикалық сарында басталып, ертегімен аяқталады. Ертегі болғанда фольклоршылар хикая (быличка) атандырған, өз басым дию-пері ертегісі (демонологические сказки) дейтін түрге ауысады. Қаһарманы — әйгілі тарихи қайраткер Сыздық, Кенесарыдан соң отаршыларға қарсы қаруын тастамай соғысқан, бірақ, Мағжан сөзімен айтқанда, көп соққы жеп сүле болған алаштан алты адам да ерте алмаған батыр.

Поэманы автор өз жайынан біраз көңілсіз сыр қозғаумен бастайды. Ол — ашынған жан. Тек бір нәрсені

ғана жұбаныш етеді. Қиялын тербететін тәтті ертегіге елітеді. Сөйтіп, қазағын қорғамақ болған Сыздық еске түседі. Ел-жұртын жауға қарсы майданға шығара алмай құса болған Сыздық, елден безіп Бетпақдаланы кезіп жүреді. Осы сәттен жоғарыда айтылған ертегі басталады. Жапан далада от жағып отырған Сыздыққа төтеннен бір әйел жолығады. Ол жезтырнақ болып шығады. Қаламы жүйрік автор жезтырнақты батырдың қалай өлтіргенін жинақы, тартымды суреттейді.

Поэманың осындай ұтымды жақтарымен қатар, сәтсіздіктері де көзге түспей қалмайды. Автор ту баста ойлаған идеясын жеріне жеткізе жүзеге асыра алмаған тәрізді. «Есіл елді, есіл жерді жат алды...» Заман озды, адам тозды, ерлер жоқ...» Ер заманның тууына әлі ерте. Жалғыз найзасын көтеріп, қу медиен қу далада Абылай бабасын еске алып, Сыздық жүр аш бөрідей ел торып. Ал енді осы трагедиялық ахуалды жете түсініп, еліне жол көрсететін ер қайсы? Поэма осы мәселенің көркемдік шешімін таба алмаған. Сыздық — Абылай ханның жаужүрек ұрпағы. Жезтырнақты айламен жайратып салуы — сол батырлығының белгісі. Бірақ поэманың бүкіл алаңын дерлік алып жатқан бұл қияли эпизод ұлт-азаттығы сияқты үлкен дария тақырыпқа бойлай алмақ емес.

Автор қатесі неде? Халық қатыспаған жерде эпикалық поэма шықпайды. Бұл бір. Екіншіден, өз басы көзсіз батыр бола тұра, Сыздық халқының жүрегіне жол таба алмаған. Халқынан қол үзген. Мұндай тұлғалар эпикалық поэмаға бас герой боларлықтай материал бере алмайды. Автордың және бір қатесі — эпикалық стильді романтикаға бұруында. Мұның жасандылығы көзге ұрып тұр. Шығарманың сюжеттік желісі бір жаққа тартса, қорытынды бөлімі екінші жаққа тартады. Поэма оқиғасы романтикалық әлдебір дүлей сезімдерді қозғайды. Автор толғаулары бұдан өзгеше, заманның көкейтесті реалды проблемаларына бастайды.

«Ертегі» поэмасына автордың өзінің де көңілі толмағанға ұқсайды. Поэма ақынның не Қазан, не Тәшкен жинақтарына енбеген. Ұнатса, жинағынан қалдырмас еді ғой.

«Ертегінің» жазылуының жақсы жағы — ақынның поэма жанрындағы ізденістерін бастады. Мағжан өткен заманды бүгінгі ел тағдырымен қабыстыру тәжірибесін жинақтады. Ол поэма жанрын тез игеріп алып кетті.

«Ертегі» поэмасында шешілмей көмескі қалған бір тақырып — лирикалық кейіпкердің жан тебіреністерінің сыры. Жүрегі сая таппайды, аласұрады. Неге? Бұл жұмбақтың шешуі Мағжанның келесі поэмасында беріледі. Гәп — творчестволық бостандықтың жоқтығында, таланттың тұсалуында. Ақын арты — ор, алды — көр. Барар жері, басар тауы жоқ. Өзінің болашақ аянышты тағдырын күні бұрын сезген ақын жаны қайтіп күйіп жанбасын, қайтіп аспанға шапшымасын?!

Мағжан бұл жолы көрікті ойының көркемдік шешімін сәтімен тапты. «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» дейтін ежелгі аңызды өткір памфлет етті. «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2—3 сандарында жарық көрген «Қорқыт» атты поэмасының өзегіне айналдырды. Сөйтіп, қатыгез тағдырын шығарма түйіні етті.

Қорқыт — сахара жұртының пайғамбары есебінде жүретін, жадында, жүрегінде ежелден сақталған ақыны, күйшісі, ойшылы. Шоқан Уәлиханов «Следы шаманства у киргизов» дейтін белгілі еңбегінде Қорқыттың қазақтарды тұңғыш рет қобыз тартып, сарын айтуға үйреткенін жазады. Сонымен бірге өлімнен қашып құтылу идеясы ислам дініне қайшы келетінін біле тұра, қазақтар тағдыр жазмышынан сытылып кетуге тырысатынын ескертіп өтеді.

Мағжан поэмасында қалыптасқан дәстүрден ауытқымайды, сөйте тұра ежелгі бейнені жаңғыртып, замана тілегіне жарата біледі. Поэма «Қорқыт» аталады. Яғни бас кейіпкері — Қорқыт. Қорқытпен қоса және бір кейіпкер бой көрсетеді. Ол — осы заман ақыны, автордың өзі. Қорқыт тағдырымен айқасады. Жалпы адамзаттық проблеманы (өлімнен қашып құтыла алмайсың) толғайды. Осы заман ақыны талайына тап болған қоғамның тас бауыр мейірімсіздігін ишара тәсілімен (эллипсис) жеткізеді. Айтайын дегенін іркіп қалғанымен, оқушы не айтқысы келгенін емеуріннен таниды. Соны бірден танығандардың бірі Сәбит Мұқанов жоғарыда аталған кітабында «Қорқыт» поэмасы идеясын былай деп түсіндіреді.

«...Партия жолына түскен еңбекші жастар Қазақстаннан қашқан Мағжан, Мұхтар сықылды қашақтарды қужай бастады. Баспаны қолдарына ала бастады. Міне, осындай қысымшылдықтың тепкінін көрген Мағжанға, шынында да қайда барса Қорқыт көрі кездесті». (265—266-беттер).

Мағжан Омбы, Қызылжар, Орынбор, Тәшкент, Мәскеу, Алматы,— қайда бармасын,— алдынан кесе көлденең бір пәле шыға келіп жабысатын.

Өлімнен құтылмайсың, қашқанменен,
Мынау көр — сенің көрің Қорқыт жазған!—

деген сөздерді Мағжан нақ өзіне арнап айтылғандай сезінетін. Сөз жоқ, поэманың символикалық мәні бар. Мағжан өзін ғана айтып отырған жоқ. Кер заманның тепкінін жалғыз ол көрген жоқ. Ащы дәмін жалғыз ол татқан жоқ. Поэманың әділетсіз жүйеге қарсы өткір памфлет болып естілетіні содан.

Шығарма сюжеті үш орамда өрістейді: Қорқыттың ажалдан қашып құтылмаққа жаһан кезуі, Алтай еліне оралып, қарағайдан қобыз жасап, төңіректі күймен күңірентуі, қобызбен көрге кіруі. Автор сар далада тың тыңдап, өзін Қорқытқа балайды. Соған қарай философиялық ой толғамдары түзіледі. Қарағайдың нәзік қылы ақын жүрегіне, ой-қиялына жалғанады. Осы тұста Мағжан қазақ поэзиясында жаңа бір бет ашады. Жүрек қылы күмбірінің дәл өзін суреттейтін өнер сорабын салады. Мағжанның бұл поэмасынан кейін күй туралы тамаша шығармалар жарыққа шықты (І. Жансүгіровтің «Күйі», Ә. Тәжібаевтың «Абылы», т. б.).

Қобыздан мұнды дыбыс сорғалады,
Майпаңдап ә дегенде жорғалады,
Біресе асау тайдай ойнақ салды,
Біресе сары нардай ырғалады.

Абай күйдің адам бойын балқытып, ойын өсіретін әсерін сыпаттаса, Мағжан күйдің күмбірін бейнелейді. Сәулет өнері туғызған әсем ғимаратты ұйыған музыка деседі ғой («застывшая музыка»). Мағжан күй тасқынын тасқын күйінде суреттейді. Ауыстыру заңдылығы бойынша ол біресе табиғат құбылыстарына, біресе жанды ғаламға айналады. Поэманың өзіне жүгінейік.

«Қобыздан мұнды дыбыс сорғалады».

Мұнды дыбыс, бұл — көзден сорғалаған жас не төбеден сорғалаған тамшы ма — жапа шеккен адамға жаны ашығандықтан туған бейнелі сөз.

«Қобыздың сарнағаны зарлағандай» деп басталатын шумак сезім пернелерінде ойнағанда жүректі біресе мұздатып, біресе жалындатып, не түрлі әсерге бөлейді. Жанды суретке айналып, ор қояндай орғиды, жүйрік желдей еседі. Күй адамша күрсінеді, күңіренеді. Өйткі-

зетін миң жаралы, паршаланған жүрек. Мағжан тіпті күй әсеріне еліткен сезімнің түр-түсін түстейді. Қобыз әуезі аспанға шапшыған от сықылды гулейді, не қайғының қап-қараңғы түнегі боп басып жаншиды.

Құсалық, мұң сезімдері басым «Қорқыт» поэмасы романтизм ауылынанмын деп тұр. Шығарманың тағы бір ерекшелігі — философиялық лирикамен өрілуі. Өткен күн, адам тағдыры хақындағы толғамдар оқушысын терең ойларға жетектейтіні даусыз.

Ақын, жазушы үшін шығарманың финалы, межесі — үлкен сын. Әжептәуір жазылған шығарма ақырғы нүктесі сәтті қойылмаса, түймесі дұрыс қадалмаған бешпеттей, қикайып-сиқайып қалады. Хас талант ондай нәумездікке жол бермейді. «Шын жүйрік өрге шапса өршеленер» дегендей, Мағжан көмбеге жақындаған сайын жаңа күш біткендей көсіле түседі. Шығарманың қорытынды бөлегінде ойға салмақ салады. «Қорқыт» поэмасы оқиға аяқталуымен тынбайды. Ақыры қобыз күйіне жұбанған Қорқыт өлімімен тәмәмдалмайды. Автор шерлі күйді енді өзі аңыратады. Өткеннен бүгінгіге көпір салып алады да, поэманың идеялық-көркемдік идеясын түйеді. Қорқытша сарнай, зарлай көрге кірсем дейді. Тіршілікті талақ еткендіктен емес, өмірін көрге айналдырушыларға кекті наразылықтан, өшпес өшпенділіктен.

Автор кімге және не үшін наразы екендігі жоғарыда Сәбед сөзімен айтылды. Дегенмен «Қорқыт» ақын жүрегіне байланған қусаны толық сарыкпағанға ұқсайды. Келесі поэмаларында, «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің княсында» шығармаларында жаңағы наразылық шиыршықталып, шырқау биігіне көтеріледі.

«Қойлыбайдың қобызы» (1923) белгілі аңызға құрылған. Найманның бір асында асып-тасыған еріккен жұрт Қойлыбай бақсының кедейлігін тәлкек еткендей, сен неге бәйгеге қатыспайсың, бәйгеге қосатының болмаса, қобызынды қос деп қағытады. Намыстанған бақсы қобызын бәйгеге қосуға бел байлайды. Ыңғайлы бір бозбаланы шақырып алып, ат шабатын жерде жартасқа шыққан сексеуіл бар, соған қобызды байлап кет деп тапсырады. Осының бәрі таңғажайып оқиғаға айналады. Ақын бақсының ойынын, Қақаман бастаған жындарын шақыруын, бұтағында қобыз байланған сексеуілдің ербеңдей ойнақтап, бәйгенің алдын бермей келуін, қалың елдің тамашадан тас боп қатуын кәдімгі кинодағыдай көз алдынан жанды картиналар өткізіп тамсандырады.

Осыдан қандай саясат шығаруға мүмкін? Мағжан әдетінше поэманың қорытынды бөлімінде (бұл бөлім 1989 жылғы ақын жинағынан алынып тасталған) аңызды метафоралық теңеуге айналдырып, айтайын дегенін бетің бар, жүзің бар демей айтып салады.

Айрылдық балпаң басқан батырлардан,
Аузынан уыз төгілген маңғаз байдан.
Құдай-ау албастының ойнағындай,
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?
Шіркін-ай, кер заманды күл қылар ем,
Бата алсам Бағаналы Қойлыбайдан,—

дейді.

Осыған ұқсас тәсіл «Оқжетпестің қиясында» да қолданылған. 1923 жылы ақынның Тәшкен жинағында жарық көрген бұл поэмада Кенесары хан туралы бір аңыз қазақ елі тағдырына байланысты үлкен тақырыпқа ұласады. «Қойлыбайдың қобызында» аңыз әлеуметтік астар алса, «Оқжетпестегі» аңыз кеудеге қазақ деген от жағады. «Жау қалың, азғантай ел, азғандай шақ». Бұл жолда көп мән жатыр. Ұлт азаттығы — киелі идея. Азбын, әлсізбін деп бұға берсең, сұға береді. Ендеше тәуекелге бел байлау керек. Қиындықтан тайсалма, қайратқа мін, жасыма,— дейді. Міне, осы идея поэманың бас қаһарманы Кенесары бейнесінде арқауланған.

Поэма эпикалық сарында жазылған. Шығарма қазақ тарихының ең бір шоқтықты кезеңін бейнелейді. Қазақ бодандық бұғалығына ешқашан көндікпеген ел. Осының мықты бір дәлелі Кенесары көтерілісі. Тарихта ізі қалған ірі оқиғаны үлкен көркемдік идеяға көтеруде «Оқжетпес» қазақ әдебиетінде оқшау поэма. Елім деп еңіреген ер ұлы азамат дәрежесіне көтеріледі. Мұндай қаһарманды әдебиетімізге тұңғыш әкелген Мағжан ақын десек, артықтығы жоқ.

«Оқжетпестің» бұл рөлі кезінде талас туғызды. Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасында (1928):

Біреулер батыр мен би, ханды мақтап,
Бұрынғы надан, шірік заңды жақтап,
Сарнайды, жыр қылады сөзін сырлап,
Бақсыдай жын шақырған сандырақтап.
Хан деген жерге тамған қанға құмар,
Дірілдеп өлім күткен жанға құмар.
Жазықсыз бейпіл жатқан елді шауып,
Типыл ғып жер күңіrentкен даңға құмар,—

десе, бұл «Оқжетпеспен» идеялық айтысқа түсуі еді. Сәкен Кенесары қозғалысының біраз қайшылығын дұрыс

көрсетеді (нақ Кенесары деп атамағанмен, бұл арада кім туралы сөз болып отырғаны анық.) Сонымен қабат, Сәкен ханды мақтаған «біреулердің», яки Мағжанның Кенесарыны иә Абылайды негізінен хандық билігін мақтау үшін емес, елі, жері үшін олардың қасықтай қанын аямай күрескен ерлігін жырлайтынын көрінеу бүгіп қалған, айтпаған. Айтпағанынды айтты деп пәле жапсыру сол кездегі большевик идеологтардың қанына сіңгендей тәсілі еді. Соған үнемі болмағанмен, бір уақ С. Сейфуллин де еліктегендей. Бірақ бұл тұс «Көкшетау» поэмасындағы бір эпизод есепті.

Сәкен де поэмасын аңызға сүйейді. Мағжан шығармасынан айырмасы — мұнда ежелден сахарада өскен еркін ел бас бостандығын қалай қымбат көретіндігін, соны іс жүзінде дәлелдеп, тұтқынға түскен қалмақ қызына азаттық беріп, еліне қайтаруы адамгершілік рухтан туындайтынын әсем сурет, толымды ойлармен шебер жеткізеді. Қатыгезділікті мейірбандылыққа, қара күшті ақылға жеңдіріп, жалпы адамзаттық гуманистік идеяларға бет түзейді.

Батыр мен би, ханды мақтаған «біреулерді» сынағанда Сәкеннің ескермеген жері — Мағжанның Кенені хан да, қара да етіп суреттеуі. Мағжан қазақты қалың өрттен құтқарам деп жалғыз Кенекем қайрат қылған дейді. Бірақ шонжар атаулының бәрін «Қойлыбайдың қобызы» поэмасындағыдай мақтай бермейді. Оған мына жолдар куә.

Заман азған шағында адам азбақ,
Көп ерлер жаумен бірге елін шапқан.
Кешегі Абылайдан азып туған.
Уәлі анау қар қатынмен басы қатқан.
Шормандай шолтаңдаған шолақ билер
Орыстың шекпеніне елін сатқан.

Бұл жолдардың идеялық нысанасы айқын. Мағжан бодандық сананы өлтіре сынап отыр. Сөйтіп ол қазақ поэзиясында тағы да бір тың тақырыпқа түрен салды.

«Оқжетпес» эпикалық поэма болғанда оның жаңаша кесіліп-пішілген формаларының бірі. Тарихи тұлға романтикалық сюжет арқылы бой көрсетеді. Ал автор атынан баяндалған тұстары реалистік мәнерде орындалған. Кенесары ханның Наурызбайды қасына алып, отаршыларға аш бөрідей ойран салғаны, Үйсін, Дулат, Қырғызбен қол ұстасып, Қытаймен қатынас жасауға тырысқаны — бұлар нақтылы тарихи шындыққа сәйкес факті-

лер. Поэмада хан ниетінің не себепті жүзеге аспағаны және талданған. Талдауында автор үлкен көрегендік жасайды. Кенесары қанын бауырлас елге жүктемейді. «Біле алмай надандықпен ердің ойын, // Сорлы кырғыз мерт қылды арыстанды» дейді. Ақын қорытындысы Кенесары тұлғасын ұлтаралық дау-шардың объектісіне айналмауын көздейді. Мұны үлкен көрегендік демей, не дейсің?

Поэманың және бір жаңалығы — бас қаһарман характерін айқын сезінесің. Ол ой теңізіне құлаштаған кекті де мұңды батыр. Ойлағаны өз қамы емес, ел-жұртының бейшара халі. Соны уайымдап үнйлейді. 1992 жылы жазда республика жұртшылығы Кенесарының туғанына 190 жыл толуын кеңінен атап өтті. Той кешінде Бурабайдағы Мағжан суреттейтін Кенесары үңгіріне мемориалдық тақта орнатылды. Мәрмәр тасқа ақын поэмасынан бір шумақ өлең алтын әріппен қашалып жазылды.

Сол түні сонау үңгірдің ішінде
Қабағын қарыс жауып, Кене ойлапты.
Қамалған қазағына жол таппаққа
Жүрегін тілім-тілім тіле ойлапты.

Осындай жүрегі бар адам күшті характер де. «Келеді маң-маң басып Оқжетпеске, // Құмдарға жолбарыстай тастап ізін». Әрі тамаша сурет, әрі ірі мінез, бірін-бірі айқындап, бейнені жақындата түседі.

Кенесары — Мағжан үшін ерлік идеалы. Соны жеріне жеткізе айтуға өзінше бір әдіс табылады. Кенеге лайықты орда — Көкшетау. Сол ортадан ер бейнесі ажырамайды.

Ақан, Біржан, Мағжан, Сәкен дәстүрлерінде Көкшетау ақындықты сынайтын әсемдік символына айналды. Осы қалам жарысында Мағжан өзінше сілтейді. Ол Көкшенің көркін тамашалаумен шектелмейді. Мағжан Көкшесі ел, жер тағдырын шешуге тіке қатысты.

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.

Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Алашта Кенекеме ер жетпейді,—

деп тегін әндетпейміз. Елін, жерін сүйген адамға бұл жолдар өз жүрегін жарып шыққандай қымбат. Бұлай болуының сыры — қаһарман мен авторлық позицияның сабақтастығынан. Кенесары мен Мағжан тағдырлас

жандар. Поэма қорытындысында ақын өз кейіпкерінен кем күңіренбейді.

Содан бері бірталай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман өтті.
Тұлпар — тулақ, ер арып аруақ боп,
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.
Жолбарыстар жортатын сар далада
Қорсылдаған доңыздар мекен етті,—

деп ызаға булығады өртенген ақын жүрегі. Сондықтан біз: «Ақынның «Көкшеде күңіренген Кенем қайда?..» деп неге іздегенін түсінеміз. Өз тарапымыздан бұған қосарымыз: қазаққа жігер берген Мағжан қайда?— деген сұрақ болуға керек. Кір жуып, кіндік кескен жерінің қай түкпіріне барса да күйігін баса алмаған ақын тәуелсіз Қазақстанның көргенде не дер еді деп ойлайсың. Әлде қазақта Кене хандай ер тусын, бейбіт елін қайтып жау басып алмайтын қорғаны келсін!— дер ме еді, кім білсін...

Сондай батырлардың бейнесін жасау, тарихтан үлгі іздеу — Мағжанның ендігі творчестволық толғақтарының мәніне айналды. Қолына ұстаған қаламы бұрын қазақ құлағына шалынып көрмеген жалынды жырларды бірінің артынан бірін тоғытты. Шабыты ақынның өзі жырлаған Сейхун, Жейхун дарияларындай шалқып тасыды. Сол шабыттың аса бір бақыты жанған шағында атақты «Батыр Баян» поэмасы жазылып, «Шолпан» журналының 1923 жылғы 4—5 және 6—7—8-сандарында жарияланды.

«Батыр Баян» — Мағжанның ақындық алып құлашын, қуатты суреткерлік талантын мейлінше танытқан поэма. Ұлттық эпостық һәм лирикалық дәстүрді жаңа көркемдік типтендіру құралдарымен байытқан бұл поэма ақынның поэтикалық мәдениеті барынша толысып, еуропалық дәрежеге еш талассыз көтерілгенін айрықша паш етті.

XX ғасырдың бас кезінде эпикалық поэма бұған дейінгі қазақ топырағындағы үлгілерінде бар мүмкіндігін дерлік сарқып бітірген болатын. Ақындардың әдебиет табалдырығын аттаған жаңа ұрпағы қалайда поэма жанрын соны өріске шығаруы керек еді.

Эпикалық поэма ел тағдырын шешкен оқиғаға құрылады. Оған бел шешіп қатысқан халықтың рухани қайрат-жігерін, Отанына сүйіспеншілігін, намысын жібермейтін ерлігін бас қаһарман танытады. Соның бірегейі

Кенесары еді. Бірақ батырға арналған поэмаға аңыз араласып кетті. Кейіпкер баяғысынша оқиға жетегінен аса алмады. Характер жасауға белгілі қадам жасалғанына қарамастан, ол іштей танылмады. Драмалық тартысы қаһарманның ішінен тумады. Бұрынғысынша аққара күштердің деңгейінде қалып қойды.

Сонсоң жазба поэма көбіне оқу үшін жазылатыны ескерілмеді. Ауыз әдебиеті жанрындай жыршының даусы, бет әлпетінің өзгеруі, қолының сермелуі, бүкіл жаны, рухы арқылы айнала қоршаған әлеуметке «Уа, деген!», «Ой — жалған-ай!» дегізіп, еліртіп я жабырқататындай тіке, нақты әсер беретін емес. Оқуға арналатын поэмада жанды сурет, пластика алға шығуы тиіс. Бір жазушының сөзімен айтқанда, қаһарманды саусағыңмен түртіп қалмасаң да, сөйткің келіп кететіндей жерде, «тақау» тұратындай әсер етуге керек. Мұның мәнісі — жазба әдебиеті поэмасын тудырғанда баяндау стилімен қабат, суреттеу өнеріне көбірек көңіл бөлу, адамды сырттай да, іштей де жақын танытатын форма іздеп, характер жасау, кейіпкер ішкі әлемінің әлем-тапырық құбылыстарын, сезім иірімдерін дөп басу деген сөз. «Батыр Баян» поэмасының жазылу мәнерінен біз бұл шарт Мағжанның творчестволық көрігінде көп-көп балқытылып, толық шешім тапқанын аңғарамыз.

Бас шенінде «Батыр Баян» Мағжанның басқа поэмалары секілді өз күй-сезімін толғаудан басталады. Ақын өткен күн тақырыбына не себепті жазатынын қалам ұстаған кездегі жағдайынан түсіндіруге бейім.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да,—

Ашынған ақынның ішкі монологынан басталатын поэма бірден кесек-кесек ой ағытады. Ақын жаны неге жаралы, қабағы неліктен қатыңқы? Бәріне кінәлі — заманы. Ақын жүрегінен сүзіліп шыққан әр жолдан сол кездің ауыр шындығы көз алдыға орнай қалады. Жиырмамыншы жылдардың басында тоталитаризмнің елге тигізер кеселін дәл Мағжандай қай суреткер көрсете алды екен? Тоталитаризм дегеніміз бүкіл елді ГУЛАГқа айналдыру екенін алғашқылардың бірі болып дәл Мағжан айтқанына, «Сұм өмір абақты ғой саналыға» деп, қызыл империяға ашықтан-ашық айып таққанына қайран қаласың. Творчество бостандығы («тіл кісендеу-

лі»), экология (Көкше табиғатының тоналуы), елдің ерлік тарихы («Ақтабан»), қазақтың екі империя қыспағындағы халі («Екі оттың — орыс, қытай арасына») туралы ащы да шыншыл ойлары оқушысын бірден баурап, бөгені ағытылған судай лап береді. Оқушы қиялы да сол тасқынға ілесе жөнеледі. Ақын ойының төркініне үңіледі.

Поэма Көкшетаудың ғажайып дидарына көз суарып, қызықтап, біраз айналсоқтағанда, сол өлкені сұлулығы үшін ғана жырлап отырған жоқ. Кезінде Пушкин орыс поэзиясы аспанының астына Кавказдың көрікті табиғатымен бірге оның жауынгер жұртының ер бейнесін қоса енгізсе, қазақ ақыны сұлу Көкшені Абылай, Кенесары, Баян сияқты ел қорғандарына қоныс болғаны үшін жырлайды. Сөйтіп, табиғат ұлттық болмыстың бір бөлегіне айналады. «Ат айналып қазығын табады» дегендей, Мағжан бұл тұста да өзінің ежелгі әніне басады. Ол — ұлттық тақырып, қазақ дейтін елінің ғасырлар бойы көксеген арманы. Поэмада дәріптелетін экология идеясы да елім деп еңіреген перзенттің кеудесін жарып шыққандығында шүбә бар ма? Күні кеше бұғы, маралы қойдай өрген өлке неліктен асау, ерке аңдарынан жұрдай? Мәселе оның төл иесінен айырылып қалғандығында емес пе екен?

Оқушы Көкше сұлулығын мақтаныш етсе, жел өтпейтін қызыл ағашының бүгіндер жап-жалаңаш халіне қапаланады. Осынау көңілсіз ойлар бір жағы поэма жүйесінде толғайтын болашақ трагедияның хабаршысы есепті.

Поэма көкжиегі біртіндеп кеңі береді. Уақыты осы заманнан өткен тарихқа ауысады. Мағжан «мені» орнына үшінші жақ келеді. Оның мәні бастапқысынан өзгеше. Тарих боп сөйлейді. Көкше бір сәт қазақтың ығайы мен сығайы бас қосқан өлкеге айналып, жайнап сала береді. Поэманың бұл тұсы құдды батырлар жырына, ақын жырауға ұқсайды. Соған сәйкес психологизмі де қарабайыр.

Жиылды өңшең ноян ығай-сығай,
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай,
Ту баста Абылайды хан көтерген
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай
Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай,
Бөкеннің жас жолбарыс жеткіншегі
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай.

Найзасын нажағайдай ойнататын
Жас барыс Бәсентін Сарымалай.

Әр батырға қысқа мінездеме берілген. Бұдан соңғы умақтарда батырларды кейіптеуде «екпінді оттан», шапшаң оқтан», «тәкәппар», «сырттан» деген сияқты нықтауыштарды үсті-үстіне төпелейді. Мұндайда бейне ір жырауын тындап отырған қауымның: «Уай, пәлі!», Сүмірейт!»,— деп қостағанын, «Ой, жалған-ай!», «Уһ»— еп күрсінгенін естігендейсің. Бұл енді қайтып өзгермей-н анықтауыштар статикалық портрет жасайды.

Поэма жаңалығы Баян бейнесін сомдауында. Оның эртреті даму үстіне біртіндеп айқындалады. Мұндағы психологизм сипаты басқаша. Ауыз әдебиеті әсірелеуі-ен аулақ. Күн сайын, сағат сайын өсті демейді. Мағжан олдаған тәсіл Гомердің Елена арудың асқан сұлу-ығын дәріптеу үшін қолданған амалын еске түсіреді. омер Еленаның сыр-сымбатын суреттеп әуреленбейді. роя игі жақсылары бір мәжілістерінде: ау, осы екі алық пәленбай жыл соғысып, жалғыз әйел үшін бір-бі-інің қанын төгісіп жатса, бұл өзі қандай әйел болды кен? Көрсек қайтеді?— деп ұйғарысады. Елена мәжіліс гіп жатқан жерге әкелінгенде оны көріп қайран қалған лқа мүшелері: мынау ерекше жаралған неткен сұлу!— есіп аңырып қалады. Мұндай тіл жетпес сұлу үшін со-ысуға болады — деген қорытындыға келеді. Міне, осы-ың өзі сұлулықты қандай суреттеуіңнен де асып түсіп атқан жоқ па? Сол секілді, Баяннан өзге батырының әрі қасына жиылса да, Баянсыз жорыққа аттанбаймын еп, Абылай сынды ел ағасының Көкшетаудағы орда-ында сарылып жатып алуының өзі-ақ басты қаһарман ағасының қандайлық жоғары екенін көрсетіп тұрған оқ па?

Батыр Баян — тарихта болған кісі. Шоқан Уалиха-эвтың «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-ар» атты мақаласында Баянды Абылай ханның аса қа-ір тұтып бағалайтындығы айтылған. (Собр. соч., в пяти томах. Том I. Алма-Ата, 1961, с. 221—222). Ақылы ерлі-не сай, бар батырым бір төбе де, бұл бір төбе деп оты-атын болса керек. Сондай ерліктің бірін шегініс кезінде әрсеткен. Қаша соғысып, төніп келген жауды жібермей әсқауыл жасап, негізгі күштердің қуғыннан аман құты-уын қамтамасыз еткен. Абылайдың бір жорықта Баян-ы көп күткені, сонысы ақталып, Баянның 540 қолмен ан жасағына қосылғаны, хан шақырған кеңесте көре-

гендік көрсеткені, Абылайдың сыйлық береміз деп сауға сұраған қалмақтардың сыйлығын алып алайық та, содан соң соғысайық деген шешіміне қарсы шыққаны, қалмақтар бізді алдап соғайын деген ниетте дегеніне Абылайдың құлақ аспауы, айтқандарын екеуінің екі рет қайталағаны, ақыры Баянның айтқаны келіп, қалмақтардың алдап Қытай асып кеткені Шоқан мақаласында толық жазылған. Поэмада бұл оқиғаның ұзын-ырғасы толық сақталған. Тек Баянның жауды мың адам қолмен қуып кеткені, қайтар жолда ауыз судан ұшынып, қайтыс болғаны поэма сюжетіне кіргізілмеген. Баянның өлімі басқаша суреттеледі.

Ұрпақтарының айтуында, Баян батыр 1700—1715 жылдары аралығында туып, 1757 жылы дүние салған. Әдебиет танушы Б. Қанарбаева Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданының тұрғыны, Баян ұрпағы Зейнолла Олжабаевтың аузынан батырға қатысты шежірелік дерек жазып алған (Б. Қанарбаева. Кандидаттық диссертация, 1994, 41—42-беттер). Сол дерек бойынша, Баян Уақ руының Шоға деген тайпасына жатады. Шоға — Баянның жетінші атасы. Шоғадан тараған ұрпақтар сатылағанда: Байыс — Қырғызәлі — Мүлкіс — Қарабас — Ескара, Қасболат болып келеді. Баян — Қасболаттың үлкен ұлы, кіші ұлы — Жарбол.

Баяннан тараған әулет: Бұлан — Манабай — Басшығұл (1842 жылы туған). Басшығұлдың Құланбай мен Жаныбай, Олжабай деген балалары болады. Құлжабай мен Жаныбай соғыс жылдары өлген. Олжабай олардан он жыл бұрын қайтыс болған. Олжабайдың баласы Зейнолла Булаев ауданында жауапты қызметте істейді. Құлжабайдың баласы Шери 1990 жылы көз жұмады. Шеридің Кайырбек, Қаһарман атты екі баласы Булаев ауданының «Қарағанды» совхозында қызметте.

Осы шежіреде аталмайтын есім — Ноян, поэмада Баян інісі делінетін кейіпкер. Оның есесіне Ноян жөніндегі аңыз жеткілікті. Возвышен ауданы, «Писаревка» совхозының Ленин бөлімшесінде тұратын ақсақал Қажымұрат Айтмағамбетов: Ноян мен қалмақ қызы Ақшамайдың мәйіті Булаев ауданы, Полуден совхозына жақын жердегі обаның бірінде жерленген, дейді.

Тағы бір аңызды Е. Асқаровтың «Батыр Баян» туралы бірер дерек» деген мақаласынан оқимыз. («Жұлдыз» журналы, 1989, № 8) Онда былай делінген: «Мағжанның Ноян деп алғаны — Баянның шөберелес ағасы Са-

ры батырдың¹ баласы — Қыстаубай. Ел ішінде қалған әңгімеге қарағанда, Қыстаубай расында да ауылдағы қалмақтың Лағыл деген қызын алып қашса керек. Баласының қылығына Сары батыр қатты ызаланады... Сары: «Қыстаубайды қуып жетіп өлтір, киімі мен қару-жарағын көзімше көм!— деп Баянды жұмсайды. Баян Қыстаубайды қуып жетіп, бір қабат киімін алып, қозының қанына малып, Сарыға алып келеді. Қыстаубайды кіші жүздегі нағашыларына жібереді. Кейін бір соғыста кіші жүз әскерлерімен келген ұлын көріп, Сары Баянға қатты ренжиді».

Поэмада келтірілген есімдерден Шоқанның жоғарыда айтылған мақаласында аталатындары: Бөгенбай, Сырымбет және Сары батыр — Баянның ағасы.

Мағжан — ұлттық ақынымыз. Не жазса да, өлеңнен бастап оқулыққа, тіпті сын-зерттеу мақалаларына дейін, қазақ қайтсе ел болады деген шерлі ойына тиек іздейтіндігі жоғарыда айтылып өтті. Көріп отырғанымыздай, тарих материалын да ол, ұлттық тақырып иін қандыруға жұмсайды. Жалаң дәріптеу дегенді білмейтін ақын, айтайын дегенін жүрегінен суырады. Өлеңді өмір бойы есіннен кетпейтіндей етіп әсерлі жазатыны содан да болар. Психологиялық талдау поэмасында жайдан-жай тұмаған. Құбылыстың өзін ғана баяндап қоймай, оның астарындағы себептерге үңілу, реалистік ізденістерге бару адам жанының небір құпияларына назар тіктірді. Мұның Мағжан поэмасына табиғилығы соншалық, оның демімен бірге біткендей. Оқиға әбден шиеленіскенде кейіпкер оңашаланып, өзімен-өзі болып, істеген характерінің дұрыс-бұрыстығын таразылайды, жүрек сырын жайып салады. Бір ойы екінші ойымен таласып, істеген ісінің ұшығына жете алмай күмәні молайып дызығатын, арпалысатын кейіпкерің дәл осы Баян.

Поэма желісі бірте-бірте жалпыдан жалқыға бұрылады. Абылайды самсаған қолымен батыр Баянды сарсылта күттіртіп қойып, «бұ қайда жүр?» деген сұраққа оқушысын да ынтықтырғанда, поэма мақсаты кейіпкердің жеке басының хал-ахуалына ден қоюды көздейді. Арқаның Обаған өзені бойында қоныс қылған Уақ руынан шыққан Ер Көкше, Ер Қосайдың нәсілі Баянның қалмақтан қыз алып келуі, сол қызға ғашық болып, ғашығынан тиісті жауап ала алмай қойған соң, қарындас

¹ Шоқан мақаласында Сары батыр — Баянның ағасы делінген.

қып ерік беруі, сұлудың ақыры батырдың Ноян атты інісін азғырып, екеуінің қалмаққа қашуы, Жолдыөзек бойында екі жастың қыршынынан қиылуы — міне, осы шектен тыс оқиға, мүмкін, басқа бір ақынды болғанды болған күйінде жырлауға құштар етер ме еді, қайтер еді? Мағжан болса, өйтпеген. Ол трагедияның ұнғыл-шұңғылына бойлауды жөн көрген. Осы реалистік принципті ұстана отырып, ол рухани ізденістерге көшкен. Бағзы бір қазақ поэмаларындағыдай, сезімнің сыртқа тепкен белгілерін (жылады, сықтады, қуанды, ренжіді, тымағын жерге ұрды не көкке атты деген сықылды) жырлаумен шектелмеген. Ол кейіпкер сана-сезімі әлеміне кіреді.

Жан дүниені аралау оңай емес. Кілтін табуға керек. Мағжан өзіне дейінгі көркем әдебиет дәстүрлеріне сүйене отырып, ол кілтті таба білді. Қас пен көз арасында мың сан құбылатын құйынды суреттеу үшін ол, психологиялық талдаудың нешеме тәсілдерін (психологиялық портрет, авторлық баяндау, суреттеу, ішкі монолог, ойды іштей саралау т. б.) қару етеді.

Қалмақ аруы Толқыншаш портретіне көз жіберіп көрелік. Бұл манағы батырларды көтере жырлауда қолданылған сипаттау портретіне ұқсамайды. Он төртке жаңа шыққан жас арудың жан әлемі, сезімі, күйініш-сүйініші авторлық баяндау жолымен жарқырата түсірілген.

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапактай бет, тісі меруерт,
Сөздері — су сылдырап құйылғандай.
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.
Лебізі — жібек лебі, жұмақ желі,
Қәусәрдай татқан адам қалар қанбай.
Шын ер ғой батыр Баян алып қайтқан
Еліне сол сұлуды естен танбай.

Психологиялық портрет сұлудың көркін, көзқарасын, сөйлеу мәнерін суреттеу арқылы оның әйелдік нәзік қасиетін жеткізе білген. Бір көргеннен-ақ тартып әкететін сиқыры бар. Авторлық психологиялық суреттеу барған сайын тереңдей түседі. Толқыншаш бейнесі әр қырынан ашыла түседі. Анадайда көрінген марал көзіңді суарып болғанша, жалт беріп жоқ болады ғой. Мынау адам баласының маралы да «оққа ұшпайтын, тым сақ». Баян бабындағы сұңқардай бұл қамысты көлдің сұқсырына та-

лай шүйіліп көрді. Бірақ «сұм қыз» сақтығы жаннан өткен, еш ілдірмейді.

Кейіпкер жан сарайында авторға бимәлім еш нәрсе жоқ дегендік емес. Адамның кей жағдайда ешкімге ешқашан айтпаған сырын біреуге ақтара салатын кездері болады. Автор Толқыншашты сондай жағдайға кезіктіреді. Ноянмен бір інірде терең сайда кездесуі қыздың көптен бүгіп жүрген сырын ақтарады. Сонда және бір аңғарылатыны — Толқыншаштың Ноянға қарағанда әлдеқайда күрделі характер екендігі.

Ноян көңіл қоймасы жұтандау, балаң жігіт. Сонысына қарай оның портреті эмоционалдық жағынан ғана суреттелген. Бұл — сезімнің құлы, «бір күйіп, бір суып, бір елжіреп», жан ұшырады. Айналасын тұман басып, бір қыздан басқа ештеңені көзіне ілмейді. Ойын сезім тұншықтырғандай, тілсіз. Сондықтан оның портреті жалпылама сипаттаудан аспайды.

Қыз «сұм сұлу» деп тегін айтылмаған. Бір жағы еркелетіп, ойнақылау айтылған сияқты көрінгенімен, бұл шынында да күрделі характер. Ішкі есебі бар екендігі оның әбден ойлап пісіріп алған жүйелі сөзінен көрініп тұр. Жас жігітке сүйетінін білдіріп, «тән түгіл жаным саған берем» деп Ноянды есінен тандырғандай етеді де, «қалауым бар!» деп, іле жік-жапар болады. Шын мәнінде жігітпен шартқа отырайын деп тұрғандай. Өз тарихын, ата-анасының жылап-зарлап қалғанын жырғып айтып, бір жағы Баянның өзін сүйетінін еске салып, оған жаны ашығансып («қосылсақ Баянға ауыр дерт болмай ма?»), қазақ, қалмақ қаны бір ел, ол да саған жұрт болмай ма деп өтірік көлгірсіп, алды-артын ойламайтын албырт жасқа «жә» дегізіп алады.

Бұл жолғы психологиялық портреттер өзгермелі, динамикалы пішінде. Аталған қасиетінде қатып тұрып қалмайды. Жағдайдың өзгеруіне сәйкес жаңа қырларынан ашылып отырады. Бір көңіл күйінен екінші күйге табиғи ауысады. Батыр Баян інісі мен қалмақ «қар қыздың» қашып кеткен масқара ісін естіп табанда күрт өзгереді, боз үйінде жалғыз өзі жолбарыстай күңіренеді.

«Жалғыз өзі» деген сөздің астын сызудың мәнісі бар. Бұл ішкі монологтың алғышарты іспетті. Кейіпкердің ішкі сарайына кіруге жол ашылады. Авторлық психологиялық бейнелеу Баянның ішкі әлеміне қдалалып қалған, ондағы өзгерістің бір сәтін қалт жібермейді. Ашу қысып қалтыраған Баян болған істі ақылға салуды ой-

ламайды. Ойды сезім билеп-төстеген. («Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді»). Баян әрекетінің бәрі енді сезім жетегінде. Ақын шабыты осы тұстарда ширыға шамырқанып, бурадай шабынып, теңеу, метафораларды үсті-үстіне бұрқыратады. Боз үйден «оқ жыландай» атылып шыққан Баян айдалада «арыстандай дүбір салады», «дауылдай талмай есіп», Асан қайғы «Қандыөзек» атаған Жолдыөзекке түс ауа жетіп қалады. Көз ұшында кетіп бара жатқан екі жасты көргенде «кілегей қара бұлттай төнеді».

Ашуын арыстанның байқаған соң,
Майысып тұра қалды жап-жас Ноян.

Қуғыншыға істер амалы жоқ Ноян еріксіз қарсы жүреді. Ашулы қабақты жылы шырайлы жүз жібітер ме? Балаң жігіт ашулы ағасына қарап күледі. «Күлді» деген сөзді ақын үш рет жөпелдемете қайталайды. Бұл детальдың, шағын ғана суреттің маңызы ерекше. Нағыз талант иесінің құдай көкірегіне салатын тапқыштығы. Күнәлінің күлкісі даяр тұрады. Бұл арада одан артық эпизодтың, көп сөзділіктің қажеті жоқ. Ноянның күлгені — ағасынан кешірім сұрағаны. Сотқарлығын мойындағаны. Және мынаған қараңыз: бұл психологиялық деталь поэма қойнауында там-тұмдап әзірленіп жатқан сапалы өзгеріске бастайтын арқау. Ағасына қарап еркелей күлгені дәл сол мезетте орынсыз көрінсе де (әсіресе Баянның көзіне), соңыра батыр өзіне-өзі келгенде «қап, бәрекелді-ай!» неге өйттім екен дегізіп, іштей қан жылатаын трагедиялық деталь, ағасының белін қайыстыратын көрініс.

Әзірше жүрегіне садақ қадалып, бүктетіле құлаған жас Ноянның «Жан көке, аға!» деген ышқына шыққан әлсіз даусы ғана келеді құлағымызға. Бұл жерде ақын тіптен ықшам. Жүздеген метр кадрға созылатын картинаны он шақты сөзге сығымдайды. «Ауыз толатын айбынды асқақ сөз Мағжаннан шығады... Кейде Мағжан... бір сөзінен бір сөзін асырып, түйдек-түйдегімен тастап кеткенде, сен де: «Па, сабазың-ай!» дегің келеді,— дейді Жүсекең — Жүсіпбек Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» атты атақты мақаласында.

Екі жас аттарынан ұшып түсті,
Түскенде бірін-бірі күшып түсті.
Жүректен атып ыршып шыққан қанмен
Жалғыз-ақ «Аһ» десті де, «Жаным!»— десті.

Комағай қара топырақ бүлкіл қағып,
Асығып екі жастың қанын ішті.
Күлдей қу, тұнжыраған түндей болып,
Жия алмай, құр теңселіп, ақыл-есті,
Тұрды да біраздан соң батыр Баян,
Атынан есі ауғандай құлап түсті.

Бұл жолдар поэма барысында Мағжан психологизмнің тереңдей түскеніне айғақ. Әр пішінде көрініс тауып, ұлттық әуенге жаңа әр беріп тұр. Сөйтіп, өзіндік таңбасы, беті бар жеке-дара психологиялық стиль жасайды. Мұның атын суреткерлік психологизм десе ләзім. Суреткер һәм психолог таланты бір жүректен бас құрайды. Қайсысы мығым — айыру қиын. Жоғарыдағы жолдарда жан дүниесіндегі жанып-сөнген, жалтылдаған құбылыстар сыртқы үрдіс қимыл-әрекетпен қалай үйлесім тапқан десеңізші. Қара жердің екі жас қанын комағайлана, асыға жұтуын трагедиялық қуаты жағынан Репиннің «Иван Грозный және оның ұлы Иван» атты үздік тарихи кескіндемесімен салыстырсақ, артықтық етпейді. Мен Мағжан қаламынан туған сол сурет астарындағы Қорқыт қобызы сарынын және қосып айтқанды жөн көрер едім.

...Жапан түзде Баян жалғыз. Оңаша. Талықсып жатқан Баян есін жиып, екі жасқа көз тастауы мұн, тағы да сорғалаған жасына ерік береді. Психологиялық параллелизм («Құшақтап ақ селеуді жылады жел») ішкі монологқа ауысады («Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл//Күбірлей бастады енді: «Мұның не?» — деп»). Кейіпкер рефлексияға беріледі, мына істеген ісіне есеп бере бастайды. Үшінші жақ қайта бірінші жаққа ауысады. Негізінен ой тербейтін форма — ішкі монолог кейіпкер толғатқан ойларды саралауға (самоанализге) көшеді. Баян ойлары жүйесіз, бірді айтып, бірге кетіп дегендей, нешеме саққа жүгіреді. Кейіпкер бар жауапкершілікті өзіне алады, істеген ісін қылмысқа санап, алай-түлей ой боранына еніп кетеді. Қысқасы, өзіне-өзі сот құрады. Өзін дұшпаннан бетер айыптайды. Бір Баян екі кісі боп жарылады. Біріншісі — айыптаушы, екіншісі — ақтаушы. Мұның сыртында мойнына су төгілген өзі. Яғни біріне-бірі қайшы, бірін-бірі жоққа шығаратын ойларды қоздатып, ішкі монолог негізгі шаруасына кіріседі.

Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі,
Ісімді мынау ағат немен жабам? —

деп өзіне ауыр кінә тағады, опынып торығады. Оған іштен тағы бір дауыс дау айтады.

Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... Әлде... өлтірдім бе,
Інімді алты алаштың намысы үшін?!—

деп, кейіпкер өзімен-өзі мәслихат құрып, диалогтық қатынасқа көшеді. Адам жаны шыңғырып, арылуға бет алады. Батыр Баянның өз жанын өзі жеп, жүрегін дардар айырғандай етіп, өзіне-өзі сот құруы қандай оқырманды болсын тебіrentпей, баурамай қоймайды. Арылу, катарсис деп отырғанымыз — сол күйді айтқанымыз.

Баян «батыр» деген көне атына қарамастан, әдебиетіміз үшін жаңа кейіпкер еді. Баян Уақ руынан десек те, ұлт қаһарманы. Ол отаншылдық биікте самғаған қыран. Халық мүддесі категорияларымен ойлайтын қаһарман. Өзін өз күшігін жеген бөрі есептесе де, оның Отан атынан опасыздықты жазалағанын ұмытуға болмайды.

Баян — дара туған тұлға (личность). «Ерік иеде, біздер дайын!»— деп қол қусырып тұратындарға жатпайды. Ойға бай, ойының дұрыстығын кімнің алдында да именбей дәлелдеуге бар. Қалмақтың сыйын алып, содан кейін соғысайық деген Абылай хан шешіміне өзге батырлар ішінен суырылып жалғыз батыр Баян қарсы шығады. Мемлекет басшысына бағынбау ниетінен өйткен жоқ. Ханды қателіктен сақтандырғысы келгендіктен. Халықаралық қатынастан, тарихтан, соғыс тәжірибесінен білімі бір қайраткерден кем еместігінен. «Талқыға салмай шындық табылмайды» дейтін берік нанымынан.

Тоқтады Баян, Абылай тағы өз сөзін
Қайта айтты, біраз шытып қарлы жүзін.
Хан да екі, Баян да екі қайырысты,
Алмастан бір-біріне тіккен көзін.
Жиналып көздеріне қызыл жатын
Қалса да, сыр беріспей қылды төзім.

Мағжан стиліне тән суреткерлік психологизм аз сөзбен көп жайларды аңғартып тұр. Біріншіден, Баян мақсатына жетпей тынбайтын қайрат иесі екендігін көреміз. Екіншіден, жоғарыда келтірілген жолдар, бұдан соңғы бір эпизодтар алысқа мезгейтін кең байламдарға бастайды.

Абылай — Мағжан ақын идеал көретін мемлекет қайраткері, ел көсемі. Солай бола тұрса да, поэма авторы Абылай заманына тән кей келеңсіз жайлардың бетін

ашуды артық санамаған. Хан ие не айтса да, батырлар бас шұлғи береді. Ал «қалың топ тым-тырыс» қабылдайды не бұйрықты да. Қазіргі тілмен «диссидент» демесек те, Баян осынау жарытымсыз мемлекеттік идеологияны белінен басып өткісі бар.

Баянды жаңа типті кейіпкер деуге тағы бір себеп — ол Абай армандаған, Мағжан қостаған болашақ адамы, атап айтқанда, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстайтын толық адам. Ақылы, қайраты жөнінде біраз айтылды. Енді ізгі жүрегі хақында не деуге болады?

«Баяндағы» тартыстың бірі — жеке мүдде мен Отан мүддесі арасындағы қайшылықта жатыр. Ол қайшылықтарды шешу барысында адамның моральдық, құлықтылық қасиеттері алдымен сынға түседі. Баян тағдыр тәлкегімен адам шыдамастық сынға ұшырайды. Туған інісін, сүйген қызын өз қолымен жазалауға мәжбүр болады. Сонда да Баянның адамгершілігі өспесе, өшкен жоқ, Поэманың екінші тарауында бұған анық көз жетеді.

Айта кететін бір нәрсе — Жүсекеннің Мағжан поэмасының соңғы бөлімі солғындау шыққан деген сын ескертпесін қайта қарау керек сияқты. Екінші тарау Баянның өз күнәсінен арылу әрекетіне құрылып, Ноян мен қалмақ аруының өлімін әлсін-әлі еске түсіріп отырса да, бұл қайталау, бір басқан ізді шиырлау емес-ті. Тіпті психологиялық талдау тәсілдері құбылып отырады. Баянның ішкі дүниесі ілкі тараудағыдан өзгеше түрде ашылады. Батыр Баян өмір мен өлім арасында ерекше бір күй кешеді. Ажал минуттары тақаған сайын Баян көз алдында жер мен көктің шыр айналуы, барған сайын басып бара жатқан қара тұман бір сәтке сейіліп, «тәтті бір жазғы таңда қалғығандай» мезетте інісі Ноянның Толқыншашты құшып тұрғанын көріп, кешірім сұрауы, — бұл ішкі монолог пен авторлық баяндаудың сирек кездесетін түрі — елес (видение).

Баян — ішкі адам туралы поэма. Жан әлеміндегі суреттердің тартымдылығы, қызықтыратындығы сонша, шығарма басынан аяғына дейін бір демде оқылатындай. Сондықтан Мағжан ақын қарқыны тез басылып қарығатын жүйрікке еш ұқсамайды. Ақын тынысы кең шалқар. Ұзақ шабыста сыр бермейді. Қайта қанатты дүлдiл барған сайын бауырын жазып, көсіледі де отырады. Мұның тағы бір бүкпесіз шындығы бар. Қойма ішіндегі жиһазымен бағалы. Сыртқы пішінімен емес. Баян ішке

бай характер. Оның үстіне батыл, шешімді әрекеттердің адамы. Соны ақынның өзі де тамашалап, құдіретті қаламын сілтей түседі.

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді,
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!

Бұл тенеулердің қай-қайсысы да қазақы түсінікте азулы, алған бетінен қайтпайтын характерді білдірсе керек. Дегенмен характер өзегінің бұл тенеулерге қатысы шамалы. Характер өзегі — құмарлықта. Ноян, Толқыншаш, Баян үшеуіне біткен құмарлық сезім олардың характерін бұйдалаған тайлақтай жетелейді. Ноян мен Толқыншаш, бірі — сезімнің, бірі — сананың құлы. Ноян тұтқын қызға ғашық. Ал ғашығы туған еліне қайтуға асық. Екеуін екі түрлі құмарлық сезім билеген. Біреуі сол құмарлықтан шығу үшін Отанын сатуға әзір. Біреуі Отанына оралу үшін өзін құрбандыққа шалуға, тәні түгіл жанын беруге бекем бел буған.

Баян кеудесінде де ғашықтық оты маздап тұр. Ерекшелігі, ол туған жеріне тіптен ғашық. Осы құмарлығы бәрінен басым. Ол Ноянды қызғаныштан өлтірген жоқ. Атадан азып туды. Бір қызға құл болу — бүкіл алашқа абыройсыздық, — деп садақ тартты.

Адамның өмір мен өлім арасындағы кіресілі-шығасылы халінде тұрған не бар дейсін деп қол сермеуге де, керісінше, бұл да табиғат жұмбағы шығар, шешуі табылмас па екен деп, сананың ойнақы құбылыстарын түсінуге зер салуға да болады. Сәуегейлік, көріпкелдік, интуициялық бұлдыр құбылыстар сондай да айқындалуы ғажай емес. Баянның жан тапсырарда ажалына өзі себепші болған жастардан кешірім сұрауы кейіпкердің өзіне де бимәлім, оның еркінен тыс жүріп жататын процесс — түпсананың (подсознание) қорытып шығарған, сыртқа тскен шешімі десек ләзім. Жайшылықта адам өз жүрегінің сырын жете білмеуі де. Қатты бір рухани сілкіністерде ермін дейтін адам ез, езбін дейтін ер боп шығуы да мүмкін.

Лев Толстой «Жаңғыру» («Воскресение») романында адамдарды өзен, суға тенеген. Әр өзен кейде жіңішке, кейде жалпақ, кейде ағысты, кейде баяу, кейде лай, кейде тұнық. Адамдар да солай. Әр адам бойында пенде атаулының бар қасиеті болса, бұлардың қайсысының

қалайша көрінуі жағдайға және сол кісінің характеріне байланысты. Адам тіпті өзін танымай қалатын жағдаяттар да кездеседі. Батыр Баян психикасында дәл осындай құбылмалы сәттер жиі орын алады. Әуелде ол асқақ батыр, данқы жер жарған азамат, тағы бірде әрекетін сезімге жеңдіретін ыстық қанды пенде екендігі байқалады. Енді бір эпизодта ол жаудың ішкі сырын ойлап біле алатын сұңғыла қолбасшы, намысын кімге де жібермейтін ерік иесі. Поэманың соңына нүкте қойылар тұстарда ол көзжұмбай батырдың қылығын жасайды. Істің байыбына барсақ, мұнда негіз толық. Қылмысымды алаш кешіретін деген үмітпен кеудесін жау оғына әдейі төсейтіндей.

Ноян елін сатуға әзір дедік. Бірақ «әзірлігі» саналы есептен тумаған. Ноян әлі өзін танып үлгірмеген балаң жігіт. «Мұным қалай болды?»— деп ойланып-толғануға оның мұршасы жоқ. Оның қожасы — асау жүрегі, қайнаған қаны. Бұл әдеби характердің структурасында, құрылымында қоғамдық һәм жекелик қатынастардың арақатысы деген түсінік жоқ. Толқыншаш характерінің күштірек көрінетіні тұтқын халіне байланысты ол ертерек есейді. Оның характеріндегі жаңағы арақатыс елінің пайдасына шешіліп тұр. «Сұм сұлудың» Баянды ағатайлап қасына жуытпауында салқын есеп бар: Баянға тигенің — өз жұртынан мәңгі қол үзгенің. Қыз талайдан ойланған ісін тек Нояндай албырт, шикі бала арқылы жүзеге асыратынын сезеді. Ноянды жақсы көруі — өзінің ойына алғанын жақсы көруінен.

Психологиялық талдау кейіпкер бейнесін жасауда түрлі-түсті бояу қолдануға кең жол ашады. Ақ-қарамен шектелмейді. Яғни бір кейіпкерді әппақ, екіншісін қапқара етіп көрсетуді қаламайды. Ноянды біраз тұқыртыңқырап жіберген осы жолдардың иесі, поэма авторы емес. Ноянның бар ақылы білегінде, дейді ақын. Пақырдың басқа жазығы жоқ. Сүйгені үшін жазықты емес. Поэмада махаббат гимні сияқты естілетін «Жастықта жалынданып сүйген қандай!» деп басталатын жолдар дәл осы Ноянға байланысты жазылған.

Жастықта жалынданып сүйген қандай!
Баладай өксіп жылап, күйген қандай!
Көрмесең жан-жарыңды өлгендей боп,
Қайғырып күлден кебін киген қандай!
Кеудеңе жан кірмей ме, көзің шалса,
Өмірің жаңа ағарып атқан таңдай.

Кеуденді қасиетті сәуле кернеп,
Жүрегің сол минутте жарылғандай
Не дерсің салпаң құлақ есектерге,
Өгіздей өмір сүрген сүймей-жанбай!

Махаббат адам қолы жетпек ең биік бақыт өресі десек, бұған шын лайықты адам — Баян батыр. Ол көруге кез керек сұлуды ғана сүймейді. Сырты, іші бірдей жарасқан сұлуды қалайды. Осы себепті тұтқын қызға тап бермейді. Оған керегі — арудың жүрегінен орын алу. Толқыншашты жан-тәнімен сүйсе, ару да шын жүрегімен жақсы көруі керек. Екеуінің іштей жарасымдылық тауып қосылуы үшін уақыт қажет екенін түсініп, ұстамдылық көрсетеді. Осы мінезін авторлық сипаттама шын ерлікке балайтыны тегін емес.

Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» атты шығармасымен қазақ реалистік психологиялық поэмасының негізін қалады. Қай жағынан алып қарасаңыз да, психологиялық талдауы ма, ішкі монологтыры ма, өмір шындығын оның себеп-салдарын саралау арқылы айнадағыдай көрсете білу жағынан ба,— мұнда реалистік ағыс басым. Кейбіреулер поэманы романтизм әдісімен жазылған деп жүр. Қате пікір. Мұнда романтизм элементтері бар: екі жастың өлген соң романтикалық бейнелерге айналуы, Баян махаббатының қайта романтика көйлегін киіп шыға келуі. Бірақ бұл шешуші сыпат алмайды. Бұл реализм шеңберіндегі романтизм дер едік.

Романтизм кейіпкері өмірден жырақ тұрған, оқшау шыққан дара адам болып келеді. Мағжан ақын қазақ әдебиетіне символизм, сентиментализм секілді романтизм типтерін енгізіп, талай өлең тудырды. Ал мына поэмасы ондай емес. «Баян» — реалистік арнада жазылған шығарма. Мұндағы психологизм адамды қоршаған ортасынан бөліп алып, жан тұңғызына мүлде батырып жіберетін романтикалық психологизмге ұқсамайды. Романтик жазушының қаһарманы көбіне-көп құдай жағатыз, ол жалғыз. Типтік ортада емес, бұлттарда қалқып жүреді. Батыр Баян ортасы белгілі: Ол Абылай бастаған ел азаттығы жолындағы күрескерлер ортасы. Баян сол күрескерлердің жиынтық бейнесі, елім деп еңіреп тұған типтік характері. Поэманың эпикалық құлашы кен — тұтас бір ұлт мүддесін қамтиды. Лирик автор туынды бойына терең сыршылдық дарытқан. Тартыс, әрекетке жомарт драмалық қасиеттерінің күштілігі сондай, бұл сюжетке аттас фильм де туып ұлгірді. Мағжан «Баянды»

ешкімге еліктеп жазбаған, бұл төл тумасы, деп Жүсекең дұрыс баға берген. Өзіне дейінгі көркемдік жетістіктердің бәрін, фольклорымен қоса, пайдалана отырып, ақын қазақ әдебиетінде жаңа тұрпатты жанр туғызған. Ондағы үстем тәсіл — реалистік психологизм.

* * *

Әр заманның кейпі адамын қалай бағалауымен анықталады. Адамы ерікті қоғам көрікті. Мағжан «тоқсанның» жағындамын дегенді шынымен айтты. Мына советтік заман сол тоқсан жағында деп түсінді. Бірақ заман беталысы күмән туғызады. Апырай, беталысы қалай өзінің? Адамның қойша бауыздалуы өршімесе, тыйылар емес. Мыңдап, миллиондап қырылады. Судың да сұрауы бар деуші еді. Мына төгіліп жатқан адамның қаны ғой. Бір қазақтың өзі жиырмасыншы жылдардың басындағы аштықта миллионнан аса адамынан айырылды. Көтерілістерде қаншама жан шетінеп жатыр. Ал сұрау салар ешкім жоқ. Обыр заман онан сайын құтырынады. Қанды аранын аша түседі.

Және осы бір күмәнді сыртқа шығарып көр... Шығара алмайсың. Қызыл тіл кісендеулі екенін «Батыр Баянында» айтты емес пе? Көңіліндегісі айтылмаса, ақын шермендеге айналады. Не істеуге керек? Адам нарқының тышқақ лақ құрлы болмағандығын қалай айтып жеткізсе? Мағжан өз ойын жүзеге асыруға қолайлы материал іздейді. Ықыласы шығыстың бір аңызына түседі. Аңыз дейміз-ау, бұл философиялық повесть еді. «Алданған жұлдыздар» аталады. Тағы бір қосымша тақырыбы — Юсуф-шах туралы әңгіме, делінген. Авторы Мирза-Фатали Ахундов (1812—1864), әзірбайжан жазушысы. Бұл повесін 1857 жылы жазыпты.

Әзірбайжан әдебиетіндегі тұңғыш реалистік шығарма саналатын «Алданған жұлдыздар» XVI ғасырдағы Аббас шахтың қанқұйлы дәуірін әшкерелейді. Шығармада автор өзінің ағартушылық идеясын алға тартады. Бас қаһарман Юсуф-шах — жағымды кейіпкер. Бұрынғы ерші, мініскер адам. Оның өкімет билігі қолына тигеннен кейінгі істері Ахундовтың ағартушы, әділ монарх жөніндегі түсініктеріне сәйкес келеді. Юсуф-шах сарай шығынын азайтып, жолдар мен көпірлерді жөндеуге, әр округте мектептер мен ауруханалар салуға, су жетіспеген жерлерге тоған тартуға, жетім-жесір, ақсақ-тоқсақ

ғаріптерге жәрдем беруге бұйрық етеді. Ол сот істерін діни орындардың қарауынан алып, мемлекеттік өкімет жауапкершілігіне тапсырады. Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы — сеидтерге кірістің бестен бір бөлігі төленетін тәртіпті жояды. Басқа адамдар сияқты сеидтер еңбек етсін, қайыр сұрауын қойсын дейді.

Ахундовтың Юсуф-шах бейнесі арқылы көтерген проблемалары бүгінгі Иранға тікелей қатысты, деп жазады зерттеуші Азиз Шериф. Әділ пікір. Әрине, жоғарғы өкімет орындарына, чиновниктерге ешқандай сый-сыяпат жасалмасын, қызмет тізгіні тек өзінің адалдығын, жауапкершілігін дәлелдеген адамдарға тапсырылсын дейтін Юсуф-шах уағызы мемлекет атаулының бәріне қатысты.

Міне, осы әңгіменің ұзын-ырғасын пайдаланып, ойлаған ойын іске асырмаққа ынтызары қатты ауады. Поэма жазсам деген шешімге бел байлайды. Әзірбайжан туындысын қайталау үшін емес. Мағжан идеясы мүлде өзге еді. Поэма 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде (30 қазан, 2 қараша күндеріндегі сандары) «Шын ертеқ» (Түбі Иран елінің ертегісі) деген атпен, ал 1928 жылы Мәскеу қаласындағы Кеңес Одағы елдерінің кіндік баспасынан «Жүсіп хан» деген атпен жарық көрді.

Қазақта мақтап отырып даттайтын мінез кездеседі. Кей ақын мұны өлеңдеріне тәсіл етіп пайдаланған. Мәселен, Шернияз ақын Баймағамбет сұлтанның жаңа төсектен тұрып жатқан қыздарын көріп, қаһарлы байға жағынғандай:

Шіркіннің сөйлер сөзге желуін-ай,
Артынан ханзаданың еруін-ай.
Ханыша алты бірдей тұрып жатыр,
Құдайым аямай-ақ беруін-ай!—

деуін тым мақтап тұр деуге келмейді ғой. Ұлы жоқ ата жауы сұлтанды ақынның табалап тұрғаны айдан анық. Не Үкілі Ыбырайдың: «Атаңа нәлет Николай, //Бес тиын болды қант пен шәй» дейтін өлеңінде Николай патшаны қарғап тұрмағаны аян ғой. Мағжан поэма жазуға отырғанда, міне, осы тәсілді еске алған ба дерсін.

Былай қарағанда «Жүсіп хан» поэмасының идеясы большевизмнің: мемлекетті аспазшы әйел басқаратын күн туады деген қағидасына және Энгельстің: «пролетариат әлі мемлекетке **мұқтаж**, ол оған бостандық мүддесі үшін мұқтаж емес, қайта өз дұшпандарын басып-жаншу

үшін мұқтаж...»¹ деген пікіріне сәйкес келетін сияқты. Ал терендей қарағанда...

Ер-тоқым жасайтын шебер Жүсіптің тағы бір қасиеті — сөзі көп. Қашан көрсең де аузы толған балағатиянат. Байлар байлығын елді қанап сородан жинаған, дейді. Сонда да осы Жүсіпті жағымды кейіпкер деуге келе ме? Оған аузың бармайды. Неге?

Бұл сұраққа жауап іздеуді поэманың мазмұнын еске салудан бастайық.

Жұлдыздарға қарап бал ашатын балшысы оныншы күн таңында тақта отырсаңыз — қаза табасыз деген соң, амал жоқ, он күнге біреуге тағын бере тұруға мәжбүр болған Аббас хан әуелде тағын уәзірлерінің біріне қалдырмаққа ниет етеді. Бірақ уәзірі құрғырлардың әрқайсысы себепке себеп тауып, хандық құрудан жалтарады. Он күн тақта отыру үшін кім жанын қиғысы келсін. Енді қайтпекке керек? Ханмен бірге оның нөкерлері де тығырықтан шығу жайын ойластырады. Сонда манағы балгердің есіне хан, қазы, әкім, бай атаулыны сыбап отыратын, бұлар тұрғанда кедейге атар таң жоқ екенін айтып базарда зар қақсайтын Жүсіп шебер түседі. Ханға тағыңызға сол Жүсіп отырсын дейді. Хан, уәзірлері базарға келіп, Жүсіпке хан тағына отыр деседі. Таққа отырған адам оныншы күні қаза табатынын білмейтін Жүсіп қуана-қуана келісімін береді. Әңгіменің түйіні осы арадан бастап шешіле бастайды.

Жаңа хан Жүсіп не істейді? Бір күн болса да, халық әділдікті көрсін деген мақсат қойып, өңшең залым, кезекке қырғидай тиеді.

Жарлықты Жүкең жаудырды,
Уәзірді жер аударды,
Қазының басын алдырды,
Масайыған молдасын,
Қойқандаған қолбасын
Абактыға салдырды.
Мүнәпық талай мұндардың,
Елді сорған сұмдардың
Қырықтырды басын түймедей.
Байларды айдап жиғызды,
Тұмылдырық кигізді,
«Уһ, уһ», деді көп кедей,
Осылай өтті біраз күн.

Жүсіп айыбы хан демесең, Кеңес өкіметі қанаушылар дейтіндерге не істесе, соны айнытпай істеп отыр.

¹ К. Маркс, Ф. Энгельс. Избранные письма. М., 1948. С. 296.

Таптық принцип тұрғысынан мұның еш сөкеттігі жоқ. Қуанған байтақ бұқара «Жаса, Жүсіп! Мың жаса!»— деп шуылдап, алғап жатыр.

Өлеңнің осы тұстарын қайталап тағы бір оқып шықсаң, басқа да бір ойлар қамалайды. Дүниеде бар адамзат таптық принциппен тұрып жатқан жоқ. Адам құқың сақтау дейтін принциппен тұрып жатқандар бар. Осы тұрғыдан келсек, жаңағы өлең жолдары мүлде басқаша оқылатынын сезінеміз. Қалай десең де, бұл кісі өлтіру, түрмеге қамау жақсылық деуге келмейді.

Не керек солай хан Жүсіп
Залымның қанын жосылтып,
Сорлының сорын ашқандай,—

делінген ертегіде. Сонда қалай, тек қанаушы таптан өлеңсің деп адам қанын төге берсе, еңбекші бұқара басына бақыт құсы қона қала ма? Мағжан позициясы Жүсіп хан жағында секілді көрінгенімен, шындығын жазу арқылы оқушысын осындай ойларға қалдырады. Басында байларды, кейін бүкіл халықты қанға батырған Иосиф Сталин мен айналасының қанын жосылтқан Жүсіп хан екеуінің арасында бір байланыс болар ма?— деген сұраққа еріксіз итермелейді.

Сыпырғандай тезекті
Өңшең залым кезептен
Еңбекші елді аршыды,—

деген жолдарды оқығанда жаңағы күмәнің күшейе түседі. Ау, сонда не — адам жаны тезек құрлы болмағаны ма? Жоқ, адамға бұлайша жиренішті қарау Мағжан стиліне мүлде жат-ты.

Елді сорған сұмдардың
Қырықтырды басын түймедей,—

деген дәрекі стиль адам құнын көк тиынға санамайтын заман стилі еді. Мағжан сол стильге әдейі салып, шындықты жасырмай, зұлымдықты бет-пердесіз көрсетіп отыр деген қорытындыға еріксіз келесің.

«Жүсіп хан» поэмасынан соң Мағжан тағы біраз поэмалар жазды. Жаңа заманға өз қатысын тереңірек, анығырақ білдіруге тырысты. Бұған ақынға қарсы өрістеген саяси науқан да мәжбүр етті. 1926, 1927 жылдары оның қаламынан «Өтірік ертегі», «Қанышбай қыссасы», «Тоқсанның тобы», «Толғау» поэмалары туды.

Мағжан біресе «Қет!» деме елім, енді мені басқа ұрма» деп жалынғандай күй кешеді («Сәлем хат» өлені, 1924), біресе ыза буып, томырылады. Осының алдында ғана Мәскеуде кеңестің қаймаққа шығарлары жиналып, ақынның Тәшкенде шыққан жинағына дүрсе қоя бергенін жоғарыда айттық. Сөз берілмесін деп қаулы шығаруға дейін барды. «Басқа ұру» емей, бұл не? Сонда да ақын күдерін үзбейді. Жоғарыда талданған «Толғау», «Тоқсанның тобы» поэмалары ол ел тартқан күйді мен де тарта аламын, мен бөлектенбеймін деп, ағынан жарылады. Бірақ Кеңес өкіметінің кенже баласындай болып, алшаң басып жүргендер ақынға саяси сенімсіздік білдіруден тыйылмады. Үстінен таяқ түсіруін қоймады. Кейін оған жабылған жала, өздеріне де жабылатынын қайдан білсін. Ақынды үсті-үстіне төмпештей берді. Оның көңілі ала-құла болмай қайтуші еді?

Балалар үшін жазылған, бірақ үлкендер құлағына да арналған «Өтірік ертеқ» поэмасы «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы алтыншы санында жарияланады. Ертеқ болғасын мұнда шарттылық көп. Мысыққа қарсы тышқандар көтерілісі автордың негізгі ойын жеткізу үшін схемалық түрде алынған. Шираз қаласындағы бір тышқан жүзім шарабына тойып алып, күш біткесін ойындағы құсасын сездіріп қоюы, мысықтың мешітке барып сәжде киіп, тышқандармен бітісем деп алдауы, тарту-таралғысымен келген тышқандарды қан-жоса етуі, мысықты тамам тышқан көптігін істеп байлауы, дарға асам деген сәтте босап кетуі, ақыры тышқандардың өз ханын құртып барып, ханды, мысықты елден аластауы — Ресейдегі белгілі тарихи оқиғалардың елесін береді. Осының бәрін тәптіштеуде автор бір ғана мақсат көздеген сияқты. Ол — құғыншылардың: «бұйрық солай», байды байытатын құл деген философиясын әшкерелеу. «Өтірік ертеқте» мысық былай деп күпінеді:

Өңшең шірік, сасықтар.
Ажалына асықтар,
Көрді көрмей қазулы...
Олар — менің азығым,
Бұл — құдайдың жазуы,
Өзгертпек пе жазуды?

Қара қанға қалқыған тышқандар «шөп те болса», мысықты ұстап байлайды. Ал оқушының есіне жаңағы философия түседі: құдайдың жазуы солай дейтін фаталистік идея өмірде өзгермейтін еш нәрсе жоқ дейтін

ақиқатқа қарсы жіп есе алмайды. Ертегінің соңында балаларға түсініктірек болсын деген ниетпен автор образдың шешімін жаңа заман рухында береді.

Бір дегенім — білеу ғой.
Екі десем — егеу ғой.
 Үш дегенім — үскі ғой.
Мысық — талаушы екені,
Ханның — қанаушы екені
 Енді есіңе түсті ғой.

Мағжан ниеті айқын. Ол қалайда өмір ағысына қарсы жүзбеуді ойлайды. «Көп қорқытады, терең батырады» деген мәтел бойынша, тоқсанның, көпшіліктің жеңетініне шүбә келтірмейді. Бірақ суреткер әйгілі саяси әдемі шығарма туғыза алмаған. Мысық пен тышқан ара қатысынан жаңа идея табу қисынға онша келмейді. Оқушы көкейінде мысыққа тышқан әуел бастан азық болған деген жолдар қалып қояды.

Бір ойың: осында астар жоқ па екен?— дегенге саяды.

«Қанышбай қыссасы»— ақынның жаңа дәуір тақырыбына жазған тырнақалдыларының бірі. «Тоқсаннан сонау он аулақ, // Сонау оннан мен аулақ, // Мен тоқсанмен біргемін» деген шешімін осы поэмада растай түскен.

Поэма «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 2 ақпан күнгі санында жарияланды. Сол кездегі қалыптаса бастаған пролетарлық әдебиет дәстүріне бағып, Мағжан бай атаулыны қай жағынан да жағымсыз етіп көрсетуге тырысады. Қаныш бай, автор суреттеуінде, дорба сақал, тырбақ тапал адам. Мінезі де оңып тұрған жоқ. Доғал, ұртоқпақ. Тоқал алып, онысын ұл таппадың, бедеусің деп кінәлап, ақыры таяққа жығып өлтіреді. Өлтірген тоқалы түсіне қарақұрт боп еніп, жәбірлеуші байдың өзін шағып, жарық дүниемен қоштастырады. Поэманың айтайын деген идеясы дидактикаға саяды: тоқал алма!

Тақырыбы, шешімі Мағжан қарымына сай емес бұл шығарма ақын соққыдан соққы жеп, сүлесок жүрген кезде жазылғаны көрініп тұр. Бұл қарадүрсінділік үшін авторы кінәлі емес, оған өгей баласындай теріс қараған заманы кінәлі еді. Тасбауыр елі саяқ серісіне қол ұшын бермеді, оған деген суық сұрқын жылытпады. Сонда да ақын шабытына қайта мініп, «Толғау» мен «Тоқсанның тобын» тудырды. Публицистикалық поэма үлгісін дүниеге келтірді. Бірақ бұл талабы бәз-баяғы қасарған жау-

лыққа кездесті. Содан кейін ақын поэма жанғына қайтып оралмады.

Мағжан 1929 жылы тұтқындардан бес жылдай бұрын еліне: дейтін болсаң: «Қой жырыңды, жырауым!!! Қобызымды қиратармын тасқа ұрып» деген сөзіне жетті. Қираған қобыз қайтып гөй-гөйіне баса алмады...

* * *

Сонымен, қорытып айтсақ, Мағжанның аз жыл ішінде өндіріп тастаған еңбегінің арқасында қазақ поэмасының желісі қағылды және бұл қалайы жоқ мықтап қағылды.

«Батыр Баян» қазақ поэзиясын жаңа бір белге көтерді. Қай жағынан келсең де, ол әлем әдебиетінің ең озық үлгілеріндегі поэма. Поэма күмбезінің сымбатты архитектурасы, төгілген тілі, психологиялық нәзік талдаулары, адам жанының құбылмалы сәттерін сол күйінде айнаға түсіргендей етіп суреттеуі, идеялық қуаты сондай,— бұл еуропалық мәдениет биігінде тұрған ақын таланты туғызған жиһаз дегізер еді.

Мағжан поэмаларын негізінен ұлттық тақырыпқа арнады. Жаһан әдебиетінің осы бір арнасын қазды. Ол ұлт тағдыры дегенді исі қазақ тағдыры деп түсінді. Ұлт ұғымы — кең ұғым. Халық деген ұғымнан зорырақ. Халық деп біз негізінен еңбекші бұқараны айтсақ, ұлт өз құрамына мұның үстіне зиялы топтың, әлуетті таптың, барша жұрттың тайлы-таяғына дейін қалдырмай басын қосады. Ахаң мен Жақаң, Мағжан — бұлар ұлттық ақындар, олар өз сөзін жеке бір тапқа я топқа емес, бүткіл қазақ қауымына тұтас арнаған. «Оян, қазақ!» деген дабыл күллі қазақ ұлты құлағына арналған дабыл болатын.

Ұйқыдан ояну — кең жайылымды метафора. Оның мәнісі — ұлттық сана-сезімді ояту, дамыту деген сөз. Орысша — «национальное самосознание». Яки ұлттың өзін-өзі тануы, басқалармен ойын, бойын салыстырып көріуі. Оянған қазақ не істеуі керек? Мағжандар жауабы белгілі: ау, қазағым, мынау боландық мойын ағаш желкенді қиып барады, соны түсін. Түсінсең — анық оянганың. Өзін ұлт сөбінде сезінген қауым өз тағдырын өзі қолына алуға қабілетті екендігіне сенімі нығайып, бостандық туын көтеруге тәуекел етуі керектігін ұғады. Мінеки, сол кездегі бір алуан қазақ лирикасына да поэмасына да арқау болған идеялар осы. Поэма жанрында

бұл тақырыпты игеруге айрықша еңбек сіңірген бірден-бір ақын Мағжан Жұмабаев екендігі даусыз. Біздің әдебиет тарихымызда оның алатын орны да сол жаңалығымен белгіленсе керек.

Қазақ поэмасының басында Мағжандай ақынның тұруы бұл жанрдың бағын ашты. Кеңес тұсында мансұқталуына қарамастан, Мағжан сөйіп кеткен дән булығып болса да әр тұстан өркен тебетін. Тіпті Сәкеннің өзі «Көкшетау» поэмасында (1928) Мағжан туғызған әуенге елітті. «Аркада Бурабайға жер жетпейді» әуеніне салды. Күй және күйші жайындағы кейінгі қазақ поэмаларының ата тегі «Қорқыт» пен «Қойлыбайдың қобызы» екендігі айдан анық.

«Қасірет тартқан жанымды, // Уата алмас ешкім де» — деп күрсініпті Мағжан Карелиядағы Майтөбе станциясында жүргенде. Осыны айтқанда Зылиха апайдың көзінің айналасы қызарып кететін. Жылай-жылай көздің жасы да суалатын шығар... Бірақ жаны уанбаса да, енді рухы уанар. Қазақ елінің елдігін жырлап, шарболат ұлттық характерлер туғызатын Мағжанның ақын іні-қарындастары оны қалай істеу керектігін ешкімнен сұрамайды.

ПРОЗАҒА ҚАДАМ БАСУ

«ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ»

Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде Мағжан творчествосында суреткерлік психологиялық стиль түбегейлі орнықты. 1922, 1923 жылдары ақынның «Педагогика» атты ғылыми, «Батыр Баян», «Шолпанның күнәсі» атты көркем шығармалары бірінің артынан бірі жөдеметеле жарық көруі айтылғанға толық дәлел. Адам жан әлеміне зерделей үнілу — бұл шығармаларға тән ортақ қасиет. Және авторының алдына нақтылы мақсат қойып, психологизм саласында жүйелі ізденіс соңына түскеніне айғақ.

Дүние жүзі әдебиетін, орыс классикасын бес саусағындай білетін Мағжан, сөз жоқ, Лермонтов, Толстой, Достоевский сияқты жазушы-психологтар туындыларының неліктен тартымды, өміршең келетіндігіне әбден қанық-ты. Мұның айрықша бір сыры — жаңағы жазушы-психологтар ішінде талай-талай кұпия сақталатын жан

сандығын ашатын кілт тауып алғандығында еді. Жан құбылыстарын шынайы, дәл бейнелеуге психологиялық талдау өнері кең мүмкіндік ашты. Ал кейіпкер жүрегіне жол табу дегеніміз оқушы жүрегіне де жол табу екендігін дәлелдеп жатудың қажеті аз. Ендеше әдеби психологизмді тереңірек және жан-жақты игеруге керек деп табады өзінің ғана емес, туған әдебиетінің де қамын ойлай жүретін Мағжан. Сол себепті «Педагогика» еңбегінде дене тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар алып барудың жолдарын зерттеді. Теориядан тапқандарын көркемдік ізденістермен ұштастырды. «Батыр Баян» поэмасында, «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде жан диалектикасын көркемдік принцип есебінде жүзеге асырып, қазақ әдебиетінің әлі тусырап жатқан тыңына түрен салды.

«Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең...»
Жан әлемінің «түбінде қандай ой, қандай тілек жатқанын кім білсін».

Тырнақшадағы сөздер «Шолпанның күнәсі» әңгімесінен алынып отыр. Байқаған кісіге автор жан диалектикасы туралы ой қазанында піскендерін осы әңгімесінде молынан қотарған. Адамның ішкі әлемін зерттеуде әдебиет орны қайсы? Әдеби психологизмнің жүрек сырын ашудағы мүмкіншіліктері қандай? Неден бастауы керек, күтіп тұрған қиыншылық, кедергілерінің сипаты қандайлық? Жауабы оңайшылықпен табыла қоймайды. Мағжан пікірінше, адам өзін іштей саралағанда оның нәтижесінің бәрін түгел жәйіп сала бермейді. Сыртқа шығаратыны да, шығармайтыны, бүгін қалатынын да бар. «Су түбінде жатқан зат жел толқытса шықпақ. Ой түбінде жатқан шер шер толқытса шықпақ емес»,— деп тұжырады ол.

Ақынның бұл тұжырымы құлағыңа бірден ене қоймайды. Еріксіз мүдіріп қаласың. Мүдіретін себебің — Асан қайғының белгілі өлеңіндегі:

Су түбінде жатқан тас
Жел толқытса шығады,—

деген жолдарын Мағжан құптайды да,

Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.—

дегенін бас шайқап, теріске шығарады.

Неге өйтеді? Мағжан кесімін біраз ойланып барып түсінгендейсің. Ол Асан қайғыға түзету енгізейін деп

отырған жоқ. Әдеби психологизм заңдылықтары ауыз әдебиетінен өзгеше екендігін ұғындырғысы бар. Адам ішкі ойларын яки ішкі монологын өзіне арнайды. Бөтенге шашпаған сырын өзінен жасырмайды. Сыртқа шығарса шер мен сырдың көлеңкесін, сәулесін ғана шығармақ. Адам ішінде туып, ішінде өлетін ойлары көп. Жазушы міндеті — сол бұғып, тұншығып қалған ойларды тарқатып жарыққа шығаруда. «Шолпан күнәсі» әңгімесінде сол міндетті орындау үлгісін көрсетеді, тылсым шер мен сыр дүниесін реалистік бейнелеп, ұлттық көркем дамуға жаңа, ірі қадам жасайды.

Өз творчествосының алғашқы ағартушылық кезеңін реалист суреткер Мағжан Жұмабаев қазақ қауымының нашар кепте тұрып жатқанын сынаумен, мінеумен бастаған. Суреткер ақын бұл істің әлеуметтік, таптық дейтін қырларына жоламай, мәселенің өзі құлық деп атаған моральдық жағына баса назар аударады. Қазақтың бір іске жанаса алмай, адамзат көшінен кейін қалуы, күн сайын ілгері басқан аяғы кері кетуі не себепті? Жазушы ұлты қамалған тығырықтан шығу амалын іздейді. Ағартушылық арнада көп толғанады. Кейін іштей жетілу, рухани өсу мәселелеріне ден қояды. Жан тәрбиесін алға шығарады. Қазақ данышпаны Абайдың ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап, толық адам болуға шақырған өсиетін жүзеге асыру жолдарын қарастырады.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесін ақынның міне осы ізденістерінің жемісті нәтижелерінің бірі деп қарауымыз керек. Жанры жағынан бұл — психологиялық әңгіме. Жан әлемінің құпия сырларын саралайды. Әңгіменің бас кейіпкері Шолпан — әр түрлі сыртқы жағдайлардың және ішкі толқыныстардың нәтижесінде үнемі өзгеріп, үрдіс дамып отыратын характер. Жазушы сол өзгерістерді жан диалектикасын жіті қадағалау жолымен көрсетеді. Осының арқасында бала көру сияқты қарапайым тақырып биік адамгершілік өреге көтеріліп, адамның құлықтылығы, бас бостандығы проблемаларына ойысады.

Шолпан дейтін жас келіншек бақытына мас. Құдай жарылқап, сүйгеніне қосылды. Ондай бақыт кез келген қазақ қызының маңдайына ол кезде біте бермегенін автор ескертіп өткен. Шолпанның орамал тартып келіншек болған алғашқы уақытта жатса-тұрса алладан тілейтіні — сол бақытын қайтсе де аман сақтап қалу. Тіпті күйеуі мен екі арасын баладан қызғанады. Бұл тілек дерт-

ке айналып, ішке түседі, жан дүниесінің төрінен орын тебеді.

«Балалы болсам, әдемі өмірім бұзылады-ау»,— деп ойлайтын еді Шолпан... Бала туса күйеуімен екеуінің ортасында бір тікенек өсетіндей болушы еді... Қиюласып қосылған екі жанның арасына жат бір үшінші жан түскен соң, екеуінің де жалынды, екпінді махаббаты бүлінер, бәсеңдер, суынар деп қорқушы еді Шолпан».

Ішкі монолог кейіпкер жан дүниесінде әбден толысқан ойды бейнелейді. Шынында да, бұл — ішкі ой. Сыртқа ол танығысыз өзгеріп шығады. Өзіндей жас келіншектермен аулақта кеңескенде: «Баласыз өмірдің қызығы жсқ қой»,— деп аузымен ғана айтады. Аузы айтқанды қолы істемейді. Істеткізбейтіні іші. Ішінен құдайға «Бала бәсе көрме!» деп жалбарынады.

Мағжан шеберлігін айтсаңызшы: осы тілек бір түннің ішінде өзгеріп сала береді. Оған иланасын, еш күмән келтірмейсің. Мағжан өзін жан диалектикасының сұңғыла білгірі және шебер суреткері есебінде көрсете біледі. Шешім кейіпкердің ішінде піседі және бір қызығы еркінен тыс жүзеге асады. Характер іштің ашылуына қарай көрініс табады. Кейіпкердің өз менін таныған санасы (самосознание) бұ жерде сырт көзден күштірек рөл атқарып тұр.

Әылай қарағанда Шолпан ішінің өзгеруіне сырт жағдай себепші көрінеді. Әрине, күйеуі Сәрсенбайдың көрші балаларының тәтті қылықтарын күле сөйлеп, ұзақ әңгіме ғып айтуы Шолпанға қатты әсер етеді. Неге? Неліктен оған күйеуінің жайбарақат әңгімесі шаншу болып қадалады? Негізгі мәселе мынада: Шолпан өзінің бақыт туралы бұрынғы түсінігі тайыз, сорақы екенін кенет түсініп опынады. Яғни өзінің нағыз ішін енді түсінеді.

«Шолпанның басында бір ой жарқ ете түсті: «Үш жылдан бері балам болмасын деген тілегінің қате болғанда есалаң екендігі, бала болмаса екеуінің өмірінің қу мазарға айналатындығы» еді. Араларындағы жалынды махаббаттың заманның озуымен бірге бірте-бірте май шамдай еріп сөнетіндігі, құшақтың ыстығы үнемі бір қалыпта тұрмайтындығы, екі жүйрік жүректің екпіні баяулаған кезде бір-бірінен жирендірмей, бір-біріне берік байлайтын бала екендігі, баланың ер мен әйел арасындағы дәнекер екендігі — міне, осы ойлардың бәрі сол сағатта ап-айқын боп Шолпанның көз алдына келді».

Ішкі монологтың ой ағымы түрін (көз алдына келген

ойды) кейіпкердің өзіне және әңгіме айтушыға алма-кезек бере отырып, жазушы қарапайым сияқты көрінетін кәдімгі ойлар интимдік, жасырын, даралық сипат алғаны характер түзуде шешуші рөл атқаратынына көз жеткізеді. Психологиялық талдау адамның жеке басының ерекшеліктерін бейнелеуге оңтайлы екендігін көрсетеді. Басқа сөзбен айтсақ, Мағжанның көркем характер жасау жүйесінде күрделі психологизм алдыңғы сапқа шығып, өзі көркем зерттеу нысанасына айналады, психологиялық нанымдылықты қамтамасыз ететін құрал ғана болып қызмет етпейді.

Жан әлемін саралауда ішкі монолог орнына авторлық психологиялық бейнелеу де жүреді. Бұл тәсіл әсіресе ішкі сезім көріністерін еркін, неғұрлым нәзік жеткізуге септеседі. Мағжан ішкі сезімдердің орны — жүрек деп есептеген. Жүректегі құбылыс, тебіреніс сезімдері сыртқа шықпай, адамның бет әлпетінде ойнамай, дауысынан білінбей тұрмаса керек. Талдауға түсіп отырған әңгімеде құйындай ұйтқыған сезім кейіпкерді есінен айырғандай етеді, келіншек кенеттен еріксіз, бұрын еш ойламаған күйге түсіп, күлерін де, жыларын да білмей қалады. Сыртқа тепкен сезімнің денеге әсер беруі сол сезімнің мәніне сай келмейді. Көрші үй балаларының қылығына сүйініп күйеуі қарқ-қарқ күлгенде, Шолпанның жүрегін езіп жібере жаздаған бишаралық халіне автор былай деп түсінік береді. Күйеуімен «Шолпан да бірге күлді. Бірақ бұл күлген Шолпанның жаны емес, бет терісі ғана еді».

Қандай ұтымды психологиялық деталь десеңізші. Тарының қауызындай суретке дүниенің мағынасын сыйғызып жіберген. Автор Шолпан қасіретін қандай нәзік бейнелейді. Автор келіншекті еңіретсе, біз бұған да сенер едік. Бірақ ол қан жылап тұр ғой. Суреткер сол шындықты асқан мергендікпен дөп басқан. Кенет аяғың талып жығылсаң ыржиясың ғой ауырған жерінді сипалап тұрып. Осы сияқты, бірақ бұдан өткен халге душар болған Шолпанды аяйсың. Енді оқушы оның тілекшісіне айналады.

Жазушы психологиялық талдау формаларына жетік. Ішкі дүниенің, жанның олқын-толқын құбылыстарын жүйелеп жеткізу бар да, сол күйінде жеткізу бар. Соңғысын ой ағысын шындыққа сай жеткізу деп есептейміз. «Жасаған-ау, бала бере көр!» деген жаңа тілегі Шолпан жанын әлем-тапырық етеді. Бұл туралы ойлар

«Шолпанның жанында таспықтай тізілген ретті емес»,— деп ескертеді автор. Оқушы есіне салып өтелік, ішкі ойды өз ырғағымен, бірде айтып бірге кететін жүйесіз кейіпте, шынайы яки «таспықтай тізілген ретті емес» күйінде суреттеу дегеніміз жан диалектикасының ең биік сатысы. Ойы он саққа жүгірді дегендей, жан ағысы неше түрлі қиырларды шарлайды.

Сонымен бірге Шолпан басынан бірнеше оқиғалар өтеді. Сәждеге бас ұрып, құдайдан бала тілейді. «Пірәдәр» келін аталады. Одан ештеңе өнбеген соң махаббаттымды келістірем деп, Сәрсенбайдың «Ой, сен кәрібоз, қартайғанда жорға шығарайын деп жүрсің-ау!» деген мысқылына ұшырайды. Бұл оқиғалар шығармада ұзақ-сонар баяндалмайды. «Шолпанның күнәсіндә» психологиялық сюжет басым. Шығарма жүйесіндегі оқиғалық һәм психологиялық арналар соңғысының пайдасына шешілген. Характер сырттай емес, негізінен іштей ашылатындықтан, кейіпкер басынан өткен оқиғалар тәптіштелмей, тез-тез, ықшам түрде еске алынып өтеді. Оқиға атаулы және Шолпан жан жүрегіндегі құбылыстар негізінен ішкі монологтан көрініс табады.

Баласыз өмір бақытсыздық, бос өмір деп ұққан Шолпанның жаны күндіз-түні байыз таппайды. Осы психикалық комплекс енді оның бүкіл ой-сезімін билеп алған. Енді ол күйеуін кінәлай бастайды.

«Еркек атаулы бала дегенде ішкен асын жерге қойғанда, Сәрсенбай неге бала деп аузына алмайды? Әлде... әлде... жоқ... болмас... кім біледі... жоқ... ендеше ол неге бала іздемейді? Неге... неге... шынында ол, әлде бедеу еркек пе екен? Тәңірім, тәңірім..»

Үзік, үзік ой, бір шешімнен екінші шешімге ауысып аласұру, әзәзіл сайтан түрткілегендей күнәкәр ойларға бату, құдайға тіл тигізу, артынша алланы ауызға алып кешірім сұрау — бұл, әрине, таспықша рет-ретімен тізілген ой жүйесіне жатпайды. Суреттеудің бір түрі — төл сөзді өзінікі етіп айту. Орысшасы — «несобственно-прямая речь», сырт төл сөз дейміз бе қалай? Міне, бұл тәсіл де жазушы назарынан тыс қалмаған. Шолпан жан тұрмысының жайын автор өзі әңгімелеп отырған сияқты көрінгенімен, ол қаһарманның өзіне ғана тән іштей сөйлеу мәнерін, ой жүйесін қаз-қалпында сақтайды.

«Сол уақытта ақ отауының алдында күнге жылынған мысықтай керіліп Шолпан отыр еді. Ол бір нәрсе тігіп отырған сықылды. Бірақ шынында ол тігіп отырған жоқ.

Үш айдан бері аруақтай артынан қалмай жүрген күнәлі ойларын ойлап отыр еді. Бір ай болады, Шолпан күнәға белін берік байлаған. Ізгі тілек үшін ізгі күнә істеуге, бір бала үшін жан жары Сәрсенбайға қиянат қылуға ол ойын бекіткен. Сәрсенбай бүгін қонаға қалаға шығады. Әйтеуір істейтін болған соң ұзаққа созып умен құр улана беруде не қасиет? Жарайды, соза беруде қасиет жоқ, бірақ лайық кім бар?»

Осы сырт төл сөз ішкі монологтан еш кем соғып тұрған жоқ. Ой-сезімнің психологиялық дәлдігі, даралығы қапысыз. Психологиялық бейнелеуге яки кейіпкердің көңіл күйін суреттеуге («мысықтай керіліп»), оның былайғы ойын барлауға, «ұршықтай оралған бас-аяғы жоқ ойлардың» қайшылықтарын, оқиға барысымен ішкі байланысын көрсетуге кең өріс ашады.

Ішкі монолог, авторлық психологиялық бейнелеу нысанасы бір: ой ағысы характердің өз ішінен тарайды және жасанды емес, белгілі бір тебіреністің нәтижесінде туады. Автор өз ойларын кейіпкерге таңбайды, характер тұтастығы сақталады. Шолпан — қарапайым қазақ әйелі. Жан сыры да сол табиғатына сәйкес. Жоғары білімді автор кейіпкеріне өз білетінін әкеп жапсырмайды. Рас, кейіпкер аттап өте алмайтын бөгеттен кейде қолтығынан сүйемелдеп жіберетін кездері болады. Бірақ бұл авторлық комментарий, түсінік дәрежесінен аспайды. Мысалы, Шолпанның «бала болмасын» деп бекініп жүріп, бұл ойынан бір түннің ішінде айнып шығуының шындыққа қайшы келмейтіндігін қосымша түсіндіруі көңілге әбден қонымды. Философия тілінде, Шолпанның көңіліндегі кілт бетбұрысты санның сапаға ауысқан кездегі секірісі дейді. Автор ғылым тілін көркем тілге аударып әрі қазақ түсінігіне лайықтап, Шолпан жан дүниесіндегі күрт өзгерісті былай деп суреттейді.

«...Жалпы жаратылыста да, адамның өмірінде де, адамның ойында да, өзгерістің даярлығы болмаса, дәл өзі ұзақ созылып барып болмақ емес. Өзгеріс қашан болса да кенет болмақ. Екі ай, үш ай, күз дейміз. Сонда күздің келгенін адам екі-үш ай бойына сезіп жүрмейді. Бір-ақ уақытта, айталық, бір-ақ түнде әжімді жүзі жылауық күздің келгенін сезіп қалады».

Характер тұтастығына, даралығына бұл авторлық түсінік нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Қайта кейіпкердің сол сәттегі көңіл күйін айқындайды.

Мағжан психологиялық талдауында өте-мөте дәйекті. Әңгіменің бүкіл бітімі, құрылымы, сюжет дамуына дейін сол тәсілге яғни адам ішін, жан диалектикасы ашу міндетіне бағындырылған. Сыртқы оқиғалар кейін шегіндейді, оның орнын ішкі сезім құбылыстары бастындай. Жазушы назары — адам ішіндегі адамда. Кейіпкерлер арақатысында емес. Ол жайында анда-санда еске алу бар. Тікелей суреттер жоқтың қасы. Кейіпкерлер арақатысының күрделілігін тәптіштеп суреттеу бұл психологиялық әңгіменің ауданына сыймаған.

Бақытымнан айырмасын деген Шолпан арманы баладан безінуден балақұмарлыққа бір-ақ әкеп соғады. Балақұмарлық ақыры нәпсіқұмарлықпен тынады. Шолпан бойына бала біткеннен кейін де шалыс жүрісінен тыйылмайды. Жас жігіттің пысы басып, нәпсі құлына айналады. Оған енді қайтып төсегімді былғама дей алмайды. Бірақ сюжеттің бұл тұсындағы әрекетсіздік нақсүйері Әзімбайдың қарсылығынан туындап отырған жоқ. Сәрсенбай ара-тұра төмпештеп қояды. Суынғаны болмаса, ол үнсіз. Екі кейіпкердің екеуін де біз Шолпан көзімен ғана көреміз. Әзімбайдан білетініміз — «қоян қуған төбеттей көрпенің астына кіре аласұра» бастайтын есаландығы. Күйеуі мен нақсүйері екеуінің де Шолпан жүрегінде не болып, не қойып жатқанымен шаруа жоқ. Екеуі де Шолпанды «пірәдәр» деп қылжақ ны ады түсінбейді. Сәрсенбай адамгершілік жағынан да бедел болып шығады. Қызғаныштан қаны қапайған ол, әйелін өлтіріп тынады. Әзімбайдың онан артықтығы жоқ. Күшіктей арсаландап, жолыққан жерде жұмалаудан өзгені білмейтін нақұрыс ақыры Шолпанның өліміне себепші болады.

Нәпсіқұмар демекші — Әзімбай бейнесі типтілік жағынан Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» атты әңгімесіндегі Ақан болысты еске түсіреді. Жазушы суреттеуінде бұның да сырты бүтін, іші түтін. Сырттай қарап тек терең ойдың түйінін шеше алмай отырған мінез. Ұзақ жолда үнсіз, бір нәрсені қадалып ойлайтын сияқты. Шын мәнінде Ақанның ойы қай жерде жүретіні белгілі. Ақан «көбінесе осындай қадалып ойлағанда, қиялында бір сұлу әйелдің суретін тауып алып, соған пәлендей деп сөйлесіп әзілдегем, сондай ғылым құшақ тасам, сүйсем деп, соны ермек қытушы еді».

Мұхтар Әуезов әңгімесі де қатыгездікті, адамның шын жаңымен, тілегімен есептеспей, өз ойына келгенін

істемей қоймайтын менмен, эгоистік сұрқия мінездерді әшкерелейді. Айырмасы — «Қорғансыздың күні» сол кездегі қазақ қауымындағы әлеуметтік теңсіздікті әшкерелейді. Кейіпкерлердің арақатысы барынша кең суреттелген. Психологиялық бояулары жетерлік. Ішкі жан әлеміндегі бұрқаған ой-сезімдерді суреттеудегі таңдай қақтыратын жетістіктер соншалық, бұл әңгіменің авторын білмесең, оны қолына жаңа қалам ұстаған жас талапкер деп тіпті де ойламас ең. Арам сй құрбандығына ұшырағаннан кейінгі Ғазизаның борандай ұйтқыған жан ұшырған сөздері ішкі монологтың автор тұрғысынан берілуінің тамаша үлгісі.

«Қорғансыздың күні» әңгімесінің және бір ерекшелігі — психологиялық талдаудың оқиғалы әңгіме бойына шақтап берілгендігі. Ақанның жасырын ойлары, Ғазизаның ақ жүрегінің азалы күйі — бәрі негізгі оқиға ішінде, ауқымында беріледі, оның шеңберінен аспайды.

Бұнымен салыстырғанда, Мағжан әңгімесі өзге өрнекте тоқылғаны айқын көрінеді. Шолпан туралы әңгіме арқауы оқиға емес, сол оқиғаға байланысты туған жан тебіреністері. Ой ағысы, сезім бұрқаныстары бір қызғылықты хикаяға айналып, оқиға кенересінен шығады, өз алдына ең жайлау сурет объектісін құрайды.

Шіркін, сол уақытта қандай дарын иелері келген әдебиетімізге. «Шолпанның күнәсі», «Қорғансыздың күні» — бір жыл ішінде дерлік туған шығармалар. Бір-біріне іш тартатын дос екі жастың тырнақалды әңгімелері. Және қандай әңгімелер... Екі жас қыран сол туындыларымен еуропалық поэзияның шыңына бірден көтерілген. Әрқайсысы романға тұрарлық қос әңгіме тақырыбы туыстас, шүйілетін нысанасы бір: ізгілік балғасымен жауыздықты жаныштау. Солай бола тұра бір-біріне еш ұқсамайды. Мазмұны, пішіні, стилі бәрі өз киімін киінген.

Періштедей пәк Ғазиза, ана міндетін атқарам деп, мадқапыда күнәға батқан Шолпан — әдебиетіміз галереясындағы трагедиялық бейнелер. Ішкі ой-сезімдерін бұлар ешқандай әдебиет кейіпкерлерінен кем таразыламайды.

Шолпанның өзіне қайтып оралсақ, бұл бейбақтың ішкі монологы, жан диалектикасы әңгіменің басынан аяғына дейін бір үзілмейді. Шағын әңгіме алаңында төрт рет өзгереді, төрт сатыдан өтіп құбылады. Басында баласы құрысын дейді, одан керісінше құдайдан перзент

сұрап өңмені өшеді, содан көрінеу күнәкәрлік тар соқпаққа түседі, ақыры баласы құрысынға қайта айналып соғады. Жанынан денесі, денесі жанынан айырылмайтын Шолпанның ішкі монологы, ой-сезім тебіреністері оның қаны мұздауымен бірге күнгірт тартады. «Адам — шешуі жоқ жұмбақ... адамның шешуі — жалғыз өлім» деген автор сөздері ақталып, ішкі монолог таусылғанда, кейіпкердің де дәм-тұзы таусылады.

«Шолпанның күнәсі» атты әңгіме, сөз жоқ, қазақ прозасының көркем дамуындағы ірі қадам, «Батыр Баян» поэмасын қосқанда, қазақ әдебиеті психологизміне соны дем бітірген шығармалар. Сөз өнерінің айтулы зергері Мағжан талай қыл көпірден өтіп, ауыр да аянышты тағдырын артқа тастап, енді міне, бізге өз замандасындай қол созып, адамның қымбат та жұмбақ қазынасы — жан әлемін көркейту, байыту жолында барынша ат салысуда.

МАҒЖАН ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Мағжан өте балажанды кісі болған. Өз кіндігінен көрген баласы тұрмаса да, ол аталық махаббаттан еш кенде болған жан емес. Немере інісі Ғадылша Қаһарманов ақсақал өз естеліктерінде не жазса да, айналып келіп, Мағжанның бала атаулыны қалай жанындай жақсы көргенін, балалар да оны сондай жақсы көріп, көрсе оны төңіректен қасынан шықпай қоятынын үнемі құлаққағыс етіп отырады.

Ақынның балажандығы әсіресе шығармаларында қатты сезіледі. Ол қазақ балалар әдебиетінің іргесін қаласуға қомақты үлес қосты. Балалар әдебиеті тақырыбына маржандай төгілдіріп көп өлең тудырды. Арнайы ғылыми еңбектер, оқулық, әдістемелік құралдар жазды.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» («Баланы тәрбие қылу құралы») атты әрі оқулық, әрі әдістемелік сипатты кітабы ақынның көзі тірісінде екі дүркін жарық көрген. Бірі — 1922 жылы Орынборда, бірі — 1923 жылы Ташкент қаласында. Ол ұстаздық етуге өзі белсене араласқан. Педагог еңбегін өте жоғары бағалаған. Кітабында Қазақстанның революциядан кейінгі «азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдердікі» деп атап

көрсетеді. Күллі мұғалім қауымына тарту еткен «Педагогика» кітабын данышпан Абайдың: «Ұстаздық қылған жалықпас//Үйретуден балаға» деген сөзімен аяқтауы тегін емес.

Мағжан Жұмабаев — қазақтың кеменгер ақыны. Ұлтының бақыты үшін өзін құрбандыққа шалғандардың бірі. Қынаптағы семсердей, халқының игілігіне қайда сілтенуге де даяр болған. Мен ақынмын, көкте жүзуім керек демей, қазағын оятуға сөзбен ғана емес, іспен кіріскен. Оның бір жағы ұстаздары, бір жағы әріптестері Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов біреуі тіл маманына айналып кетсе, біреуі бір қолымен роман, бір қолымен есеп оқулығын жазса, Мағжан мұғалімдік қызметті жан-тәнімен сүйіп атқарған, оның үстіне оқу-әдістемелік құралдарын жазған. Қазақстанда сауатсыздықты жоюда Мағжан жазған, әлденеше рет ондаған мың тиражбен басылған «Сауатты бол!» оқулығы шешуші орын алды десек, асырып айтқандық болмайды. Ал ақынның «Педагогика» кітабы, айтары жоқ, қазақ баласын тәрбиелеуде күні бүгінге дейін мұғалім қауымы, барша жұртшылық үшін таптырмайтын құрал.

Кітап негізгі он бес бөлімнен тұрады. Онда дене тәрбиесі мен рухани тәрбиенің (Мағжан «жан тәрбиесі» дейді) мәселелері жан-жақты және терең қамтылады. Еңбектің ғылыми сындарлы жүйемен, ойы мен сөзі бос шығындалмай, үнемді, ұтымды жазылғаны сонша, бұл кітапты республикамызда баспа ісінің балаң кезінде шыққан деп тіпті ойламайсың. Мағжан кітабының Орынборда жарық көрген нұсқасына кіріспеде М. Жолдыбаевтың «Қазаққа «Педагогика» кітабы «Інжілдей», Мағжан азамат Иса пайғамбардай болды» деуінде үлкен шындық бар. Мағжан еңбегі — қазақ ұлты үшін бөлек дүние. Шығарма қажетті білімді сындарлы жүйемен, байыпты, байсалды, салқынқанды тілмен жеткізетін оқулықтарға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны — шынында да бұл өзі тұжырымды, артық-ауыс сөзі жоқ, ұғымды тілмен, тоқ етерін айтатын маңдай алды оқулық. Ұқсамайтын жері және бар. Ғылыми тіл — абстрактылы, Мағжанша айтқанда, жалаңаш тіл. Әрбір пайымдауының астарынан авторының мінезін, сырын, сынын біле алмайсың. Ал мына кітаптан ақын жүрегінің дүрсілі құлаққа анық жетеді. Мағжанның қазақ баласының бесікке бөленулі шағынан бастап, тәй-тәй басқан әр қадамына елжірей көз салуы, қайтсе ол нағыз азамат бо-

лады, осы заманғы өркениет өресіне қол артады деп толғануы ғажап. Мұндай мейірбандылықты анасының баласына деген мейірбандылығымен ғана салыстыра аласың.)

Біз кітапты араби қадым графикасынан кириллицаға аударған кезде түпнұсқаны барынша сақтауға тырыстық. «Барынша» дейтініміз — оқылуы жеңіл болсын деген ниетпен кей сөздердің жазылу мәнерін сәл өзгерттік. Ондайлар көп емес, дегенмен баршылық. Мысалы, «сабап» деп жазылған сөз «себеп» деп, «мақтаб» — «мектеп», «әдабият» — «әдебиет» деп өзгертілді. «Фән», «файдалы», «хиял», «бақыт» деген сияқты сөздер қазіргі жазылу нұсқасымен берілді.

Мағжан стилистикасына ешқандай өзгеріс енгізілмеді. Мәселен, жиырмасыншы жылдардың басында «тәрбиелеу» демей, «тәрбие қылу» деп жазады екен. Міне, мұндайға қол сұққанымыз жоқ. Архайкаға шығып кеткен кей сөздерді ұшыратқанда, «оларды қазір де пайдалануға болмас па екен» деген ойға қалдық. Мысалға, «бізді арсыға аяқ басқызып, тәңірімен тілдестірген фантазия» деген сықылды. Сонсоң, Мағжан қолданған терминдер бүгінгі ғылыми, әдеби қауымды ойландыруға тиіс. Осы кезге дейін «нравственность» деген сөздің дәлме-дәл баламасы табылмай жүргені мәлім. Бірде «адамгершілік» деп аударсақ, бірде «имангерлік» дейміз. Мағжан «нравственность» деген сөзді «құлықтылық» деп аударған. «Прекрасное» дейтін эстетикалық категорияны «сұлулық» депті.

Кітапты ақын жазғандықтан, ол педагогика пәні шарасынан асып-төгілуге тиісті еді, солай болған да. Мұның өзі ғылыми жүйеден ауытқу есебінен емес, мәселені жеріне жеткізе терең толғап талдау, шығарманы қазақ тұрмысымен тонның ішкі бауындай байланыста жазу негізінде қамтамасыз етілген. Мағжан оқулығының көркем сөз, публицистикалық шешендікке салып кеткен жерлерін оқып, рақаттанып, әрі тың пікірлерге молығып, сүйсініп отырасың.

Даналық ешқашан көнермейді. Қайда апарып көмсең де, күндердің күні алтын секілді тот баспаған қалпында жарқ етіп шыға келеді. Мағжанның: «Ұлтқа тілінен басқа қымбат нәрсе болмасқа тиісті» деген сөздерін оқығанда, ақын бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мінбесімен сөйлеп тұрғандай әсер аласың.

Осы себептерден де Мағжан Жұмабаевтың «Педаго-

гика» кітабы тарихи ескерткіш есебінде ғана қабылданбайды. Асыл аға кітабы бүгінгі ғалым мен шәкіртке, жазушы мен оқырманға бірдей пайдалы, қызғылықты да құнды шығарма.

Балаларды тәрбиелеудің мың сан мәселелеріне Мағжан іркілмей кірісті, осынау зейнетінен бейнеті көп жұмысқа білегін сыбана мидай араласты. Оның уақ-түйегі, ауыр-жеңіліне қараған жоқ. Тиімдісі қайсы деп таңдамады. Уақыт жүгіне арқасын тоса берді.

1923 жылы Тәшкендегі Түркістан мемлекеттік баспасынан Мағжан Жұмабаевтың «Бастауыш мектепте ана тілі» атты кітапшасы жарық көрді. Бұны жоғарыда сөз етілген «Педагогика» еңбегінің жалғасы десе де болар еді. Омбының мұғалімдер семинариясын үздік бітірген алғыр қазақ педагогі енді ағарту жүйесінің негізі — бастауыш мектеп мұғалімдеріне арнайы жәрдемге келіп, ақыл-кеңесін айтуға бел байлайды.)

Мағжан Жұмабаев бұл методикалық құралды, жарыққа шығаруымен үлкен ғалымға тән айрықша қасиеттерін таныта түсті. Оның зерттеушілік тамаша қасиеті — белгілі бір жүйемен ойлайтындығында, қолға алған тақырыбының тарихи һәм теориялық бұге-шігесін барынша терең білетіндігінде. Бұған Мағжанның құдай берген кемеңгер алғыр ойын, ұшқыр сезімін қосыңыз. Сонда «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегінің жан-жақты ойластырылған, бас-аяғы жинақы, сындарлы жүйемен жазылуы әбден заңды екендігіне көзіңіз жетеді.

Не нәрсенің де жалпы, ортақ принциптерін шешіп алмайынша, нақтылы, жалқы істер кілтипаны ойдағыдай табыла бермейді. Мағжан жалпы қазақ мектебі жағдайына көз жібереді. Нақтылы тақырып аясында қалып қоймай, сол кездегі тарихи жағдайдан туатын міндеттерді қарастырады. Мұның өзі кітаптың құрылымын ойластырудан бастап көрінеді. Әңгіме негізгі үш сала бойынша өрістетілген. Совет елінде және Қазақстанда мектеп ісінің бұрынғы және қазіргі жайы, революцияның ағарту мекемелеріне қоятын талабы. Бұл бірінші тақырып болса, екіншісі — ана тілінің мектеп қабырғасындағы орны жайлы тақырып. Тағы да бір саласы — кітапшаның мұқабасына жазылған проблемаға тіке қатысты. Атап айтқанда, бастауыш мектепте ана тілінен сабақ беруді жолға қою жолдары сөз болады, нақты методикалық нұсқаулар беріледі.)

Мағжанның ескі мектеп пен жана мектепті салыстыр-

ғаны қандай ғибрат аларлық нәрсе. Ол ескі мектепті істен алғысыз етіп сынайды. Мұның жөні бар. Бұрын бастауыш мектепті хат таныту мектебі деп түсініп келген. Хат таныту мектебі білімнің басқа тарауларынан ауызға аларлық оқу оқытпаған. Себеп — халық ағарту ісінің сол тұстардағы балаңдығында. Әсіресе жанға бататыны — қазақ тіліндегі бастауыш мектептердің ана тіліндегі мектеп болмағандығы. Қазақ балаларын оларға еш түсініксіз бөгде тілде — араб тілінде оқытуы. Осы өрескелдікке, әбестікке байланысты Мағжанның аузына «жетім» деген сөз түседі. Бұрынғы ескі мектептерді ана тілінен, демек анасынан айырылып жетім болып қалған мектептер деп ыспаттайды.

Сөйтіп, Мағжан өзінің ежелгі күйін күйлейді. Қособаны айнала беретін белгілі кейіпкерлердей, айналып соғып, ұлт қамын қамдауға көшеді. «Ұлт тілі ұлт мектебіне ана болуға тиісті» деген білікті, қазық ой айтады. Бұған қалайша қол соқпассың. Немесе: «бір ұлттың тарихында түрлі себептермен ұлт мектебі бір дәуірлерде анасынан айырылып жетім болып қалуға мүмкін» деген сөздерге ой жіберіп көрелікші. Күні кеше жеті жүз мектебімізден айырылып қалған жетесіздігімізді қолмен қойғандай ғып айтып тұрған жоқ па? Мұны әулиелік, сәуегейлік демей, не дейміз. Мағжанның: «ана тілі мектептің дәл төрінен әлі орын алған жоқ» деген сөздері біздің бүгінгі ахуалымызды дөп басады. Бозөкпелігімізді бетімізге салық етіп ұялтатын, құлағымызға дейін қызартатын сөздер. Мағжан еңбегінің қай тұсын оқыма, бәрі қазіргі әжетімізге жарайды. Ондай өміршең еңбектердің сыры сан алуан. Бір сыры — Мағжан өз тұсындағы озық идеялармен қаруланды. Революция «ескі мектептің орнына «еңбек мектебін» құр десе, Мағжан мұны теріс көрмеді. «Еңбек мектебі» деген ұран мектеп пен тұрмысты қосу үшін, бірін-біріне басқыш қылу үшін салынған» деп тұжырды.

Бұл Мағжанның жаңалық атаулыға зор ілтифатпен қарайтындығын көрсететін мықты дәлелдердің бірі. Ол қарсы болса, дұшпандары көпірткендей, жаңалыққа қарсы емес, догмашылыққа, қарилікке қарсы еді. Бір ойың айтады: егер біз осы қазақ Ушинскийінің жолымен жүрсек, көп жылдардан соң көзіміз жеткен ақиқатқа сонау бастауыш мектепте-ақ жетпес пе едік, деп. Мағжан педагог оқуды түсініп оқымай жаттап алушылыққа, ба-

ланы тоты құсқа айналдырып жіберушілікке үзілді-кесілді қарсы болған.

Баланы қалай оқытуға керек? Кітапшаның бұл тұстары кем ықыласпен оқылмайды. Мағжан оқушы жүрегіне ең алдымен нақты бейне, сурет орнату керек деп кеңес береді. Мұндайда бала біреудің айтқанын, жазғанын сөзбе-сөз қайталап күйіс қайырып тұрмайды, тиісті сөзін өз жүрегінен суырып сөйлейді.

Грек мифологиясының бір геройы Мидас деген патшаның қолының ұшы тиген нәрсенің бәрі алтынға айналып кетеді екен. Мағжан қаламы сол сияқты. Ізі түскен жазуы, ойы ескірмейді, көнермейді, алтынға айналады. Сондай асыл қасиетімен еріксіз баурап алады.

Енді ескерту ретінде бірер сөз.

Аталмыш кітапша 1925 жылы Мәскеу қаласында Қара Қырғыз автономиялық облысы Ревкомының қазақы бойынша «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» деген атпен қырғыз тілінде басылып шықты.

Кітапшаға алғы сөзді «Сөз башы» деген атпен естімеген қаламгер Е. Арабайұлы 1924 жылы «өштон айнин 14 де» жазыпты. Тегі Мағжан еңбегін қырғызшаға аударған осы кісі болуға керек. Олай екі ұшты жорамал айтуға себеп — кітапшада тәржімашының аты-жөні көрсетілмегендігінен.

Е. Арабайұлы кіріспе сөзінде еңбек авторының әдістемелік нұсқауларын қысқаша қайталап шыққан. Тек сөзінің екпіні қаттырақ па, қалай? «Кітапшаның талаптарын орындамаған мұғалім ұлт алдында қиянат жасаған болады. Анда мұғалімдер окомот алдында да, халық алдында-да жоопқа тартылуға тиіш» деп кесіп тастайды. Мағжан стилистикасына әміршіл-әкімшіл жүйенің мұндай өктемсеу қияпаты тән емес-ті. Ол мұғалім әріптестерімен әрдайым сыпайы сыйластық реңмен сөйлеседі.

Е. Арабайұлының өз тарапынан қосқаны «Ошо уақытқа шеши қырғыз мектептерінде анық-шын тәртіп болбоған» деген пікір. Қырғыз мұғалімдері әрқайсысы өзі оқып шыққан мектеп, медресенің жолын қуалап, татарша, қазақша, өзбекше дегендей өздерінің ыңғайына қарай оқытып келген. Сөйтпеске амал жоқ еді. Қырғыз тілінде Мағжан еңбектеріндегі жол сілтейтін кітап әлі жазыла қоймаған-ды. Қырғыз қаламгері кітапшаның «Төрт жылдық бастауыш мектепте ана тілі» деген бөлімінен бастап аударған. Қазақшасындағы «Мектебіміз» бөлімін, сірәдә, қазақ мектебінің күй-жайын сөз ететіндіктен

бе, қысқартып тастаған. Кітапша тиражы қазақша нұсқасы секілді үш мың дана.

Сөйтіп, алты алаштың бір бұтағы — қырғыз туысқан балаларының тілін сындыруға, ұлт мектебінің негізі етіп ұлт мектебін алуға Мағжан-педагог шарапаты мол тиген деп түйсек, бұған қырғыз бауырлар қарсылық ете қоймас деп ойлаймын.

* * *

Енді Мағжан Жұмабаевтың балаларға арналған өлеңіне келсек, бұл жанрда жазылған шығармалар оның бала тәрбиесі туралы ілімімен орайлас. Балаларға бағышталған өлең басқа өнер туындыларынан жат өлкеге қоныстай алмаса керек. Жас өспірім әдебиетінде де дәуір тынысы сезіледі, неге сезілмесін. Айырмасы — мұнда өлең туған кездегі дәуірдің толғақты мәселелері бала санасының мүмкіндігіне қарай және соған тиісінше ықпал етерліктей пішінде өрілмек. Мағжан өмір сүрген дәуір қазақ қоғамының ояна бастаған дәуірі еді. Ояну-дың бір белгісі — қауымның ғылым, білімге ұмтылуы күшейеді. Осыған сәйкес қазақ әдебиетінде ағартушы реализм туындылары алға шықты. Абай, Ыбырай, Ахмет, Міржақыптардың өкшесін баса Мағжан да халқын өнер-білімге шақыруға айрықша ден қойды. «Шолпан» жинағындағы бірқыдыру өлең жас таланттың ағартушылық қозғалысқа қызу араласқанын әйгілейді. Жинақтағы «Балалық шағы», «Қарағым», «Мен сорлы» (Шәкірт зары) өлеңдері Ыбырай Алтынсариннің «Кел балалар, оқылық» өлеңімен мақамдас.

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға құр қаларсың көңіл бөлме.
Оқымай, ойын құған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме,—

«Қарағым».

деген іспетте ағындайды.

Кейінгі жылдары осы мазмұн ойнақы, балалардың өздері жаттап айтып жүретіндей жеңіл тілді пішін ала ы.

Сал білек, сал білек,
Балдан тәтті бал білек.
Мектепке бар бір мезгіл,
Әжеңнің тілін ал, білек.

Бұл үзінді «Сал білек» өлеңінен алынып отыр. «Ата, бата» өлеңі де осыған ұқсас: бала ойнақы сөзді ойынға айналдыра отырып, ғибрат сөзді жадына сақтап қалары кәміл.

Ақын мен педагог Мағжан тұлғасында тамаша үйлесім табады. Сондықтан өлең нысанасы айқын: бала дүниетанымын байыту, жас жанның жүрегінде құлықтылық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін егу. Және сол қасиеттерді бала бойы мен ойына ойнап жүріп дарытатындай. Ауылдағы қай қазақ баласы аққала соғып ойнамаған. Қысты күнгі іш пысты балаға бұл да бір таптырмайтын қызғылықты ойын. Осыны ескерген Мағжан балаларды ұлттық ойынға қоса отырып, еңбек тақырыбын көтереді. Балалар ауылдың арасындағы күртік қардан аққала соғады. Қардан «үйдің» төрт бұрышын шығарып, терезе қойып, мәре-сәре болады. Беттері бүлдіргендей қызарып, күліп, таласып жүріп, асыр салып ойнайды.

Бала не көрсе, содан ойын шығарады. Шыбықты атқып мінеді. Жарысады. Қотанға қой иіреді деген сияқты ата кәсібіміз мал бағу бала ойынынан аз орын алмайды. Бұл жәйт Мағжан назарынан тыс қалмаған. Еңбек тақырыбын ширата түсуге пайдаланған. «Бөбектің тілегі» өлеңінде:

Тоқтышағым тоғыз тап,
Саулық қойым сегіз тап,
Сегізін де семіз тап.
Құла бием, құлын тап,
Құлын таппа, құнан тап,

Құнан тапсаң егіз тап,—

деп тақпақтайды. Әр төл үшін мейірлі сөз табады. Өлең жолдары өзді-өзінен жатталып, дауыстап айтуға қызықтырады.

Балалық дәурен бал дәурен болуы үстіне өмір деген ғажайып жұмбақты шешуге соншалықты ықыласпен кірісетін шақ. Жұмбақ сыры ашылған сайын, жас ұлан марқая, толыса түседі. Сонда өмірден көксейтін мұраты айқындалады. Айқындалғанда, көкірегінде шамы бар, елім, жерім деп жалындаған азамат өссін. Мінеки, Мағжан тілегі.

Біздің ұрпағымыз, амал нешік, дер кезінде Мағжан өлеңдерінен сусыны қанып оқи алмады. Бір-екі ауыз өлеңдерін құпия жағдайда, үзіп-жұлды оқып не естіп, тамсанып, таңдай қағудан әрі аса алмадық. Кей-кейде

ресми насихаттың Мағжан жөніндегі өсек-жаласына еріп кеттік. Оның несін жасырамыз. Бірақ соның бәрін ұлы ақын шығармаларымен бар ауқымында таныссақ деген арман басып кететін.

Мағжан поэзиясы сталиндік қара түнек заманның өзінде де совет поэзиясынан мүлде оқшау қалған жоқ. Себебі Мағжаннан тәлім алған талапты буын енді-енді поэзия табалдырығын аттады. Олар өздерін қалай жаңашылмыз десе де, бұған дейін әдебиетте қалыптасқан дәстүрді елемей өте алмады. Мағжан тақырыбы, өлең құрылымы, әуезі таза пролетар жазушыларымыз дейтіндердің өздерінің өлеңдерінен мен мұндалап тұратын.

Мағжан ақын әуені ел аузында қалған жырларынан құлаққа сіңер еді. Аласапыран шақта жапалақтап қар жауса, әжеміз жарықтық, аты Зейнеп еді, тақпақтап қоя беретін.

Жапалақ-жапалақ қар жауар,
Жаман қатын қыз табар,—

деп. Бұл жолдарды қазір біз Мағжанның «Жыл мезгілдері» өлеңінен оқып жүрміз. Немесе:

Күнитайым қайда екен?
Саятайым сайда екен,
Асқар-асқар тауда екен.
Тауда не ғып жүр екен?
Алма теріп жүр екен.
Алмасынан қанекей?
Жаңа теріп жүр екен,—

деген шумақ әже үнімен бірге құлағымда қалып қойыпты. Бесік жырының бұл нұсқасы Мағжанның «Жұбату» өлеңінен екенін соңғы жылдары ғана білдік.

Әрине, Мағжаннан білгенімізден білмегеніміз көп екен. «Жыл мезгілдері» өлеңінен бір әдемі сөз кезіктірдік. Оны естігеніміз де, естімегеніміз де бар.

Самалық! Самалық!
Самарканның көк тасы
Жібіді ме, көрдің бе?
Қап тауының көк құсы
Жүгірді ме, көрдің бе?
Самалық! Самалық!

Жыл құсын көргенде айтылатын «Самалық» деген сөз керек десеңіз он томдық «Түсіндірме сөздікке» енгізілмепті.

Балалар өлеңіне дидактика, уағыз айту тән. Бірақ

солай екен деп, Мағжан қарадүрсін ақылгөйсуге, жөнді-жөнсіз мораль соғуға бармайды. Білімді бала ойына оған әбден таныс сурет енгізу арқылы дарытады.

Ботаға жабу кідірген,
Бұзауды үйге сидірген.
Аяз сені қайтейін?!
Қыздың бетін қызартып,
Мұздың мұрнын ұзартып,
Қызыл сені қайтейін?

Бұл қақаған қыс суреті. Сол арқылы бала санасына қысқы суықта ботаға жабу керек екендігін, бұзауды жылы жерге қамау қажеттігін сіңіреді. Әрі мейірбандыққа бастайды. Қыс бір жағы суретші ме, қалай өзі? Қыздың өнін қалай келтіріп тұр. Өзі қуақы мінезді. Қар ери төбеден салбырайтын сүнгі мұзды не деп тұр? Баланың күлкісін шақырады. Ал дүниеде бала күлкісін естуден қымбат не бар?!

Мағжан геройы әлі мектеп жасына дейінгі балалар. Табиғат тамашасына жаңа қанығып келеді. Көп сыры әлі бимағлұм. Әлжан деген кішкене кейіпкер («Сұр құлын» өлені) қысқы тебіннен қайтқан сұр құлынын танымай қалады. Күздегі сүйкімді құлыны жалбыраған жабағыға айналыпты. Мұны көрген Әлжан кәдімгідей ренжіп қалады («Томпиды аузы Әлжанның, // Салбырады қабағы».)

Мағжан балаларға берейін дегенін сарқып бере алмай кетті. Талай мені жаз, мені жаз деп анталаған тақырып қағазға түспей, шерменде көңілдің шеріне айналды. Оған амал жоқ. Барына қанағат. Бары бала тәрбиесіндегі маңызы жағынан еш ақын, ғалым, педагогтың мұрасынан артық болмаса, кем соқпайды. Бұл асыл қазына бізге: Мағжан Жұмабаев балалар әдебиеті іргесін қалаушы жазушыларымыздың бірі дегізеді.

АҚЫННЫҢ СӨЗ КЕСТЕСІ ХАҚЫНДА

«Ұлтқа тілінен басқа қымбат нәрсе болмауға тиісті».

Мағжан. «Педагогика».

Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде Мағжан ақынның сөз кестесіне биік те әділ баға беріледі.

«Ақындық жағына келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне түрлер енгізу ретінде, Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжанның асқан ақын қазақта жоқ»¹

Өз тарапымыздан бұған қосып-аларымыз шамалы. Меніңше, мұндай жоғары бағаны қазақ ақындарының әлі күнге дейін ешқайсысы иеленіп көрген жоқ. «Абайдан кейін...» деп ұлы ақынның өкшесін басты деуінің өзі қаншалық. Және ондай бағаны бірауыздан, уағдаласып қойғандай берушілер кім дейсің, шіркін,— өншен қазақтың ығайлары мен сығайлары: Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов... Мұндайда ақынды үнемі мүсіркей беруден тыйыласың. Жеке басының тағдыры қандай бақытсыз болса, өлеңінің тағдыры сондай бақытты екен деп Мағжан үшін қуанасың.

Мағжан жаңа сөз кестесін төкті. Ол нақтылы айтқанда қандай еді? Қысқаша бұл былайша тұжырымдалмақ:

1. Жанрлық жағынан келгенде, ол «Поэмалар жазудың желісін қаққан адамның біреуі болды» (С. Мұқанов). Қазақ лирикасын жетілдірді. Поэзиямыздың сыршылдығын тереңдетті. «Мағжан өлеңдерінде сыршылдық (лирика) жағы басым келеді. Мағжан өлеңдерін оқып отырғанда, оның сол өлеңді жазып отырған уақыттағы жан жүйесінің құбылысы (интимное переживание), ішкі сезімнің толқыны көрініп отырады. Мағжан өлеңінен құрғана үйлескен сөзді көрмейсің, ақынның ішіндегісін әйгілейтін айнасын көресің. Сыршылдық жағынан Мағжан көп ақынға бәйге бермейді»².

2. Мағжан әр туындысынан өзі көрініп отыратындықтан, оның қолтаңбасын басқа біреулермен шатастыру мүмкін емес. Ақын өлеңімен бірсыдырғы таныс болсаң, сол өлеңдердің қай жылы, қандай жағдайда туғанына дейін біліп отырасың. Ол қазақ поэзиясын жаңа сапалағы бейнелермен, тың сөз жүйесімен, соны сөз тіркестерімен байытты. Ол — жаңа творчестволық контекст несі.

3. «Мағжан қазақ өлеңі өлшемдеріне жаңалық енгіз-

¹ Мұқанұлы Сәбит. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім. (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі). «Қазақстан» баспасы, 1932, 283-бет.

² XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 283—284-беттер.

ді. Өлең техникасын жетілдірді. Жаңа өлшеулер шығарды, тілді ұзартты» (Ж. Аймауытов).

Бұл жетістіктерге ақын өзіне дейінгі поэзия інжумаржандарын теру, сөз өнерін қорыту негізінде жетті. Жас шағында өлең кестесін Абай үлгілеріне салды, кәрі шөңге ақын-жыраулардан үйренді, халық қазынасынан молықты. Мағжан Шығыс һәм орыс тілдеріне жетік болды. Осыны пайдаланып, дүние жүзі поэтикалық қорының асыл жиһаздарына қол артты. Ағартушы реализм, сыншыл реализм, романтизм (символизм) жақтастарының ауылдарына қоныстады. Мұның бәрінде Мағжан құр еліктеуші санатында қалып қойған жоқ. Қазақ поэзиясында өз өлең ұясын салу үшін бар жетістіктерді тірнектеп жинады.

Мағжан жаңа форма, жаңа пішінді басқалардан ерекшеленейін деп іздеген жоқ. Өмір сырын тереңірек түсінгісі келді. Кейде жаңа форма, пішіннің қуатымен жаңа мазмұн ашылмақ. Көркем принциптер соны ойға жол ашатын құрал ғана емес, сол ойдың өз бітімі де. Символизмге Мағжан романтикаға берілгендігі себепті барды десек, қателесер едік. Ақын бұл әдіске барғанда, символизм болашақ пердесін ашатын жаңа мифология туғызады, келешек суретін саясатшылар емес, ақындар салып береді дегенге кәміл сенді.

Мағжан Абай хакімдей ой айдынында барынша құлаштамаса да, заманының қазықты-қазықты идеяларын жырына арқау етіп өріп отырды. Бұл алдымен ұлт тағдырына байланысты идеялар еді. Лирикалық қаһарман ұлт азаттығы идеясымен жігерленген. Осы ой мен сезім тоғысуынан Мағжан психологизмінің ерекшелігі туындайды. Мәселен, біз қазақ совет поэзиясында психологизм әлеуметтік талдаумен тығыз байланысты екендігін білеміз. Мағжанда бұл ұлтжандылықпен қабысады. Мағжанның лирикалық қаһарманы ұлтым дегенде ішкен асын жерге қоятын күрескер. Нағыз жанқияр. Осы идея лирикалық қаһарман жан-жүрегіне бойлап, орнығып алғаны соншалық, ішкі сезімнің бой бермейтін алабұртқан күші Мағжанда әрдайым басымырақ. Оның өлендеріндегі лирикалық көңілдің аласұрған дегбірсіздігі, асқақ асаулығы, мерейлі мәрттігі мүлде бөлек: қазақ поэзиясында жүректің терең тылсым сезімдерін мұншалықты қопарыла, зарлана жырлаған ақынды іздеп табу қиын.

Мағжан творчестволық контексті халықтың қара-

пайым сөздерінен бас алады. Тын бейне сөздің жаңа түзілімін (перифраза) табудан туындайды. Қазақтың жалпақ тілінде «тоқсан» цифр ғана. Сан есім. «Токсанның тобы» поэмасында бұл мүлде жаңа түсінік. Еңбекші бұқара бейнесі. Мұны ақын жаңашыл бола қояйын деген пиғылдан ойлап тапқан жоқ. Өзінің идеялық топшылауларына символ іздеді. Ол қазақты «тап күресіне» салғысы келмеді. Идеялық ізденістерден туған бейненің бір тобы «Қыбырлаған қоңыздар, // Қорсылдаған доңыздар» аталады. Ақынның романтикалық өлеңдерінде жел бейнесі жиі қолданылады. Жел — көбіне ерікті дүние символы.

Творчестволық дара контексті құрайтын бір арна — соны тіркестер, тың фразеологизмдер. Бұл әр түрлі жолмен жасалады. Мысалы, «Жылы, тәтті у тарады қаныма» деген жолды алайық. Қазақта бұрын кездеспеген тың тіркес. Ләззәт сезіміне тіл бітірсе, осылай бітірсін. Мұндай мерген сөздер дүние жүзі поэзиясында жиі кездесе бермейді. Бұған ақын қалай жеткен? Сөздің тура һәм бұрма мағынасы болатыны белгілі. «У» деген затты білдіретін сөзді Мағжан осы мағынаның екеуінде де пайдаланған. «Ой» деген өлеңінде: «Ой деген у — // Ішесің де соласың», — дейді яки «у» тура мағынасында қолданылып отыр. Ал «Жылы, тәтті у тарады қаныма» — бұрма мағынасында. «Жылы», «тәтті» анықтауыштарды удың уытын ғана қайтарып қоймаған. Ол енді рақатқа бөлеп, естен тандырып тұр. Немесе «Шолпы» өлеңіндегі «Сұлу қыз санадан солғыр!» жолын еске түсіріп көрелік. Қарғап тұрған секілді көрінгенімен, бұл мадақтау емес пе? Қыз қылығын бұдан артық қалайша дәріптеу керек?

Мағжанның «мың жыл жүрсе дәмі кетпес» сөздерінің қайсыбірін тізерсің. «Саясат — ағаш ат», «Ойды алқағып берейін», «Итиіп кара шекпен» келсе, «Көңіл мінезі», «Кісендеулі тіл» деген т. б. жаңа тіркестер, бейнелеулер қазақ сөзінің шұғылалы бояуларын әрлендіре, түрлендіре түсетінінде сөз бар ма.

Енді ақын әшекейіндегі Мұхаң сүйетін «еуропалығына» тоқталайық. Мағжан қазақ поэзиясына батыс ақындары бейнелі сөздерін енгізді. Және қазақ тілі жатырқамайтындай етіп енгізді. Оның бер жағында қазақ өлеңінің әуезділігін күшейтті. Түрмен бірге қазақ поэзиясы жаһанның озық ойынан ауызданды. Мұхаң «еуропалығы» дегенде, осы жайларды есепке алған болуға керек.

Мағжан өлеңдерінде араб, түрік, татар, қырғыз сарындары да естіледі. Бұл да қазақ тілін жаңалауға ақын тарапынан қосылған қомақты үлес деп бағалаймыз.

Мағжан Жұмабаев ақындығының және бір қыры оның өлең өлшемдерін түрлендіруінен көрінеді. Қазақтың кең тынысты он бір буындық, жыраулардың ағынды, тасқынды жеті-сегіз буындық, Абайдың толғауы тоқсан сегіз аяқ өлшемдеріне Мағжан екі буындық секіртпе өлшемді тауып қосады. «Мағжан,— деп жазды Жүсіпбек Аймауытов,— тыңнан 8—9 өлшем туғызды, бәрін бірдей санаудың қажеті жоқ. «Сап-сары бел», «Біраз Фетше», «Шылым», «Александр Блок», «Мені де, өлім, әлдиле», «Күншығыс», тағы басқа өлеңдері Абай өлшеуінде жоқ»¹.

«Біраз Фетше» өлеңі екі буынды тармақтан түзілгенін Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми еңбегінде ескертіп өткен ²

Бұл жаңалықтың туу тарихын мазмұн мен форма арасындағы сабақтастықтан іздеуіміз керек. Сонда ғана Феттің жеті буынды екі бунақты өлеңін («Шепот, робкое дыханье») Мағжан не себепті екі буын, бір бунаққа түсіргеніне көз жеткіземіз.

Афанасий Фет өлеңі айлы жарық түні кездескен екі жас құпиясына ортақтастырғандай. Олар көрінер-көрінбес жерде. Жүздерін ақ торғын шымылдық көлегейлеп тұрғандай. Қанша сығалағанымен, сурет тым буалдыр. Суреттің қандай екенін сыбырлаған сөзден, тұншығып естілген дауыстан шамалайсың. Ыссы сезімнен булыға шыққан сөз шолақ, үзік-үзік. Мағжан осы халді жеткізудің бір амалы есебінде буын санын барынша қысқартқан. Түпнұсқадан аударма тек өлшем жағынан алшақтаған. Өлеңнің тақырыбы өзгеріп, «Біраз Фетше» аталуы осы себепті болуы тиіс. Демек, Мағжан жаңалығы түр қуалаудан тумаған. Поэзиямызға тың мазмұнды қазақ құлағы тосырқамайтындай етіп сіңіру ниетінен туған.

«Шылым», «Александр Блок» — аралас буынды өлеңдер. Әсіресе Абайда көп кездесетін түр. Абай келістіріп құбылтқан құрылым. Мағжанның бұл өлеңдері сол аралас буынды өлеңдердің — ұзынды-қысқалы бұтақтары.

¹ «Лениншіл жас» журналы. № 5, 1925 жыл.

² «Жұлдыз» журналы. № 7. 1989 жыл, 118-бет.

Абайдан бір мысал:

Бойы былғаң,
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.

Бастапқы екі тармақ төрт буыннан келеді де, үшіншілері сегіз және жеті буыннан тұрады.

Енді Мағжанның «Шылым» өлеңінен үзінді келтіріп көрелік.

Қолда шылым,
Тартып, күлін
Түсіремін табаққа.
Кейде ұмытып,
Түтін жұтып,
Жіберемін тамаққа.

Мұнда алғашқы екі жол төрт буыннан тұрса, үшіншісі — жеті буын және бір бунақ. «Александр Блок» өлеңінде аяғы қос тармақ бес буынды да, үшіншісі — жеті буын.

Александр Блок —
Мәңгі жас жүрек
Үмітін бір үзбеген.

«Мені де, өлім, әлдиле» атты өлеңнің екі жолы сегіз де, үшіншісі жеті буын құрайды. Мұндағы айырма әр шумақ он бір жолдан тұрады және соңғы тармағы әр шумақтың соңында рефрен ретінде қайталанып отырады.

Қажыдым енді, күш бітті,
Көңіліз, салқын, күн бұлтты,
Жел бұйығып тербелген.
Әлдекімнің өлгенін,
Оны қалай көмгенін,
Әңгіме ғып күңіренген.
Жел, күңіренбе, жасың тый,
Өлім күйі — тәтті күй.
Балқиды жаным бұл күйге,
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле...

Аралас буынды осы үш өлеңді Абайда кездесетін үлгілерімен салыстырғанда шығатын қорытынды біреу: Мағжан ұлы ұстазы ашқан түрлерді жетілдіре түскен. Оқушы назарын шегелейтін қайталауларды күшейткен. Қайталау өлеңді күйге айналдырады. «Мені де, өлім,

элдиле» өлеңінде жел ызыңы, өлім сарыны әлдебір бұйығы, уайым-қайғылы сарынға басып, жүрек тітірентеді. Мұхтар Әуезов мұны Мағжанның зор жетістігі деп біледі.

«Абайдан соң Мағжанды сүйемін, еуропалығын, жарқыраған, әшекейін сүйемін,— деп жазды Мұхаң.— Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарқыраған Арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай...»¹

Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде сөз өнеріне байланысты тексерулерін үнемі Мағжан шығармаларына сүйейді, оның табыстарын Абай туындыларымен бірге үлгі есебінде ұсынады. Ақын суреткерлігін жоғарыда айтылған күйшілдігімен қоса атайды. Осыған дәлел есебінде «Толқын» өлеңі мысалға келтіріледі.

Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбік оранып,
Жыландай жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп...

Әркім дүниені әр қилы көреді. Өз жүрегімен таниды. Бірақ сол дүниенің көңілге түскен әсерін бәріміз бірдей қалыбында шыншылдықпен көркемдік кестесіне түсіріп бере алмаймыз. Ол хас таланттың ғана қолынан келмек.

Мағжан толқынға жан бітірген. Толқын жылан боп бүктетіледі, не балаша былдырлайды. Тағы бірде ғашық жардың қылығына көшеді. Жарын құшып өліп те кетеді. Өбеді, сүйеді. «Толқын» өлеңі нағыз ақын жолдары қашан жазылса да, ескірмейтінін көрсетеді. Бүгін — бүгінгінің, ертең — ертеңінің әжетіне жарайды. «Толқын» өлеңі көз алдымызға үлкен айдын орнатып, тынбас хикая шерткендей. Толқын да, жел де жүректегі күйсанның романтикалық пернелерін басып, ішектерін қозғағанда кеуденді не әсем күйге бөлейді.

Сөз кестесін ажарлап, айтайын дегенін оқушы құлағына құйып тастау мақсатында Мағжан теңеуге зор мән берген. Ол белгілі жұрнақтарды («дай», «дей») пайда-

¹ «Қазақ әдебиеті» газеті. 1988 жыл, 23 желтоқсан.

ланғанда, жалаң сұлулық мақсатын көздемейді, сурет-теп стырған объектісіне өзінің көзқарасын айқындай түсуді нысана етеді.

Ашуы жауған қардай, шөккен нардай
Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай.

Найзасын нажағайдай ойнататын
Жас барыс Бәсентіін Сарымалай.

(«Батыр Баян»)

Бұл үзіндіден Мағжанның халық творчествосы туғызған теңеулерді өзінше әрлегенін, батырларды әсірелей жырлайтын ауыз әдебиеті дәстүрлерін сақтағанын байқаймыз. Фольклор әуені жазба әдебиеті шығармасына жарасымды, сондай келісімді кірігіп кеткен, реалистік шығарманы оқып отырғандай сезінесің. Ел қорғаны — қазақ батырларының даңқын асыра жырлау үшін отаншыл автор поэмасына дастан өрнегін әдіптеуді қолайлы көрген.

Мағжан теңеу, айқындауларды (эпитет) оңды-солды, әйтеуір өлеңінің көркіне көрік қосу ниетінде пайдаланбайды. Негізгі мақсаты — туындының пішінін ажарландыруда, ділмәрлыққа салынуда емес. Көрнек шығарма тілі — нысанаға дөп тиетін бейнелі сөз. Міне, осы сөзді үйілген пішен арасынан жоғалған инені тапқандай ізден табуың керек. Мағжанда ондай тапқырлық жетіп жатыр. «Жігер, шіркін, желінді» өлеңін оқып көріңіз.

Жігер, шіркін, желінді
Болат жеген қайрақтай.

Көз алдыға жадап-жүдеген, арып-шаршаған тұтқын суреті келеді. Адамды әдейі бордай тоздырып, азаптап, қинап, ит өлімімен өлтіруге арналған сталиндік қапастың шын кейпін бұдан артық қандай теңеулермен жеткізуге мүмкін.

Мағжан теңеулері әр қилы қызмет атқарады. Бір теңеулері ұлттық байрақты желбіретсе, біреуі саяси өткір құралға айналып кетеді. Тағы бір теңеулері қазақ елінің қоңырқай тұрмысын ажарлауға жұмсалады.

Жазды күні сұр құлын
Сұлу еді сүліктей.
Құрық көрсе құлдырап,
Жытушы еді еліктей.

(«Сұр құлын»)

Мұндай теңеу тек дала перзентінің ғана ойына түспек. Жылқы баласын өз баласындай еркелетіп суреттейді. Қан сорғыш сүлікті сұлуға теңеу қазақ ақыны қаламынан еріксіз туады. Қазақта «сүлікше сорды» деген күйініш сөз де, «сүліктей қара» деген сүйініш сөз де кезігеді. Мағжан соңғысына сүйеніп, сұлу мен сүлік арасына теңдік белгісін қойған.

Ақындық қуат кейде сенбесіңе сендіреді. «Н»-ға деген өлеңінде ақын сұлудың иірілген бұйра толқын шашын иығына асылған екі жыланға теңейді. Мұндай төбе құйқанды шымырлататын керіқалаң теңеулер жәйдан-жәй туа салмайды. Ақын бұл арада әйел жанының балы — у, уы — бал көрінетін хикмет күрделілігін, шешуге жатпайтын жұмбақ сырын айтқысы келгендей. Бұл азық етсе, жаңағы өлең тағы бір оқыс теңеумен аяқталады. Жаңағы ару енді көз алдына бар болмысымен тұра қалады.

Миыңа ешбір бөтен ой кірмейді,
Көзіне ешбір нәрсе көрінбейді.
Ақ беті бір ағарып, бір қызарып,
Жас жарың жас киіктей дірілдейді.

Теңеу дәстүрлі арнадан табылса да, психологиялық суреттің ғажайып үлгісі.

Айшықты сөз айқындаусыз (эпитетсіз) болмайды. Біреулер айқындауды өлең сөздің реңін әдейі құбылту, құлпырту деп түсінсе, біреулер суреттеп отырған заттың мәнін ықшам сөзбен, дәлме-дәл жеткізу құралы деп біледі. Мағжан соңғысын көбірек ұстанған.

Бұрқырап қара дауыл соғып тұрған,
Көкорай түсі қашып солып тұрған.
Шыдамай қатты ызғарлы жел өтіне,
Бүрісіп ағаш, шөптер тоңып тұрған.

Әңгіме жылдың қай мезгілі туралы екені «Күз» атты тақырыпты оқымасаң да, эпитеттер құлағыңа сыбырлап тұр. Өйткені бұл — **қара** дауыл, желі **қатты**, **ызғарлы**, **қыстың** ауылы алыс емес екенін сездіртеді. Жаңағы әзірде сөз етілген «Сүй, жан сәулем» өлеңіндегі «жылы, тәтті у» ше? Белгілі сөздер, бірақ тың тіркесте қандай әсерлі. Өлеңге жастықтың мастық буын бітіріп, отты сезім дарытушы сол жаңа, мерген эпитет құдіреті.

Мағжан өлеңдері метафораға, ауыспалы мағынаға өте-мөте бай. Ұқсас зат не құбылыстарды бір-біріне балау өз алдына. Ақын ауыстыруларының бір ерекшелі-

гі — мағынасы керқалаң, бір-бірінен алыс нәрселерді «атастырады».

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,
Қалың ой — қара жылан жүректі еміп,—

депті ақын түрмеде жазылған «Сарғайдым» атты өлеңінде. Ой мен жыланның арасы жер мен көктей. Бірақ жанаспайтынды жанастыратын ақын қиялы қуатын немен теңейсің? Қалың ой адам жанын қажытады. Ендеше қара жылан жүректі еміп жатса, ақынның не себепті сарғайғаны түсінікті. Ойдың өзінің жегідей жегені. Бірақ соңғы баяғыдан тілімізде орныққан «жегідей жедіні» қолданса, бізге жаңағы жүректі еміп жатқан қара жыландай әсер етпес еді. Торға түскен бұлбұлдың күй-жайын біз енді ғана түсініп жеткендейміз.

Немесе метафораның ұлғайтылған түрін алыңыз.

Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп.

«Дай» жұрнағы теңеуге тартады. Дегенмен бұл теңеу мағына жағынан ұлғайған ауыстыруға жымдасып, кірігіп тұр.

Ауыстырудың тағы бір алуаны метонимия, синекдохалар болса, бұл қару ақын қорамсағынан молынан табылады.

Япыр-ай, осындай-ау, адам дағы,
Бірі күшті, біреуі жаман дағы,
Күштісі әлімжеттік қылғаннан соң,
Дүние де жақсылықтан аман дағы.
Күшсіздер, сорлыларға атар таң жоқ...

(«Бір күні»)

Мағжан Жұмабаев тұтас ұлтты жырлаған, соның қамын жеген. Бірақ ақын сол ұлт ішіндегі сормандайларды көрмеді, жікті айырмады десек, мұнымыз шындыққа қиянат болар еді. Кедей-кепшіктің күйсіз ауыр халіне ақын жаны ауырады, неге ауырмасын. Оларға таң атар ма деп аңсауы, таптық ақындар аңсауларынан бір де кем түспейді. Мағжан өлеңдеріндегі метонимияның әлеуметтік бояуы осал емес. «Күшсіздер», «сорлылар» деген сөздер шынжыр балақ, шұбар төстерге айтылманы түсінікті.

Шағын детальмен, кішігірім нәрсемен үлкен ұғым болмысын танытатын метонимия Мағжанда әр қилы

жолмен пайдаланылады. Адамды түстеу, не даусын айыру арқылы кімнің кім екенін аңдататын мысалдарды көптеп келтіруге болар еді.

Қара көз, таста кестенді,
Үйде отырып қуарма.
Тысқа шығып кіргенде
Екі бетің — екі алма.

(«Жаз келеді»)

Немесе:

Көрінсе егер сонау күміс күлкілер,
Жас ұланның жүрегін жүз тілгілер.

(«Берниязға»)

Мұндағы «Қара көз», «күміс күлкі» қазақ өлеңі үшін жаңалық емес. Бірақ өлең жүйесінде ойнап тұр. Біріншісінде наз айту қыз портретін жасауға талпыныс бар. Екіншісінде қыздардың іш жандырарлық қылығын жас жігіттің әсері бойынша суреттеп, психологиялық сюжет құрайды. Дарияның астында тігілген алпыс отаудағы сұлулардың қасы-көзін «туған айдай», «мөлдір судай» деп сипаттай берсе, мұның көңілге әсері онша болмас еді. Эстетикалық әсер ауыз-мұрынды түгендеуден тұрмайды. Бұл арада сыңғырлаған күлкі жігіт жүрегін тілгілеп, есінен тандырып жатқаны синекдоханы шебер қолданудың жемісі.

Ақындықтың бір сыналар тұсы — пернелеп айту (аллегория). «Пернелеу,— деп жазады Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқышта»,— бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші бір нәрсенің мысалында көрсетіп айту — пернелеу болады. Қазақтың пернемен сөйлеп отыр дегені осы пернелеу»¹

Шырк айналып ентелеп
Жүрер де, бір уақ ол конар.
Ұмтылған от сорлыны
Күйдірер де, тез тынар.

(«Көбелек»)

Бір нәрседе болмайтын күйді, екінші нәрседе болатын күйді көрсететін сөзбен айту бейнелеу болса, мынау соның ұлғайтылған түрі, астарлы өлең. Жарықтың бәрі алтын екен деп, көрінген жарыққа шаба бермеу, пәруананың қылығына салынбау керек дейді.

¹ «Жұлдыз» журналы, 1989, № 6, 97-бет.

Осы реттегі мысал өлеңдер, Аханның пікірінше, «пердемен жасырын сөйлеу» мәнеріне жатады. Ғалым «перне» деген сөздің түбі «перде» деген ұғымнан ауысқан деген жорамал айтады.

Мағжан мысал өлең де жазып көрген. «Мысық пен ет» мысалы кей адам мінезіндегі жарамсыз қылықты, екі жүзді топастықты ащы мысқылмен түйрейді. «Асылды қолға түспес жасық деуші,»//Қолға түссе жасықты майдай жеуші» қулардың бет-пердесін жұлып тастайды.

Ұлғайту, кішірейту (гипербола, литота), әсірелеу (гротеск), т. б. тропалық түрлердің Мағжан кестесінде ұшыраспайтыны жоқ. Әсірелеудің қайталау, шендестіру түрлеріне байланысты мысалдарды Ахан Абайдан емес, Мағжаннан алады. Ондай түр Абайда жоқтықтан өйтпеген шығар. Мұның себебі әсірелеудің осы бір тәсілдерінің Жұмабаевқа мейлінше етене болуында. «Әдебиет танытқышта» Мағжанның «Пайғамбар», «Сен сұлу» өлеңдерінен үзінділер келтірілген. Бірінші өлеңнен алынған үзіндісі мынау екі шумақ:

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен — Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар...

Күншығыстан таң келеді, мен келем,
Көк күңіренді, мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем.

Мұндағы қайталанған сөздер өлеңге айрықша екпін беріп тұр. Өлеңнің интонациясына жігерлі үн қосқандай. Маяковский, Маяковский дейміз поэзиядағы күндей күркіреген дауысты тек Маяковскийге теліп. Мағжан өлеңіндегі мына шартылдаған нажағай, күңіренген көк, жалтылдаған жарқыл төңкеріс екпіні емей не? Ал енді:

Күл қылайық қаласын,
Күл қылайық баласын.
Жоқ, жоқ, Ашу басалық.
Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын,
Мейірім есігін ашалық,—

деген тұста («Күншығыс») ақын шендестіру әдісін қолданған. Ақ пен қара қатар келіп бірін-бірі ашады. Жай қаласын гүлдендірейік батыстың десе, көңілге жетпейтін әлдебір арзан сөз болар еді.

Мағжан қазақ сөз кестесіне өзге жұрттардың ою-өрнектерін енгізе отырып, бір жағы ана тілінің бағын сынады. Қазақ тіліне бүкіл әлемді шарлатып, Еуропаның, басқа да мәдениеті озық жұрттардың парасатты тілдерімен өнер жарыстырды. Ия, қазақ тілін рухани биік өрге салып, басқа жұрт тіліндегі ой-сезім кенішін игеру, қазақ тілі ырысына айналдыру — бұл нағыз өнер сайысын талап етеді. Белгілі орыс ақыны: өлеңді өзге тілден аударған тәржімашы сол өлең авторымен бәсекеге түседі деп дұрыс айтқан. Бұл пікірдің жалпы өнер дүниесіне қатысы бар. Әдебиет, мәдениеттердің өзара ықпалы һәм әсері — жәй ауыс-күйіс процесінен тұрмайды. Бұл сонымен бірге өнер жарысы да. Жеке ақын, жазушылардың ғана емес, ұлт пен ұлт тілдерінің мүмкіншіліктерін саранқа салатын жарысы. Ал тілдердің мүмкіндіктері бірдей бола бермейді.

Бір тіл қарғыншыл ат секілді ұшқыр келеді. Әу дегенде зулайды. Бірақ ұзаққа сілтей алмайды. Әрі-беріден соң барлығып, ақыры болдырады. Талас-тартысқа ебдейлі және бір тіл қашағаншылға ұқсайды. Қашағаншыл атпен қазақ табындағы жүген-құрық тимеген асауларды ұстайды. Ал бәрінен кең тынысты, ұзақ шабысты бәйге атының орны бөлек. Мағжан қазақ тілінің мүмкіншіліктерін осы соңғысының мүмкіншіліктеріне тенегендей. Құллі түрік тілін қанық білетін ол, қазақ тілін солардың бәрінен жүйрік, бәрінен алғыр, бәрінен оралымды көреді. Мұндағы мақсаты — қазақ тілін бауырлас түркі халықтарының тілдеріне қарсы қоюда емес. Ақын ана тілін ұстарту, жетілдіру міндеттерін ойластыра келе, алдымен жеңетін кедергі — қазақ тілін кемсітушіліктен тыйылуда деп білді. Ол үшін қазақ тілінің рөлін жете түсіне білуге керек. Мағжан түсінігінде, ана тілі барлық білім алудың негізі болуы үстіне, ұлт тағдырын шешетін құрал. Ол, ана тілі, — ұлт тәуелсіздігінің, еркіндігінің бірден-бір кепілі.

«Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт, — деп саяқтандырды Мағжан, — дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт — тіл болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті»¹

Ана тілің — алынбас қамалың болуға керек, — дейді

¹ Мағжан Жұмабаев. «Педагогика». «Жұлдыз» журналы. 1992 жыл, № 4, 45-бет.

Мағжан «Қазақ тілі» өлеңінде. Сол кездегі отаршылдық мүшкіл халді еске алып, ол бірлік, елдік, ерліктен айрылып қалдық, бірақ тіл тұрғанда, тіл амандығында ұлттың жаңғыруына мүмкіндік әлі бар деген сынайда ой тербейді. Бытыраған балалары болса, бауырына жинап алар күш — осы баба тілі, дейді ол біздің дәл бүгіндер шартарапқа: «Елің тап, қазақ, жерің тап!» деп жар салатынымызды сезгендей-ақ.

Отаршылдық жер-суынды басып алып, өзінді табанына салып жаншып отырғанымен қанағаттанбай, тіліне неге жармасады? Өйткені «ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады»¹. Тіліңнен айырылсаң, тарихыңнан айырылғаның, елің, жерің өзіндікі екенін естен шығарғаның. Қысқасы, империялық санаға керегі — мәнгүрт болуың. Мағжан осыны тәптіштеп түсіндіре келе, маңызды қорытынды жасайды. Тәуелсіздік дегеніміз басқа елдің бұратанасына айналмау ғана емес. Тәуелсіздік елдің, ұлттың, халықтың өз бетімен, өз жолымен дамуың, соның нәтижесінде адамзат мәдениетіне өз үлесін қосуың көздейді. Осы бағыттағы істе ана тілінің маңызы өлшеусіз қымбат. Ана тілінің негізінде қол жеткен табыс қана басқаның іздеп тапқанын қайталау емес, өз табысымыз, өз тапқан-таянғанымыз, творчестволық соны үлесіміз болмақ.

Мағжан тұсында мұндай міндет күн тәртібіне қойылмаса да, мектептен, хат жүзінен орыс, татар тілдері ысырып бара жатқан ана тілін қазақ зиялылары қалайда сақтап қалуға арпалысты. Қазақ тілінде газет, журнал шығара бастады. Ағарту ісінің көкейтесті мәселелерін көтеріп, қазақ тілін шұбарлауға байланысты індетке қарсы тұрды. Тіл ғимараты берік, мықты тұруы үшін оның ғылыми іргетасы қалануы тиіс. Қазақта бұл іс әлі тиісті дәрежеде қолға алынған жоқ-тын. Осы міндетті атқаруға Ахмет Байтұрсынов кірісті. Міржақып, Мағжандар әдеби тілімізді халықтық негізде ұстартты. Оған өткінші науқан деп қарамады. Істі жүйелі түрде қолға алды. Олар оқу түсініксіз араб тілінде емес, ана тілінде жүргізілсін деген талап қойды. 1912 жылы тұңғыш әліппе — Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралы» жарық көрді.

Тіл тазалығы үшін күресте қазақ зиялылары Абайға

¹ Сонда.

арқа тіреді. Абай неліктен өз тіліне басқа тілден сөз жамаушыларды «білімсіз бишара» деген? Өйткені мәдениеттілік тілден басталады.

Мағжан Жұмабаев өзінің «Ақан сері» атты 1924—1925 жылдары «Сана» журналында жарияланған мақаласында: «Ақан серінің сөзінен өмірі сұлу» деп жазады. Оған себеп — Ақан тілінің таза еместігі, тіліне араб, фарси, орыс сөздерін шамадан тыс араластырып алатындығы дейді. Сурет жағынан сұлу өлеңдерінің тілі шұбарлануына кінәлі ақын емес, бұл жолға оны заман қуып түсірген деп ескертеді. Әсіресе молда-ишандардың, болыс, тілмәштердің тіл бұзарлығы мәдениетімізге орасан нұқсан келтірді.

Көптен-көп поклон айттым, скажия,
Сырымды кімге айтамын, сізден зия.
Именной, искренний ескеріңіз,
Хорошенько, сестра, сватия.

Ұйқастың «я-ға» негізделуі атышулы «Мұхамедияның» ықпалы еді. «Бұлай ұзақ ұйқастырудың өлеңнің сырт сұлулығына пайдасы болғанымен, лайықты сөз табылмай қалып, мағынасы аз сөз кіріп кету қаупі де зор. Ақанның да ұзақ ұйқастырылған өлеңдерінде осы себептен мағынасы аз сөздер әжептәуір орын алады»¹ Алайда «тарғыл тіл шын Ақанның тілін тұтықтыра алмаған»².

Ақан XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың алғашқы 15—16-жылдарында өмір сүрген ақын. Мағжан атақты серімен кездесуі де мүмкін еді, бірақ кездеспеген. Ақан сияқты ірі тұлғалар сақтана алмаған тіл қотырлығы оуғанасы беки қоймаған жас Мағжанға жұғуы ықтимал еді. Бірақ оқу-тоқуы мол жас қанша еліктегіш аталса да, бұған еліктемейді. Ал ол кезде тіл бұзарлық өзінше бір «модыға» айналып кеткен жәйті бар еді. Тіпті тіл шұбарлау ауруы ауыл ішін аралап кетті. Мағжан мақаласында ауылдағы кей пысықтың, атқамінердің тіпті сүйген қызына қойыртпақ тілмен хат жазатынын қайтерсің деп ызаланады.

Милая, тебя вижу, қырындаймын,
Без ответ все-таки ұрынбаймын,—

¹ Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы. 1989, 333-бет.

² Бұл да сонда.

деп жазатындар көбейген. Бұл түймедейді түйедей қылғандық емес. Мақаланың еш қоспасы жоқ. Жалғыз мақала авторы емес, басқа да сол кездің жазушылары ана тілін бөтен сөзбен былғаушыларды аяусыз шенеген. Солардың бірі — атақты тіл зергері Жүсіпбек Аймауытов бұл теріс құбылысты роман тезіне салуды жөн көрген. «Ақбілек» романында Бекболат деген күйеу жігіт қалыңдығының алдына қокырайып көріну үшін сол кездегі «модыға» сәйкес татар тіліне ара-тұра қазақ сөздерін кірістіріп, қойыртпақтап хат жазады. Мұны өзінше білімдарлықтың көкесі деп түсінеді. Бекболат өзі жазды ма, әлде біреуге жаздыртты ма әйтеуір:

«Физзетлу уә құрметлу ғазиздан көргүші мағшұқым Ақбілек жанға көптен-көп езгу саламларымызны ырсал айлады. Бағдында бізден хал-ахуал сұрасаңыз, алқамды лелла, сағ-саламат деп білерсіз...» — деп гөйітеді.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы НЭП-тен бұрынғы дәуірді, 1918—1920 жылдар аралығын қамтитынын еске алсақ, қазақ тілінің тарғылдануы революциядан кейін де тоқтатылмағанына көз жеткіземіз. Негізінен ашық, жайдары бояумен жазылған роман осы тұсқа келгенде келемежге көшеді. «Бұл хатты анау-мынау әйел оқыса, қуанғаннан секіріп түсер еді, Ақбілек мырс етіп күліп жіберді...» дейді. Қарамұрт орыс офицерінің тәлкегіне түскен Ақбілек айттырып қойған күйеу жігіті қалыңдығының масқараланғанын сезіп, енді тастап кететін шығар деп қауіп ойлап жүрген. Сөз жоқ, ол Бекболаттың хатына қуанды. Сонда күйеу жігіттің тілін соншама бұрап маңызданғанын ерсі көріп, еріксіз күліп жібереді.

Бұл арада авторлық позиция не айтқысы келетіні түсінікті. Жүсіпбек аяғын енді-енді тәй-тәй басып келе жатқан қазақ әдеби тілінің дұрыс жолға түсуіне жанын салған.

Мағжан бір өлеңінде («Еділдің сағасында») «Сөз сөйлесе, сабайтын//Орыстың «Совсем... толькесін» деп со жақтың қазағын жеңіл қағытады.

Әлбетте, Абай, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбектер орыс, татар, араб, парсы, тағы да басқа тілдерді үйренбе, олардан без деп отырған жоқ. Мәдениеті жоғары елдердің, алдымен орыс халқының озық мәдениетін насихаттаса, солар насихаттасын. Сол ағалардың өздері де орыс мәдениетінің шұғыласында өсіп-жетілді. Міржақып Дулатовтың орысша, қазақша оқуды ауылда бірдей жүр-

гізу керек деп жар салғаны белгілі. Қай тілде сөйлесең де таза сөйлегенге не жетсін.

Ахмет Байтұрсынов айтқандай:

— Тіл тазалығы дейтініміз — ана тілінің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, халыққа түсінікті сөздерді ашу. Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынау түрлі сөздерден қашқан:

а) Ескірген сөздерге жоламаған;

б) Жаңадан шыққан сөздерден қашқан;

в) Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алуан қашқан;

г) Жергілікті сөздерге яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған¹.

Асыл ағалар өсиеті мынаған саяды. Мәдениет жемісіне жаңа ауымыз тие бастаған жұртпыз. Бас жоқ, көз жоқ, озық екен деп өзге тіл сөздерін қарбыта берсек, ана тілімізді қай көште жоғалтқанымызды білмей қалу үстіне ойымыз да тұтқырланбақ. Сондықтан не тілді аударайық, ең әуелі баламасын өз қоржынымыздан қағыстырайық дейді. Қазақ тілі — бай тіл. Тек іздене біл.

Мағжан қазақ тілінің тазалығын көзінің қарашығындай сақтаған. Ақын жүрегінен біткен туындылардан біз: «арсы», «әпсүн», «мүнәпық» деген сияқты бірен-саран өзге тіл сөздерін кезіктіреміз. Басқа бір алуан бөтен сөз қазақ құлағына сіңісті болып кеткен үйреншікті сөздер. Ана тілімізде жөнді баламасы кезіге қоймаған соң қолданылса керек.

Абай тәжірибесі не дейді? Ұлы ақын шәкірт шағында шығыс ақындарына біраз еліктеді. Тағы бір орайларда өлеңнің сатиралық уытын күшейту мақсатында «Ен-натаяна калкаусар, // Пошел дереу күнәкәр» деп жазған кездері болды. Мұны қайталау, әрине, міндетті еместі-ті.

«Абай тілі сөздігінде» («Алматы, «Ғылым» баспасы, 1968 ж.) ақын шығармаларында кездесетін басқа тілдердің тізімі берілген. Олардың ұзын саны: орыс тілінен — 19 сөз, араб-парсы (қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын, — 324 сөз және араб-парсы сөз тіркестерінен ұшырасатыны — 76 шамалы.

Бұл көп пе, аз ба? Бұған берілетін жауап біреу ғана: біз үшін Абай тілінен таза тіл жоқ. Мағжан поэзия-

¹ «Жұлдыз» журналы. 1989 жыл. № 6, 90—91-беттер.

сында өзге тілден келген сөз тіптен аз. Абайдан іс жүзінде өнеге алу дәл осылай болса керек-ті.

Парасатты, ауқымды ой мен сезім құбылыстарының алуан реңін, толқыныс, тебіреніс күйін, жалт еткен репетін, күйініш-сүйінішін жеткізе алатын қуат қазақ тілінде қандай ғажайып мол екендігін Абайдан соң өз творчествосымен нақты дәлелдеп берген Мағжан. Бұрын ақыл-нақылға көбірек ден қойған, сезім пернелерін дөп баса алмай, көбінесе жанамалай суреттеп, табиғаттан ұқсас құбылыс тауып (параллелизм), не күшейткіш мағына беретін жұрнақ («ай», «ой»), қаратпа сөз арқылы жеткізсе, Абай мен Мағжан лирикалық, психологиялық өрнектеудің дүниежүзілік жетістіктерін меңгерді. Абай әдебиет тәрізінде Гете, Пушкин, Лермонтовтармен тең отырып сөйлесе, Мағжан бұлардан кейінгі Фет, Блок, Мережковский, Бальмонттармен қалам жарыстырды. Соның бәрінде қазақ ақындары ана тілінен ашылмаған көздерді тауып аршыды, көңілдегі ой-сезім түйткілдерін еркін жеткізетін жаңа тіркестер құрады, әдебиеттің тың жанрларына жол ашты.

Ақан сері, Базар жырау туралы мақалаларында мазмұн мен форманы тең ұстауға шақырады. Олардың сөз кестесіне, суреттеу тәжірибесіне үңіледі, серінің ғашықтық өлеңдерін мақтайды, олардың әр сөзінен ақындық исі аңқып тұрғанын жазады.

Таза ақындық сұлу сурет ерекше үйлесім тілейді. Қыл аяғы ұйқас теруіне дейін. Өлеңді зорлықпен ұйқастырсаң, шабытың тасып тұрмағаны. Өзінен-өзі құйылып тұрмаса, Мағжанның «Өлеңнің ұйқасы» өлеңінде сықақ етілгендей, жылмағай ұйқас шығады. Ақын сол ұйқасқа байланып, айтайын дегенін айта алмай қалады.

Талапсыз сорлы — «ойлаған»,
Ойға терең — «бойлаған».
Есалаң, ұға — «тоймаған»,
Қажып бір ойын — «қоймаған».
Есер жүрек — «ойнаған»,
Өлгенше үміт — «жоймаған»,
Жындыдай жалғыз — «тойлаған»,
Жалықтырды — «ой» да «ған»...
Кұрысын өлең.
Кой бағам.

Бір қарағанда жымы білінбейтін ұйқас тәрізді. Ендеше Мағжанға не себепті ұнамаған дейсіз ғой. Себеп — өңшең бірыңғай етістік, өлеңді өңсіздендіріп жіберген. «Ой»-ды он қайталаса да, ылғи көкежасық ұйқас ойды

тежелейді. Мұндай ұйқасты қиыннан қиысқан деп айта алмайсың. Жүректен суырып алған емес, картотекадан іздеп тауып алған сияқты. Мағжанның: өйтіп өлең жазғанша, қой жайғаным дұрыс емес пе, халқыма пайда тигізіп дейтіні сондықтан болса керек.

Мағжан өлеңдері ұста соққан пышақтай, кедір-бұдырсыз. Өлеңдерінен олпы-солпы ұйқас, артық сөз кездестірмейсіз. Өлең ағын судай. Ырғақ, ұйқас іштен ағытылған шер әуеніне қарай орнын тауып, қалана береді. Өлең тынысы кеңейеді. «Батыр Баян» поэмасын еске алыңыз. Ұзақ шабыста қарғып, зорықпайды. Бауырын жазып, көсіліп құйғытады да отырады. Мағжан қай тақырыптан қалам тербесе де, оның алуан білімді парасаты, жүрегінің шалқарлығы, ойының көкейіндегіні дөп басатын алғырлығы оқыған кісі жанын шалқытып, балқытып отырады. Оның өлең-сөзіне, әдеби сын мақалаларына дейін таза ақындық талант, азаматтық жігер, әдебиет еліне қайтсе жемісті қызмет ете алады, қайткенде халық алдындағы парызын өтейді деген жалынды ой, шыншыл шабыт тән.

Базар жырау жөнінде жазылған мақала ақындық өнерді қоғамдық іс деп танумен ерекшеленеді. Базаршерлі елдің перзенті. Өз шерін толғап отырып, ел шеріне түсіп кетеді. Мақала авторына ақын өлеңдерінің осы қыр-сыры қатты ұнайды. Мағжанның қолына Базар жыраудың төрт-бес өлеңі ғана түскен. Соның өзінде оның идеялық-эстетикалық көзқарасын тап басқан. Ақын творчествосымен түбегейлі танысып алмай, оған дұрыс баға беруге мүмкін бе деген күмән туса, жауап мынадай. 1986 жылы «Жазушы» баспасынан «Базар жырау шығрмалары» деген жинақ шықты. Сөйтіп, Мағжанның: хат білетін азаматтар Базар сөзін жинаса деген екен тілегі біршама іске асты. Міне, осы жинақ Мағжанның Базар жырау хақындағы пікірлерінің дұрыстығын толық дәлелдейді.

Рас, Мағжан үзінді келтірген «Дүниені құдым» атты өлең мен оның жинақтағы нұсқасы сәйкесе бермейді. Кейбір жолдары болмаса, өлең текстері екі ұдай. «Жазушы» баспасы шығарған жинақта Базардың Мағжан жинақтаған өлеңінің көп тұсы жоқ, зым-зия. Мәселен, қазақтың атамекен қонысынан айырылуына байланысты жолдар жаңа жинақтан орын таппаған. «Осы күні біз тұрмыз//Саңылау таппай көздейтін» деген секілді жолдар.

Алайда, осындай күзелген, сылынған тұстарына қарамастан: «Бұрынғы өткен ерлердің//Еске түссе істері,// Іш толады шерленіп» деген жолдар, «Түбі туыс байтақ ел», «Жамиғы қазақ бір туған», тағы да басқа өлендері Базардың тұтас қазақ жоғын жоқтайтын, елім дегенде етегі жасқа толатын ақын екендігіне күмән келтірмейді.

Базарша айтқанда, «ел керегін жоқтайтын» өлең жүйріктерінің бірі — Ақан сері. Көп жұрт сері атаулыны той-томалақ, қызық қуғыш, сайраншыл деп түсінеді. Сырттай солай көрінгенімен, бұл пікірде шындық толық кейіптенбеген. Ақан сері серілік құруымен бірге, «жаралы елдің азаматы» да еді, деп жазды Мағжан.

Сөйтіп, Мағжанның сын мақалалары ақын өлендеріндегі негізгі бағытты публицистика, көсемсөз тілімен дәріптейді. Базар, Ақан, Міржақып секілді ақындар сыншыға елдің қайғысын көре білгендігімен, сол қайғының себебін таба білгендігімен қымбат. Яғни сыншы Мағжан әдебиетті жазып отырған объектісінің себепсалдарына үңілетін реалистік арнаға бұрғысы бар. Мағжанның өзі де творчествосын осы арнада өрістетті. Елімен қаны да бір, жаны да бір ол, жұртымен тілегін ортақтастырумен тынған жоқ. Сол тілектің орындалу жолдарына зер салды. Мұның өзі ақынды тек романтик етіп көрсеткісі келетін пікірлердің саяздығын көрсетеді.

* * *

Әдебиет әрқашан жалқы есімдерден тұрады. Жалқы дегенде алдымен өнер иесінің талантының даралығы мағынасында айтып отырмыз. Мағжан дарабоздығы — ұлттық ақындығында. Ол қазақ поэзиясында ұлтжандылықты эстетикалық сындарлы идея дәрежесіне көтерді. Мағжан ақындығындағы жаңалықтар — соны тіл үйірімдері, тың характерлер, бейнелер көбіне-көп Мағжанның елім, жерім деген үлкен таза жүрегінен туындаса керек.

Мағжандай қаламгері бар әдебиеттің үлкен мүмкіншілігі, жарқын болашағы еш күмәнсіз.

МАҒЖАН ЖӘНЕ БАТЫС-ШЫҒЫС КЛАССИКАСЫ

Сөз өнерінің күні бүгінге түсініп жетпейтін, өзіне ғана тән бір жұмбақ сыры бар. Ол көркемдік дамудың ел болмысына сай келе бермейтіндігі. Алдыңғы қатарлы ел-

тің поэзиясы да алда тұруға керек қой. Іс жүзінде олай бола бермейді. Экономикасы артта қалған елдердің поэзиясы оза шауып алға шығатынын дәлелдейтін фактілер аз емес. Осындай фактілерді қорыта келе, академик Н. И. Конрад: шығыс әдебиеттерінің кейбірінде «Еуропаның алдыңғы қатарлы елдері реалистік әдебиетінің соңынан салпақтамай-ақ, онымен бірге аяқ алысқан, жалпы деңгейге көтерілген жеке-дара жазушылар» бар, — деп жазды ¹

Осы сөздер Абай мен Мағжанға бағыштап айтылған тәрізді. Бұл қос жұлдыз әлемнің қандай жүйірігімен де еркін «белдесе» алатын ұлттық мақтанышымыз, беделіміз. Оған дәлеліміз жетерлік. Абай мен Мағжан өз тұстарындағы дүние жүзі әдебиеті жетістіктерін игеріп қана қойған жоқ. Еліктеумен, озық поэтикалық қордан сусындаумен қатар, басқа ешбір ел өнеріне ұқсамайтын төл тумалар туғызды. Соңғысы әлі жете таныла қоймаған ақиқат. Абай мен Мағжан шығармаларының жаңа сапалы жаңалығын біз әлі дұрыстап зерттей алмай жатырмыз. Мысалға бұл екеуін не таза шығыс ақыны, не таза батыс ақыны деп айта алмайсың. Шығыс топырағында туды демесең, бұлардың творчествосында Фирдоуси, Науаилердің ықпалы, дәстүрі белең алғанын көрсететін сипаттар аздық етеді. Өйтсең, мен мұндалап тұрған еуропалық сарындарды қайда жібересің? Шынында қазақтың осы екі ұлы ақынының поэзиясында синтездік қасиет басым. Абай мен Мағжан творчествосы үшін бұл заңды да. Олар әдебиет табалдырығын аттаған кезде батыс, шығыс әдебиеттері бір арнада тоғысып, бірінің-бірі жетістіктерін еселеп, тұтас әлемдік әдебиет боп қалыптаса бастады. Демек, Абай мен Мағжан ұлттық хәм әлем ақындары.

Жалпы Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің ауыс-күйісі ертеден басталған. Еуропацентризм көп ғасыр бойы тек антикалық дүниенің өркениеттілік рөлін бадырайта көрсете келіп, Еуропаға, басқа континенттерге Шығыс мәдениетінің жасаған әсерін бүгіп қалуға тырысты. XIX ғасырға таман бұл тарихи әділетсіздік қатаң сынға ұшырады. Ұлы Абайдың сүйікті авторы — америкалық ғалым Джон З. Дрэпер «Еуропа ой-зердесінің даму тарихы» атты еңбегінде (1856) адамзат өркениеті Дунай мен Миссисипи жағалауында емес, Ніл дария бойында бас-

¹ Н. И. Конрад. «Запад и Восток». М. 1966, с. 371.

талғанын дәлелдеген. Шынында да арабтар ғылым мен әдебиетті төбелеріне қойды десек, артық емес.

«Ғалым саяси шаһид қанына бара-бар».

«Жұмақ есігі қалам ұстағанға да, соғыста шейіт кеткенге де бірдей ашық».

Бұл сөздер де араб жүрегін жарып шыққан сөздер. Бағдад халифі әл-Манзор сарайында математика, астрономия, медицина және әдебиет зерттеушілер жыртылып айырылатын болған. Оның мұрагері әл-Рашид сапарға шыға қалса, қасына кем дегенде жүз ғұлама ертіп жүреді екен. Мектепсіз мешіт салуға үзілді-кесілді тыйым жасаған да сол.

Ғылымда испан арабтары өркениеті дейтін арнайы тарау бар. Испаниядағы әл-Гакем деген халиф кітапханасы каталогінің өзі қырық томнан тұрған. Тұрғыны миллионнан асып жығылатын Кордова қаласында күн батқан соң төңіректі күндізгідей жарық қылатын он мильдік көше алқабына жетерлік фонарь шам жағылатын. Салыстырып көріңіз: бұдан жеті жүз жыл кейін Лондонның бір ғана қоғамдық фонары болған. Кордова көшелері таспен шегенделді. Париж көшелерінің батпақтан тазаруы бұдан көп ғасыр кейін ғана.

Азия, Африка, Шығыс жарты шарының көз тұндырарлық мәдениеті ше? Оның таңғажайып үлгілері әлі күнге дейін таңдай қақтырады. Адамзат үлгілерін бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Осы пікір бірте-бірте үстемдік ала бастады. Ұлы Гете сол қозғалыстың алдыңғы сапына шығып, өзінің атақты «Батыс-Шығыс диванын» (1819) жазды. Абай әдебиет табалдырығын аттағанда бұл процесс нағыз дер шағында еді. Абайдың:

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп
Екі жаққа үңілдім.—

деуінде үлкен мән жатыр. Абай, одан соң Мағжан қазақ поэзиясында өздері алға қойған міндеттерін орындауға кіріскенде, екі қайнардан алма-кезек сусындауды ғана көздеген жоқ. Мақсат «бірі жамау, бірі құрау» өлең туғызуда емес-ті. Өмірдің өзі Ресейдің, сол арқылы Батыстың озық идеяларын Шығыс ұлт-азаттық күресі ұрандарымен қосуды тіледі. Батыс-Шығыс синтезі бұдандастыру сияқты процесті еске түсіреді. Дүниеге мүлде жаңа сапалы поэзия келді. Сол кездің материалдық-техникалық, тағы басқа мүмкіндіктері кемелінде

болса, Абай мен Мағжанды күллі адамзат — Батысың да, Шығысың да, «Абай жолы» роман-эпопеясы сықылды, еш жатырқамай әрі таңырқап, әрі тамсана қарсы алатыны сөзсіз еді.

Абай мен Мағжан Шығыс ақындарының әсіре қызылшыл, ақырғы деміндей үздігіп, таусылып айқыштығына, шымқай жарқылдақ өрнек, теңеу, метафораларына еліктеген жоқ. Сонымен бірге олар шығыс поэтикасының Сөзге деген культін барынша қолдады. «Әсерлі, қасиетті сөзге» табынудың түп төркіні сонау Авестадан. Адамзат рухының тағы бір үлгісі — Инжіл: «Дүние бастауы — сөз» деген. Шығыс ақындары сөздің сиқырлы күшін күрес қаруы ете білген. Сол қарудың күшімен талай алпауыттың мойнын астынан келтірген мысал қазақ өлеңі тарихында да жетерлік. Абай бұл дәстүрді байытқанда, оны терең түсініп, сындарлы жүйеге келтіріп байытқан дер едік. Қазақ философиясының іргетасын қалаған «Ғақлия» тақырыптары рет санымен аталған сөз екені тегін емес. «Пушкин — орыстың ұлттық ақыны» десек, біз өзіміздің ойымызды сол тақырыптың аясында іркіп айтамыз. Ал «Пушкин туралы сөз» айтқан кісі ақын туралы барын сарқып айтуға тиіс. Бұл дәуір биігінен тереңнен тартып айтылатын сөз. Абай сөздерінің кең құлаштылығы және нақтылылығы сондай, мұны кезінде бар ғылым тарамданған философия демесіне амалын жоқ.

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Қоладан құйылған ескерткіштен адамзат жүрегінде өлмейтұғын сөзден тұрғызылған ескерткіш әлдеқайда биік және мәңгілік өшпейді, тозбайды. Абайда арттағыға сөз бен іс қалдырудан артық арман болмаған.

Абай адамды бағалаудың өзінше бір критерийін жасайды. Сөздің бағасын білген кісі ғана нағыз адам боп өспек. Абайдың: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» деп тұжырып, сенімді айтатыны сондықтан.

Сөз ұғымына Абай идеологияны сыйғызып: «Сөз түзелді, тыңдаушысы сен де түзел» дейді. Идеологияң қисық болса, сен де қисық өлесің деген сөз.

Мағжан «Педагогика» кітабында «...жан көріністерінің ең қымбаттысы ой. Ой тілі — сөз» деп қорытады.

Мінеки, қазақ рухани әлемінде Шығыс ойынан қал-

ған сарқыт. Бұл еліктеуге жатпайды. Өз топырағында өсірген мәуелі ағаштың дұрыс бойлауына жәрдем етеді. Абай мен Мағжан шығармаларының тамырлары — қазақ халық әдебиеті, шығыс пен батыс әдебиетінің өрнек-үлгілері десек, мұны өткеннің аузынан шыққанды сағызша шәйнау деп түсінбеуге керек. Абай мен Мағжан осы үшеуінің басын қосқанда, бәрін өз өмірі елегінен өткізеді, өз көрігінде қорытады, нәтижеде жаңа сапалы құйма алады.

Мысалы, поэзияның мәңгілік тақырыбы — махаббатты алайық. Жаңағы үш үлгінің ізі Абай мен Мағжан поэзиясында сайрап жатыр. Соның өзінде, бұлар жаңа дүние, анық қазақ өлеңі болып туады.

Араб ақыны Омардан қалды дейтін бір дәстүр махаббатты — тек қана ләззәт, құмар қандыру өлкесі деп түсінеді. Тағы бірі — Азра дәстүрі бойынша жазылған өлендерде махаббат — өртеп жіберетін өрт, ғашықтар сол отта жанып өледі. Және бір көз — Абай жас шәкірт шағында сыйынып медет сұрайтын парсы ақыны Хафиз ғәзалдары сұлу жанды махаббат иесін төңірі дәрежесіне дейін көтерген. Осы жайларды Абай «Бұл өмірдің қызығы махаббатпен» деп түйсе, Мағжан тұтас интимдік лирика аймағына айналдырады.

Хафиз:

Мен Шираздың пәк сұлуын тәңіріме теңер ем,
Бір меңіне Самарқанд пен Бұқараны берер ем.—

десе:

Мағжан:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззәттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.—

деп, лирикалық кейпкерге қан-сөл бітіреді.

Қазақ ақынының ғашығын дүниедегі не қымбатқа теңгермейтіндігі — Хафиз поэтикалық дәстүрін жалғастырғандық сияқты көрінуі. Іс жүзінде Мағжан дәстүр мен жаңашылдықтың қоян-қолтық сайланысы негізінде поэзияны биігірек орбитаға шығару үлгісін көрсетсе керек. Мағжан өлеңі негізінде реалистік принцип жатыр. Ол өз теңеуінің шындығына, әділдігіне, орындылығына бұлжымас дәлел іздеп тапқандай. Және бұл дәлелі адамның ішкі әлемінің күрделі заңдылықтарынан туындайды. Хафиз өлеңі ғашығынан ештеңені аямайтын жү-

рек жомарттығын паш етеді. Мағжан жомарттығы да осал емес, бірақ қазақ ақыны аруды сипаттаудан гөрі сол ару ернінен алар бал ләззатты жыр етіп, осы арқылы сүйгенін кескіндейді. Басқа сөзбен айтқанда, ақын психологиялық талдау жолымен ішкі жан әлемінің рақат еліне көшкен көріністерін өрнектейді.

Қайталап айтамын: бұл белгілі тақырыптағы жарыс. Мағжан өзінен бұрынғылармен де, тұстастарымен де, мүмкін болашақ шайырлармен де жарысып отыр. Ол ешкімнен ештеңені көшіріп отырған жоқ. Ақын қазақ тілі табиғатына сәйкес өзінше пайымдайды, қорытады. Қазақ ақыны Шығыс әдебиетінен ауысқан кей бейнелерді өзінше толғауға тырысады.

Мысалы, Сағдидің «Бустан» цикліндегі көбелек пен жанып тұрған шырақ мотивін алайық.

«Бустан» әңгімесінің бірінде көбелекке біреу: ау, бейшара, өзінді жек көретін жалынға шарпылып өлгенше, теңінді тауып алмайсың ба?— дейді. Бұған көбелектің жауабы нағыз ерлік рухына сай. Жанған шырақ менің жүрегімде де жанып тұрады. Ұшып отқа түсетін мен емес, бойымдағы құмарлық сүйреп апарады. Шіркін, шұғыла шашқаны қандай. Қандай әдемі еді өзі. Қас қағымда жанып кетерімді біле тұра ұшамын. Сол рақат сәт үшін жан тапсырамын дейді.

Сағди әңгімені махаббат ләззатына әкеп тіресе, Гете бұл бейнені өзінің атақты «Батыс-шығыс» диванында» құнарлы философиялық ой өзегі етеді. Қою қараңғылықтан жанып тұрған жалынды отқа ұмтылған көбелекті ол қаһарманға балайды. Мұны биік мұратқа жету жолындағы күрестің толастамайтын оптимистік рухы деп біледі. Ал Мағжан бұл бейнені басқаша түсінген. «Көбелек» деген өлеңін ол былай тәмамдайды:

Құрбылар, іске бет алсақ,
Ойламай канат қақпалық.
Анау жарық — алтын деп,
Көрінгенге шаппалық,—

дейді. Яғни ақылға салмай, арманыңа жете алмайсың дейді. Бұл — өмір философиясы. Әдемі қиял шындықтан туындауы тиіс. Әйтпесе қапы соғасың.

Шығыс әуендерінен Мағжан әлдебір рухани күш-жігер іздеген. Оған ақынның «Пайғамбар», «Күншығыс» өлеңдері куә.

Қысық көзді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?

Серпіл енді, алыбым.
Күңіретіп жерді ыңырантшы,
Күнбатысқа көз салшы,
Көрдің бе қанның жалынын?

Бірінші дүниежүзілік соғыстың барысында Шығыстың дүр сілкінуін Мағжан өзінше жобалады. Бастапқы кезде Дмитрий Мережковскийдің:

Устремляя наши очи
На бледнеющий Восток,
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли Пророк,—

деген шумағын эпиграф етіп алып, бар үмітін «Күн ұлы — Пайғамбарға» артса, бұл жолы Шығыс желкілдеген ту ұстап, Батысқа аттанады, оны басқан қара түннен құтқарады, деген жорамал айтады. Ал шын мәнінде Шығыста көтерілген революциялық қозғалыс бүкіл дүние жүзі бойынша өрістеген революциялық қозғалыстың бір бөлігі ғана екенін Мағжан дәл сол кезде әлі жете түсіне қоймаған-ды.

Батыс, Шығыс мәдениетінің рухани-эстетикалық тәжірибесіне қанығу қазақ поэзиясының бай мүмкіншіліктерінің көзін ашты, ұлттық поэзия дәстүрлерінің бойына қан жүгіртіп байытты, бұрын әлі алына қоймаған қамалдарды алуға бел байлатты.

Қазір ұлттық сана бұрын болып көрмеген дәрежеде өскендігі жиі айтылып жүр. Оған тарихымыздың ақтандақ тұстарын қалыбына келтіру зор әсер етуде. Біздерде «мынадай қазына бар» деп мақтан ететін мирас, шүкіршілік, мол екен. Соны терең де жан-жақты зерттеп, ел алдына жайып салатын мезгіл жетті.

Мысалы, Фараби, Абай, Шәкәрім, Мағжан арасындағы дәнекерлер қандай? Бұл төртеуінің басын қосып айтуға енді ғана мүмкіндік туып отыр. Демек, олар туғызған ойлардың, жолдардың туыстығын іздеу уақыты да туды. Сонда батыс-шығыс әдеби синтезі проблемасының жаңа қырлары ашылатыны сөзсіз. «Түркістан» атты өлеңінде Мағжан:

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын?
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тимаған көздің жасын?—

депті.

Фараби: табиғат — матбуғат деген. Табиғат кітап ретінде берілген. Содан үйрен, содан үйренбесең, еш нәрсе білмей кетесің деп кенес айтқан. Абай: өмірдің өзі ақиқат десе, Шәкәрім: шыннан өзге құдай жоқ, дейді. Өмір хақында Мағжан тербеткен ойлар бір төбе. Тағдырдың талай ащы дәмін татқан Мағжанның жалпы адам атаулының дүниеге келіп-кетуінің сырларын ойланбасқа шарасы жоқ-ты. Ақынның «Өмір» атты өлеңінен (екіншісі) мынадай жолдарды оқимыз:

Өмір осы — бірде болар бұлтты,
Қатты желді, дауылды, кейде отты.
Кұрып дымың, қайғырып жас төгерсің,
Бұлт ашылар — қайғының бәрі бітті.

Бұл табиғат, өмір атты кітаптан алған сабақ, диалектикалық сипатты қорытынды. Ойды ой жалғайды. Фараби ойының оты өшпей, енді Мағжан бізді жылытып отыр.

* * *

XVIII—XIX ғасырларда Қазақстанның Ресейге қосылуына байланысты бұрын үзіліп-жалғанып тұрған кездейсоқ жағдайдағы батыс-шығыс байланыстары тұрақты сипат ала бастады. Байланыс болғанда, бұл біз бұған дейін түсіндіріп келгендей «қалтқысыз көмек» дәрежесінде емес-ті. Н. И. Конрад «Батыс пен Шығыс» атты белгілі еңбегінде бір қытай ғалымының мынадай сөздерін келтіреді: «Сидя на коне завоевать государство можно, но сидя но коне управлять им нельзя»¹

Отаршылар аттан түсіп, ел басқаруға кіріскенде жаулап алған жерінің халқын экономикалық жағынан теспей сороды тез жүзеге асырғанмен, мәдениетінен айырып, мәнгүрт етуге келгенде көкейіндегісін оп-оңай орындай алмады. Батыс мәдениеті мен Шығыс мәдениеті тарихи арпалыста көбіне ит жығыс түсіп отырды. Нәтижесінде екі мәдениет іштей жалғасып, өзара баюға, толысуға көшті. Мәселен, ұлы орыс әдебиетінің игі ықпалымен көшпелілер арасынан кемеңгер ойшылдар туып шынығуына сәулесін түсірді. Орыс әдебиетінде аса құнарлы ориентализм дәстүрі туып дамыды. Оның бір-бірінен тым алшақ жатқан, тарихи жолы әркелкі, тілдері, поэтикасы ұқсаспайтын екі әдеби жүйені — орыс және қазақ

¹ Конрад Н. И. «Запад и Восток», «Наука», 1986, с. 10.

әдебиетін жақындастырудағы маңызы айрықша. Державин:

Богоподобная царица
Киргиз-кайсацкие орды,—

деп өзінің «Фелица» атты поэмасында Ресейдің шығысындағы елдерге мойын бұрса, Пушкин «Құранға еліктеуін» жазды, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» сюжеті қызықтырды. Александр Сергеевич Пушкин Ресейді қазақ халқымен қоян-қолтық таныстыруды бір жүйеге қою керек деген пікірде болған. Оған дәлелдің тағы бірі — ұлы ақынның өзі жаңада ғана ұйымдастырған «Литературная газетаның» 1830 жылғы қаңтардың 31 жұлдызы санында жарияланған «Жақып батыр» атты А. П. Крюковтың повесінен үзінді. Сол үзіндіге пушкиндік газет мынадай кіріспе жолдайды:

«Автор мұнда («Жақып батыр» повесінде.— Ш. Е.) жергілікті халықтың мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, соқыр-сенімдерін, салт-жораларын суреттегісі келеді. Бізбен өте-мөте тығыз байланыста тұрған бұл халық Африка мен Жаңа дүниенің тағы тұрғындарынан гөрі де беймағлұм болуы».

Мәскеулік әдебиетші Валентин Осипов «Народный учитель» газетінде¹ Крюковтың жаңағы повесінен жариялаған үзіндіні оқып отырғанда, бұл шығарманың сол кездегі орыс жұртшылығына ғана емес, бүгінгі қазақ қауымы үшін де этнографиялық құндылығы айрықша зор екендігіне көз жеткізесің.

Бұл бастама бара-бара кең өріс алды. Орыс әдебиетінде, ғылымында қазақ тақырыбына байланысты құнарлы арна пайда болды. Абай мен Шәкәрім, бертін Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтер Батыс-Шығыс мәдениетіне қол созғанда ориентализмнің осы тәжірибесіне иек артты. Мұнда Шығыс экзотикасы, сыртқы әшекейден гөрі, адамзат мәдениетінің ортақ тағдырластығын ойлау басым еді. Батыс пен Шығыс мәдениетінде, рухани өмірінде ымырасыз қайшылықтар, алшақ қиюласпайтын тұстар болса да, бұлар бір-бірінен айырғысыз, бір-біріне ықпалсыз дами алмайтындығына екі жақ та қол қойды.

Абай қазақ әдебиеті кемесін адамзат тарихының мұхитына салғанда, Батыс пен Шығысқа бірдей қатынау

¹ 1989 жыл, 7 ноябрь.

арқылы ғана оңды-солыңды айырып, жаңа сатыға көтеріліп ел санатына қосылуға мүмкіндік туатынын дәлелдеді.

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдоуси,
Хожа Хафиз — бу һәммәси
Мәдәт бер шағири фәрияд,—

дегенде, қазақ әдебиетінің болашағы Шығыс қайнарынан қалай сусындай алатынына байланысты екенін аңғартады. Сусындаудың мәнісі жалаң еліктеу емес-ті. Шабысқа шабыт қосып, бұдан әрі жарысқа түсуге тырысу еді.

Физули Мұхаммед Сүлеймен «Ләйлі Мәжнүн» дастанын Низамидің үлгісімен өзінше қайта жырлап шықты. Физули дастанын Шәкәрім аударды. Ал өлеңдегі аударма әрқашан екі ақын сайысына да айналатыны белгілі.

Абай мен Шәкәрім орыс ақындарын аударғанда көдімгідей өнер сынасты. Мұндағы басты мақсат — орыс өлеңінің үлгісімен қазақты таныстыру ғана емес, жаңа тақырып, идеяларды игерудегі, көркем сөз кестесін салудағы қазақ тілінің мүмкіндіктерін ашу да болса керек.

Өлең аудару жарысқа, айтысқа түскенмен бірдей екенін кезінде В. Жуковский ескерткен. Өйткені өлең-жырға балама табу жеткіліксіз. Поэтикалық қуат жағынан аударып отырған ақыныңнан кем соқпауың керек. Міне, осы жағынан келгенде Абай, Мағжан ақындар сүйсіндірмей, таңырқатпай қоймайды.

М. Жұмабаев тәржімасында орыс тілінен тіке аударып отырған «Орман патшасы» өлеңінің астына «Гете — Жуковскийден» деген қосымша атау келтірілген. Аударма жас кезіндегі ақын ізденістерінің айғағы. Гете, Жуковскийдің қаламынан туған романтикалық сарын, орман патшасының қараңғы салқын түнде келе жатқан жолаушының баласын мерт қылғаны жайлы хикая, яғни нақты дүниеден тыс әлде не тылсым күштің адам тағдырына ықпалы болар ма? деген ой жас қазақ ақынының жүрегін баурайды. Сол Гетеден аударылған «Айрылдым, сенен, жан сәулем» атты өлеңде ұлы неміс ақынының ғашығына арналған монологындағы трагедиялық лиризмді айтарлықтай жеткізген.

Махаббаттың мұңды сазын Гейненің «Күннің батуы» өлеңінің аудармасынан да айызың қана сезінесің. Ерлі-зайыпты күн мен айды айырған өсек сөз екі ғашық

жастың сүйіспеншілік отын бәсеңдете алмағанын, қайта маздата түскенін тәржімашы қазақ оқырманының жүрегіне табиғи қалпында құяды.

Лермонтовтың «Сарғайып келген егін толқынданса» деген өлеңін аударған жас Мағжан табиғат пен адам жарастығын жыр етеді. Орыс ақынының өлеңіндегі жанды сурет, жарқын бояу қазақ ақынының жырынан сол күйі бұзылмаған қалпы берілген.

М. Ю. Лермонтовтың «Тұтқын» өлеңінің аудармасы — Мағжанның орыс тілінің нелер нәзік кілтпанына жетіктігі үстіне, қазақ ұғымында мәдениет биігіндегі озық тілден кем түспейтін бейнелі сөз таба білетініне тамаша айғақ. Лермонтов сынды сөз патшасын қазақ шайыры сыйлайды, бірақ онымен үзенгі қағысып, жарысқа түсуге жасқанбайды. Сөзбе-сөзділікке ұрыну — құлшылдық. Мұны жақсы түсінген қазақ ақыны Лермонтовты тағынан түсірмей, құдіретті тілімен қазақша жырлатады. Орыс ақынының өлеңмен әңгіме айтқыштығы, кескінді бейнелері, жанды суреттері көз алдына сол қалпында орнай қалады. Абақтыдан құтылып, қара жал, жүйрік ат мініп, қара көз қызға жолықсам мен:

Жас сұлуды жүрекке,
Қысып әуелі сүйейін.
Сонан соң ырғып жүйрікке,
Желдей ұшып гулейін,—

деп армандайды тұтқын. Лермонтов: «На коня потом вскочу, В степь как ветер, улечу» — депті. Салыстырып көріңіз. Орыс ақынының кестесі еш жерде өңін түсірмеген. Мұндағы қазақ ақынының табысы: «гулейін» деген етістік. Тұлпардың көзден жас ағызып, құлақ шуылдататын шабысын сезгендейсін. Шуылдататын — бәрібір сол жел.

Жайқалған жасыл жағада
Жүгенсіз жүр ғой жүйрігім.
Ойнақ салып сағада,
Сүзіп жалын, құйрығын.

Мағжан түпнұсқадан ауытқымайды. Сонымен бірге қазақ ұғымын ескереді. Түпнұсқадан кем түспейтін сөз табады. Және Лермонтов өлеңінің әр сөзінің поэтикалық интонациясынан туындайтын тіл жеткізгісіз сұлулығын айнытпай түсіреді.

Добрый конь в зеленом поле
Без узды, один, по воле

Скачет, весел и игрив,
Хвост по ветру распустив.

Лермонтов сөздерін соншама ыждағаттылықпен сақтай отыра, кейде үш сөздің орнына (скачет, весел и игрив) бір ғана етістік қояды, ойнақ салып дейді. Желдей есіп бара жатқан жүйріктің сүзілген құйрығын ғана емес, жалын да көзге елестетеді.

Қазаққа ат шабысын суреттеу таң боп па десеңіз, күзетшінің тас қамал ішінде аяғын санап басқан қимылын суреттеген тұсты алыңыз. Қазақ ақыны Лермонтовтың әр сөзін бар қуатымен жеткізе білгеніне қуана қол соғасыз.

Жалпы, бостандық, еркіндік тақырыбы Мағжанды қатты баурағанын оның төл шығармаларымен қабат, аудармаларынан да көреміз. Ақынның «Әбу Фирастан» деген өлеңі осы айтылғанға куә. Әбу Фирас (932—967) — араб ақыны. Әрі батыры. Екі рет тұтқында болған. Қаммауда жатып ел-жұртын сағыну хақында элегиялар тудырған. Сол элегиялардың бірі Мағжанның назарына іліккен. Өлеңде тұтқын қасіреттен қан жұтқан анасын еске алады, өзінің әділет үшін тақсірет тартып жатқанын айта келе, оны сол үшін мақтаныш ет деп жігерлендіреді. Қазақшаланған араб ақынының Отаны, үй-іші, анасына деген махаббатының күші бізге де анық сезіледі.

«Күн шығады, батады» (М. Горький) деген өлеңнен біз мынандай жолдарды оқимыз:

Қара қарға, қара қарға,
Неге төніп келесің?
Көзің сүзіп кетпе бекер,
Мен сенікі емеспін.

Халық жазушысының өршіл, оптимистік рухы М. Жұмабаев көңілінен шыққанын бұл өлең жақсы дәлелдейді.

А. Феттің «Шепот, робкое дыханье» деп басталатын атақты өлеңін М. Жұмабаев еркін тәржіма принципімен аударған. Аударманың «Біраз Фетше» деп аталуы сондықтан болуға керек. Түп нұсқамен салыстырғанда өлең көлемі жағынан екі есе ұлғайған. Яғни Фет шығармасы он екі жол, үш шумақтан тұрса, Мағжанда — 24 жол. Оның есесіне жол сайынғы буын саны кеміген. Қазақ ақыны Фет өлеңінің композициясын өзгерткен, ілкі және соңғы шумақтар араластыра аударылған.

Жүрек мас,
Көзде жас...

Екі жас —
Ыстық қан.
Жан ессіз,
От сүйіс...
Күбір,
Сыбыр,
Тұман —
Таң, таң.

Сөйтіп, бұл жолдарға, жаңа айтқанымыздай, «Шепот, робкое дыханье» деген алғашқы шумақ пен «И лобзания, и слезы, (И заря, заря...)» деген соңғы шумақ сөздері бір-бірімен қосылып кеткен. Ақын ақынды іштей түсінген. Үзік-үзік, дем арасында айтылар, айтылмас, қысқа ұғынысқан, нүктесі анық қойылмаса да, басқа бар тілдің бәрінен түсінікті ғашықтық тілін Мағжан осындай кесінді жолдармен береді де, өлең әуезін оқушы жүрегімен тікелей жалғастырады. Жан сезімнің дірілін шолақ қайырылатын жолдар арқылы да жеткізеді.

Фет өлеңінің тағы да бір шарты — мұнда баяндауыш жоқ. Екі ғашықтың оңаша түнде кездескендегі көңілдерінің алай-түлей мас күйін кіл бастауыш, толықтауыш секілді сөйлем мүшелерімен жеткізіп, баяндауыш сияқты мүшесін әдейі қолданбауы. Негізінен Мағжан да сүйтеді. Негізінен дейтініміз, аудармада «сайраған», «жайнаған» секілді екі-үш есімше кездеседі. Бірақ олар баяндауыштан гөрі, заттану процесін көрсететін сөйлем мүшелеріне жақын.

М. Жұмабаев Максим Горькийдің «Сұңқар жыры», «Жұртын сүйген жүрек» («Старуха Изергиль»), «Ана», «Темірді жұмсартқан ана», «Хан мен ұлы» әңгімелерін қазақшалаған. Ақынның тағы да көп аударған жазушысы — Всеволод Иванов. Өзінің «Сай», «Темірбай», «Жолығу» әңгімелерінде В. Иванов қазақ еңбекшілерінің отаршыл үкіметтен көрген зорлық-зомбылықтарын шынайы көрсетті, қазаққа іш тарта жазды. Мамин-Сибиряқтың «Ақбоз ат» деген әңгімесін аударып шыққан Мағжан түпнұсқадан еркіндеу кеткен.

М. Жұмабаевтың аудармашылық репертуарын талдағанда оның қолына түскенді емес, қазақ тұрмысына қажетті деген шығармаларды іріктеп, белгілі жүйемен тәржімалағанына көз жеткіземіз. Орыс әдебиеті мұхитынан дәл Горький шығармаларын бөліп аударуы сол кездегі қажеттіліктен, сол кездегі жаңа дәуірдің қырсырын жете түсіну ниетінен туған.

«Сұңқар жырын» М. Жұмабаев түгел аудармаған.

Шығарманың бас жағы мен аяқ жағы, татар шопаны Рагиммен таныстыратын тұстары аударылмай қалып қойған. Тегі Горькийдің өзі тікелей әңгімелеп отырса тиімді болар деп ойлаған болуға керек ақын. Аударма мүлтіксіз шыққан. Горький туындысы аудармашының өзіне де қатты ұнаған болуға керек. Қазақша текстен Горькийдің асқақ та айбынды үні айқын, әсерлі естіліп тұр.

«Безумству храбрых поем мы песню!»— дейді Горький өзінің ана тілінде.

«Ерлердің ессіздігін жырлаймыз біз!..»— дейді Горький қазақ тілінде. Сөйтіп, көзжұмар қайрат жер бауырлағандар түсінігінде ессіз көрінгенімен, шын бақыт жолындағы күресте нағыз ерлік болатынын қазақ ұғымына да әбден түсінікті, жүрекке жететіндей етіп айтып отыр.

«Жұртын сүйген жүрек» М. Горькийдің «Старуха Изергиль» атты әңгімесінен үзінді десе де болғандай. Өйткені әңгіменің жарымынан көбі аударылмаған. Яғни шығарманың Данкоға қатысты тұсы ғана қазақшаланған. Әңгіменің атын өзгертіп, «Жұртын сүйген жүрек» делінуі сондықтан шығар.

«Хан мен ұлы» әңгімесі толық аударылған. Мағжан шығарманың сөлін, мағынасын беруге тырысады. Қажет тұсында сөйлемді екіге жарып, құлаққа жағымды естілуіне жетіседі. Оқушы әлдене сөзді түсінбей қалмауын қадағалайды. Горький абрубтус ағашының түсін «ярко-коричневый» деп жазған. Горькийді сағалап, мұны «ашық күрең» деп аудару салуға болар еді. Мағжан өйтпеген. Сөз зергері деп тегін атанып жүрмегенін ол да танытқан. Жаңағы сөзге «қызыл күрең» деген балама тапқан. Өйткені қызыл түс күренді ашады.

Мұндай мысалдарды көптен келтіруге болады. Кейде аудармашы сөйлем құрылысын да өзгертеді. «...Женщины всегда будут любить того, кто умеет сильно ласкать, хотя бы и был он сед...» Осы сөйлемді «шашы ағарса да» деп келтіруге де болар еді. Бірақ Мағжан оңайына жүгірмейді. «Әйелге ердің шашы ағарғаны «...есеп емес», деп алады да, «тек ер құшағында әйелді өртей білсін, кімнің құшағы отты болса, әйел соны сүймек» деп дамытады. «Сильно ласкать» деген сөздің дәлме-дәл аудармасын іздеп әуре-сарсаңға түспейді. Тіркестің мағынасын жеткізуге тырысады.

Мұндай тәржімалар әдебиетті кең өріске шығарып, өз бетімен ізденуге жол салады. Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда, Абай бастаған қазақ ақындары орыс әдебиеті-

нен «революциялық гуманизм, адамның жеке бас бостандығы»¹ идеясына қанықты, сол идеяның қазақ топырағына сіңіп, қалай гүлдеп шығарына зер салды.

Осыған байланысты жеке адамның ой жүйесіне, жүрек сырына, ішкі әлеміне деген ынта күшейеді. Оны суреттеу үшін поэтика құралдары жетілдірілді. Өлеңдегі әуезділік, интонация, дыбыстың көтеріңкі я жәй айтылуы, ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздер (тропы), өлең құрылымы — міне, осы, тағы да басқа поэтика тәсілдері бойынша дүние жүзі әдебиеті жеткен өрені мөлшерлеу қазақ әдебиетін жаңа белеске шығарғандай еді.

Абай: «түбі терең сөз артық» дейді. Сөздің мағынасы терең болуы үшін әдемі, соны ой айту бірсәрі. Ол сөздің түп-тамырының қайда кеткенін де білу керек. Яғни түбі терең сөз тарихы бар, жүйелі ой. Басқа сөзден артық болатыны оның тарихиат табиғатында жатыр.

Тек жанр түрлерінің өсуінен тапқан олжа қаншама. Абай қазақ лирикасының атасы болса, оның ізбасарлары драма, роман жанрларын туғызады. Бұлар (жанрларды айтамын) асыранды болған жск. Әдебиетіміздің төл перзенті ретінде дүниеге келді. Тілі елінің, жерінің мұнын айтумен шықты. Және үйренудің де үйренуі бар. Оқығаныңды токи білу ғанибет. Тоқуында түскен өрнек, әрине, ұлттық сипатта болуға керек. Мағжан Жұмабаев поэзиясында орыс және дүние жүзі классикалық әдебиетінің іздері сайрап жатыр. Абай үлгі алған батыс, орыс ақындарының қатарына ол Фет, Бальмонт, Мережковский, Брюсов, Блок сынды өз заманының поэзия дүлдiлдерін қосты.

Ұлы Абайға тәнті екенін айта келіп, Мұхтар Әуезов: «Бұдай соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін» дегенде, осы соңғы ақындардың ізденіс-табысын қазақ даласында екпекші болғанын айтқысы келген.

«Орыс әдебиетінің, күллі батыс әдебиетінің жетістіктерімен тоғысқанда Мағжан поэзиясы олардың ығында қалып қойған жоқ. Қай уақытта да Мағжан қазақ елінің нақты жағдайына табан тірей сөйлеген. «Сорлы қазақ» аталатын өлеңінде:

Өнер алып басқалармен қатар бол;¹

Қосыл бірдей адамзаттың тобына,—

¹ «Дружба народов» журналы. 1949, № 2.

деп шақырғанда ақынның неге мезгеп тұрғаны түсінікті. Ол халқының тағдырын ойлайды. Бейғамдығын, қалғып-мүлгіген жайын ашына сынайды. Осы себепті қазақ өлеңінің үндеу, факлият, айтқыштық сипаттары сақталып қалады.

Саналы қимыл, шақыру мотивтері, әрине, жалаң ақыл аясын тарлық етті. Сондықтан Мағжан батыс реализмінің мүмкіндіктеріне зер салды. Ең алғашқы «Шолпан» жинағында жарияланған «Шын сорлы» өлеңінде біздің көз алдымызға соры қайнаған қазақ әйелінің халінен аянышты нақты сурет көз алдына келеді. Осы мәнер ақынның 1924 жылдан былайғы өлеңдерінде де қайталанатын. Мұндай реалистік сипаттағы өлеңдер оқырман назарын істің себеп-салдарына көбірек аударады.

Батыстық ағымдардан Жұмабаевтың эстетикалық көзқарасына едәуір әсер еткен символизмге келсек, жоғарыда ескертілгендей, бұл ағым ақынның өз елі, ұлты камалған қапастан қалай шығатынын ойлап, біраз сарыуайымға салынғап көңіл күйіне дөп келер еді.

Символизм бір тектес емес. Орыс әдебиеті зерттеушілері бұл ағымды өмір сезіну, дүниетаным һәм эстетикалық мәдениет жағынан үш толқынға бөлген. Бірінші толқын (Константин Бальмонт, Валерий Брюсов) символизмді дүние қызығын талақ етіп, өмірден кетіретін есік есепті санаған. Сондықтан ол өмірді ащы-тұщысына қарамай, ашық сүйейік дейді.

Символизмнің екінші толқынына (Вячеслав Иванов, Андрей Белый т. б.) әлдебір тылсым, беймәлім дүниені жырлауға құштарлық тән болса, үшінші толқын (М. Кузьмин) поэзиядағы айқындықты жақтаған.

Мағжан символизмнің екінші, сарыуайымшыл толқынына жақын тұрған. Кезінде символистік шығармалар декадентшіл әдебиет есебінде қатты сыналады. Одақ көлеміндегі сын мен әдебиеттануда, қазақ совет әдебиеті тарихында, Мұхтар Әуезов, Әбділдә Тәжібаев және бірсыпыраларымыздың еңбектерінде символизмнің қазақ әдебиетіндегі орны мен маңызы сөз болғанда ақынға үнемі қатаң айып таңылып отырды.

Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзенде жоқ,
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан.

СӨРМ

(«Жаралы жан»)

Мағжан даланы бір қазақтай сүйді. Даланы кебінге теңесе, бұл не сұмдық деп бұрынғыдай жағамызды ұстап, шошынбауымыз керек. Бұл сурет өлім халінде жатқан кісінің көзімен берілген. Ал өлім халіндегі жаралы жан — бодан бұғауындағы маңдайынан соры арылмаған баяғы қазағың. Өлеңде сарыуайым сарыны жоқ дей алмайсың. Ақын халқының трагедиялық жағдайын жеріне жеткізе бейнелеу үшін символ есебінде жаралы жанды алып отыр. Бірақ жаралы жан өмірден түнілген, үмітін үзген кейіпкер емес. Ақын ашыну тәсілін адамның азаматтық сезімін ояту үшін қолданып отыр. Бұл идея өлеңнің соңғы шумағында соқырға таяқ ұстатқандай бейнеленген («Азамат! Анау қазақ қаным десең, // Жұмақтың суын әпер, жаным десең»). Ендеше, Мағжанның дәл осы өлеңін даттаған көзқарастан тыйылуымыз керек. Бұл — бір. Екінші, жалпы символизм, кубизм, сюрреализм, тағы да басқа бірқыдыру «изм» декадентшілдікке жататыны сөзсіз. Бұл тек бір сөзді, «декадент», «символист» дегенді бұрынғыдай жиіркеніш сөзге айналдырмай, құбыжық етпей, істің байыбына барғанымыз дұрыс.

Сонсоң символизмнің жалпы әдебиет дамуына қосқан өзіндік үлесін естен шығармауымыз керек. Әсіресе оның өлең құрылымының ішкі келісімін келтірудегі рөлі ерекше. Символизмнің осы қыры жалпы қазақ өлеңінің табиғатына жат емес-ті. Өлеңді былай қойып, жәй сөйлегенде де қазақ қисындыра, әдемі сөйлеуден қашпайды ғой. Қазақ өлеңінің басым бөлігінің әндетіп айтуға жақын тұратыны сондықтан болса керек.

Түп тегі романтизм өкілдерінің поэзиясындағы ішкі ырғақтың молдығы сөз түбірін қайталауды сүйетін Шығыс поэзиясын еске түсіреді. Яғни Батыс-Шығыс синтезіне бейімділік әр түрлі дәрежеде дүние жүзі әдебиетінің бәрінен байқалады. Оның төркіні сонау антика, эллинизм, Византияда.

Символизмнің бір ұшығы синкретизм құбылысына келіп тіреледі. Өлең шығарып, ән айту, би билеу бір сәтте бірдей орындалатын жәйт фольклор аясында қалып қоймаған. Мұндай құбылысты біз тіпті жазба әдебиетінен де кезіктіреміз. Әрине, жаңа сапада.

Шокпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ,—

деп басталатын атақты өлең поэзия мен пластиканың тоғысуынан туған. Мағжан поэзиясының музыкаға жа-

қындығы көптен айтылып келеді. Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» деген мақаласында:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
Сыбырға айналды сылдыр.
Жүректі өртеді құрғыр-ды

оқығанда, маңайыңның бәрі сылдырап кеткендей бола-сың. Мағжанның өлеңі дыбысымен, күйімен, ырғағымен қазақ даласын суреттейді¹ деуі сондықтан.

Бір ғажабы «Шолпы» өлеңін әндетіп айта алмайсың. Өйткені ол оқылу үшін жазылған. Оқып отырып, музыка тыңдағандай әсер аласың. Ақын шолпының өзін суреттемейді. Мұндағы шарт — өлең жолдарын құрайтын әріп атаулы көзден мүлде ғайып болып, оның орнына суреттеліп отырған бейне сезім арқылы көңілге ұялауы тиіс. Абай суреттеген ат тұлпар боп елестеп қызықтырса, Мағжан жырлаған шолпы құлақтан сыңғырлап кіріп, оның ару иесіне ынтықтырып, жүрегіңді шымырлатады.

Символизм әдебиет тарихының белгілі кезеңінде өмір сүрді. Ақыры қоғамдық дамудың келесі кезеңдеріне ілесе алмай, қалып қойды. Николай Гумилев жазғандай, «Орыс символизмі өзінің бар күшін әлдебір беймағлұм нәрсеге жұмсады. Ол біресе мистикамен, біресе теософия, біресе оккультизммен ауыз жаласты. Ал беймағлұм нәрсені... танып-біліп болмайды»².

Николай Гумилев, Анна Ахматовалар символизмді ысырып, реалистік мәнерге көшіп жатса, орыс поэзиясының ендігі көш бастаушыларының бұл бетбұрысын Мағжан аңғармай қалған жоқ. Оның үстіне жаңа заман жаңа стильге көшуді талап етті. Енді Мағжан өлеңіндегі жігерлі интонация пайда бола бастайды. Асқақтата айтылатын тақпақ өлең болады. Мағжан творчествосының үлкен асуы есептелетін «Қызыл жалау» өлеңі сондай. Сол тұстағы совет ақындарына тән шешендік, көпшілікке ұран тастай айту тән.

Немесе «Токсанның толғауын» алыңыз. Мұны бұрынғы қазақ өлеңдеріндей әндетіп айта алмайсың. Бұл өлеңде тақпақ сарыны басым. Әрі ауызекі әңгімеге жақын.

Мағжанның «Батыс-Шығыс синтезін» қалай түсіндіргенін әлі зерттей түсу керек. Батыстан, орыс поэзиясынан ол көбіне-көп адамгершілік, имангерлік идеялар-

¹ Мағжан Жұмабаев. Шығ. Алматы. 1989, 417-бет.

² «Аполлон», 1913, № 1, 44-бет.

дың көзін іздейді. Өз творчествосының халықтық принципіне тірек табады. Шығыс поэзиясынан махаббат, тағдыр тақырыптарына ден қойған.

Сөз жоқ, Абай мен Мағжанның гуманизмінде адамды адам дәрежесіне көтеріп қастерлеген Ренессанс яки Жаңғыру дәуірінің жарқын рухы сақталған. Батыс жақ (Италия, XIV—XV ғасырлар) көне антика өркениетін қайта тірілтті. Әлем кіндігі — адам, — деп жар салды. Шығысқа көз жіберсек, бұл жақта «адамды сүю керек» деген сөз одан да бұрын, Қытайда VIII ғасырда, Таяу Шығыс пен Орта Азияда IX—XII ғасырларда айтыла бастаған. Шығыс Батыстың жетістіктеріне теріс айналған жоқ. Жерлесіміз әл-Фараби (870—950) антика «файласуфтарының» ілімін жүйелеп, мұсылмандық рационализм іргестасын қаласып, әлемнің екінші ұстазы атанды.

Осынау дәстүрді түркі ғалымдары берік ұстанды. Белгілі фарабитанушы ғалым Ақжан Машанидің мына бір пікірі көңілге қонады: Фараби мен Абай арасында жетіспей тұрған бір буын бар, ол — Шахабаддин әл-Маржани (1818—1889). Маржанидің Абайға ықпалы аз болмағанын Мұхтар Әуезов те құлаққағыс еткен. Маржани рационалды ислам жолына түсіп, әл-Фараби, ибн Сина ілімдерін жаңғыртуға күш салды, мұсылмандық схоластикаға, догматизмге қарсы күрес жүргізді. Оның сөз бен ісі бір жерден шығып отырды. Маржани Қазан шаһарында жаңа тұрпатты мектеп ашып, онда діни пәндермен қатар, жаратылыстану ғылымдарын үйрететін пәндер енгізді, орыс-татар мектептерін ашты.

Абай Батыс пен Шығыс мұрасын игергенде, оның табыстарын қазақ сахарасына лайықтады. «Алланың сөз де рас, өзі де рас» дей отыра, ислам қағидаларының бәр-бәрін көз жұмып қылғыта берген жоқ. Христиан һәм мұсылман фанатиктерінің басқа діндегілерді кемсітушілігіне ол қосыла алмады. Жалпы адамзаттық идеяны көкседі. Абай Ғақлиясының отыз сегізінші сөзінде ол: «...мұсылман болдың һәм толық инсаниятың бар болды» дейді. Инсаният деген сөз адамгершілік, адамзат деген ұғымдарды білдіретінін ескерсек, Абайдың адамзатты бөле-жармай жақсы көруге күллі мұсылман баласын шақырғанына көз жеткіземіз. «Адамның баласы — бауырың» дейтін де Абай ғой.

Мағжан дәл осы арнада ой толғайды. «Адам, — деп жазады ол «Педагогика» еңбегінде, — өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да

сүюге міндетті. Міндетті ғана емес, еріксіз сүймек. Жер жүзіндегі адамды адам сүймек. Бұл адамның жаратылысындағы негізгі мінез»¹ Шіркін, өстіген адамды да бір кезде ұлтшылсың деп кінәлады-ау.

Көп жылдар бойы суфизм десе аза бойымыз қаза тұратын. Ал Абай мен Мағжан суфизмнің үстемдік құрушы системаға, ресми діндәр доктриналарға қарсы күресін барынша қолдаған. Бір кездерде Науаи, Хафиз, Жәми, Румилер суфизмнің халықтық сөлінен нәр тартса, Абай мен Мағжан да сөйткен. Сонымен бірге олар тақуа, дәруіштерден іргесін аулақ салған. Абай: «Құранды молда теріс оқыр, Дағарадай боп сәлдесі» десе, Мағжан:

Ақылға, жан-жүрекке кісен салды,
Көрмейтін көзді көр ғып артты-алды.
Үйретіп дін деп құлдық, қорқақтықты,
Қандай құл бізге молда бола қалды?!²

деп ашынады («Дін үйреткенге»).

Абай мен Мағжан суфизм мистикасының бұл дүние қызығынан бас тартуды дәріптегеніне ешқашан қосылмаған. Әл-Фараби: «...софист тындаушы санасында болмыстан тыс, оған қайшы қайдағы бір иллюзия туғызады; сондықтан ол бар нәрсе жоқ, жоқ нәрсе бар деп ойлайды»² дейді. Қандай дүрбімен қарасаң да қазақ ақындарының өлеңдерінен мұндай иллюзияны, құр далбасаны кезіктірмейсіз.

Абай мен Мағжан Батыс пен Шығысқа бірдей тел ақын. Мекендері Шығыс демесен, өлеңдерін жер шарының екі бетіндегі ел атаулы өгейсінбеуге, жатсынбауға керек. Бір кездерде қазақ өлеңі құлаққа арналған, ал нағыз өлең суреттен жаралуға тиіс деп жүрді. Абай мен Мағжан поэзиясы құлаққа қандай жағымды болса, сурет тілейтін көзге де сондай сүйкімді. Сонысымен қай ел адамының жүрегіне жол табуы тиіс.

Махаббат сезімінің қасиеттілігін айтқанда, Абай Шығыс, Батыс поэзиясы тоғысатын өзгеше арна тапты. Абай сұлудың сұлулығын қызықтаудан («Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы») сүйген жүректің өзін сөйлетуге көшті («Айттым саған, қаламқас»). Тағы бірде Абай махаббаттың бұрын-соңды қазақ өлеңінде, тіпті ұлттық ұғымында кездеспеген сырларын ашады. Сүйген жүрек

¹ «Педагогика». «Ана тілі» баспасы. Алматы. 1992, 137-бет.

² Ә. Дербісәлиев. «Әл-Фарабидің эстетикасы». 1980, 59-бет.

шын мәнінде қандай болуға керек? Осыған ол «Дүниеде сенен артық маған жар жоқ, // Саған жар менен артық табылса да» деп жауап береді. Яғни ізгі жүрек — сүйгенінің бақытты болуына риза. Пәк сезімнің жолында өзін құрбандыққа шалуға даяр. Бұны Пушкиндермен қалам жарыстыру, ерікті адам идеясын туғызған батыс поэзиясының айдынында еркін жүзгендік деп түсіну керек.

Бостандық, еріктілік сияқты батыс поэзиясы концепциясын Мағжан Жұмабаев және бір сәтінде ұлт-азаттық тақырыбына арналған өлеңдерінің түп қазығы етті.

Абай мен Мағжан аркасында көркем санамыз адамзаттық биік өреге көтерілді. Әттең, соны өз сапасында былайғы жұртқа жеткізе алатын аударма дүниеге келсе. Пушкин мен Лермонтовты — Абай, Фет пен Горькийді — Мағжан қазақшалап, орыс тіліндегі тума қалпынан түсірмей, қалай сөйлете алса, сол қазақ ақындарын да басқа тілдерде түпнұсқасындағы күйіндегі сөйлете аларлық поэтикалық қуат табылса...

АБАЙ МЕН МАҒЖАН

«Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтыны қалай?»

Абай (Ибрагим) Құнанбаев.

Әдебиетке келген әр қаламгер өзіне дейінгі ақын-жазушылардың мұрасына сүйенетіні хақ. Біреуіне сын көзбен қараса, екіншісін жаратпай мансұқ қылады, ал тағы біріне піріндей табынады. Бірақ ол осы үшеуінен де тағылым алмақ, үшеуінің де шиырын баспай, өзінше өрнек салып, шындықтың жаңа қырынан соны көркем сурет жасамақ. Мағжан бұл заңдылықтан тыс тұрмаған. Тек өзге көп жұрттан өнерге қояр талабы қатанырақ болуға керек. Ақынның әдебиет хақындағы еңбектерінен орны жоқ жөнсіз қолпаштау, мадақтауларды, немқұрайды айтыла салған есімдерді кездестірмейсіз. Онда берер бағасы дәріпханашының безбеніне тартылғандай, мысқалына дейін өлшеулі.

Халық ақындарынан Мағжанның аса қадір тұтқаны — Мұрат, Махамбет, Базар жырау, Шортанбай, Ақан сері. Бұларға ол халқының мұң-мұқтажына, қайғы-қасіретіне ортақтаса білгендігі үшін іш тартады. Қазақ да-

ласына құжынай қаптаған обыр отаршылардың киянатын, озбырлығын әшкерелеген еңбектерін қос тізгіндеп көтермелейді. Жазба әдебиет саласынан ілтифаты ауғандардың бірі — Шәңгерей Бөкеев. Шәңгерейді «қазақтың сыршыл ақыны» деп бағалаған. Басқалардан айрықша бөліп, биік азаматтық тұлғасына сүйініп атайтын ақыны — Міржақып Дулатов. Совет дәуіріндегі ақындардан Бейімбет Майлиннің еңбек тақырыбына жазған өлеңдерін қуана қарсылап, өзінің «Сауатты бол!» атты оқулығының соңғы нұсқаларына молынан енгізген.

Піріндей табынатыны, әрине, Абай — әдебиетіміздің бас тұлғасы. Мағжанның Мағжан Жұмабаев сынды ақын болып қалыптасуы — алдында Абайдай алыптың тұрғандығы.

Абайдан қалған бір сөз бар: «Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтыны қалай?» — деген. Қаршадайынан ұлы ақын поэзиясының мөлдір бұлағынан сусындаған Мағжан әрі ұстаздары, әрі әріптестері Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, өз құралпастары Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов секілді ол Абай данышпандығын бірден жазбай тани білді. Ахаң «Абай сөздері дүниеда қалғаны — қазаққа зор бақ»¹ десе, Әлекең Абайды «асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы»² атаған. Міржақып Дулатовтың бағасы тіптен керім. Ол қазақ ұлты мен Абайды бір синонимдік қатарға қояды. «...Абайдың жоғалуы... қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей» — дейді³

Мағжан Абай ақынды құлай сүйген және оны ісі қазақ ұстазы данышпан деп білген. Сондықтан Абайды «хакім» атайды. «Алтын хакім Абайға» атты арнайы өлең жазады («Шолпан» жинағы, 1912 жыл).

«Хакім» (хаким) — араб сөзі. Білімді, оқымысты, дана, ғалым деген ұғымдарды береді. Хакім әрбір істің себебін іздейді. Яки ол — ғалым. Хакімі жоқ ел — ел емес, дейді Абай. Бұл пікірін ол былайша дәлелдейді: «Адаспай тура іздеген хакимдер болмаса, дүние ойран болар еді»⁴.

¹ Ахмет Байтұрсынов. Қазақтың бас ақыны. «Ақ жол» жинағы. Алматы. 1991, 218-бет.

² Әлихан Бөкейханов. Абай «Жұлдыз» журналы. 1991. 111-бет.

³ Міржақып Дулатов. Абай. Шығармалары. 1991, 250-бет.

⁴ Абай. Екі томдық. II том. Алматы, 1977, 201-бет.

Міне, осы хакім тәжін Мағжан қазақ тарихында тұңғыш рет Абайға кигізіп отыр.

«Тұңғыш рет» деген сөздің астын сызып айтуға керек. Сан ғасырларға созылған бодандық халіміз миымызды ашытып жіберді ме, әйтеуір өзімізді-өзіміз төменшік ұстауды әдетке айналдырдық. Бұрынғы ресми идеологияның, империялық насихаттың жетегінде жүріп, надан едік, қараңғы едік деп зарлауымыз бір басқа. Тарихымызда қайрат көрсеткен бір тұлға көрінсе, сонымен алысып-жұлысып бақтық. «Көсем», «хакім» атаулы тек басқа жұрттың үлесі сияқтанатын. Өз қатарымыздан елін ел ететін көсем шығуы мүмкін деген ой кәперімізге кіріп шықпайтын. Біз бұрын хакім десек, Лұхман хакімді еске алатынбыз. Көсем десек, Ленин мен Сталиннен өзге ешкім көзімізге ілінбейтін. Мағжанның алғырлығы сол, дуалы ауыз көсемді қазақтың өз ішінен көріп тани білді.

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.

Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Қазақта хан Кенеге ер жетпейді.

деп, енді ғана Мағжанға қосылып әндете бастадық. Және осының бәрі құр қызыл сөз үшін айтылмаған, негізі бар нәрсе. Ендігәрі Абайды хакім деп тануды ойламаған, бұдан өз түйсіксіздігің аңғарылуы мүмкін.

Хакім Абай — қандай Абай? Бұрын ішіміз сезсе де, кесірімізді тигізіп аламыз ба деп айта алмай келген Абай. Жана заманымыздың басы, болашағымыздың жол сілтеушісі.

Біз бұған дейін Абайды отаршылдыққа қарсылық ойлаған күрескер ретінде зерттемедік. Мағжанның сыпаттауында («Алқа» үйірмесіне байланысты бағдарламада) далаға лап қойған отаршылдықтан зар шегіп, өмірінің аяғын қайғыда, құлазуда өткізген, ақыры қан жұтып өлген жан. Шынында да, Абай өлеңдерінде бөтен ел табанындағы халықтың жадау тұрмысы («қай жерінде кедейдің тұрсын күйі»), қазақ ішінен берекесіздікке ұшырауы («болды да партия, ел іші жарылды»), ел басқарушы шіренгендердің өздерінің сайқымазақ жайы, бодандық санасы («Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға. Шітірейтіп орысың, Шенді шекпен жапқанға») тағы да басқа көзден жас ағызып, омырауыңды бойтын жәйлар аздық еткен бе?

Мағжан әсіресе ақындық ілкі қадамдарында Абайға еліктеп көп өлең туғызды. Қазақтың жер-суынан айрылуын, қайыршылануын далаға уайым, үрей, шарасыздық әкелгенін отаршылдықтан бір көрсе, сол көргендерін Абайдың шерлі, зарлы өлеңдерінен тағы әсерленіп, аһ ұрды. Абай «Қазағым, қалың елім, қайран жұртым» деп жүрегі қарс айырыла күрсінсе, жас шәкірт ақынның жүрегі торға түскен жолбарыстай бұлқынды.

«Туған жерім — Сасықкөл» өлеңінде Мағжан қазақ елінің отаршылдық тұзағына түсуін басынан бақыт құсы ұшқанға балайды. Мұнда біз Абай өлеңдері сарынынан пәлендей ауытқуды аңғармаймыз. Өлең мазмұнындағы сабақтастық шындық өмірдің сабақтастығынан туындайды.

Абай — ұстаз, Мағжан — шәкірт. Шәкірт ұстазына ұқсайды да, ұқсамайды да. Мағжан бақыты — ол өзінің поэзиядағы уыз сүтін Абай өлеңдерінен ғана ішті. Абайдың тұңғыш жинағы шыққан 1909 жылы ол он алтыда. Абай өлең есігін Шығыс ақындарынан пәрмен сұрап ашса, Мағжан қазақ данышпаны Абайға сиынды. Оның өлеңдерін түйсініп һәм түсініп оқыды. Абайға бас иді, әр сөзіне мұқият құлақ қойды. Өз сезіміне есеп беруге үйренді. Сырт карағанда жадау көрінетін дала поэзияға толы екен. Содан таңырқай рухтанды. Әдебиет замана айнасына қалай айналуы керектігін оқып үйренді. Және бір түйгені — поэзияда қалам десең өз соқпағыңды тауып ал.

Қазақ әдебиеті Мағжан тұсында жаңа белеске көтерілді. Мұны, әрине, дұрыс түсіну керек. «Көтерілді», «ілгеріледі» дегенде, ең әуелі жаңа кезеңнің өзгешеліктеріне байланысты жәйттерді ескеріп отырымыз. Ол айырмашылық, өзгешеліктер атап айтқанда төмендегідей:

1. Дәуір өзгешеліктері. Абай мен Мағжан, бірі — дүниенің астын үстіне келтірген революция дауылдары қарсаңында, екіншісі — сол дәуірдің өртке тигендей құтырынып аласұрған шағында өмір сүріп, ақындық құрды.

2. Әдеби байланыстағы өзгерістер. Абай реалистік орыс әдебиетінің алтын ғасырына етене жақын тұрса, Мағжан осы әдебиеттің күміс ғасырымен, символизм (романтизм) ағымымен т. б. мидай араласты. Абай антика, Шығыс сарындарына құлақ түрсе, Мағжан түркішіл, Шығыскер атанып жүрді.

3. Әдеби ортаның пайда болуы. XX ғасырдың басын-

да қазақ зиялыларының айтарлықтай шоғыры құралды. Тарихшы В. Григорьевтің деректері бойынша: «Жоғары және аяқталмаған жоғары білімді 100-ге жуық (Ж. Досмұхамбетов, Ә. Бөкейханов, М. Шоқаев, Б. Қаратаев, М. Тынышбаев т. б.), мектептер, училищелер мен мұғалімдер семинарияларын тамамдаған 700-ге жуық (А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ә. Жантөрин, А. Асылбеков, Қ. Төгісов т. б.) азаматтар болды...»¹

Сол мыңға тарта зиялылардың ел қамын бірігіп ойласуына мүмкіндік туа бастады. ХІХ ғасырдың екінші жартысында «Түркістан уалаяты» (1870—1882), «Дала уалаяты» (1888—1902) сияқты газеттер қоғамдық ой-пікірдің өрістеуіне кереметтей ықпал етті. Абайдың бізге белгілі екі өлеңі авторы көрсетілмей «Дала уалаяты» газетінде жарық көрсе, Мағжан Орда мен Оралда басылатын «Қазақстан» (1911—1915), Орынборда шыға бастаған «Қазақ» (1913—1918) газеттерінің, Троицкідегі «Айқап» (1911—1915) журналының оқушысы әрі авторы болды. Бұған Мағжанның көзі түспеді, оқымады деуге келмейтін Томскінің «Ешім даласы» (1913), Семейдің «Сарыарқа» (1917—19918), Тәшкенттің «Алаш» (1916—1917), Бірлік туы» (1918) газеттерін, Семейдегі «Абай» журналын (1918) қосыңыз.

Осы өзгерістердің нәтижесінде пікір алмасатын, оқыған-тоқығанды талқылайтын, ой шыңдайтын әдеби орта құрала бастады. Қазақ әдебиеті тақырыбын кеңейтіп, өмір проблемаларына қызу араласып, жанры жағынан байи түсті. Ағартушылық шығармалар ұлтжандылық идеяларымен суарылған туындылармен толықты. Лирика түрлері молығып, роман жанры дүниеге келді.

Мағжанның төл туындыларындағы жаңалықтар оны Абайдан алыстатты да, жақындатты да. «Алыстатты» деген сөзді бейнелеудің жаңа тәсілдерін, стильдерін игеру мағынасында айтып отырмыз.

«Жақындай түсті» деген сөздерге байланысты В. Белинскийдің бір айтқаны еске түседі. Пушкин мен Лермонтов арасын салыстыра келіп, ұлы сыншы:

«Печорин Лермонтова... Это Онегин нашего времени, герой нашего времени. Несходство их между собою го-

¹ Григорьев В. К. Фрагменты времени. О чем не говорили. Фрагменты времени. Документы, рассказы и очерки. Алматы, 1990, с. с. 47—48.

раздо меньше расстояния между Онегою и Печорою»¹— деген.

Сол сиякты, Абай мен Мағжан арасы Есіл мен Ертіс-тің аралығынан әлдеқайда жақын. Мағжан Абайдан еш көз жазбаған.

Мағжанның студент кезіндегі фотосуретінен оның мінезін аздап нобайлауға болар деймін. Еуропаша киінген, әппақ шаңқандай көйлегінің тік жағасы ұшы жағынан қайырылған, ой ұялаған дөңгелек жүзінен жігерлі де мұңды қой көзі ұшқындап, әлдебір сыр шертеді. Қалың қою бұйра шашы Есілден ескен желге сәл толқынданып, қозғалып тұрғандай. Жас ақынның зерделі келбетін, парасатты көзқарасын, болар-болмас күлімсіреген өнінде жүгірген нәзік сәулені Абайдан түскен өрнек пе дерсің. Абай — рухани атасы, оған тартпауы мүмкін емес деген ой билеп, жас жігіт келбетіне қайта бір үнілгенде, одан өзіне-өзі сенімді майыспас характер тебіндеп тұрғанын байқайсың. Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде қып-қызыл белсенділер ұлы ақынды қара тақтаға жазып, ұяттан кешіп жүргенде айыз қандырар мінез көрсеткен нақ осы көркем жігіт еді-ау. «Қазақтың данышпаны Абай» деген сөз дәп сол тұста Мағжаннан басқа ешкімнің аузына түсе қойған жоқ-ты. Қандай дүрбелеңде де Мағжанның ұстазынан айнымауындағы негізгі себеп — екеуінің ақындық кредосы мен дүниетаным жарастығынан екендігі әбден түсінікті. Бұған кезінде ақынның атакты замандастары да қол қойып кеткен.

Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында («Абай» журналы, 1918, № 5) қазақ ақындарын стиліне қарай үш топқа бөледі. Бұл жіктеу түрлі себептермен әдебиеттану ғылымында жөнді ескерілмей келеді. «Ақ таңдақ» деп іш тартуымыз бір басқа да, олардың әрқайсысының әдебиетте алатын орнын тағайындау екі басқа екендігі жөнді ескерілмейді. Бұл да өзінше тенгермешілік пе дерсің.

Жүсекең мен Мұхаң жаңағы мақаласында мынадай ғылыми тұжырым жасаған: «Сезімге әсер берерлік суретші өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт һәм Ахмет Мәметовтікі... Бұлар сыршыл (лирик) ақындар.

Екінші жіктің ақындары: Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлең-

¹ В. Г. Белинский. Полн. собр. соч. т. IV, с. 265.

дері сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие әсері аз, ақылға азығы бар, бұлар халықтық (народный) ақындар...

Осы күнде сәні кетіп бара жатқан үшінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны — ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, жеке жортақтап, құба жонданып кететін Ғұмар Қарашев».

Абай мен Мағжан әдебиетке тұтас бір ататекті (род) жанр — лириканы енгізді. Қазақ поэзиясын сыршылдыққа бұрды. Адамның ішкі жан әсерлерін қызықтады. Жан әлеміндегі сиқырлы көріністерді, өзгерістерді, мың сан құбылыстарды суреттеу үшін жүрекке жетер оралымды, бейнелі тіл таба білді.

* * *

Абай мен Мағжан туған елінің қамын ойлаған ойлардың ұшығына жетіп болмайды. Солардың ең бір құнарлысы — халыққа рухани тәрбие беру мәселесі.

Біз Абайдың тәрбие мәселесіне зор мән бергенін білеміз. Ғақлияның отыз жетінші сөзінде: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзетіп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» дегені жадымызда. Адам қайтсе адам деген атаққа лайықты болмақ? Осы бағыттағы ойларын жүйелей келіп, ол «жауанмәрттілік» (жақсы адам), «толық адам» жәйлі тұтас бір ілімнің негізін қалайды. Адам қайтсе бақытты болады? Толық адам болғанда, — деп жауап береді Абай.

Толық адам — бақытты адам. Мұны қалай түсінуге керек?

Осы сұраққа жауап іздегенде Абаймен қатар біз Мағжан шығармаларына да үңілеміз. Мағжан ұстазының толық адам хақындағы ілімін насихаттауға көп күш салған. Мысалы, оның «Айқап» журналында (1912, май) жарияланған «Қала, дала» деген мақаласы Абайдың жаңағы толық адам туралы ойлары арнасында жазылған. Мақала бір шумақ өлеңнен басталады.

Қырда ерік, жібек кілем, тау мен су бар.
Шулаған, көңілге хош қаз бен қу бар.
Қалада жан азығы, шам-шырағы
Белгісі адамдықтың білім табар.

Әрі қарайғы қара сөз осы жауанмәрттілік идеяны кең түсіндіреді. Мақала (жанры жағынан очеркке ұқсас) құрылымының өз қызық. Өлеңнен басталатын кө-

теріңкі әуен қазақ даласының көктем шыға құлпыруын, қызылды-жасылды киінген қыз-келіншек көздің жауын алуын, бозбалалардың елдің жайлауы, биенің байлауы, жұрттың жиын болатын мезгілі жетіп қалды-ау деп іштей қуануын суреттеумен ұласады. Сонсоң оқыстан: «Жалғыз-ақ, сол сүйкімді даланың орасан бір кемшілігі бар. Оның баласы білімсіз. Ойсыз. Ішіп жеу, ойнап күлу, ұйықтаудан басқаны білмейді. Төрт аяқты малдан аз-ақ ілгері. Ол — жарты адам», — деп қаланы суреттеуге кірісер алдында манағы жарқыраған көңілінді су сепкендей басады. Бниктеп тұрған жеріңнен тастап кеп жібергендей, кереғар сезімге құрылған композиция автор идеясына қосымша күш бітіріп, жадында әбден шегенделіп қалғандай әсер етеді.

Қаланың артықшылығы — өнер, білім, рухани өмір ордасы. Кемістігі — тыныс тарылтып, өкпені қабындыратын ауасы. «Дала баласына қала көңілсіз».

Шығарма қорытындысы айқын: дала мен қаланың артықшылықтарын ұштастыр — бақытың толық бүтін адам боласың.

«Қала, дала» туындысы жарияланғанда оның авторы он тоғызда. Балғын жігіт медресе Ғалияның оқуын бітіруге жақындап, енді Омбы Мұғалімдер семинариясына түспекке даярланып жүр. Сырты солай, іші алай-түлей: қазақ қайткенде толық бақытқа жетпек? Осы ізденістерін ол тоқтатқан жоқ. Ойы, білімі әбден піскен шақта іштей түйгендерін қағаз бетіне түсірді. Соның бір жемісі «Педагогика» кітабы (1922, 1923). Осы аталымға тақырыпша берсе, ол былай тұжырымдалар ма еді, қайтер еді: дене және жан тәрбиесі туралы әлем ғылымы және Абай тағылымы.

Педагогика ғылымы адамның рухани әлемін негізгі үш салаға жіктейді, бұлар: ақыл, көңіл (ішкі сезім) һәм қайрат. Енді бұл турасында Абай не дейді, соған келейік. «Қазақтың данышпаны Абай, — деп жазады Мағжан, — бұл үш тапты ақыл, жүрек, қайрат деп атайды. Біз бір заттың яки көріністің сынын белгілейміз, заттар яки көріністер арасындағы байламды яки айырманы табамыз. Бұл — ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл — ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсұтқа жетпекші боламыз. Бұл — қайрат ісі»¹.

Осы жерде Абайдың толық адам туралы ілімі санды-

¹ Мағжан Жұмабаев. «Педагогика». Ташкент. 1923 35-бет.

ғының кілті ашылады. Толық адам болу үшін ақыл, жүрек (ішкі сезім) һәм қайрат арасында берік байлам бар екендігін есте ұстауға керек. Тәрбиешінің міндеті — адамның әрбір ісіне осы үш таптың үшеуі бірдей қатынасаатынын білу. Ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тең тәрбие етпесе, толық адам шықпайды. Ондай адам бақытты болмақ емес. Бұл туралы,— деп жалғайды пікірін Мағжан,— данышпан Абайдың төмендегі сөзі шын дұрыс сөз. Бұдан әрі Абайдың белгілі өлеңі тұтастай келтірілген. Біз де сөйтелік.

Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Токтаулылық, талапты шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек,

Осы ойлар Ғақлияда (Он жетінші сөз) философиялық айтыс есебінде қайталанады. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін салыстырып, таласып келіп, ғылымға жүгінеді. Ғылымның байламы жоғарыдағы өлең ғибраттарына саяды. «Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол» дейді.

«Табанының топырағы көз сүртерлік» толық адамды өмірден кезіктірмесең, сыртынан тон пішу қиын. Абай үшін ол нақтылы кім еді? Абайтанушылар бұл сұраққа жауап іздегенде Әбдірахман бейнесіне тоқталады. Шынында да, жоқтау жанры сияқты көрінгенімен, Әбдірахман туралы өлеңдер циклі біз кейіндер «замандас бейнесі» деп ап кеткен талап тұрғысынан қарайтын реалистік шығарма. Жоқтау жанрына тән миф әуенін мұнда кезіктірмейсіз. Әсірелеу атымен жоқ. Жоқтауларда әдетте айтылатын «асқар тауым құлады», «бәйтерегім жығылды» деген сияқты өсіре мадақтау метафоралары да пайдаланылмаған. Біздің көз алдымызға алдымен ауыр қайғы жаншып, көзіне қамшы тигендей, омырауына жасы сорғалап отырған, сорлап қалған қарт акын бейнесі елес-

² *Абай*. Екі томдық. Алматы. 1977, 153-бет.

тейді. Арнайы солай етейін демесе де, дана ой сүрлеуінен шықпайды. Толық адам туралы толғанысын тіпті күшейтіп жіберген тәрізді әсер аласың. Өйткені ол жүрек пен мидың терең тұңғиығынан қайнап шыққан табиғи ойлар еді. Әбдірахман туралы циклді бажайлап қорытсаң, ақыл, жүрек, қайратты бірдей ұстаған жан Абайдың бел баласы екендігіне көз жеткізесің, иланасың.

Мағжан идеалы — оқыған қазақ. Асыл сөз иесін айрықша сыйлайды. Оның толық адамы — Абай, «бір сөзі мың жыл жүрсе дәмі кетпес» адам.

Парасатты жанның бірі — Әбдірахман. Жиырманы енді қаусырып келе жатқан жігіттен жұрт ақыл сұрайды. Жасы — жас, «ойға — кәрі». Көргені, тоқығаны көп. Өрімдей жап-жас адам Петербор, Сібірлерден бастап, Кавказ, Қырым, Түркістандарды аралап үлгірген. Аузынан шыққан сөз дәлелді, салмақты. Абай Әбдірахман туралы: көргені мен білгені жүзге келген шалдан көп, бәрінен тәуірім кетті десе, бұл өлең циклінде әбден дәлелденген қорытынды.

Толық адамның екінші қасиеті — ізгі жүрек десек, Әбдірахман оған толық сай. Ішкі сезімі нәзік, жүрегі таза, мінезге бай бейне. Бауырмал, жалғанға баспайды, тәкәппарлығы жоқ, өлім тақау тұрғанын білсе де, сыр білдірмейді, туған-туыскандарын қалжыңмен алдарқатады. Біреудің көңілін аулағыш, жастық буына елтпей, арамға жоламай, тура сөзді жақтаған баласын Абай ерекше мақтаныш тұтқан.

Абай мен Мағжан поэзиясында қазақ жүрегінің нелер тылсым сырлары ақтарылған. Жақсы. жағынан — ашықтығы, ізеттілігі, ізгілігі.

Әл-Фараби «Әлеуметтік — этикалық трактаттарында» адам баласы өзінің адам атағын ақтай алуы үшін жауыздықты ізгілікке жеңдіруі тиіс деген. Абай жауыздықтан, жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады, дейді.

«Педагогика» еңбегінде Мағжан ізгілік пен жауыздық адамдар арасындағы қатынастардан қалай өрбитінін қадағалайды. Біреудің басы ауырып, балтыры сыздаса, не қайғы шегіп қара жамылса, көңіл айту, қазаның соңын күтісу қазақ қауымының мақтаныш етерлік әдеті. Бірақ қазақта (Мағжан пікірін өз тарапымыздан нақтыласақ) бұған қарама-қарсы ағайынның я дос-жолдасыңның нұрын тасытқан әлдебір табысына ортақтасу,

куаныш бөлісу жағы кем соғады. Кей ағайын қызғаныш, күншілдік, іштарлық салдарынан көрген күнінің жарығын кемітетінін, «адамдықтың гүлін, нұрын» (Абай) бұзатынын түсініп жетпейді. Мағжан бір оқымыстының дана сөзін еске алады. Ол былай депті: аяушылық көрсету үшін адамгершілігің жетіп жатыр. Ал біреудің қуанышына ортақтасу үшін періште болуың керек.

Енді адамның толық болуына әсер ететін елеулі қасиет — қайрат хақында бірер сөз.

Әбдірахман ойға кәрі, жаны нәзік, жүрегі жылы адам. Оның осы тамаша мінезі құрыш қайратпен ұштасып жатады («Тәуекелге нар» жігіт, «Бойы құрыш адам»). Мақсатына жетпей тынбайтын характер. Мұның өзі, Мағжан сөздерімен айтқанда, бір нәрсені істеуге жетектейтін қажыр-қайрат белгісі. Жанның бір іс істеуге саналы ұмтылуы.

— Егер бір адамның қайраты күшті болса,— деп жазады Мағжан Жұмабаев,— сөзінен ісі айырылмайтын, екеуі екі бөлек жан болмайтын болса, ондай адамның мінезі — қайратты мінез, берік мінез.

Тұрмыс мәселесін шешуге келгенде қайрат әр адамның бойынан табылады. Мағжанға қымбаттысы — қайраттың қоғамдық мәні. Нағыз қайрат иесі деуге тұрарлық адам — ел-жұртының мұңын мұңдаған, күйін күйттеген адам. Ақынның сүйекті қаһармандары тарихтан — Кенесары, замандасынан — Міржақып, яғни ел қамын жеген едігелер болып келетіні кездейсоқ нәрсе емес, оның ақындық кредосынан туатын заңдылық.

Жалғыз-ақ Кенекем ғой қайрат қылған,
Қазақты құтқарам деп қалың өрттен.—

дейді Мағжан «Оқжетпестің қиясында» атты балладасында. Кенесарының сөзі мен ісінде айырма жоқ. Хан Кене қазақтың қайғысына уланған. Жүрегі жара. Бірақ қайғының қара бұлтына еніп, аһылап-уһілейтін әлдекім емес. Ол — әрекеттің адамы. Атқа қонып, ойына алғанын іске асырып жүр.

Алашты алып шығып ел қылмаққа,
Орысқа аш бөрідей ойран салды.

Замандасы Міржақып ұдайы іс басында. Жұртына «Оян, қазақ!» деп жар салып, патша зынданына түседі. Міржақыпқа арнаған өлеңдерінде Мағжан тұтқынның аянышты халін суреттей келе, кейіпкерін мойымауға шақырады.

Қайғы көрсе, әр жігіт қайраты аспақ,
Қамшы тисе, шын жүйрік үдей шаппақ.—

деп қайрайды. Уағыз сияқты көрінгенімен, денеге тиген ащы таяқтан туған ашыныс. Ерлікке шақыруға да кісісі керек. Кім көрінгенге елдің азаттығына жету мақсатын «жаңа күшпен», «өткір қимылмен» жүзеге асыруға шақыра алмайсың. Міржақыптай еңіреп туған ерлерге айтылар, өзінді де қамшылар — шындық.

* * *

Көркем әдебиет құбылыстан, оқиғалардан яки талант иелерінен бас құрайды. Солардың біреуі ауызға алынбай қалса, орны үнірейіп тұрады. Ал бізде бір емес, талай тарландар ақтаңдақ аталды. Ақтаңдақ дейтін кесел фольклор екеш фольклорға дейін жайлады. Нәтижеде қазақ әдебиеті тарихының ит жыртқан терідей ту талақайы шықты. Тіпті қыза-қыза келе, Абай төңірегін тыптып етіп жалаңаштап тастадық. Мұның абайтану ғылымына зардабы аз тиген жоқ.

Не нәрсенің биік-аласалығы, терең-саяздығы салыстыру арқылы анықталатыны белгілі. Абай ақындығын, төңірегін, шәкірттерін бір-бірімен салыстыратын Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан секілді жұлдыздар әдебиет көгінен ғайып болғанда, қазақ әдебиеті жөніндегі түсінігіміз теріс, жұтаң халге ұшырап қана қойған жоқ. Абайдың өзі түсірер жарығы әжептәуір көмескіленді. Соның салдарынан Абай поэзиясы туралы дуалы ауыздардың өздерінен үстірт, сыңаржак пікір айтылып қалып жүрді. Мәселенки, Абай Шығыстан жарытып ештеңе тартқан жоқ, не болмаса, Абай ескіні сынауға келгенде басшы, ал, «не істеу керек?» дегенде басшы бола алмай қалды, деп те ойкастадық.

Ендігі жерде, бұл кінәқаттардан арылуға толық мүмкіндік бар. Қазақ әдебиетін ілгерілетудегі Абай мен Абайдан соңғы ақындардың тарихи рөлі терең тамырлы байланыста, жүйелі түрде зерттелуге тиіс. Бұл — әдебиет тарихын бұрынғыдай жартыкеш емес, нағыз ғылыми дәрежеге көтерілген рухани, мәдени тарихымыздың шұрайлы бөлегіне айналдырудың маңызды шарттарының бірі екені сөзсіз.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мағжан шығармагерлігін зерттей келе, менің көзім анық жеткен бір нәрсе — ақынның жазғандарына «заман ілгерілеп кетті, біз де ілгеріледік» — деген тұрғыдан қарамау керектігі. Өйткені біздің ілгерілегенімізді социалистік реализм әдісі көрсететін болса, бұл әдістің де енді шама-шарқы қандай екендігі белгілі болып қалды.

Мағжан поэзиясы — күрделі құбылыс. Қазақ әдебиетін дүние жүзі әдебиеті деңгейіне көтеруде алып қажыр-қайрат көрсеткен Абайдан кейінгі шырқау биігіміз — М. Жұмабаев астаң-кестеңі шыққан заманда өмір сүрді. Жүрегін жарып шыққан жыры өзінің бастан өткізген ыстық-суығын бірге бөлісті. Бір сәт нажағай отына суарылған болат семсердей жарқылдады. Тағы бірде ақ түтек дүлейге тап болып, жан ұшырды, күніренді, жылады-сықтады. Әлден уақ тұнық мөлдір сезімге бөленді. Енді бір кез эпикалық аясы кеңейіп, ел-жер тағдырын ойлап шалқыды, жаңа сыршыл әуен ізденді. Социалистік реализм әдісінің таптық қасаң принциптеріне М. Жұмабаев поэзиясының көндіге бермейтіндігі, социологиялық норматив шеңберінен шығып, асып-төгіліп жататындығы осыған көп байланысты болуға керек.

Біз бұған дейін Мағжан Жұмабаев творчествосын бағалағанда ескірген өлшемді қолданып келдік: бір кезде жаңылды, жаза басты, соңынан беті түзеле бастады дедік. Осы дұрыс па? Әй, дұрыс емес-ау. Өйткені мұндай көзқарасты басшылыққа алу Мағжан өлеңін тағы да көркем ойды мешеу еткен Сталин жүргізген қаныпезер саясатқа жығып беруге апарады. Өйте беруімізді қоймасақ, Мағжан өлеңдерінен тағы да «халық жауы» сарындарын іздеп, баяғы күнәмізге күнә жамайтын боламыз.

Бізге керегі — басқа безбен. Поэзияның дәуір шындығын қалай, қайтіп тап баса білгендігі.

Бұл жайда Мағжан Жұмабаевтың өзі де қатты толғанған. Оған ақынның Мәскеудегі әдеби-көркем институтта оқи жүре, «Алқа» үйірмесінің бағдарламасы ретінде жазған «Табалдырық» атты еңбегі куә.

«Табалдырық» платформасы — қазақ тілінде таза әдебиет мәселелері жөнінде жазылған тұңғыш еңбек. Амал не, ол небәрі 17 дана көлемінде ғана қолжазба тү-

рінде көбейтілді. Ақын осы шығармасын Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұвқа оқып бергенге ұқсайды. Қолжазбаның бір-бір данасы Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов қолына тигені анық.

Мұхтар Әуезов 1930 жылы 8 қазанда тергеушіге берген жауабында «Алқа» үйірмесінің платформасын Мағжан хатымен қоса Семейде алғанын, «Алқаның» тезистерін мақұлдайтынын, базбір ойларын жазушылар жиылысында талқылау керектігін айтып хат жазғанын мәлімдеген.

Бұрын да пікірлес, сырлас, Ташкенде «Шолпан» журналында бірге істескен, тегі одан да бұрын таныс Мағжан мен Мұхтар үйірме 6—7 адамнан тұруы керек, сол топты тізе қосып ұйымдастырайық деп жүреді де, жеме-жемге келгенде ойлағандары іске аспай қалады. «Жазушылар жиналысын шақыру керек деп жүргенімізде «Алқаның» жұмысы өз-өзінен бірте-бірте өшіп тынды»,— дейді Мұхаң («Лениншіл жас», Д. Досжанов. «Абақты». 26.IV.1991).

Әрине, сол кездегі қазақтың ең талантты жазушылары Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов алқа-қотан құра алмай, қапы соқса, бұл, сірә де, олардың жігерсіздігінен, салақтығынан жүзеге аспай қалмаса керек. Ж. Аймауытов аш-арықтарға айдап апарған малының пәлесі тиіп, бас әуремен кетті. Ал Мағжанға қарсы науқан сонау 1924 жылы, тіпті одан да ерте басталып кеткен-гін. Осыны уайымдаған Мағжан «Сәлем хат» өлеңінде (Т. Қожакеев. «Мағжанның мұңзары», «Лениншіл жас», 26.11.1991) елге оқудан оралатынын, не көрсе де халқымен бірге көретінін айта келе:

Қайтуым хак, белді будым тас қылып,
Кет деме елім, енді мені басқа ұрып.
Дейтін болсаң,— «қой жырыңды, жырауым»,
Қобызымды қиратармын тасқа ұрып,—

деген.

Ақын жүрегі сезімтал. «Басқа ұрғанның» көкесін еліне қайтып оралған соң көрді. Басы мең-зең адам әрі-беріден соң өзіне ие бола алмай қалады ғой. «Алқа» жайына қалмай қайтсін...

Біздің қолымызға әзірше түскені «Табалдырықтың» орыс тіліне шала-шарпы аударылған нұскасы. Сонда да қазақ әдебиетінің советтік дәуірдегі міндеттерін саралаудағы Мағжан ойларының сілемдерін аңғаруға бұл құжат әжептәуір кәдеге асады дер едім. «Табалдырық»

сөзбе-сөз аудару әдісімен тәржімаланған. Түпнұсқаның жоғына орай, осы әдістің пайдалы тұсы да бар ма деп ойлаймын. Өйткені Мағжанның айтайын деген ой арнасына ғана емес, сөз саптау жүйесіне көп ретте дәл түсуге септік етеді. Мысалы, «Табалдырықтың» алғашқы сөйлемін алайық. Аударған адам оны былай деп құрыпты: «Қазақская литература стала на начале девяти путей (на перепутье. Перев.)».

Бұл сөйлемнің қазақшадан сөзбе-сөз аударылған тұрақты тіркес екендігінде күмән жоқ. Атап айтқанда, бұл тіркес:

«Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр», — деген мағына берсе керек.

Күні ертең «Табалдырық» түпнұсқасы табыла қалса, алғашқы сөйлемі осы жолмен басталатынына өз басым кәміл сенемін. Орыс тексінен қазақша құрылған сөз төркінін тауып, Мағжан шығармасын қалпына келтіру әбден мүмкін. Сондықтан қолдағы бармен-ақ, Мағжанның әдеби-теориялық, эстетикалық көзқарасы хақындағы әңгімені түпнұсқаның толық табылғанын тоспай-ақ бастай берген жөн шығар деп есептеймін.

Мағжан — замана өзгерістеріне мейлінше ден қойып, құлақ тіккен ақын. Ежелгі түсініктерінің жетегінде қалып қоймай, өмір ағысын жіті қадағалап отырған, елім, жерім деп жан алып, жан берген ұлы қайраткер. Бұған «Табалдырық» мықты дәлел. Ақынды «түр қуушы», өмір ділгерлігіне немқұрайды қараушы етіп көрсеткісі келгендерге байсалды жауап. Күні бүгінге дейін Мағжан Ташкент пен Мәскеуде көп жүрді, өзі егіле, төгіле жырлаған ел өмірін іштей бақылауға мүмкіндігі болмады, «өмірдің ащы шындығына жақындай бермеді», «Төңіректегі тіршіліктің алып бара жатқан қарқынын түсінуге құлықтанбады» («Қазақ әдебиеті», 1990, 2 наурыз) деген жаңсақ ұғым белгі береді. Сөйтіп, Мағжан тұлғасы оқушы жұрт көзі алдында көрінеу бәсең тартады. Ақын түр іздеп, жұртты аузына қалай қаратам дегеннен басқа ештеңе кәперіне кірмеген жан болып шығады. Расында солай ма еді?

Мағжанның «Табалдырық» атты теориялық еңбегін, соған іле-шала жазылған «Қызыл жалау», «Тоқсанның тобы», басқа да, 1924 жылдан былай туған поэма, өлеңдерін оқығанда ол бізге керісінше, іштей жаңғырған, түлеген, замана тілегіне елгезек жан боп көрінеді. «Табалдырықты» оқып шыққанда, өмір шындығына жақындап

емес-ау, соған мидай араласқан жетекші ой, туған әдебиетінің былайғы өркендеу жолын бағдарлаған қам көңіл ағаның бейнесі көз алдыңа орнайды.

Міне сондықтан да «Алқа» платформасы қазақтың тағы бір данасы Мұхтарға қатты ұнады. Тордағы бұлбұл үнінен жаңылмай «Табалдырыққа әділ бағасын беріпті. «Бұл декларациядан байқағаным,— дейді Мұхтар тергеушіге берген жауабында,— кружок ашық түрде өмір сүруге құқылы және баспасөзде ойын білдіруге ерікті. Өйткені ол платформадан Жұмабаевтың бұрынғы ойларынан гөрі қазіргі заманға көп жақын, солшыл уклонда жазылғанын аңғартады».

Бірақ Саенко сияқты атағы шыққан жендеттерге қандай әділеттілік, шындық керек? Ол «Алқаны» контрреволюциялық ұйым деп қасақана жалған қорытынды жасады.

Үңірейген мылтық аузында тұрып Мұхаң тайсалған жоқ. «Алқаның» тезистерін мақұлдаймын...» деді.

Мағжанның «Алқа» платформасы туғанда Қазақстанда балама әдеби платформа жазылып қалып еді. Ол 1926 жылғы 4 қазанда Сәбит Мұқанов қаламынан шыққан «Есею жылдарында» айтылғандай, еңбекші қаламгерлердің жалпы жиналысында талқыланып бекітілген құжат. Осы екеуін еріксіз салыстырасың. Арасындағы айырма жер мен көктей. Соңғысы әдебиет проблемаларын толғайтын құжаттан гөрі, саяси үгітке бейім. Онда жиырмасыншы жылдардағы әлеуметтік жағдайларды баяндай келе, Қазақстандағы тап күресі мәселелеріне баса көңіл бөлінеді. Алашорда қайраткерлері қаламынан туған әдебиетті байшыл әдебиет атайды да, платформаның басынан аяғына дейін онымен күресудің жолдарын белгілейді. Жазушыларды әлеуметтік жікке бөліп, қайсысымен қалай жұмыс істеу керектігі көрсетіледі. Ал әдебиеттің төл міндеттері «мазмұн мен түр екеуі қатты байланысты нәрсе. Егерде осы екеуінің тең болуын көздесе, көркемдік өзінен-өзі шығады»¹ деген атүсті айтыла салған бір-екі ауыз сөзбен тынады.

Үзік-үзік айтыла салған жалаң саясаттан аяқ алып жүре алмайтын ҚазАПП платформасына қарама-қарсы, «Алқа» үйірмесінің бағдарламасы мол тынысты, сан алуан әдеби-эстетикалық проблемаларды қозғайтын, суреткерлерге бірден-бір пайдалы құжат дер едік.

¹ Мұқанов С. «Есею жылдары», Алматы, 1964, 230-бет.

«Табалдырык» платформасы болашақ «Алка» үйірмесінің бағдарламасы ретінде жазылғанымен, мазмұны әлдеқайда кең. Құжат бір үйірменің шеңберінде қалып қоймаған. Шығарма авторы замана биігіне көтеріліп, ел толғағын бірге толғасады, саяси, әлеуметтік һәм әдеби мәселелерді талқылап талдауға ат салысады. Әсіресе қазақ әдебиеті мен өнері алдына жаңа заман тартқан әдеби-эстетикалық проблемаларды үлкен білгірлікпен, шабытпен талдап шешеді.

«Табалдырықтың» сол кездегі көп әдеби платформалардан айырымы — үндеу сарындас еместігі, саяси ұран төңірегінде қалып қоймауы. Бұл — Мағжанның алғашқы да, соңғы да теориялық еңбегі. Көп ізденген, терең толғамды, ғылыми, қоғамдық, әдеби мәні әлі жойылмаған, қазіргі заманымызбен үндес, эстетикалық тұғыры берік, ойға жомарт туындысы.

Мағжан абақтыда берген жауабына карағанда, аталмыш еңбегін 1925 жылы ойластырып, 1926 жылдың орта тұсында аяқтаған. Оған тағы бір дәлел — құжаттың соңында «1926 жылдың 27 июлі» деген дата қойылуы. Мұны анықтап, тәптіштеп жатуымыздың сыры бар. Бұл мәлімет шығарманың тууына байланысты біраз нәрседен хабардар етсе керек. Әсіресе сол кездегі қоғамдық-саяси, әдеби жағдайлардан, Мағжанның көңіл күйінен дегендей. Соларды қорыта келгенде, «Табалдырықтың» туу тарихы, жазылу себептері айқындала бермек. Ал оны анықтап алмайынша, бағдарламаның мән-мағынасына бойлау қиындыққа соғады.

Сондықтан әуелі «Табалдырык» жазылған кездегі әлеуметтік-саяси жағдайларға, әдеби ахуалға тоқталған жөн сияқты.

Ол кездегі тарихи жағдай Мағжан ақын көңілінің бірлеуіне, дүниетанымының өзгеруіне едәуір себепші болды. Жаңа экономикалық саясат (НЭП) нәтижесінде бірінші империалистік және Азамат соғысы кезінде бүлінген шаруашылық аяғынан қаз тұрып, қалыбына келе бастады, халықтың тұрмыс жағдайы әжептәуір жақсарды. «Есею жылдары» мемуарында Сәбит Мұқанов қазақ елінің малы соғыстан бұрынғы дәрежесінен асып, «ресми санақтың өзінде елу миллион басқа таянып қалды»¹. «НЭП» тұсында, қазақтың байларының ғана емес, орташаларының ғана емес, кедейлерінің де мал басы қатты

¹ Мұқанов С. «Есею жылдары». Алматы. 1964, 266—267-беттер.

өсті. Оған айқын куәнің бірі — біздің ауылдың ең кедейі — Асылбектің Шамілінде 1927 жылы алты бұзаулы сиыр, бір өгіз, бір азбан болды. Сол тұста, барлық ауылдың кедейі де осындай болған еді десек, асырып айтуымыз емес...» — деп жазады.

Ел жағдайының түзелуі бір қуантса, Мағжанның өз хал-ахуалы оңалып, екі қуантты. Ақын жасынан білген Зылихасына қосылды. Тәшкенде өлеңдер жинағын бастырып шығарды. Атақ-абыройы зорая түсті. Совет өкіметі кеңшілік жасап, өткендегіні кешірім жариялағалы қаламына тиіскен жоқ. Өзі Түркістан Халық Ағарту комиссариатының жолдамасымен Мәскеу қаласындағы Жоғары Әдеби-көркем институтына оқуға орналасты. Республикадан алатын жиырма сом стипендиясының үстіне жазу-сызумен айналысты, оқулықтар жазды, Ленин, Горькийден аудармалары жарық көрді, өлең-поэмалары өз алдына...

Енді ол айналасына басқаша көзбен қарайды. Ел өміріндегі жаңалықтарды түсінуге үш жыл көз майын тауысып оқыған оқуы қолайлы әсер етеді. Тек көңілдегі бір ғана түйткіл — Ленин өлген соң қып-қызыл белсенділер оған тағы да көзін аларта бастады. Мұндай жағдайда қайту керек? Мағжан Ташкенде жарияланған өлеңдер кітабын күл-талқан етіп сынаған, өзін жаңа өкіметтің жауы етіп көрсеткен «Жерлестік» ұйымының жаласына жауап беру қажет екенін түсінді. Жалғыз күресу оңай емес. Сондықтан үйірме ұйымдастыру, үйірмені туған әдебиетті соны жолға шығаратындай етіп құру керек. Осы ойдың жетегінде жүріп, Мағжан оқуын аяқтар жылы болашақ «Алқа» үйірмесінің платформасын жазуға кірісті.

Көңілдегі біраз кірбің Мағжанның тасыған жігерін мұқалта алмады. Ол қалайда өзінің бұрынғыдан көшілгері кеткенін дәлелдеуі тиіс еді. Оны дәлелдей алды да. «Табалдырық» платформасы сол кездегі әдебиет мәселелеріне жаңаша қараған құжатқа айналды.

Әдеби платформа Мағжанның осы теориялық шығарманы жазуға терең даярланғанына, маркстік әдебиетті зейін қойып шүкшия зерттегеніне кепіл. Ол кездегі елдің жағдайында, яки жиырмасыншы жылдары әдебиет пен өнер теориясы саласында бірден-бір бедел Г. В. Плеханов саналатын. Ақын «плехановтік ортодоксия» дейтінге қоса, Маркс-Энгельс, Ленин шығармаларын, Троцкий, Луначарский, тағы басқа марксистердің еңбегімен таны-

сады. Сөз жок, шығарманың идеялық-эстетикалық бағытын белгілеуде институт директоры, Горький «орыс жазушыларының ішіндегі ең мәдениеттісі» деп атаған ақын В. Я. Брюсовтың да ықпалы аз болмаған.

«Табалдырық» шығармасы «Кіріспеден», «Біздің әдебиетіміз», «Революция және бүгінге дейінгі әдебиетіміз», «Революция және бүгінгі әдебиет», «Әдебиет дегеніміз не?», «Әдебиеттің жалпы қағидалары», «Марксизм және әдебиет. Не жазуға керек?» деген тараулардан тұрады...

Шығарма түзілісінен-ақ байқалатыны, автордың «тек түр іздеуші» еместігі. Әр тарау тақырыбының идеялық-эстетикалық мәні зор. Әрқайсысы мәселе қойылысының жаңалығымен ерекшеленеді, замана қойған проблемаларды шешуге, әдебиеттің орнын тағайындауға бағытталады.

«КІРІСПЕ»

«Табалдырықтың» кіріспе бөлімі еңбек мазмұнын, жаңалықтарын қысқаша тұжырған. Қазақ әдебиетінің сол кездегі жайын және алдағы міндеттерді жаңаша толғап, оқушысын бірден елең еткізеді. Автор әсіресе туған әдебиетінің былайғы тағдырына алаң. Қайтсе ол өз тұрпатын, кескін-келбетін сақтап қалмақ? Жаңа заман сипаты, оған сәйкес жалпы әдеби қауымның міндеті қандай? Суреткер атаулының азаматтық һәм әдебиеттік борышы болады. Соларды қалай ұштастырмақ керек?

Революция,— деп жазады Мағжан,— дүниенің астын үстіне келтірді. Осыған сәйкес әдебиет дүр сілкінді. Еуропа мен орыс әдебиетінде мың сан бағыт пайда болды. Бұл жағдайда қазақ әдебиеті қайтпек? Кіріспеде Мағжан осы сұрақтарға берілетін жауаптың негізгі торабын айқындап белгілейді.

Еңбекте орыс әдебиетінің сол тұстағы ағымдары басбасына арнайы аталмайды. Мағжанның мың сан бағытты орыс әдебиеті деген сөзін түсіну үшін ұстазы В. Брюсовтың «Печать и революция» атты журналдың 1922 жылғы 7-санында басылған «Орыс поэзиясының кешегісі, бүгіні мен ертеңі» мақаласын шолып шықсақ та жетеді. Мұнда атақты орыс ақыны, поэзияның білгір де алғыр сыншысы 1917—1922 жылдар аралығындағы негізгі-негізгі әдеби ағымдар есебінде символистер мен оларға көршілес бағыттарды, футуристер мен олардың маңа-

йындағы топтарды, пролетар және шаруа ақын-жазушыларын атайды.

В. Брюсовтың символизм жөніндегі пікірі қызғылықты. Бұл пікірге, сол тұста М. Жұмабаевтың осы бір әдеби бағытқа көзқарасын түсіну үшін де тоқталуымыз керек. В. Брюсов символизмге бауыр басқан екі ақын болса, соның бірі өзі еді. Соған қарамастан, ол 1910 жылдан бері символизм әдеби қозғалыс ретінде сарқыла бастағанын мойындауға мәжбүр. Өйткені символизмнің негізгі принциптері көнеріп, өмір алға тартқан жаңа міндеттер үдесінен шығуға жарамай қалған-тын. Сонау ХІХ ғасырдың аяқ шенінде жалпы адамзаттық идеялармен қанаттанған символистердің дені кейін Ницше философиясының уағазшысы дәрежесінен аса алмай қалды.

Сондықтан да Мағжан жаңа шығармасында өзі бір кезде тәнті болған, сол рухта жазып, қазақ әдебиетіне көп-көп бағалы олжа салған символистік ізденістеріне енді қайтып оралмайтын сыңай танытады. Оны тіпті еске де алмайды. Ақынның есіл-дерті қайтсе жаңа заманға сай көркем дүние тудыру. Туған әдебиетін жаңа белеске шығару.

Сонда Мағжан қайткен? Орыс поэзиясының жетістіктеріне, ізденістеріне әрдайым құлақ түре жүретін, кей ұнатқандарын қазақ поэзиясы топырағына отырғызуға құштарланатын ол, футуризм мен имажинизмге соншалық құлап түспеген. Поэзия — сөз өнері. Ал әр өнер үнемі жетілдіруді керек етеді. Поэзияның негізгі құралы — сөз, тіл. Ендеше осы қорды байытуға керек. Түбірден соны сөз туғызу. Бұрын-сонды кездеспеген ырғақ, ұйқас тудыру, сол арқылы жаңа, революциялық дәуірдің рухын жеткізе білу В. Маяковский, В. Хлебников секілді футуристердің мақсаты еді. Бірақ Мағжан өзінің белгілі эпиграммасында:

Фуллин Сәкен,
Кекен-кекен,
Футурист, —

деп Сәкен Сейфуллиннің Маяковскийге еліктеуін мін көреді.

Сондай-ақ Мағжан имажинизмге де бұрылмайды. Имажинистер (С. Есенин) поэзиясының негізінде сөз емес, бейне жатыр дей келе, өлеңнің әуезділігіне, ырғақ, ұйқасына, әсіресе идеясына немқұрайды қарайтын ниет білдірді. Поэзия қоғамнан іргесін аулақ салуы тиіс деп

есептейтін имажинистер, әрине, поэзия — революциялық идеялардың жаршысы болуға тиіс дегенге баспады. Бұл да Мағжанның жоспарына кірмеген-тін. Ал пролетарлық поэзияға келсек, ол жаңа идеяның пішінін табуға әлі үлгере алмай жатты.

Осының бәрін ой елегінен өткізген Мағжан қалайда өз соқпағын табуды армандады. Көкейінде жүрген ойларды дөп басатын қағида-формулалар іздеді, қайтсе қазақ әдебиеті өз жолын табады?— деумен толғанды. Мағжан кіріспенің өзінде-ақ көп сөзбұйдаға салынбай, өзін баураған ойдың тоқ етерін тұжырады:

«Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр».

Неге өйтеді?

Оған себеп көп. Ең біріншісі — мынау тасқындаған өмір. Қайда апарып соғары мәлімсіз. Буырқанған теңіз-дегі кемелердің қайсысының құйрығынан ұстау керек?

Екінші себеп — қазақ әдебиетінің ендігі бойда орыс әдебиетімен сол арқылы еуропа әдебиетімен қоян-қолтық келуі. Мағжан бұл жерде, тіпті «соқтығысуы» деген мықтырақ етістікті қолданады. Ал осының нәтижесі қандай болмақ? Міне, Мағжан осыны қауіп ойлайды. Үлкен мәуелі әдебиеттердің көлеңкесінде тал шыбықтай жас қазақ әдебиеті тыртып өспей қалса ше? Осы жерде Мағжан есіне белгілі нақыл түседі. «Жапалақты таспен ұрсаң да жапалақ өледі, тасты жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледі» деп жазады ол. Жалаң еліктеуге ұшыраса, құрымағанда қайтеді?

Осыған жол бермес үшін не істеймізге келгенде. Мағжан алдымен жазушы өзінің де, әдебиеттің де міндеттерін әбден шегелеп дұрыс түсініп алса деген байламға тоқталады.

Суреткер келбеті... Ол қандай болуға керек? Мағжан «Ақын болмасаң болма, азамат болуға міндеттісің» дейтін қанатты сөзді еске алады. Тіпті «азамат» деген сөзді азырканып, орнына «жауынгер» деген сөз қолданады. Ақын әрі суреткер, әрі жауынгер болсын. Міне, Мағжанның өнер иелеріне қояр талабы. Баяғыдағы Бұхар жырауды, бертінгі Нысанбайды, кейінгі Абдолла, Қасым, Бауыржандарды, тағы да көп-көп майдангер ақын-жазушыларымызды еске алсақ, Мағжанның бұл талабының тамыры тереңде жатқандығына көз жеткіземіз.

Асты-үстіне шыққан дәуірдің әскеріне жататындықтан, — деп жазады Мағжан, — біз әдебиетшілер, бізбен бірге саясатшылар, шаруашылық қызметкерлері, ер-әйел

түгел Жер шарының өткен жылғы сартап құраған шірік шөбін өртейтін жауынгерлерміз. Біздің қолымыздан қаруымыз түспейтін болсын. Бұл — революция талабы, өмір талабы. Бірақ біз қандай жағдайда да дербес, табанды күрескер болуға тиістіміз. Қалың қол әскер, өзінің құрамындағы әр жасақ өз міндетін дұрыс атқарғанда ғана жеңіске жете алмақ. Ал олар өз міндеттерін орындай алмай, тобырға айналып кетсе, ондай әскерден не үміт, не қайыр?

Қазақ жазушылары әскердің бір қанатындағы шағын жасақ дейік. Оның жауды жасқандыратын міндеті бола тұра, суреткер ретінде де борыштары бар. Егер жазушы қатардағы жауынгердің міндетін жетік біліп, жазушылық міндетін атқармаса, ол жазушы емес. Жазушы міндетін ғана түсініп, жауынгерлік борышын ада ете алмаса, ол — жауынгер емес.

Басқа сөзбен айтқанда, суреткер өзін қоғамнан, халқынан, ұлтынан бөле алмайды. Ол азаматтық борышын қоғамның қай мүшесінен де кем атқармауға тиіс. Ал суреткерлігіне келсек...

Жазушы творчество шарттарын толық игеруі тиіс. Әлдебіреулер әдебиетті азан салу, үндеу айту құралы деп түсінеді. Ал жарапазан поэзияға жатпайды. Сол секілді, орыс әдебиетінің мың тарау жолының біріне түсіп кетсең, тіпті ол тағлымы мол, үлгілі жол болған күнде де, бәрібір күнің қараң. Шайнап берген ас болмайды. Жазды күні сәйгел тиген сиырдың ізін қайырғандай халге ұшырауың...

Жана өмір біздің бәрімізге баспана боларлықтай ұй тұрғызуы мүмкін. Бірақ ол — алыстағы болашақ.

Мағжанның «Табалдырығын» аударған тұстағы осы жері әсіресе күнгірт. Түсініп болмайды. Ол Абылайды еске алады. Тегінде халқымыздың өз тарихы бар, соның бастаушысы Абылай деген болуға керек.

Осындай қысқа-қысқа тезистерді тұжыра келе, автор оқушыны «Хош келіпсіз» деп қарсылап, табалдырықтан аттап, төрлетуге шақырады.

I

«БІЗДІҢ ӘДЕБИЕТИМІЗ»

«Табалдырықтың» бірінші тарауын автор туған әдебиетінің тарихына арнаған. Әдебиет өз халқының, елінің тұрмысын, бастан кешкен жақсылы-жаманды оқиға-

ларын, мұң-мұқтажын жеткізе алды ма, қандай белді қайраткерлері бар деген сұрақтарға жауап берген. Сөз жоқ, бұл тарау ақынның өз творчествосын зерттеуге, әдеби көзқарастарын айқындай түсуге септік етеді.

Бір кезде тарихи һәм тарихсыз халықтар болады деген теория орын алды. Мағжан еңбегінің тағы бір құндылығы — автор, қазақтардың мәдени және әдеби қоры жоқ деген қауесетті әшкерелейді.

Тарау бірден К. Маркстің «Саяси экономияға кіріспе» еңбегіне сілтеме жасаудан басталады. Мағжан әдебиет дәрежесі техника дәрежесімен, қоғамның жалпы дамуымен қай ретте сәйкесе бермейтіндігі туралы маркстік қағиданы еске салып, пайдаланылған шығарма «Московский рабочий» баспасының 1922 жылғы басылымы екенін жақшаның ішінде арнайы көрсеткен.

Шынында да, «Саяси экономияға кіріспе» еңбегінің соңғы жағында¹ Маркс тарихи дамудың әркелкілігі және өнер мәселелерін сөз ететіні белгілі. Материалдық өндіріс пен көркем өндірісі дамуларының арақатысы расында да қабыса бермейді. Оның бер жағында бағзы бір тұрпатты өнер жетістіктері, айталық, грек өнері, «Илиаданың» қаһарманы Ахиллес, Шекспир туындылары темір жол, телеграф, баспа станогі кезінде пайда болуы мүмкін емес. Сонда да техникалық революция заманында олар бізге бұрынғыдай эстетикалық ләззат беруде. Бұл да техника мен өнер арасындағы байланыстардың бір-біріне дөп келе бермейтініне дәлел.

Маркс өз ойын бекіту үшін Гомер дәуірі мен Еуропа тарихындағы Шекспир дәуірін мысалға алады. Шынында да Гомер мен Шекспирдің тұсында техника мәдениеті атаулы балаң болса да, өнер әлемі алып эпос, қуатты драма туғызды. Әрине,— дейді Мағжан,— Гомер мен Шекспир дәуірінің рухани қажеттілігін, сөз өнері өрлеуін зерттеу — әдебиет тарихшысының ісі. Біз оларды Маркс пікірі бойынша еске алып отырмыз. Соған назар аудармақпыз. Қазақтар техникалық даму жағынан кенже қалғаны рас. Қоғамдық қатынастары дамуы да мешел күйде. Бірақ осыған қарап, қазақ әдебиетінің жайкүйіне баға беру қате болар еді,— деп ескертеді Мағжан. Айтқанына дәлел ретінде ол қазақ әдебиеті тарихына қысқаша шолу жасайды.

¹ Қараңыз: К. Маркс. «К критике политической экономии». М. 1953 г. С. 224—225.

«Қазақтарда шын мәніндегі күшті әдебиет болған, әлі де солай,— деп жазады Мағжан зор мақтанышпен.— Қазақ әдебиеті өз халқының өмірімен тығыз байланыста өркендеді, ойына, сезіміне тіл бітірді, сілтер қаруы, атар оғы болды. Өйткені қазақ әдебиетінде халқының өміріндегі өзгерістер, кең даласы, қарлы-қарсыз таулары, қуаныш-қайғысы, ой-сезімі, қиялы бейнеленді. Әзірге әлі зерттеле қоймаған дәуірлерді былай қойғанда, соңғы кезеңді алсақ, оның Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай және Ақан сері секілді ақындары халқының шаттығын да, қасірет-қайғысын да жырлай білген. Олар бірінші болып далаға қаптай басқан қара шекпендерді, қазақтарды елінен, жерінен айыруға қарайиеттенген орыс отаршыларын көріп кектенді.

Қазақ әдебиетінің хакімі Абай осы жолда құрбандыққа шалынды. Далаға лап қойған капитализм мен отаршылдыққа қарсы қылар айласы қалмаған қазақтардың көз жасын көріп шерленген Абай творчествосының, бүкіл өмірінің трагедиясы да осында. Ол өмірін шалқып басып, шеменді аяқтады.

Абай — дейді онан әрі Мағжан,— сахара әдебиетінің мәні мен бағытын тереңдетті, оған айтарлықтай жаңалықтар енгізді. Абай өз жеңісін тойлай алмай кетті. Баспасөз, әдеби бағыттар пісіп қайнайтын орта жоқтың қасы болатын. Абай сөзі қалың бұқара арасына тең тарай алмады. Ал капитализм қазақ даласына жыландай сусып ентелей берді, халық езгінің астында зар шекті. Әдебиет бар жаңалығынан, бағытынан айрылып қалғандай болды. Әдебиет орнына әлде бір балдыр-батпақ шаң берді. Хат жазғанда «Ғиззатлу уә хұрмәтлу» деп бастап әкететін секілді.

Қолдағы қайсыбір ақпарларға қарағанда ақын-жазушылар арасынан Мағжанмен сырлас, көзқарасы жақын, достығы қымбат Жүсіпбек Аймауытов болғанға ұқсайды. Жүсекеннің «Қартқожасын» оқып отырғанда қайталанатындай әсер аласың. 1916 жылғы көтеріліске «Табалдырықтағы» бірсыпыра жайлар көркем бейнемен қатысушылардың бірі Дәрмен ұзақ сонар хикаясында қазақ тарихын баян ете келе, «Елде қазақ қалмады, өнері бар жігіт өмірін немен жұбатып өткізу керек?» деп сұрақ қояды да, қазақ мінезінің сұйықтанып бара жатқанын әңгіме етеді. Ендігі жігітпін деп жүргеннің «тапқан ермегі, алданышы, арманы:

Жүйрік ат, сұлу қатын, ер қайрағы,
Жігіттің болып өстім боз тайлағы,
Қара шай, ащы насыбай ер арпасы,
Болмаса сол төртеуі «байбай» дағы,—

деген сықылды ұсақ нәрседен қалғанын... айтты» дейді. Жүсекеңнің де Дәрмен аузына салатыны жорыққа аттанып, қайрат көрсетуі керектігі.

Еуропалық отаршылдықтың бір қасиеті бар: қорқақты қуа берсе, батыр болады дегендей, құлдан батыр жасайтын. Ол езілгендердің жүрегінде ұлтшылдық сезімін қоздырады. Міне, осы заңның негізінде бақытсыздық пен өлім елесі торлаған қазақ халқы 1905 жылғы революциядан соң ес жиып, күш ала бастады. Жаралы адам есін жиғанда ыңырсып, ыңкылдай бастайды ғой. Сол сияқты халді біздің әдебиетіміз де басынан өткерді. Ол елім-жұртым, халқым деп жар салды. 1905 жылдан кейін жарық көрген «Оян, қазақ», «Қырық мысал» — сол ыңырсу мен ыңкыл-сыңкыл. Бұл әдебиет өзінің жаралы жүрегін басып сөйлегенде бұдан бұрынғы қаһармандық жорықтарды көзге елестетуді, ояна бастаған халқына сол бір жаугершілік шағын еске алуды мақсат тұтты. Сөйтіп, әдебиет өткенді жырлай бастады, бірақ өйткенде ол бұрынғыны қайта орнатуды көкसेген жоқ, тағылық өмірін дәріптеген жоқ. Ол өткенді жырлағанда жас халқын демдейтін, оның жүрегіне сенім отын жағатын айла іздеді. Осындай қаракетке кіріскен әдебиет мақсатына жетіп үлгірмеді,— кенет төңкеріс дауылы басталып кетті.

Мінеки, Мағжанның қазақ әдебиеті тарихына қысқаша шолуы. Ол схемалық түрде жасалса да, ақын қорытындысына бас шұлғысын. Қонымды, жаңалығы мол деген қорытындының бірі — Абай тағдырын біз бұрын оншама көңіл бөлмеген тұстарынан танып білуі дер едік. Абай жайында қалам тербемеген әдебиетшіміз кемдем. Бұған дейін озық орыс мәдениетінен үлгі алуға шақырған, өзі де одан сусындаған Абай турасында көп жаздық, дұрыс жаздық. Абай көшпелі-патриархалдық қалып дәстүрлерді ғана шенеп қоймай, отаршылдықтың далаға әкелген лаңына да қарсы тұрған. Бірақ ұлы ақын поэзиясындағы соңғы сарындарға бар пейілмен құлақ түрмегеніміз Мағжан тезисімен салыстырғанда көзге ұрады.

М. Жұмабаев әдебиет тарихын қоғамдық дамумен тығыз байланыста қарастырады. 1905 жылғы бірінші орыс революциясының Ресейде ұлт-азаттық қозғалысын

өрістетудегі рөлін бағалауы Мағжанның идеялық-эстетикалық көзқарасындағы елеулі өзгерістерден хабар береді. Мұның растығы мынадан да байқалады. М. Жұмабаевқа күні бүгінге дейін таңылып келе жатқан бір айып — ол алашордашыл болғандықтан ескіні көкседі, патрнархалдыққа қарай кейін сүйреді деген айып. Бірақ шын мәнінде бұл — жала. Мағжан елім деп қан жұтқан ерлерді болашақ үшін, қазаққа қайрат-жігер беру үшін жырлады. Өткенді кәксеу бар да, өткеннен рух алу бар. Бұл екеуі екі басқа нәрсе. Ақын өткеннің қайраткерлерін, Абылайды, Кенесарыны дәріптеді. Бірақ ол хан заманын тірілтуді тілеген жоқ. Елінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен ерлердің рухын шақырғанда отаршылдық камыты астында жасып, жүнжіп кеткен елінің намысын қоздырғысы келді, кеуделерінде бабаларының өжет, қайсар жігерін тұтатқысы келді. Демек, М. Жұмабаев елін артқа емес, алға бастаған қайраткерлердің санатына жатады.

II

«РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ БҮГІНГЕ ДЕЙІНГІ ӘДЕБИЕТИМІЗ»

Тараудың тақырыбына байланысты бір нәрсені алдымен анықтап алуымыз керек. «Бүгінге дейінгі әдебиетіміз» деуіне қарағанда, автор осы теориялық шығарма жазылып отырған 1926 жылға дейінгі бүкіл қазақ әдебиеті тарихын сөз етпек пе деген ойға қаласың. Ал әңгіме желісіне бақсақ, Мағжанның «бүгінге дейінгі» әдебиет дейтіні 1917 жылдан былайғы алты-жеті жылдың ішіндегі қазақ әдебиеті екендігі анықталады. Атап айтқанда, бұл тарауда қазақ әдебиеті және Қазан төңкерісі тақырыбы талданады. Әдебиет төңкеріс туралы ілешала жаза алды ма, жоқ па? Әлде бұл оқиғаға кешеуілдеп барып үн қосты ма? Автор міне, осы сұрақтарға жауап іздейді.

Мағжан пікірінше, Қазан төңкерісіне қазақ халқы қатысқан жоқ. Сірә дә, ақын ұлт-азаттығы қозғалысын, мәселен, 1916 жылғы халық көтерілісін социалистік төңкерістің құрамды бөлегі деп есептемесе керек. Социалистік революцияға тарихымыз қатыспағандықтан, дейді М. Жұмабаев, әдебиетіміз де ол туралы ештеңе бере алмады. Ол өзінің бұрынғы ескі жолымен тарта берді де, бір жағынан орыс отаршылдығы туғызған бақытсыздық пен езгіні бейнелесе, екінші жағынан бәз-баяғы табиғи

соқпағы бойынша бүгінгі қазаққа (жасыған, өз өткенін ұмытқанға) ертеректе қандай жауынгер ел едің дегенді есіне түсірді.

Революция шақыруына шапшаң үн қоспады деп біз қазақ әдебиетін сөкпеуге тиістіміз деп ескертеді Мағжан. Онан да бастапқы кезде оны тым-тырыс қалуға мәжбүр еткен себептерді түсінуіміз керек. Солардың бірі — революция қазақ даласына тура беттеп келген жоқ (бұл тұста аударма көмескілеу — Ш. Е.). Осы жерде, — деп жазады автор, — Маркстің «болмыс сананы билейді» деген қағидасын аттап өте алмайсың. Бастапқы кезде қазақ өмірі революциямен атүсті жалғасты, төңкеріс қазақ санасы мен әдет-ғұрпын бірден өзгерте қойған жоқ. Әдебиетіміз бұрынғы бағытынан қайырылып үлгірмеді. Тек соңғы уақыттарда ғана ол революция шындығына мойын бұрғандай. Ағын судың айнымас заңы — ағыс. Жайдақ, тегіс жерде ол жайылады. Ал тар өңеште табиғат заңына сәйкес кенеремен арпалысып, көбіктене, бұрқырай ағады. Өмір де сол ағыс дерсің. Революция қазақ елімен етене араласып кетті. Қазақ өмірі, санасы жаңа арнаға құйылуда. Мұндайда әдебиет қайтуі керек? Сөз жоқ, оның болашағын ойласқанымыз жөн дейді.

Осы тұста Мағжан өзінің, өзі сияқты мұндықтардың тағдыры не болар екен дегендей ойға шомады. Совет өкіметінің атынан сөйлеп, билік тізгінін ұстағандарды байсалды ойлауға шақырады. Жаңа революцияның мақсаты қазақ санасына бірден толық қона қоймады. (Бұл жәйт Мағжанның өз басында да бар.). Осы айып па? Жоқ, адасып үйірін тапқан айып емес. Амал қанша, естуге тиіс құлақ мұны естімеді. Адасқандар тұрсын, қамшы үйірген белсенділердің бірсыпырасы Сталин тұсында өз баласының етін өзі жеген революция Кроносының¹ жемтігіне айналғаны белгілі.

Мағжан бұдан әрі бастаған әңгімесіне қайта көшеді. Революция мен әдебиет қалай табысады? Жаңа әдебиеттің міндеттері қандай? Бұл сұрақтарға жауап іздеуге ол еңбегінің келесі үшінші тарауын арнайды.

¹ Кронос — грек мифологиясының қаһарманы. Анасы Гера оған ажалың беліңнен туған баладан болады деп сәуегейлік айтқан. Сондықтан Кронос өз балаларын туа салысымен қылғытып жұтып қоя беретін болған. Рим мифологиясында Кронос зымыраған уақыт символы Сатурн есімімен белгілі. Сол себепті өз баласын жеген Сатурн деп те айта береді.

III

«РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ӘДЕБИЕТ»

Мағжан Қазан төңкерісі туралы аса бір толғаныспен жазады. Төңкерістің дүниежүзілік-тарихи маңызына тоқталады. Қазақ халқының тарихындағы өшпес азаттық рөлін атап өтеді. Ақынды әсіресе қазақ әдебиетінің былайғы тағдыры тебіренгендігі. Жаңа өмірді жырлағанда қайткенде ол өз жырын, әуенін таппақ? Бұл мәселелердің қазақ әдебиет пайдасына шешілуі оның төңкерісінен одақтасуының, біте қайнасуының дәрежесіне байланысты екендігін айрықша атап өтеді. Қазақ ойшылы бұл тұстарда аса бір көрегендік, білгірлік, диалектикалық нәзіктік танытады...

М. Жұмабаев платформасының бір ерекшелігі — төңкеріс және әдебиет мәселелерін толғағанда оны жалаң саясат құралына айналдырып жібермейтіндігі, көркем сөздің өзіне тән қасиеттерін әңгімелеуді әрдайым алда ұстайтындығы.

М. Жұмабаев төңкеріс және әдебиет мәселесін тек тақырып мәселесімен тындырмайды. Ол, мәселен, ұлттық және интернационалдық проблемасын жоғарыда аталған ҚазАПП құжатындағыдай «Қазақ еңбекшілері Октябрь бастаған жұмысты жәрдемдесіп орнына келістіруге орыс пролетариатымен бір жолда»¹ деген жалғыз ауыз сөзбен аяқтамайды. Қазақ әдебиетінің ұлттық бет-әлпетін, өзіндік жолын қалай сақтап дамыту мәселесіне арнайы, кең көлемде тоқталады. Және мұның өзі құрғақ үндеу емес, жан-жақты тексерілген, сол кездегі эстетика, әдебиеттану жетістіктеріне сүйеніп, ғылыми жағынан мықты дәлелденген құжат.

Қазақ әдебиеті бүкіл кеңес әдебиетімен біртұтас. Онымен бағыты да, принципі де ортақ. Осыны айрықша атап көрсете келе, Мағжан бірліктен біркелкі деген мағына тумасқа керек деген орайда пікір толғайды. «Егер,— деп жазады ол,— пролетариат революцияға, зеңбірек, пулеметтерін сүйреп, машинаға мініп, былғары куртқамен шықса, казактар оған қамшысымен, шокпарымен шығып, аяқтарына саптама етіктерін, бастарына тымақтарын киіп қосылған».

Өз ойын дәлелдеу үшін Мағжан мәдени саладан бір қызғылықты мысал алады. Оркестрде елу, алпыс, жүз

¹ Мұқанов С. «Есею жылдары». Алматы. 1964, 230-бет.

музыкалық аспап бір мотивте ойнайды. Оркестрдің үйлесімділігі мен әдемілігі олардың бірыңғай дыбыс шығаруында емес, қайта ондағы әр аспап өз үні мен сипатына сай, керекті сәтінде қосылып, үндестік табуында. Революциялық әдебиеттің әрқайсысының рөлін айтқанда осыны есте ұстауға тиістіміз. Революцияға жол үстінде келіп қосылған қазақ сияқты халықтардың өз революциялық әдебиеті болуға керек деп қорытынды жасаған Мағжан Л. Троцкийдің «Әдебиет және революция» деген еңбегінің 169—170-беттеріне сілтеме жасайды.

Бұл беттердің көлемінде Троцкий әдебиеттің саяси мазмұнын оның көркем сапасынан жоғары қоятын жағдайы бар (Демьян Бедный творчествосы туралы. 167-бет). Ал Мағжанның сөз сыңайына қарағанда ол Троцкийдің «Өнер пролетариат үшін екінші сорт өнер бола алмайды»¹ деген шеберлік мәселесіне байланысты жібі түзу пікіріне сүйенген.

Қазақ әдебиеті жалаң ұранды өлең етіп қиыстырумен революцияшыл әдебиет бола алмайды. Пролетарлық революция езіліп-жаншылған халықтардың революциясы екендігінен, сол халықтардың санасына, сезіміне жаңа заман идеялары сіңгенін көрсететін ой-пікірдің символын жасай білу керек. Міне, сонда ғана қазақ әдебиеті өзін революцияшыл әдебиет қатарына қоса алады.

Егер кеңестік дәуірдің символы ретінде «Қызыл жалау» өлеңі, еңбекші бұқара символы ретінде «Тоқсан тобы» поэмасы туғанын еске алсақ, Мағжанның не айтпағын түсіну қиын емес.

Мағжан еңбегін оқып отырғанда ақынның тап және тап тартысы деген ұғымдарға көзқарасын аңғарамыз. Өнер саласындағы таптық принциптің қолданылу сипаты жайын ойластыра отырып, ол өз тұсындағы ең білімдар деген маркстіл әдебиетшілердің беделіне сүйенеді. Бірақ ескерте кетуіміз керек, олардың пікіріне Мағжан сын көзбен қарайды. Мағжан А. Луначарскийді «ұлы марксист ғалым» деп атайды. Оның 1903 жылы жарық көрген, В. И. Ленин кезінде жылы пікір білдіріп мақұлдаған, 1923 жылы «Госполитиздат» қайта еш өзгеріссіз басып шығарған (мұның бір данасын Луначарский В. И. Ленинге автограф жазып беріп, сыйлаған) «Позитивтік эстетиканың негіздері» атты еңбегінен бір цитата алады: «...Новая нация, новый класс не начинают там,

¹ Л. Троцкий. «Литература и революция». М. 1991, с. 161.

где кончили старые... Новый класс... развиваются обыкновенно во вражде с прежде господствовавшими и при-
выкают ненавидеть их культуру»¹

Осы сөздерді келтіре отырып, М. Жұмабаев ұлттық мұраға көзқарас мәселесін көтереді. Ата-бабадан мирас рухани байлыққа ат үсті қараудан сақтандырады. Кейін қазақ әдебиеті шығармаларының дені «ақтандаққа» айналғанын ескерсек, Мағжанның елім, сырың маған мәлім, абай бол деп сақтық айтуы кездейсоқ еместігі түсінікті. Революция қирату, талқандау үшін ғана жасалмайды. Ол жер үстінде жаңа өмір орнату үшін жасалады. Біз алыста мұнартқан жаңа өмірге қол созамыз. Сондықтан біздің әдебиетіміз тек жоюдың, қиратып-бүлдіруді көксейтін бағыт қана ұстанбайды.

Бұл арада біз Мағжанды Анатолий Васильевич Луначарскийдің өзін түзеткен деп қолпаштағымыз келіп отырған жоқ. Ондай қолпаштауға Мағжан ділгер емес. Бұл — бір. Екіншіден, Луначарский жоғарыда аталған еңбегінде ескі мүлікке жаңа тап жақтырмай қарауы мүмкін, бірақ жақпағанды жапа-тармағай бұзуға жол бермеуге, өнердің бар жиһазына сүйенуге, индиялық пагодалар, египет храмдары, әсем эллинизм, ес тандырарлық готика, қуанышы қойнына сыймаған Ренессанс ғажаптарын тамашалауға шақырады.

Әрине, жаңа мәдениет ескінің керегін өзіне қосып алумен тынбайды. Өз стилін, өз соқпағын іздейді. Сөйтіп, адамзат байлығына байлық қосады. «Сондықтан,— дейді Мағжан ойын жалғап,— әр ұлттық мәдениет жаңа өмір жолында ортақ бағыт ұстай отыра, өз арнасын табуы керек».

Ақын былай деп түйеді: жаңа өмір жолында пролетариатпен тізе қосып келе жатқанда біздің ой-қиялымыздан қазақ иісіміз аңқымасына, азиаттық иісіміз жан-жағымызға тарамасына еш мүмкін емес. Бағыты бір бола тұра, әркімнің өз тарихы сөйлейді. Пролетариаттан машинаның, былғары куртканың иісі шықса, қазақтың ма-лақайынан қаптаған козы елтірісінің иісі мұңкиді.

Міне, осындай жағдайда, қазақ ақыны сол жұмысшылармен ортақ, жарқын мақсатты жырлаумен бірге, қазақ тұрмысының көмескі тұстарын айқындап, өз елі туралы сезім, қиялын, түсініктерін жырлауға міндетті.

¹ Луначарский А. В. Собр. соч., т. 7. М., 1967. «Художественная литература», с. 97.

Әйтпегенде қазақ әдебиеті әдебиет болып жарытпайды. Өз табиғатынан емес, бөтеннің демінен жаратылса, екінші сорт әдебиет қатарына көшеді. Ондай әдебиеттің басқалардан өзгешелігі рух жағынан емес, тек үстірт белгілерден көрінеді. Яғни айырмасы сөз қауызынан ғана болса, бұл әдебиет бөтен әдебиеттерден аударылған тәржімадан әрі аса алмайды.

Әдебиеттің төңкеріске қатысы туралы ойларын Мағжан осымен тәмамдайды. Бұдан кейін совет әдебиеті тұтастығы мен көп қырлы сипат туралы алғашқылардың бірі болып мәселе көтереді. Көркем сөз ерекшеліктерін, эстетикалық мәнін талдап шешуге көшеді.

IV

«ӘДЕБИЕТ ДЕГЕНІМІЗ НЕ! ӘДЕБИЕТТІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Мәскеудің әсері Мағжанға ұшан-теңіз болған. Астанада ол өзінің эстетикалық көзқарастарын жаңалап шыңдайды. Өзі ғана біліп қоймай, білгенін еліне таратады. Дүние жүзі эстетикалық теориясын насихаттап, оның жемістерін туған әдебиетінің бойына сіңіру жолдарын қарастырады.

«Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде (1926) Ахмет Байтұрсынов өнерді бес тарауға бөлетіні белгілі. Мағжан да әдебиет — өнердің бес бұтағының бірі деп бастайды, бірақ Аханша сәулет, сымбат, кескін, әуез өнерлері деп жіктеп жатпай, бірден өнер табиғатын талдауға көшеді.

«Өнер,— деп анықтайды Мағжан,— адамның әдемілікке деген сезімінен, оның сезім арқылы дүниені түсіруге деген ынтасынан туындайды. Әдемілік, сұлулық дегеніміз не?»

Осы сұрақтарға жауап іздеген Мағжан дүние жүзі философтарының белді-белді еңбектеріне үңілгенін байқаймыз. Ол әсіресе Иммануил Кант, марксизм классиктері шығармаларын мейлінше құнттап оқыған.

Мағжан оқыған кітаптардың бірі — «Пайымдау қабілетіне сын» атты туынды. Иммануил Канттың негізгі еңбегінің ішінен эстетикаға арналғаны. Бұл еңбегінде неміс классикалық философиясының бәйтерегі әдемілік, эстетикалық мұрат, талғам, өнер ерекшеліктері, кеменгер мен қолөнерші, биіктілік т. б. туралы сындарлы пікірлер айтқаны белгілі. Мағжан Канттың әдемілік жө-

ніндегі идеяларына тоқталады, «әдемілік дегеніміз риясыз сүйсінетін зат» («Прекрасное есть предмет незаинтересованного любования»¹) деген пікірін келтіреді. Мағжанның ойынша, Кант қағидасы әдемілік ұғымын толық қамтымайды, дегенмен онда шындық ұшқыны жоқ емес.

Айтылғанға дәлел есебінде Мағжан бір мысал келтіреді. «Танаудың желбезегіне сақина тағудан оның иесінің көретін ешқандай пайдасы жоқ,— дейді Мағжан.— Бүйтіп сақина тағудан ас ішуге тәбетің арта қоймас. Бірақ сақина иесі сақинаны сәндікке тағады. Кант тілімен айтсақ, бұдан риясыз ләззат алады». Мағжан осы ретте Дарвиннің: сұлулық сезімі адамдарға ғана емес, белгілі дәрежеде хайуандарға да хас деген сөздерін еске салады.

Неміс классикалық эстетикасының кемшілік, қателіктеріне Мағжан тоқталып жатпаған. Ол үшін арнайы еңбек жазу керектігі түсінікті. Ол — «Табалдырығын» жазған кезінде кемел әдебиетші. Әдебиет туралы ғылымнан сол кездегі жоғары білімі бар жалғыз қазақ. Теория тегіңізде құлаштап еркін жүзеді. Не айтса да жүйелі білімін аңғартады. Бағзы біреулердей жел ұйтқыған жаққа қарай жөнкілмейді. Өз заманының ұранына құлақ тосады. Бірақ жөн-жосықсыз еліре бермейді. Ол кез барша баспасөз атаулыда «тап күресі» мәселесінің күйіп тұрған шағы. Бұл әңгімеден қазақ зерттеушісі тартынбайды. Бірақ «түйенің танығаны — жапырақ» деген әдетке баспайды, сабырмен, байыпты түрде өзінше толғанады. Адамзат қорытқан ғылымды сын көзімен қарап, марксизмнің осы дұрыс-ау деген тұстарына ғана үңіледі. Сондықтан көбіне уақытының алдына түсіп, оза шабады.

Ресейде Маркс пен Энгельстің ілімін, соның бір саласы — эстетикалық идеяларын түсіндіруде, таратуда көп еңбек сіңірген адам — Г. В. Плеханов екені мәлім. Мәскеуде Мағжан Г. Плехановтың «Өнер туралы» жинағымен танысады. «Адрессіз хаттар», «Өнер және қоғамдық өмір» атты еңбектерін оқиды. Бұл еңбектерінде Плеханов өнер дамуындағы еңбек рөлі, тап тартысы және оның көркемөнердегі маңызы, тағы да басқа көп мәселелерді талдап шешкені мәлім. Солардың ішінен Мағжанды айрықша қызықтырғаны Плехановтың кезінде ерекше етек алған кінәратты — өнерге нәсілдік көзқарасты әшкере-

¹ *Кант Иммануил. «Критика способности суждения». Санкт-Петербург. 1898, с. 52.*

леуі еді. Әсіресе қазақ жазушысына орыс маркисінің әр халықта өз эстетикалық түсінік-талғамы болады деген қағидасы қатты ұнайды. «Адрессіз хаттар» шығармасындағы осы ой түсірілген тұсты цитата етіп алып, арнайы сөз етеді. Плеханов: «Природа человека делает то, что у него могут быть эстетические вкусы и понятия. Окружающие его условия определяют собой переход этой возможности в действительность; ими объясняется то, что данный общественный человек (т. е. данное общество, данный народ, данный класс) имеет именно эти эстетические вкусы и понятия, а не другие»¹— деген.

Плеханов пікірін Мағжан қазақ оқушысына түсінік-тірек болсын деп таратыңқырап айтып, өз тарапынан нақты мысалдармен бекітеді. Белгілі бір дәуірдегі белгілі бір халықтың әдемілік жөніндегі талғам-түсінігі оның тұрмыс салты мен еңбек жағдаятына байланысты. Дұрыс қағида. Оған еш күмән келтіре алмайсың, деп мақұлдайды ақын. Мұрынға сақина тағу әдеті еуропалықтарға тағылық белгісіндей сөкет көрінуі. Еуропалықтар күннің батуын қызықтайды. Соған емініп талай поэтикалық суреттер туғызады. Ал қазақ әдебиетінде күннің батуына рақаттанатын жолдар таба алмайсың дерлік.

Бұдан соң Мағжан өзі ұстанған көркемдік критерийге көшеді. Әңгіме сөз саптауға, тіл сұлулығына тіреліп бітпейді. Көркемдік критерий ұғымы кең ұғым, ол әдебиет пен өнердің қоғамдық-әлеуметтік рөлін және олардың өздеріне ғана тән айрықша табиғатын түсінуге негізделеді. Ақын осы мәселеде өте бір нәзіктік танытады. Тіпті Плехановтың өзі сүрінген бір томарға сүрінбей, айналып өтеді. Плеханов өнер табиғатын түсінуде қайшылыққа ұрынды. Эстетикалық талғамда ынталық, риялылық болмайды деген Кант қағидасына сүйене отырып, ол осы қасиет жеке адамға ғана тән деген. Ал қоғам тұрғысынан алғанда істің мәнісі өзгереді. Пайдасыз өнер қоғамға керексіз,— дейді. Сөйтіп, даралық талғам мен қоғамдық талғамды бір-біріне кереғар етеді.

Кантқа келсек, ол әсемдік ұғымын әлеуметтік, қоғамдық мәселелерден ажыратып алғанын сезеді. Жұртқа риясыз ұнайтын әшейін сұлулық шын мәнінде өнерді өшіруге әкеп соғар еді. Мән-мағынасы жоқ өнер кімге

¹ Плеханов Г. В. «Литература и эстетика». Том I. Госиздат художественной литературы. М., 1958, с. 13.

дәрі? Сондықтан Кант әдемілік теориясына «сұлулық серігі» және идеал түсініктерін енгізеді. Эстетика мен этика категорияларын үйлестіреді, сұлулықты адамгершіліктен туған игілік деп жариялайды. Эстетикалық принципке адам, идея ұғымдарын, яғни белгілі бір мазмұн енгізеді. Әдемілік арқылы моральдық мүддеге жол ашылады. Сөйтіп, Кант басында өзі үзіп алған эстетика мен этика байланысын қайта жалғайды.

Мағжан бұл мәселеде Канттың соңғы пікіріне сәйкес ой толғайды. «Өнер сезімнен туындайтынын, сурет, бейне жасау арқылы дүниені түсінуге бастайтынын жоғарыда айттық», дейді Мағжан. Олай болса, өнер өмірге пайдасын тигізуге тиіс. Әлбетте, ол пайдасын тікелей емес, жанама түрде тигізеді. Әсем ән, сұлу әуез — ішерге тамақ, киерге киім болмайды. Бірақ адамға керектігі жағынан ол пайдалы деген дүниенің ешқайсысынан кем соқпайды. Өйткені өнер — жанға азық. Басқа сөзбен айтқанда, Мағжан өнердің қоғамдық рөлін, адамды тәрбиелеудегі маңызын айрықша бағалайды.

Өнердің дара табиғаты, өзіндік ерекшеліктері проблемасын зерттегенде Мағжан суреткердің өмір танудағы, оның құбылыстарын тексерудегі бейнелеу құралдарына тоқталмаған. Бірақ негізгі мәселені дұрыс шешеді, өнер табиғатын тап басады. Жолы қиындығы жағынан ит тұмсығы өтпейтін орманға сәйкес эстетиканың күрделі, шым-шытырық теориясынан адаспай өз соқпағын тауып шыға келетініне сүйсінесін, мақтаныш етесін.

Эстетика мамандары өнердің қоғамдық рөліне келгенде көп қайшылық пікірлер қозғайды. Көркемөнер — өмір айнасы. Осы дұрыс түсінікті көрінеу бұрмалап, оны таптық идеологияның тар шеңберіне апарып тықпалайтындар да болды. Өнер дүниесін суреткер дүниетанымының жемісі ғана деп түсінушілер шығармада бейнеленген өмір шындығын елеусіз қалдыратыны да мәлім. Бұл қатеге тек сыншы, әдебиеттанушы ғалымдар ғана емес. қайсыбір өнер иелерінің өздері де ұрынады. Олар өмір суреттерін, шындық бейнесін жасаудан гөрі белгілі бір идеяны қайталап қаузауға жақын тұрады. Мағжан, міне, осыған қарсы. «Өнер мақсаты,— деп жазады ол,— уағыз соғуда емес, сезім оятуда».

Мағжан, сөз жоқ, бұл тезисін сол кезде белең алған жалаң үгіт өлеңдеріне қарсы бағыттап отыр. Поэзия — қоғамдық ой-пікірін иллюстрациясы, жайдақ ұғымның күйіс қайырушысы бола алмақ емес. Өйтсе, ол өз әрінен

айырылады. Өлең өлең болуы үшін не істеу керек? Мағжан ешқандай рецепт бермейді. Бірақ жауабы дұрыс. Нысанаға дөп тиеді. Мәселе өлең-жырдың оқушысына тигізер әсерінде. Жүрекке жетпейтін жалаң ақыл дәрі емес. Нағыз поэзия, Мағжан түсінігінде бөлек. Ол былай деп кесіп айтады: «Көркем, терең мәнді бейнелер арқылы жүректе үлкен сезім оятқан — ақын, оята алмаған ақын емес. Агамемнон, Ахиллес сияқты ғажап бейнелер жасап, ұлы сезім оятқан Гомер — ақын. «Тарғынды» жырлаған Марабай, «Қыз Жібекті» жырлаған Жүсіпбек, діни аңыздардың негізінде «Қыл көпір», «Жұмак», «Тозақ» атты керемет суреттер туғызған белгісіз, міне, бұлар ақын. Ал мұсылманның міндеттерін жіпке тізіп, «Қырық парызды» жазған Орынбай — ақын емес».

Мағжан пікірінше, жалаң ақыл соғатын өлең поэзияның ауылына қона алмайды. Осы орайда ол «Айқап» журналында шыққан біраз өлеңдерді сынайды. «Айқап» журналында кезінде жарияланған, мәселен, «Мектептің ашылуы», «Отырықшы бол», «Егін ек» деген сияқтылардың өлеңмен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Осы тұста Мағжан Гетенің өзіне қатты ұнаған, көкейіндегі ойын дөп басатын бір сөзін келтіреді. Мағынасы былай: әдебиет көркемдігі оның жайдақ ойдан әлдеқайда биік тұратындығында, ол кәдуілгі өлшемге көне бермейді. Гете қағидасының қазақ ақынының ойынан шығуы түсінікті: ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың бас кезінде ағартушылық идеяны тым жалаңаштап жіберген қарадүрсін өлең аяқ алып жүргізісіз болғаны рас та ғой.

Азамат ақын деп кімді айтады? Әрине, ол — оқырманның жүрегінде игі сезім, өмірге дұрыс көзқарас егетін талант. Өз поэзиясын өмір шындығынан туғызатын қаламгер. Өз бойындағы дарынын азаматтық борышымен ұштастыра білетін ақынды ғана халқы өз ақыным демек. Ақындығы азаматтық арына сай келсе дейтін ойын Мағжан былайша үстемелейді: өз дарынын өмір талабына бейімдеген ақынды тұрмыс құлына айналды деп сөгу қате. Ақындық талант өмірді еш өзгеріссіз, шабытсыз, ойнатып алмастырусыз түсіре салатын фотография емес. Фотографияға түсіру ақындыққа жатпайды. **Ақын тірегі — табиғат пен өмір.** Ақын жұрттың сезініп аңғарғанын тұтас сурет жасауға және оған өзінше түр беруге тиіс. Тип портреттің өзі емес, тип әрқашан жасанды. Фотограф түсірген Ленин портретінде ойдан қосу

жоқ. Ал қиыннан қиыстырған портретте талант оты ұшқындайды. Неге бұлай?

Еуропалық әдебиет Шекспирдің есімін әрдайым төбесіне көтеріп жатады. Өйтіп қошеметтеу Англия мен Еуропаның XVI—XVII ғасырлардағы өмірін Шекспир талантының еш өзгеріссіз бейнелеуінен емес шығар? Ұлы ақын Гете былай дейді: ит күшігін айнытпай, қандай болса сондай етіп бейнелеген екенсің — сен дүниедегі күшік атаулының санын біреуге арттырдың деп қана түсінген абзал. Өйтіп сен ақын санала алмақ емессің, деп сүйсіне қорытады Мағжан.

Ақынның бұл айтқандарына біз бүгін де қол қоямыз. Шындық дүниені көркемдік тұрғыдан игеру, өнердегі материал рөлі туралы бұдан артық қалай айтуға керек? Бейнелеу теориясы бойынша, өнер шебері көргенін айны қатесіз түсіре салмайды. Шындықты суреттеуге кіріскен жазушы жансыз фотоаппарат емес. Талант иесінің өз дүниетанымы, идеалы, арманы, қоғамдық күресте орны, ұстанған бағыты болады. Бұлар оның жазу-сызуына сөзсіз әсер етеді. Өнер шындықты жаңғырту үстіне, оны өзінше жасайды да.

Сондықтан Мағжан мынадай қорытындыға келеді: «Ақын тек өнер саласында ғана ақын. Бірақ ол қоғам мүшесі де. Ендеше азаматтық борышын да атқара білуге тиісті. Қалайша? Әрине, оқушысының терең де биік сезімдерін ояту арқылы ғана».

Зерттеуші Мағжан бұдан гөрі шындық өмірді суреттеудегі дүниетанымның әсеріне байланысты өрелі ойлар айтады.

Тарихта әдебиеттің өмірге сүйенбей, абстрактылы ойлармен арқауланған дәуірлері де кезіккен. Сонымен бірге әдебиеттің өмір салмағынан қайысып, төмен құлдыраған шақтары да болған. Дүние жүзі әдебиеті белгілі дәуірлерде тұншығып, азып-тозған да. Мағжан осыны айта келіп, биік теориямен қаруланған жаңа заманда әдебиет өйтіп кері кетпейді, өрлеп дамиды деген үміт білдіреді.

V

«МАРКСИЗМ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ НЕ ЖАЗУҒА КЕРЕК!»

Бұл тарауда жазушының саяси көзқарасы мен творчествосының арақатысы, мазмұн мен пішін, идеялық және көркемдік, тақырып және таптық көзқарас т. б. мә-

селелер сөз етіледі. Автор тұжырымдарының кей артық-кем тұстарын есептемегенде, ойларының негізгі мәніне шүбә келтіруге жөн жоқ.

Жазушының саяси көзқарасына қарап оның бүкіл творчествосын бағалауға болмайды ғой. Мағжан да осы арнада пікір толғайды. Байрон — азғындаған ақсауақтардың ақыны. Оның поэзиясының негізгі бағыты — азып-тозып, құрып бара жатқан ақсауақтар өмірінің бағыты. Біздің діни аңыздарды жазған Қожа Иассауи — діни ақын. Бірақ бұл анықтамалар сырт көзге дұрыс сияқтанғанымен, поэзия туралы пікір толғау үшін жеткілікті емес. Толық пайымдау үшін бағытын тексерумен бірге, бұлардың көркемдік парқын зерттеуге керек.

Осы арада Мағжан ойын үзе тұрып, оқушы назарын мына жәйтке аударғымыз келеді. Қазір суреткердің саяси көзқарасы, шыққан тегі оның бүкіл творчествосын бағалауға әсер етпеуі тиіс деген қағида жаңалық емес. Бұл ақиқатқа көзіміз жеткен. Суреткер дүниетанымына саяси көзқарастан өзге, философиялық, әлеуметтік, эстетикалық, этикалық көзқарастары да кіреді. Өмір шындығын реалистік бейнелеуі тағы бар. Осылардың бәрін есепке алмай, жиырмасыншы, отызыншы жылдары талай асыра сілтеулер (мәселен, переверзевщина) болғаны мәлім. Пушкинді осы заман кемесінен лақтырып тастау керек дегендер табылды, Қазақстанда Абай, Ахмет кара тақтаға жазылды. Дәл осындай жағдайда арқалы ақынның алысқа көз жіберетін қасиетіне бағып, Мағжан кеменгерлік пікір айтып отыр. Өзіміздің қазақ солақайлары қымс етсе, Мағжан ұлтшыл, алашордашыл деп секем ала бермей, бір уақы осы бір бөлек туған жан еді ғой, Абайдың мирасқоры еді ғой деп, құлақ асса, талай асыра сілтеулерге жол берілер ме еді, берілмес пе еді?

Мағжан жоғарыда айтқан пікірін мазмұн мен пішін арақатысына байланыстырып дәлелдейді. Г. В. Плеханов беделіне сүйене отырып, әдебиеттің өмірлік негіздерін табу жеткіліксіз, оның поэтикалық жағын да зерттеу керек, сонда ғана әдебиет хақындағы әңгіменің беті түзелмек, деген қорытындыға келеді.

Плеханов сөздеріне Мағжан зор ілтифатпен құлақ асады. Тіпті оның қағидасындағы күмәнді тұстарды елей бермейді. Плеханов кейде метафизикалық жүйеге түсіп кетіп, мазмұн мен форма арасындағы диалектикалық байланыстарға байқас бола алмай қалады. Плеханов: «..за оценкой идеи художественного произведения дол-

жен был следовать анализ его «художественного произведения должен был следовать анализ его «художественных достоинств»¹ деген талабын сан рет қайталайтын. Өзі де осы әдісті (мәселен, Л. Толстой творчествосын талдағанда) жиі қолданатын.

Плехановтың мүлт кеткен тұсы — мазмұн мен пішінді талдағанда оларды кезекке қоятындығы. Плехановтың өзі жазғандай, алдымен шығарма мазмұнын талдап, одан кейін оның көркемдік қасиеттерін тексеруге көшсек, екеуінің арасындағы жанды байланыс үзіліп қалып, диалектикалық тұтастығын үйлестіре алмай қаласың. Нақты шығарманы талдағанда мазмұнның пішінге ықпалы, сондай-ақ мазмұнның идеялық нысанаға дөп тиюі үшін пішінге тәуелділігі ашылмай қалады, сөйтіп шығармаға тиісті объективтік баға берілу жағы ақсайды.

Мәселен, Мағжан: «Пушкинді азаматтық жағынан алсақ, пролетариатқа сырт тұрса да, ақындығы жағынан жат емес» дейді. Әрине, бұл тұста жаңағы Плеханов пікірінің метафизикалық рухының салқыны сезіледі. Пушкин — орыстың ұлт ақыны. Оның поэзиясының орыс ұлтының барлық әлеуметтік тап, топ қабаттарына игі әсері күн шұғыласындай шексіз. Басқа халықтарға ризығы мол.

Бірақ Мағжан қателігін сол мезетте түзеп алады. Ол былай дейді: «Плеханов, Ленин, Бухарин, Клара Цеткин, Луначарский, Троцкий сияқты маркшылдардың көсемдері дүние жүзі әдебиетшілерінің бағытын түсінген соң олардың шығармаларынан сусындау керек деген кеңес береді. Бұған құлақ асуымыз қажет дейді. Нағыз ақын өз ортасының шеңберінен шығып, бүкіл адамзат бұқарасының қуаныш, қайғысын жырламақ деп, ешқашан маңызын жоймайтын құнарлы пікір тиегін ағытады.

Мағжан осы қорытындыға келерден бұрын мынадай тезис ұсынады: бір халықтың ақыны екінші халық үшін бөтен көрінеді. Бір халықтың ақыны екінші халықтың ақыны өгейсиді. Гәп — ақындардың азаматтық бағытында. Әйтпесе — пішін бәріне ортақ. Мәселен, «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін қай халық, қай ұлт ақыны да жатсынбауы тиіс.

Бұл айтылғанның дұрыс та, бұрыс та жағы бар. Бұ-

¹ Плеханов Г. В. «Литература и эстетика». М., 1958, т. I, с. 128—129.

рысы — мазмұн мен пішін арасын жер мен көктей алшақтатпау керек. Олардың тонның ішкі бауындай байланысын аша білу міндет. Дұрысы — бір халықтың мәдени байлығы екіншісіне, Мағжан ескерткендей, қораш көрінбеуі үшін, ұлттық сынаржақтылықтан, оқшаулықтан арылуға қажет. Сонда ғана ұлт әдебиеттері дүние жүзі әдебиетін құрайтын болады. Әрине, бұл өзі күрделі процесс. Тез пісіп жетіліп кетпейді. Сонсоң әдебиеттерді «кіші», «ұлы» деп жіктемеу керек. Ұлттық әдебиеттердің дүние жүзі әдебиеті мұхитына тоғысуы ұлт аралық қатынас мәдениетінің жетілуін қалайды. «Ұлттық ауладан» мәдениеті артта қалған ұлттар ғана емес, мәдениеті алдыңғы қатарлы аталып жүрген ұлттар да шығуы тиіс.

Мысалға Мағжанның жоғарыда сөз етілген: бір халықтың піскені екінші халыққа шикі көрінуі мүмкін деген пікірін алайық. Бұл біздің заманымыздың тілімен айтқанда, ұлттық және интернационалдық проблемасына қатысты мәселе. Осы арнада біз қаншама тіл безесек те, әлі көп шиені шеше алмай келеміз. Кеңес Одағында бауырлас ұлттар бір-бірімен барған сайын жақындаса түсуде деп тамағымыз қарлыққанша көпірдік. Ал іс жүзінде осы процестің сынаржақ жүргізіліп жатқаны қаперімізге келмеді. Айталық, орыс мәдениетіне бойлай енген қазақтан өзге ұлт, әй, кемде-кем шығар. Ұлы ағартушыларымыздың кеңесіне құлақ түріп, орыс ғылымы мен мәдениетіне, әсіресе Қазаннан кейін туған қолайлы жағдайды пайдаланып дәс қойғанымыз рас. Оған өкінбейміз. Әлі де ұлы орыс мәдениеті біз үшін саркылмас қайнар. Дүние жүзінде екі мыңнан астам тіл болса, солардың ішінде бүкіл адамзат жинақтаған қорды аударып төл қоры етіп алуға шамасы келетін (материалдық қуатын айтамын т. б.) екі-үш-ақ тіл. Орыс тілі — адамзат мәдени байлығын игеруге материалдық, рухани мүмкіншіліктері мол жетерлік осындай тілдің бірі.

Қайталаймын, орыс мәдениетіне құштарлығымыз ешқашан кемімеқ емес. Сонымен бірге, «бояушы бояушы деген сайын сақалын бояйдының» керін келтіргенімізді де жасыру қажет емес. Өз тіліміз шеттетіле, ысырыла бастады. Ана тілін ұмытпағандардан ұмытқан қазақ басым ба, қалай? Осы арасын енді айыра алмай әлекпіз.

Меніңше, қазақ әдебиетінде басқа ұлттарды кемсіту атымен болған жоқ. Ақын-жазушыларымыз қашан да достық, бауырмалдық тақырыбын үзбей жырлап келеді. Ал бізге мін тағып, төпелеп ұрып жатса оған да мыңқ

етпейміз. Қазақ тілі мемлекеттік тіл деп жарияланды. Бірақ ешкімді зорлап қазақша үйрен деп жатқанымыз жоқ. Өз еркі білсін дейміз. Сонымыз дұрыс та. Бірақ шындығы қажет болса, қазір этноцентризмнен гөрі еуроцентризм басым дер едім.

Төңкеріске дейін орыстың белді-белді ғалымдары И. Н. Березин, В. В. Радлов, Н. М. Ядринцев, П. П. Семенов-Тянь-Шанский, Г. Н. Потанин, В. В. Бартольд т. б. Орта Азия мен Қазақстанның тарихы мен географиясынан құнды еңбектер берді. Көптеген орыс жазушылары қазақ тақырыбына қаламын құрғатпай жазды? Осы дәстүр Кеңес өкіметі тұсында қалай дамытылды?

Әрине, істелген іс аз емес. Бірақ Сталин қара түнегінде қазақ мәдениетіне орыс мәдени қайраткерлерінің назары бәсеңсіген тәрізді. Ал мұның зардабы белгілі. Мәскеуге барып жүргенде көп-көрім лауазымы бар орыс жолдастар Ташкент пен Алматыны шатастырып алып отыратын. Ұлт саясатымен шұғылданатын орыс ғалымдарының азаюы да бауырлас халықтардың экономикасы мен мәдениетін зерттеуге септік еткен жоқ. Ал білмеген, қанбаған нәрсеннен бір нәрсе түйю қиын. Кейде мұның өзі әлдебір қолайсыз мінездер де туғызады. Сенің мәдениетің оларға жат болып көрінеді, қол жеттім дегеніңе немқұрайды қараушылық, тіпті жақтырмаушылық пайда болады. Мысалға, орталық әдеби баспасөз не себепті басқа ұлттардың көркем туындыларын бағалағанда ауық-ауық ойына келгенін істейді, олардың қасиеттеп, қадір тұтып отырған аяулысына аяғын сүртеді, не жақсысын менсінбей ерін шүйіреді, көрсе де көрмегенсиді?

Жарайды, мағжандар сталинизмнің құрбаны болып кетті дейік. Елім деп еңіреген талай тарландарымыздың өзі ішімізден шыққан мәңгүрттердің көмегімен тарихымызда қарақшы, қанішер аталғанын да сол сталиндік лаңнан болды делік. Ал кейінгі жылдардың өзінде көрсетілген қиянатқа не жорық? Жетпісінші жылдардың басында «Вопросы литературы» журналы (1971, № 9) бүкіл дүние жүзі қол соғып қарсы алған Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын көрінеу істен алғысыз етіп бақты. Қазақ фольклорының иісі мұрнына бармаса да, романды «житие» деген ауыз әдебиеті жанрына әкеліп қоса салды. Бұдан кейін де ойдан-қырдан жинап дегендей, Мұхтар Әуезов творчествосына көлеңке түсіретін қаңқу сөздерден арыла алмады. Бұл аздай Мәскеуде шығатын «Книжное обозрение» газеті кітап насихаттай-

тын негізгі шаруасын жиып қойып, Абайға тап берді, ол туралы өсек-аяң тартты (17 тамыз, 1990 жыл).

Бас редакторы Қазақстанның жерін жерлеп, суын сулаған «Молодая гвардия» журналы қайтты? Ұялмай-қызармай ардан кешіп, бүкіл бір халыққа тіл тигізді. Қазақтың өз мәдениеті болмаған, оларға мәдениет әкелген орыс отаршылары деп соқты («Молодая гвардия», 1989, № 7, 8).

Қазақ жеріне сұқтанушылар тобынан «Литературная Россия» газеті де қалысқан жоқ. Ол «Қазаки и кайсаки» деген мақаласында (8.03.91) ежелгі ата-қоныстарымызды казак-орыстар тапқан «бос жатқан» жер деуге жүзі жанбауы үстіне, бұрынғы патша отаршылдарының нәсілшілдік кемсітушілік тілін жаңғыртудан шімірікпеді. Қазақтарды өз атымен атауға империялық өркөкіректігі тіреп жібермей, баяғы Николай патша заманының отаршылдық тіліне бағып, «кайсаки» деп мұқатады. Арұяттан кешкендер мұнда қазақтарды емес, өздерін-өздері қорлап мұқататындары кәперіне кірмейді. Нағыз орыс зиялылары қазақтардың атын бұрмалап айтуға арланғанын ондайлар біле де бермейді ғой. Атақты ориенталист, өз заманында белді мемлекеттік істерде жүрген қайраткер, көрнекті тарихшы Алексей Ираклиевич Левшин бір кезде былай деп ашына жазды:

«Еуропада «қырғыз-қайсақ» деп бір ұлтқа орынсыз таңылған атауға тарихи сипаттама бермес бұрын, олардың өзін-өзі де, тіпті орыстардан басқа ешбір көршілері де олай атамайтындығын бірінші кезекте ескерте кетуді өзіміздің парызымыз деп білеміз»¹

Орталықтағы орыс әдеби баспасөзінен басқа қандай көршілеріміз сын желеуімен рухани қасиетті мүліктерімізге тиісіп отыр?

«Литературная газета» (1991, 17 сәуір) айтыс деген желеумен қазақ әдебиетінің соңғы жиырма жылын «одна пустота» деп жариялап, келемеж етті. Тағы да Мұхтар Әуезовке тиісті. Оның «Өскен өркен» (161) романының аяқталмауы жазушының мезгілсіз дүние салуынан екені белгілі бола тұрса да, Мұхтар Әуезов бұл шығармасын «идеалды кейіпкер іздеудің жалған жолына түскенін сезген соң» жазып бітіре алмады деген лақап таратты.

¹ А. Левшин. «Қазақтар өз атынан қалай айырылды?» «Қазақстан коммунисі» журналы. 1991, № 5, 47-бет.

Ал «Өскен өркен», тағы да бірқыдыру шығармалар, І. Есенберлиннің «Қатерлі өткелі» (1967), 1964 жылы А. Твардовскийдің «Новый мир» журналында жарияланған Тахауи Ахтановтың «Бораны», Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнары» (1972), Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Сені» (1981), Әнуар Әлімжановтың «Адамдар жолы» (1984) романдары кейін бетбұрыс көтерген көп-көп проблемаларын сол тоқыраудың кезінде-ақ бетін бар, жүзін бар демей өткір қойған шығармалар екені белгілі емес пе еді? Бұларды «одна пустота» — қуыс қурай деп атауға қалай аузың барады?

Мұндай фактілерді тағы да келтіре беруге болады. Ал енді осыны немен түсіндіруіміз керек? Мәскеулік әдеби баспасөз неліктен өстіп «көрмес түйені көрместің» халіне душар? Айттым — болды, шештім — кестім мінезінен енді қашан құтылады?

Меніңше, аталған әдеби баспасөздің баса-көктеп, қытымыр, тәкаппар мінез таныта беретіндігі — көп ретте бар ұлтқа бір үлгідегі шапан жапқысы келетін машықтан болуға керек. Бұрынғы Кеңес еліндегі халықтар қаншама жақындастық десе де, бұл процесс тең жүрді дегеннің өзінде, Мағжан айтқандай, әр ұлттың эстетикалық талғам-түсініктерінде елеулі айырмашылықтар сақталғаны сөзсіз.

Бір кезде Гете: (Мағжан немістің ұлы ақынының «Дальнейшее о всемирной литературе» деген мақаласымен таныс сияқты) «Каждая нация имеет особенности, которыми она отличается от других. Благодаря им нации чувствуют себя отделенными друг от друга, взаимно притягиваются или отталкиваются. Внешние проявления внутренних особенностей одной нации обычно представляются другой чем-то отталкивающим, в лучшем случае смешным. Из-за этих особенностей мы всегда ценим нацию меньше, чем она того заслуживает»¹ — деген екен.

Әлі жаны бар пікір. Қандай ұлы әдебиет болсын өзі пішкен үлгіні басқа ұлт әдебиеттерінің туындыларына таңбауға тиіс. Осы тұрғыдан Мағжанға қосылмай тұра алмайсың: бір халықтың ақыны екінші халықтың ақынына жат көрінсе, — бұл заңды құбылыс. Гүл шоғын гүлдің бір түрімен құрағаннан гөрі, әр түріне құраса жарасымды.

¹ Гете Иоганн Вольфганг. Собр. соч., т. 10. М. «Художественная литература». 1980, с. 417.

Енді еңбектің соңғы бөліміне көшелік. М. Жұмабаевқа таңылған үлкен айыптың бірі — ол тап күресін мойындамайды дегендік еді. «Табалдырық» осыған жауап қайтарған. Ол енді бұрынғысындай ауылда тап жоқ демеяді. Енді бай мен кедейді теңестіретіндерді өзі сынайтындай сыңай танытады. Мағжан үшін тап пен революция ұғымдары жұптас. Және өмірдің нақты көрінісі. Сондықтан әдебиетте нақты орын алуы тиіс. Бірақ Мағжан одан әрі шешіліп айтпайды. Өйткені ол үшін тап тартысы мәселесі әдебиеттің тақырыбы ғана есепті.

«Адам, — деп жазады Мағжан, — кім болса да белгілі бір таптың мүшесі. Сондықтан әдебиеттің таптық көзқарас туралы бір-екі сөз айтсақ. Біздің революциямыз — таптық революция. Пролетариат бастаған революция дүние екіге жарылып айқасқанда ғана кең дамыса керек. Осы құбылыс қазақ әдебиетіне де әсерін тигізуі. Әдебиетімізде таптық сарын пайда болуы әбден мүмкін. Бұл сарын каншалықты күшті болады, оны өмірдің өзі көрсете жатар. Кей жолдастар қазақтардың қазіргі көмескі таптық санасы дами қоймас, біраздан кейін өшіп те қалар деседі. Сондағы дәлелдері: таптық сана тереңдейтіндей бізде кедей мен бай шаруашылықтардың айырмасы аз және ол айырма сападан гөрі санда. Бұл айырма құрып бітті десе де ләзім. Қазақ таптары тіпті сан жағынан да мөлшері бірдей. Ол қайта жаңғырып өседі деуге негіз жоқ. Сондықтан қазақтың бұлыңғыр таптық санасы тереңдеп дамымай-ақ өтеді. Олай болса, әдебиетімізге таптық сана тамырламауы. Бұл дәлел сөз жүзінде ғана айтылып жүр. Қайталаймын, бұл пікір бәрімізге емес, тек кей жолдастарға ғана тән».

Мағжан жаңа дәуірге кет әрі емес. Ел-жұртын отаршылдық зынданнан шығарса, оған қол қояды. Өстіп ол замана ырқына көнгенмен, оның артық кеткен асыра сілтеген тұстарына көнгісі жоқ. Кеңістік сын мен әдебиеттануда не жазсаң да таптық тартысты арқау ет дейтін талабына ыңғай бермейді. Тіпті таптық тақырыптың өзін тежеу қажет екенін жасырмай, тура айтады. Мұның дұрыстығын дәлелдеуге сол кездегі маркстік эстетикалық әдебиетті пайдаланады.

«Әдебиет тап мәселесін жазудан бас алмасын десе, — дейді Мағжан, — мұнымыз өмір шындығы заңына томпақ келер еді». Маркстіл сыншы Н. Чужак дұрыс жазған: «Ақынды тек еңбекшілер туралы тақырыппен

шектеп қою керек дегенді марксизм мойындамайды және мойындамақ емес»¹

Осы орайлас пікір айтқан Лев Лунцқа да қосылмай тұра алмайсың. Ол былай депті: «Кенес әдебиеті бүгінгі дәуірді жазуы да, жазбауы да. Әдебиеттің сапасы дәл осыған қарап тұрған жоқ»².

Бұдан соң Л. Троцкийдің «Әдебиет және революция» атты еңбегінен цитата алынады. Троцкийше, жаңа әдебиетте социалистік трагедия болуға тиіс. Әрине, құдайсыз. Өйткені жаңа әдебиет құдайсыз әдебиет болуға тиіс емес пе? Жаңа әдебиетте комедия да болуға керек. Өйткені жаңа адамдар да күлгісі келеді ғой. Жаңа әдебиетте роман өріс алуы қажет. Жаңа адамдар махаббаты бұрынғылардан гөрі күштірек. Жаңа әдебиет ақыны өмір мен өлім хақында жырлауы керек. Өйткені жаңа адам осы жайларды да ойлануға тиіс. Сөйтіп, лирика жанры да өз күшіне енеді³.

Мағжан Троцкийдің комедия мен трагедияны жаңғырту жөніндегі ойларының өзінше дұрыс деген жерлерін ғана келтіреді. «Жаңа дәуірдің ақыны адам ойын қайта ойлап, сезімін қайта сезінуі керек» деген жалғасын үзіп тастайды. Өйткені бұл пікірдің астарында Мағжанға оғаш көрінген идея айтылған-ды. Троцкийше жаңа адамда тұйықталған жеке құмарлық, ақыл-ойын, еркін билеп алатын сезім (страсть) болмауға керек. Ондай көкежасық сезімге адам тұшынбайды деуге дейін барады Лев Троцкий. Себеп — біз әлеуметтік қайшылықтар заманының адамымыз. Бізді саяси сезім билеп алған.

Мағжан секілді лирик ақын адам сезімін бүйтіп жалаңаштауға, әрине, бармайтын еді. Әлеуметтік сезім мен жеке адам сезімін қарама-қарсы қоюға болмайды. Троцкий, сайып келгенде, әдебиетті саясаттың лау көлігіне айналдырайын деп отырғанын қазақ ақынының тұспалдауы теріс емес еді.

Мағжан саясаттан қашқақтамайды. Бірақ бәрінің өз орны бар. Соны ойластыру керек. Әдебиет адам жүрегінен өтетін сезімнің бәрімен айналысады. Саясатпен бағыты бір болған күнде де, өз арнасын табуға тиіс.

«Бір сөзбен айтқанда,— деп қорытады Мағжан,—

¹ Чужак Н. «К эстетике марксизма». В сб. «К диалектике марксизма». Чита, 1921.

² Лунц Л. «Серрапионовы братья». «От символизма до Октября». 1924. Изд. «Новая Москва».

³ Л. Троцкий. «Литература и революция». М., 1991, с. 189.

жаңа әдебиет күй аспабының көп ішегі болады, олардың бәрі де ойнауға керек. Бұлардың үні бас-басына бөлек шықпай, бір сарында шығуға тиіс. Яғни бәр-бәрін суреттейтін әдебиет негізгі бағытқа қайшы келмеуге керек. Бұл бағыт әдебиетке құбыла іспетті. Бірақ әдебиеттің ішкі заңдылықтары ұмыт қалмасын.

Әдебиет дұрыс жолмен дамуы тиіс екенін түсінуіміз керек. Әсіресе біздің жас әдебиетіміз алды-артына қарап дамысын. Мұның өзі түсінікті. Еуропалық әдебиеттің қоры бай. Еуропалықтың терең сезімдерін, биік идеяларын әдебиет алыптары әдемі де қанық суреттеп, адамзатқа тарту етілді. Ақ пен қара, кедей мен бай, ғалым мен на-дан, еркектер мен әйелдер, құдайға бас июшілер, халық-шылдар, коммунистер мен ұлтшылдар, замандастар мен ертекшілер, эгоистер мен альтруистер — бәрі де жақсы және толық бейнеленді. Қысқасы, еуропалық пролетариат не оқимын демейді. Мұра жеткілікті».

Сөйтіп, Мағжан ұлттық мәдениеттің қалыптасып дамуы, бағыты, жанрлары, тақырыбы, мәдени мирасы мәселелерін алға қойып шешеді. Ақынның ми қазанында қорытылған ойлар күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ.

Мағжанның позициясы, ұстанған бағыты шүбәсіз: ол төңкеріс жағында. Әрине, өз түсінігінде. Төңкеріс — жойқын күш. Бір қолында — садақ, бір қолында орақ-балға. Қиратады да, жасайды да. Мағжан соңғысына құштар. Қазіргі біздің заманымызда қайсыбіреулерге төңкеріс идеясы әзірейілдей көрінеді. Мағжан өйтпейді. Елін отаршылдық езгісінен құтқару үшін төңкерістің күші қажет екенін түсінеді. Төңкеріс туралы өлеңінде оны күміс қанатты Бостандық бейнесінде сипаттады. Өзінің сүйікті ақыны Александр Блок: «Төңкеріс музыкасын тыңдаңдар» десе, Мағжан төңкерісті аспаннан түскен періштедей қарсылайды. Бірақ төңкеріс жеңді екен, енді ол өзінің жасампаздық ісіне кірісуі міндет. Мағжан «тап» деген ұғымды «қыр, жой» деген мағынада емес, жаңа, бақытты болашаққа бастайтын күш есебінде түсінеді.

Әр ұлттық әдебиет төңкерісті өзінше қабылдап суреттейді. Мағжан кейін кеңестік сын мен әдебиет тану ғылымында өрістеген: әдебиет таптың, партияның көмекшісі болуға керек деген түсініктен аулақ. Әр халықтың мәдениеті өз ұлттық топырағында, қалыптасқан дәстүрлі пішінінде дамиды, бірақ басқа халықтардан оқшау-

ланып бөлінбейді, қайта барша адамзат байлығынан нәр ала отырып өркендемек.

«Табалдырықта» Еуропа мәдениетінен қалай сусындау керек деген сауалға нақтылы жауап табамыз. Құжатта келтірілген мысалдардан біздің түйетініміз: ол әдебиетте қоғамның барлық топ-таптарының портретін жасайтын типтік характерлер жасауға, яғни реалистік бағытқа бейім екенін аңғарамыз. Реализм қазақ әдебиетінің ұлттық сипатын, ажарын сақтауға жол ашады. Сол жолда табысы молаяды. Мағжан қазақ әдебиетінің еуропалық жолға түскеніне 5-10 жыл болды деген қорытындыға келеді.

Бұл тұста ескеретін бір жәйт — М. Жұмабаев қазақ әдебиетінің бұған дейінгі дәрежесін қомсынып отырған жоқ. Ауыз әдебиетінің жетістіктерін, жазба әдебиет бастамасы Абай шыңын ол мақтанышпен әрдайым атап айтқан. Еуропа жолына түсті дегенінің сыры түсінікті. Қазақ әдебиетінде сол Мағжан айтқан 5—10 жылдар шамасында роман, повесть, драма формалары туды. Яғни туған әдебиетіміздің жанрлық өрісі кеңейді, бұл жағынан Еуропа мәдениетіне жол таптық, дейді.

Жаңа өрісте қазақ әдебиеті өз мүмкіншіліктерін аша түседі. Ол үшін рухани қоры молынан жетеді.

Біріншіден, дүниетанымын алыңыз. Оның өзіне ғана тән ренкі бар. Қазақтардың табиғат пен өмірге көзқарасында өз түсінігі мен мұңдалап тұрады. Қазақ халық философиясы қай халықтан да кем емес. Сезім тереңдігі, нәзіктілігі, ұтқырлығы да соған бара-бар.

Екіншіден, өзге жұртты қайталамайтын роман, повесть жазу керек болса, оған тың материал қажет. Ал ондай материал қазақта баршылық. «Табалдырықтың» авторы не жазуымыз керек, қандай тақырып қозғалмай жатыр — соған дейін тәптіштеп айтады. Өзінше топталған халық — хан, оны қоршаған батырлар. Өздерінше халықты басқарған билер, хан тұсындағы караша, крепостнойлық хұқ дәуіріндегі шенеунік, бай дәуіріндегі кедей. Біздің өткеніміз бен болашағымыз, — адасуларымыз, капитализм далаға анталаған кездегі қайғы-қасірет, бүгінгі кедейшілік, жүдеушілік, күйзеушілік және сонымен бірге жаңа өмірге ұмтылу, — бір сөзбен айтқанда, осыларға әлі қалам тиген жоқ. Бұларды жазбайынша қазақ әдебиеті тереңдеп дами алмақ емес. Тіпті ол ұлттық әдебиет те бола алмайды.

Үшіншіден, әр ұлттық әдебиет барлық кеңес әдебиет-

терімен ортақ бағыт ұстанғанында, көптің дүрмегімен кете алмайды. Өз арнасын табады. Мағжан осы тұста әдебиет пен саясат арақатысына байланысты құнарлы, бүгін де зейін қоярлық пікір қозғайды. Өнер адамы әдебиет пен саясат екеуін жөн-жосықсыз қиюластырамын деп бүгінгі өмірдің міндеттерін шешумен шұғылданады, ағымдағы істерге көбірек көңіл бөледі. Ақын өйтпейді, ол өмір ағысын қадағалайды, кешегі, бүгінгі және ертеңгі мәселелердің сырын түсінуге күш салады. Сол жаңағы айтқан үш шындықтың — өткен шақ, осы заман, болашақ — арасына көпір салуды көбірек ойластырады.

Төртіншіден, қазақ ақындары өздерінің пролетар ақындарынан айырмашылығы бар екенін де ұмытпаған жөн.

Бұл арада Мағжан сол кезде Қазақстанда өрістеген айтысқа қатысатын сынай танытады. Қазақта пролетар әдебиеті бар ма, жоқ па?— деген үлкен дискуссия өткенінен ол, сөз жоқ, хабардар еді. Сол сауалға Мағжан өз жауабын іздейді. Оның пікірінше, қазақ ақындары мен пролетар ақындарының арасында біраз айырма бар. Пролетар ақыны — тап ақыны. Ол — еуропалық тарихтың машина дәуірі туғызған және төңкеріс жасаған таптың ақыны. Оның тарихын төңкеріс туғызған және ол жаңаны орнатуда. Пролетариаттың ой-сезімінің бәрі завод пен фабрикаға орайлас.

Қазақ ақынына келсек, ол — төңкеріске жарты жолдан қосылған, тарихы, өмірі, рухы басқа халықтың ақыны.

Осы себепті пролетар ақыны мен қазақ ақынының өлең-жырлары бірдей болуға мүмкін емес. Бұл екеуінің бағыты бір — домбыраның қос ішегінің бірі жіңішке, бірі жуан дыбыс шығарады, бірақ олардың әрқайсысы жеке үн шығарғанымен бір сарында ойнауға керек.

Мінеки, Мағжан Жұмабаевтың әдебиеттің ұлттық және интернационалдық мәні туралы айтқандары. Мемінше, негізінен ол еңбек алдына қойған міндетін атқарып шыққан. Жетпеген, қорытуы жетіспеген жерлері өз алдына. Бірақ қазақ әдебиеті қайткенде өз үнін, жырын, бет әлпетін сақтап қалады деген сұраққа ол берген жауап — қазір де қаламгер атаулыға ой саларлық пікір дер едік.

Бағдарламаның соңында жазушыларды ақын «Алқа» үйірмесіне енуге шақырады. Сөйтіп, Мағжан Жұмабаев бұл еңбегімен өзінің де жаңа заман тіккен үйдің табал-

дырығынан аттап өткенін дәлелдеді. Бірақ төрде отырғандар оған тиісті орнын беру былай тұрсын, кеудеден итеріп, үйден қуып тынды. Мағжан өмірінің ақырына дейін «Табалдырығында» айтқан қағидаларынан, жаңа дүниетанымынан бас тартқан жоқ.



ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Әдебиет бақшасында ұзақ жылдар бойы еңбектенуге тағдыр оған жазбады. Небәрі он бес жылдық шабыт жолының өзі де жеңіл жол бола қойған жоқ. Заманымен күресті, арбасты, айқасты. Ақыры өзі майып болды. Бірақ оны жеңілді деп айта алмайсың. Ол жеңді. Аз ғұмырын саз мұрамен ұзартты.

Өлең сөз нәрі өзгеше безбенді керек ететіні, мұнда кәдеге сан емес, сапа жүретіні ежелден белгілі жәйт. Жалын атқан жанын, жүрегiнiң қанын сарп ете жүрiп, ол қазақ поэзиясы көгiнде Мағжан жұлдызын жақты. Талай жылдар бетiн бүркеген қара бұлт бүгiндер сейiлгенде, бiз Мағжан сынды жұлдызға сүйсiне қарадық, таңырқадық, табындық. Сонда да сағындырған сұлу жырға көңiл сусыны қанар емес.

Мағжан поэзиясының өзгеден ерекше, iрi қасиеттерi хақында тұжырып айтсақ, тоқсан ауыз сөздiң тобықтай түйiнi мына төмендегi ойларға саяр едi.

Ол халқын бөле жарған жоқ. Мағжан өлеңдерiндегi бай, кедей социалистiк реализм әдiсi бойынша жазылған шығармалардан өзгешелеу. Кеңеске бiр табан жақын саналатын «Қызыл жалау» өлеңiнде басты тұлға — жалпы қазақ. Жалынды, қызыл қан жалау кiмдiкi? «Тәңiрiм — от», «Басқа тәңiрiм жоқ» дейтiндiкi, «шикi қан жұтқан, таланған, өртенген, ұлы құл, тұлымдысы тұл» секiлдiлердiкi. Яғни «тепкi көрген», кемдiкте жүрген кедей, жалшы қазақ деп нақтылы айтылмайды. Осының бәрiн басынан кешiрiп жүрген қазақ ұлты деген қорытындыға келесiң.

Мағжан шығармаларында «қанаушы тап» деген сөз кездеспейдi. Би, бай, болысты, ишанды ақын обырлығы үшiн жек көредi. («Тоқсанның тобы» поэмасы). Құмкөл басындағы қалың жұрт қатысқан жиынға бұлар қатыстырылмайды. Яғни ақын елiнiң тоқсан процентiн құрай-

тын төменгі бөлігі халық жағына шыққан сыяқты көрінеді. Бірақ Мағжанның элеуметтік талдауы осымен тынады. Әрі қарай баспайды. Өздерін Кеңестің бел баласы санаған ақындардан өзгешелігі — байларды қыр-жой, «қойдай қу қамшымен», ел ішін қан сасыт демейді.

Басқа сөзбен айтқанда, Мағжан Жұмабаев тап қырқысына шақырмайды. Оның шығармаларында элеуметтік пафостан гөрі құлықтылық, ар-инабаттылық сарын басым. Сондықтан жаңағы туындылары да бүгінгі заман табалдырығын еркін аттап кіреді. Бағзыбір көркем дүниелердей Кеңес дәуірінің күнімен бірге батпайды. Өйткені арбалап пара алатындарды, жеті басты жебірлерді, еңбексіз обырларды әшкерелеу нарық заманына да актуальді.

Бұл айтылғандардан туатын қорытынды біреу ғана. Мағжан Жұмабаев — қазақтың ұлттық ақыны. Ол қазақ қауымын құрайтын барша элеуметтік таптардың, топтардың, ру-тайпаның қай-қайсысына да, бір адамына дейін бүкіл өлеңімен, өмірімен жанын сала қызмет етті. Оның шығармаларының ең сүйкімді қаһарманы — алаш жолында «жарты жаңқасы» қалғанша күресіп, жанын пίδα ететіндер. «Қазақта хан Кенеге ер жетпейді» деген сыяқты. Ақынның жеке өз басы, жағымды кейіпкерлері ұлт пайдасын өз пайдасынан ілгері қойды.

Сонымен бірге ол ұлт шеңберінде қалып қойған жоқ. Нағыз ұлт ақыны күллі адамзат ақыны да. «Өз елін сүю дегеннен адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр болып тисін деген сөз шықпайды.. Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті», — деген де Мағжан. («Педагогика», 136—137 беттер).

Мағжанның өз ұлтына махаббаты күллі адамзатқа деген сүйіспеншілікпен ұласты. Осындай ұлттық һәм әлем ақынына ұлтшылдық күйесін жаққан әсіре қызыл тапшыл белсенділер бұл түсініктің мәніне қонақ бермеді. Нағыз ұлтшылдар, нацистерге дейін өз халқынан басқа халықтарды елеп-ескермейтінін, менсінбейтінін, оларды нәсілсіз, жартыкеш санап, өркениетті ел қатарына қосқысы келмейтінін айыруға большевик белсенділердің өресі жетпеді, құлқы да кем болды.

Мағжан отаршылдыққа қарсы атой салған поэзия туғызса, бұл орыс халқының жағасына жармасқандық емес. Мағжан қазақ, жалпы Кіндік Азия ақындарының

арасынан суырылып шығып, тұранды, түрікті жырлады, ақындық алғыр көзімен тұран халықтарының сонау гуннан басталатын арғы-бергі тарихын шолды, бірақ бұларды, айталық, славян атаулыға қарсы қойған жоқ. Қайта осынау евразиялық кеңістіктегі мәдени, рухани байланыстарға бөгесіндерді жұлып тастауда ересен қайрат көрсетті.

«Ақын едің, күн боп едің, //Мезгіл жетпей сөндің сен.// Сонда-дағы борышыңды Адамзатқа бердің сен» деген Қасым Аманжолов өлеңі Мағжанға да бағышталып айтылған сыяқты. Соның тағы да бір көрінісі — ол жаһан әдебиеті мен мәдениетін Батыс, Шығыс деп жіктеген жоқ, өзі хақим атаған Абайдайын екі жақтан бірдей сусындады. Гете, Абай дәстүрлерін дәйекті жалғастыра отырып, Мағжан Жұмабаев Батыс, Шығыс әдебиеттері синтезін жасасты. Екі жарты шар поэзиясы, біріншіден, оның өз творчествосы арнасында тоғысты. Мағжанның «Сүй, жан сәулем», «Шолпы», «Бостандық» т. б. өлеңдері, «Батыр Баян» поэмасы — әлем әдебиеті дәрежесіндегі туындылар, дәстүр мен жаңашылдықтың әдемі үлгісі.

Мен «Ақын және әлем әдебиеті» деген мақаламда («Түркістан» газеті, 9 тамыз, 1995 жыл.): «Абайда Шығыс ықпалы сезіле ме? Сезіледі. Ол ой құдыреттілігіне, сөз культіне табынудан бой көрсетеді. Батысқа келсек, бұл болмыс мәнін тереңдеп білмекке деген талаптан, шындықты батыл, бет-жүзің бар демей аяусыз талдаудан, бостандық идеяларына берілгендік пафосынан байқалып отырады. Мұның мәнісі — қазақ ақыны басқа ел үлгісін талғампаздықпен қарастырған, ел әжетіне жарайтынын ғана іріктеп пайдаланған деген сөз. Көңілі толмағанға ол бұрылмайды. Суфизм поэзиясы шарапты дәріптесе, Абай бұдан бойын аулақ ұстайды. Жүрегінің ең асыл, жан идіреті тебіреністерін махаббат ләззатына арнай отырып, ол осы нәзік салада да өз соқпағымен жүруге тырысады. Ғашығының бір меңіне Самарқанд пен Бұхараны лақтырып тастайтын Хафиз оқушысын шектен тыс жомарттығымен қайран қалдырса, бұл ақынды аса қадырлейтін Абай, дегенмен жарқылдақ эффектiге, шалқадан түсетін әсерлiлiкке бара бермейдi... Жас шағында сұлудың сыртқы портретін мүсіндеуге бұл да құштар болса, кейін ақындық бұғанасы беки келе, жар сұлулығын жан әлемінен іздеуге тырысады», — деп жазған едім.

Осы айтылғанның көбі Мағжан поэзиясына да қатысты. Айырмашылығы да жоқ емес. Бір қызығы — Хафизге жақындап барып, одан тағы да алыстап кетеді. Мағжан ләззәттің бір минутына атақты шаһарларды емес-ау, «патша тағы, бүкіл дүние малын» бермек емес. Хафизден өзгешелігі — арудың сырт сұлулығын қызықтауы емес, қанына «жылы, тәтті у тарағанын» жырлауы. Мағжан лирикасы жүректің ең нәзік пернелерін сөйлетеді, адалның интимдік тылсым сезімдеріне тіл бітіреді.

Қай тақырыпты қозғаса да Мағжан көкейінде әрдайым ел-жұртына туыс, дос-жаран іздеу мақсаты тұрды. Оның аудармашылық қызметі де (мұны екінші дейік) қазақ әдебиетін әлем әдебиетімен сабақтастыруға қатысты. Басқа қазақ шайырларымен тізе қоса отырып, ол Гете, Жуковский, Гейне, Пушкин, Лермонтов, Фет, Блок, Бальмонт, Мережковский, тағы сол секілді әйгілі ақын, жазушылар туындыларын, яки дүние жүзі мәдениетінің інжу-маржандарын өз рухани байлығымыз етті.

Үшінші. Абай қазақ поэзиясын әлемдік поэзия деңгейіне көтерсе, Мағжан бұл деңгейді одан әрі биіктетуге күш салды. Оның поэтикалық көрігінде жиһандық нелер үлгілер қорытылды. Қазақ әдебиеті кестесіне романтизм, символизм өрнектерін төгіп, дыбыс-буынның соны үндестіктерін тауып, қазақ жырын күйше күмбірлетті («Шолпан» өлеңі).

Төртінші. Мағжан поэзияға экология тақырыбын енгізді. Оның ұлттық дәстүрмен байланысын, әрі адамзаттың былайғы дамуындағы мәнін әлем әдебиетінде алғашқылардың бірі боп ашты.

Бесінші. Мағжан ақын қазақ поэмасын баяндау тәсілінен шығарып, суреткерлік арнаға бұрды. Адам жанының, психологиялық әлемінің құпия құбылыстарын суреттеп, ой ағысы даму диалектикасын қазақ әдебиетінде біріншілердің қатарында бақылап көрсете білді. Мағжан поэмаларында лирика мен эпос тығыз ұштасады, жеке адам мен ұлт тағдырын драмалық сюжетте үйлестіру жолымен зор көркемдік байламдарға бастайды.

Мағжан салып кеткен соқпақ, эстетикалық принциптер бұған дейін әдебиетімізде кеңінен қолданылмаса, бұл айып, оның өз сөзімен айтсақ, Мағжандікі емес, бүлінген замандікі.

Мағжандай ақыны бар әдебиет ұлы болашағына сенімді болуға тиіс.

Құрметті оқушы!

Қазақ әдебиеті, жалпы түрік мәдениетінің зор қайраткері, әлемге әйгілі ақын жөнінде әңгімеміз осымен тәмәм. Елін, жерін сүйгені үшін ғана жазықты болып жапа шеккен, жүрегімізді мұңға бөлеп тебіrentкен, ерлік өмірімен жігерімізді және шыңдаған, әсемдік, сұлулыққа ғашық еткен, ұлылығы әппақ кіршіксіз арына сай адамға деген сүйіспеншілігіміз айырықша. Соны білдіруге, жаңа қауышқан боздағымыздың рухына бас ию парызын өтеуге толық, тежеусіз мүмкіндік туғанына бәріміз қуаныштымыз. Ия, бәріміз — ақынға кезінде ғайбат сөз айтқан кінәліміз де, онымен енді танысқан кінәсізіміз де. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» дегендей, Мағжан ақын ортамызға орала салысымен Қазақ елінің дербес мемлекет жалауын көтергені тіпті ғанибетшілдік қой. Осының бәріне шүкіршілік ете отырып, автор өз кітабы Мағжандай асыл ағаға адал, махаббатты оқырман назарына іліккеніне шын көңілден разылық, алғысын білдіреді.

Автор.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

Алыстаған сайын биіктеген сеңгір (Кіріспе орнына)	5
Балалық шағы	6
Медресе жылдары	12
Қанатын қомдап ұшуға	15
«Шолпан»	17
Ақ батаңды бер, әке	19
Омбыда	20
Ақпан мен Қазан дауылы. Алаш азаматы	26
Шалқыған шабытты шақ	52
Мағжанның алғашқы сотталуы	78
Мағжанның ақырғы сотталуы	116

ЕКІНШІ БӨЛІМ

САҒЫНДЫРҒАН СҰЛУ ЖЫР

Мағжанның ақындығын зерттеу барысы	151
Күзеу де, түзеу де қажетсіз	153
Елімен бірге еңіреген	170
Дауылды жылдары немесе алынған биік	184
Мағжан және түркі тақырыбы	191
Мағжан және Құншығыс	195
Символизмнен — реализмге	199
Махаббат лирикасы	208
Поэмалары	222
Әкел қолды, тоқсаным!	—
«Қамалған қазағына жол таппаққа»	242
Прозаға қадам басу	273
Мағжан және балалар әдебиеті	282
Ақынның сөз кестесі хақында	291
Мағжан және Батыс-Шығыс классикасы	310
Абай мен Мағжан	330
Мағжан Жұмабаевтың әдеби-эстетикалық көзқарастары	342
Қорытынды сөз	378

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ

ЕЛЕУКЕНОВ Шериаздан Рустемович

МАГЖАН

(Творческая биография)

(На казахском языке)

Редакторы **Н. Ақбаев**

Суретшісі **С. Әлиев**

Керкемдеуші редакторы **К. Өтебаев**

Сарапшы редакторы **Ә. Смағұлова**

Техникалық редакторы **Ф. И. Овчиникова**

ИБ № 286

Теруге 04.12.95 жіберілді. Басуға 30.12.95і қол қойылды. Пішім 84×108^{1/32}. Жоғары басылыс. Баспаханалық № 1 қағаз. Шартты баспа табағы 20,0. Есептік баспа табағы 20,7. Тапсырыс № 2899. Таралымы 1000 дана. Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің «Санат» мемлекеттік баспасы, 480012, Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 65 «А».

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.